

ISSN (online) 2959-6017

ISSN (print) 2959-6009

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»

№ 2(85), 2025

Алматы

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРИШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»**

№ 2(85)

Алматы, 2025

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №2(85), 2025 Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір. 2000 ж. бастап шығады Бас редактор <i>т.ғ.д. Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ</i> Редакция алқасы: <i>т.ғ.д., проф. М.Қ. Қойгелдиев</i> (бас ред. орынбасары), <i>т.ғ.к., доц. Р.Р. Оспанова</i> (жауапты хатшы), <i>магистр оқытушы: А.Ж. Берікболова</i> (техникалық хатшы), <i>т.ғ.д., проф. Х.М. Әбжанов,</i> <i>т.ғ.к., проф. Б.С. Жұмағұлов,</i> <i>PhD, проф. Вирджиния Мартин</i> <i>АҚШ),</i> <i>PhD, проф. Клаудиа Чанг (АҚШ),</i> <i>т.ғ.д., проф. Қара Әбдіуақп (Түркия),</i> <i>т.ғ.д., проф. О.Д. Осмонов</i> (Қырғыз Республикасы), <i>т.ғ.д., проф. В.М. Козьменко</i> (Ресей Федерациясы), <i>т.ғ.д., проф. Қ.Т. Жұмағұлов,</i> <i>проф. М.Майер (Германия),</i> <i>т.ғ.д., проф. А.Б. Соколов</i> (Ресей Федерациясы), <i>т.ғ.д. Томохико Уяма (Жапония),</i> <i>т.ғ.д., проф. Т.Ходжаоглы (Түркия),</i> <i>т.ғ.д., проф. Ғ.М. Қарасаев,</i> <i>PhD, доцент К.С. Каримов</i> (Өзбекстан Республикасы) © Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025 Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10102 - Ж Басуға 23.06.2025 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 57,5 е.б.т. Тапсырыс 355. 050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы	М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е C o n t e n t ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY Смағұлова С.О., Қыдырқожаева Н.С. Аштық жыл- дарындағы босқыншылық (XX ғ. 30 жж.)..... 7 Smagulova S.O., Kudyrgyzhaeva N.S. Refugees during the years of famine (1930s) Атантаева Б.Ж., Турлыбаев М.Е., Байсарина К.К. Шығыс Қазақстандағы халық қарсылықтарын жазалау шаралары (1929-1931 жж.)..... 20 Atantayeva B.Zh., Turlybayev M.E., Baysarina K.K. Repressive measures against popular resistance in Eastern Kazakhstan (1929–1931) Бектасов Ш.Т., Утегенов М.З. Из истории скотозаготовок в 1930-1932 годы в Северном Казахстане..... 40 Bektasov Sh.T., Utegenov M.Z. History of livestock procurement in Northern Kazakhstan, 1930-1932 Zholdybalin R.M. Origins of the kazakh nation-building project: a theoretical problem..... 56 Жолдыбалин Р.М. Қазақ ұлт құрылысы жобасының бастауы: теориялық мәселе Рашева Г.У., Орынбасарова Г.Ж. Түркістан Респуб- ликасындағы қазақ баспасөзінің дамуы (1918-1925)..... 67 Rasheva G.U., Orynbasarova G.Zh. Development of the kazakh press in the Turkestan Republic (1918-1925) Tulbassyieva S.K. The role of government authorities in strengthening collective farms in the 1930 s..... 78 Тулбасиева С.К. XX ғ. 30-жылдарында колхоздарды нығайтудағы үкімет органдарының рөлі ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ GENERAL HISTORY Джайнакбаева Г.Т. Ақылтаева Ж.М. Влияние женщин- лидеров на политическое развитие независимой Индии..... 94 Jainakbayeva G.T., Akyltaeva Zh.M. The Influence of Women Leaders on the Political Development of Independent India САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ POLITICAL AND SOCIAL HISTORY Амирбек А., Базарбаев Қ., Ануарбекұлы А. Түркияның Орталық азиядағы түркітілдес мемлекеттеріне ұстанған сыртқы саясатын талдау (XX ғасырдың 90-жылдары - XXI ғасырдың басы)..... 108 Amirbek A., Bazarbayev K., Anuarbekuly A. Analysis of Turkey's foreign policy towards turkic speaking states in Central Asia (90s of the XX century - beginning of the XXI century) Naurzova K. The content and features of the enlightenment activities in Kazakh society in «Aq Zhol» newspaper..... 120
---	---

Казахский национальный педагогический университет имени Абая ВЕСТНИК Серия «Исторические и социально-политические науки», №2(85), 2025 Выходит с 2000 года. Периодичность – 4 номера в год Главный редактор д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ Редакционная коллегия: д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев (зам. гл. редактора), к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова (ответ. секретарь), преп. магистр: Берикболова А.Ж. (тех. секретарь), д.и.н., проф. Х.М. Абжанов, к.и.н., проф. Б.С. Жумагулов, PhD, проф. Вирджиния Мартин (США), PhD, проф. Клаудиа Чанг (США), д.и.н., проф. Кара Абдиакан (Турция), д.и.н., проф. О.Д. Осмонов (Кыргызская Республика), д.и.н., проф. В.М. Козьменко (Российская Федерация), д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов, проф. М.Майер (Германия), д.и.н., проф. А.Б. Соколов (Российская Федерация), д.и.н., Томохико Уяма (Япония), д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы (Турция), д.и.н., проф. Г.М. Карасаев, PhD, доцент К.С. Каримов (г. Коканд, Республика Узбекистан) © Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2025 Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10102-Ж Подписано в печать 23.06.2025. Формат 60x84 1/8. Объем 57,5,9 уч.-изд.л. Заказ 355. 050010, г. Алматы, пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая	Наурзова Қ. Қ. «Ақ жол» газетіндегі қазақ қоғамындағы оқу-ағарту ісінің мазмұны мен ерекшеліктері Ермеккалиев А.У., Асымова Д.Б. Советский Казахстан и народы Прибалтики: анализ социокультурных процессов на примере насильственных миграций..... 137 Yermekkaliyev A.U., Assymova D.B. Soviet Kazakhstan and the Baltic peoples: analysis of socio-cultural processes on the example of forced migrations Габдулина А.Ж., Джон Рэндольф (США) Историко-социальный анализ феномена детской беспризорности: глобальные и национальные аспекты (1920-1930)..... 151 Gabdulina A.Zh., John Randolph (USA) Historical and social analysis of the phenomenon of child homelessness: global and national aspects (1920-1930) ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ METHODS OF TEACHING HISTORY Ахметова Д.М., Жетібаев К.М., Динашева Л.С. Кеңес кезеңіндегі Орталық Азияның мұсылман әйелдерінің гендерлік ахуалы: теориялық көзқарастар мен оқытылу тәсілдері..... 164 Akhmetova D.M., Zhetibayev K.M., Dinasheva L. S. The gender situation of muslim women in Central Asia during the soviet period: theoretical approaches and approaches to education Abilakhanova A.M. Historical and ethnographic works of Uzbekali Zhanibekov and methods of their teaching..... 177 Абилаханова А.М. Өзбекәлі Жәнібековтың тарихи-этнографиялық еңбектері және оны оқыту әдістемесі Besbayev M.A. Methods of teaching the topic: The repression of the Ishan mullahs in the Southern region of Kazakhstan in the 1920s and 1950s (on the subject of "History")..... 202 Бесбаев М.А. Оңтүстік өңірі бойынша ишан молдалардың қуғын-сүргінге ұшырауын тарих пәнінде оқыту әдістемесі (1920-1950 жж.) АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY Ахметова У.Т., Жумабаев А.Ж., Тұрарұлы А. Киелі Сарайшық: аңыздар және тарихи деректер..... 219 Akhmetova U.T., Zhumabaev A.Zh., Turaruly A. Sacred Saraishyk : legends and historical information Рахымжанова С. Ж., Тушева Е. К., Құрманиязов Ы.С. Результаты археологических разведочных работ 2024 года в Аральском районе Кызылординской области..... 233 Rakhimzhanova S.Zh., Tusheva Y.K., Kurmaniyazov Y.S. Results of 2024 exploration archeological works in the Aral district of Kyzylorda region Давлетияров М.М. (Узбекистан) Кунграты в современном этнокультурном контексте. 245 Davletiyarov M. M. (Uzbekistan) Kungrats in the modern ethno-cultural context
--	---

Abay Kazakh National Pedagogical University BULLETIN Series «Historical and socio-political sciences» №2(85), 2025 Periodic – 4 issues/year Published since 2000 Editor-in-chief: doctor of historical sciences G.K. KENZHEBAYEV Editorial staff: Koigeldiyev M.K. <i>doctor of historical sciences, professor</i> (<i>editorial-in-chief's assistant</i>), Ospanova R.R. <i>candidate of historical sciences, associate professor</i> (<i>responsible secretar</i>), Berikbolova A.Zh. <i>master teacher</i> (<i>technical secretary</i>), Abzhanov Kh.M. <i>doctor of historical sciences, professor</i>, Zhumagulov B.S. <i>candidate of historical sciences, professor</i>, Virginia Martin. <i>professor, PhD (USA)</i>, Claudia Chang <i>professor, PhD (USA)</i>, Kara Abdiyapap <i>doctor of historical sciences, professor (Turkey)</i>, Osmonov O.D. <i>doctor of historical sciences, professor (Kirgistan)</i>, Kozmenko B.M. <i>doctor of historical sciences, professor (Russian Federation)</i>, Zhumagulov K.T. <i>doctor of historical sciences, professor</i>, Mayer M. <i>doctor of historical sciences, professor (Germany)</i>, Sokolov A.B. <i>doctor of historical sciences, professor (Russian Federation)</i>, Tomokhiko Uyama <i>doctor of historical sciences (Japan)</i>, Khodjaogly T. <i>doctor of historical sciences, professor (Turkey)</i> Karasayev G.M. <i>doctor of historical sciences, professor</i> Karimov K.S. <i>PhD associate Professor, (Republic of Uzbekistan)</i> Abai Kazakh National Pedagogical University, 2025 Registered in the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan, May, 8, 2009 №10102-Zh Signed for print 23.06.2025 Format 60x84 1/8. Volume 57,5, уч.-изд.л. order 355. 050010, Almaty Abai KazNPU, 13 Dostyk av. «Ulagat» publishing house Abai Kazakh National Pedagogical University	Акиол А.А. (Түркия), Сиздиков Б.С., Гурсой М. Саз ыдыс бөліктеріне жүргізілген петрографиялық талдау нәтижесі (Күлтөбе материалдары негізінде)..... Akyol A.A. (Turkey), Sizdikov BS., Gursoy M. Results of petrographic analysis of pottery fragments (based on materials from Kultobe) Шамшиденова Ф. «Монғолдың құпия шежіресіндегі» топонимдер: тарихи география контекстінде..... Shamshidenova F. Toponyms in “The secret history of the mongols”: in the context of historical geography ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ SOURCE AND HISTORIOGRAPHY Абендова Б.С., Абендов Д.Қ. Далалық комиссия құжаттары: Батыс Сібір өлкесін басқаруды қайта құрудың негізделуі..... Abenova B.S., Abenov D.K. Documents of the steppe commission: justification reorganization of the administration of the West Siberian region Джолдыбаева У.М., Аубакирова А.М. С.Н. Тәнекеевтің «1916. Қарқара-Албан Көтерілісі» еңбегіндегі ұлттық рухтың айқындалуы..... Dzholdybayeva U.M., Aubakirova A.M. Expression of the national spirit in the work of S.N. Tanekeyev "1916. The uprising of Albans in Karkara" Омарбаев К.С., Әлмен Д.С. Некоторые вопросы о важности и степени изучения периодических изданий на примере «Вечерней почты»..... Omarbayev K.S., Almen D.S. Some questions about the importance and extent of studying periodicals using the example of “Evening Mail” Касимова С.С., Амерханова Ж.Б. «Социалистическая Караганда» газеті – Орталық Қазақстан өңірінің 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесінің тарихи дерегі..... Kassimova S.S., Amerhanova Zh.B. The newspaper "Sotsialistic Karaganda" - a historical source of the contribution of Central Kazakhstan to the victory in the Great Patriotic war of 1941-1945 ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ PERSONALITY Малғаждар Д.Б., Еңсенов Қ.А. Әбусағит Жиреншиннің еңбектеріндегі баспахана ісі және қазақ кітаптар тарихы..... Malgazhdar D.B., Yensenov K.A. Printing and the history of kazakh books in the works of Abusagit Zhirenschin Маратұлы Т., Махаева А.Ш. Алтын Орда тарихы мәселесі және Шиһабуддин Маржани..... Maratuly T., Makhayeva A.Sh. The problem of the history of the Golden Horde And Shihabuddin Mardjani Оралова А.А., Оспанова Р.Р. Қазақ батырларының әскери-дипломатиялық қызметі: Қожаберген батыр Жәнібекұлы..... Oralova A.A., Ospanova R.R. Military and diplomatic activities of kazakh batyrs: Kozhabergen batyr Zhanibekuly	254 268 280 295 310 322 336 349 359
--	---	--

Канафин К.К., Даурбеков А.М., Ракишева Г.К. Райымжан Марсековтің Семей қалалық думасындағы қызметі.....	371
Kanafin K.K., Daurbekov A.M., Rakisheva G.K. Raimzhan Marsekov's activity in the Semipalatinsk city duma	
Насыров Ғ.Х. Заманында халқының шынайы ықыласына бөленген зиялы тұлға – Мұхамед-Салық Бабажановтың тарихи бейнесі.....	386
Nassyrov G.Kh. The historical image of an intellectual who earned the sincere appreciation of his people – Mukhamet-Salyk Babazhanov	
ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS	
Амуртаева К.М. Влияние джадидизма на современную политическую мысль стран центральной Азии на примере Казахстана и Узбекистана.....	397
Amurtayeva K.M. Influence of jadidism on modern political thought in central asia on the example of Kazakhstan and Uzbekistan	
Sholakhov M.G. The Influence of the Golden Horde on Rus' in German Historiography.....	408
Шолахов М.Г. Жошы Ұлысының Руське әсері неміс тарихнамасында	
Байдылда Ғ.Н. Тарихи таным және ұлттық сана: Т. Омарбеков зерттеулеріндегі үндестік.....	422
Baidylda B.G. Historical consciousness and national identity: harmony in T. Omarbekov's research	
Отыншиева Г.Т. 1920–1950 жылдардағы қазақ жазушылары: тарихи-әлеуметтік шындық пен рухани мұра.....	432
Otynshieva G.T. kazakh writers of the 1920s–1950s: historical-social reality and spiritual heritage	
Turlybai B.S. Issues of shaping a new model of the kazakh school in early 20th century press materials.....	448
Турлыбай Б.С. Проблемы формирования новой модели казахской школы в материалах периодической печати начала XX века	

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы журналының «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді (2021 жылғы 9 қыркүйектегі №739 бұйрығы).

Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Исторические и социально-политические науки» внесен в список для публикации основных результатов научных деятельности по историческим наукам изданий рекомендуемых Комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (приказ № 739 от 9 сентября 2021 года).

The bulletin Abai KazNPU, the series "Historical and socio-political Sciences" is included in the list for the publication of the main results of scientific activities in historical sciences of publications recommended by the Committee for Quality Assurance in Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Order No. 739 dated September 9, 2021).

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

FTAXP /MPHTI/ IRSTI 03.20
ӨӨЖ/УДК/UDC 974.01

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.001>

С.О. Смағұлова ¹, Н.С. Қыдырқожаева ²

¹ тарих ғылымдарының докторы, доцент
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан E-mail: adep_s68@mail.ru

² А. Байтұрсынұлы атындағы 7 мектеп-лицей орта мектебінің тарих
және құқық пәндерінің мұғалімі, Талғар қ., Алматы обл., Қазақстан
E-mail: nurgul.kydyrkojaevaa@gmail.com.

АШТЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ
(XX ғ. 30 жж.)

Аңдатпа

XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық қазақ халқының есіне жазылмас жара салды. Осы жылдар аралығында ұлтына қарамай, қазақ жерін мекендеген қаншама адам аштықтан ажал құшты. Тамақ іздеп жаяу-жалпы ауылдарды кезді, өзге республикаларға, шет мемлекеттерге қарай басты. Бұл жерлерде де босқын қазақтардың жағдайлары жақсармады. Оларға бөлінген азық-түлік көмегі жетіспеді. Балалар үйі, жетімханалардағы балалардың жағдайлары аса ауыр болды.

Мақалада босқыншылыққа ұшыраған қазақтардың жағдайы мен оларға жәрдемдесудегі іс-шаралар барысы архив құжаттары, естеліктер мен ғылыми зерттеулердің негізінде қарастырылады. Авторлар босқындардың ауыр жағдайына қатысты мысалдар келтіре отырып, оларды туған жерлеріне кері қайтару жолдарын талдауға алады. Сонымен қатар үкімет тарапынан қабылданған бұйрық, қаулы-қарарлардың орындалу барысына тоқталады.

Жұқпалы аурулардың таралуы мен оларға медициналық көмек көрсету барысын, ашыққан-дарға азық-түліктің берілуін нақтылайды. Қайтып оралған босқын қазақтарды уақытша үйлерге орналастыру және жұмыспен қамтамасыз ету барысы ашылады.

Сонымен бірге мақалада ашаршылықтан шаруашылық пен қазақ халқының демографиясына тигізген қасіреті де анықталады.

Кілт сөздер: науқан, тәркілеу, ұжымдастыру, аштық, босқыншылық, өлім, ОГПУ, тоталитарлық, жұқпалы ауру, індет

Смагулова С.О. *, Кыдыркожаева Н.С. 

¹ доктор исторических наук, доцент
Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан
E-mail: adep_s68@mail.ru,

² преподаватель истории и права средней школы-лицея №7, им. А. Байтурсынулы,
г. Талгар, Алматинская обл. Казахстан
E-mail: nurgul.kydyrkojaevaa@gmail.com

БЕЖЕНЦЫ В ГОДЫ ГОЛОДА (30 гг. XX в.)

Аннотация

Массовый голод в Казахстане 30-х годов XX века оставил неизгладимый след в жизни казахского народа. В эти годы погибло от голода и сопутствующих заболеваний огромное количество казахов и представителей других национальностей, проживавших тогда на казахской земле. В поисках еды они бродили по аулам и городам, бежали в соседние республики и за пределы страны. Но и там положение беженцев-казахов оставалось крайне тяжелым. Оказанная им продовольственная помощь была недостаточной. Очень тяжелым было положение детей, попавших в детские и сиротские дома.

В статье на основе архивных документов, воспоминаний очевидцев и научных исследований рассматриваются положение казахов-беженцев и меры по оказанию им государственной помощи. Приводя примеры тяжелого положения беженцев, авторы анализируют пути их возвращения на родные края. А также в статье уделяется особое внимание ходу исполнения законодательных актов (приказов, постановлений), принятых правительством.

В работе конкретизируются вопросы распространения инфекционных заболеваний и оказания медицинской помощи, выдачи продовольствия голодающим. Раскрываются процессы размещения вернувшихся казахов-беженцев во временных домах и обеспечения их работой. Также в статье оценен ущерб, нанесенный голодом экономике и демографии казахского народа.

Ключевые слова: кампания, конфискация, коллективизация, голод, беженцы, смерть, ОГПУ, тоталитаризм, инфекционная болезнь, эпидемия

Smagulova S.O. *, N.S. Kydyrkozhayeva 

¹ Doctor of History, associate Professor, Abai Qazaq National Pedagogical University,
Almaty, Qazaqstan, E-mail: adep_s68@mail.ru

² teacher of history and law of secondary school-lyceum No. 7, named after A. Baitursynuly,
Talgar, Almaty region Kazakhstan,
E-mail: nurgul.kydyrkojaevaa@gmail.com

REFUGEES DURING THE YEARS OF FAMINE (1930s)

Abstract

The mass famine that struck Kazakhstan in the 1930s left a profound and lasting scar on the Kazakh people. During these years, a vast number of Kazakhs and representatives of other ethnic groups living on Kazakh soil perished due to starvation and related diseases. In search of food, they wandered through villages and cities, fled to neighboring republics, and even beyond the country's borders. However, the

situation of Kazakh refugees remained dire even in these places. The food assistance provided to them was insufficient. The situation of children who ended up in orphanages and orphanages was very difficult.

This article, based on archival documents, eyewitness accounts, and scholarly research, examines the plight of Kazakh refugees and the measures taken by the state to assist them. By providing examples of the refugees' hardships, the authors analyze the ways in which they returned to their homelands. Special attention is also given to the implementation of legislative acts (orders and decrees) adopted by the government.

The study addresses the spread of infectious diseases, the provision of medical aid, and the distribution of food to the starving. It explores the processes of resettling returning Kazakh refugees in temporary housing and providing them with employment. Additionally, the article assesses the damage inflicted by the famine on the economy and demography of the Kazakh people.

Keywords: campaign, confiscation, collectivization, famine, refugees, death, Joint State Political Directorate (abbreviated as OGPU), totalitarianism, infectious disease, epidemic

Кіріспе. 1931-1933 жж. қазақ шаруаларын қатты сергелдеңге түсірген жұт пен ашаршылық олардың жаппай босқындауға алып келді. Аштық құрсауына ілінгендер ауыл-ауылдарды аралап, азық іздеп босып кетті. Босып кетушілер кейбір құжаттарда «көшіп кетушілер» (откочевники) немесе «шегара бұзушылар» деп келтіріледі.

Қазақстанда босқыншылық аштық басталмай тұрып, тәркілеу, ұжымдастыру, колхоздастыру науқан-дары қызу қолға алынып, жүргізіліп жатқан кезде өршіген. Бар байлығынан айырылғысы келмеген ауқаттылар, бұрынғы бай, болыстар кедейлерді үгіттеумен Қазақстанмен көршілес мемлекеттерге асып кетуге тырысты. Жаппай босып, шегара бұзуға бет алғандарды ОГПУ-дың халық арасындағы «тыңшылар» немесе «жансыздарының» хабарынан кейін кеңес әскерлері арнайы тосқауыл құрып, ұстап отырды. Бағынбай қашқандардың соңынан пулемет оғын жаудыры. Қолға түскендерді мал-мүлкімен кері қайтарды.

Боса қашқандардың басымы категорияларға бөлініп, үкіметтің жасаған тізіміне енгізілген бай, кулактар (құлақ) болды. Әкімшілікте қызмет ететін тамыр-таныстарынан алдын ала тәркіленуге іліккендіктері жөнінде хабар естісімен, бір түннің ішінде туған жерін тастап, шегара асып кеткендердің қарасы көбейді.

Расымен де үкімет тарапынан колхозшыларға қойылған міндеттердің шектен тыс көптігі қарапайым шаруаларды шошытты. Орындай алмаған жағдайда жаза күтіп тұрғандығын түсінді. Оның үстіне тұқым қорының тапсырмасын орындамағандар, малдарын сойып, сатқандар колхозға зиянкестік жасағандар ретінде қылмыстық іске тартылып, сотталушылардың қатары көбейді. Осы жағдайды бұрынғы ауқаттылар шебер пайдаланып, көшуге үгіттеді.

Сонымен кімдер қоныс аударды, қандай тап, халықтан қандай топтар кетті? Архив деректеріне сүйенсек, шетелге қарай үдере көшкендердің басында ірі байлар, атқамінерлерден тұрды. Олардың соңынан кедейлер мен орта шаруашылық қожалықтары, үкімет саясатына көңілі толмаған колхозшылар ерді. Үдере көшу – бұл социалистік жүйенің «ұр да жық саясатына», келеңсіздікке, қарсыласуының бір түрі болды.

Ашаршылық тұсында босқындау екі бағытта жүрді. Оның бірі – ішкі босқыншылық, яғни бір облыстан екінші облысқа немесе бір ауданнан екінші ауданға, ауылдан поселкеге көшу. Екіншісі – республикадан тысқары жерлерге, яғни көрші республикаға немесе көрші мемлекетке кету. Аштық басталған кезде азық-түліксіз қалғандар жаяу-жалпылай республиканың ішінде босқан.

Аштықтан әбден қажығандар шығыста Батыс Сібір жеріне, батыста Волга өзені, Ресейдің ішкі аудандарына, оңтүстіктегілер көршілес Қырғызстан, Өзбекстан республикаларына қарай жосыды. Басымы жарты жолда аштықтан, жұқпалы індеттен қырылып қалды. Әсіресе жас балалардың өлімі күшейді.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында дерек көзі ретінде Қазақстан Республикасы Президент архивінің, Орталық Мемлекеттік архивінің құжаттары қолданылды.

Сонымен қатар кеңестік жүйе мен тәуелсіздік тұсында тақырыпқа қатысты жазылған зерттеулер де мақалаға пайдаланылды.

Кеңестік жүйе тұсындағы 30-жж. аштық, босқыншылық мәселесі нақты айтылмаса да, сол нәубеттің тууына себеп болған фактілерге негізделген зерттеулерде келтірілді. Кеңестік идеологияның басымды-лығынан республикада ашаршылық мәселесі тек 80-жылдардың соңында ғана ашық түрде айтылып, жазыла бастады [1]. Сөйтіп, тарихшылар кеңестік идеология жазуға мүмкіндік бермеген, тыйым салған тақырыптарды зерттеуге батыл қадам жасады.

90 ж. басында республикадағы аштық пен оны ауыздықтаудағы іс-шаралар, ұлт зиялыларының нәубетке қарсы жүргізілген күрес барысы В. Михайловтың, Б. Қойшыбаевтың еңбектерінде нақтыланады [2].

Тәуелсіздігімізді алғашқы жылдарында қазақстандық тарихшылар «ақтаңдақтар ақиқатын» ашуда ерекше зерттеу нысанына алынатын тақырыптардың қатарына ашаршылық мәселесін де қойды. Нәтижесінде ғылыми жинақтар жарыққа шықты [3].

20-30 жж. саяси науқандардың нәтижесінде туындаған ашаршылық және т.б. нәубеттердің себебі М.Қ. Қозыбаевтың «История и современность» [4], Ж.Б. Әбілқожиннің «Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930 гг.)» [5], М.Қ. Қозыбаев, Ж. Әбілқожин, Қ. Алдажұмановтың «Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық» [6] және басқа зерттеу еңбектерінде айқын түрде ашылғандығын атап өтуімізге болады.

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының шығарған 5 томдық «Қазақстан тарихының» 4 томында, Мемлекет тарихы институты ұжымы шығарған «1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты» кітабында 30-жылдардағы республикадағы ашаршылық пен оның демографиялық салдарына баға берілді [7].

Аштықтың шығу себептерін, босқыншылық мәселесін тарихшылар Т.Омарбеков, Х.М. Әбжанов, С.О. Смағұлова [8] монографиялық еңбектерінде нақтылауға тырысты.

Аштық нәубетіне, босқыншылыққа қатысты құжаттар Қазақстан Президенті Архивінің шығарған көптомдығында, Президентіміздің 2020 жылдың қарашасында саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде құрған мемлекеттік комиссия жұмысының нәтижесінде шыққан он томдық жинақта, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Мемлекет тарихы институтының бірігуімен шығарылған жинағында топтастырылды [9].

Мақаланы жазу барысында жүйелеу, салыстыру, сипаттау, баяндау, талдау, тарихи байланыстыру және статистикалық сияқты ғылыми әдістер кеңінен қолданылды. Талдау әдісі бойынша аштық нәубетіне қатысты тарихнамалық зерттеулер мен тарихи құжаттар сараланып, баға берілді. Сипаттау әдісі бойынша аштықтың шығуы мен оны ауыздықтау барысындағы жүргізілген іс-шаралардың орындалу мен кемшіліктері және жетістіктері нақтыланады. Босқыншылық барысын саралауда архив құжаттары мен ғылыми зерттеулер салыстырмалы түрде қолданылды. Көрші республикаларға босып кеткен ашыққандардың хал-ахуалын, нақты сандарын айқындауда жүйелеу және статистикалық әдістер пайдаланылды. Мақала барысында қолданылған бұл әдістер босқыншылық барысында болған қиыншылықтардың айқындауға көп септігін тигізеді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Өзге мемлекеттерге қарай босу үдерісі 1931 жылдың күзінде күшейді. Шегараға жақын аудандардың ашыққандары көбіне шет мемлекеттерге кетуге бел бууының себебі олардың санасында сол елдер өлім құшағынан алып қалады деген үміттен еді. Кеңес үкіметі үдере көшкендерді шегарадан ары асырмауға тырысты. Жарты жолда ұстап, колхоздарына кері қайтарғандығы жайында архив қорындағы құжаттар растайды. Үкіметтің жоғарғы орындарына түскен құпия ақпараттарға, хабарламаларға көз тіксек, Қазақстаннан ашыққандардың басымы Қытайға тұтастай ауылшаруашылықтарымен өткен. Сондай-ақ әртүрі жолдармен кеткендердің көбі сол жақта тұрақтап, отбасын аман сақтап қалғандар қазірде елімізге қайта оралуда.

Ғалымдар М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, Ж.Әбілқожин «Қазақстанды күштеп коллективтендіру: қорлық пен зорлық» деп аталған еңбектерінде қазақтардың аштық тұсында үдере босуды

былайша келтіреді: «Ашаршылық салдарынан сол жылдары 1030 мың адам республикадан тысқары жерлерге босқын болып кетті. Олардың қолы жеткендері халық шаруашылығының әртүрлі мекемелеріне жалданып, Мурманск, Сібір, Қиыр Шығыс, Камчаткаға дейін барды. Әрине мұндай мүмкіншілік бола берген жоқ».

Қазақстаннан тысқары кеткендердің де жағдайы мәз болмаған. 1932 ж. қазақтардан Еділ бойына 40 мың, Қырғызстанға 100 мың, Батыс Сібірге 50 мың, Қарақалпақстанға 20 мыңнан астам, Өзбекстан мен Тәжікстанға 45-50 мыңдай адам барды [6, 33-б.].

Қазақ облыстары толықтай аштық құрсауына еніп, босқыншылықты тоқтату мүмкін болмай қалған кезде БОАК Президиумы ұлттар бөлімінің меңгерушісі Нығмет Нұрмақов БОАК төрағасы М. Калининге, Президиум мүшелері А.С. Енукидзе мен А.С. Киселевке Орта Волга, Төменгі Волга, Батыс Сібір өлкесіне, Башқұрт республикасы мен Орта Азияға қазақтардың жаппай босып кетіп жатқандығын жазып, бұл жағдайды қазақтың басшылары оң құбылыс ретінде қабылдап отырғандығын қынжыла баяндайды.

Босқындаған қазақтардың жағдайы тым ауыр еді. Бар азықтары жолда таусылып, қиындыққа тап болды. Осыған орай Н. Нұрмақов үкімет алдына Қазақстаннан кеткен босқындарға алдағы уақытта барған жерлерінде керегінше көмек көрсетілсе, олардың одан әрі қарай босып кетуіне жол бермеуге шара қолданылса деген ұсыныс білдірді [10, 132-б.].

Жағдай ауырлаған сайын өлкедегі босқындардың азық іздеп өзге өңірлерге қарай күннен күнге шұбыруы да көбейе түсті. ОГПУ өкілінің 1932 ж. 23 қаңтардағы ақпараты бойынша, Ақсу, Алакөл, Шұбартау, жартылай Аягөз бен Балқаш аудандарынан жаппай босып жатқандардың қарасы көбейген. Лепсі ауданында 700-ден 1000-ға дейінгі шаруашылықтар шегара асуға беттеген. Бұл шаруашылықтардың басымы кедейлер мен орташалардыкі, тек 100 шаруашылық қана байлардыкі болған. Босқыншылықтың себебін олар билік өкілдерінің асыра сілтеуінің нәтижесінен азық-түліксіз қалуынан деп түсіндірсе, ал ОГПУ-дың өкілетті өкілі мұны босқындаушылардың арасында бай тап өкілдері болғандықтан, әдейлеп аштық туралы қауесеттерді қоздырып, арандатып өздерімен кетуге үгіттеп шегарадан өтіп, шетелге кетіп отыр деп топшылай, келесі шараларды жүргізу ұсынылды:

1) Қытайға қашудың алдын алуда және еліне қайтару мақсатында босқындардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) босқындардың арасында бұл қозғалысты ұйымдастырушылар мен басшыларын анықтап, олардың істерін ОГПУ-дың Өкілетті үштік уәкілдеріне үкім шығаруға беру;

3) босқындардың арасынан шетелге кетуге үгіттеушілер мен сол жақтағы революцияға қарсы байлармен байланыс орнатушы жансыздарды анықтау;

4) босқындардың қай ауданнан екендігін анықтап, сол ауданға қайтару мақсатында аудандық комитеттерге партия қызметкерлерін жіберіп, кері қайтқандарды материалдық тұрғыда қамтамасыз ету;

5) осы аудандардың барлық ОГПУ уәкілдеріне босқындардың арасындағы қашқын байларды анықтау, бар болса, олар туралы мәлімет беру.

Сонымен қатар, қазақ өлкелік комитеті арқылы аудандық комитеттерге саяси-бұқаралық жұмысты өрістету негізінде жіберілген барлық қателерді батыл түзету, оған кінәлілерді жауапқа тарту, Лепсі ауданына белсенді партия қызметкерлерін тез арада жіберу, жеріне қайтып келгендерге азық-түліктей және т.б. қажетті материалдық көмек көрсету мен колхозға қайта мүше ретінде қабылдау қажеттігін батыл талап етті [11].

Тура осы күні Батыс Сібір өлкесінің ОГПУ өкілетті уәкілінен Қазақстаннан Сібір жеріне босып келе жатқан қазақтар жөнінде арнайы хабарлама түскен. Архив құжаттарына сүйенсек, 1931 ж. күзінен Қазақстанның Батыс Сібірімен іргелес аудандарынан қазақтардың босып келуі жиілеген. Баев ауданынан келген қазақтардың саны 1300-ге жетіп, олардың 45-і байлар мен қылмыскерлердің отбасы екені анықталып, кері Қазақстанға қайтарылды. Славгород ауданында босып немесе қашып келген қазақтардың саны 10 000-нан асып, олардың 6000 адамы Славгород қаласы мен оның айналасына орнықса, қалғандары қазақ ауылдарына барып шоғырланды.

Келген қазақтардың кейбірі көшеде қонып, ішерге тамақ таппай өлген жануар, құстардың етін жеп, содан ауру жұқтырып, ұрлық-қарлық көбейді. Ашыққандар балаларын көшеге тастап кетті. Аштық пен жұқпалы аурулардан өлген қазақтардың мүрделерін көшеден милиция қызметкерлері жинап, арбаға тиеп әкетіп отырды.

Асханаларды төңіректен жүргендер тамақтың жуындыларын да қалдырмай, тіпті кейбірі ас ішіп отырғандардың тамақтарын күшпен тартып алу, көшеде қызметкерлердің нандарын ала қашу фактілері жиіледі.

Ашыққан қазақтар қалалық кеңес, аудандық атқару комитетіне, аудандық милиция басқармасының алдына балаларын тастап кетіп, тіпті мекеме ғимаратына кіріп алып, шығудан бас тартқан. ОГПУ өкілдерінің анықтауынша, босып, қашып келгендердің басымы Байшқайшақ, Қозылақ және Семей аудандарының колхозшылары болған [10, 77-79].

Сібірге қарай азық іздеп шұбырған Семей, Павлодар округтерінің қазақтарының жағдайы да аса ауыр болды. 1932 ж. 4 ақпанындағы Новосібірден Батыс Сібір өлкелік комитетінің хатшысына, Батыс Сібір өлкелік атқару комитетінің төрағасы мен Қазақстан бойынша ОГПУ-дың өкілетті уәкілі жіберген хабарламада Қазақстаннан аш босқын қазақтардың толассыз келіп, Славгорд, Неміс, Знаменский, Хабаров аудандарында топтанып жүргендігін, аштан өлгендердің барлығын келтірді. Олардың мәлімдеуінше, 15 қаңтарда Айнақ станциясынан қазақтың мәйіті табылып, жанындағы құжатынан 26 жастағы Смағұл Сүлейменов екені анықталған. Ол БК(б)П мүшесі ЖОЖ (жер мен орман жұмысшылары) одағының мүшесі болған екен. Сот-медициналық сараптамасының қорытындысы бойынша, аштан өлген.

16 қаңтарда Славгородтың Крестьянский көшесінен 30 жастағы Жүсіп Смағұловтың мүрдесі табылған. Құжаты бойынша Сейтен ауданында тұрған. Өлу себебі – аштық пен суық. 19 қаңтарда Славгород қаласының базарынан үсіп қалған 15-16 жастағы қазақ баласы ауруханаға әкелінгеннен кейін қайтыс болған. Құжаттары болмаған. 20 қаңтарда Восточная көшесінен 21 жастағы Қотыран Жәнішеваның мәйіті табылған. Сот-медициналық сараптамасының қорытындысы бойынша аштан өлген.

Топтанып жүрген ашыққандар еріксіз ұрлық жасауға барды. 15-20 қаңтар аралығында 9 ұрлық жасалғаны тіркеліпті. Босып келген қазақтардың балаларының жағдайы өте ауыр болған. Сонымен қатар күнделікті ата-аналары 15-20 баланы көшеге, түрлі мекемелердің алдына тастап кеткен. Тіпті емшектегі балаларын да тастауға барған. Балалар үйі мен ауруханалар осы аш, тастанды қазақ балаларына толған [10, 108-109-б.].

Сібірге босқан қазақтардың жағдайы аса ауыр екендігін 1932 ж. 9 ақпанында Батыс-Сібір өлкелік комитетінің бірінші хатшысы М. Зайцев Қазақ өлкелік комитетіне жазған хатында айқын келтірді. Оның мәлімдеуінше, аш қазақтар толқыны 1931 жылдың күзінен басталған және де күнделікті түрде сандары ұлғайған. Босқындардың көпшілігі колхозшылар, бірен-саран бай-құлақтар. Тамақ таба алмай, көпшілігі өлген малдың етін жеп, ісініп өлгендер мен суықта қатып қалғандардың саны күрт өскен. Аш қазақтар үйлерге кіріп, тамақ сұрап, тіленшілік күй кешкен [12].

Батыс-Сібір өлкелік комитетінің хатшысы Эйхе 9 наурызында Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекинге жіберген хатында Батыс-Сібір өлкесіне босып келген қазақтарға қолдарынан келгенше көмек беріп, азықпен қамтамасыз еткендігін айта келе, «ендігі іс-шараны Қазақ өлкелік комитеті өздері қолға алып, босқындарды елдеріне қайтарып алса және алдағы уақытта босуына жол бермеуге кіріссе» деген өтінішін білдіреді [3, 117-118-б.].

Қазақ өлкелік комитеті жиналыстарында осы мәселе қаралып, босқын қазақтарды қайтару мен аудандарға оралған кедей-орташа шаруашылықтарға көмек көрсетуді қолға алуды, оларды колхозға қабылдап, азық-түлікпен, тұрмысқа қажетті заттармен қамтамасыз ету баса айтылды және осыған орай шешім шығарылды [13, 269-б.]. Алайда бұл шешім қағаз жүзінде қалып қойды.

Елден ашыққандар тамақ таба алмай босып жатқан кезде 1932 ж. 27 ақпанында Мәскеуден Ф.Голощекинге шифрлы жеделхат келіп, қазақ өлкесінің басқаларға қарағанда тұқым жинаудан артта қалғандығы айтылып, тез арада шара қолданып, тұқым жинауды ұйымдастыруды міндеттеді [13, 21-б.].

1932 ж. 15 ақпанда Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы І. Құрамысовқа құпия түрде жіберілген Қазақ КСР БМСБ (ОГПУ) Өкілетті үкіметінің әскери және шегара күзет басқармасының мәлімдемесі бойынша, Аягөз бен Көкпекті аудандарынан ашыққандардың легі Ұржар ауданына қарай шұбырып, Қытайға өтуге бет алған. Осыған орай тез арада шешім қабылдап, оларды шегарада ұстап қалу қажеттігі көтерілді [14].

Наурыз айында өлкелік комитеттің шешімімен Орынбор, Орта Волга жеріне босып барған қазақтардың жағдайын білуге және кері қайтару жұмысына орай Сейітқали Меңдешев басқарған өкілдер аттанды. Онымен бірге Орынборға Шыңғырлау, Ырғыз, Қобда, Темір аудандарынан арнайы өкілдер жіберілді. Ақтөбе облысынан барған Иралин, Батыс Қазақстаннан Тоқсанов 25 наурызда 135 адамды Шыңғырлау ауданының Елек станциясына дейін теміржолмен, ары қарай ат арбамен жеткізуді ұйымдастырады [15].

Үкімет орындары өзге өңірлерге босып кеткен қазақтарды барған жерлерінде жұмысқа орналастыруды жергілікті әкімшіліктен өтінді. Босқын қазақтарды жұмыспен қамтамасыз ету, оларға азық-түлік бөлуде кейбір өңірлер бірден көмек қолдарын созды. Жұмысқа орналасқан қазақ бригадалық жарыстарға тартылды. Мәселен, 28 наурызда Кемеров қаласының жергілікті үкіметі босқын қазақтарды орналастырып, жұмыспен қамтамасыз етуге тырысты. Құрылысқа тартылған Досахметов (бригадир) басқарған бригада 12 қазақтың атынан ұжымдық хат жолдап, Деревянченко-ның бригадасының жарысуға шақырған бастамасын қабылдаған. Алайда олар орыс тілін нашар білгендіктен бес айдан бері тұрмысқа қажетті бірде бір заттарды ала алмай, кімге айту, қайдан алу керектігін білмеген. Отбасына тиісті тамақ карточка да берілмегендіктен, әрі олармен ешқандай да түсіндірме жұмыстары жүргізілмегендіктен тұрмыстық қиыншылыққа тап болған [10, 172-б.].

Қазақ өлкелік комитетінің бюро жиналысында босып кеткен қазақтарды кері қайтару мәселесіне орай О. Исаев төрағалық ететін, құрамында Голунов, Боровых (ИКТруд), Залогин (Өлкелік колхоз одағы) және С.Асфендияров (Денсаулық сақтау Халық комиссариаты) бар комиссия құрылды. Комиссияның құзырына сәуір-мамыр айларында кедей-орта шаруа қожалықтарын қайтару жұмысын аяқтап, көшіріліп әкелінгендерді Семей, Павлодар, Петропавл, Қостанай, Ақтөбе, Оралға орналастыру міндеттелінді.

Қайтып оралғандар медициналық тексерістен өткізіліп, колхоздар мен совхоздарға орналастырылатын болды. Қараусыз қалған және аштыққа ұшыраған балалар үшін аудан орталықтары мен ірі колхоздар (ауылдар бойынша) жанынан балалар үйлері ұйымдастырыла бастады.

Халық комиссарлар кеңесіне облыстық атқару комитетінің құзырына қабылдау үйін ұйымдастыру үшін қажетті мөлшерде қаражат бөлу тапсырылды. Сонымен қатар азық-түлік көмек қорынан қайтып оралғандар мен балалар үйіне арнайы қор берілді. Комиссияға осы іс-шараларды жүзеге асыруда жоспар жасау тапсырылып, соның негізінде 1932 ж. 27 сәуірде ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қоныс аударған шаруашылықтарды орналастыру жөніндегі жұмыс жоспарын бекіту туралы» қаулысы қабылданды.

Жоспар бойынша Қазақстан облыстарына босып кеткен 35000 шаруашылық қайтарылып, Шығыс Қазақстанға – 11000, Қарағанды облысына – 6000, Батыс Қазақстанға – 6000, Оңтүстік Қазақстан облысына – 3000, Ақтөбе облысына – 7000, Алматы облысына – 2000 шаруашылық орналастырылатын болды.

Ортаазиялық бюро Атқару комиссиясының 1932 ж. 5 наурыздағы отырысында үдере көшу бойынша Хахианидің баяндамасы тыңдалып, осыған орай басқа өңірге босып кеткен кедейлер мен орташаларды өз жерлеріне қайтару үшін біріншіден, түсіндірме жұмысын жүргізуді, екіншіден, олардың таяу арада оралу немесе сол жерде тұрақтап қалуына ерік беру, үшіншіден, қайтып оралғандарды шаруашылыққа орналастыру жөнінде шешім шығарылды. Бұл іс С. Қожанов, Серғазиев пен Т. Жүргеневке тапсырылды.

Босқындарды қайтару жөнінде құрылған комиссия 28 наурызынан іске кірісіп, Шығыс Қазақстанға 7000 шаруашылық, Батыс Қазақстанға 6000 шаруашылық, Ақтөбе облысына 6000 шаруашылық, Қарағанды облысына 6000 шаруашылық, Оңтүстік Қазақстанға 4000 шаруашылық және Алматы облысына 1000 шаруашылық қайтарылды [16].

Батыс Қазақстан облысында да қайтып келген шаруашылықтарға арналып 9 дәрігерлік-тамақтандыру пункттері ашылып, әр жерден келген 2057 шаруашылық орналастырылды. Қазынадан 201703 руб. қаражат босатылды [17].

Орта Волга аймағындағы босқын қазақтарға берілуге тиісті көмек жетпеген. Осыған орай 1932 ж. 27 маусымында Самараға барған қазақ АКСР ХКК-нің төрағасы О.Исаев Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф. Голощекинге жіберген жеделхатында «Станцияда нан сұрағандардың қатары өте көп. Көп мөлшерде бөлінген азық көмегі қайда кеткені белгісіз. Хатшылардың барлығына бюрода нандай азық көмегін беру жөнінде мәселе қояды сұраймын» деп қиындықты тез арада шешу қажеттігін көтереді [18].

Үкімет босқан қазақтарды кері қайтару шарасын қолға алғаныменде колхоз, совхоздарды тастап босу үдерісі жалғаса берді. Бұрынғы бай-құлақтардың үгіт-насихатымен басқа аудандарға, облыстарға жаппай көшу үдерісі етек жайды. Ойыл ауданында азық-түлік тапшылығынан 8, 18 және 5-ші 150 шаруашылықтың адамдары барлық дүние-мүліктерін тастап, жұмыс, азық іздеп босып кеткен.

Ырғыз ауданындағы 34 ауылдағы 102 шаруашылықтың адамдары тамақ іздеп босқан. Үкіметтің қатаң бақылауға алуына қарамастан Шалқар ауданында 25-ші ауылдың адамдары күнделікті қашып отырған. Табын ауданынан соңғы кезде 400-дей шаруашылық Орал облысының Маңғыстау ауданына көшіп, кейбірі Ембі-мұнай кенішіне жұмысқа тұрған.

Табын ауданындағы 6-шы ауылдың тұрғыны, бұрынғы бай баласы Шадай Шананов ауылдас-тарының арасында «Кеңес үкіметі сендерді құртып тынады, соған келе жатыр» деп Өзбекстан мен Түркменстанға көшуге үгіттеген. Қобда ауданының Теңдіксай колхозының төрағасы колхозшы-лардың арасында «осылай отыра берсеңдер бәрің аштан өлесіңдер» деп басқа жаққа көшуге үгіттегендіктен ауылының жартысы үдере көшкен. 4-ші ауылдың төрағасы Ақынжан Батыров және сол ауылдың белсенділері Айсық, Саматай Мұғалбаевтар, Көлжан Құлбарақов ауылкеңесі-нің мөрін алып, жұмыс іздеп басқа жаққа кеткен. Темір ауданында да бұрынғы байлардың үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде Қарақалпақ облысына 44-ші ауылынан босып барғандардың қарасы көбейген. Қостанай ауданының «Нейс-Лебен» колхозында алыпқашпа әңгімелерге сенген 5 шаруашылық мүшелері азық іздеп босып кеткен [19].

Тура осындай жағдай Алматы облысына қарасты Жаркент, Октябрь мен Кеген аудандарында орын алды. Шегараға жақын бұл аудандар Қытайға қарай босқан. 5 қыркүйектегі құпия түрде КСРО Халкомының төрағасы Исаевқа ОГПУ-дан жіберілген ақпаратта 1932 ж. 28 тамызы мен 2 қыркүйек аралығында көрші Қытай мемлекетіне үдере көшкен 5 жағдай тіркелген. Ауданнан Қытайға көшіп кеткен 50 шаруашылықтың 22-і Құлжық ауылынан болған. 11 шаруашылық Кеген ауданының Ұзынбұлақ ауданынан 13 шаруашылық Нарынқол ауылынан кеткен. Алайда бұлардың басымы жарты жолда ұсталып, кері қайтарылды [20].

Батыс Қазақстандағы ауыр жағдайды тексерген комиссия қазақ өлкелік комитетіне шұғыл түрде көмек қолын созбаса, құрылған колхоз, совхоз шаруашылықтарында бірде-бір мүше қалмайтындығын ескертті. Қайтып оралған босқындарға жәрдем беруді ұйымдастыру іс-шараларын жеделдетуді сұрады.

Мамыр айының ортасынан бастап Батыс Қазақстанға қайтып оралған босқын шаруашылық-тарды қабылдап алып, оларды жұмысқа орналастыру жұмысы жүргізіле бастады. 9 дәрігерлік-тамақтандыру пункті ұйымдастырылып, әр пунктке 2057 шаруашылық мүшелеріне медициналық және ыстық тамақтай жәрдем берілді. 463 шаруашылық колхоздарға орналастырылып, 201703 руб. мөлшерде қаражат бөлінді. Жетім қалған немесе қараусыз, қаңғыбас балаларға арналып 59 орындық 1 балалар үйі мен 35 орындық балабақша ашылған. Тура осындай іс-шараларды Қарағанды облысында да қолға алып, қайтып оралған босқындарды колхоздарға орналастыру жұмыстары жүргізілді. Оларға арнап дәрігерлік-тамақтандыру пункттері, балалар үйі, балабақшалар ашылды [21].

Босқыншылық үдей түсуіне орай Алматы облысында арнайы құрылған комиссия (төрағасы Мұсаев) колхозшыларды кері қайтару мен орналастыру жұмыстарын қолға алды. Комиссияның

15 қыркүйектегі баяндамалық жазбасында облысқа қарасты аудандарда ашыққан ауылдардан босып келгендердің қарасы көбейе түскен. Мәселен, Аягөз ауданынан босқандар топ-топ болып көрші аудандарға босып барғандардың саны 1000-ға жеткендіктен облыстық комитет аудан басшыларына оларды өз жерлеріне кері қайтаруды міндеттеді. Алайда Аягөз ауданы басшылары бұл жұмысты кешеуілдетті. Оған біріншіден, тасмалдайтын транспорт болмады, екіншіден, шаруашылықтарына қайтарғанмен де қажетті азық-түлік, тұқым, техникамен қамтамасыз етілмеді.

Комиссияның есебі бойынша, ауданға қайтарылған 50 шаруашылықтағы адамдар аштықтың құрбанына айналуға сәл қалған. Оның үстіне Аягөз жол торабы болғандықтан ауданға Қарағанды облысынан ашыққандардың легі толассыз ағылған. Өлімнің көбеймеуінің алдын алуда Комиссия үкіметтен тез арада 1000 центнер астық пен 5000 рубльдік күнделікті өмірге қажетті тауарларды жіберуді өтінді.

Қастек ауданынан босқандар облыстық басқа аудандары мен Қырғыз Республикасына барған 2267 шаруашылықтың ашығып, 704 шаруашылық 20 тамызда ауданға қайтарылмағандықтан, облыстық комиссия 435 цн. астық бөлгізген және ауданға 350 шаруашылықты қайтару жоспарланып, 40 000 рубльге жұмысшы күші (мал) мен 2000 рубльге колхозға бастырғыш (молотилка) сатып алынды [22].

Босқындарды, шаруашылықтарды кері қайтарып, жұмысқа орналастыру іс-шаралары жүргізілгенімен де 1933 жылдың қаңтарында әлі де болса ауыл-ауылды кезушілердің қарасы азаймады.

Ұ. Құлымбетов Қырғызстанға кеткен босқын қазақтарды кері қайтарып, Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастыруды Халық Комиссарлар кеңесінің өкілдері Құрманғалиев пен Избановқа жүктеп, осы кеңестің қосымша қорынан 25 мың сом ақша бөлгізді [23].

19 қаңтарда ХКК-нің өкілі О. Жандосовтан Қазақ өлкелік комитетіне Голуодовқа және ХКК-сі төрағасының орынбасары Ұ. Құлымбетовке құпия түрде Шу ауданы арқылы Қырғыз жеріне жаңаарқалықтардың босып бара жатқандығы айтылып дабыл хат түскен. Босқындар Әулиеата, Шу аудандарының Қазақстанның ішкі аймақтарына, Балқаш пен Аягөзге қарай, ал Сарысу ауданындағы 7000 шаруашылықтан 500-600 ғана қалып, қалғандары Ақмола бағытына бет алған. Сарысудан шыққан босқындар Созақ-Шаян-Арыс және Созақ-Түркістанға қарай кетсе, негізгі көш Үшарал-Талас-Әулиеата бағытымен жүрген. Әулиеатадан Кетпентөбе арқылы Жалал-Абадқа, ал теміржолмен Тәжікстанға, Сталинабад пен Китабқа қарай шұбырды.

О. Жандосов Әулиеата қаласындағы жағдайға аса назар аударудың қажеттігін көтерді. Оның жазуынша аштықтан көшеде өлгендердің саны күннен-күнге көбейген. Мәселен 5-6 қаңтарда қалада 84 адам аштықтан, суықтан өлген. Олардың ішіндегі 20 бала базардағы шайхананың маңында қатып қалған. Қалада күнделікті өлгендерді жинау әдетке айналған. Тіпті ашыққандардың арасында өз балаларын өзенге лақтырып жіберген жағдай да орын алған. Осындай электростанцияның қасындағы суға тасталған бір бала құтқарылып, қалалық ауруханаға жеткізілді.

Тіленшілер тобымен базарда тамақ сатқан саудагерлерге шабуыл жасаған. Оның үстіне шешек пен бөртпе сүзекпен ауырғандардың да қарасы молайған. Базардағы бір пұт жүгерінің бағасы 100-120 сомға дейін көтерілген.

О. Жандосов осы жағдайдан кейін Алматыда БК(б)П аудандық комитетінің мәжілістеріне қатысып, босқындардың ісін көтеріп, арнайы оперативтік үштік құруды қозғады. Ол 9, 11, 12 қаңтар күндері болған мәжіліске қатысып, тез арада көмек ұйымдастыруды кешеуілдетпеуді ұсынды. Босқындарға астықтай көмек, отырықшыландыруда несие беру, көмек беру қорларын ашу қажеттігін көтерді [24].

Қазақ өлкелік партия комитеті мен ХКК-нің жанындағы қайтып келген босқындарды орналастыру комиссиясының 1933 ж. 1 ақпанда болған мәжілісінде Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті жеделхат арқылы босқындарға азық-түліктей көмек көрсетуін сұрады. Мәжіліс Оңтүстік Қазақстанға қосымша қордан 1500 пұт астық бөлу жөнінде қаулы қабылдады [25].

Қайтып оралатын босқындарды орналастыру комиссиясының 1933 жылы 14 ақпандағы шешіммен Ақтөбе, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы босқындарға көмек ретінде қосымша қордан 90 000 пұт астық (әр облысқа 30 000 пұттан) бөлінді [26].

Шығыс Қазақстан облысына босқындарды қайтару мәселесі 1933 ж. 11 қаңтарда Семейде болған облыстық партия комитетінің кеңесінде қаралып, Н. Сырғабеков осыған сәйкес баяндама жасайды. Кеңестің шешімімен Баянауыл, Қу, Абыралы, Шыңғыстау, Қарқаралы аудандарына босқындарды жеткізу үшін Қарағандыдан транспорт жіберу, әр ауданға қайтып оралатын босқындарды орналастыратын үйлер дайындау, Бесқарағай, Шыңғыстау, Абыралы, Қарқаралы және Қу аудандарының хатшыларына тез арада Семейге өз бетімен кеткен босқындарды қайтарып, шаруашылыққа орналастыру, астықтай көмек көрсету турасында шешім шығарылды.

1 наурызда Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің кеңесінде Жарма мен Көкпекті аудандарына қайтып оралған босқындарды 10 000 пұт азық-түлікпен қамтамасыз етуге қаулы қабылданды және Көкпектіге келген босқындарға қосымша тағы да 600 пұт нан бөлу жөнінде шешім қабылданды [27].

Қайтып оралған босқындарды жұмысқа орналастыру шешімі дұрыс орындалмады. Ақтөбе облысына кеткен 300-400 босқын отбасыларын облыстық комитет Жусалы станциясынан Сексеуілді станциясына дейінгі мерзімдік жол жөндеу жұмысына тартуға тиіс еді. Алайда жергілікті және аудандық теміржол ұйымдары бұл шешімді орындауға асықпады. Ашығып келгендерге нан емес, бидай берілгендіктен, асқазан ауруына шалдыққандар бидайды көтере алмай, өліп кетуі жиіледі. Оның үстіне босқындарға жылы киім, азық-түлік берілмеді, жұқпалы ауруларға қарсы медициналық көмек көрсетілмеді. Аталған жайт 1932 ж. 16 қазанында Ақтөбе облыстық комитеті бюросының кеңесінде айтылды [28].

1932 жылдың соңында Ақтөбе облысына Қарақалпақ жеріне кеткен босқындар қайтып орала бастады. Бірақ облыс әкімшілігі бұларды қарсы алуға дайын емес еді. Сондықтан келген босқындар облыс аумағына тентіреп кетті [29].

1933 ж. көктеміне қарай қазақ даласы босқындарға толып кетті. Ақпанда Қазақ АКСР ХКК-сі мен РКФСР ХКК-не жіберілген мәлімдемеді Оңтүстік Қазақстан облысы, Алматы облысы мен Шығыс Қазақстанның батыс бөлігі, Ақтөбе облысының оңтүстік бөлігі, Қарағанды облысының оңтүстік бөлігі және Батыс Қазақстан облысының бірнеше аудандарына босқындар ұй-күйсіз, азық-түліксіз жүргендігі айтылды. Сонымен қатар Әулиеата, Талдықорған, Мерке, Талас, Шу, Созақ, Қордай, Іле, Қарғалы, Семиозерный және тағы басқа аудандарында да босқындардың легі толастамаған. Араларында жұқпалы ауруға ұшырағандары да бар. Өлгендердің қатары да көбейген. Осы жағдайға орай тез арада төмендегі іс-шараларды жүзеге асыру қажеттігі ұсынылды:

1. Босқындардың келген жерлеріне тұрақтамай тастап кетуіне жол бермеу, олар барған ауылдарға, колхоздар мен ТОЗ-дарға жолай азық-түлік тастап кету, көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға тұқымдық қордан жәрдем берілу;

2. Аудан орталықтарына, қалалар мен теміржол бойына жиналып қалғандарды колхоздар мен егіншілікпен айналысатын ауылдарға, әсіресе мақталы аудандарға, сонымен қатар босқындарды өте шектеулі санмен кәсіпорынға, құрылыс, совхоздар мен кооперация жүйелеріне жұмысқа орналастыру;

3. Егіс компаниясының басында орналастыру міндеті қолға алынған кезде қалаларда, аудан орталықтарында топталып қалған босқындарға арнап ұйымдастырылған тамақтану пункттерін қатты ауырғандар мен әбден жүдегендер, қаңғыбас балалар қалдыру [30].

Босқындармен бірге келген жұқпалы ауруды ауыздықтауға мүмкіндік болмады. Аурудың одан әрі тарауының алдын алу мақсатында ҚАКСР денсаулық сақтау халкомы 1933 ж. 3 ақпанында жариялаған нұсқаулығында түпкі аудандардан теміржолға қарай босып, топтасып қалғандарды арнайы үйлер мен ғимараттарға орналастыру мен оларды ыстық суы бар душ пен моншаға түсіріп, денсаулықтарын тексерістен өткізіп, шешекке қарсы егу жұмыстарын жүргізуді міндеттелді. Станциялардың әкімшілігі мен медицина өкілдеріне босып келгендерді медициналық тексерістен өткізу талап етілді. Санитарлық тексерістен өткен, физикалық жағынан сау босқындарды арнайы

құрылған комиссияның шешімімен үш күн ішінде жұмысқа орналастыру көзделінді. Босқындарды қабылдайтын үйлерге арнайы мамандармен (залалсыздандырушы, мейірбике, дәрігер), таза киіммен қамтамасыз ету тиістіленді [31].

Өрине бұл нұқсқаулық толық орындалған жоқ. Біріншіден, ауруды залалсыздандыратын химиялық дәрі-дәрмектің дер кезінде жеткізілмеді, екіншіден, маман дәрігерлердің болмауы қолбайлау болды. Керісінше жұқпалы ауру халықтың арасында жылдам тарап, адам өлімін көбейтті.

Дегенмен әр облыста барынша босқындарды қабылдайтын үйлер арнайы медициналық мамандармен, дәрі-дәрмектермен жабдықталынып, асханаларда ыстық тамақ беруге тырысты.

Қырғыз, Батыс Сібір, Орта Волга бойына қарай ағылған босқындар легі анықталып, оларды кері қайтаруға байланысты жұмыстар 1933 ж. 5 ақпанда РКФСР ХКК-і Т. Рысқұлов төрағалығымен құрылған комиссияның кірісуімен жанданды. Бұл комиссия құрамына Семашко, Буйко, Майстровой, Милютин, Богат сияқты қызметкерлер еніп, көрші республикаларға қазақ босқындары жөнінде мәлімет жинауға кірісті [32].

1933 жылдың көктеміне қарай тамақтандыру пункттері азық-түлікпен қамтамасыз етіліп, босқын қазақтарды ыстық аспен тамақтандыра бастады. Тамақтандыру пункттері күніне қанша адамды қабылдай алатындығы нақтыланды. 1932 ж. желтоқсанынан 1933 ж. 19 наурызына дейін Алматы стациясындағы тамақтандыру пункті 5653 босқынды қабылдап, олардың 2098-і туған жерлері Қастек, Іле, Шелек, Еңбекшіқазақ, Семей, Талдықорған қайтарылды [33].

Жоғарғы орындарға түскен есеп, мәлімдемелер, жеделхаттарға сүйенсек, 1933 ж. көктемінен босқындарды республикаға қайтару жұмыстары пәрменді түрде жүргізіле бастаған. Оларды орналастыру, жұмыспен қамтамасыз ету, іс-шаралары ретімен іске асырылды. Қазақ өлкелік комитеті республикадан тыс жерлерге кеткендерді қайтару барысына қатаң бақылау қойды. С.Меңдешев Қарақалпақстанға босып кеткен қазақтарды қайтару іс-шараларын басшылыққа алды. Сейсененовпен бірге Қарақалпақ аудандарындағы босқын қазақтардың саны мен жағдайларын анықтап, республикаға жіберу жұмыстарын жүргізді [34].

Қорытынды. Республикаға қайтарылған босқын қазақтарды қабылдауда кемшіліктерге орын берілді. Кейбір колхоздар босқындарды қабылдауға еш мүмкіндіктері болмады. Біріншіден, орналастырылатын үйлер жетіспеді, екіншіден, қаражаттың жоқтығынан оларды азық-түлікпен қамтамасыз етілмеді. Үшіншіден, егістікке қажетті тұқым болмады немесе барының өзі жетіспеді.

30 жылдағы түрлі саяси науқандардың аяғы аштыққа ұласып, адамдардың қырылуына, өзге өңірге жаппай босуына, яғни демографиялық жағынан халық санының құлдырауына алып келді. Аштық азабына ілініп, азық іздеп шетел асқан босқындардың көбі барған жерлерінде қалып қойды, олардың тағдырлары ұзақ уақыт беймәлім, белгісіз болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: опыт и проблемы. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 200 с.

2 Михайлов В. Хроники Великого джута. – Алматы, 1990; 1992.; Зауал: Мақалалар, естеліктер / Құраст. Б. Қойшыбаев. – Алматы: Жаушы, 1991. – 272 б.

3 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов / Вступ. Статья и сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каирғалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романов. – А., 1998. – 263 с.

4 Козыбаев М.К. История и современность. – Алма-Ата : Ғылым, 1991. – 252 с.

5 Абылхожисин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации: 1920-1930 гг. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 240 с.

6 Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожисин Ж.Б. Қазақстандағы күштеп коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы, 1992. – 36 б.

7 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. - Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б.; 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты – Правда о голоде 1932-

1933 годов / Аязан Б.Ф., Ауанасова Ә.М., Қашқымбаев А.Н., Анафинова М.Л., Илиясова К.М. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2012. 336 б.

8 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекиші оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 320 б.; Соныкі. Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекиші оқу құралы. – Алматы: «Өнер», 2003. – 552 б.; Соныкі. 1929-1931 жылдарыдағы халық көтерілістері: Зерттеу. Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 б.; Әбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: «Елтаным», 2014. – 328 б. 146-157-бб.; Смағұлова С. Зұлмат жылдар зардабы: 1931-1933 жж. – Астана, 2024. – 253 б.

9 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов Т. 2. /Сост. А.С. Зулкашева (отв.), Г.Т. Исахан, Ж.А. Сатаева.– Алматы: Раритет, 2018. – 744 с. Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.1-10.: 1928-1929 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Нур-Султан, 2021-2023. Ашаршылық в Казахстане: казахские беженцы в Кыргызстане 1932-1933 гг. / Сборник документов и материалов. – Б.: 2023. – 314 с.

10 Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.3. 1932 – 1934 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Нур-Султан, 2021. –1027 с.

11 ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5192-іс. 8-9-нн.

12 ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5192-іс. 21-н.

13 Голод в СССР. 1929-1934: В 3 т. Т. 1: 1929 – июль 1932: Кн. 2. М.: МФД, 2011. 560 с. (Россия. ХХ век. Документы).

14 ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5192-іс. 16-н.

15 ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5192-іс. 107-н.

16 ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5192-іс. 13-14, 37, 39-н.

17 ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5192-іс. 140-н.

18 ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5192-іс. 157-н.

19 АОМА. 636-қ., 1-т. 10-іс. 4-5-нн.

20 ҚРОМА. 30 с-қ., 7 с-т., 158-іс. 303-н.

21 ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5192-іс. 140, 149-н.

22 ҚРОМА. 1179 -қ., 1-т., 14-іс. 53-53 қайр-нн.

23 ҚРОМА. 30-қ., 7-т., 178-іс. 6-н.

24 ҚРОМА. 30-қ., 8-т., 12-іс. 120-123, 125-нн.

25 АОМА. 85-қ., 1-т. 41-іс. 57-н.

26 АОМА. 85-қ., 1-т. 41-іс. 58-н.

27 ҚРПА. 141-қ., 1-т., 5946-іс. 2-2 қайр., 15.-нн.

28 АОМА. 13-қ., 1-т. 2-іс. 19-іс. 93-94-нн.

29 АОМА. 13-қ., 2-т. 19-іс. 163-н.

30 ҚРОМА. 1179-қ. 1-т. 19-іс. 1-6-нн.

31 ҚРОМА. 1179-қ., 1-т., 12-іс. 47-49-нн.

32 ҚРОМА. 30-қ., 2-т., 15501-іс. 4-5-нн.

33 ҚРОМА. 174 с-қ., 20-т., 2-іс. 9-н.

34 ҚРОМА. 44-қ., 14-т., 549-іс. 156-159-нн.

References:

1 Kollektivizatsia selskogo hozáistva v respýblíkah Srednei Azu i Kazahstane: opyt i problemy. – Alma-Ata: Gylym, 1990. – 200 s.

2 Mihailov V. Hronika Velikogo djýta. – Almaty, 1990; 1992.; Zayál: Maqalalar, estelikter / Qurast. B. Qoishybaev. – Almaty: Jayshy, 1991. – 272 b.

3 Nasilstvennaia kollektivizatsia i golod v Kazahstane v 1931-1933 gg. Sbornik dokýmentov i materialov / Vstýp. Statá i sost. K.S. Aldajýmanov, M.K. Kaırgaliev, V.P. Osipov, Iy.I. Romanov. – A., 1998. – 263 s.

4 Kozybaev M.K. Istoriâ i sovremennost'. – Alma-Ata : Gylym, 1991. – 252 s.

5 Abylhožin Ž.B. *Tradicionnaâ struktura Kazahstana:social'no-ekonomičeskie aspekty funkcionirovaniâ i transformacii: 1920-1930 gg.* – Alma-Ata: Gylım, 1991. – 240 c.

6 Qozybaev M.Q., Aldajumanov Q.S., Ábilqojın J. B. *Qazaqstandaǵy kúshtep ujymdastyry: Qorqyt pen zorlyqk.* - Almaty, 1992. – 36 b.

7 *Qazaqstan tarihy (kóne zamannan búginge deın) Bes tomdyk. 4-tom.* - Almaty: "Atamura", 2010. -752 b.; 1932-1933 jyldardaǵy asharyshlyq aqıqaty – *Pravda o golode 1932-1933 godov* / Aıaǵan B.Ǵ., Aıanasova Á.M., Qashqymbaev A.N., Anafınova M.L., Iıasova K.M. – Almaty: TOO "Litera-M", 2012. 336 b.

8 Omarbekov T.20-30 jyldardaǵy Qazaqstan qasireti: Kómekshi oqy quraly. - Almaty: "Sanat", 1997. - 320 b.; Sonyqy. *Qazaqstan tarihyınyń HH ǵasyrdaǵy ózekti máseleleri. Kómekshi oqy quraly.* - Almaty: "Óner", 2003. - 552 b.; Sonyqy. 1929-1931 jyldaryndaǵy halyq kóterýshileri: Zertteý. Almaty: "Arys " baspasy, 2018. - 480 b.; Ábjanov H. *Qazaqstan: ulttyq tarih, ideia, ádisteme.* - Almaty: "Eltanym", 2014. – 328 b. 146-157-bb.; Smaǵulova S. *Zýlmat jyldar zardaby1931-1933 jj.* - Astana, 2024. – 253 b.

9 *Tragoedia de castello kazachensi. 1928-1934: / Quramy. A. s. Zýlkasheva (otv.), G. T. Isahan, J. A. Sataeva.- Almaty: Sirek, 2018. - 744 B. Asharyshlyq. Ashtyq. 1928 – 1934. Derekti shejire. Sb.dok. T. 1-10.: 1928-1929 / jayap. redaktor B. Ábdıǵalıuly. -Nur-Sultan, 2021-2023. Qazaqstandaǵy Asharyshlyq: Qyrgyystandaǵy qazaq bosqyndary 1932-1933 jj / qujattar men materialdar jınaǵy. - B.: 2023. – 314 b. Qozybaev M.Q., Aldajumanov Q.S., Ábilqojın J. B. Qazaqstandaǵy kúshtep ujymdastyry: Qorqyt pen zorlyqk. - Almaty, 1992. – 36 b.*

10 *Asharyshlyq. Golod. 1928 – 1934. Dokýmentalnaia hronika. Sb. dok. T.3. 1932 – 1934 / Otv. redaktor B. Ábdıǵalıuly. – Nýr-Sýltan, 2021. -1027 s.*

11 QRPА. 141-q., 1-t., 5192-is. 8-9-pp.

12 QRPА. 141-q., 1-t., 5192-is. 21-p.

13 *Golod v SSSR. 1929-1934: V 3 t. T. 1: 1929 – tıl 1932: Kn. 2. M.: MFD, 2011. 560 s. (Rossia. XX vek. Dokýmenty).*

14 QRPА. 141-q., 1-t., 5192-is. 16-p.

15 QRPА. 141-q., 1-t., 5192-is. 107-p.

16 QRPА. 141-q., 1-t., 5192-is. 13-14, 37, 39-p.

17 QRPА. 141-q., 1-t., 5192-is. 140-p.

18 QRPА. 141-q., 1-t., 5192-is. 157-p.

19 AOMA. 636-q., 1-t. 10-is. 4-5-pp.

20 QROMA. 30 s-q., 7 s-t., 158-is. 303-p.

21 QRPА. 141-q., 1-t., 5192-is. 140, 149-p.

22 QROMA. 1179 -q., 1-t., 14-is. 53-53 qair-pp.

23 QROMA. 30-q., 7-t., 178-is. 6-p.

24 QROMA. 30-q., 8-t., 12-is. 120-123, 125-pp.

25 AOMA. 85-q., 1-t. 41-is. 57-p.

26 AOMA. 85-q., 1-t. 41-is. 58-p.

27 QRPА. 141-q., 1-t., 5946-is. 2-2 qair, 15.-pp.

28 AOMA. 13-q., 1-t. 2-is. 19-is. 93-94-pp.

29 AOMA. 13-q., 2-t. 19-is. 163-p.

30 QROMA. 1179-q. 1-t. 19-is. 1-6-pp.

31 QROMA. 1179-q., 1-t., 12-is. 47-49-pp.

32 QROMA. 30-q., 2-t., 15501-is. 4-5-pp.

33 QROMA. 174 s-q., 20-t., 2-is. 9-p.

34 QROMA. 44-q., 14-t., 549-is. 156-159-pp.

FTAXP/MPHTI / IRST 03.20
ӨӨЖ/УДК/UDC 94 (574) «19»

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.002>

Б.Ж. Атантаева ¹, М.Е. Турлыбаев ^{*2}, К.К. Байсарина ³

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей
E-mail: batantaeva@mail.ru

²PhD докторант, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей
E-mail: toleuoffmadi@gmail.com

³тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей
E-mail: bkksemey@mail.ru

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ ҚАРСЫЛЫҚТАРЫН ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫ (1929-1931 жж.)

Аңдатпа

Мақалада 1929–1931 жылдары Қазақстанда жүргізілген саяси-экономикалық реформаларға, соның ішінде ұжымдастыру науқаны мен бай-кулактарды тап ретінде жою саясатына қарсы бағытталған халық наразылықтары мен көтерілістері зерттеледі. Кеңестік биліктің аграрлық салада жүргізген мәжбүрлеу саясаты ауыл шаруашылығы құрылымын күйретіп, шаруалар мүлкін тәркілеу, қоныс аудару және әлеуметтік қысым көрсету сияқты шаралармен қатар жүрді. Кеңес үкіметінің аграрлық салада жүргізген қайта құрулары еліміздің дәстүрлі даму жолын күйретіп, қоғамдық құрылымның жат үлгісі еріксіз таңылды. Бұл әрекеттер халықтың тұрмыс деңгейінің күрт нашарлауына, әлеуметтік қайшылықтардың ушығуына алып келді. Күштеу саясаты ауыл тұрғындарының жаппай көшу, көтеріліске шығу сияқты қарсылықтарын туғызды. Солардың ішінде Шығыс Қазақстан өңірінде көтерілістің бірнеше ошақтары қалыптасып, халықтың наразылықтары қарулы қақтығыстармен жалғасты. БМСБ-ның жазалау құрылымдары әрбір ауылдағы көтерілісшілерге тергеу жұмыстарын жүргізіп, төтенше жазалау шараларын қызу жүргізген.

Зерттеу жұмысы Қазақстанның шығыс аймақтарындағы халық қарсылықтарын назарға ала отырып, наразылықтардың себептері мен алғышарттарын, олардың аймақтық ерекшеліктері мен ұйымдасу деңгейін саралайды. Халық қарсылығының бейбіт наразылықтан бастап қарулы қақтығыстарға дейінгі әртүрлі формалары қарастырылады. Сонымен қатар, кеңестік биліктің көтерілістерді басу үшін қолданған репрессиялық шаралары, оның ішінде әскери күш қолдану, жаппай тұтқындау, жер аудару және жазалау шараларының әлеуметтік-саяси салдары архивтік деректер мен құжаттық материалдар негізінде талданады. Ғылыми айналымға енгізілетін архив деректері Семей өңіріндегі шаруалар көтерілісі туралы жаңа тарихи мәліметтерді дәлелдеп, көтерілістің сипатын, себептерін анықтап, мерзімдік шеңберін айқындай түседі.

Кілтті сөздер: Ұжымдастыру, ауыл шаруашылығы, асыра сілтеу, шаруалар, қарсылық, жазалау, репрессия, жергілікті билік органдары, коммунистік жасақтар, депортация, миграция

Алғыс айту: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің (жеке тіркеу нөмірі: АР23485479) «Семей округіндегі қарулы бас көтерулер құжаттарда: қатысушылардың тарихы және тағдыры (1929-1931 ж.ж.)» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Атантаева Б.Ж. ¹, Турлыбаев М.Е. ^{*2}, Байсарина К.К. ³

¹доктор исторических наук, профессор, Шәкәрім университет, Казахстан, Семей
e-mail: batantaeva@mail.ru

²докторант, Шәкәрім университет, Казахстан, Семей
e-mail: toleuoffmadi@gmail.com

³доктор исторических наук, профессор, Шәкәрім университет, Казахстан, Семей
e-mail: bkksemey@mail.ru

РЕПРЕССИВНЫЕ МЕРЫ В ОТНОШЕНИИ НАРОДНОГО СОПРОТИВЛЕНИЯ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 гг.)

Аннотация

Статья посвящена исследованию народных протестов и восстаний, вспыхнувших в ответ на аграрную политику советской власти в Казахстане в 1929–1931 годах. Коллективизация и кампания по ликвидации зажиточных хозяйств сопровождались насильственными методами — конфискациями, переселениями и социальной дискриминацией, что подорвало традиционную сельскую структуру и привело к обострению социального напряжения. На этом фоне в ряде регионов, особенно в Восточном Казахстане, происходили как стихийные, так и организованные формы сопротивления — от мирных протестов до вооружённых выступлений.

Особое внимание уделяется протестным движениям в Семипалатинской области, где недовольство крестьянской части населения переросло в открытые столкновения. Органы ОГПУ проводили массовые репрессии, включавшие аресты, допросы и карательные меры.

На основе архивных документов в работе анализируются причины и формы сопротивления, региональные особенности протестов, а также последствия репрессий для местного населения. В научный оборот вводятся новые источники, уточняющие хронологию, масштаб и характер крестьянских выступлений.

Ключевые слова: Коллективизация, сельское хозяйство, перегибы, крестьяне, протест, наказание, репрессии, местные органы власти, коммунистические отряды, депортация, миграция

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Вооруженные выступления в Семипалатинском округе в документах: история и судьбы участников (1929-1931)» (регистрационный номер: АР 23485479).

B.Zh. Atantayeva¹, M.E. Turlybayev², K.K. Baysarinda³

¹doctor of Historical Sciences, Professor, Shakarim University, Kazakhstan, Semey
e-mail: batantaeva@mail.ru

²doktoral student of the specialty History, Shakarim University, Kazakhstan, Semey
e-mail: toleuoffmadi@gmail.com

³doctor of Historical Sciences, Professor, Shakarim University, Kazakhstan, Semey
e-mail: bkksemey@mail.ru

REPRESSIVE MEASURES AGAINST POPULAR RESISTANCE IN EASTERN KAZAKHSTAN (1929–1931)

Abstract

This article explores popular protests and uprisings in response to the Soviet Union's agrarian reforms carried out in Kazakhstan between 1929 and 1931. The collectivization campaign and the policy of eliminating wealthy peasants as a class were enforced through coercive measures such as property confiscation, forced resettlement, and social pressure. These actions disrupted the traditional rural order and led to a sharp decline in living standards, intensifying social tensions.

Against this backdrop, various forms of resistance emerged, particularly in Eastern Kazakhstan—ranging from peaceful demonstrations to armed confrontations. Special focus is placed on protest movements in the Semipalatinsk region, where peasant dissatisfaction escalated into direct conflict.

The study, based on archival materials, analyzes the causes and prerequisites of these protests, their regional specificities, and their level of organization. It also examines the repressive methods used by Soviet authorities, including the deployment of military force, mass arrests, deportations, and punitive actions. Newly introduced archival data provide fresh historical insights into the nature, causes, and timeline of the peasant uprisings in the region.

Keywords: Collectivization, agriculture, excesses, peasants, resistance, punishments, repressions, local authorities, communist detachments, deportation, migration

Acknowledgment. This article was prepared as part of the grant-funded project supported by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan: "Armed Uprisings in the Semipalatinsk Region in Documents: History and Fates of the Participants (1929–1931)" (Project Registration No. AR 23485479).

Қысқашы. XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстан кеңестік биліктің жаңа экономикалық және әлеуметтік тәртібіне мәжбүрлі түрде бейімделді. Мемлекеттің жүргізген аграрлық реформалары — ұжымдастыру, мал-мүлікті тәркілеу, отырықшыландыру — қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын күйретіп, миллиондаған адамды аштыққа, босқындыққа итермеледі. Осындай қысым мен зорлық-зомбылық жағдайында туындаған халық наразылықтары — жай ғана экономикалық күйзелістің салдары емес, бұл әділетсіздікке қарсы бағытталған саналы қарсылықтың, рухани тәуелсіздікті сақтап қалуға деген ұмтылыстың көрінісі болды. Бұл мақалада аталған тарихи кезеңдегі халықтық қарсылықтар тереңірек талданып, олардың әлеуметтік себептері мен тарихи маңызы сараланады.

Ұжымдастыру жылдары шаруалар, әсіресе ірі шаруашылық иелері мен орта шаруалар, жергілікті дәстүрлері мен өмір салтын сақтап қалуға және жеке меншігін қорғауға бар күшін салды. Әрине мұндай қарсылық билік тарапынан елеусіз қалмасы сөзсіз. Кеңес үкіметі халықтың қарсылығын басу үшін күштік әскери құрылымдарды, сондай-ақ, идеологиялық насихатты кеңінен қолданды. Тіпті бұл қабылданған шешімдер заңнамалық тұрғыдан құқықтық негізде бекітіліп, қажетті заңдар мен ережелер қабылданды. Осылайша, шаруаларды жазалау шаралары мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылып, халыққа қарсы түрлі репрессиялық әдістер қолданылды.

Бұл өз кезегінде халықтың кеңестік билікке деген сенімсіздігі мен қорқынышын арттырды. Нәтижесінде, осы саяси-экономикалық қысымдардан бас сауғалап қашқан халық өздерінің тарихи отандарын тастап кетуге мәжбүр болды.

Мақалада Семей округіндегі 1930-1931 жылдардағы шаруалардың қарулы қарсылығына қатысты әлі толық зерттелмеген тұстары қарастырылады. Әсіресе, шаруа наразылықтарының әлеуметтік және экономикалық себептері, сондай-ақ Кеңес үкіметінің қолданған жазалау әдістері талданады. Бұл зерттеу 1928-1931 жылдардағы шаруа көтерілістері кезіндегі жазалау шараларын тереңірек ашуға және олардың Кеңес үкіметінің саясаты мен халыққа әсері туралы түсініктерді кеңейтуге бағытталған.

Материалдар мен әдістер. Мақалада қолданылған әдіснамалық тәсілдер тақырыпты терең және кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік берді. Қазіргі таңда ғылыми зерттеулерді жүргізуде қабылданған негізгі әдіснамалық ұстанымдар, атап айтқанда объективтілік, жүйелілік және салыстырмалы-тарихи талдау, авторларға әлі толық зерттелмеген аспектілерді ашуға және зерттеу шеңберіндегі олқылықтарды жоюға жол ашты.

Зерттеудің материалдық негізі ретінде Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивінен (одан әрі-ШҚОМА) алынған құжаттар пайдаланылды. Бұл құжаттардың қатарында Өскемен және Зырян аудандарындағы шаруалар көтерілістерін басуға қатысқан бірқатар тұлғалардың жазбаша естеліктері де бар. Бұл естеліктердің бір ерекшелігі ресми құжаттарға енбеген жазалау шараларына қатысты мәліметтердің берілуінде. Сондай-ақ, зерттеу барысында Өскемен, Зырян, Қатон-Қарағай аудандарының жергілікті билік органдарының баяндамалары, статистикалық деректері мен басқа да маңызды құжаттар қарастырылды. Осы құжаттар көтерілістердің барысын, олардың басып-жаншу әдістерін және жергілікті халықтың қарсылығын сипаттайтын маңызды ақпараттарды жеткізіп, зерттеушілерге осы тарихи кезеңді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Абай облысының мемлекеттік архивінен (одан әрі-АОМА) алынған Семей округтік Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (одан әрі-БМСБ) бөлімінің басшысы С. Бактың көтеріліс барысында тікелей байланыс арқылы аудандық БК(б)П комитеттерінің басшыларына «аса құпия» түрде берілген нұсқаулары, арнайы хабарламалары, сондай-ақ басқа да құжаттар зерделеніп, зерттеуде пайдаланылды.

Сонымен қатар, мақаланың деректік базасын соңғы кездері жарық көрген архивтік құжаттар жинақтары құрайды. Жинақта ХХ-шы ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысынан 50-жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның жұмыс топтарының мүшелері жинақтаған архивтік құжаттар жарияланған. Бұл жинақтағы құжаттар бұрын жарияланбаған Қазақстанда кеңестік билік тарапынан жүргізілген күштеп ұжымдастыру, тәркілеу, жер аудару және көшпелі қазақ халқын мәжбүрлі түрде отырықшыландыру (седентаризация) саясатын көрсететін мол дерек көзін ұсынады. Әсіресе, «1929–1931 жылдардағы бірқатар қарулы көтерілістер туралы Қазақ КСР МҚК-нің шолу есептері» зерттеудің деректік негізін құрайды [2].

Зерттеуде деректерді өңдеу және визуализациялау үшін R бағдарламасы қолданылды. Қылмыстық жазаға тартылған адамдардың әртүрлі жазаларының салыстырмалы көрсеткіштерін есептеу және көрсету үшін ggplot2 пакеті пайдаланылды. Әр аудан бойынша жазалар түрлерінің (ату жазасы, шартты түрде соттау, еңбекпен түзету лагерлеріне жіберу, жер аудару) жалпы қылмыстық жазаға тартылған адамдар санына қатысты пайыздық үлестері есептеліп, гистограмма түрінде визуализацияланды.

Талқылау. 1990 жылдары Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік архивтерінен алынған құжаттар негізінде отандық тарихшылар «шаруалар көтерілістері» тақырыбы бойынша зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелерін жариялай бастады. Бұл зерттеулер барысында бұрын белгісіз немесе толық зерттелмеген жаңа деректер ашылып, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен шаруалар көтерілістері тарихы терең әрі жан-жақты талданды. Әсіресе Т.Омарбеков, М.Қозыбаев, Х.Әбжанов, Ж.Абылхожин, Қ.Алдажұманов, Т.Алланиязов, А.Жанбосинова және басқа да

ғалымдардың іргелі еңбектері осы тақырыптағы ғылыми зерттеулердің тереңдеуіне және жаңа көзқарастардың қалыптасуына елеулі үлес қосты.

Т.Алланиязовтың соңғы зерттеулерінде Мемлекеттік комиссия ұсынған деректік базаға шолу жүргізіліп, көтерілістердің саяси және әлеуметтік контекстіне баса назар аударылған. Бұл деректік талдаулардың қазіргі таңдағы маңызы көтерілістерге қатысқан адамдардың санын, сотталғандар, атылғандар, жер аударылғандар мен арнайы қоныс аударылғандарды жіктей отырып, сандық деректерді нақты ұсынуда жатыр [3].

Сондай-ақ, Семей округіндегі көтерілістерге қатысты алғашқы архивтік құжаттардың бірі ретінде 2003 жылы Т. Алланиязовтың мақаласында жарияланғанын атап өткен жөн [4]. Бұл құжаттар Жезқазған облыстық Ішкі істер басқармасының архивінен алынған және көтерілісті басу кезіндегі репрессивті шаралар, оның ішінде жазалау әдістері, сонымен қатар оларды жүзеге асыруда қолданылған тергеу, қудалау және жазалау механизмдерін біршама аша отырып, күштік шаралар мен әскери-чекистік операциялардың ерекшеліктерін көрсетеді.

Осыған қоса, архивтік құжаттар мен статистикалық материалдар негізінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекетаралық миграция тарихы Т. Алланиязовтың «История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960 жж.» еңбегінде зерттеліп, талданған [5]. Нақтырақ айтқанда, шекара аймақтарында орын алған халық қарсылықтарының жазалануы мен олардың салдары қарастырылған.

Қазіргі таңда бұл тақырыпқа қатысты зерттеулер қолға алынғанымен, олардың ауқымы мен тереңдігі әлі де жеткіліксіз. Көптеген архивтік құжаттардың қолжетімсіздігі, сондай-ақ тарихи оқиғаларды объективті бағалау мәселелері зерттеушілердің жұмысына кедергі болуда. Осыған қарамастан, жоғарыда аталған авторлар Қазақстанның шығысындағы шаруалар көтерілістерінің тарихына қатысты мәселелерді қарастыра келе, көтерілістердің себеп-салдары, сипаты, таралу ауқымы, сонымен қатар Кеңес үкіметінің аграрлық саясаты мен репрессивті шараларына қатысты маңызды мәселелерді зерттеп, өз тұжырымдарын жасады. Дегенмен, бұл тақырып төңірегінде әліде шешілмеген мәселелер жеткілікті. Солардың бірі — өңірлік деңгейде, яғни Қазақстанның шығысы мысалында халық толқуларының басылып-жаншылу процесінің толыққанды талданбауы және оны іске асыру әдістерінің әлі де жеткілікті түрде зерттелмеуі. Бұл мәселе, әсіресе, көтерілісшілерге қарсы қолданылған күштік шаралар мен әскери-чекистік операциялардың нақты механизмдерін, сондай-ақ осы шаралардың әлеуметтік және саяси салдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Республикамыздың шығысындағы Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау, Өскемен және Зырян аудандарындағы шаруалар көтерілістеріне қатысты архивтік деректер негізінде жүргізілген зерттеулер белгілі бір деңгейде деректермен қамтамасыз етілген. Десе де, әліде бұл мәселенің тереңіне толық үңілу үшін деректік қорларды анықтау қажеттілігі бар. Соңғы уақыттағы зерттеулер архивтерден алынған естеліктерге негізделіп жүргізілуде. Толстоухов көтерілісінің тарихи маңызы мен оның қоғамға тигізген әсері күшті болғаны соншалық, бұл оқиға жайлы көптеген куәгерлер өз естеліктерін қалдыруына себепші болған. Естеліктер негізінен 1960-1970 жылдары жазылған. Сол кезеңнің куәгерлері, олардың қатарында ауыл тұрғындары мен билік органдарының қызметкерлері, өз естеліктерінде осы тарихи оқиғалардың себептерін, даму барысын және оның шектен тыс қатаң басылып-жаншылуының мән-мағынасын егжей-тегжейлі сипаттаған. Бұл жазбаша естеліктер мен құжаттар зерттеушілерге Толстоухов көтерілісінің қоғамдық, саяси және психологиялық аспектілерін тереңірек түсінуге, сол кезеңнің әлеуметтік жағдайларын нақтырақ талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Зерттеу барысында Қазақстанның шығысында ұжымдастыру жылдары орын алған халық көтерілістерінің себептері мен олардың жазалануына қатысты бірқатар маңызды нәтижелер алынды. Кеңес өкіметі орнаған соң түрлі әлеуметтік топтар мен ауыл тұрғындары арасында жаңа жүйеге деген түрлі қарсылық формалары байқалды. Қазақстанның шығысында 1929-1931 жылдар аралығында халық наразылықтары орын алып, арты қарулы қарсылыққа ұласқан болатын. Дәл осы халық қарсылықтарын басу Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма

тарапынан ұйымдастырылған жергілікті коммунистерден құрылған арнайы жасақтар мен Қызыл әскердің тұрақты бөлімдерімен жүзеге асырылды.

1930-1931 жылдары Қазақстан бойынша БМСБ ӨӨ-нің жалпы штаты мен бағынышты аппараты 684 адамды құраған, оның ішінде өкілетті өкілдік бойынша 131/8, жедел секторлар бойынша 180, ал қала, аудандық бөлімдер және аудан аппараты бойынша 365 адам болған. Жедел секторлар бойынша штаттар саны 1 кестеде көрсетілген [6, 49 б.].

1-кесте. 1930-1931 жж БМСБ ӨӨ-нің жалпы штаты мен бағынышты аппараты.

Сектор атаулары	Қызметкерлердің саны	Сектор бойынша аудандардың саны
Семипалатинский	36	22
Петропавловский	35	25
Карагандинский	21	8
Алма-Атинский	12	11
Чимкентский	23	18
Аральский	10	6
Актюбинский	12	7
Уральский	17	9
Гурьевский	13	5
Жусалы станциясы	1	Қарсақпай комбинаты

Кестедегі мәліметтерден, БМСБ-ның штаты саны жағынан — Семей (36 қызметкер) және Петропавл (35 қызметкер) округтерінде жоғары болғанын байқауға болады. Бұл аймақтардың үлкен аумақтық қамтылуы мен стратегиялық маңыздылығына байланысты, штаттар толықтай қамтамасыз етілгенін көреміз. Олардың ұйымдастырылуы мен бақылау шараларының ауқымы айтарлықтай кең болған көрсетеді. Демек, кез келген қарсылық әрекеттері мен көтерілістерді тез арада басу үшін бұл секторларда ресурстар мен күштер толық дайын болған. Бұл өз кезегінде қарсылығы бар аудандарда күш қолдану мен репрессияларды жедел әрі үйлесімді жүзеге асыруға мүмкіндік берген.

1930 жылы Қазақстанның шығысында алғашқы ірі қарулы халық қарсылығы орын алды. Аталған жылдың ақпан айында Кеңес үкіметінің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатына қарсы Өскемен және Зырян аудандарына қарасты ауылдарда жаппай шаруалар бас көтерген. Оның түпкі себебі, шаруалардың ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен кеңес билігінің жер мен мүлікті тәркілеу саясатының салдары еді. Оған қоса, қаңтар айында Өлкелік комитеттің жаппай ұжымдастыру аудандарынан бай-кулактарды шалғай аймақтарға жер аудару жөнінде қабылдаған шұғыл шешімдері айтарлықтай әсерін тигізді. Осы шара аясында жергілікті билік әр ауданға коммунистер мен комсомолдардан арнайы жасақтар ұйымдастыру және жергілікті жағдайды жақсы білетін, бұрынғы тәжірибелі чекисттерді мобилизациялауды тапсырған. Сонымен қатар, округтік әкімшілікке қамау орындары ұйымдастыру міндеті қойылып, оның ішінде кемінде 500 адамды қабылдауға арналған орындар қамтамасыз етілуі тиіс болған [7, 28 б.]. Дәл осылай жергілікті билік кез-келген қарсылық түріне дайын болды десек болады. Осы саяси репрессиялар барысында, Қазақстанның шығысындағы көптеген аудандарда саяси ахуал күрт нашарлап, әлеуметтік шиеленіс күшейе түскен.

1930 жылы Өскемен және Зырян аудандарындағы Толстоухов көтерілісі Абыралы, Шұбартау және Шыңғыстау аудандарындағы халық қарсылықтарымен салыстырғанда алдын ала ұйымдасу сипаты бойынша айтарлықтай ерекшеленді. Көтеріліс тек жергілікті тұрғындардың наразылығын білдіріп қана қоймай, бүкіл өңірде кең көлемде қарсылық қозғалыстарын туғызды.

«Шаруалар көтерілістері 1930 жылдың алғашқы онкүндігінде Бұқтырманьның оң жақ жағалауындағы жекелеген ауылдарда басталған» [8, 5 п.]. Бұл дерек Толстоухов көтерілісін басуға қатысқандардың бірі И. Семеняқтың естеліктерінен алынып отыр. Ал БМСБ ӨӨ-нің ресми құжаттарына сүйенсек, көтеріліс ақпан айының соңына қарай, яғни 21-22 ақпанда басталған [7, 1108 б.].

Отандық зерттеуші ғалымдар осы мәселеге қатысты зерттеулерінде ресми құжаттарды негізге ала отырып, бұл оқиғалардың 20 ақпанда басталғандығын нақтылай кеткен [2, 200 б., 23]. Әйтсе де, бұл көтеріліс алдын ала ұйымдасқан сипатта болғанымен, нақты күніне қатысты тұжырым келтіру қиын. Себебі мұндай ауқымды көтеріліс әртүрлі аймақтарда бір мезгілде емес, кезең-кезеңмен, әртүрлі жағдайлар мен себептерге байланысты өрбіді.

Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының уәкілетті қызметкері Г. Котышев өзінің естелігінде: «Әрине, мен дайындалып жатқан көтеріліс туралы хабардар болдым» - деп, мәлімдейді [9, 1 п.]. Сондай-ақ, Котышев көтеріліс басшыларын жою жоспарына қатысты біршама маңызды мәлімет беріп өткен. Онда арнайы ұйымдастырылған операцияға қатысты жергілікті әкімшіліктің көтеріліс басталмай тұрып, оның қарқынды түрде дайындалып жатқаны туралы білгенін және соған сәйкес алдын ала шаралар қабылдағанын айтады. Дәл осы тұжырым 1963 жылғы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (МҚК) анықтама-қорытындыларымен де расталады [2, 405 б.].

Бұл ретте, БМСБ-ның жедел мәліметтерінен байқайтынымыз, жергілікті билік аталған аудандардағы күрделі саяси жағдайларды өз бақылауында ұстап, көтеріліс дайындығы туралы алдын ала хабардар болған. Көтерілістің алдын алу бойынша шаралар қабылдап үлгерген жергілікті аудандық БМСБ уәкілеттілері бұл бағытта үлкен іс тындырған. БМСБ уәкілеттілері Н.Рябинин мен Г. Котышев аталған шараларға қатысты естеліктерінде: «Семей округі бойынша БМСБ бөлімінің бастығы С.Бак бұл алдын алу шараларына аса сақтықпен кіріскендігін» атап өтеді [10, 155 б., 9, 3 п.]. Құжаттар мен естеліктерді талдау нәтижесінде байқағанымыз, Соломон Бак жедел мәліметтердің дұрыстығына көз жеткізіп барып қана, алдын алу шараларына кіріскен. Осыған орай, Өскемен аудандық БК(б)П комитеті 1 ақпанда «80 адамнан тұратын коммунистік жасақ құрып», көтерілістің алдын алу шараларына сақадай сай дайын отырған [11, 2 п.]. Осы орайда айта кететін жайт, Өскемен ауданына қарасты ауылдарды көтеріліс оты шарпығанымен, көтерілісшілер аудан орталығына жете алмаған.

Әскери құрылымдарды жасақтаумен бірге, шекаралас аймақтарды да күшейту шаралары жүргізілген. Қатон-Қарағай БК(б)П аудандық комитетінің жауапты хатшысы Погореловтың 1930 жылы 15 ақпанда «өте құпия» белгісі бар телеграммасында ауданның барлық партия ұйымдары жауынгерлік әзірлікке дайын екенін хабарлаған. Телеграмманың мазмұнынан байқағанымыз, жаңа құрылып жатқан үш әскери жасақтың құрамы (Маймер БК(б)П, Солдатово БК(б)П, Медведка БК(б)П, Алтай БК(б)П, Қатон-Қарағай БК(б)П, Каменка БК(б)П, Черновое БК(б)П мүшелерінен құралған), қару-жарағы және қолбасшылығына қатысты мәліметтер берілген. Сондай-ақ, оларға ауданның оңтүстігінен солтүстігіне қарай тосқауыл құру міндеті жүктелген. Бұл жоспарлы іс-шара Шыңғыстау, Қатонқарағай аудандарының күшімен құрылған үш мұздай қаруланған әскери жасақ қатысқан.

Дәл осы шаралар көтерілістің жоспарланған мерзімінен бұрын басталуына түрткі болған [9, 1 п.]. Көтерілістің алдын алу операцияларына қатысқан Н.Рябинин мен Г.Котышевтің естеліктеріне сүйенсек, ақпанның 16-ы мен 18-і аралығында шаруалар біртіндеп ауыл-ауылдарда бас көтере бастаған [10, 155 б.]. БМСБ-ның ресми мәліметі бойынша жедел іс-шаралардың нәтижесінде, «20 ақпан күні 117 көтерілісші арасында 92 адам ұсталғаны» хабарланады. Қалғаны жекелеген ауылдарда Толстоуховтың басшылығымен бас көтерген [12, 277 б.].

Көтерілістің жаппай сипат ала бастауы көрші аудандарға таралу қаупін туғызды. Осыған орай, жергілікті билік көтерілісшілердің көрші аудандарға өтуіне жол бермеу үшін шұғыл шаралар қабылдаған. Оған сәйкес, 23 ақпанда Өскемен ауданының Кондратьевка селосында 4 жасақ, Зубовка және Васильевка селолары бағытында екі жақты әрекет ететін 60 адамдық 2 жасақ; Бұқтырма станциясында 60 адамдық жасақ; Зырян ауданына қарасты Гусинск жағалауында 30 адамдық әскери жасақ; Большенарым түбінде 152 адамнан тұратын әскер шоғырландырылды. Сондай-ақ, Устьнарым, Хайрузовка, Бураново, Большенарым, Солоновка, Максиха, Яры, Березовка, Малокрасноярка, Қатонқарағай ауылдарының маңына 118 адамнан тұратын әскери жасақтар қорғаныс шебін құрған [4, 201 б.].

Көтерілістің жаппай сипат алуына алдын-ала ұйымдастырудың болуы айтарлықтай әсер етті. Осыған сәйкес ұйымдастырушы топтар көтерілісшілер арасында тиімді байланыс орнатып, өзара әрекеттестікті қамтамасыз еткен. Сонымен қатар, алдын ала қажетті ресурстарды ұйымдастыру, қару-жарақпен қамтамасыз ету және қарулы күрестің стратегиясын айқындау сияқты маңызды мәселелер де шешілген. Бұл шаралар көтерілісшілердің әрекетінің үйлесімділігін арттырып, көтеріліс ауқымын кеңейтуге мүмкіндік берген [9, 3 п., 13, 144 п.]. Алайда, бұл аудандарда көтерілісшілер ұзақ қарсылық көрсетіп, тұрақты күш құра алмады. Негізгі шешуші қақтығыстар ақпан айының 21-і мен 27-сі аралығында орын алған.

3 наурыздағы жедел барлау қызметінің мәліметтеріне сәйкес, көтерілісшілердің жеке шағын топтары қалып, Толстоуховтың жасағы Самар ауданына қарай өткен [14, 3 п.]. Осы уақытқа дейін көтерілісшілердің негізгі күштері Күршім және Самар аудандарында қолдау тауып, олардың қатары күшейіп, айтарлықтай қарсылық танытқан. Бірақ күштік құрылымдар тарапынан жүргізілген операциялар мен күштік әдістер көтерілісшілердің бір бөлігін ығыстырып, олардың қарсылығын бәсеңдеткен.

7 наурызға қарай көтеріліс басылып, Өскемен, Зырян, Убинск, Самар, Риддер, Катон-Қарағай аудандарында әскери жағдай алынып тасталды. Тек көтерілістің қыны жоғары болған аудандарда әскери құрылымдар қызметтерін жалғастыра берген. Бірақ, шекараға жақын аудандарда қалған көтерілісшілермен күрес жалғасып жатты. Міне, осындай қалыптасқан қиын жағдайда көтерілісшілер жазалаушы әскерлерден қорғанып, шет елдерге қашуға мәжбүр болған [15, 39 п.].

Байқап отырсақ, қоғамдық тәртіпті орнату мен реттеу тәсілдері әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік контекстіне сәйкес өзгеріп отырған. Әрине, қазіргі заманның талаптары мен нормаларын өткен ғасырдың басындағы кезеңмен салыстыру әділ болмас әрине. Себебі әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктері мен басқару жүйесінің ықпалы әртүрлі болады. Сол сияқты, кеңестік Қазақстанда да өткен ғасырдың 20-30 жылдары қоғамдық тәртіпті реттеу тәсілдері өзгеріп, жаңа әлеуметтік-саяси жағдайларға бейімделді. Осыған орай, көтерілісті басу әдістері де қатаң болды. Мәселен, Семей округіне қарасты Өскемен және Зырян аудандарындағы шаруа көтерілістерін басу үшін билік әскери күшке жүгінген. Бейбіт келіссөздер жүргізу немесе басқа да дипломатиялық әдістер арқылы бір ымыраға келу туралы мүлдем сөз болмаған. Дәл осындай басып-жаншу саясаты Қазақстанның шығысындағы барлық халық көтерілістері кезінде байқалған. Тіпті келіссөздердің нәтижесінде көтеріліс қарқыны бәсеңдеген Абыралы көтерілісі де соңында көтерілісшілерге қатысты қатаң әрі әділетсіз сот үкімдерімен аяқталды.

БМСБ-ның Орталық Комитетке жолдаған жедел мәліметтерінде көтерілістер «контрреволюциялық элементтер» және қоғамның «үстем тап өкілдері» ұйымдастырған «антикеңестік бас көтерулер» ретінде бағаланды. Оған қоса, БМСБ-ның құжаттарында көтеріліске қатысқан шаруалар ресми түрде «бандалар» және «басбұзарлар» деп, аталады. Бұл деректер, өз кезегінде, сол дәуірдегі саяси және әлеуметтік жағдайды сипаттайды. Сол кезеңде билік құрылымдарының шаруаларға қатысты қатаң айыптаулары мен оларды қылмыскерлер ретінде көрсету фактілері, ең алдымен, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға бағытталған саясаттың бір бөлігі ретінде түсіндірілді. Осылайша мұндай әрекеттер, әсіресе шаруалар көтерілісінің аяусыз түрде басып-жанышталуы, биліктің қолындағы саяси күшті нығайту мен кез-келген оппозицияны аяусыз басу қажеттілігінен туындаған.

Осы күнге дейін Толстоухов көтерілісі тек орыс тілді халықтардың қатысуымен ғана сипатталып, оның құрамында қазақ халқының қатысуы назардан тыс қалған еді. Алайда соңғы уақытта анықталған деректер бұл тұжырымды қайта қарауға негіз болып отыр. Көтеріліске қатысқан деп, айыпталғандарға қатысты жүргізілген тергеу істерінде көтерілісшілердің құрамында қазақтардың да болғаны белгілі болып отыр. Мәселен, тергеу істеріндегі көтерілісшілердің тізімінде Өскемен және Зырян аудандарымен қатар Самар, Күршім, Катон-қарағай аудандарының тұрғындарының аты аталып қана қоймай, оларға қатысты сот шешімдері де шыққан. Тіпті көтерілісті ұйымдастырды деп, айыпталған Күршім ауданының тұрғыны Самаев Нұрғали, БМСБ «үштігінің» шешімімен ату жазасына кесілген [16, 2016.]. Сонымен, көтеріліс тек ортақ әлеуметтік-

экономикалық мәселелер бойынша түрлі этникалық топтардың бірігуімен шектеліп қалмай, оның географиялық ауқымы да кеңейгенін көрсетіп отыр.

Наразылықтарға қазақтардың да қатысу дерегі И. Семеняқтың естеліктерінде де кездеседі. Онда көтерілістің алғашқы күндері милиция бастығы М. Рыбак Бұқтырмадан байланысқа шығып: «Негізінен бас көтеріп жатқандардың көпшілігі қазақтар» деп, олармен жұмыс жүргізу үшін бірнеше қазақ коммунистерін жіберуді сұрағаны айтылады [8, 5 п.]. Демек, 1930 жылғы көтерілістерге қазақ халқы да белсенді қатысқан. Себебі, бұл кезеңдегі әлеуметтік теңсіздік, зорлық-зомбылық пен ұжымдастыру саясатының ауыртпалықтары барлық ауыл тұрғындарына бірдей әсер еткені белгілі. Нәтижесінде, жоғарыда аталған аудандардағы әр түрлі этникалық топтардың ортақ мақсат үшін бірігуі, кеңес үкіметінің саясатына қарсы жалпы халықтық қарсылық тудырған. Осы жағдай, әр түрлі этникалық топтардың ортақ мүдде мен мақсатқа қарай бірігуін, кеңес үкіметінің саясатының тудырған әлеуметтік және экономикалық қиындықтарына қарсы тұру ретінде тарихи тұрғыдан заңды әрі табиғи құбылыс ретінде қарастыруға негіз болмақ.

Қазақстанның шығысындағы шаруалар көтерілістерінің себептері олардың ұрандарынан көрініп тұрды [17, 177 п., 13, 5 п.]:

- «Мал жинауға және ұжымдастыруға қарсымыз»;
- «Қазақ халқы тоналды және өлуге шақ қалды»;
- «Ұжымдастыруды тоқтатуды талап етеміз, шаруаның еркін еңбегі жасасын»;
- «Біз билікке қарсы емеспіз, зорлық-зомбылыққа қарсымыз»;
- «Кеңестік билік құрысын»;
- «Кезекте тұрған, нансыз қайыршы өмір құрысын».

Иә, бұл жерде шаруалар өздерінің күнделікті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін көтеріп отырғаны айқын көрінеді. Бұл тұжырымымызды, көтерілісті басуға қатысқандардың бірі М.Ивановтың жазбаша естелігі дәлелдей түсетіндей (Қосымша А): «Шаруалар әңгіме арасында таратқан ұранды сөздері көше бойында ілінген маталарда жазылып тұрды...» [13, 149 п.]. Бұл көтерілістер, жалпы алғанда, шаруалардың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, себебі шаруалар өздерінің мәселелерін кеңестік билік алдында ашық түрде көтеріп, қоғамда өзгеріс жасауды мақсат етті. Ал билік шаруалардың наразылығын «антикеңестік» қозғалыс ретінде қарастыруы қисынсыз, себебі шаруалардың «кеңестік билік жойылсын» сияқты ұрандарының астарында әділеттілікке негізделген және әлеуметтік жағдайларын жақсартуды көздейтін басқару жүйесінің келуін талап ету ниеті жатқан еді. Осы тұжырымызды Толстоухов көтерілісін қолдаушы Василий Кочергиннің өз жақтастары алдында сөйлеген сөздері нақтылай түседі: «бұл билікті құлатқаннан кейін, бізде таза кеңестік билік орнайды» [18, 89 п.]. Көріп тұрғанымыздай, көтерілісшілердің ұрандары мен мәлімдемелері, сондай-ақ көтерілісшілердің саяси көзқарастары, олардың билік құрылымына қарсы емес, әділеттілік пен теңдікке негізделген жаңа жүйе орнатуды мақсат еткенін көрсетеді.

Өскемен және Зырян аудандарындағы шаруалар көтерілістері ресми құжаттарда контрреволюциялық ұйымның іс-әрекеті ретінде сипатталады. Ф. Голощекин 1930 жылы 5 наурызда Сталинге жолдаған хатында бұл ұйымның бұрыннан бері дайындық жүргізгенін және көтерілісшілердің «Орал және Сібір өлкелерімен байланыс орнатып, ұйымдық құрылымдарға ие болғанын» мәлімдейді [7, 232 б.]. Әрине, осы кезде көрші Алтай өлкесіндегі орын алған шаруалар толқуларының ықпалы болғаны сөзсіз. Оған қоса, аталған аудандарға жер аударылған бұрынғы ақ гвардияшылар мен әскери қызметте болған казактардың жақындарымен байланыстарын да жоққа шығара алмаймыз. Тіпті онымен қоса, көтеріліс басшысы Ф. Толстоухов 1909 жылы Бұқтырма өлкесіне эсерлер партиясының мүшесі ретінде жер аударылған. Сондай-ақ, басқа да көтерілісшілердің тағдыры осыған ұқсас еді, яғни олар да саяси себептермен жер аударылған немесе қудалауда жүрген тұлғалар болатын. Сол себепті, большевиктер үшін көтерілісшілердің мұндай құрамы қауіпті әрі ескі режимнің қалдықтары ретінде қабылданды. Тиісінше, оларды контрреволюциялық күштер ретінде айыптап, қатал жазалаған.

Осыған ұқсас сипат Абыралы, Шыңғыстау және Шұбартау аудандарында байқалды. Көтеріліске қатысқан шаруаларға қатысты БМСБ органдарының тергеу материалдарында көтерілістің себебі ретінде: «байлардың және қазақтың ұлтшыл интеллигенттері мен жекелеген өкілдерінің контрреволюциялық әрекетінің нәтижелері...» деп көрсетіледі [1, 207 б.]. Иә, бұл жерде де шаруа көтерілістерінің артында белгілі бір ұйымдастырушылар мен басшылар болғандығы жөнінде тұжырым жасауға болады. Бірақ, аталған аудандардағы көтерілістердің барлығы дерлік табиғи түрде, яғни ауылшаруашылық науқандары барысында туындағаны туралы деректер мол. Мысалы, Абыралы ауданындағы көтеріліс алғашқы кезеңде ұйымдастырушы топтың жоқтығымен ерекшеленді. Көтеріліс өз бастауын ет дайындау науқандары кезінде орын алған тәртіпсіздіктерден алды. Бұл кезеңде наразылық білдіргендердің арасында тек белсенділері ғана байқалып, көтеріліс әлі де ұйымдасқан сипатқа көшпеген. Кейін, көтеріліс басшылығын өз қолына алған Ы. Кемпірбаев тергеушілерге берген жауабында: көтерілістің алғашқы күні «100 адамнан асатын көпшілік ауылдық кеңеске қарай жылжыды, ауылдық кеңеске жеткенше олар 200 адамнан асып түсті» - деп, ол кезде көтерілістің нақты басшыларының болмағанын атап өтеді [16, 465 б.]. Осы жерде айта кететініміз, Ы. Кемпірбаевті көтеріліске басшылық етуге итермелеген жағдайлардың бірі — інісінің коммунистік жасақтар тарапынан өлтірілуі еді. Ол көтеріліс кезінде өзінің басшылық рөліне іштей дайын болмағанын, бірақ жағдайдың оны осылай әрекет етуге итермелегенін айтады.

Сондай-ақ, Кемпірбаев көтеріліске дейін атқарған қызметіне қатысты келесідей мәлімдеме береді: «Мен, өз ауылымда кеңес үкіметінің белсенді азаматы болдым, ауыл кеңесінің мүшесі, кедейлер одағы комитетінің төрағасы, салық комиссиясының мүшесі, сонымен қатар, қылмыспен күресетін бестіктің мүшесі болдым және жалпы алғанда, өз ауылымда кеңес үкіметінің барлық іс-шараларын жүргізуде белсене атсалыстым» [16, 461 б.]. Осы қызметтері арқылы ол кеңес үкіметінің белсенді қолдаушысы болып табылды және сол кездегі жүйені бұзуға деген жеке ниетінің болмағанын байқаймыз.

Онымен қоса, көтеріліс басшылары құрамында басқада коммунистер мен белсенділер болған, және көпшілігі әлеуметтік жағынан әлсіз топтардан шыққаны анықталған. Бұл деректі көтерілісшілермен келіссөз жүргізген Өлкелік комитет өкілі А. Масановтың мәлімдемелері де растайды [10, 172 б.]. Наразылық барысында олардың рөлі ерекше болды, өйткені олар тәртіпсіздіктердің күшеюі мен жағдайдың шиеленісуіне қарамастан, шаруаларды шектен шықпауға, жағдайды одан әрі ушықтырмауға және тәртіпті сақтауға шақырды [16, 465 б.].

Жергілікті билік, арнайы жағдайды тұрақтандыруға аттандырылған үкімет мүшелерін көтерілісті басу барысында шарасыздық танытты деп, айыптаған. Себебі, Джамалетдиновтың жасағына қосылған үкімет өкілі Масанов, көтерілісшілерді «банда емес, алаңдаған халық, олар ешқандай қауіп тудырмайды», деп халыққа қарсы оқ ауды тоқтатуды бұйырған [2, 126 б.]. Осы қадамдардың нәтижесінде үкімет мүшелері Масанов пен Көтібаровтың бастамасымен бейбіт келіссөзге қол жеткізген. Масановтың өз көзімен көріп, жағдайды әділ бағалауға ұмтылған әрекеті кейін БМСБ тарапынан қателік ретінде танылып, көтерілісшілерге қатысты «алдағы уақытта қарулы күрес әдісін қолдануды жалғастыру керектігі» туралы қорытынды жасаған [2, 152 б.]. Осылайша, көтерілістің бейбіт жолмен шешілуі үкімет мүшелері Масанов пен Көтібаровтарға ғана керек болғандай көрінді. Тиісінше, көтерілісшілер арасында билікке деген сенімсіздік артып, шаруалар наразылықтары қарулы қарсылықпен жалғасқан.

Тергеушілер шаруалар көтерілістерін Алаш Орда қозғалысымен байланыстыру арқылы олардың саяси сипатын көрсетуге тырысты ма, әлде бұл тергеудің бір әдісі болды ма, ол әлі де айқын емес. Алайда тергеушілер көтерілісшілерден алған сұрақ-жауап барысында олардың Алаш Орда қозғалысына қатысы туралы сұрақтарды жиі қойған. Бұл жағдай, бір жағынан, көтерілістің әлеуметтік-экономикалық себептерін көлегейлеуге бағытталған болуы да мүмкін, екінші жағынан, тергеу процесінің саяси контекстте жүргізілгенін көрсетеді. Мысалы, БМСБ-ның тергеу қорытындыларында Абыралы, Шыңғыстау аудандарындағы шаруа көтерілістерінде ұқсас оқиғалар желісі байқалады. Екі ауданда да көтерілісті ұйымдастыруға арнайы келген тұлғалардың

болғанын атап көрсетеді. Әрине, осындай қалыптасқан жағдайда кеңестерге өкпелі тұлғалардың назарға ілігетіндігі сөзсіз. Осыған орай, шаруашылықтары тәркіленіп, жер аударылған Абыралы ауданынан Мұсабеков Есімбек пен Шыңғыстау ауданынан Молдабаев Манапты айыптаған. Дәл осы кезде тарихи мекендеріне ат басын бұрған олар негізгі күдіктілердің біріне айналады [2, 359 б.].

Х. Әбжановтың тұжырымына сәйкес, «20-жылдардың соңында Алаш қозғалысының халықты большевиктік саясат пен билікке қарсы көтеруге деген әлеуеті әлсіреп, тіпті қалмаған» [19]. Яғни, азамат соғысы жылдарынан кейінгі кезеңде Алаш қозғалысының негізгі көшбасшылары мен жақтаушыларының көпшілігі репрессияларға ұшырап, қозғалыстың ықпалы да біртіндеп төмендеген.

Сонымен бірге, осы кезеңдегі билік органдарының көтерілісті басуға қатысты нұсқаулары мен бұйрықтары қатаң тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталды. Нәтижесінде оларды орындау барысында кейбір өкілетті тұлғалардың асыра сілтеу әрекеттеріне жол берілген. Әсіресе, жазалаушы жасақтар көтерілістерді басу барысында қатаң жазалау шараларын қолданудан еш тартынбағанын байқауға болады. Мысалы, 25 ақпанда Зубовка ауылындағы қанды қақтығыстардан кейін, жасақтардың басшылары Тарасенко мен Рыбактың (аудандық милиция бастығы) басшылығымен Мякотиха ауылында коммунистік жасақтар көтерілісшілерді жаншып, тұтқынға алынғандарды қатаң түрде жазалау шараларына кіріскен. Бұл қанды оқиғаларды көтерілісті басуға қатысқан жасақтардың бірінде болған И. Семеняк естеліктерінде келесідей сипаттайды: «27 ақпанда біз таң атысымен Мякотихаға қарай жылжыдық. ...Шынында да Мякотиха ауылында М. Рыбак қатыгездік танытып жатыр екен (С. Бак осы жағдайға қатысты М. Рыбактың байланысқа шығуын сұраған болатын). Азамат Семиненко М. Рыбакты тауып алып: - Сен Бакпен сөйлестің бе? Ол сені тез арада байланысқа шықсын, деп жатыр. Рыбак: - Ал мен онымен немінеге сөйлесуім керек, білесіңдей оны бәрін өз қолында ұстағысы келеді. Ол БМСБ бастығы ретінде оған бағынуың керек. Менің дәл қазір телефонмен сөйлесуге уақытым жоқ, мен негізгі қылмыскерлерді анықтап, олардың жазасын беруім қажет, деп жауап берді. Шынында да, ол өзі шешім қабылдап, Мякотиха ауылында тыйым салынған әдістерді қодану арқылы тергеу жүргізіп, бірнеше адамды атып тастаған» [8, 20 п.]. Бұл сұмдық жағдайдан кейін Семей округі бойынша МСБ бөлімінің бастығы С. Бак Мякотиха ауылында М. Рыбактың орнына И. Семиненконы қалдырып, Семейге шақыртып алған. Келесі бір көтерілісті басуға қатысқандардың бірі М. Ивановтың естеліктерінде М.Рыбактың заңсыз әрекеттеріне қатысты келесі мәлімет келтіріледі: «Жекелеген бандиттерді ұстау барысында бұрынан танитын қылмыскерлерді тергеп-тексермей жатып көздерін жойды» [13, 143 п.]. Расында да, ол Мякотиха ауылында тыйым салынған заттарды қолдана отырып, тергеулер жүргізген. Өз бетінше үкім шығара отырып, бірнеше адамды атып өлтірді және осы оқиғалар туралы ешқандай із қалдырмаған [8, 20 п., 13, 4 п.]. Бұл қатыгездіктерді М. Рыбак басқарған жасақ құрмында болған Ивановта өз естеліктерінде растайды. Бір қызығы, Рыбактың осы қатыгездігі аса жоғары бағаландыма белгісіз, бірақ ол Абыралы, Шыңғыстау аудандарындағы шаруалар көтерілістерін басуға да атсалысқан [2, 132 б.]. Сондай-ақ, осы М. Рыбак сынды жазалаушы жасақ бастықтары Рябинин, Котышев, Зайнутдинов, Низюлько, Забелевтер де 1931 жылы екінші мәрте халық қарсылықтарын басуға аттандырылған. 1931 жылы БМСБ уәкілеттілері төменде аталған аудандар бойынша бекітілген:

Қақаралы МСБ: Казанский
 Қайнар МСБ: Бекпасов, Чупин
 Абыралы МСБ: Чекмарев
 Қарауыл МСБ: Филимонов
 Шыңғыстау МСБ: Рыбак, Москвин
 Шұбартау МСБ: Байбосынов, Шубин
 Көпекті МСБ: Рябинин, Забелев
 Аягөз МСБ: Котышев, Низюлько
 Семиарка МСБ: Рачинский
 Қызык-Кесік МСБ: Рябинин, Зайнутдинов

Қызылтан МСБ: Мұхамеджанов
Бесқарағай МСБ Зайтов
Жарма МСБ Денисов [4, 140-141 бб.].

Келесі қанды қақтығыстардың бірі Зубовка ауылында болды. Г. Котышевтың естеліктерінде атап өтілгендей, Зубовка түбінде көтерілісшілердің саны шамамен 1500 адамды құраған. Ұзаққа созылған қарсылықтан кейін 300-ге жуық көтерілісшілер өз еркімен берілген. Қолға түскендерге қатысты Г. Котышев былай дейді: «Өз еркімен берілген көтерілісшілермен жұмыс істеу қажет болды. Көтеріліске күшпен тартылғандарды бөліп, ең белсенділерін анықтау керек еді. Қалыптасқан жағдайда шамам келмей мен бұл жұмысты атқара алмадым. Нақты қай күні екені есімде жоқ, бірақ Зубовкаға БМСБ-ның аудан бойынша уәкілетті Утин келгеннен кейін, ол осы барлық қанды жұмыстармен айналысты» [9, 9 п.]. Байқағанымыздай, аудандық БМСБ-сы мен милиция басшылары осы қанды оқиғаларды өз қолдарымен атқарған. Олар тіпті бұл заңсыз әрекеттері үшін жауакершіліктің болатыны жөнінде мүлдем ойыларына да кіріп шықпаған. Мәселен, аудандық прокурор Нағызбаевқа «Сіз заңсыз әрекет жасағаныңызды білдіңіз бе?» деген сұраққа былай деп жауап берген: «Мен мұны қалыпты жағдай деп санадым, себебі көтеріліс кезінде... тұтқындарды сотсыз және тергеусіз ату жағдайы болды. Мен 1931 жылдың сәуір айында 16 адам атылған осындай бес оқиғаны білемін» [20, 166 б.]. Дәл осындай қатаң шаралар шаруалар арасындағы толқуларды тез арада басудың бірден-бір әдісі ретінде қарастырылды. Бұл сұмдықтардан үкімет басшылығы хабардар болды ма белгісіз, бірақ Голощекиннің 5 наурызда Сталинге жолдаған құпия хатында: «өлімдер тек қана қақтығыстар кезінде болды» деп, хабарлайды [7, 233 б.].

Абыралы ауданындағы шаруалар көтерілісін басу барысында да түрлі репрессиялық әдістерді қолданды. Шет ауданының БМСБ бөлімінің бастығы Сычев, «1931 жылы 20 наурызда Абыралы ауданына қарасты ауылдардың бірінде Чупиннің жасағы көтерілісшілерге қосылмай қалып қойған тұрғындарды (70 шақты адам) тізіп қойып, пулеметпен атып тастағанын» мәлімдейді. Дәл осындай жағдай Шұбартау ауданында да орын алған. Бұл жолы қатыгездік танытқан жасақ бастығы Иерусалимов еді. Оның жасағы 27 жазықсыз адамды атып өлтірген. Бұл оқиғаны ол БМСБ-на берген хабарламасында бандамен күрес ретінде көрсетіп, осы ісі үшін Қарқаралы аудандық атқару комитетінен марапатта алған [20, 167 б.].

Сондай-ақ, Шыңғыстау ауданында тұрмыстық талабын білдіру үшін келе жатқан 150-200 шамалы қарусыз адамға жазалаушы әскер арнайы пулемет орнатқан машинамен келіп қынадай қырады. Көтеріліс ұйымдастырушылары деп есептелген Қасымбек Солтабаевтан өзге Санияқас, Қыдыш, Қарабала, Ташмұхамбет, Алатай деген 5 адам ұсталып, сол жерде атылып, НКВД-ның ауласындағы құдыққа тасталады. Қарауыл өзенінің жыра-жылғасы сотсыз, тергеусіз, үкімсіз атылған адамдардың өлігіне толып кетеді [21, 117 б.].

Көтерілісті басуға аттандырылған жасақтар тек белсенді қарсылық көрсетілген жағдайда ғана қарулы күш қолдануға рұқсаты болған, бірақ байқағанымыздай бұл талап мүлдем ескерілмеген [11, 546 б.]. Себебі бұл шаралар әлеуметтік қарсылықты жоюға және халықты үрейлендіру арқылы тәртіпті қалпына келтіруге бағытталды десек болады. Көтерілісті басу мақсатында қолданылған жазалау әдістері тек аймақтағы қарсылықты жоюға ғана емес, сонымен қатар жалпы халықтың наразылығын алдын алу үшін де жүзеге асырылды.

Мұндай қатыгездіктер көтерілісшілер арасында үлкен дүрбелең тудырып, олардың қатарында үрей мен бейберекетсіздікке алып келді. Аудан орталығында бекінген көтерілісшілердің бір бөлігі оқиға болған ауылдарға аттанып, жазалаушы күштерге қарсы әрекет етуге дайын болды [16, 476 б.]. Алайда, бұл әрекет көтерілісшілердің ұйымшылдығын әлсіретіп, олардың қатарын сиретті. Осылайша, Кеңес үкіметі көтерілісшілердің қарсылығын тоқтату үшін түрлі тәсілдер қолданғанын байқауға болады. Олар тек әскери күшпен ғана шектелмей, әлеуметтік және психологиялық қысым арқылы да күресті. Мұның нәтижесінде көтерілісшілердің ұйымшылдығы бұзылып, олардың қарсыласу қабілеті әлсіреген болатын.

Қазіргі таңда Қазақстанның шығысындағы көтерілістерге қатысқандардың нақты саны туралы бірыңғай пікір жоқ. Зерттеушілердің ресми деректерге сүйене отырып, көтеріліске қатысу-

шылардың санына қатысты берген сандық мәліметері әркелкі. Сондай-ақ қақтығыстар кезінде қаза тапқандар мен, тергеу шаралары барысында өлтірілгендерге қатысты нақты мәліметтер жоқ. Зерттеушілердің әртүрлі әдіс-тәсілдермен анықтаған мәліметтеріне, сондай-ақ дереккөздердегі ақпараттың толық болмауына байланысты көрсеткіштер әрқилы. Сондықтан көтерілісшілердің нақты саны мен жазалау шараларының қорытындылары туралы айту қиын, өйткені қазір қолда бар ресми құжаттардың өзінде де сандық мәліметтер арасында айырмашылықтар кездеседі [11, 2 п., 22, 162 п., 15, 12 п.]. Мұндай әртүрлі дереккөздер мен зерттеулердегі түрлі санақ нәтижелері көтеріліс барысында болған оқиғалардың ауқымын, сондай-ақ құжаттаманың толықтығы мен дәлдігіне қатысты сұрақтарды туындатады.

Зерттеуші ғалым Т. Омарбеков Өскемен және Зырян аудандарындағы қақтығыстар кезінде жазалаушы жасақтарға қарағанда көтерілісшілердің қатары әлдеқайда сирей түскенін атап өтеді [4, 205 б.]. Бұл тұжырым көтеріліс барысында қаза тапқандарға қатысты ресми деректердегі мәліметтермен расталады. Көтерілісшілер ашық қарсылық танытқанымен, аса қатыгездікке бара қоймаған.

1930 жылдың 3 наурызындағы мәліметтер бойынша Өскемен және Зырян аудандарында көтеріліс басылып, 560 көтерілісші тұтқынға алынған, ал өлтірілгендердің саны 160-тан асып түскен [22, 162 п.]. Дәл осындай ақпаратты екі күннен кейін, яғни 5 наурызда Ф.Голощекин И.Сталинге жолдаған құпия хатында: «...біздің жағымыздан 7 адам, олардың жағынан — 160 адам» деп, мәлімет берген [7, 233 б.]. Бір қызығы 7 наурызда, Семей өңірлік партия комитетінің жауапты хатшысы В. Фомин мен Семей округі бойынша Мемлекеттік саяси басқарма (МСБ) бөлімінің бастығы С. Бак арасындағы тікелей байланыс арқылы жаңартылған мәліметтерде тұтқынға алынғандардың саны 700-ге жетіп, өлтірілгендердің саны шамамен 300 адамға дейін өскені айтылады [15, 12 п.]. Билік көтеріліске қатысқан шаруаларға қатысты қолданылған шаралардың қатаңдығы мен толық көлемін жасыруға тырысты ма белгісіз, бірақ алдыңғы мәліметтермен салыстырғанда өлтірілгендердің саны екі есе артып, тұтқынға алынғандардың саны айтарлықтай өскені байқалады. Бұл өзгерістердің бірнеше себептері болуы мүмкін:

- Біріншіден, үкімет тарапынан көтерілісшілердің қарсылығын басуға бағытталған репрессиялық шаралардың күшейтілуі ықтимал. Көтерілісшілердің қарсылығын басу үшін қолданылған күштердің артуы мен жаңа тұтқындардың алынуы жағдайды осылайша өзгертті.

- Екіншіден, деректерді тіркеу және есепке алу әдістерінің әртүрлілігі де мәліметтердегі өзгерістерге әсер етуі мүмкін.

- Үшіншіден, көтеріліс барысындағы қатаң шаралар мен репрессиялардың ауқымын төмендету мақсатында ақпаратты жасыру немесе бұрмалау әрекеті де орын алған болуы ықтимал.

Келесі бір дерек осы мәселенің мәнін аша түсетіндей, мәселен, 1930 жылы 18 мамырда БМСБ ӨӨ-і «...БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті, Қазақ Орталық Атқару Комитеті, Қазақ халық комиссариаты бізбен ешбір келісімсіз БМСБ қылмыстық-барлау бөлімдері өзара ақпараттар алысу тәртібіне сәйкес жіберген материалдарын пайдаланғанын» мәлімдеген. Онда, «Семей округінің Өскемен ауданындағы кулақтық бандиттік бас көтерулерге қатысты фактілер дөрекі бұрмаланғанын» алға тартып, жедел барлау мәліметтерін қайта қайтаруды сұраған [4, 208-209 бб.]. Бір білетініміз, бұл кезеңде ақпараттың жеделдігі мен нақтылығы маңызды рөл атқарғанымен, ортақ есептеу жүйелерінің болмауы салдарынан мәліметтер бірнеше рет қайта қарастырылып, жаңартылып отырған. Осыған қарамастан, жоғарыда Голощекиннің Орталық Атқару Комитетіне берген мәліметтері еш өзгеріссіз қалған. Қалай болғанда да көтеріліске қатысқандарды көтеріліс орындарында аяусыз жазалау шаралары жүргізілгендігі анық байқалады.

Көтерілісшілердің көпшілігі көтеріліс орындарында немесе кейіннен тұтқындалып, өлім жазасына кесілді. Сонымен қатар, көтерілісшілердің ісін жазалау органдарына тапсыру қажеттілігі де көтерілді. Мәселен, 1930 жылы 3 наурызда МСБ барлау бөлімінің бастығы Кречко, тұтқынға түскендердің ісін қарау процесін жеделдету мақсатында, С. Бактан Өскеменде дереу Өскери Трибунал құру жөнінде Өлкелік басшылыққа ұсыныс жасауды сұраған [15, 17 п.]. Кейін бұл ұсыныс Өлкелік комитет тарапынан орынсыз деп, танылды. Бұл шешімнің себепін келесідей

түсіндірген: «Сіздер өзімізге белгілі жою операциясын (контрреволюциялық ұйымды жою операциясын, автор) ізін суытпай уақытылы жүргізбедіңіздер, Өлкелік комитет оқиға орнында үкім шығару құқығын беруді орынды деп, санамайды» [22, 162 п.].

А. Жанбосинова тергеушілердің жұмысына қатысты өз тұжырымында, әсіресе кейбір аудандарда қолданылған «инновациялық» тергеу әдістеріне назар аударады. Тергеушілердің бұл әдістерінің ерекшелігі — барлық тұтқындалған адамдарды бірден көтерілісшілер немесе басқа да контрреволюциялық ұйымдардың мүшелері етіп көрсетуге тырысқандығында. Мұндай тәсілдер тергеу процесін әділетсіз және қисынсыз жүргенін көрсетіп тұр. Өйткені, ешқандай нақты дәлелдер мен айғақтар болмаған жағдайда, бір ауылды немесе бір әлеуметтік топты «контрреволюциялық элемент» деп айыптап, барлығын бірдей күдіктілердің тізіміне қосу арқылы тергеуі күмән келтіреді [23].

Сөйте тұра, тергеушілерге кедейлер мен орта шаруалар арасынан көтерілісте аса көп белсенділік танытпағандарды босату туралы бұйрықтар да түскен. Осыған орай, тек байлар, молдалар, ұлтшылдар деп танылғандар әлеуметтік жағдайларына қарамастан жазаланды, яғни олар сотталып, көпшілігі ату жазасына кесілді. Бұл қадам таптық күресті одан әрі күшейтіп, бай мен кедейлерді бір-біріне қарсы қойды. Осылайша, олардың істері қысқа мерзімде қаралуы туралы арнайы бұйрық шығарылды [4, 140-142 бб.].

Тергеу істері негізінде жасалған қорытындыларға сәйкес, 1930-1931 жылдары қарулы көтеріліске қатысқандарға қолданылған жаза түрлері 2 кестеде көрсетілген мәліметтерде көрініс табады [2; 405, 382, 359, 451, 388, 470 бб.].


2-кесте. 1930-1931 жж. Қазақстанның шығысындағы көтеріліске қатысқандарға қатысты қабылданған жаза түрлері.

Аудан атаулары	Қылмыстық жазаға тартылғандар	Ату жазасына кесілді	Шартты түрде сотталды	Еңбекпен түзету лагерлеріне жіберілді		3-10 жылға дейін мерзімге жер аударылды	
				3-10 жылға дейін	3-5 жылға дейін	Қазақстанның ішкі аудандарына	Батыс Сібірге
Өскемен және Зырян	222	35	34	112	-	-	6
Абыралы	274	86	10	137	-	10	5
Шыңғыстау	189	47	23	105	-	13	-
Шұбартау	600 олардың 474 босатылған	28	5	66	-	21 олардың 4 арнайы қоныс орындарына жіберілді	-
Көкпекті	145	21	15	23	42	7	-
Жарма	34	-	-	7	-	1	-

Кестеде көтеріліс болған аудандар бойынша қылмыстық жаза түрлерінің қолданылуы көрсетілген. Негізгі жаза түрлері — ату жазасы, шартты түрде соттау, еңбекпен түзету лагерлеріне жіберу және жер аудару. Сондай-ақ, бұл кестеде әр аудан бойынша әртүрлі жаза түрлерінің қолданылуы мен олардың жиілігі ұсынылып отыр. Байқағанымыздай, Өскемен, Зырян, Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау және Көкпекті аудандарында көтеріліске қатысқандарға жазалардың қатаң түрлері жиі қолданылған. Бұл аудандардағы көтерілістердің қарқындылығы мен таралу ауқымы көтерілісшілерге тағылған айыптар мен шыққан үкімдерінің қатандығына әсер етті десек болады. Себебі, бұл аудандардағы халық толқулары Кеңестік жүйе үшін үлкен қауіп туғызды. Атап айтқанда, бұл аудандарда көтерілісшілер Кеңес билігін уақытша болса да жойып, жергілікті деңгейде аудан орталықтарын басып алу жағдайлары орын алған болатын.

Көтеріліске қатысқандарға шыққан үкімдердің әр аудан бойынша пайыздық үлесі төмендегі 1 диаграммадан көреміз.

1-диаграмма. Қылмыстық жаза түрлерінің аудандар бойынша көрсеткіші.



Халық қарсылықтары мұнымен тоқтамады. Әсіресе көрші елдерге қашқан халықтың қарасы көп болды. Қазақстанның шығыс бөлігіндегі халықтардың Қытайға көшу үрдісі осы кезеңде айтарлықтай өскен. Осылайша шекараға жақын аудандардан халықтың қарқынды түрде кетуі, билік үшін күрделі мәселеге айналды. Бұл жағдай мемлекет тарапынан біршама алаңдаушылық туғызып, осы заңсыз миграцияны тоқтату бойынша түрлі шаралардың қабылдануына әкелді. Оның ішінде:

- Шекаралық аймақтарда бақылауды күшейту – шекаралас аймақтарда заңсыз көші-қонды алдын алу үшін қатаң бақылау мен қадағалау шараларын жүзеге асырды. Бұл шара шекаралық қауіпсіздікті нығайту және заңсыз миграцияның жолын кесу үшін қабылданды.

- Көшіп кеткен шаруашылықтарды қайта қайтару – елден көшіп кеткен шаруаларды және олардың шаруашылықтарын қайта оралуға шақыру, және оларған жағдайда амнистия жариялау ұсынылды.

- Көшуге әрекеттенгендерді тоқтату – көші-қон процесін заңсыз әрекет ретінде қарастырып, бұл процесс кезінде анықталған азаматтарды тоқтату және оларды ел ішінде қалдыру мақсатында қабылданған шаралар.

- Қауіпті деп танылған тұлғаларды ұстау және жою мақсатында шетелдермен байланыс орнату – шетелге көшуге әрекеттенген немесе қоғамға қауіп төндіретін тұлғаларды ұстау және оларды жою үшін халықаралық деңгейде байланыстар орнатып, арнайы операциялар жүргізу қолға алынды.

Әлеуметтік тұрғыдан осындай көшудің басты себептері мен механизмдерін зерттегенде, оның артында көптеген факторлардың, әсіресе әлеуметтік және саяси ықпалды тұлғалардың рөлі ерекше болғанын атап өткен жөн. Олар көрші елдерге көшу алдында алдын ала дайындық жүргізіп, мұқият жоспарланған сақтық шараларын қабылдаған [10, 79-82 б.]. Шекара дәліздерінің қауіптілігі оларды қарулануға итермелеген болатын. Шекараны кесіп өтпек болғандар мен шекара жасақтары арасында жиі қарулы қақтығыстарға болып тұрған [2, 218 б.]. Сол себепті де бұл трансшекаралық қозғалыстар билік тарапынан қауіпті деп саналып, қатаң бақылауға алынды.

Ал көші-қонды ұйымдастырған тұлғалардың әлеуметтік беделі халық арасында үлкен ықпалға ие болып, көшу процесін едәуір жылдамдатты. Сондай-ақ, туыстық байланыстар да өз кезегінде көші-қон процесін жеңілдетті. Олар екі мемлекет арасындағы шекаралық аймақтарда

еркін жүріп, өз туыстары мен ауылдастарына шекараны кесіп өту жолдары туралы ақпарат жеткізіп, сол арқылы көшудің жүзеге асуына ықпал етті.

Осы тарихи кезеңде Серікбол Қабдылқақұлының әкесі кудалаудан қашып жүрген Ике Әділұлымен бірге Қытайға өтуге мәжбүр болған тұлғалардың бірі. Бұл туралы Серікбол Қабдылқақұлы былай дейді: «Менің әкем Қытайда бір танысы миңгізген қызыл буырыл атпен (ондай ешкімде болмапты, есік пен төрдей деп сипалады) екі ортада барып, келіп жүрген. Туыстарын да арғы бетке өткізуге тырысқан» [24]. Осылайша, бұл адамдар көбінесе жергілікті әлеуметтік желілер арқылы хабар таратып, көшуге ниеттенгендердің әрекеттерін үйлестіріп отырған.

Әскери күштер шекара маңында бақылау орнатты және адамдардың елден өтуін заңсыз деп танып, кез келген қашқындарды тұтқындады. Сонымен қатар, арнайы операциялар жүргізіліп, шекараның екі жағындағы кеңістікте қашқындарды іздестіру жұмыстары күшейтілді. Қашып бара жатқан адамдардың легін тоқтату үшін тіпті оларға қарсы ату бұйрығы да берілген. Соның садарынан шекара асып өтпек болғандар күштік құрылымдар тарапынан аяусыз жазаланды. Осылайша, шекара асып өтпек болғандар үлкен қауіп-қатерге бас тікті. Ұжымдастыру жылдары Ресейдің Кемерово облысына көшіп кеткен әкесі жайлы Сарқыт Біләлқызы: «–Түнде қаштық, сай-сайға тығылдым, артымнан оқ атты» деп, әкем айтып отыратын. Ол кезде жасы 13-те екен [25]. Олардың көбі шекара патрульдерінің қолынан қаза тапты, себебі шекараны кесіп өтпек болған адамдарды пулеметтермен қарсы алды [26, 169 б.]. «Шекара қызметкерлерінің шекараны кесіп өтуге тырысқандарға қарсы қолданған қатаң шаралары босқындар ағынын азайту бойынша нақты нәтижелер берген жоқ. Жыл бойы Іле аймағымен шекарада жүргізілген күрес шаралары өте аяусыз болды, нәтижесінде Қытай аумағына заңсыз өтуге тырысқан 1000-нан астам адам өлтірілді. Сонымен қатар, өлтірілгендердің арасында ер адамдармен қатар, әйелдер мен балалар да болды» [5, 163 б.].

Бұл көші-қонның себептері тек әлеуметтік және экономикалық қиыншылықтармен шектелмей, көтерілістен кейін көтеріліске қатысы бар деп, танылғандарға қатысты саяси және әлеуметтік қысымдармен де байланысты болды. Аудан хатшылары көтерілістен кейінгі аудандардың саяси жағдайын келесідей баяндап жатты: «Өздері шаруалар белсенді түрде билікке күн сайын кулактарды, бандиттерді, көтеріліс қатысушыларын және олардың сыбайластарын ұстап тапсырып жатыр, тіпті кейде оларды сол жерде жойып та жіберетін жағдайлар кездеседі» [15, 30 п.]. Көтеріліс кезінде тәртіпсіздіктерге қатысқан шаруаларды анықтау үшін кедей және орта шаруалар тартылған. БМСБ-ы олардың құнды мәліметтері үшін сыйақы тағайындаған [4, 140 б.]. Әрине, бұл кезеңде кез-келген қарсылық теріс бағаланғаны рас. Әсіресе, көтеріліске қатысы барлардың тағдыры ауыр болды. Сонымен қатар, көтерілісшілердің туыстары мен ауылдастарына да ауыр қысым көрсетілді. Сол себепті олар осы қалыптасқан жағдайда туыстары мен ауылдастарын көшіріп әкетуге тырысқан еді.

Осылайша, осы тұлғалардың ұйымдастыру қабілеті мен көшуді ұйымдастырудағы рөлі оларды «контрреволюциялық элементтер» немесе «бандалар» деп айыптаудағы негізгі факторлардың бірі болды. Жергілікті билік көшіп кетуге әрекеттенгендерді жазалау үшін арнайы іздестіру шараларын ұйымдастырып, барлық күштік құрылымдарды олардың жасырынған орындарын анықтауға бағыттады. Әсіресе көтеріліске қатысы бар тұлғалар қиын жағдайда болды. Оларды бірден көздерін жою туралы бұйрықта түскен [15, 41 п.]. Көтерілісшілерді табу және оларды қатаң жазалау, биліктің саяси тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатындағы әрекеті ретінде түсіндірілді.

Қазақстанның шығысында 1931 жылдың орта шенінде қарулы көтерілістер басылғанымен, халықтың қарсылықтары тоқтамады. Енді оларды аман қалудың соңғы амалы ретінде шет елге қашу ниеті біріктірді. Қарсылықтың мұндай түрі шаруалар толқуларының 1932 жылға дейін созылуына себеп болды. Осыған орай, 1931-1932 жылдардың қысына қарай аштықтан қашқан халық елден жыраққа кетіп жатты. Халықтың бұл жаппай көшу немесе қашу себептерінің негізгі факторларының бірі ретінде партия қызметкерлернің құпия хаттамаларында азық-түлік тапшылығынан деп, түсіндіріледі. Шынымен де, аштықтан ашынған халық колхоздарды тонап, қиратып

ішінара тәртіпсіздіктерге бой алдырған [27, 243 б.]. Жергілікті билік тәртіпсіздіктердің негізгі себептерін анықтаудың орнына, барлық кінәні бұрынғы ауқатты шаруаларға жаппай жауып, оларды жауапкершілікке тартуды жөн көрген.

1931 жылы БМСБ-ы жедел барлау мәліметтерінде көшуге әрекеттенген халық көшін бандалардың қарулы бас көтерулері деп, көрсеткен. Мысалы, Қытайға көшуге әрекеттенген Көкпекті ауданына қарасты бірнеше ауыл әскери күшпен тоқтатылған. Осы оқиғалар 1931 жылдың тамыз айында басталып, жыл соңына дейін жалғасқан. Ресми құжаттарға сүйенсек, бұл қозғалысқа №3,4,5,8,9,10 және 11 ауылдың тұрғындары қатысқан. Бұл оқиға келесідей өрістеген: 1931 жылдың 20 тамызында Қытайдан арнайы келген Мұхаметжанов Ахметжан 400-ге жуық адамнан тұратын көшті бастап бара жатып, Тарбағатай мен Көкпекті аудандарының коммунистік жасақтарымен қақтығысқа түскен. Нәтижесінде, 300-ге жуық адам тұтынға алынып, 15-і сол жерде қаза табады. Көш арасында Көкпекті көтерілісіне қатысып кейін Қытайға қашып жасырынған тұлғалар болған. Болжамдар бойынша олар туыстары мен ауылдастарына шекара кесіп өтуге көмекке келген. Дәл осы тұлғаларды ұстау бойынша операция 27 тамызда №3,4 ауылда өткен. Қызыл-кесік маңында БМСБ аудандық бөлімшесінің өкілі Ключиннің жасағы бас көтерген халықтың қолына тұтынға түсіп, Ключиннің өзі мен оның екі сарбазы наразы халықтың қолынан өлген. Ашынған халықтың саны Сарыбұлақ маңында 300 адамға жуықтаған. Арасында ауылдық кеңестер мен колхоздардың төрағалары мен ауданның басқа да жауапты қызметкерлері болған. Сондай-ақ, Көкпекті ауданының №3,4 ауылының 100-ге жуық шаруашылығы көшу барысында БМСБ-ның шекара әскері және коммунистік жасақтарының біріккен күшімен қыркүйек айының 2-сі мен 3-і аралығында үш рет қанды қақтығысқа түскен. Ақырында, жолы кесілген көш деген мақсатына жете алмай, орта жолда талқандалған. Соның салдарынан 59 адам өліп, 400-ге жуық шаруа тұтқынға алынған [2, 303 б.].

Бұл жерде тағы бір маңызды айта кететін мәселе – Шыңғыстау және Көкпекті аудандарына қатысты ресми құжаттарда шаруалар көтерілістері екі кезеңде болғандығы көрсетілген [11, 533, 638 бб.]. Яғни, көктем айларында болған шаруалар көтерілісін күзде болған жаппай көші-қон әрекеттерімен бір құбылыс ретінде қарастырған. Аталған аудандарда көші-қон қозғалысы шаруалардың аштықтан және өмір сүру жағдайларының нашарлауынан туындаған табиғи құбылыс ретінде байқалса да, оны көбіне халық бас көтерулері ретінде бағалап, сәйкесінше бұл қозғалысты тоқтату бойынша шаралар қолданылған [4, 152 б.]. Осыған орай, көші-қонды ұйымдастыруға қатысқан және оны қолдаған тұлғаларға қатысты күрес аяусыз жүргізілді деп, тұжырымдауға болады. Тіпті жазықсыз айыпталып, әділетсіздікпен қудаланып, жендеттердің қолынан қаза тапқандардың саны көп болды.

Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, шаруалардың көші-қон қозғалысында көтеріліске тән белгілері мен сипаты болмағанын көруге болады. Дегенмен, көтеріліс әдетте белгілі бір әлеуметтік-саяси талаптар мен мақсаттарды алға тартады, сондай-ақ қарсылықтың ұйымдасқан түрлері мен қарсы әрекеттерді қамтиды. Мұндай жағдайларда халықтың белгілі бір топтары саяси немесе экономикалық реформаларға қарсы шығып, белгілі бір мақсатқа жетуге ұмтылады. Алайда, шаруалардың көші-қонындағы қозғалыстың негізгі мақсаты аштықтан, қудалаудан және өмір сүру жағдайларының нашарлауынан құтылу болды. Оған қоса, олар арнайы ешқандай қарулы қақтығысқа түспеді, керісінше шекара аймақтарында опат болды.

Өсіресе, 49-шы шекаралық аймақта заңсыз өтуге әрекеттенгендерге қатысты күрес аса қатыгездікпен жүргізілді [2, 235 б.]. Ресми деректер бойынша, 1930 жылы шекараны заңсыз кесіп өтпек болғандардың 734-і қаза тапқан болса, олардың 568-і 49-шы шекара аймағын кесіп өту барысында жан тапсырған. Сондай-ақ, келесі қанды қырғандардың бірі 1931 жылы 20 қыркүйекте Күршім тау жотасының тау етектерінде орын алды. Мал-мүлкімен көшіп кетпек болған шаруаларды коммунистік жасақ атқылап, 85 адамды өлтірген [2, 306 б.].

Мұнымен жергілікті күштік құрылымдар тоқтамады, қанды қырғыннан кейін де ұсталғандарды аяусыз жазалауды жалғастырған. Сол кезеңде Қытайға қашпақ болып, шекараға жетпей қолға түскендердің қатарында болған әкесінің тағдыры туралы Сәменұлы Сату өз естелігінде

былай деп жазады: «Бай, кедей деп ешкім тексеріп жатқан жоқ, жақсы көргені ме, жаман көргені ме, мынау бай дейді де, апарып қолын байлайды. Осылай 27 адамды Иттің жарына алып шығып, елдің көзінше атып тастады» [28, 346 б.]. Байқағанымыздай, Кеңес үкіметі шекараға қарай ағылған халықты тоқтатудың ең қатал тәсілдеріне жүгінген. Бұл әрекеттерін жергілікті билік ресми мәлімдемелерінде «бандалармен» күрес ретінде көрсетті.

Қорытынды. 1929-1931 жылдардағы Қазақстандағы халық қарсылықтарының жазалануы – Кеңес өкіметінің аграрлық реформалары мен тоталитарлық саясатының салдарынан туындаған тарихи трагедиялардың бірі болып табылады. Бұл кезеңде халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы түбегейлі өзгерді, ал олардың қарсылығын басу әрекеттері еліміздің тарихында ауыр із қалдырды. Қазақстанның шығысындағы халықтардың қарсылығы, ең алдымен, ауыл тұрғындарының өздерінің дәстүрлі өмір салтын, шаруашылық құрылымын және әлеуметтік тәртібін қорғауға деген ұмтылысынан туындаған. Оған жауап ретінде билік тарапынан қолданылған жаппай қуғын-сүргін мен жазалау шаралары халықты тек әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар психологиялық және мәдени тұрғыдан да күйзелтіп, ұлттың қоғамдық сана-сезіміне ауыр соққы жасады.

Кеңес өкіметінің қолданған күштеу әдістері мен халықтың наразылығын жазалаудың ауқымдылығы тоталитаризмнің табиғаты мен оның қоғамды басқару тәсілдерінің қаталдық дәрежесін көрсетті. Бұл кезеңде күшпен тәркілеу, жер аудару, ату жазасы және лагерлерге қамау сияқты шаралар қолданылды, нәтижесінде көптеген адамдар қаза тауып, жүздеген мың жанұя бұзылды. Осылайша, халықтың қарсылығын басу мен жазалау процесі тек қарсылық танытқандарды ғана емес, бүкіл қоғамды қорқыту мен күйзелту мақсатында жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 1929-1931 жылдардағы халық қарсылықтарының жазалануы – Қазақстан тарихындағы ең ауыр әрі қайғылы кезеңдердің бірі болды. Бұл оқиғалар тоталитаризмнің әділетсіз және адамгершілікке жатпайтын басқару жүйесі екендігін көрсетті. Осы кезеңді зерттеу нәтижесінде қазіргі замандағы әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтары және ұлттың тарихи жады мәселелеріне қатысты маңызды сабақтар алынуы тиіс. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл оқиғалар тоталитарлық жүйенің зорлық-зомбылыққа негізделген саясатын және оның халыққа тигізген теріс салдарын түсіну үшін маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алланиязов Т. *История вооруженных выступлений повстанческих движений 1929–1931 годов в Казахстане в новейшей литературе (2001–2021 годы)*. // *Исторический курьер*. 2022. № 1 (21). <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-vooruzhennyh-vystupleniy-i-povstancheskih-dvizheniy-1929-1931-godov-v-kazahstane-v-noveyshey-literature-2001-2021-gody/viewer>
2. *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т 4: Народные восстания и протесты в Казахстане в 1920-1930-х гг. Сборник документов и материалов.* – Астана, 2022. – 536 б.
3. Алланиязов Т.К. *Обзорные справки КГБ Казахской ССР как источник по истории вооруженных выступлений и повстанческих движений 1929–1931 годов в Казахстане*. // *Qazaq Historical Review*. 2023. № 1 (3). С. 355–364. <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2023.3.355.364>
4. Алланиязов Т.К. «К зачистке бандэлемента приступить немедленно...». *Документы Семипалатинского ОГПУ. 1931 г.* // *Исторический архив*. 2003. № 3. – 227 с.
5. Мендикулова Г.М., Атантаева Б.Ж. *История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860 – 1960-е гг* – Алматы: «СаГа», 2008. – 232 с.
6. *Скрытые лики террора: история в документах и судьбах [Текст] / И. Козыбаев А.Жанбосинова ...* – Астана : [б. и.], 2024. – 339 с.
7. *Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сборник документов. II том.* – Алматы: Атамұра, 2021. – 1240 б.
8. ШҚОМА, Қ. 2866. Т. 1. Іс. 133.
9. *Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қоры. КП о9- 1553*

10. Незримый фронт (1917-1967) / Составитель Коновалов С. А.: Изд-во Казахстан, 1967. — 312 с.
11. АОМА, Қ. 3н. Т. 1. Іс 274.
12. Советская деревня глазами ВЧК, ОГПУ, НКВД. 1930-1931 гг. Документы и материалы. III том. РОССПЭН, 2003. - 864 С.
13. ШҚОМА, Қ. 2866. Т. 1. Іс. 105.
14. АОМА, Қ. 126. Т. 1. Іс 202.
15. АОМА, Қ. 3н. Т. 1. Іс 457.
16. Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 11-том. «Халық көтерілістері. 1929-1931 жж.». Құраст.: Х. Әбжанов, Г. Нұрымбетова, Б. Балғазина. – Алматы: Kitap, 2023. – 600 б.
17. АОМА, Қ. 6н. Т. 2. Іс 31.
18. ШҚОМА, Қ. 788. Т. 1. Іс. 35
19. Әбжанов Х.М. Алаш және халық көтерілістері. // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(78), 2023 ж. <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/download/56/67>
20. Тепляков А. Опричники Сталина. —Москва: ЭКСМО. 2009. — 428 с.
21. Тобықты Шыңғыстау шежіресі [Мәтін] : үш томдық / М. Жанболатұлы, 2004. – 1-том. – 519 б.
22. АОМА, Қ. 3. Т. 1. Іс 9.
23. Жанбосинова А.С., Журиндинова К.Р., Жандыбаева С.С. Устная микроистория «Большого террора» (по материалам архивно-следственных дел репрессированных). // Исторический курьер. 2020. № 5 (13). С. 98–108. <http://istkurier.ru/data/2020/ISTKURIER-2020-5-08.pdf>
24. Авторлардың далалық зерттеу материалдары 2023 ж. Информант Қабдылқақұлы С., Абай облысы, Саржал ауылы
25. Авторлардың далалық зерттеу материалдары 2024 ж. Информант Біләлқызы С., Семей қ.
26. Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization // Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074>
27. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т 13: Государственные акты и документы по насильственной коллективизации, принудительному оседанию, заготовительным и другим политическим кампаниям. Сборник документов и материалов. – Астана, 2022. – 296 б.
28. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т 22: Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.): сборник документов. – Астана, 2022. – 384 б.

References:

1. Allaniyazov T. Istoriya vooruzhenny`h vy`stuplenij povstancheskih dvizhenij 1929–1931 godov v Kazahstane v noveyshej literature (2001–2021 gody). // Istoricheskij kur`er. 2022. № 1 (21). <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-vooruzhennyh-vystupleniy-i-povstancheskih-dvizheniy-1929-1931-godov-v-kazahstane-v-noveyshey-literature-2001-2021-gody/viewer>
2. Sayasi kugy`n-surgin kurbandary`n toly`k aktau zhonindegi Memlekettik komissiyany`n materialdary` (XX gasy`rdy`n 20-50 zhy`ldary`). Т 4: Narodny`e vosstaniya i protesty` v Kazahstane v 1920-1930-x gg. Sbornik dokumentov i materialov. – Астана, 2022. – 536 б.
3. Allaniyazov T.K. Obzorny`e spravki KGB Kazahskoj SSR kak istochnik po istorii vooruzhenny`h vy`stuplenij i povstancheskih dvizhenij 1929–1931 godov v Kazahstane. // Qazaq Historical Review. 2023. № 1 (3). S. 355–364. <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2023.3.355.364>
4. Allaniyazov T.K. «K zachistke bande`lementa pristupit` nemedlenno...». Dokumenty` Semipalatinskogo OGPU. 1931 g. // Istoricheskij arhiv. 2003. № 3. - 227 с.

5. Mendikulova G.M., Atantaeva B.Zh. *Istoriya migracij mezhdu Kazahstanom i Kitaem v 1860 – 1960-e gg* – Almaty: «SaGa», 2008. – 232 s.
6. Skryty'e liki terrora: istoriya v dokumentah i sud`bah [Tekst] / I. Kozybaev A. Zhanbosinova ... – Astana : [b. i.], 2024. – 339 s.
7. Asharshy`ly`k. Golod. 1928-1934. Dokumental`naya hronika. Sbornik dokumentov. II tom. – Almaty: Atamura, 2021. – 1240 b.
8. ShKOMA, K. 2866. T. 1. Is. 133.
9. Shy`gy`s Kazakstan obly`sty`k tarihi-olketanu murazhajy`ny`n kory`. KP o9- 1553
10. Nezrimy`j front (1917-1967) / Sostavitel` Konovalov S. A.: Izd-vo Kazahstan, 1967. — 312 s.
11. AOMA, K. 3p. T. 1. Is 274.
12. Sovetskaya derevnya glazami VChK, OGPU, NKVD. 1930-1931 gg. Dokumenty` i materialy`. III tom. ROSSPE`N, 2003. – 864 S.
13. ShKOMA, K. 2866. T. 1. Is. 105.
14. AOMA, K. 126. T. 1. Is 202.
15. AOMA, K. 3p. T. 1. Is 457.
16. Alashorda isi. 1920-1940 zhzh. Kuzhattar men materialdar. 11-tom. «Haly`k koterilisteri. 1929-1931 zhzh.». Kurast.: H. Abzhanov, G. Nury`mbetova, B. Balgazina. – Almaty: Kitap, 2023. – 600 b.
17. AOMA, K. 6p. T. 2. Is 31.
18. ShKOMA, K. 788. T. 1. Is. 35
19. Abzhanov H.M. Alash zhane haly`k koterelisteri. // Abaj aty`ndagy` KazUPU-nin Habarshy`sy`, «Tarih zhane sayasi-aleumettik gy`ly`mdar» seriyasy`, №3(78), 2023 zh. <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/download/56/67>
20. Teplyakov A. Oprichniki Stalina. —Moskva: E`KSMO. 2009.—428 s.
21. Toby`kty` Shy`ngy`stau shezhiresi [Matin] : ush tomdy`k / M. Zhanbolatuly`, 2004.— 1-tom .— 519 b.
22. AOMA, K. 3. T. 1. Is 9.
23. Zhanbosinova A.S., Zhirindinova K.R., Zhandy`baeva S.S. Ustnaya mikroistoriya «Bol`shogo terrora» (po materialam arhivno-sledstvenny`h del repressirovanny`h). // Istoricheskij kur`er. 2020. № 5 (13). S. 98–108. <http://istkurier.ru/data/2020/ISTKURIER-2020-5-08.pdf>
24. Avtorlardy`n dalaly`k zertteu materialdary` 2023 zh. Informant Kabdy`lkakuly` S., Abaj obly`sy`, Sarzhal auy`ly`
25. Avtorlardy`n dalaly`k zertteu materialdary` 2024 zh. Informant Bilalky`zy` S., Semej k.
26. Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization // Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074>
27. Sayasi kugy`n-surgin kurbandary`n toly`k aktau zhonindegi Memlekettik komissiyany`n materialdary` (XX gasy`rды`n 20-50 zhy`ldary`). T 13: Gosudarstvenny`e akty` i dokumenty` po nasil`stvennoj kollektivizacii, prinuditel`nomu osedaniyu, zagotovitel`ny`m i drugim politicheskim kompaniyam. Sbornik dokumentov i materialov. – Astana, 2022. – 296 b.
28. Sayasi kugy`n-surgin kurbandary`n toly`k aktau zhonindegi Memlekettik komissiyany`n materialdary` (XX gasy`rды`n 20-50 zhy`ldary`). T 22: Neizvestny`e stranicy istorii Semipalatinskogo Priirty`sh`ya (20-30 gg. XX v.): sbornik dokumentov. – Astana, 2022. – 384 b.

МРНТИ/ҒТАХР/IRSTI 03.20.

ӘӨЖ/УДК/UDC 94(574)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.003>

Бектасов Ш.Т. ^{*}1, Утегенов М.З. ²

¹PhD докторант, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан

E-mail: shagbanbektasov@gmail.com

Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан

²кандидат исторических наук, доцент, ассоциированный профессор,

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова

e-mail: utegenov.marat02@gmail.com

ИЗ ИСТОРИИ СКОТОЗАГОТОВОК В 1930-1932 ГОДЫ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы истории мясо-, скотозаготовок в районах Северного Казахстана. Авторы проанализировали деятельность заготовительной сети Всесоюзного объединения мясной промышленности «Союзмясо», краевой, местной власти, направленной на выполнение планов в период интенсивных мясозаготовок, то есть, 1930–1932 годы, направленных на обеспечение мясом промышленных центров СССР и Красной Армии. Исследование проводилось на основе документов, хранящихся в фондах республиканских, областных архивов Акмолинской, Северо-Казахстанской областей. Статья, как результат регионального исследования, содержит сведения о сроках и объемах скотозаготовок, методах их проведения и об их последствиях, отразившихся на социально-экономическом положении местного населения в районах Северного Казахстана.

Авторы полагают, что вследствие мясозаготовок, в купе с обобществлением скота в период в массовой коллективизации, население практически лишилось скота. Кроме этого произошло резкое падение численности поголовья, также государство стало основным собственником в животноводстве, так как скотозаготовки кроме поставок в Москву, Ленинград и другие промышленные центры, предусматривали комплектование стад колхозов и вновь организуемых совхозов.

В статье авторы приходят к выводу, что потеря скота населением стала причиной социально-экономической катастрофы – голода. В доказательство этого, статье в качестве примеров приведены факты из архивных документов и описаны тактики выживания казахского населения в условиях голода, ставшего следствием деятельности властей в сфере заготовок.

Ключевые слова: мясозаготовки, скотозаготовки, Северный Казахстан, Карагандинская область, «Союзмясо», контракция скота, конвенционные цены

Ш.Т. Бектасов ^{*}1, М.З. Утегенов ²

¹PhD докторант, Ш. Уалиханов атындғы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

E-mail: shagbanbektasov@gmail.com

²тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор

Ш. Уалиханов атындғы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

E-mail: utegenov.marat02@gmail.com

1930-1932 ЖЫЛДАРЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН МАЛ ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа

Мақалада Солтүстік Қазақстан аудандарында жүргізілген ет, мал дайындау науқаны тарихының мәселелері қарастырылған. Авторлар ет дайындау науқанының қарқынды түрде жүргізілген кезеңінде, яғни 1930-1932 жылдары КСРО-ның өнеркәсіп орталықтары мен Қызыл Армияны

етпен қамтамасыз етуге бағытталған жоспарларды орындауға жауапты Бүкілодақтық «Союзмясо» бірлестігінің, өлкелік, жергілікті биліктің және ет, мал дайындау желісінің қызметін талдаған. Зерттеу республикалық және Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағаттарының қорларында сақталған құжаттар негізінде жүргізілді. Аймақтық зерттеу болғандықтан, мақалада Солтүстік Қазақстан аудандарындағы мал дайындаудың мерзімдері мен көлемі, оларды жүргізу әдістері және жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер еткен салдарлары туралы мәліметтер қамтылған.

Ет, мал дайындау науқаны мен жаппай ұжымдастыру кезеңінде орын алған малды қоғамдастыру нәтижесінде халық бар малынан айырылды деп айтаға болады. Сонымен қатар, осы науқандар мал санының күрт төмендеуіне әкеп соқты, сонымен қатар мемлекет мал шаруашылығында негізгі меншік иесіне айналды. себебі, Мәскеу, Ленинград және басқа да өндіріс орталықтарын етпен қамтамасыз етумен қатар, мал дайындау науқанының мақсаты колхоздар мен жаңадан ұйымдастырылған совхоздардың табындарын толықтыру болды.

Мақалада авторлар халықтың малдан айырылуы әлеуметтік-экономикалық апатқа – аштыққа себеп болды деген қорытындыға келеді. Бұған дәлел ретінде мақалада мұрағаттық құжаттардан алынған аштық туралы фактілер келтірілген және ашаршылық жағдайында қазақтардың жан сақтау амалдары сипатталған.

Кілт сөздер: ет дайындау науқаны, мал дайындау науқаны, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облысы, "Союзмясо", малды контрактациялау, конвенциялық бағалар

Bektasov Sh.T. *, Utegenov M.Z. 

¹Phd doctoral student, Kokshetau Sh.Ualikhanov University, Kokshetau, Kazakhstan

E-mail: shagbanbektasov@gmail.com

²Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

E-mail: utegenov.marat02@gmail.com

HISTORY OF LIVESTOCK PROCUREMENT IN NORTHERN KAZAKHSTAN, 1930-1932

Abstract

The article discusses the history of meat and livestock procurement in the regions of Northern Kazakhstan. The authors analyzed the activities of the procurement network of the All-Union Association of the Meat Industry "Soyuzmyazo", regional and local authorities aimed at implementing the plans in the period of intensive meat procurement, that is, in 1930-1932, in the supply of meat to the industrial centers of the USSR and the Red Army. The research was carried out on the basis of documents stored in the holdings of the republican and regional archives of the Akmola and North Kazakhstan regions. The article, as a result of regional research, contains information about the timing and volume of livestock procurement, the methods of its implementation and its consequences that have affected the socio-economic situation of the local population in the regions of North Kazakhstan.

The authors assume that as a result of meat procurement, coupled with the socialization of livestock during the period of mass collectivization, the population was left with virtually no livestock. In addition, there was a sharp decline in the number of livestock and the state became the main owner of the livestock industry, since livestock procurement, in addition to supplies to Moscow, Leningrad and other industrial centers, also ensured staffing of collective herds on farms and newly organized state-owned enterprises.

In the article, the authors conclude that the population's loss of livestock became the cause of a socio-economic catastrophe - famine. As evidence of this, the article provides examples from archival documents and describes the survival tactics of the Kazakh population in the conditions of famine, which was a consequence of the authorities' activities in the procurement sector.

Keywords: meat procurement, livestock procurement, North Kazakhstan, Karaganda region, "Soyuzmyazo", livestock contracting, convention prices

Введение.

Коренное переустройство сельского хозяйства, осуществленное Советской властью и ВКП(б) в конце 20 – начале 30-х гг. XX века, полностью перекроило социальный ландшафт Казахстана и привело к гуманитарной катастрофе – голоду. Частью этой аграрной политики были насильственные «хозяйственно-политических» кампаний по заготовке зерна и мяса.

Исследование мясо-, скотозаготовок в Северном Казахстане как тема представляет научный интерес в региональной истории, и в то же время в ней будет отражена вся совокупность проблем истории заготовок мяса и скота в Казахстане в целом. В связи с этим в данной статье авторы попытались рассмотреть экономическую сущность, механизмы, этапы и последствия мясозаготовок в Северном Казахстане.

Материалы и методы.

Источниковой базой данного исследования стали документы из фондов Центрального Государственного Архива Республики Казахстан (далее ЦГА РК), Архива Президента Республики Казахстан (далее АП РК), далее Северо-Казахстанского Государственного Архива (далее СКГА) и Государственного Архива Акмолинской области (далее ГААО). В перечень изученных авторами документов вошли сводки по скотозаготовкам в СНК и ЦИК КазАССР, директивные письма секретарей Краевого комитета ВКП(б) в райкомы, внутренние документы Краевой сети Всесоюзного объединения мясной промышленности «Союзмясо» и протоколы заседаний бюро райкомов, президиумов местных исполнительных комитетов.

Для достижения целей исследования и выполнения поставленных задач был применен метод ретроспекции. Этот метод позволил изучить историю скотозаготовок в Северном Казахстане через последовательную реконструкцию событий, начиная с ранних этапов и далее. Основным методом, использованным в статье, является идеографический, который позволил детально изучить конкретные сюжеты и проблемы, выявив их специфику и особенности. Совместное применение этих методов позволяет определить причины, ход и последствия развития исторических событий и явлений.

Обсуждение результатов.

В советской историографии ското-, мясозаготовки как отдельная научная проблема истории социально-политического переустройства Казахстана даже не ставилась. Экспроприаторский характер заготовительных мероприятий советской власти и компартии впервые в историографии был обозначен в заключениях Комиссии Президиума Верховного Совета Республики Казахстан по изучению нормативных правовых актов, приведших к голоду во время коллективизации и в ней утверждалось, что «Комиссия считает незаконными, противоречащими правам человека волонтаристские акции по изъятию сельхозпродукции у населения и квалифицирует их как преступление государства против собственного народа» [1].

В издании «Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства», вышедшим под авторством М.К. Козыбаева, Ж.Б. Абылхожина К.С. Алдажуманова впервые казахстанской историографии была предпринята попытка определения сущности хозяйственно-политических кампаний, таких как ското-, мясозаготовки. На этот вопрос авторы сформулировали тезис, что «кампания по заготовкам скота с самого начала приняла в ауле характер чрезвычайной акции времен военного коммунизма (хотя даже в тот трудный период казахское хозяйство не знало ничего подобного)» [2: 12].

Мясозаготовки как один из ключевых элементов аграрной политики советской власти в Казахстане рассматривал профессор Т. Омарбеков [3]. По результатам своих исследований он приходит к выводу, что мясозаготовки стали основной причиной социальной катастрофы – голода 30-х годов и восстаний среди казахов кочевых и полукочевых районов Каз АССР в 1931–1932 гг. Т. Омарбеков в отдельной главе своей монографии «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті», посвященной скотозаготовкам приводит статистические данные по количеству голов скота на начало заготовок и после, поставкам мяса в Москву, Ленинград и другие регионы СССР из Казахстана и многие другие данные, касающиеся этой проблемы.

К сожалению, в начале 2000-х снизился научный интерес к истории социально-политического переустройства общества в 30-е годы XX века и к проблеме хлебо-, мясозаготовок как ее составной части. И в последующем многие авторы публикаций по темам связанным с голодом 30-х, коллективизацией в основном лишь повторяли тезисы Т. Омарбекова. Научный интерес к проблеме мясо-, скотозаготовок вновь возник в 20-е годы XXI века в контексте исследований причин голода среди казахов и повстанческих движений в 1930-е годы. В научных журналах увидели свет статьи З. Г. Сактагановой [4]; К. А. Алдажуманова, Стамшалава [5]; Берлибаева, Жубанышова, Шамшиденовой [6], в которых затрагивались различные аспекты скотозаготовок.

Изучали данную проблему и европейские исследователи, среди которых можно выделить Р.Киндлера [7] и Н. Пианчиолу [8]. Роберт Киндлер рассматривает резкое сокращение численности поголовья скота как фактор, повлиявший на события 1930-1934 гг, то есть, на возникновение голода среди казахов. Он исходит из того, что одной из причин сокращения поголовья были хлебозаготовки и масштабные реквизиции скота и делает вывод, что «сами задания по мясу объясняют такое сокращение лишь частично. Для выполнения плана мясозаготовок на 100 % в 1929-1931 гг. понадобилось бы забить не более 9,5 млн голов» [7: 155]. По мнению Киндлера причиной в фатальном снижении количества скота были «системные слабости советского планового хозяйства, в котором каждый деятель думал только о том, чтобы продемонстрировать как можно более высокие количественные показатели, мало заботясь о последствиях своих действий».

Н. Пианчиола в своей обзорной статье «Жертвывая казахами: сталинская иерархия потребления и Великий голод 1931–33 годов в Казахстане» констатирует, что его «исследование во многом дополняет, но и уточняет выводы единственной на сегодняшний день монографии («20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» Т. Омарбекова – *авторы*), посвященной вывозу мяса и скота из Казахстана во время голода» [8: 227]. В статье Н. Пианчиола вводит в научный оборот документы из российских архивов, на основе которых подробно анализирует место и роль Казахстана в системе продовольственного обеспечения в СССР, статистические данные мясозаготовок в КазАССР и приходит к выводу, что «самой главной непосредственной причиной масштабов голода в Казахстане стали массовые кампании по реквизиции скота в 1930-1932 годах» [8: 265].

Состояние животноводства. К моменту окончательного сворачивания нэп в 1928 году, в ходе административных реформ Акмолинская губерния была упразднена и на ее месте были образованы Акмолинский и Петропавловский округа, в состав которых вошли новые административно-территориальные единицы – районы вместо уездов.

Переход к нэпу, относительная свобода рынка способствовали восстановлению сельского хозяйства, служили базой его роста и развития. Особенно эта тенденция проявилась в животноводстве. Но рост поголовья скота, наблюдавшийся в период нэпа, остановился в 1928 году, а начиная с 1929 года наметилось его падение, о чем свидетельствует таблица 1.

Таблица 1. Данные по количеству скота в Акмолинской губернии и округах с 1925 по 1930-й год.

Административно-территориальная единица и год	Лошади (тыс. голов)	КРС (тыс. голов)	овцы и козы (тыс. голов)
Акмолинская губерния			
1925 [9]	611,6	1284,1	1342,7
1926 [10]	840,6	1570,0	1735,0
1927 [10]	812,9	1714,1	1 974,4
Петропавловский округ			
1928 [11]	470,8	1013,8	1255,7
1929 [11]	440,0	854,6	1181,1
1930 [12]	307,3	501,1	568,9
Акмолинский округ			
1928 [13]	316,0	746,5	945,3
1930 [12]	233,0	421,9	940,1

Материалдар. Мақалада 1918-1925 жж. Түркістан республикасындағы қазақ баспасөзінде жарық көрген мақалалардың түпнұсқасы берілген және отандық, шетелдік авторлардың тақырыпқа қатысты еңбектері ғылыми тұрғыдан талданған. Тақырыпты зерттеу аясында архив құжаттары кеңінен пайдаланылып, тақырып төңірегінде бір жүйеге келтіріліп, объективті тұрғыдан саралау басшылыққа алынды. Сондай-ақ, аталған кезеңде баспасөз беттерінде жарық көрген қазақ ағартушыларының мақалаларын қорыту жалпыға ортақ тарихилық, жүйелік, оларды ғылыми тұрғыда зерделеу сияқты әдіс-тәсілдер негізінде жүзеге асырылды.

Әдістері. Нысанаға алынған тақытыпты зерттеу барысында оқу-ағарту жұмыстарының теориялық-методологиясын қарастыру өте маңызды. Мысалы, Н.Төреқұлов өз еңбегінде аталған кезеңдегі жаппай сауатсыздықпен күресу, кәсіби білім беруді ұйымдастыру, ғылым мен мәдениеттің дамуындағы нақты және теориялық мәселелерін қарастырып, оның методологиялық негіздерін жасайды [1]. Сол сияқты К.Н. Нұрпейісовтың [2] жекелеген зерттеулері қазақ зиялыларының ағартушылық саласына сіңірген қызметтері туралы методологиялық тұрғыдан қарастырған.

Өзбек ғалымы С.С. Агзамходжаевтың «Түркістан автономиясы тарихы» [3] атты еңбегінде, 1918-1925 жж. Түркістандағы қазақ зиялыларының ағартушылық саласындағы қызметі уақыт өте келе ондағы оқу орындарының оқу-материалдық базасының нығаюы мен ғылыми-педагогикалық мамандардың даярлануына әсер еткендегі кеңінен қарастырылған. Автордың аталған еңбегінде 1918-1925 жж. Түркістандағы қазақ зиялыларының баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары әлі де арнайы зерттеуді қажет ететіндігінің маңыздылығы қарастырылған.

Өзбек тарихшысы К. Каракаевтың «Кеңестік Өзбекстандағы ғылымның дамуы» атты еңбегінде [4], Түркістандағы қазақ баспасөзінің даму тарихына қатысты мол деректер топтастырылған. Бұл деректердің тарихи маңыздылығы Түркістандағы қазақ баспасөзінің даму тарихының ашылмаған қырларының мол екендігін байқатады.

Орыс ғалымы К.Е. Бендриковтың «Түркістан халықтық білімінің тарихы очеркі» атты еңбегінде [5]: Түркістан Халық Ағарту комиссариаты жанында жұмыс жасаған Қазақ ғылыми комиссиясында болған қазақ ағартушылары жергілікті халықтар арасында интеллектуалдық тұрғыда өте қуатты болды және құрамы жағынан да ерекше болды, - деген тұжырым жасайды.

Түркістандағы қазақ зиялыларының ағартушылық қызметіне байланысты Ж.Амантаев [6], Р.Б.Сүлейменов, Х.И.Бисенов [7], А.И.Сембаев [8], С.Бисембаев [9], Б.А.Төлепбаевтардың [10] еңбектерін ерекше атаған жөн. Себебі, Түркістан өлкесінде оқу-ағарту саласында еңбек еткен қазақ зиялыларының қызметтері туралы жазылған Ж. Амантаевтың еңбегі алғашқы еңбектер қатарында. Сондай-ақ Түркістан өлкесінде халық шаруашылығын дамыту жолындағы қазақ зиялыларының сүбелі үлесі Р.Б. Сүлейменов пен Х.И. Бисеновтың зерттеуіне арқау болған. Түркістан өлкесінде алғаш ашылған жоғары оқу орны Орта Азия мемлекеттік университетінің жасақталуы барысында кадр мәселесінің жетіспеушілігі мен білім беруде тілге қатысты орын алған қиындықтар туралы деректер А.И. Сембаевтың кітабында берілген. Түркістан өлкесінде ашылған оқу орындарының келешекте Сырдария мен Жетісу аймақтарында ашылуына жағымды ықпал еткендігі С. Бисембаев пен Б.А. Төлепбаевтың еңбектерінде деректік құжаттар негізінде сараланған.

Нәтижелер және талқылау.

1918-1925 жж. қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі баспасөз беттерінде жиі жарияланып, назарда болды. Аталған кезеңде Түркістан өлкесінде Кеңес өкіметін орнату барысы таптық күреске ұласты. Жергілікті зиялы қауым өкілдері большевиктердің жасаған қылмыстарын жұртшылыққа «Бірлік туы» газеті және жергілікті баспасөз беттері арқылы дәлелдеуге тырысты. 1917 жылдың тамызынан 1918 жылдың сәуіріне дейін 29 саны жарық көрген «Бірлік туы» газетіне М. Шоқай, С. Қожанов, Қ. Болғанбаевтар басшылық жасады. «Бірлік туы» газетінің алғашқы сандарын алған Орынбордағы «Қазақ» газеті «Ішкі хабарлар» деген айдарында келешекте бұл газет жала жапқан марқұм «Алаш» газетіндей болмай, қазақ-қырғыздың шын қызметкері, шын жолбасшысы болсын! – деп жазды [11, 1 б.].

«Бірлік туының» бастапқы екі нөміріне – М. Шоқайұлы, мұнан кейінгі он төрт санына – Х.Болғанбайұлы, он алтыншы санынан соңғы нөмірлеріне дейін – С. Қожанұлы редакторлық жасаған. Жалпы алғанда «Бірлік туы» газетінің ұстанған бағыт-бағдары туралы мәліметті Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» туындысында айтылған.

«Бірлік туының» 1917 жылғы 12 қарашадағы 15-ші санында газетке Орынбордан жолданған Бөкейханұлы, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Бірімжанұлы, Ғұмарұлы, Досжанұлдарының «тілгірамы» басылған. Онда 5 желтоқсанда Орынбор қаласына әр уезден екі зиялы адамды өкіл қылып жіберу

сұралған. Бұл әйгілі жалпы қазақ-қырғыз сиезіне шақыру еді. Тарихи жиын өз дәрежесінде өтеді. Алайда, 1918 жылы қаңтарда Орынборды қайта большевиктер алып, ізгі мақсаттың бәрін тасталқан етті. «Қазақтың» 260-саны 17 қаңтарда шықты да, мұнан соң басылуын амалсыз тоқтатты. Ал, 261-саны 23 шілдеде бір-ақ шықты. «Қазақ» 1918 жылы қыркүйек аяғында мүлде жабылды. Яғни, жеті айдай шықпай тұрған. «Бірлік туының» 1918 жылы 9 сәуірдегі 28-санында Ахмет пен Міржақып: «Қазақты» уақытша тастап отырамыз. Тірі болсақ, алаш қызметінен неш уақыт бас тартпаймыз» - деп жазды [12, 67-68 бб.].

Осы деректерге назар сала отырып, газеттің Қоқан автономиясын, кейін Түркістан автономиясын да қолдап, түрік мұсылмандарының тұтастығы үшін күрескендігін көреміз. Сонымен қатар, бұл газет большевизмге қарсы шығу арқылы Алаш идеясын қабылдап, жалпы қазақ сиезінің шешімдерін орындауды мақсат еткен.

Оны газеттің 1918 жылы 29 қаңтардағы 21-санында жарияланған С.Қожановтың мақаласынан көруге болады. Онда ол былай деген: «25 нойабырда жалпы Түркістан мұсылмандарды болып «бәлшеуіктерге бой ұрмаймыз» деп, Хохант шаһарында сиез жасап, афтаномия ығлан етіп еді. Бәлшеуіктер бұған да жол тапты. Бұл жол: «Афтаномияны Түркістанның байлары һәм молдалары ғана істеп отыр. Кедейлердің қатысы жоқ, олар біздің жақта. Соның үшін біз бұл афтаномияны танымаймыз» деп отыр.... 25 декабірде Хохантта жұмыскері бар, егіншісі бар, тағы сиезде Түркістан афтаномиясын жақтап, бәлшеуіктерге қарсы қаулы жасап еді. Бұған да ... дәлел көрсетті... Бүтін Сырдария облысы қазақ-қырғызы ғинуардың 6-сында Түркістан шаһарында сиез жасап, Түркістан афтаномиясын жақтап, бәлшеуітерге қарсы қаулы жасады. Енді бәлшеуіктер ... тағы ... жалтарып шыға келді» - деп, Түркістанда большевиктер жүргізіп отырған әділетсіздікті ашына айтады. Мысалы, олар түркістандық қой терісін жамылған отаршылдарға, көзі қарайған орыс пролетариаты мен крестьяндарына сүйеніп, ойларына келгенін жасаған... [13, 2 б.].

С.Қожанов өзінің мақаласы арқылы большевиктердің қылмысын әшкерлейді. Ол 1918 жылы 15 наурыздағы №25 санында жазған «Тұла бойлары қан сасиды» атты мақаласында былай дейді: «Бірлік туы» газетінде: «13 ғинуардан 10 фиуралға дейінгі күндер Түркістан халқының есінен өмірінде шықпас. Ол күндері адам-хайуан өзінің бет-аузын Түркістан халқына ашық көрсетті», - деп бастап, жалпы жұрт басына түскен қиындықтың себеп-салдарына үңіледі. Қаламгер Қоқандағы қырғынның жайын қабырғасы қайыса отырып жазады да, соңында: «Сорлы Түркістан! Сен кеше «Бостандық болды, теңдік күні туды» деп қашанғы жоғалтқан еркіндігіңе талпынып едің ғой. Сен Русияның үлкен өзгерісінің буына желігіп, баяғы айбыны күшті Темірің мен ақылы дана Бабырларыңды есіңе алып едің ғой. Жоқ, босқа алданғансың! Шеттен келген бұл буменен үлкен теңдік тірілмейді. Сен ол теңдікті шын өксіп, анық сағынған болсаң, өзгеріс буы саған әл болмайды», - деп қорытынды жасайды [14, 3 б.].

Ал, «Бірлік туы» газетінде «Арғын баласы» деген бүркеншік атпен жазған автор «Қазақ халқының дұшпандары» атты мақаласында елді ауызбірлікке, Алаш туының астына жиналуға шақырады. Осы еңбекте «Қазақ» газетін жапқан, Алаш автономиясы істеріне тиым салған кезінде «Жалбағаев» болып жүріп шоқынып, «Степанов» деген фамилия алған Жангелдин мен патша охранкасының тыңшысы қызметін атқарған Мұхамедияр Тұңғашин туралы дәлелді мәліметтер айтылады.

Мақаладан: «Заман ол кулардың дегенінше тұрмас. Ол азуы алты қарыс Николайды да тақтан тайдырған заман ғой. Қазақ халқы да жоқ болып құрып қалмас. Көп кешікпей бұл бұзықтар қазақ сотының алдында жауап берер һәм тиісті жазасын тартар», - деген жолдарды оқимыз [15, 2 б.].

«Бірлік туы» газеті тек саяси мақалалар ғана емес, фельетон, өлең сияқты мәдени-ағарту салаларына қатысты мәселелерді жариялап тұрған. Айталық, мұнда М.Дулатовтың шап-шағын, уытты «Николайға шағым хат» атты фельетоны жарық көрген [16, 1 б.].

М.Дулатовтың бұл мақаласында Ресейдегі патша құлаған соң, қазақ жеріндегі Ресей шенеуніктері мен олардың жандайшаптары сынға алынады. Сондай-ақ, газет бетінде 1917 жыл 25 қарашада жарық көрген С.Қожанұлының «Қайтейін?» [17, 3 б.], 1918 жылы 30 наурыздағы

Б.Майлыұлының «Не жаздым, Құдай?» [18, 1 б.] атты өлеңдері елдің ауыр халін суреттеп, большевиктердің билігінен түңіледі.

Міне, 1917-1918 жылдары жарияланған бұл мақалалар «Бірлік туы» газетінің «Қазақтың» жолымен жүргенін аңғартады. Осыған байланысты 1918 жылы «Бірлік туы» газеті большевиктер тарапынан қысымға алынып, ақыры жабылады.

Осындай қиын кезде Н.Төреқұловтың «Ақ жол» газетінің жарық көруіне атсалысқан іс-әрекеті ерлікке пара-пар екенін С.Сейфуллиннің 1937 жылы Л.Мирзоянның атына жазған хатынан аңғаруға болады. Онда былай делінген: «1920 жылы Москвада өткен РСФСР Кеңестерінің VIII съезі тұсында мен бір жолдаспен Жангильдин жолдастың бөлмесіне кірген кезде, онда Рысқұлов пен Төреқұлов жолдастар отыр екен. Сол кезде Төреқұлов Түркістан АССР-нің астанасы Ташкентте қазақтардың «Ақ жол» атты газетін ұйымдастырғанын және оны Ташкентке шақыртылған белгілі жазушы Мыржақып Дулатов басқарып отырғаны жөнінде айтып мақтанды. Мен болсам оған шыдамай кетіп былай дедім: «Сенің газетінің аты ақгвардияшыл және «беделді» жазушы Дулатовта ақгвардияшыл. Менің бұл айтқаныма Рысқұлов күлсе, Төреқұлов бозарып кетті [19, 257-258 бб.].

Осы тұста «Ақ жол» газетінде арнайы Мағжан Жұмабаев туралы мақала шығып, онда Түркістан өлкесінде оның өлеңдер жинағы басылып шыққандығы туралы хабарланады [20, 4 б.]. Дегенмен, М.Жұмабаевтың шығармаларынан түрікшілдікті байқаған Түркістан коммунистері оны жан-жақтан сынға ала бастайды. Осы арада Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» атты сыни мақаласын ерекше атап өту қажет. Ташкенттегі қазақ студенттеріне баяндама ретінде жасалған бұл мақала 1923 жылы «Лениншіл жас» журналының 5-санында жарияланды. Аймауытов атаулы мақаласында Жұмабаевтың ақындық шығармашылығын, Маркстің «Сананы тұрмыс билейді деген ойын басшылыққа ала отырып, Жұмабаевтың өмір жолы мен қалыптасу эволюциясын қоғам ахуалымен байланыстыру жолымен қарастырады. Осыдан әр адамның, әр ақынның өрісі бірінші – заманға, екінші – туып-өскен әлеуметіне, үшінші – нәсіліне байлаулы деген тұжырымға келеді. Сондай-ақ, қазақ жұртында тап жігі, байлар, кедейлер табы деген мүлде жоқтығын назарға алып, Ж.Аймауытов М.Жұмабаевтың ақындығын таптық тұрғыдан талдауға қарсылық білдіреді.

Өйткені, Ж.Аймауытов М.Жұмабаевты тап жырлаушысы емес, ұлт жанды ақын деп көрсетеді. Ж.Аймауытов мақаласында М.Жұмабаев өлеңдерінің мән-мағынасын кезенді түрде талдайды. Алдымен қайраткер оның «Ғалия» медресесінде, одан 1913 жылы Омбыдағы мұғалімдер семинариясында оқыған тұсында шығарған «Туған жерім – Сасықкөл», «Анама», «Жауынгер жыры», «Қараңғы дауылды түн», «Орал», т.б. өлеңдеріне тоқталып, бұлар патшаның отаршылдық саясатына қарсы жазылған өлеңдер деп көрсетеді. «Мағжан терең ойдың ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны» – деп қорытындылайды [21, 3 б.].

Ж.Аймауытовтың М.Жұмабаев ақындығына қатысты айтылған ой-пікірлері артынан қазақ әдебиетшілері арасында үлкен пікірталас туғызады. Тіпті, 1926 жылы Мәскеудегі Кеңес Одағы елдерінің кіндік баспасынан Ғаббас Тоғжановтың «Жүсіпбектің сыны, Мағжанның ақындығы туралы» атты кітабы жарық көреді. Кітаптың негізін Тоғжановтың 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Көркем әдебиет туралы марксистдер не дейді?», «Мағжан совет тұсында», «Мағжанның жақсылығынан біз безбейміз?» деген мақалалары құрайды.

Аталған еңбекте Тоғжанов М.Жұмабаевтың ақындық шығармашылығы турасында білдірген Аймауытов ой-тұжырымдарын таптық қағида тұрғысында сынға алады. «Қазақта тап жоқ, тап ақыны да жоқ» деген Ж.Аймауытовтың пікірін баса көрсете келіп, «Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, жаңагерлікке қарсы күншығысшыл ақын.

Міне, Жүсіпбектің Мағжан туралы айтатын пікірі осы... Жүсіпбектің ойынша қазақ коммунистері өздеріне жақпаған ақынды өртеп жібереміз деп айтатын сықылды. Жүсіпбекте жұмысымыз жоқ, қалай десе де еркі ғой. Бірақ дені дұрыс коммунист мұны айтпайды... Құрметті, Жүсіпбек сыншы! Коммунистер өздерінен басқа ақынды өртеп жібереді деп таусылмай-ақ қояйық.

Өртенген ақын болса, біз өртемейміз, заман өртейді, тарих өртейді», - дейді [22, 19-22 бб.]. Расында да, өткен істі саралап, таразылау үнемі уақыт пен тарих үлесіне түсетіні анық.

1923 жылы Орынборда Қадырбаев Сейдазымның орысшадан қазақшаға аударуымен «Қылмыс заңы» жарияланған болатын. Осы себепті іле-шала уақыттан соң «Жауыздық низамнамасының» жарыққа шығуы ұлт зиялылары арасында үлкен талас тудырады. Әсіресе, «Низамнамада» көрсетілген 171-бап төңірегінде үлкен пікірталас болады. 171-бапқа келетін болсақ, онда: «ойнас (проституция) үшін, жеңгелікке жүргенге (әйел тауып берушілерге), долық (әйел ұстаушылықтарға) ұстаған һәм әйелдер жинағанға малы бүтіндей, ия жарым-жартысы қазынаға алынып, үш жылдан кем емес уақытқа кіріптарлық бой ұрылады», - делінеді [23, 1 б.].

Міне осы бапқа байланысты қазақ зиялыларының ой-пікірлері Ташкентте басылып шыққан «Ақ жол» газетінің бірнеше санында жарияланып, қызу пікірталас жүргізіледі. Алдымен, «Ақ жолдың» 436-санында М.Дулатовтың «Мадияр» бүркеншік есімімен берген «Жауыздық низамнамасы» атты мақаласы жарық көреді.

Мұнда Дулатов негізінен «Низамнамаға» егжей-тегжейлі сын береді. Ал 171-бапқа қатысты айтқанда, ол баптың «проституциядан» «ойнас» деп аударылуының өзі дұрыс еместігін, сондай-ақ бұл бапты мүлде заңға кіргізуге болмайтындығын атап көрсетеді.

Артынша, 19 маусымда шыққан «Ақ жол» газетінің 449-санында Дулатовқа жауап ретінде Түркістан Республикасының Юстиция Халық комиссариатының алқа мүшесі Оразбаев Әбдірахманның мақаласы жарияланады. Мақалада республиканың Білім Кеңесі, білім Комиссарлары, мұсылман газеттері мен күншығыс және қазақ-қырғыз институтының өкілдерінің қатысуымен арнайы мәслихат өткізіліп, Дулатовтың атаулы сыни мақаласында көрсетілген кемшіліктер жан-жақты талқыға алғандығы айтылады.

Дулатовтың егер 171-бап заңға енсе, ел арасында «пәленшенің әйелі ойнас қылады, түгеншенің әйелі жеңгелікке жүреді» деген мазмұндас арыздар көбейіп кеткендігін айтқан пікіріне «Низам» ойнасты, ойнас үшін жеңгелікке жүруды жауыздық деп білетіндігін, ал бұл Дулатовқа жақпаса, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетіне «Низам» қолайсыздығын, қазақтың өтірік арыз берушілері көп екендігін айтып арыз берсін десе, Дулатов оған мүмкіндігінше былайша жауап береді: «... Жаһанша мен Әбдірахманбектің ойынша Закон деген нәрсе «айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау»... Закон деген нәрсе халықтың тұрмысынан, салтынан алған емес пе?» [23, 3 б.]. Мінеки, бұл мәселе төңірегінде осындай жағдайда туындаған кең көлемді пікірталасқа сол уақытта Ташкентте Қазақ Ағарту институтында ұстаздық еткен Ж.Аймауытов та қатысады. Оның «Қазақта «жезөкше» бар ма?» атты мақаласы «Ақ жолдың» 496-санында жарияланады. Қайраткер мұнда әйел денесін сату Еуропа халқында, үлкен қалаларда барлығын, ал осы «жезөкшелікті» туғызатын тұрмыс талқысы мен тіршілік таласы деп айқындайды. Кәсібі мал бағу, егін салу сияқты Сарыарқа елінде «жезөкшелік» жоқтығын, сондықтан бозбалашылық пен жеңгетайлыққа «ойнас» деп қарау дұрыс еместігін айтады.

Одан әрі үлкен қала, теміржол маңында тұратын тұрмыстары онша емес, не болмаса, мал табуға қызыққан қазақ әйелдерінде «жезөкшелік» жоқ еместігін, ондай әйелдер, әсіресе, Ташкент, Ақмешіт сияқты үлкен қалаларда жәрмеңке өткізілетін уақытта жиі кездесетіндігін баса көрсетеді. Мақала соңында Ж.Аймауытов «... қазақтарда «жезөкше» бар, не жоқ деп кесіп айтуға болмайды. Оны жерінің ауасына, елінің салтына, кәсібіне қарап шешу керек. Қазақтың соты қалада да, далада да бар. «Жезөкшелік» қылмысын қарастыру қалалы жердегі соттардың жұмысы болуы керек. Қырдағы, ел ішіндегі соттарға қолдануға тура келмейді» – дейді [24, 2 б.].

Өкінішке орай, бүгінгі күні бұл мәселе қалалы жерде де, ауылды аймақта ла туындап отыр. Ендеше, Аймауытов көрсеткеніндей, бұны қалалы, ауылды жерге бөліп қарамай, жезөкшелікті бүтіндей заңға енгізу қажет. Кезінде М.Дулатов айтқандай, қазіргі уақыттағы қоғамда жезөкшелік жоқ деп ешкім кесіп айта алмас. Өйткені, бүгінгі біздің ортамызда бұл құбылыс кең етек алғаны әркімге-ақ аян.

«Ақ жол» газетінде Түркістанда орын алып отырған саяси және мәдени-ағартушылық мәселелерді талқылауда және оның өсіп өркендеуіне С.Қожановта өз үлесін қосты. Ол Халық-

Ағарту комиссары ретінде «Ақ жол» газетіне ғана емес, республикада баспасөз және бұхаралық ақпарат құралдарының дамуына ерекше көңіл бөлді. С.Қожановтың комиссариатты басқарған тұсында, яғни, 1922-1923 жылдары Ташкент қаласында өзбек тілінде «Түркістан», қазақ тілінде «Ақ жол», орыс тілінде «Туркестанская правда» және т.б. көптеген республикалық газеттер мен өзбек тілінде «Инкилоб», түрікмен тілінде «Түрікмен тли», қазақ тілінде «Шолпан» және т.б. айына екі рет шығатын журналдар жарияланып тұрды.

Қандай жауапты қызметте жүрсе де, С.Қожанов ағартушылық қызметін тастамаған қайраткер еді. Оның «Қармақшы мектебі» («Ақ жол», 1921 ж. 16 қаңтар), «Халық ағарту-оқу майданына күшті аудару керек» («Ақ жол», 1922 ж. 21 қазан), «Соқырдың тілегені екі көзі» («Ақ жол», 1923 ж. 27 мамыр), «Оқу жұмыстары жұртшылықтың туы, жұртшылыққа құрал болуға тиіс» («Ақ жол», 1923 ж. 8 ақпан), «Орнықты шын жұртшылық ағарту арқылы ғана табылады» («Ақ жол», 1923 ж. 10 ақпан), «Қазақ-қырғыздың ұлт мектебін жасауға кірісіндер» («Ақ жол», 1923 ж. 31 наурыз) атты мақалалары осыған дәлел. С.Қожановтың бұл мақалаларында оның ағартушылық көзқарастары әр қырынан көрініс тапқан және республикадағы ағарту ісіндегі кемшіліктер мен кейбір қателіктерді ашық көрсетілген.

С.Қожанов жариялаған мақалаларының қай-қайсысы да ең алдымен күнделікті тіршіліктің талаптарына, ағарту майданының сұраныс-сауалдарына жедел жауап беруімен бағалы. С.Қожановтың тұсында Халық Ағарту комиссариаты «Ағарту хабаршысы» «Коммунистік мәдениет» атты журналы мен газетін шығарған [25, 104 п.].

Ә.Қоңыратбаевтың көркем әдебиетке келуі де және алғашқы шығармашылық қызметі осы «Ақ жол» газетінде басталған. 1923 жылы «Ақ жол» газетінің бетінде Ә.Қоңыратбаевтың «Ботагөз» атты шағын әңгімесі де жарық көрген. Бұл жылдары ол «Шолпан» (редакторы – И.Тоқтыбаев), «Ақ жол» (редакторы – С.Қожанов), «Жас қайрат» (редакторы – Ғ.Мұратбаев) секілді газет-журналдарда корректор, түнгі редактор, шығарушы қызметтерін атқарады. Сонымен қатар жас зерттеушінің қазақ халқының фольклор мұралары мен этнографиялық ерекшеліктеріне қатысты еңбектері «Жас қайрат» журналының бетінде жарыққа шығып тұрған. Солардың қатарында «Елдің күлкілі әңгімелері», «Шын таз», «Жұмбақтар», «Қазақтың құдалық жөніндегі кәдесі, ырым жора-жоралары» атты материалдарды атасақ та болады [26, 59 п.].

1920-1925 жылдар аралығында қазақ халқының «Ақ жол» газетінен басқа 1923 жылы Х.Досмұхамедовтың бастамасымен ғылыми көпшілікке арналған әдеби альманах - «Сана» журналы шығады. Х.Досмұхамедұлы ғылыми-көпшілік, әдеби-альманах журналын шығаруды 1922 жылы Қазақ ғылыми комиссиясының жоспарына енгізген болатын.

Нәтижесінде Мемлекеттік Ғылым Кеңесі Хәлел Досмұхамедұлының дәлелді ұсыныстарын қолдап, оның жоспарына қаржы бөлу туралы шешім қабылдайды. Осыдан кейін Х.Досмұхамедұлының ұйымдастыруымен Қазақ ғылым комиссиясының ұжымы журналды баспадан шығаруға күш салады. «Сана» журналының мақсаты туралы Х.Досмұхамедұлы былай деп жазған еді: «Сана, шындығында, журнал емес, бөлек басылып шықпайтын уақ білім сөздерінің жиынтығы. Оқу кітабын жазу қиын жұмыс, ұзаққа созылатын. Жиі шығарып тұру қолымыздан келмегендіктен, білім беретін уақ сөздерді жиып, журнал ретінде шығарып тұруды ойладық» [27, 1-5 б.]. Осындай қиын істі басқара отырып, Х.Досмұхамедұлы баспасөздің көркемдік сапасына, ғылыми тереңдігіне, әдеби тартымдылығына, тақырыптың өзектілігіне, сауаттылығына көп көңіл бөлді. Осы тұрғыдан Х.Досмұхамедұлының білікті маман, баспагер, редактор және талғамы өте жоғары тұлға екенін көреміз.

1923 жылы шыққан журналдың алғашқы санында «Сананың» бағдарламасы жарияланады. Бұл бағдарлама бойынша «Сана» журналы педагогикалық құрал ретінде де сипатталған. Журналдың бір санының сметалық шығыны мен мазмұн көрсеткіштері былай белгіленді: «Журналдың көлемі шамамен 8 баспа табақ, ал таралымы – 200 дана. Журналға берілетін тақырыптар төмендегідей етіп бөлінді:

- А) ғылыми-педагогикалық тақырыпқа – 3 баспа табақ;
- Б) көркем-әдебиет тақырыбына – 3 баспа табақ;

В) этнографиялық тақырыбқа – 1 баспа табак;

Г) басқа тақырыптарға – 1 баспа табак.

Сонымен қатар журнал шығаруға кеткен шығын мөлшері алтын ақшамен жылына – 6632,60 сом, айына – 552,76 сомды құрады [28, 22 п.].

Алайда қаржының тапшылығы, маман қаламгерлердің аздығы тағы басқа жағдайларға байланысты «Сана» журналы 1924 жылы жабылып қалады. Небәрі он жеті-ақ саны жарық көрді. Мәселен, 1922-1923 жылдары Ташкент қаласында қазақ тілінде «Ақ жол» газет, «Шолпан» атты журналдың шығып тұруына негіз қалаған.

1923 жылы желтоқсанда Т.Рысқұловтың басқаруымен Тұраткомның жиналысы болып, Халық ағарту ісіне көмектесу Бюросы мен Мәдени кеңестің алдына тұрған міндеттер кең түрде талқыланып, оған мерзімді баспасөзде мынандай тақырыптарға мақалалар жариялау тапсырылады.

Атап айтқанда, ескі және жаңа мектептердің арасындағы айырмашылық; халық ағарту ісі және елдің экономикасы; техникалық білім және өнеркәсіп; білім және бостандық; жеке ынтаның рөлі; мұғалім және мектеп; оқулық және мектеп; мектеп және көшпелілердің міндеттері; мектеп және диқандардың міндеттері; мектеп және «Қосшы» одағының міндеттері; мектеп және зиялы қауым; мектеп және жергілікті өкімет орындарының міндеттері және тағы басқалары [29, 95 п.].

Сондай-ақ, Т.Рысқұлов басшылығы кезінде барлық мемлекеттік актілер – қаулылар, декреттер, заңдар – қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен және орыс тілдерінде жүргізіле бастайды.

1923 жылы 21 қарашада газет тілшісіне берген жауабында Т.Рысқұлов бұл мәселе туралы былай деп атап көрсетеді: «Істі жергілікті тілдерде жүргізу және мемлекеттік аппаратқа осы тілдерді жетік білетін адамдарды қамту мәселесі – КСРО-ның республикалары мен автономиялы облыстарының қазіргі өмірінің ең негізгі мәселе болып табылады. Бұл міндеттің іске асырылуы – ұлт мәселесін шешуді негізгі сәті болып табылады [30, 386 б.].

Одан әрі Т.Рысқұлов Түркістан Республикасында қабылданған мемлекеттік істерді жергілікті тілдерде жүргізу бағдарламаның дер кезінде қабылданғанын атап көрсетеді. «...Түркістан Республикасы үкіметі соңғы нұсқау баяндалып отырған мәселеге айқындық беріп, кеңес аппаратын жергіліктендіру жұмысының бағытын белгіледі. Тіл туралы №130-шы қаулы соңына дейін іске асырылуы тиіс», - дейді Т.Рысқұлов [30, 386 б.]. Сол кезде, яғни, 1924 жылы республикада 46 газет және 22 журнал шығып тұрған [31, 367 б.]. Бұл газет-журналдардың барлығы ұлт мүддесіне қызмет етудің негізгі бағыттарын анықтап, өлкенің білім алушы жастарын жергілікті баспасөз қызметін дамытуға шақырды.

Қорытынды. Мақалада Түркістандағы қазақ баспасөзінің даму тарихында қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі мен олардың мәдениет саласына қосқан еңбектерінің маңыздылығының кең тарихнамасы бар екенін аңғартады. Аталған кезеңдегі халықтың білім деңгейінің өсуіне баспасөз қызметінің әсері архив құжаттарындағы деректермен нақты дәйектелген. Сонымен қатар тарихи-қоғамдық саланы қамтыған баспасөз қызметінің даму тарихы мен әдістері жан-жақты зерделенді.

Большевиктердің билікке келуінен кейінгі жылдарда ұлттар арасында ұлттық мүдденің халықтық, халықтар достастығы, коммунистік партия деген ұрандармен алмастырылуынан кейін, ұлттық мақсатта халыққа қызмет еткен газет-журналдар мемлекет тарапынан қатаң қадағалауға алынып, түбегейлі өз жұмыстарын тоқтатты. Өзіндік эволюциялық даму жолымен дамыған Түркістандағы қазақ баспасөзінің қызметі өзгеріске ұшырады. Өз уақытында халыққа қажетті қызмет көрсеткен баспасөз қызметіндегі ұлттық, бірлік, азаттық сияқты бағыттар бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жойған жоқ. Сондықтан, қазақ баспасөзінің даму тарихын алдағы уақытта зерттей түсу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төреқұлов Н. Шығармалар. Сочинения. - Алматы: Қазақстан, 1997. - 320 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.

3. Агзамходжаев С.С. История Туркестанской автономии: (Туркистон Мухторияти). – Ташкент: Ташкент ислам университети, 2006. – 268 с.
4. Каракаев К. Развитие науки в Советском Узбекистане. – Фрунзе: АН КиргССР, 1962. – 234 с.
5. Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1917 годы). – Москва: Академия педагогических наук РСФСР, 1962. – 602 с.
6. Амантаев Ж. Развитие высшего образования и науки в Казахстане. – Алматы: Казучпедгиз, 1957. – 210 с.
7. Сулейменов Р.Б. Бисенов Х.И. Сүлейменов Р. Бисенов Х. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. – Алматы: Наука, 1967. – 422 с.
8. Сембаев А.И. Очерки по истории казахской советской школы. – Алматы: Казахское государственное учебно-педагогическое издательство, 1958. – 325 с.
9. Бейсембаев С. Ленин и Казахстан. – Алматы: Казахстан, 1968. – 490 с.
10. Тулепбаев Б.А. Торжество ленинских идей социалистического преобразования сельского хозяйства в Атедней Азии и Казахстане. – Москва: Наука, 1971. – 482 с.
11. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 17 шілде.
12. Қамзабекұлы Д. Руханият. (Мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: Білім, 1997. – 272 б.
13. Қожанов С. Түркістанда орыс сиездері // Бірлік туы. – 1918. – № 21.
14. Болғанбайұлы Қ. Тұла бойлары қан сасиды // Бірлік туы-1918. – № 25.
15. Аргын баласы. Қазақ халқының дұшпандары // Бірлік туы-1918. – № 24.
16. Дулатұлы М. Николайға шағым хат // Бірлік туы. – 1917. – № 14.
17. Қожанұлы С. Қайтейін? // Бірлік туы. – 1917. – № 16.
18. Майлыұлы Б. Не жаздым, Құдай // Бірлік туы. – 1918. – № 27.
19. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1918-2007 жж. – Алматы: Елшежіре, 2008. – Т. 4. – 472 б.
20. Қазақ ақындары // Ақ жол. – 1924. – № 420.
21. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Ленишіл жас. – 1923. – 25 қаңтар.
22. Тоғжанов Ғ. Жүсіпбековтың сыны, Мағжанның ақындығы туралы. – М., 1926. – 71 б.
23. Дулатов М. Баяғы, жауыздық нызамнамасы // Ақ жол. – 1924. – № 463.
24. Дулатов М. Тағы да сол жауыздық нызамнамасы // Ақ жол. – 1924. № 464.
25. Центральный государственный архив Узбекской республики. Ф. – 39, Оп. – 1, Д. – 407. Л. – 104. //Журналы Заседания Коллегии Наркомпроса.
26. Центральный государственный архив Узбекской республики. Ф. – 372, Оп. – 1, Д. – 407. Л. – 59. //Выписка из протокола Заседания Коллегии НКВД Турк.АССР.
27. Досмұхамедұлы Х. Журнал туралы // Сана. – 1923. – № 1. – 1-5 бб.
28. Центральный государственный архив Узбекской республики. Ф. – 34, Оп. – 1, Д. – 2096. Л. – 22. //Доклад главного Госуд. Учен.Совета.
29. Центральный государственный архив Узбекской республики. Ф. – 17, Оп. – 1, Д. – 417. Л. – 95. //Журналы Заседания Совнаркома Туркестанской Республики.
30. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.
31. Вахабов М. Формирование узбекской социалистической нации. – Ташкент: Фан, 1961. – 420 с.

References:

1. Torekulov N. Opera omnia. Compositiones. – Almaty: Kazakhstan, 1997. – 320 p.
2. Nurpeisov K. Alash et Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 p.
3. Agzamkhodzhaev S.S. Historia Autonomiae Turkestan: (Turkestan Mukhtoriyati). – Tashkent : Universitas islamica Tashkent, 2006. – 268 p.
4. Karakaev K. Explicatio scientiarum in Soviet Uzbekistania. – Frunze: Academiae scientiarum Kyrgyz SSR, 1962. – 234 p.

5. Bendrikov K.E. *Historia educationis publicae in Turkestan (1865-1917)*. -- *Moscoviae : Academiae scientiarum paedagogicarum RSFSR*, 1962. – 602 p.
6. Amantaev Zh. *Progressus superiorum educationis et scientiae in Kazakhstan*. - *Almaty: Kazuchpedgiz*, 1957. - 210 p.
7. Suleimenov R.B. Bisenov Kh.I. Suleimenov R. Bisenov Kb. *Semita socialistarum culturalium retro populorum progressio*. – *Almaty: Nauka*, 1967. – 422 p.
8. Sembayev A.I. *Index historiae scholae Sovieticae Kazakh*. – *Almaty: Kazakh State Educationis et Pedagogicae Publishing Domus*, 1958. – 325 p.
9. Beisembayev S. *Lenin and Kazakhstan*. - *Almaty: Kazakhstan*, 1968. - 490 p.
10. Tulepbayev B.A. *Triumphus Lenin notionis socialistarum transformationis agriculturae in Asia Meridiana et Kazakhstan*. – *Moscoviae: Nauka*, 1971. - 482 p.
11. *Interna nuntia // Kazakh*. - 1917. - 17 Iulii.
12. Kamzabekuly D. *Spiritualitas. (Articuli et investigationes)*. – *Almaty: Educationis*, 1997. – 272 p.
13. Kozhanov S. *Russian siyaz in Turkestan // Unity flag*. - 1918. - N. 21.
14. Bolganbayuly K. *Corpora olent sanguinis // Unity flag* -1918. - N. 25.
15. filius Argyn. *Inimici Kazakh populi // Unity flag* -1918. - N. 24.
16. Dulatuly M. *Epistola querelae ad Nikolaum // Unity flag*. - 1917- N. 14.
17. Kozhanuly S. *num redeo? Unity flag //*. - 1917. - N. 16.
18. Mailyuly B. *Quid scripsi, Deus Vexillum // Unity flag*. - 1918. - N. 27.
19. *Heu motus. Collectio documentorum et materiarum. 1918-2007* - *Almaty: El-Shezhire*, 2008. - T.4. – 472 p.
20. *Kazakh poetarum // Ak Zhol*. - 1924. - N. 420.
21. Aimauytov Zh. *De poetica Magzhan // Leninist iuventus*. - 1923. - 25 Ianuarii.
22. Togzhanov G. *Zhusupbekov reprehensio, de poesi Magzhan*. – *Moscoviae*, 1926. – 71 p.
23. Dulatov M. *Idem, Statutum crudelitatis // Ak zhol*. - 1924. - N. 463.
24. Dulatov M. *Item eadem carta cru- // Ak zhol*. - 1924. N. 464.
25. *Archivum Civitatis Centralis Reipublicae Uzbekistaniae. F. - 39, Op. - 1, D. - 407. L. – 104. // ACTA Conventui Tabulae Commissariatae Educationis Populi*.
26. *Archivum Civitatis Centralis Reipublicae Uzbekistaniae. F. - 372, Op. - 1, D. - 407. L. - 59. //Excerpta ex minutis conventus NKVD Tabula Turkic ASSR*.
27. Dosmukhameduly Kb. *De emporium // Conscientia*. - N. 1. - pp. 1-5.
28. *Archivum Civitatis Centralis Reipublicae Uzbekistaniae. F. - 34, Op. - 1, D. - 2096. L. - 22. //Relatio principis civitatis. Concilium Vaticanum*.
29. *Archivum Civitatis Centralis Reipublicae Uzbekistaniae. F. - 17, Op. - 1, D. - 417. L. - 95. //Acta Conventui Consilii Commissarii Reipublicae Turkestan*ae.
30. Konyratbayev Carmina. *Turar Ryskulov: Publicum, politicum et publicum officium. Tempus Turkestanum*. – *Almaty: Kazakhstan*, 1994. – 448 p.
31. Vakhobov M. *Uzbekorum Institutio socialistarum nationis*. – *Tashkent: Fan*, 1961. – 420 p.

FTAXP/MPHTI/IRSTI 03.20

ӘӨЖ/УДК/UDC 94(574)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.006>

Tulbassyieva S.K. *¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty
sauletulbassieva@gmail.com

THE ROLE OF GOVERNMENT AUTHORITIES IN STRENGTHENING COLLECTIVE FARMS IN THE 1930 S.

Abstract

In the 1930s, the activities of judicial bodies in Kazakhstan in the sphere of organizational and economic strengthening of collective farms encompassed important aspects of the socio-economic and political changes during the collectivization period in the Soviet Union on the territory of Kazakhstan.

This article examines the role of courts, the prosecutor's office, and other legal institutions in resolving land disputes, protecting the rights of collective farmers, and implementing state laws aimed at reinforcing the collective farming system. Special attention is given to the practice of repressions carried out in the context of class struggle against the "kulaks," the elimination of individuals deemed harmful to the state, and the redistribution of resources.

The article analyzes the role and actions of legal authorities in ensuring the organizational and economic consolidation of collective farms in Kazakhstan during the 1930s. During this period, legal institutions played a crucial role in legally supporting collectivization as well as the redistribution of land and property resources.

Additionally, the article presents research findings on the influence of party leadership on the functioning of judicial bodies, the decline in their independence, and the transformation of legal practice into an instrument of state policy. The work of justice institutions in this period helps to understand how the legal system contributed to the consolidation of Bolshevik power, collectivization, and the policy of socialist transformation of agriculture.

Key words: People's Commissariat of Justice, Collectivization of the 1930s of the twentieth century, collective farms, Judicial system, Economic strengthening, Socialist construction, political repression, Party control, Soviet legislation

С.К. Тулбасиева *¹

¹т.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы. sauletulbassieva@gmail.com.

XX ғ. 30-ЖЫЛДАРЫНДА КОЛХОЗДАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ ҮКІМЕТ ОРГАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

1930 жылдары Қазақстандағы сот органдарының колхоздарды ұйымдастыру-экономикалық бекіту саласындағы қызметі, Кеңес Одағының Қазақстанындағы ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің маңызды аспектісін қамтиды.

Мақалада сот, прокуратура және басқа да құқықтық құрылымдардың жер дауларын шешудегі, колхозшылардың құқықтарын қорғаудағы, сондай-ақ колхоз шаруашылығын нығайтуға бағытталған мемлекеттік заңдардың жүзеге асырылуындағы рөлі қарастырылады.

Арнайы назар «кулактарға» қарсы класстық күрес, мемлекетке зиян келтіретіндерді жою, ресурстарды қайта бөлуді жүзеге асыру мақсатында жүргізілген репрессиялар практикасында тоқталады.

Мақалада 1930 жылдары Кеңес Одағының Қазақстанында колхоздардың ұйымдастырушылық-экономикалық нығаюын қамтамасыз етудегі құқық органдарының рөлі мен әрекеттері талданады. Бұл кезеңде құқықтық органдар ұжымдастыру мен жер және мүлік ресурстарын қайта бөлуді құқықтық қорғауда маңызды рөл атқарды.

Сонымен қатар, мақалада партиялық басшылықтың сот органдарының қызметіне әсері, олардың тәуелсіздігін төмендету және сот практикасын мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралына айналдыруы туралы зерттеу нәтижелері сипатталады. Осы кезеңдегі Әділет органдарының жұмысы құқықтық жүйенің большевиктік билікті нығайтуға, ұжымдастыру және ауыл шаруашылығын социалистік трансформациялау саясатын жүзеге асыруға қалай ықпал еткенін түсінуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Әділет халық комиссариаты, 1930 жылдардағы ұжымдастыру, колхоздар, сот жүйесі, Экономиканы нығайту, социалистік құрылыс, саяси қуғын-сүргін, партиялық бақылау, кеңестік заңнама

Тулбасиева С.К. *

¹ к.и.н., *Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Республика Казахстан. Алматы.* sauletulbassieva@gmail.com.

РОЛЬ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ В УКРЕПЛЕНИИ КОЛХОЗОВ В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА

Аннотация

В 1930-е годы деятельность судебных органов Казахстана в сфере организационно-экономического укрепления колхозов охватывает важные аспекты социально-экономических и политических изменений в период коллективизации в Советском Союзе на территории Казахстана.

В статье рассматривается роль суда, прокуратуры и других правовых структур в разрешении земельных споров, защите прав колхозников, а также в реализации государственных законов, направленных на укрепление колхозного хозяйства. Особое внимание уделяется практике репрессий, проводившихся с целью классовой борьбы против «кулаков», устранения лиц, вредящих государству, и перераспределения ресурсов.

В статье анализируется роль и действия правовых органов в обеспечении организационно-экономического укрепления колхозов в Казахстане в 1930-е годы. В этот период правовые органы играли важную роль в правовой защите коллективизации, а также перераспределения земли и имущественных ресурсов.

Кроме того, в статье представлены результаты исследования влияния партийного руководства на деятельность судебных органов, снижение их независимости и превращение судебной практики в инструмент реализации государственной политики. Работа органов юстиции в этот период позволяет понять, как правовая система способствовала укреплению власти большевиков, коллективизации и политике социалистической трансформации сельского хозяйства.

Ключевые слова: Наркомюст, Коллективизация 1930-е годы XX века, Колхозы, Судебная система, Хозяйственное укрепление, Социалистическое строительство, политические репрессии, Партийный контроль, Советское законодательство

Introduction.

In the 1930s of the twentieth century, the period was marked by the organizational and economic strengthening of collective farms. The work of the People's Commissariat of Justice was connected with the complex processes of socialist industrialization and collectivization in Soviet Kazakhstan. In this regard, the judicial authorities played an important role in ensuring law and order, and resolving legal disputes within the framework of making decisions aimed at strengthening the collective farm economy. In the 1930s, considerable attention was paid to the creation and strengthening of the collective farm sector of the economy. The fierce struggle for collectivization, active repression against the kulaks, and the change of managerial personnel became an important task of the People's Commissariat of Justice. Collective farms needed legal support and legal decision-making when registering property, protecting the interests of collective farmers, and resolving economic and land disputes.

Collective farms faced problems with the redistribution of land resources, as well as difficulties in managing collective property. Judicial bodies, such as the People's Courts, dealt with cases concerning challenges to land allocation decisions, as well as disputes over their own rights to land and property.

Laws passed in Soviet Kazakhstan in the early 1930s played an important role in regulating the activities of collective farms. Thus, laws concerning land taxes, economic reforms, and decrees on labor in agriculture required special judicial practice for their implementation and compliance with legality.

The justice authorities were supposed to ensure compliance with the norms and implementation of plans, preventing disruptions in the supply of agricultural products to state warehouses. An important part of the work of the judicial authorities was the resolution of class contradictions related to the fight against the kulaks. The crackdown on wealthier peasants included confiscation of property, evictions, and arrests, which also escalated legal disputes. The judicial authorities investigated and ruled on cases against the kulaks and anti-Soviet elements.

In the 1930s, the judicial structure was heavily controlled by party authorities, which affected its independence. Often the decisions of the courts were political in nature, and the judicial authorities, acting within the framework of Soviet policy, had to act in the interests of strengthening the socialist system. Collective farms at this time also faced problems related to labor relations. Questions about the rights and obligations of collective farmers, labor discipline, as well as the protection of workers' rights in collective farms became the subject of legal regulation. Legal support consisted of ensuring compliance with labor laws and resolving conflicts in the workplace. The practice of justice in the conditions of collective farms was characterized by the use of administrative pressure and subordination of judicial decisions to the interests of party policy. The organization of legal assistance to collective farms, including the actions of the prosecutor's office and the judiciary, was limited to minimizing the rights of peasants and strengthening State power. In the 1930s, the court actively promoted the strengthening of collective farms, but included both legal aid and political repression through strict control and use of Soviet legislation.

In this context, the consideration of court cases at that time was often aimed at preserving state and party power, which reduced the independence of judicial decisions and had political overtones.

The relevance of the topic on the activities of the People's Commissariat of Justice (NCJ) bodies in the field of promoting the strengthening of collective farms in Soviet Kazakhstan in the 1930s is due to several key historical and social processes of that time. First, in the 1930s, Soviet Kazakhstan actively pursued a policy of collectivization of agriculture, the purpose of which was to create collective farms and state farms to increase agricultural production and strengthen the socialist economy. In this direction, the role of the People's Commissariat of Justice (NCJ) was important in the organizational and legal support of this process, in ensuring the legal regulation of collective farms, as well as in resolving conflicts and legal issues. Second, Legal support for socialist industrialization. collectivization is closely linked to the process of industrialization, which was also an important part of Bolshevik economic policy. The strengthening of collective farms and the

development of agriculture played a key role in providing a food base for industrial needs. In this aspect, the activities of the People's Commissariat of Justice (NCJ) provided a legal framework for solving economic and organizational problems in regional territories. Also, the 1930s were a time of the formation of the new Soviet legal order and the introduction of significant changes in legislation, including collectivization and land policy. The People's Commissariat of Justice (NCJ) took an active part in the legal regulation, organization and improvement of normative acts, which also affected the collective farm movement and its structural strengthening. Third, in the process of collectivization, violent methods and mass repressions took place, which involved millions of peasants. In this respect, the legally correct organization of collective farms was not only a matter of economic strategy, but also a significant factor in the social policy of Soviet Kazakhstan. The People's Commissariat of Justice (NCJ) was involved in the development of legal norms regulating relations between peasants and the state, which is also associated with political repression and control over the population.

Thus, the study of the activities of the People's Commissariat of Justice (NCJ) in support of collective farms in Soviet Kazakhstan in the 1930s is an important element in the analysis of the socio-economic, legal and political situation during this period. It allows us to understand how legal and organizational measures affected the development of agriculture and the life of the local population under the conditions of socialist modernization.

Methods and materials. The use of various historical methods in the study of the history of collectivization in the 1930s of Soviet Kazakhstan made it possible to comprehensively and objectively analyze this important and contradictory process. These methods include both traditional approaches to the study of historical events and more modern analysis techniques that provide a deep understanding of this period. The historical-analytical method includes a systematic study of documents and sources, analysis of the causes and consequences of collectivization, and interpretation of events in the context of historical dynamics. A comparative analysis of different periods of agricultural policy in Soviet Kazakhstan was used to study the topic. Exploring the consequences of collectivization, such as: increased hunger, political repression, destruction of the traditional way of life был использован the documentary method was used. Based on the analysis of archival primary sources, such as state resolutions, from the materials of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan and the materials of the State Archive of Almaty (GAA), letters, reports, statistics, as well as statements and complaints of people who survived the events of collectivization. Specifically, in the 74th fund, case-32 of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, information reports are given on the state of party and mass work, on grain procurements, bread harvesting, etc. In 39the 39the Materials on the elimination of kulaks and wealthy in Kazakhstan. Official documents issued by party and state bodies give an idea of the goals and objectives of collectivization, as well as its establishment. Using a cultural-anthropological approach, we were able to study the impact of collectivization on the everyday life of peasants, their cultural ambitions, perception of power and social structure. This method helped to understand how forced collectivization affected customs, family relationships, and the psyche of people. Next, it is a systematic method that allows you to see how different aspects of society (economy, politics, culture) interacted with each other during collectivization. This method was used to assess the impact of collectivization on the economy, agricultural production, and resource allocation. Analysis of the impact of collectivization on the political system, including the growth of authoritarianism and repression. Study of the connection of collectivization with industrialization and modernization of the country. Microhistorical method-This method focuses on studying individual events, places, or even people in order to understand the broader processes that took place at the macro level. Microhistory allows us to explore collectivization through the personal stories of peasants, their experiences and resistance, using the analysis of personal memories of peasants, letters and documents related to how people experienced the process of collectivization. Historical and sociological method, used to analyze the social structure for the use of sociological theories and approaches and changes that occurred in society as a result of collectivization.

Through this method, collectivization was analyzed, transforming the class structure, social relations and the role of the state in the life of the peasantry.

Today, everyone knows that there are historiographical studies that provide comprehensive information about the history of the Communist Party. G. F. Dahshleiger [1], S. L. Kovalsky [2], B. A. Amantaev [3], Zh. Zhumabekov [4], E. A. Kuznetsov [5], B. A. Tolepbaev [6], A. B. Tursynbaev [7] scientific works of these authors contain general information about the main directions of development aspects of the development of the agricultural sector of Kazakhstan. In the late 1980s, the old conceptual approaches to the coverage of national history issues began to be revised, taking into account the democratic transformations.

In the early 90s, on the initiative of Academician M.K. Kozybaev, a commission was created that raised the question of analyzing the period of collectivization of agriculture in Kazakhstan. For the first time, questions have been raised about the causes and scale of the mass death of the population of Kazakhstan during the period of collectivization [8].

The scientific works of G. F. Dahshleiger and K. Nurpeisov, devoted to the agrarian problem, до сих have not lost their relevance so far and are based on a good source and research base [9]. Along with the works of other scientists, we can mention the work of the scientist- professor T. O. Omarbekov [10] who touched upon the problems of grain harvesting and preparation during collectivization.

However, the historiographical review of the history of Soviet Kazakhstan for the period under review is shown in a generalized form, as for regional analysis, there is not enough research.

Discussion. In the resolution of the Central Committee of the CPSU (b) in paragraph 2 of August 1931 "On the pace of further collectivization and the tasks of strengthening collective farms", special attention is paid to consolidating the existing achievements in the field of collectivization and it is proposed to begin intensive work on the organizational and economic strengthening of collective farms. At this stage, "the struggle against Uranilovka, for taking into account the quantity and quality of labor in the distribution of income is the most important condition, and the most important means of organizational and economic strengthening of collective farms" (from the postanovleniya of the Regional Committee of the CPSU (b)) on the pace of further collectivization and the tasks of strengthening collective farms [11, 14].

3. Gandhi, I. *Indira Gandhi: A Biography*. – New Delhi: HarperCollins, 2003. – 500 p.
4. Basu, A. *Women, Political Participation, and Development in India*. – New Delhi: Oxford University Press, 2003. – 270 p.
5. Sinha, P. *Women in Politics: Gender, Representation, and Power*. – Hyderabad: Orient Blackswan, 2015. – 310 p.
6. Pettigrew, L. *Women and Politics in India: Political Participation and Leadership*. – London: Routledge, 2018. – 330 p.
7. Kapoor, R. *Gender Politics in India*. – New Delhi: Sage Publications, 2007. – 400 p.
8. Rajput P., Thakkar U. (eds.) *Women in State Politics in India: Missing in the Corridors of Power*. – London: Routledge, 2023. – 392 p.
9. Singh L., Sinha S. S. (eds.) *Gender in Modern India: History, Culture, Marginality*. – New Delhi: Oxford University Press, 2024. – 364 p.
10. Košir S. (ed.) *Broadening Women's Political Participation*. – Ljubljana: ToKnowPress, 2024. – 250 p.
11. Spary C. *Gender, Development and the State in India*. – London: Routledge, 2020. – 320 p.
12. Chowdhury D. R., Keane J. *To Kill a Democracy: India's Path to Despotism*. – New Delhi: Pan MacMillan India, 2021. – 280 p.
13. Menon N. (ed.) *Gender and Politics in India*. – New Delhi: Oxford University Press, 2021. – 552 p.
14. Gour R. *How the BJP's Secret War Room Mobilized Female Voters to Win the Indian Elections*. – New Delhi: Wired Publications, 2024. – 200 p.
15. Rege D. *Quarterlife*. – New York: The New Yorker, 2024. – 350 p.

**САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY**

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.01.79

ӘӨЖ /УДК/ UDC 930:001

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.008>

А.Амирбек ¹, Қ. Базарбаев ^{*2}, А. Ануарбекұлы ³

¹PhD, доцент. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
Қазақстан, Түркістан. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz

²PhD, доцент. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
Қазақстан, Түркістан. Автор корреспонденции E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz,

³Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.Қазақстан,
Түркістан. E-mail: almasbek.anuarbekuly@ayu.edu.kz

**ТҮРКИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРІНЕ
ҰСТАНҒАН СЫРТҚЫ САЯСАТЫН ТАЛДАУ
(XX ғасырдың 90-жылдары - XXI ғасырдың басы)**

Аңдатпа

Мақалада Түркияның Орталық Азиядағы түркітілдес мемлекеттеріне ұстанған сыртқы саясаты XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басы аясында талданды. XX ғасырдың 90-жылдары - XXI ғасырдың басында Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне ұстанған сыртқы саясатына ғылыми талдау жасап, Ресейдің бұл қатынастарға ықпалын айқындау зерттеу жұмысымыздың маңызды гипотезасы саналады. Зерттеу аясында тарихи, саяси және халықаралық қатынастар әдістері қолданылды.

XX ғасырдың 90-жылдарында Түркия мен Ресейдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге ұстанған сыртқы саясаттарын өз ішінде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең 1991-1993 жылдары аралығын қамтып Ресей бұл дәуірде КСРО-ның ыдырауына байланысты экономикалық мәселелерін шешумен әлек болып, Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қатысты ұстанған саясаты, әрі үстемдігі бәсеңдей бастаған болатын. Ал Түркияның бұл елдерге қатысты сыртқы саясаты сол дәуірдің ұлы державасы АҚШ-тың қолдауы арқасында белсенділігі арта түскен. Екінші кезең 1994-16 қараша 2001 жылдары аралығын қамтып, бұл жылдары аралығында Ресейдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қайтадан қызығушылық танытып, Түркия болса аймақ елдерімен байланысын экономикалық әрі білім-ғылым саласын дамытумен шектеген болатын. Ресейдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне деген қызығушылығының қайтадан күшеюі бірнеше себептерден туындаған. Олар ең бастысы Ресей Батыс елдерінен қажетті қаржы көмегін ала алмады, екінші жағынан билік басына ұлттық мүддені әрі ұлттық қауіпсіздікті алға тартатын мемлекеттік қызметкерлер келген еді. Олардың ұстанған басты сыртқы саяси стратегиясы Ресейдің таяу шетелде ықпалы мен үстемдігін күшейту болды. XXI ғасырдың алғашқы жылдары 16 қазан 2001 жылдан бастау алады. Бұл дәуірдің басты ерекшелігі екі мемлекет «Еуразияда ынтымақтастықты дамыту әрекетінің жоспары: екі жақты ынтымақтастықтан көпбағытты әріптестікке» атты келісімге қол қойып, Түркия мен Ресей арасындағы байланыстар нығаяуға бет алды және екі жақты экономикалық қатынастар қарқынды

түрде дамып, екі елдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне ұстанған сыртқы саясаттары үйлесімді түрде жалғасты.

Кілт сөздер: Түркия, Орталық Азия, АҚШ, Ресей, таяу шетел, ынтымақтастық, қауіпсіздік

Алғыс айту: Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19676634 «Түркі тілдес мемлекеттердің тарихи-мәдени ықпалдастығын қалыптастырудың саяси, құқықтық тәжірибесі және даму бағыттары» атты гранттық ғылыми жоба аясында дайындалды.

Амирбек А. ¹, Базарбаев К. *², Ануарбекұлы А. ³

¹PhD, доцент. Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави. Казахстан, Туркестан. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz

²PhD, доцент. Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави. Казахстан, Туркестан. Автор-корреспондент E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz,

³Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави. Казахстан, Туркестан. E-mail: almasbek.anuarbekuly@ayu.edu.kz

АНАЛИЗ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ ТУРЦИИ В ОТНОШЕНИИ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ ГОСУДАРСТВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (90-е годы XX века - начало XXI века)

Аннотация

В статье анализируется внешняя политика Турции в отношении тюркоязычных государств Центральной Азии в 90-х годах XX века и начале XXI века. Основная гипотеза нашей исследовательской работы заключается в научной анализе внешней политики Турции в отношении тюркоязычных государств Центральной Азии в периодах 90-х годах XX века и начале XXI века, а также анализ влияния России на эти отношения. В исследовании использовались методы исторических, политологических и международных отношений.

Внешнюю политику Турции и России в отношении тюркоязычных государств Центральной Азии в 90-х годах XX века можно разделить на два периода. Первый период охватывает годы с 1991 по 1993 год, когда Россия была занята решением своих экономических проблем из-за распада СССР, а ее доминирование в регионе начала снижаться. В этот период внешняя политика Турции в отношении тюркоязычных государств Центральной Азии активизировалась благодаря поддержке великой державы, то есть США. Второй период охватывает годы с 1994 по 16 ноября 2001 года, в течение которого Россия стала проявлять интерес к тюркоязычным государствам Центральной Азии, в то время как Турция ограничила свои отношения со странами региона развитием экономическими и образовательно-научными сферами. Возобновление интереса России к тюркоязычным государствам Центральной Азии было обусловлено несколькими причинами. Наиболее важной из которых было то, что Россия не получила желаемую финансовую поддержку от западных стран, а с другой стороны, к власти пришли государственные деятели, ставившие в приоритет национальные интересы и национальную безопасность страны. Основной внешнеполитической стратегией, которую они проводили, было укрепление влияния и доминирования России в ближнем зарубежье. Новый период в XXI веке начинается с 16 октября 2001 года. Главной особенностью этого периода стало подписание двумя странами, то есть Турцией и Россией соглашения под названием «План действий по развитию сотрудничества между Российской Федерацией и Турецкой Республикой в Евразии: От двустороннего сотрудничества к многовекторному партнерству». После соглашений в отношении между Турцией и Россией стали укрепляться доверие, двусторонние

экономические связи стали стремительно развиваться, а внешняя политика двух стран в отношении тюркоязычных государств Центральной Азии стала укрепляться в рамках сотрудничества.

Ключевые слова: Турция, Центральная Азия, США, Россия, ближнее зарубежье, сотрудничество, безопасность

Благодарность: Данная статья подготовлена в рамках грантового научного проекта AP19676634 «Политико-правовой опыт и направления развития формирования историко-культурной интеграции тюркоязычных государств» финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Amirbek A. ¹, Bazarbayev K. ², Anuarbekuly A. ³

¹PhD, associate professor. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz

²PhD, associate professor. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan. Corresponding author E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>

³Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan. E-mail: almasbek.anuarbekuly@ayu.edu.kz

ANALYSIS OF TURKEY'S FOREIGN POLICY TOWARDS TURKIC SPEAKING STATES IN CENTRAL ASIA (90s of the XX century - beginning of the XXI century)

Abstract

The article analyzes Turkey's foreign policy towards the Turkic-speaking states of Central Asia in the 90s of the 20th century and the beginning of the 21st century. The main hypothesis of our research work is to conduct a scientific analysis of Turkey's foreign policy towards the Turkic-speaking states of Central Asia in the 90s of the 20th century and the beginning of the 21st century, and to determine the influence of Russia on these relations. The methods of historical, political and international relations were used in the research.

The foreign policies of Turkey and Russia towards the Turkic-speaking states of Central Asia in the 90s of the 20th century can be divided into two periods. The first period covers the period from 1991 to 1993, when Russia was busy solving its economic problems due to the collapse of the USSR, and its policy towards the Turkic-speaking states of Central Asia and its dominance began to decline. Turkey's foreign policy towards these countries became more active thanks to the support of the great power of that era, the United States. The second period covered the period from 1994 to November 16, 2001, during which Russia showed renewed interest in the Turkic-speaking states of Central Asia, while Turkey limited its relations with the countries of the region to the development of the economic and educational and scientific spheres. The renewed interest of Russia in the Turkic-speaking states of Central Asia was due to several reasons. The most important of which was that Russia could not receive the necessary financial assistance from Western countries, and on the other hand, state officials who promoted national interests and national security came to power. The main foreign policy strategy they pursued was to strengthen Russia's influence and dominance in the near abroad. A new period in the 21st century begins with 16 October 2001. The main feature of this period was the signing by the two countries, i.e. Turkey and Russia, of an agreement entitled «Joint Action Plan for Cooperation in Eurasia: From Bilateral Cooperation Towards Multidimensional Partnership». After the agreements, trust began to grow between Turkey and

Russia, bilateral economic ties began to develop rapidly, and the two countries' foreign policy towards the Turkic-speaking states of Central Asia began to strengthen within the framework of co-operation.

Keywords: Turkey, Central Asia, USA, Russia, near abroad, cooperation, security

Gratitude: *This article was prepared within the framework of the grant-funded scientific project AP19676634 titled «Political, legal experience and directions of development of the formation of historical and cultural integration of Turkic-speaking states» funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.*

Кіріспе.

Түркия мен Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерінің өзара қарым-қатынастарын, әрі Орталық Азия аймағындағы елдерге қатысты Түркияның ұстанған сыртқы саясатын ХХ ғасырдың 90-жылдары мен ХХІ ғасырдың басындағы әлемдік геосаяси ерекшеліктерді ескере отырып талдайтын болсақ, бұл елдер арасындағы өзара қатынастары достық, ынтымақтастық және сенімділік жағдайында өрбігендігін байқауға болады. ХХ ғасырдың 90-жылдары Түркия сыртқы саясатында Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерінің тәуелсіздігін бірінші болып мойындап, 1990 жылдардың алғашқы жылдарында аймақтағы елдермен коммуникациялық, көлік, мәдениет және білім беру, сауда және экономикалық салаларға негізделген интеграциялық процеске басымдық берген болатын. Түркия елі бұл процесті күшейту үшін 1992 жылы «Түркітілдес елдердің мемлекет басшыларының кездесулері» деп аталатын саммиттің құрылуына мұрындық болған. Бұл саммит 2010 жылға дейін Түркия мен Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттері арасындағы өзара қатынастарды нығайтуға септігін тигізіп, «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің» құрылуына негізін қалаған.

Алайда КСРО ыдырағанымен, 1990 жылдардың алғашқы жылдарында Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттердің сыртқы саясаттарына Ресейдің ықпалы жалғасуда еді. Осыған орай КСРО ыдырағаннан кейін Түркия мен Ресей мемлекеттерінің өзара қарым-қатынастарын әрі Орталық Азия аймағындағы Түркітілдес елдерге қатысты ұстанған сыртқы саясаттарын тарихи ерекшеліктерін ескере отырып талдайтын болсақ, екі мемлекеттің Орталық Азия аймағына қатысты өзара қатынастары көбінесе бәсекелестік және сенімсіздік жағдайында өрбігендігін байқауға болады. Мысалы Осман империясы мен Ресей империясы дәуірінде Түріктер мен Орыстар Еуразия аймағында бір-бірін бәсекелестік елдер ретінде қарастырған. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін екі ұлттың лидерлері, яғни Мұстафа Кемал Ататүрік пен Иосиф Сталин достық және ынтымақтастық қарым-қатынастарды дамытуға мән бергенімен, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін екі мемлекет бір-біріне қарама қайшы полюстарда орын алып, өзара сенімсіздік және бәсекелестік саясаттарын жүргізуді жалғастырған. Ал биполярлық жүйенің күйреп, КСРО-ның ыдырауынан кейін Түркия мен Ресей мемлекеттері мүдделерін жүзеге асыру мақсатында Еуразия құрлығында бәсекеге негізделген жаңа аймақтарда ықпалдарын кеңейтуге бет алды, ал Орталық Азия аймағы әлемдік саясаттың үлкен ойынына айналды. Алып елдердің бұл ойынынан Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттердің зардап шекпеуі үшін стратегиялық бағдарлары аясында сыртқы саясаттарын дипломатиялық шеберлікпен жүргізулерін қажет етеді.

Материалдар мен әдістер.

Мақала мазмұнында ХХ ғасырдың 90-жылдары - ХХІ ғасырдың басында Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне ұстанған сыртқы саясатына ғылыми талдау жасап, Ресейдің бұл қатынастарға ықпалын айқындау зерттеу жұмысымыздың маңызды гипотезасы саналады. Зерттеу аясында тарихи, саяси және халықаралық қатынастар әдістері қолданылды. Тарихи және саяси деректер, халықаралық құқықтық нормативтік құжаттар, статистикалық ақпараттар, индукция-дедукция, халықаралық қатынастардағы тарихи салыстырмалы талдау тәсілдерімен қол жеткен нәтижелер Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерімен ынтымақтастығы мен ықпалдастығын және бұған ықпал етуші күштерді талдау жасауға септігін тигізді.

Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес елдерге қатысты ұстанған сыртқы саясаты КСРО-ның ыдыраған күннен бастап жан-жақты зерттеле басталды. Халықаралық қатынастар

саласындағы әртүрлі сарапшылар мен ғылым адамдары Түркия елі сияқты Еуразиядағы ықпалды актордың Орталық Азияға қатысты саясаттарына әр қилы пікірлер білдіріп, өзіндік ойларын, болжамдарын қалыптастырған. Бұл зерттеушілердің көбісі негізінен Түркияның сыртқы саясатын сылыстырмалы түрде емес, керісінше жеке түрде талдап, Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес елдерге қатысты ұстанған сыртқы саясатын тарихи тұрғыдан, әрі биполярлық жүйенің күйреуінен кейінгі дәуірде салыстырмалы түрде қолға алмаған. Сондықтан Еуразия құрлығында маңызды орынға ие Түркия сияқты алып елдің Орталық Азиядағы Түркітілдес елдерге қатысты саясатының салыстырмалы тұстары мен мәселелері зерттеулердің көлеңкелі тұстарында қала берген. Ал кеңес дәуірінің тұтасқан идеологиясы Түркияның аймақ елдеріне қатысты саясатының зерттелуінің әралуандығына жол ашпаған [1]. Сондықтан ол дәуірдегі еңбектер жалпы алғанда тек қана идеологиялық көзқарас ерекшеліктеріне арналып зерттелген. Зерттеудің басты мақсаты Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге ұстанған сыртқы саясатын Ресейдің аймаққа деген ықпалын назарға ала отырып, салыстырмалы түрде талдау жасау болып белгіленді.

Талқылаулар мен нәтижелер.

Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерінің әлемдік геосаясаттағы орнын айқындау мақсатында тарихи геосаяси тұжырымдарға негізделген ауқымды ғылыми зерттеулер кешені қалыптасты. Осы орайда Дж.Маккиндер [2], Н.Спайкмен [3], К.Хаусхофер [4], З.Бжезинский [5], С.Йылмаз [6], А.Дугин [7] т.б. батыстық, түрік және ресейлік геосаяси теоретиктердің тарихи тұжырымдарын және т.б. зерттеулерін атап айтуға болады. Бұл тарихи геосаяси тұжырымдамаларда ұлы державалық мемлекеттерге ғана көңіл бөліп қоймай, геосаяси орталық болып табылатын орта деңгейдегі мемлекеттердің де ғаламдық геосаясаттағы орны талданған.

КСРО-ның ыдырап, Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерінің тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Түркия және оған бәсекелес мемлекет Ресейдің аймақтағы елдерге қатысты ұстанған саясаттарына жаңа ғылыми тұжырымдамалар қалыптаса бастады. Сондықтан биполярлы халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырауынан кейін Еуразиядағы екі алып елде, яғни Түркияда және Ресейде Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қатысты саясаттарының ерекшеліктеріне қатысты жаңа теориялық ұстанымдарға сүйенген бірнеше еңбектер баспадан шығып үлгерді. Атап айтқанда А.Казанцев [8], А.Давутоглу [9], Ү.Өздағ [10] және М.С.Ерол [11]. Бұған қоса Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге қатысты ұстанған сыртқы саясатын талдайтын өзекті еңбектер де шарыққа шықты. Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне ұстанған сыртқы саясаты мен оған ықпал етуші Ресейдің саяси ұстанымына қатысты ғылыми еңбектерді Х.Чакмак [12], В.Камынин [13], И.Туран [14], Х.Пеймани [15], М.А.Окур [16], Белокреницкий В. мен Ульянов Н. [17] т.б. ғалымдар қаламға алған.

Мақала аясында Түркияның сыртқы саясаты теориялық тұжырымдамаларға негізделіп Г.Роуздың [18] және Е.Сандердің [19] т.б. еңбектерімен ұштастырылған. Бұл авторлардың теориялық еңбектері мен ғылыми тұжырымдамалары Түркияның сыртқы саясатын теориялық негіздеуде аса маңызды орынға ие болып табылады.

Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне ұстанған сыртқы саясаты мен оған ықпал етуші Ресейдің саяси ұстанымына қатысты мемлекеттің жоғары лауазымындағы тұлғалардың ғылыми еңбектерінде кездестіруге болады. Әсіресе 1990-шы жылдарында Қазақстанның көпқырлы сыртқы саясатының ерекшеліктері мен Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерінің Түркия және Ресеймен қатынастарын сараптап талдаған Қ.К.Тоқаев [20] пен Н.Ә.Назарбаевтың [21] еңбектері назар аударарлық.

Алайда еңбектердің басым бөлігі тек қана Ресейдің немесе тек қана Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге ұстанған саясаттары зерттеліп, екі елдің аймаққа қатысты сыртқы саясаттары салыстырмалы түрде ынтымақтастық пен бәсекелестік кезеңдерге сәйкес тұтас түрде жіті зерттелмеген. Сондықтан бұл ғылыми мақалада негізгі назар аударатын мәселесі Еуразиядағы екі алып елдің, яғни Түркия мен Ресейдің өтпелі әрі күрделі кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесі шеңберінде Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қатысты қай

бағыттарда ынтымақтастық пен бәсекелестіктің туындауы мүмкін екендігін зерттеу, яғни араларындағы байланысты, қайшылықтарды, тоғысуларды көрсету болып табылады. Екі елдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қатысты сыртқы саясаттарының қалыптасуын жүйелілік әдісі тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі аса маңызды.

Ахмет Давутоғлуның Түркияның танымал саясаткері, ғалымы, әрі бұрынғы Сыртқы істер министрі ретінде елдің сыртқы саясатының басым бағыттарын ғылыми тұрғыдан зерттеген еңбектерін талдаған жағдайда Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге ұстанған саясатында Еуразиялық державалардың мүдделерін ескеріп, әсіресе Ресеймен келісімді түрде аймақтық саясатын дамытуға басымдық беретіндігін болжауға болады [22]. Бұған қоса Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қатысты саясаты жалпы Еуразиядағы беделін, әрі ықпалын кеңейтуге негізделген. Осы мақсатта Түркия 16 қараша 2001 жылы Ресеймен біріге отырып, «Еуразияда Түркия мен Ресей арасындағы ынтымақтастықты дамыту әрекетінің жоспары: екі жақты ынтымақтастықтан көпбағытты әріптестікке» атты келісімге қол жеткізді. Осы келісім шеңберінде Түркия мен Ресей араларындағы барлық мәселелерді мәміле жолы арқылы шешуге бағытталған мемлекет басшылары деңгейінде жоғарғы кеңес құрып, екі мемлекет түрлі аймақтардағы мүдде қайшылықтарын аталмыш кеңес шеңберінде дипломатиялық тәсілдер арқылы шешуге атсалысуда. Осы орайда Түркия мен Ресей Орталық Азия аймағына қатысты мүдделерін аталмыш жоғарғы кеңес шеңберінде үйлестіруде.

1945 жылдың 19-шы наурыз айында КСРО «Түрік-КСРО достық және соғыс ашпау келісім шартынан» бас тартқанын мәлімдеп, алдағы уақытта Түркиямен жүргізген сыртқы саясатын қайтадан көз елегінен өткізетіндігін Түрік басшыларына жеткізді. Бұған қарсы Түркия КСРО-ның социалистік идеологиясынан төнген қауіп-қатерлерді алға тартып, 1952 жылдың 18-ші ақпан күні «Солтүстік Атлант келісім шарты ұйымына» мүше болды. Бұдан кейінгі дәуірден бастап 1991 жылға дейін, яғни КСРО-ның ыдырап екі полярлық жүйенің бітуіне дейін Түркия мен Ресей қатынастары өзара сенімсіздік және бәсекелестік негізінде өрбіген. Осы орайда қырғи қабақ соғыс дәуірі бойынша Орталық Азия аймағында Ресейдің толық үстемдігі жүргенін ескеруіміз қажет. Себебі КСРО дәуірінде Орталық Азия елдері кеңес одағының бір мүшесі болатын және өздерінің ішкі, әрі сыртқы саясаттарын Мәскеудің ықпалы бойынша жүргізетін. Сондықтан Түркияның қырғи қабақ соғыс дәуірі бойынша Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерімен саяси, экономикалық және мәдени қатынастарды дамыту мүмкіншілігіне ие болмаған, КСРО дәуірінде аймақ елдері толыққанды Ресейге тәуелді саясат ұстанған еді. Бұған қоса қырғи қабақ соғыс дәуірі бойынша Түркияның сыртқы саясатына АҚШ-тың ықпалы басым болғандығын ескерген абзал.

1991 жылы Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін Түркия мен Ресейдің аймаққа қатысты ұстанған сыртқы саясаттары түбегейлі өзгерген болатын. Бұл дәуірден бастап екі елдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қатысты ұстанған сыртқы саясаттарын XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың алғашқы жылдары ретінде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. *XX ғасырдың 90-жылдарында* Түркия мен Ресейдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге ұстанған сыртқы саясаттарын өз ішінде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады.

I. кезең (1991-1993 жылдары аралығы): Ресей бұл дәуірде КСРО-ның ыдырауына байланысты экономикалық мәселелерін шешумен әлек болып, Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қатысты ұстанған саясаты, әрі үстемдігі бәсеңдей бастаған болатын. Ал Түркияның бұл елдерге қатысты сыртқы саясаты сол дәуірдің ұлы державасы АҚШ-тың қолдауы арқасында белсенділігі арта түскен.

Түркия елі Орталық Азия елдерінің тәуелсіздігін бірінші болып мойындап, аймақтағы мемлекеттермен экономикалық, коммуникациялық, сауда-саттық және мәдени әрі білім мен ғылым саласына негізделген қатынастарға басымдық берген саясат ұстана бастады. Бұған қоса Түркия елі Түркі тілдес елдерді өз маңайына топтастыру саясатын жүргізіп, бұл елдердің географиялық аймағында өз ықпалын кеңейтпек болды. Алайда баста Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары Түркияның бұл сыртқы саясатын құптамай, Орталық Азия елдерінің тәуелсіздік-

теріне құрмет көрсетуін ескертті. Осы орайда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев сол дәуірдегі Түркия Президенті Тұрғыт Өзалға тамырымыздың және мәдениетіміздің бір екендігін ескертіп, алайда бір-бірімізден ұзақ мерзім алшақтау өмір сүргендігін, Қазақстан тәуелсіздігіне енді ғана қол жеткізіп отырғандығын, сондықтан оның тәуелсіздігіне құрметпен қарап, екі жақты қатынастарды тең дәрежеде дамытуға баса назар аудару қажеттігін ескерткен болатын [23]. Н.Ә. Назарбаев Түркиямен тек қана тең дәрежелі қатынастарды мақұлдай-тындығын, КСРО дәуіріндегі сияқты бағынышты саясатқа жол бермейтіндігін қадап айтты. Қазақстанның Түркияға қатысты саяси ұстанымын басқа да Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттері құптаған болатын.

Түркия 1990-шы жылдардың алғашқы үш жылғы кезеңінде Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттері саясатын белсенді түрде жүргізуге атсалысқандығын айтуға болады. Алайда Түрікшілдік идеологиясына басымдық беріп, аймақта Ресейдің мүдделерін ескермеуі Орталық Азиядағы Түркітілдес елдерін белгілі бір мөлшерде Түркиядан алшақтау саясат ұстануына әкеліп соқтырды. Бұған қарамастан Түркия бұл елдерде экономикалық және ғылым мен білім саласына көбірек көңіл бөліп, екі жақты қатынастарды ұлғайтуға баса назар аударған болатын. Бұл дәуірде Ресей мемлекетінің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне ұстанған саясаты болса, Түркиямен салыстырмалы түрде алатын болсақ, белсенді жүргізілді деп айтуға келмейді. Себебі Ресей бұл дәуірде өзінің ішкі экономикалық мәселелерін шешуге ұмтылып, пост кеңестік елдерді өзіне экономикалық жүк деп есептеген болатын. Себебі бұл кезеңде Ресейдің билік басында Батысқа жақын саясатты құптаған топ шоғырланған еді. Олар АҚШ және Еуропалық елдермен екі жақты қатынастарды дамыту арқылы, Ресейдің экономикасын қайта қалыпқа келтіру үшін Батыстық қаржы құрылымдарынан көмек сұрауды мақсат тұтты. Сондықтан Ресей басшылары АҚШ және оның одақтасы Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қатысты саясатын күшейтуіне бөгет жасайтын ықпалын айтарлықтай көрсетпегенін байқауға болады.

II. кезең (1994-16 қараша 2001 жылдары аралығы): Бұл жылдары аралығында Ресейдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне қайтадан қызығушылық танытып, Түркия болса аймақ елдерімен байланысын экономикалық әрі білім-ғылым саласын дамытумен шектеген болатын.

Ресейдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне деген қызығушылығының қайтадан күшеюінің бірнеше себептері бар. Олар ең бастысы Ресей Батыс елдерінен қажетті қаржы көмегін ала алмады, екінші жағынан билік басына ұлттық мүддені әрі ұлттық қауіпсіздікті алға тартатын мемлекеттік қызметкерлер келген еді. Олардың ұстанған басты сыртқы саяси стратегиясы Ресейдің таяу шетелде ықпалы мен үстемдігін күшейту болды. Мысалға 1996 жылы Евгений Примаков Ресейдің сыртқы істер министрі болып тағайындалды және ол бастапқы күннен елінің халықаралық аренадағы беделін көтеруге, әрі Ресейдің Орталық Азия аймағындағы ықпалын нығайтуға бағытталған сыртқы саясатты ұстанды. Бұл өз кезегінде Ресей мен Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттері арасындағы байланысты күшейтуге септігін тигізді.

1994 жылынан бастап Ресей Орталық Азия елдерімен қауіпсіздік саласына бағытталған қатынастарды ұлғайтуға да баса назар аударды. Осыған қатысты 2 наурыз 1994 жылы Өзбекстанмен, 28 наурыз 1994 жылында Қазақстанмен, 21 қазан 1994 жылында Тәжікстанмен екі жақты әскери келісімге қол қойды. Бұған қоса Ресей ТМД-нің мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, 26 мамыр 1995 жылында ұйымға мүше мемлекеттердің бірігуімен қауіпсіздік салаларына бағытталған арнайы келісім шарттарды жүзеге асырды. Осы келісім шарттар арқылы Ресей Ауғанстаннан төніп отырған түрлі лаңкестік әрекеттердің Орталық Азияға, әсіресе Ферғана алқабына жайылуына жол бермеуді көздеген болатын.

Алайда Ресейдің бұл дәуірде Орталық Азия елдерімен әскери-қауіпсіздік қатынастарын нығайтуы шектеулі болды, мұның басты себептері төмендегідей:

- Ресей экономикалық тұрғыдан әлсіз болатын, әсіресе 1997 жылы дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың әсері елге тиімсіз болды. Сондықтан Ресей аймақ елдерімен әскери тұрғыдан

ынтымақтастықты күшейту үшін қажетті қаражатты қамтамасыз етпеді, ал бұл өз кезегінде әскери ынтымақтастықтың дамуына кері әсерін тигізді;

- Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттері әскери ынтымақтастығын тек қана Ресеймен ұлғайтуды көздеген емес. Олар көптарапты әскери ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған сыртқы саясат ұстанды. Әсіресе Өзбекстан АҚШ-пен әскери байланысты нығайтуға кірісіп, Ресеймен осы саладағы байланысты әлсіреткен болатын. Осындай жағдай Ресейдің аймақта әскери тұрғыдан ынтымақтастығын күшейтуге оңды әсер етпегендігі мәлім.

Түркия Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерімен «Түркітілдес елдердің мемлекет басшыларының кездесулері» деп аталатын саммитті арқылы екі жақты ынтымақтастықты нығайтуға баса назар аударған болатын. Бұл саммиттің ең алғашқы жиыны 30-31 қазан 1992 жылы Анкара қаласында өтіп, 2000 жылға дейін 4 маңызды жиын өткен болатын. Жиындарда Түркия тарапы Жібек жолын қайта жандандыру, газ және мұнай құбырларын әртараптандыру мәселелеріне тоқталып, осы салаларда Түркиямен екі жақты ынтымақтастықты нығайтудың тиімділігіне баса назар аударған.

18-19 қараша 1999 жылы Ыстанбұлда ЕҚЫҰ-ның жиыны өтіп, Түркия, АҚШ, Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан және Түрікменстан елдері «Баку-Джейхан» мұнай құбырын салу туралы келісім шартқа қол қойды. Әрине бұл келісім Ресейдің мүддесіне қайшы болғандықтан, Ресей басшылары «Баку-Джейхан» мұнай құбырын қолдамайтындықтарын мәлім етті. Алайда Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттері құбырлар арқылы Ресейге деген тәуелділікті азайту үшін мұнай мен газ құбырларын әртараптандыру стратегиясын жүзеге асыруға баса назар аударды [24].

1999 жылдан бастап Түркия мен Өзбекстан арасындағы қатынастар бұзылуға бет алды. Осы жылдан бастап И.Каримов Түркиямен қатынастарды төмен деңгейде ұстап, бұл елмен экономикалық байланыстарын әлсіретті. Бұл өз кезегінде Түркияның Орталық Азияда аймағындағы ықпалына кері әсерін тигізді. Қысқа қайырғанда бұл кезеңде Ресейдің Орталық Азияға қайтадан бет бұруына әкеліп соқтырды. Ал Түркияның аймақ елдерімен ынтымақтастығы экономика, әрі білім мен ғылым саласын дамытумен шектелді. Түркия мен Ресей арасындағы негізгі бақталастық мұнай және газ құбырларын әртараптандыру мәселесіне қатысты өрбіген еді. Ресей Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерін құбырлар тұрғысынан өзіне тәуелді етіп ұстау үшін, әртараптандыру саясатына тікелей қарсы шыққан болатын. Түркия, АҚШ және басқа да Еуропалық елдер Орталық Азияда Ресейдің үстемдігін азайту және Орталық Азия елдерін энергия көздерін экспорттау тұрғысынан Ресейге деген тәуелділігін азайту үшін мұнай және газ құбырларын әртараптандыру саясатына қолдау көрсетті. Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттері болса, аймақтық державалардың өзара бақталастарын ұшықтырмау үшін көпқырлы сыртқы саясатты жүргізіп, Ресей және Түркиямен байланысты тең дәрежеде жүргізуге атсалысты.

XXI ғасырдың алғашқы жылдары 16 қазан 2001 жылдан бастау алады. 2000 жылынан бастап Түркия мен Ресей арасындағы қатынастар тұрақтанып, өзара байланыстар күшеюге басталды. Мұның басты себептері мыналар: 1) 15 ақпан 1999 жылы Түркияның ұлттық қауіпсіздігіне зиян тигізіп жүрген Абдуллах Өжалан атты «Күрт жұмысшы партиясы» басшысы Түрік әскерлері тарапынан ұсталды. Оның ұсталуына белгілі бір мөлшерде Ресей көмегі оң әсер етті; 2) 15 желтоқсан 1997 жылы екі елдің басшылары қол қойған «көгілдір ағын газ құбырын» іске қосу үшін, Түркияның Ресеймен ынтымақтастықты нығайтуы маңызды болатын; 3) Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге қатысты саясаты қиялдан (идеалистіктен) шындыққа (реалистікке) негізделе бастады. Яғни Түркия түркітілдес елдерді Түрікшілдік идеологиясы аясында өз маңайына топтастырудың қиял екенін түсініп, тең терезеге негізделген, әрі Ресейдің аймақтағы мүдделерін ескеретін сыртқы саясатқа басымдық берді; 4) 1999 жылы басталған екінші Чечен соғысына Түркия қолдау көрсетуден бас тартты. Осы негізгі себептерге байланысты Түркия мен Ресей арасындағы байланыстар нығаюға бет алды және екі жақты экономикалық қатынастар қарқынды түрде дамып, екі елдің Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттеріне ұстанған сыртқы саясаттары үйлесімді түрде жалғасты.

7-8 маусым 2001 жылында Ресейдің Сыртқы істер министрі Игор Иванов Түркияда ресми сапармен болды. Бұл сапарында И.Иванов Еуразия географиясында Түрік-Орыс ынтымақтастығын нығайтуды ұсынды. Осы мақсатта 16 қараша 2001 жылы Нью-Йорк қаласында екі елдің сыртқы ведомства басшылары кездесіп, «Еуразияда ынтымақтастықты дамыту әрекетінің жоспары: екі жақты ынтымақтастықтан көпбағытты әріптестікке» атты келісімге қол қойды. Бұл келісімнің 11 қыркүйек 2001 жылы АҚШ-қа жасалған террорлық шабуылынан 2 ай өткеннен кейін жасалуы кездейсоқ емес. Себебі екі мемлекет басшылары АҚШ-тың 11 қыркүйек оқиғасын алға тартып, Еуразияның орталығына баса назар аударатындығын болжап, АҚШ-тың саясатынан Түркия-Ресей қатынастары зардап шекпеуі үшін осындай келісімге барған болатын. Осы мақсатта екі жақты келісімнің негізгі мақсатына тоқталсақ, оларды былай атап өтуге болады: 1) екі жақты сенімді ұлғайту; 2) екі жақты қарым-қатынастарды күшейту; 3) саясат және экономика салаларындағы қатынастардың тәжірибесін Еуразиядағы ынтымақтастықты күшейту үшін пайдалану; 4) екі жақты қатынастардан туындайтын мәселелерді дипломатиялық құралдар арқылы шешуге атсалысу [25].

«Еуразияда ынтымақтастықты дамыту әрекетінің жоспары: екі жақты ынтымақтастықтан көпбағытты әріптестікке» атты келісім Түркия мен Ресейдің өзара қатынастарға екі тұрғыдан оң әсерін тигізді. Бұларды төмендегідей атап өтуге болады [26];

- Түркия мен Ресей мемлекеттері «Еуразияда ынтымақтастықты дамыту әрекетінің жоспары: екі жақты ынтымақтастықтан көпбағытты әріптестікке» атты келісім шеңберінде 11 мамыр 2010 жылы «Жоғары деңгейдегі ынтымақтастық кеңесін» құрды. Бұл кеңестің өзгешелігі, екі ел арадағы барлық жанжалдарды аталмыш кеңеске қатысушы жоғары деңгейдегі мемлекет лауазымдары арқылы шешуге уағдалысты. Бұған дейін Түркия мен Ресей арасында осыған ұқсас келісім болған емес;

- 2003 пен 2005 жылдары аралығында пост кеңестік географиялық аймақта орналасқан Грузия мен Украинада түрлі-түсті көтерілістер болды. Ресей бұл көтерілістердің өзінің таяу шетелдерде ықпалы мен үстемдігін әлсірету үшін ұйымдастырылып жатқандығын тілге етті. Алайда Түркия Батыстық елдердің одақтасы болуына қарамастан, Ресейдің ықпалындағы пост кеңестік аймаққа араласпай, екі жақты стратегиялық ынтымақтастықты сақтап қалуға атсалысты. Ал бұл саясат өз кезегінде Түркия мен Ресей арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге ұстанған саясаттарына оң әсер етіп, ынтымақтастықтың одан әрі дамуын қамтамасыз етті.

Қорытынды.

Түркия Республикасы Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттердің тәуелсіздігін мойындаған ең алғашқы ел ретінде, 1990-шы жылдардың басында аймақтағы елдерге қатысты белсенді сыртқы саясат ұстанды. Осы орайда 1990-шы жылдардың басында Түркияның аймаққа қатысты ұстанған белсенді сыртқы саясатын АҚШ елі толық құптады. АҚШ-тың Түркияның аймаққа қатысты саясатын қолдауы аса маңызды еді. Мұның басты себебі қырғи қабақ соғыс дәуірінен кейін КСРО ыдырап, әлемде бір ғана супердержалық мемлекет қалды, ол АҚШ болатын. Сондықтан екі полярлық жүйенің күйреуінен кейін Еуразия аймағында, әсіресе Орталық Азияда Түркия Республикасы АҚШ-тың қолдауын алмай саясат жүргізуі мүмкін емес еді. 1990-шы жылдардың басында АҚШ Түркияның зайырлы мемлекет моделін, әрі өзінің мызғымас әріптесі екенін ескере отырып Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге Түркияны үлгі аларлық мемлекет ретінде ұсынды. Түптеп келгенде 1990-шы жылдардың басында Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге ұстанған саясаты АҚШ-тың Орталық Азия аймағына қатысты ұстанған саясатымен ұштасқанын ескеруіміз қажет.

Бұған қоса Түркия Республикасының басшылары Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге қатысты сыртқы саясаттарын Ататүріктің өсиеттеріне арқау еткендерін ескерген абзал. Осыған орай Ататүрік Түркия Республикасының 10 жылдығында халықтың алдында сөз сөйлеп, келешек басшыларға мына төмендегі өсиетін қалдырған;

«Бүгін Кеңестер одағымен доспыз, көршіміз. Бұл достық бізге керек. Бірақ ертең не болатынын ешкім нақты айталмайды. Османлы империясы сияқты немесе Австрия-Венгрия сияқты бөлшектенуі де мүмкін. Бүгін ықпалында ұстап отырған халықтар уысынан шығуы мүмкін. Дүниежүзі жаңа бір деңгейге өзгеруі мүмкін. Міне, осындай мезетте Түркия не істеуі керектігін білуі тиіс. Біздің бұл досымыздың ықпалында тілі бір, сенімі бір, тегі бір бауырларымыз бар. Оларға қолдау көрсетуге дайындалу керек. Халықтар бұған қалай дайындалады? Рухани көпірлерін нығайту арқылы. Тіл-көпірі, сенім көпіріне оралуымыз керек және оқиғалар бөлген тарихымыз ішінде бірігуіміз керек. Олардың бізге жақындасуын күте алмаймыз. Біз оларға жақындасуымыз керек».

Түркия Республикасының басшылары 1990-шы жылдардың басында Орталық Азиядағы Түркітілдес мемлекеттерге қатысты сыртқы саясатында Ататүріктің жоғарыдағы өсиеттеріне негіздеп өрбітті. Осы орайда аймақ елдерімен ғылым мен мәдениет саласын дамытуға баса назар аударды, көптеген оқу гранттарын бөліп, екі жақты экономикалық қатынастардың қарқынды дамуына көбірек көңіл бөлді. Осының салдарынан Түркияның Орталық Азиядағы Түркітілдес елдерімен орнатқан экономикалық көрсеткіштерінде оңды өзгерістер болды [27].

Алайда КСРО ыдырағанымен Ресейдің таяу шетелі болып табылатын Орталық Азиядағы ықпалы жалғасқан болатын. Ресейдің Орталық Азия аймағындағы мүдделері көбінесе қауіпсіздік мүдделерімен іспеттес болып келеді. Осы тұрғыдан Ресейдің аймаққа қатысты саясатын сараптайтын болсақ, Ресей Орталық Азияда өзінің мүддесін ескермеген кез-келген алып акторлардың ықпалына, әрі белсенді сыртқы саясатына оң көзбен қарамайтыны анық. Сондықтан 1990-шы жылдарда Орталық Азияның географиялық кеңістігінде Ресей мен Түркия мемлекеттері ықпалдарын кеңейту үшін өзара бәсекелес елдер болып табылатын. Алайда Түркия мен Ресей өзара экономикалық тәуелділіктерін назарға ала отырып, кез келген саяси, экономикалық және тағы басқа мәселелерін «Түркия және Ресей: жоғары деңгейдегі ынтымақтастық кеңесі» шеңберінде шешуге басымдық берді. Негізінде бұл кеңес 16 қараша 2001 жылы Нью-Йорк қаласында екі мемлекет тарапынан қол қойылған «Еуразияда ынтымақтастық іс-қимыл жоспары: екі жақты ынтымақтастықтан көпжақты серіктестікке» атты келісім шарт негізінде құрылған болатын. Кеңестің негізгі мақсаты Түркия мен Ресейдің Еуразиядағы мүдделерін тоғыстырып, Еуразия аймағына қатысты кез-келген түсінбеушілікті мәміле жолы арқылы шешу болып табылады. Түркия мен Ресейдің ұстанған сыртқы саясаттарында Орталық Азия аймағының алатын орны ерекше екендігін ескере отырып, екі мемлекеттің ынтымақтастығының өрбуі аймақ елдерінің де мүддесіне екендігін ескерген жөн. Осы орайда халықаралық саясаттағы өзгерістерге сергектік танытатын жалпытүркілік бірлік орнықтыру жобасын Орталық Азия аймағына көршілес екі алып елдің мүдделерімен ұштасатын ынтымақтастық аясында өрбіту Еуразиядағы бейбітшілікті күшейту үшін өте қажет және пайдалы құбылысқа айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Erol, M. S. 20. yıldönümünde Türkiye-Türk dünyası sorunlar, arayışlar ve gelecek, Türk dünyası 20 yılı: tahliller, değerlendirmeler, öngörüler ve özeleştiriler, M. S. Erol ve Y. Gürler (Derleyenler). - İstanbul: Ezgi Yayınları, 2011. - P. 41-51
2. Mackinder, H.J. The Geographical Pivot of History. - The Geographical Journal, Vol. 23, No. 4, Apr. 1904. - P. 421-437
3. Spykman, N.J. Americas Strategy In World Politics, Harcourt, Brace and Company. - New York, 1942. - P. 15-19
4. Heske, H. Karl Haushofer: his role in German geopolitics and in Nazi politics. - Political Geography Quarterly, Volume 6, Issue 2, 1987 - P. 135-144
5. Brzezinski, Z. The grand chessboard. American Primacy and Its Geostrategic Imperatives. - Basic Books, New York, 1997. - P. 30-40
6. Yılmaz, S. Türkiye'deki Amerika. İkili İlişkiler ve ABD'nin Örtülü Operasyonları. - İstanbul, Kaynak yayınları, 2017. - P. 199-207

7. Dugin, A. *Rus Jeopolitiği Avrasyacı Yaklaşım*. - İstanbul, Küre yayınları, 2018. - P. V-VII
8. Казанцев, А. *Политика стран Запада в Центральной Азии: проекты, дилеммы, противоречия*. - М.: МГИМО-Университет, 2009 - С. 162-176
9. Davutoğlu, A. *Stratejik derinlik: Türkiye'nin uluslararası konumu* (Kırk ikinci baskı). - İstanbul, Küre Yayınları, 2010 - P. 464-468
10. Özdağ, Ü. *Türk tarihinin ve geleceğinin jeopolitik çerçevesi*, Ü. Özdağ ve M. S. Erol (Derleyenler). *21 yüzyılda Türk dünyası jeopolitiği Cilt I* (Birinci baskı) Ankara: ASAM Yayınları, 2003. -P. 7-14
11. Erol, M. S. *Batı'nın iki ötekisi ve Avrasya'da yeni denklem arayışları*. - *Türk Yurdu*, 33 (305), 2013. - P. 11-12
12. Çakmak, H. *Türkiye'nin Türk cumhuriyetleri ile ilişkileri*, M. S. Erol ve Y. Gürler (Derleyenler). *Türk dünyası 20 yıllığı: tahliller, değerlendirmeler, öngörüler ve özeleştiriler* (Birinci baskı). Ankara: Türksav Yayınları, 2011. - P. 34-37
13. Камынин, В. *Политика России в области обеспечения безопасности в Центральной Азии в 1990-ы годы*. - *Известия Уральского государственного университета*, 1 (112), 2013. - С. 146-159
14. Turan, G., Turan, İ. *Türkiye'nin diğer Türk cumhuriyetleriyle ilişkileri*, F. Sönmezoglu (Derleyen). *Türk dış politikasının analizi* (Üçüncü baskı), İstanbul: Der Yayınları, 2004. - P. 761-762
15. Peimani, H. *Regional security and the future of Central Asia: the competition of İran, Turkey and Russia* (First edition). - USA: Praeger Publishers, 1998. - P. 47-48
16. Okur, M. A. *Yeni çağın eşliğinden Avrasya'nın kalbine bakmak: tarihten geleceğe Orta Asya'nın jeopolitiği üzerine değerlendirmeler* (Birinci baskı). - Ankara: A.Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Yayınları, 2011. - P. 29-41
17. Белокрыцкий В., Ульченко Н. *Государство, общество, международные отношения на мусульманском Востоке (Афганистан, Иран, Пакистан, Турция, этнический Курдистан, соседние мусульманские районы)*. - М.: ИВ РАН, КРАФТ, 2014. - С. 374-544
18. Rose, G. *Neoclassical realism and theories of foreign policy*. - *World Politics*, 51 (1), 1998. - P. 144-172
19. Sander, O. *Türkiye'nin dış politikası* (Birinci baskı). - Ankara: İmge Kitabevi Yayınları, 1998. - P. 119-124
20. Токаев, К-Ж.К. *Дипломатия Республики Казахстан*. - Астана, Елорда, 2001, - С. 7-14
21. Nazarbayev, N. *Yüzyılların kavşağında* (Birinci baskı). - Ankara: Bilig Yayınları, 1997. - P. 201
22. Davutoğlu A. *Bağımsızlıklarının 20'nci yılında Türk cumhuriyetleri*. - *Kardeş Kalemler*, 5 (60), 2011. - P. 53-59
23. Nazarbayev, N. *Yüzyılların kavşağında* (Birinci baskı) - Ankara: Bilig Yayınları, 1997. - P. 201
24. Şen, M. *Türkiye – Orta Asya yatırım ilişkileri ve bölgede aktif Türk girişimciler*, M. Aydın (Derleyen). *Türkiye'nin Avrasya macerası 1986-2006* (Birinci baskı). - Ankara: Nobel Yayınları, 2007. - P. 113-114
25. Kanbolat, H. *Avrasya işbirliği eylem planı: Türkiye ile Rusya Federasyonu arasında yeni bir dönem mi?.*- *Stratejik Analiz*, 3 (36), 2003. - P. 48-52
26. Kamalov, İ. *Putin dönemi Rus dış politikası: Moskova'nın rovanşı* (Birinci baskı). - İstanbul: Yeditepe Yayınları, 2008, - P. 117-120
27. Amirbek A., Anuarbekuly A., Makhanov K. *Türk Dili Konuşan Ülkeler Entegrasyonu: Tarihsel Geçmişi ve Kurumsallaşması*. - *ANKASAM Bölgesel Araştırmalar Dergisi*, Cilt 1, Sayı 3, 2017. - P. 14-20

References:

1. Erol, M. S. *20. yıldönümünde Türkiye-Türk dünyası sorunlar, arayışlar ve gelecek, Türk dünyası 20 yıllığı: tahliller, değerlendirmeler, öngörüler ve özeleştiriler*, M. S. Erol ve Y. Gürler (Derleyenler). - İstanbul: Ezgi Yayınları, 2011. - P. 41-51
2. Mackinder, H.J. *The Geographical Pivot of History*. - *The Geographical Journal*, Vol. 23, No. 4, Apr. 1904. - P. 421-437

3. Spykman, N.J. *Americas Strategy In World Politics*, Harcourt, Brace and Company. - New York, 1942. - P. 15-19
4. Heske, H. *Karl Haushofer: his role in German geopolitics and in Nazi politics*. - *Political Geography Quarterly*, Volume 6, Issue 2, 1987 - P. 135-144
5. Brzezinski, Z. *The grand chessboard. American Primacy and Its Geostrategic Imperatives*. - Basic Books, New York, 1997. - P. 30-40
6. Yılmaz, S. *Türkiye'deki Amerika. İkili İlişkiler ve ABD'nin Örtülü Operasyonları*. - İstanbul, Kaynak yayınları, 2017. - P. 199-207
7. Dugin, A.. *Rus Jeopolitiği Avrasyacı Yaklaşım*. - İstanbul, Küre yayınları, 2018. - P. V-VII
8. Kazantsev, A. *Politika stran Zapada v Tsentral'noy Azii: proyekt, dilemmy, protivorechiya*. - M.: MGIMO-Universitet, 2009. - S. 162-176
9. Davutoğlu, A. *Stratejik derinlik: Türkiye'nin uluslararası konumu (Kırk ikinci baskı)*. - İstanbul, Küre Yayınları, 2010 - P. 464-468
10. Özdağ, Ü. *Türk tarihinin ve geleceğinin jeopolitik çerçevesi*, Ü. Özdağ ve M. S. Erol (Derleyenler). *21 yüzyılda Türk dünyası jeopolitiği Cilt I (Birinci baskı)* Ankara: ASAM Yayınları, 2003. -P. 7-14
11. Erol, M. S. *Batı'nın iki ötekisi ve Avrasya'da yeni denklem arayışları*. - *Türk Yurdu*, 33 (305), 2013. - P. 11-12
12. Çakmak, H. *Türkiye'nin Türk cumhuriyetleri ile ilişkileri*, M. S. Erol ve Y. Gürler (Derleyenler). *Türk dünyası 20 yılı: tahliller, değerlendirmeler, öngörüler ve özeleştiriler (Birinci baskı)*. Ankara: Türksav Yayınları, 2011. - P. 34-37
13. Kamynin, V. *Politika Rossii v oblasti obespecheniya bezopasnosti v Tsentral'noy Azii v 1990-y gody*. - *Izvestiya Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta*, 1 (112), 2013. - S. 146-159
14. Turan, G., Turan, İ. *Türkiye'nin diğer Türk cumhuriyetleriyle ilişkileri*, F. Sönmezoğlu (Derleyen). *Türk dış politikasının analizi (Üçüncü baskı)*, İstanbul: Der Yayınları, 2004. - P. 761-762
15. Peimani, H. *Regional security and the future of Central Asia: the competition of İran, Turkey and Russia (First edition)*. - USA: Praeger Publishers, 1998. - P. 47-48
16. Okur, M. A. *Yeni çağın eşiğinden Avrasya'nın kalbine bakmak: tarihten geleceğe Orta Asya'nın jeopolitiği üzerine değerlendirmeler (Birinci baskı)*. - Ankara: A.Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Yayınları, 2011. - P. 29-41
17. Belokrenitskiy V., Ul'chenko N. *Gosudarstvo, obshchestvo, mezhdunarodnyye otnosheniya na musul'manskoy Vostoke (Afganistan, İran, Pakistan, Türkiya, etnikeskoy Kurdistan, sosledniye musul'manskiye rayony)*. - M.: IV RAN, Kraft., 2014, - S. 374-544
18. Rose, G. *Neoclassical realism and theories of foreign policy*. - *World Politics*, 51 (1), 1998. - P. 144-172
19. Sander, O. *Türkiye'nin dış politikası (Birinci baskı)*. - Ankara: İmge Kitabevi Yayınları, 1998. - P. 119-124
20. Tokaev, K-Zh.K. *Diplomatiya Respubliki Kazakhstan*. - Astana: Elorda, 2001. - C. 7-14
21. Nazarbayev, N. *Yüzyılların kavşağında (Birinci baskı)*. - Ankara: Bilig Yayınları, 1997. - P. 201
22. Davutoğlu A. *Bağımsızlıklarının 20'nci yılında Türk cumhuriyetleri*. - *Kardeş Kalemler*, 5 (60), 2011. - P. 53-59
23. Nazarbayev, N. *Yüzyılların kavşağında (Birinci baskı)* - Ankara: Bilig Yayınları, 1997. - P. 201
24. Şen, M. *Türkiye – Orta Asya yatırım ilişkileri ve bölgede aktif Türk girişimciler*, M. Aydın (Derleyen). *Türkiye'nin Avrasya macerası 1986-2006 (Birinci baskı)*. - Ankara: Nobel Yayınları, 2007. - P. 113-114
25. Kanbolat, H. *Avrasya işbirliği eylem planı: Türkiye ile Rusya Federasyonu arasında yeni bir dönem mi?.* - *Stratejik Analiz*, 3 (36), 2003. - P. 48-52
26. Kamalov, İ. *Putin dönemi Rus dış politikası: Moskova'nın rovanşı (Birinci baskı)*. - İstanbul: Yeditepe Yayınları, 2008, - P. 117-120
27. Amirbek A., Anuarbekuly A., Makhanov K. *Türk Dili Konuşan Ülkeler Entegrasyonu: Tarihsel Geçmişi ve Kurumsallaşması*. - *ANKASAM Bölgesel Araştırmalar Dergisi*, Cilt 1, Sayı 3, 2017. - P. 14-20

FTAXP/ MPHTI / IRSTI 03.01.29

ӨӨЖ /УДК/ UDC 930:002

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.009>

Naurzova K. *

¹ Lecturer of the Department of History of Kazakhstan and Social Disciplines,
South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov Kazakhstan, city,
Shymkent
E-mail: Karla_87.87@mail.ru

THE CONTENT AND FEATURES OF THE ENLIGHTENMENT ACTIVITIES IN KAZAKH SOCIETY IN «AQ ZHOL» NEWSPAPER

Abstract

The study of the articles on education and enlightenment in the «Aq Zhol» newspaper is crucial for the revival of modern educational history. These articles reflect the views of Kazakh intellectuals of that era and their efforts to establish a national education system. The publication not only promoted the policies of the Soviet government but also highlighted the people's needs and their aspirations for education and science. If you are looking for specific articles on this topic, you can consult the archives of the «Aq Zhol» newspaper or explore works written on the subject. Published in Tashkent between 1920–1925, the «Aq Zhol» newspaper had a significant influence on the spiritual and cultural development of the Kazakh people. It covered important issues such as education, school systems, national curricula, teacher training, and textbooks of the time. This article examines the role and significance of the «Aq Zhol» newspaper in the field of education and enlightenment.

The newspaper's pages extensively discussed issues such as adult literacy, opening new schools, and introducing modern teaching methods. Prominent Kazakh intellectuals such as Ahmet Baitursynov, Jüsipbek Aymauytov, and Magjan Jumabaev published articles on the development of education, contributing to the direction of national schools. While aligning educational practices with the political and ideological demands of the Soviet government, the newspaper also sought to preserve national characteristics.

In the course of this study, materials on education and enlightenment published in the «Aq Zhol» newspaper are analyzed, and their content and impact on society are identified. The influence of the newspaper on the education system is assessed based on historical data, and the publication's educational service is evaluated. This research demonstrates that the «Aq Zhol» newspaper was not only a political-social publication but also an important enlightenment tool that contributed to the formation of the Kazakh educational system.

Keywords: «Aq Zhol» newspaper, education, enlightenment, Kazakh intellectuals, national schools, textbooks, pedagogy, enlightenment, teacher training, education reform, press, historical research

Қ.Қ. Наурзова *

¹ Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының оқытушысы,
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Lesson 8 - Examination of data of Kazakhs from the consolidated database of those subjected to political repression in the USSR. "Historical Alphabet" Technique. Students collaborate in pairs or groups of four to use the website <https://bessmertnybarak.ru/books/person/513431/> to compile a list of terms (namely, names of individuals) pertinent to the topic matter under examination for a designated historical era. The competitive aspect is crucial: the individual or team who produces the most extensive and precise list prevails.

In conclusion, the subsequent table was created to elucidate the methods for instructing on the persecution of Ishan-Mullahs in the South Kazakhstan region during the Soviet period. The table delineates the principal elements and methodological instruments to be employed in the instructional process.

Table -1

№	Topic	Content	Methodological Tools	Suggestions
1.	The policy towards religion in the early years of the Soviet government	General description of the Soviet government's policy towards religion in the early years, the beginning of the persecution of religious people.	Texts, documents, archival data, video content.	Have students analyze various data to explain the political situation.
2.	Ishan Mullahs: Their social role and activities	The place of the Ishan Mullahs in Kazakh society, their religious and social activities.	Diagrams, socio-cultural contexts, textbooks.	Explain their social roles and show their impact on history.
3.	The persecution of Ishan Mullahs	The persecution of Ishan Mullahs as a result of the Soviet government's anti-religion repressions: arrests, exile, death sentences.	Archival data, memoirs of witnesses, documents.	Educate students on the hardships of this historical period.
4.	The consequences of repression	The long-term social, cultural, and religious consequences of the Soviet government's repressions.	Historical data, comparative analysis, group work.	Show the impact of repression on society.
5.	Discussion and debate on the topic	Discuss the repression against Ishan Mullahs, listen to students' opinions on historical justice and human rights.	Group discussion, debates, discussions.	Develop students' critical thinking skills.

This table aims to educate pupils with the Soviet government's early policies on religion and the persecution of Ishan-Mullahs. It is advisable to apply several methodological techniques to assist students in analysing and comprehending historical events from their own viewpoints.

Outcome: The instructional approach utilising newly discovered archival material enables pupils to objectively comprehend the anti-religious policies of the Soviet administration. Engaging with archive materials facilitates the examination of historical facts and enhances students' historical research competencies. From the 1920s to the 1950s, the Soviet government's political persecution of religious figures was especially severe in the South Kazakhstan area. Nearly 100,000 religious leaders reportedly faced persecution by the Soviet government. Approximately 30,000 were executed, while another 30,000 were banished, imprisoned, or had their assets seized. The remaining 40,000 were compelled to seek refuge overseas. A mere 10% were formally rehabilitated [23]. Among the oppressed Ishans in South Kazakhstan, Appaq Seydakhmetuly Maqsum emerges as a prominent individual. He vigorously opposed the communist administration from 1920 until 1931 and endured political persecution. His family followed Sufi traditions, founded madrasas and mosques, and participated in religious education and enlightenment initiatives [24]. Nonetheless, the Soviet authorities imposed widespread persecution on him and several other religious leaders, categorising their actions as "counter-revolutionary." Furthermore, several imams and ishans, including Isatai, Ukhatai, Aitbai, and Aizharkyn Khan, also fell prey to different oppressive methods.

Outcome: The primary objective of this persecution was to diminish the role of religion in society and to reinforce Soviet ideological dominance. To successfully instruct this historical topic, it is advisable to utilise archive data and the biographies of particular persons as exemplars. This may be substantiated via documentary videos, cartographic materials, and historical records. Furthermore, investigating the history of local mosques and madrasahs, along with applying eyewitness accounts, would be very important.

Conclusion.

The repressions of the 1920s and 1930s persist as an unresolved trauma in our nation's history. The confidentiality of judicial proceedings during that period, coupled with the intentional destruction or concealing of records throughout the years, regrettably obscured the truth and resulted in several historical gaps. As of now, not all innocent victims of persecution have been completely rehabilitated [25]. The present generation is obligated to completely rehabilitate the innocent victims of Soviet actions. We are unable to alter the past or revive the destinies of those who endured oppression, nor can we resurrect them. Our primary duty to future generations is to maintain the authentic representation of those innocent individuals, to rectify historical injustices, and to guarantee their full rehabilitation. Throughout the Soviet period, particularly from the 1920s to the 1950s, religious leaders, notably ishan and mullahs, faced repression. During this era, the Soviet government escalated its endeavours to dissociate religion from the state and to exert control over it. In this context, numerous ishan and mullahs experienced varying degrees of persecution, with the majority facing punishment, imprisonment, or exile.

References:

1. Musagulova A.B. *The Struggle of Soviet Power Against Religion and Its Negative Consequences on National Consciousness* / A.B. Musagulova. [Electronic resource]. Access mode: <https://pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow2/21755/84/2/4/0/>
2. Sayinov D. *The Anti-Religious Policy of the Soviet Government and the Persecution of Religious Figures* [Electronic resource] / D. Sayinov. Available at: <https://alash24.kz/news/14201> 22.09.2024.
3. *Stalinism and Repressions in Kazakhstan in the 1920s-1940s.* – Almaty, 2009. – 448 p.
4. Razdykova G.M. *History of Muslim Education in Kazakhstan: A Textbook for Students and Master's Students of Humanities* / G.M. Razdykova. - Pavlodar: Kereku, 2010. - 150 p., 46-47 p.
5. Bakhtorazov S.U. *Political Repressions in Southern Kazakhstan: The Tragedy of Fates* [Electronic resource]: Monograph / S. U. Bakhtorazov. - Almaty: Tomiris T, 2017. - 344 p. - p. c.

6. Kassymov S. The Measure of Full Rehabilitation is Justice <https://zamandas.kz/sabyr-asymov-toly-a-taudy-lshemi-dilettilik/2024712712>
7. Sazanova D. Victims of Repressions – Intelligentsia of the Alash People <https://okg.kz/post?id=36597&slug=qugyn-surgin-qurbandary-alah-zhurtynyn-ziyalylary>
8. S.U. Bakhtorazov South Kazakhstan Political Repressions (Repressions) in the Years [Text]: (1917-1939) / Ministry of Education and Science of Kazakhstan; Taraz State Pedagogical Institute... – Taraz: [no date], 2007. – 165 p. – The Fund of Kenes Nurpeisuly. – Bibliography: 155-165 p.
9. Vyazemsky E.E., Strelyova O.Yu. Theory and Methodology of Teaching History. – 2003.
10. Sarsekeev B.S. On the Development of a Textbook Methodological Complex on the History of Kazakhstan // Bulletin of Vyatka State University. – 2012. – No. 2-3. – pp. 32-35.
11. Zueva L.I. Discussions on School Education and Kazakhstan Textbooks on National History // URL: <https://articlekz.com/article/15710> (accessed on: 20.02.2024).
12. Vdovina, V.M. Methodology of Teaching History: Textbook and Methodological Manual / V.M. Vdovina, L.Yu. Goloveeva. – 2nd ed., revised and enlarged. – Barnaul: AltSPU, 2019. – Vol. 1. – 212 p.
13. Khasenova R., Sarkulova M. Semiotic Analysis of Some Aspects of National Culture in Kazakhstan // Adam Alemi. – 2023. Vol. 96. – No. 2. – pp. 3–13.
14. Aprosimov D.A., Ermolaeva Yu.N. Development of Multimedia Resources as a Means of Transmitting Historical Memory // Bulletin of North-Eastern Federal University named after M.K. Ammosov. – 2019. – No. 1. – pp. 5-11.
15. Korotkova M.V. The Immersive Approach to Teaching History: Concept, Methodological Organization, and Examples // Teaching History in School. 2023. No. 1. pp. 3-8.
16. Active Approach in Education // School Management. "First September" Publishing House Newspaper. 2011, No. 9, pp. 14-15. 2. Active Methods in Education. Concept of Activity-Based Design. Access Mode: <http://festival.1september>.
17. Peterson L.G., Agapov Yu.V., Kubysheva M.A., V.A. Peterson. The System and Structure of Learning Activities in the Modern Methodological Context. M., 2006. – 28 p.
18. Shubina T.I. Activity Method in School. 5. Methodological Guidelines for Organizing Lessons within the System-Active Approach. <http://omczo.org/publ/393-1-0-2468>.
19. Shogan V.V. Methodology of Teaching History in School. Publishing House: Phoenix. Year: 2007. – 471 p. S. 6
20. Gordon L.A., Klopov E.V. What Was It?: Reflections on the Preconditions (on the Results of What Happened to Us in the 30s-40s) – M.: Politizdat, 1989. – pp. 160-161.
21. Political Repressions in Kazakhstan in 1937-1938. Collection of Documents / Editor L.D. Degitayeva. – Almaty: Kazakhstan, 1998. – 336 p. – (Archive of the President of the Republic of Kazakhstan).
22. Aktau. Mass Political Repression Victims. On the Rehabilitation of the Victims of Mass Political Repressions. Collection of Normative Acts / Comp. R. Baymurzayeva. – Almaty: Zheti Zhargy, 1997. – 64 p.
23. Besscennaia V.V. Constructing the Content of Elective Courses in Specialized Education: Dissertation on candidate of pedagogical sciences. Omsk, 2006. – 173 p.
24. Approval of Standard Educational Programs for General Educational Subjects and Elective Courses at the Primary, Basic Secondary and General Secondary Education Levels. Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan No. 399, September 16, 2022. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767>.
25. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan “On Declaring 1997 the Year of National Accord and the Memory of the Victims of Political Repressions” // Kazakhstanskaya Pravda. – 1996. – December 30.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мусагулова А.Б. Борьба Советской власти против религии и ее отрицательные последствия в национальном самосознании / А.Б. Мусагулова. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow2/21755/84/2/4/0//>
2. Сайынов Д. Кеңес үкіметінің дінге қарсы саясаты және діни тұлғалардың қудалануы [Электрондық ресурс] / Д. Сайынов. — Қолжетімділік тәртібі: <https://alash24.kz/news/1420122.09.2024>.
3. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. – Алматы, 2009. – 448 с.
4. Раздыкова Г.М. История мусульманского образования в Казахстане: учебное пособие для студентов и магистрантов гуманитарных специальностей / Г.М. Раздыкова. - Павлодар: Кереку, 2010. - 150 с., 46-б., 46-б.
5. Бақторазов С.У. Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: тағдырлар қасіреті [Электрондық ресурс] : монография / С. У. Бақторазов. - Алматы : Томирис Т, 2017. - 344 б. - Б. ц.
6. Қасымов С. Толық ақтаудың өлімі – әділеттілік <https://zamandas.kz/sabyr-asymov-toly-a-taudy-lshemi-dilettilik/2024712712>
7. Сазанова Д. Қуғын-сүргін құрбандары – алаш жұртының зиялылары <https://okg.kz/post?id=36597&slug=qugyn-surgin-qurbandary-alash-zhurtyнын-ziyalylary>
8. С. У. Бақторазов Оңтүстік Қазақстан саяси қуғын-сүргін (репрессия) жылдарында [Мәтін] : (1917-1939) /; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ; Тараз мемлекеттік педагогикалық институты... – Тараз : [б. ж.], 2007. - 165 б. - Кеңес Нұрпейісұлының қоры. – Библиогр.: 155-165 б.
9. Вяземский Е. Е., Стрелова О. Ю. Теория и методика преподавания истории. – 2003.
10. Сарсекеев Б. С. К проблеме разработки книжного учебно-методического комплекса по истории Казахстана //Вестник Вятского государственного университета. – 2012. – №. 2-3. – С. 32-35.
11. Зуева Л. И. Дискуссии вокруг школьного образования и казахстанские учебники по национальной истории //URL: <https://articlekz.com/article/15710> (қаралған күні: 20.02. 2024).
12. Вдовина, В. М. Методика обучения истории: учебно-методическое пособие / В. М. Вдовина, Л. Ю. Головеева. - Изд. 2-е, перераб. и доп. - Барнаул: АлтГПУ, 2019. -Ч. 1.-212с.
13. Хасенова Р., Саркулова М. Семиотический анализ некоторых аспектов национальной культуры в Казахстане // Адам әлемі. – 2023. Т. 96. – №2. – Б. 3–13.
14. Апросимов Д. А., Ермолаева Ю. Н. Разработка мультимедийного ресурса как средства передачи исторической памяти //Вестник Северо-Восточного федерального университета имени МК Аммосова. Vestnik of North-Eastern Federal University. Серия «История. Политология. Право. History. Political science. Law». – 2019. – №. 1. – С. 5-11.
15. Короткова М.В. Иммерсивный подход в преподавании истории: понятие, методическая организация и примеры // Преподавание истории в школе. 2023. № 1. С. 3-8.
16. Белсенділікке бағытталған көзқарас // Мектепті басқару. «Бірінші қыркүйек» баспасының газеті. 2011 ж., №9, 14-15 б. 2. Оқытудағы белсенділік тәсілі. Іс-әрекет ретіндегі дизайн түсінігі. Кіру режимі : <http://festival.1> қыркүйек.
17. Петерсон Л.Г., Агапов Ю.В., Құбышева М.А., В.А. Петерсон. Қазіргі әдістеме жағдайындағы оқу іс-әрекетінің жүйесі мен құрылымы. М., 2006 ж. -28
18. Шубина Т.И. Мектептегі іс-әрекет әдісі. 5. Жүйелік-белсенділік тәсілі аясында сабақты ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар. <http://omczo.org/publ/393-1-0-2468>.
19. Шоган В.В. Методика преподавания истории в школе. Издательство: Феникс. Год: 2007.- 471 с. С.6
20. Гордон Л.А., Клопов Э.В. Что это было?: Размышления о предпосылках (в итогах того, что случилась с нами в 30-с-40-е годы. - М.: Политиздат, 1989.-С.160-161

21. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов / Отв.ред. Л.Д.Дегитаева. - Алматы: Казахстан, 1998. - 336 с. - (Архив Президента Республики Казахстан).

22. Ақтау. Жаппай саяси қуғын - сүргін қурбандары туралы. - О реабилитации жертв массовых политических репрессий. - Нормативтік актілер жинағы, - Сборник нормативно-правовых актов / Сост.Р. Баймурзаева. -Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 64 б.

23. Бесценная В. В. Конструирование содержания элективных курсов в профильном обучении: дис. ... канд. пед. наук. Омск, 2006. – 173 с.

24. Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам и курсам по выбору уровней начального, основного среднего и общего среднего образования. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 16 сентября 2022 года № 399. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767>.

25. Указ Президента Республики Казахстана «Об объявлении 1997 года Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий» // Казахстанская правда. -1996. - 30 декабря.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

FTAXP/MPHTI/IRSTI: 03.20

ӘӨЖ/УДК/ UDC 94(574)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.015>

У.Т. Ахметова *, А.Ж. Жумабаев , А.Тұрарұлы 

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры м.а., т.ғ.д.
Атырау қ., Қазақстан, E-mail: ulzhan.a67@mail.ru
Orcid: <https://orcid.org/0000-0002-4274-8602>

²«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, ғалым-хатишы, магистр,
Атырау қ., Қазақстан, E-mail: tarix212@mail.ru
Orcid: <https://orcid.org/0000-0002-8863-5638>

³«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, бас инспектор
Атырау қ., Қазақстан, E-mail: aibek_tu@mail.ru
Orcid: <https://orcid.org/0000-0002-4671-6990>

КИЕЛІ САРАЙШЫҚ: АҢЫЗДАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Аңдатпа

Киелі мекен Сарайшықта қазақ халқының құрылу, бірігу тарихының бастаулары жатыр. Сондықтан Сарайшықтың әрбір тасын, кірпіші мен қыш ыдыстарын ықылас қойып зерттеу, қастерлеу, жас ұрпақтың санасына сіңіру бізге парыз. Сарайшықпен, соның ішінде оның көне жұртының тарихымен, тағдырымен азды-көпті таныс жұрт оны әулиелі жер деп біледі. Зерттеулердің бірі Сарайшық туралы халық жадында көнеден бүгінге дейін жеткен аңыздар. Біз өз зерттеуімізде Сарайшық қаласының аумағына қатысты аңыздар мен тарихи деректерді салыстыра отырып талдауға талпындық.

Сарайшықтың аңыздары қазіргі кезде көпшілікке мәлім. Олар Алтын орда ханы әз-Жәнібек хан мен Асан қайғы арасындағы оқиғалар, Сарайшықтың Секер көлі, хан қызы, оның алтын қайығы, қазақтың даңқты ханы Қасым хан Сарайшық төңірегінде «бұрын-соңды болмаған салбурын жасаймын» деп бүкіл қазақ ордасынан 1000 құсбегі шақыртқаны туралы аңыздар. Сонымен бірге, жергілікті жұртқа ғана мәлім, Асау әулие, Қыз әулие, Зейнеддин ата, Тәжібай ата туралы аңыздай ғып айтылатын әңгімелер бар. Мақалада этнограф Ахмет Тоқтабайдың деректері, жергілікті тұрғындардан алынған мәліметтер берілген. Сарайшықпен салыстыру мақсатында Сарай-Берке, Маджар қалаларындағы аңыздар қаралынды.

Кілт сөздер: Алтын Орда, Сарайшық, аңыздар, әулиелер, Аққу көл, этнография

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № AP19678171 «Астана-лық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII–XVI ғғ.)» жобасы аясында дайындалды.

Ахметова У.Т. *¹, Жумабаев А.Ж. ², Турарулы А. ³

¹*Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, и.о. профессора кафедры истории Казахстана и всемирной истории, д.и.н.*

*г. Атырау, Казахстан
E-mail: ulzhan.a67@mail.ru*

²*Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық»,
ученый секретарь, магистр, г. Атырау, Казахстан*

E-mail: tarix212@mail.ru

³*Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық», главный инспектор
г. Атырау, Казахстан*

E-mail: aibek_tu@mail.ru

САКРАЛЬНЫЙ САРАЙШЫК: ЛЕГЕНДЫ И ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ

Аннотация

В сакральном месте Сарайшык лежат истоки истории образования, объединения казахского народа. Поэтому мы обязаны внимательно изучить, беречь каждый камень, кирпич и керамику Сарайшыка, и прививать это в умы подрастающего поколения. Люди, более или менее знакомые с Сарайшыком, историей и судьбой его древних народов, знают его как святую землю. Одним из объектов исследования являются легенды о Сарайшыке, сохранившиеся в народной памяти с древнейших времен до наших дней. В своем исследовании мы попытались проанализировать, сопоставив легенды и исторические данные, связанные с городищем Сарайшык.

Легенды Сарайшыка в настоящее время широко известны. Они рассказывают о событиях между ханом Золотой Орды аз-Жанибек ханом и Асан-Кайгы, о Сладком озере Сарайшыка, дочери хана, ее золотой лодке, а также о том, как прославленный казахский хан Касым-хан создал 1000 кусбегов со всей Казахской Орды, чтобы «провести небывалый салбурын» вокруг Сарайшыка. Кроме того, есть рассказы, известные только местным жителям, об Асау аулие, Кыз аулие, Зейнелгабит ата, Тажибай ата. В статье представлены данные этнографа Ахмета Токтабая и информация, полученная от местных жителей. В целях сравнения с Сарайшык были рассмотрены легенды городов Сарай-Берке и Маджар.

Ключевые слова: Золотая Орда, Сарайшык, легенды, святыне, Лебединое озеро, этнография

Благодарность: Статья подготовлена в рамках проекта № AP19678171 «Столичный город Сарайшык в контексте историко-культурного наследия Улуса Жошы (XIII-XVI вв.)» по грантовому финансированию Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2023-2025 годы.

Akhmetova U.T. ¹, Zhumabaev A.Zh. ², Turaruly A. ³

¹*Atyrau University named after Kh.Dosmukhamedov, Acting Professor of the Department of History of Kazakhstan and World History, Doctor of Historical Sciences, Atyrau, Kazakhstan
E-mail : ulzhan.a67@mail.ru*

²*State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk", Scientific Secretary, Master, Atyrau, Kazakhstan
E-mail: tarix212@mail.ru*

³*State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk", chief Inspector Atyrau, Kazakhstan
E-mail : aibek_tu@mail.ru*

SACRED SARAISHYK: LEGENDS AND HISTORICAL INFORMATION

Abstract

The origins of the history of education and unification of the Kazakh people lie in the sacred place of Saraishyk. Therefore, we must carefully study and protect every stone, brick and ceramics of Saraishyq, and instill this in the minds of the younger generation. People who are more or less familiar with Saraishyq, the history and fate of its ancient peoples, know it as a holy land. One of the objects of research is the legends of Saraishyk, preserved in the national memory from ancient times to the present day. In our study, we tried to analyze by comparing the legends and historical data related to the Saraishyk settlement.

The legends of Saraishyk are now widely known. They tell about the events between the khan of the Golden Horde, az-Janibek Khan, and Asan-Kaigi, about the Sweet Lake of Saraishyk, the khan's daughter, her golden boat, and also about how the famous Kazakh ruler Kasym Khan called 1,000 kusbegs from all over the Kazakh Horde to "hold an unprecedented salburyn (hunting with hunting birds)" around Saraishyk. In addition, there are stories known only to locals about Asau auliye, Kyz auliye, Zeynelgabit ata, Tazhibai ata. The article presents the data of ethnographer Akhmet Toktabay and information received from local residents. In order to compare with Saraishyq, the legends of the cities of Sarai-Berke and Madjar were considered.

Keywords: Golden Horde, Saraishyk, legends, saints, Swan Lake, ethnography.

Gratitude: The article was prepared within the framework of project No. AP19678171 "The capital city of Saraishyq in the context of the historical and cultural heritage of the Zhoshy Ulus (XIII-XVI centuries)" under grant funding from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025.

Кіріспе. Әлемдік мәдениет пен өркениеттің дамуына әрбір ұлт өз мүмкіндігі мен әлеуеті шеңберінде үлес қосып келеді. Қазақ халқы да адамзат тарихының ортақ қазынасын байыту жолында өзіндік орны мен рөлін айқындауға ұмтылуда. Ортағасырлық шығыс қолжазбаларында, еуропалық саяхатшылар мен әр түрлі қызмет атқарған әуесқойлардың жазбаларында атақты Сарайшық қаласы туралы ақпараттар кездеседі.

Сарайшық қаласы тоғыз жолдың торабында, ыңғайлы өткелде, өзен жағасында, адамдардың өмір сүруіне қолайлы жерде орналасқан. Ортағасырлық жазба деректерде Сарайшық қаласы туралы алғашқы мәліметтер араб саяхатшысы Ибн Баттутаның (Абу Абдаллах Мұхаммед ибн Баттута) еңбектерінде кездеседі. Ол өзінің әйгілі саяхатнамаларында Сарайшықты Шығыс пен Батысты жалғаған маңызды сауда және мәдени орталықтардың бірі ретінде сипаттайды [1]. Қала атауы Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» [2], Мырза Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» [3],

Қалайыридің «Шежірелер жинағы» [4], Әбілғазының «Түрік шежіресі» [5], Ә. Қырымидың «Умдет ал-ахбар» [6] еңбектерінде де аталады.

XVIII ғасырдың I-жартысында Ресей империясының Қазақстанды отарлай бастауы кезеңінде алдымен әскерилер, шенеуніктер, кейін зерттеу мақсатымен зиялы қауым өкілдері де келе бастаған. Соңғыларының қатарында И. Гербер [7], П. Рычков [8], П. Паллас [7], А. Левшин [7], К.Гебель [7], т.б. болды. Олар ортағасырлық қала Сарайшықтың құландысын ғана көріп, жазбалар қалдырған. Ресейліктер ішінен әскери топограф, штабс-капитан А. Алексеевтің [7] Сарайшық құландыларында топографиялық сызба жасап, ол біздің заманымызға дейін жеткенін зор табыс санаймыз.

Кәсіпқой археологтардың зерттеуі 1937 жылы, Н. Арзютовтың Сарайшықтағы қазбасынан басталады. Археолог Н. Арзютов қала құландысы үстінен 13 шурф қазып, олардан ашылған нысандар құрылымын сипаттаған. Қазба нәтижелері ғалымның 1937 жылы Сарайшық қаласының орнында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері зерттеушінің «Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. на месте развалин золотоордынского города Сарайчика» атты ғылыми есебінде жан-жақты сипатталған [7]. Келесі жылы Н.Арзютов репрессияға ілігіп, Еңбекпен түзеу лагерінде қайтыс болады.

Араға біраз уақыт салып 1950 жылы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (БҚАЭ) құрылады. Экспедиция жетекшісі Әлкей Марғұлан Сарайшықта археологиялық зерттеулер жүргізе бастайды. Ғалым қала құландыларының зерттелуіне сол кездегі қазақстандық жетекші археологтарды тартады [7]. Бірақ Ә. Марғұланды Кеңес үкіметінің Алтын Орда тарихын зерттеуге деген теріс саясат ұстауына байланысты қысымға ұшырап, Сарайшықтағы зерттеулерін біржола доғарады.

1970-80 жылдары мәскеулік археолог Л. Галкин ауық-ауық Сарайшықта барлау, бақылау жұмыстарын жүргізіп жүрген [9].

Еліміз тәуелсіздік алысымен, алғашқы жылдарда-ақ Сарайшықты зерттеуге археолог З.Самашев үлес қосады. Ғалымның Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жетекшілігімен 1992-2008 жылдардағы зерттеулері Сарайшық туралы 3 монографияға, ондаған мақалаларға жүк болды [10]. Бұл кезде экспедиция құрамында этнограф Ахмет Токтабай да жұмыс жасауға мүмкіндік алады.

Соңғы жылдары қала орнында негізінен жергілікті атыраулық зерттеушілер жұмыс жүргізіп келеді. Бұл жұмыстардың басында «Сарайшық» музей-қорығы тұр [11].

Сарайшық «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасына енген бірден-бір тарихи-мәдени ескерткіш. Бұл ел аузында хандар, батырлар, сейіт қожалар, әулиелер жайлаған, жерленген киелі жер ретінде танымал болғандықтан деп ойлаймыз. Қазір Сарайшық қалажұрты үстінде белгілі екі: «Қыз әулие» мен «Әзі әулие» орналасқан. Халық оларды өте көне заманнан бері келе жатқан әулиелер деп санайды. 1861 жылғы А. Алексеевтің сызбасында «Қыз әулие» орны «Склепъ Аулие» деп, ал «Әзі әулие» орны «Древнее кладбище (Аулие)» деп белгіленген [12]. Яғни сол кездің өзінде ежелгі деп сипатталып, әулие екені көрсетілуі бұл жерлердің көне заманнан қасиетті орын екенін айғақтайды.

Этнограф Ахмет Токтабайдың «Сарайшықта барлығы 12 әулие болған деседі ел» деген жазбасы бар. «Әулие» сөзі араб тіліндегі «уәли» ұғымынан шыққан, бұл термин «Алланың досы», «Аллаға жақын тұрушы», «Алланың қамқорлығында болған», «Алланың мейіріміне бөленген» немесе «Алланың таңдаулы адамы» деген мағыналарды білдіреді [13].

Материалдар мен әдістер. Ортағасырлық Қазақстан тарихының дереккөздері біршама ғылыми айналымға шығарылды. Оның ішінде алтынордалық Сарайшыққа қатысты деректер XIV-XVII ғасырлар аралығын қамтиды. Олардың қатарында еуропалық, шығыс елдерінің сауда-саттық бағытында жүргізген саясаты кезінде жинақталған материалдары маңызды. Зерттеу тақырыбымызға қатысты аңыздарды жинақтауда этнограф Ахмет Токтабайдың еңбектері, Сарайшықты зерттеуші ғалым Жеңісбек Мұстафиннің мәліметтері, Сарайшық ауылының байырғы тұрғыны Нығметолла Құрмашевтің ақпараттары пайдаланылды.

Зерттеу ғылыми білімнің әдістемелері бойынша жүргізілді. Зерттеу жұмыстарына тарихи нақтылық, этнографиялық зерттеулердің әдістері қолданылды. Деректер сыни тұрғыдан талданды. Сонымен бірге салыстырмалы талдау, деректану, археология-этнографиялық дәлелдер, ғылыми зерттеулердің басқа да әдістері назарға алынды.

Талқылау. Алдымен Сарайшық атауының шығу төркіні туралы аңыздарға сөз берейік. Кейбір этнографтар Сарайшықта мешіт мұнарасында алтын түсті сары айшық болған, қала атауы соған байланысты шыққан деген нұсқаны айтады. Сарайшық сөзінің шығу тарихы туралы ел ішінде айтылатын тағы 2 нұсқа бар. Оның бірі: «Ханның қызының есімі Сара екен. Хан ордасына кіре алмаған жігіттер сырттан «Сара шық» деп дауыстап шақырады екен деседі. Екінші нұсқада: «... Сарай өте әдемі, әрі зәулім етіп салынған. Сарайға келген адам міндетті түрде оған кіріп-шығуы тиіс. Жергілікті жұрт: мынау біздің Сарайды көргенде арманда, көрмегенде арманда. Егер кірмесең, онда қаладан шық», - деп айтады екен делінеді. Бұл нұсқалар ауызша тарап, уақытқа қарай түрленіп отырғаны белгілі. Алайда, Алтын Орда қалалары ішінде тек астана болғандарға «сарай» атауы қосылып отырғанына да мән беру керек.

Аңыздар – өткен дәуір шындығымен астасып жатқан халық жадындағы тарихи деректердің көркем формасы болып табылады. Сарайшық қаласының өркендеу кезеңі Алтын Орда билеушісі Өзбек ханның ұлы Жәнібек ханның (1342–1357 жж.) басқару кезеңімен тұспа-тұс келеді. А.Токтабайдың «Қазақтың киелі жерлері (тарихи-архитектуралық, этнографиялық зерттеулер, мақалалар, фольклорлық деректер)» еңбегінде Алтын Орданың ханы Жәнібек хан туралы аңыздар келтірілген:

Өз-Жәнібек Сарайшық қаласының ортасында мешіт салдырмақшы болып, мынадай әмір қылыпты: «Ертең таң елең-алаңда қалада көшеден кімде-кім өтсе, соны өлтіріп, басын кесіп, болашақ мешіт табалдырығының астына салыңдар». Ертеңінде таң елең-алаңда хан жендеттері көшеде келе жатқан біреуді тарпа бас салып ұстап алса, ханның өз ұлы болып шығады. Өз-Жәнібек өз баласын өлімге қимай, енді ертең кім болса да ол болсын, маған айтпай басын кесіп табалдырықтың астына салыңдар, мешіт құрылысын бастаймыз», - депті. Келесі күні ханның бұйрығымен жендеттер бір бейтаныс адамды тұтқындайды. Тергеу барысында оның түр-сипаты – көк көзді, сары шашты, жирен сақалды өзге ұлт өкілі екені анықталады. Сол себепті ол ешқандай кінәсі дәлелденбесе де, айыпты деп танылып, жазаланып, оның басы мешіттің табалдырығының астына көмілгені айтылады. Бұл оқиға жайында естіген Асан Қайғы хан Өз-Жәнібекке келіп: «Ханның екі сөйлеуі оның билік құзырынан айрылғаны, ал ханның әділетсіздігі – халықтың қасіреті» деген екен. Сонымен қатар, Асан Қайғы ханға өзінің берген уәдесінде тұрмағанын және жазықсыз жанды өлімге қиғанын айтып, бұл әрекеттің салдары ауыр болатынын болжаған. Ол: «Келешекте осы өлкеге сол жазықсыз өлтірілген адамның ұрпақтары қайта оралып, мешітіңді қирататын болады. Оның орнына өз дінінің нышаны ретінде шіркеу салады» [14, 41 б.], -деп ескерткен.

Жәнібек хан мен Асан қайғы арасындағы оқиғалар И. Крафттың «Предсказания кудесника» атты жазбасында да кездеседі. Әңгіме желісінен үзінді келтірсек: «Асан қайғы 95-ке келіп, қартайған шағында Жәнібек ханның даңқы мен қуаты артыпты, дегенмен ел тағдырының болашағын ойлаған кезінде хан Асан қайғының даналық сөздерін тыңдауды әдетке айналдырыпты. Күндердің күнінде хан Сарайшықтан өзіне үлкен жаңа Сарай салуды ойлап, оның іргетасын орыс адамдарына қалатыпты. Салтанатты Сарай салынып бітіп, ханның көңілінен шығып, үлкен той жасайды. Біраз уақыт өткеннен кейін Жәнібек ханның шабармандары оның, бұрынғы күні, жас сұлу – Қарашашқа үйлену тойына шақырыпты, Асан қайғы бұғанда келмепті. Жәнібек хан жақсы аңшы екен, үйретілген тазы иттері мен бүркіттері болатын. Бірақ аңшылықтың ескі әдеттеріне көңілі толмаған хан, тышқан жеп үйретілген құсын аңға шығарыпты. Құладыңды ұстап біраз жүрген хан, оны ірі құс алуға үйрете алмапты. Тағы бірде аңға шыққан хан құладыңның аққу ұстағанына қуанып, той жасапты. Осы тойға Асан қайғыны әдейілеп шақырыпты, бірақ ханның өкінішіне орай қарт данышпан келмепті. Хан Асан қайғыны шақырып, менің қуаныштарымды бөлісер деген үмітім ақталмады, үш тойға шақырдым үшеуіне келмедін, себебін білгім келеді деген екен. Сонда Асан қайғы: Сенің той қылған істеріңнен болашақты болжап тұрмын: орыс

салған Сарайды – олар өздері алады; күнге үйлендің, одан туған ұрпақ билеуші емес, өзгеге бағынатын болады; жаман күс – құладың аққуды алса, халқынды жатжерліктер бағындырады. Бірақ алыс болашақта Ақ патшаның билігі астындағы сенің халқынның толайым бақыт пен жақсылыққа толы қасиетті ғасырларын көріп тұрмын ...» деген екен» [7, 190-191 б.].

Деректерге сүйенсек, Жәнібек хан өз маңына елге сыйлы билерді, шешендер мен жырауларды, халық мүддесін көздеген игі жақсыларды топтастырған. Ол керуендер арқылы үздіксіз түсіп отырған байлықты халықтың игілігіне, қала көркейтуіне бағыттағаны айтылады. Осы тұрғыда Жәнібек хан салдырған, көпшілікті тамсандырған «Аққу көлі» ерекше маңызға ие. Аңыз бен тарихи деректерге сәйкес, хан бұл істі терең ақылмен, парасаттылықпен жүзеге асырған. Көл суына керуенмен жеткізілген қап-қап қантты төктіріп, аққу мен қаз қондырған. Сонымен қатар, көл жағасына мольна мия өсімдігін ектіргені айтылады. Көл суының тәтті дәмге ие болуы осы мия тамырының әсерімен байланыстырылуы мүмкін.

Көл табанын сумен толтыру және оның үнемі жаңарып отыруы сол дәуірдің техникасы – бірнеше қосақ өгіздердің көмегімен жұмыс істеген шығыр құрылғылары арқылы жүзеге асырылған. Бұл құрылғылар тәулік бойы үздіксіз айналдырылып отырған [15, 82 б.].

1861 жылғы сызбада қаламен бірге көлдің орны да көрсетілген, ол «Ханской ильмен» деп белгіленген. Бұл мәліметтер Сарайшықта шын мәнінде Алтын Орданың ханы Жәнібектің ордасы (резиденциясы) орналасқандығын жанама түрде растай алады. Бұл туралы Ахмет Тоқтабай «Сарайшықтың аққу көлі» атты мақаласында былай деп жазады: «Секер көлінің орнын қазіргі Сарайшық селосы орналасқан аумақтан табуға болады. Тегіс жазық жерде ойысты жердің түбінен, сондай-ақ, көлдің жағаларын қолмен нығыздау және кейбір бөліктерін тас-топырақпен, қызыл қышпен қаптау фактілері көлдің жасалуы адам қолымен болғанын көрсетеді», - дейді ауылдың үлкендері. Сонымен қатар, 1920-шы жылдары Шамполов есімді орыс көпесі осы маңнан кірпіш зауытын салу кезінде көлден құмыра табылғаны белгілі болды. Құмыраның ішінде қанттың қағы шыққандығы туралы деректі Астрахан қаласының тұрғыны, дербес зейнеткер, ұзақ жылдар Астрахань обкомында басшылық қызметтерде болған Қ. Сатқаевтың архивінен алынды [16, 3 б.].

Аңыз деректеріне сәйкес, Жәнібек ханның ең сүйікті қызы табиғатқа ерекше құмар болған. Ол жиі су жағасына барып, балықтардың қозғалысын, құстардың топ-тобымен суға қонуын бақылауды, сондай-ақ көл жағасында өсетін әсем теректерді тамашалауды ұнатқан. Хан бұл аймақты халық үшін тартымды әрі жайлы орынға айналдыру мақсатында қызының көлге жиі серуендеп баруына мүмкіндік беру үшін аққу бейнелі қайық дайындаған. Көлдің суының тұщы болуы және онда көптеп аққулардың мекендеуі нәтижесінде бұл су айдыны «Секер көл» немесе «Аққу көл» деп аталған.

Хан қызы құрбыларымен бірге әкесінің сыйлаған алтын түсті аққу формасындағы қайығымен құстарға жем беріп, біртіндеп оларды қолға үйреткен. Қауіпсіздік жағдайларының қамтамасыз етілуіне сенген құстар көл маңындағы Сарайшық аруларының алақанында еркін қыдыруда болған және жаз бойы «Секер көл» аймағында еркіндікпен қалықтап, сол арқылы шет жерлерден келген керуендер алдында қаланың көркін арттырған.

Аққу көлінің танымалдығы мен атауы ел арасына тараған. Сонымен қатар, Жәнібек хан оңтүстік өңірдің балғын жеміс ағаштарының бірнеше түрін сатып алып, көлдің маңайына отырғызған. Балғын көшеттердің өсуі мен жерге жақсы сіңуін қамтамасыз ету мақсатында сол өңірдің тәжірибелі бағбандарын жалдап, бау-бақшаның дамуын қамтамасыз еткен.

Жазушы Ә. Кекілбаевтың жазуынша, итальяндық саяхатшылардың бірі Франческо Пегалотти Парсы елінде бау-бақша отаны сақталған кездерде кездеспеген жүзім мен жеміс ағаштарының ерекше түрлері Сарайшықта өседі деп естелік қалдырған [15, 83 б.].

Аңызға сәйкес, халықтың сүйіктісіне айналған хан қызы он бес жасқа толар тұста кенет қайтыс болады. Хан өзінің сүйікті қызының жасауына мол қаражат жұмсап, үлкен дайындықпен жазғы салымды ұйымдастыруға ниет еткен екен. Қыздың қазасына тек ханның өз туыстары ғана емес, сонымен қатар бүкіл халық қайғырып, хан қызын бір айдан кейін жерлеуге уәде береді. Бұл шешім халық тарапынан қызға деген құрметтің белгісі ретінде қабылданады. Алайда хан өзіне

сенім артып келген жеті адамды шақырып, қызды сол түнде жерлеуді бұйырады. Қыз алтын табытқа салынып, алтын қайық пен қайыры жоқ алтын жасауларымен бірге жерленеді. Сондай-ақ, жерлеу орнын құпия ұстау талап етіледі: бұл орын туралы ұшқан құс, жүгірген аң немесе екі аяқты жанның ештеңе білмеуі тиіс. Егер бұл талап бұзылса, әрбір сенімінен шыққан адамға алтын қайықтың құны мөлшерінде сыйақы берілетіні ескертіледі.

Жалданған жеті адам түнде қызды жерлеп, сол орынды жылқы айдап, ертесіне ханға тапсырманың орындалғанын хабарлайды. Дегенмен, хан олардың сенімін бұзғанын айтып, барлығын жазалаған. Осы оқиғадан кейін «Сарайшықта алтын табыт, алтын қайық және алтыннан жасалған қыз жасауы көмілген» деген аңыз қалыптасады.

1580 жылы қазақтар Сарайшық қаласын жаулап алып, оны талқандаған кезде молаларды қазып, алтын іздегені туралы тарихи деректер де бар [15, 83 б.].

«Сарайшық» музей-қорығының археологтары 2022 жылы ел аузындағы аңыздарда айтылатын «Секер көлі» туралы тарихи деректер бойынша зерттеулер жүргізеді. Осы мақсатта экспедициясы мүшелері танымал ғалымдармен кеңесіп, көненің көзін көрген ақсақалдармен сұхбат жүргізеді, көптеген сұрақтарға жауап ізделеді. Сонда анықталғаны, бұған ұқсас әңгімелер тек Сарайшықта ғана емес, көптеген алтынордалық қалалар туралы аңыздарда да айтылатыны анықталды. Сарайшыққа қатысты нақты бір дәлел сызбадағы «Ханской ильмен» деп аталған су қоймасы орны. Бұл орын Ескі Сарайшық ауылының оңтүстік шетінде ойпаң келген жер. Ауыл аумағының кейінгі уақытта өсіп, кеңеюіне байланысты көл орны құрғатылып, біршама тегістелген. Ол жердің бір бөлігі жақын маңда орналасқан мекеме аумағына кіріп кеткен. Ауылдың байырғы тұрғыны Габыржан Әміровтың айтуынша, 1940-шы жылдарға дейін бұл жерде колхоз егінін суаратын арықтар болғаны, айналасындағы биік жерлерде түрлі ғимараттар құрылысы орналасқан.

Геология-минералогия ғылымдарының докторы Нәсіпқали Сейітов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Болат Мұхамбетов, тарих ғылымдарының кандидаты Жәнісбек Мұстафиннің кеңесі бойынша көл орнына 1 шурф қазылды. Топырақ қабаты беткі антропогендік мәдени қабаттан және төменгі құмды-сазды топырақтан тұрады. Балық сүйектері, ұлу қабыршағы сияқты көл табанына тән қалдықтар табылмады. Әрине бір ғана шурфпен қорытынды жасауға болмайды. Сондықтан зерттеулер болашақта жалғасу керек.

Басқа алтынордалық қалалардың аңыздары туралы Б.Я. Зайковскийдың «Легенда о Сахарном озере» атты еңбегінде бар. Онда алтынордалық Сарай-Берке қаласындағы Секер көлі туралы қарт татар айтқан аңызды келтірген: «Мамайға дейінгі заманда (түменбасы Мамайды (1320?-1380 жж) айтса керек) мұнда кедей, бірақ тақуа адам өмір сүрді. Құдай оған ұлдарының қуанышын көруге мүмкіндік бермеді, олардың барлығы жас кезінде қайтыс болады. Тек Айша есімді бір қызы қалды. Көлдің жанында тұратын адамның аты Абдулла болатын, ол Ахтубадан шығатын керуендерге алдағы жолдары туралы ақпарат беріп, сол үшін еңбегіне тауарлардан аздаған бөлігін алатын. Қазірде мұндай әдет-ғұрып сақталған, сондықтан саудагерлер даладағы ең жақсы жолды көрсететін кез-келген адамға сыйлықтар сыйлайды. Бірде көлге аққу аулау үшін аңшылар келді. Олардың арасында сымбатты мүсінді жас жігіт - хан болды. Алғыр, батыл қыз Айша оның хан екенін бай қамқа маталы киімдері мен қымбат қару-жарақтарынан танып, оған тағзым етті.

- Неліктен сіздің көліңізде аққулар аз? - деп сұрады жас хан.

- Патша! – деді қыз, - мен қалағаныңызша аққуларды үйретемін, тек бізге жиі келіп тұрыңыз.

Сол күннен бастап Айша өтіп бара жатқан саудагерлерден қант сұрап, оны көл жағасына шаша бастады. Бұл тәттілікке құмартқан аққулар көлге қарай ағыла бастады. Ал хан уәдесін есіне алғанда, ол, құстың көптігінен мен ақылды Айшаның тапқырлығына таң қалды.

Кедей қыз бұған балаша қуанды; ол өзін сұлу, жас ханның досы ретінде қиялдап кетті.

Шынында да, ол оны өзінің жанына алуды талап етеді де, Абдулла қартқа көлдің жағасында қалып, оның құсын қорғауды қатаң бұйырады. Хан Айшаны өз ордасына алдырды, бірақ ол оны ханшайым ету жөнінде ойламады. Еркінен тыс, гарем күндерінің арасында Айша жылап қамығады, ол ұлы ханның әйелі ханшайым болуды аңсағанын, өзінің қыз армандарында қаншалықты қатты қателескенін түсінеді. Жараланған жүректің азабына төтеп бере алмай, ол туған көліне,

тастап кеткен әкесіне жүгіреді. Бірақ бақытсыз әке патша бұйрығына мойынсұнбауға батылы бармай, Айшаның оралуын күтпей қайтыс болып кеткенді. Әкесінің қайтқанын естіген Айша көл батып өледі. Кейін, хан қатты өкініп: «менің әйелдерім көп, бірақ мені сүйетін тек Айша еді» депті-мыс» [17, 73-75 б.].

Алтынордалық Маджар қаласында алтын күйме немесе алтын тиеген арба суға батып кеткен деген аңыз айтылады. Аңызда жүктің ауырлығынан көпір опырылып құлаған іспетті. Бірақ ол заманда Маджар маңында көпірлер жоқ, тек өткелдер – кешіп өтуге болатын өзеннің таяз учаскелері болған. Сондай-ақ, күйме орнында ағаш арба, әрі кетсе алтынмен қапталған немесе алтынмен сырланып безендірілген арбалар пайдаланылған болар. Толықтай алтыннан жасалған арба болуы екіталай, өйткені алтын әр уақытта өте құнды болған. Сірә, кейбір арбалар су деңгейінің маусымдық өзгеруіне байланысты өзеннің батпақты жағалауында қалып қоюы мүмкін [18].

Ахмет Тоқтабаймен Сарайшыққа қатысты аңыздар жайында сұхбаттасқан кезде, ғалым қазақ тарихындағы көрнекті тұлға – Қасым хан туралы бұрын естілмеген тың мәліметтерді ұсынды. Оның айтуынша, Қасым хан – қазақ ұлысын қайтадан Алтын Орда дәуіріне жақындатуға ұмтылған ұлы билеушілердің бірі болды. Қасым хан туралы деректер өте шектеулі болып, оның 1521 жылы Сарайшық қаласында қайтыс болғаны белгілі. Сонымен қатар, аңыз бойынша, Қасым хан «бұрын-соңды болмаған салбурын» ұйымдастыруды мақсат етіп, қазақтың барлық аймақтарынан 1000 құсбегіні шақырған. Құсбегілер қос-қос аттарымен және тазы иттерімен бірге қыс бойы ханның қол астында болып, Еділ мен Жайық өзендері аралығында аң аулау шараларын жүргізгені халық арасында кең тараған. Бұл оқиға қазақ тарихындағы ерекше дәстүр ретінде сақталып келеді [14, 44 б.].

Хандардың салбурын ұйымдастырып, аң аулауы Шыңғыс хан дәуірінен бастау алатын ұлттық дәстүр болып табылады. Сарыарқаның даласында жүздеген құлан мен киіктерді жойған кең ауқымды аң аулау орындарының іздері сақталған. Сондай-ақ, Жошының құланды теуіп өлтіруі туралы аңыздар да халық арасында кең таралған. Осыған байланысты, Қасым ханның мыңдаған құсбегіні жинап, айлар бойы Еділ мен Жайық өзендерінің аралығында салбурын өткізгені тарихи деректермен расталады.

Салбурын деп қазақта аңшылардың топтанып, апталап, айлап азықтарын алып, шет, қиыр аймақтарға дейін барып аң аулауын атайды. Бұл көшпенділердің ұжымдасқан аңшылығы. Көшпенділердің бұрынғы жаугершілік заманынан қалған салт.

«Орал әскери ведомості» («Уральской войсковой ведомости») басылымының 1867 жылғы № 30 санындағы жарияланған мәліметте, Бөкей Ордасының ханы Жәңгір Сарайшықтағы кейбір қабірлерге қоршау орнаттырып, қазақтар киелі деп есептейтіні туралы жазады. Жазбада «Ұзақ уақытқа созылған дертке шалдыққан ерлер мен әйелдер (әсіресе қырғыздар /қазақтар /) бірнеше күнге осында келіп, осы зиратқа табынып, ем сұрайды» деп көрсетілген. Жәңгір хан өзінің ата-бабалары хандар жерленген орындарды қоршатуы мүмкін. Сарайшықта көптеген хан тұқымы жерленгені туралы ашық дереккөздерде жетерлік. Халық арасына тараған жырда «Хан сүйегі кие деп, Хандарды қойған Сарайшық» деген жолдар кездеседі.

Сарайшық музейінің негізін қалаушы Мұстажап Намазғалиев өзінің қолжазба дәптеріне жазған мына деректе қызығушылық тудырады: «Түрік сұлтаны Мехмед II-нің 1453 жылғы Константинопольді жеңу құрметіне соғылған алтын теңгесі Сарайшықтан шыққан». Өкініштісі, бұл қандай дерекке сүйеніп жазылғаны айтылмайды. Тарихи деректерге сәйкес, түрік сұлтандары христиан әлемінің күш-қуатын әлсірету және оны құлату құрметіне орай бауырлас түркі мемлекеттері билеушілеріне осындай алтын теңгелерді жібере білді. Сондай алтын тиынның бірі Сарайшықта отырған хан тұқымына да жіберілген болса керек [16, 3 б.].

Енді Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан әулиелер жайлы айтсақ.

Сарайшық ауылы маңында Жайық өзені жағалауында көнеден Асау әулиеге белгі қойылып тұрған. Ол ортағасырлық қаланың оңтүстік-батыс шетінде биік жар қабақта, ақ шеңгел қаптап өсіп тұрған жер болатын. Көнекөз қариялардың айтуынша, әулие Жайық өзені тасығанда оны кері қайтара алатын күшке ие болуымен ерекшеленеді екен. Кейбіреулер ол жерді «Ақ тікен әулие»

деп те атайды. Бұл әулие белгіленген жерде ақ тікен - шеңгелдер қаптап өсіп тұрғанына байланысты болса керек. «Ақ шеңгел (тікен) өсімдігі адам сүйегі жатқан жерлерде өсетін болғандықтан, оны киелі деп қабылдайды және шауып тастауға тыйым салынады» [19].

1940 жылдары осыған жақын маңға жер жыртып, егін еккен колхоз егіншілерінің тамақтану үшін тіккен қосты алай-түлей жел соғып, құйын әуеге ұшырып әкеткен екен. Үлкен кісілердің айтуымен, содан кейін Асау әулиеге бағышталып құрбандық шалынып, садақа берілген екен дейді.

Алайда, Жайық өзенінің тасуы, жарқабақтың үнемі өзенге құлауы салдарынан «Асау әулие» белгісін кейінге қарай жылжытып отырғаны байқалады. Мүмкін, әулие қабірі баяғы заманда суға құлап кетіп, белгіні тек символдық мақсатта орнатып келген болар. Әулиені елемей өтпесін, өмірде кездескен сәтсіздіктерге адамдардың сағы сынбасын, сол жерден өткендер дұға бағыштасын деген оймен белгі қойылған болуы мүмкін. Әулиенің мінезінің «асау» сипатына байланысты, ел арасында бұл атаудың «Асау» деп аталу ықтималдығы бар. Ауылдың байырғы тұрғыны Н.Құрмашевтың жазбасында айтыла кететіндей, Айгүл есімді қыздың бір кездері рухани қысымға ұшырап, ұйықтай алмай жүрген кезеңі болған. Бір күні ол кенеттен сөйлеу қабілетінен айырылады. Кейін оған аян (жарық түсіру, көріп-білу қабілеті) беріледі. Аянға сәйкес, Айгүл Сарайшық ауданындағы, Жайық өзенінің жағасындағы «Асау әулие» деген орынға баруы тиіс екені хабарланады. Содан кейін ғана ол қыз ауруынан жазылып, сөйлеп кеткен екен» дейді. «Асау әулиенің басына белгі қойғысы келген екен, «аруақ рұқсат етпей тұр» - деп Айгүл басын шайқапты-мыс» [20, 1 п.]. Бірақ Асау әулиенің орны 1861 жылғы сызбада белгіленбеген. Сондықтан ол кейінгі уақытта пайда болған болса керек. Бір айта кетер дерек, әулиелер орналасқан ескі Сарайшық ауылын ешқашанда су басу оқиғасы тіркелмеген. Жайық бойындағы көптеген ауылдар су тасқыны зардабын тартқан кезде, Сарайшық биік жерге орналасуына байланысты ондай табиғи апаттан аман қалып отырған.

Ақтікен туралы деректі тарихшы Ж. Мұстафин де айтады. «Әкем Жұпбол өмірден озғанда анамды Сарайшыққа көңіл шайға шақырғанды, анам екеуміз, ибн Баттута «Түрік ата» деп айтқан, халық арасында сол XIV ғасырдан бері қасиеттілігімен ерекшеленіп келе жатырған жерге барғанбыз (бұл 1960 жыл болатын). Халық Сейіт Ата деп үлкен құрметпен атаған ескі шаһардың терістігінде өсіп тұрған алты қанат киіз үйдің орнындай ақтікен өскен жер еді. Ақтікендерде халықтың сиыну белгісі болған - ақ шүберекке түйілген садақалары өте көп екен. Көбі үлкен жалау сияқты желбіреп тұрады. Мен 12 жастағы баламын ғой, ақтікенге жақындағанда арқам шымырлап біртүрлі қобалжыдым. Анам дұға оқығанда ептеп өзімді еркін сезіне бастадым. Бірақ, сол Сарайшыққа барған күн есімнен әлі күнге дейін шыққан емес. Ол ақтікенге халық әсіресе, соғыс кезінде тіпті жиі барып сыйынған, кез-келген шаңырақтан ұлы алапат соғысқа қатысқандар болғаны белгілі [20, 6 б.].

Сарайшықтың рухани мәні Ноғай Ордасы кезеңінде айқын көрінеді. Орданың мұсылман діни басшылары осында орналасқан. Ноғай бекзадалары мен мырзалары Сарайшықта тұрған Мұхаммед пайғамбардың ұрпақтары саналатын сейіттерге өз қыздарын әйелдікке беруді бедел санаған. Сейіттер Сарайшықтағы дінбасылардың ерекше тобын құраған. Қалада сейіттерден басқа да исламның діни қызметкерлері: молдалар, қажылар, хафиздер, софылар, дәруіштер өмір сүрген. XIII ғасырда ислам дінінің кеңінен таралуымен дін басшылары қоғамдағы маңызды рөл атқара бастады. Олар әр түрлі жағдайларда мемлекет басшыларына ізгі кеңестер беріп, саяси және дипломатиялық мәселелерге араласты. Сонымен қатар, дін қызметкерлері қала мен дала өмірінің күнделікті мәселелеріне белсенді қатысып, қоғамдық басқаруда маңызды функцияларды орындады. Көптеген дін өкілдері Сарайшық қаласында жерленген [21, 167 б.].

«Қыз Әулие» Сарайшық ауылының солтүстігінде, Жайық өзені жағасында орналасқан. Бұл жер темір қоршаумен қоршалған және темірге «Қыз Әулие» деп жазылған белгі орналастырылған. Ескі Сарайшық ауылының тұрғыны Айсанова Маскураның айтуынша, өмірден қайтқан 100-ге таяу жастағы енесінің баяндауынша, бұрын қыздар топтасып, дөңгелек жасап билеп жүрген кезінде жаудың әскері олардың жанына келіп, қуғынға ұшыратқан. Қыздар жаудың қолына түспеудің жолын іздестіріп, өмірден өткеннің артық екенін түсініп, Жаратқанға жалбарынған. Аңыз бойынша, осы кезде жер ортасы ашылып, қыз сол жерге түсіп кеткен. Қыздың шын ниетімен

Құдайға жасаған сұранысы қабыл болып, ол осы жерде жерленген деген сенім қалыптасқан. Осы себепті, аталған жерге «Қыз Әулие» белгісі қойылған.

Қыз әулие ретінде белгілі орын қызыл топырақпен ерекшеленіп, дөңгелек пішінде көмкеріліп жатқан жер ретінде сипатталады. Ел арасында «Қыз әулие – қасиетті адам болған, оның қолы тиген жер жазылмайтын» деген аңыз тараған. Н. Құрмашевтің жазбаларына қарағанда, «Қыз әулие» қабірінде апалы-сіңлілі екі қыз жатқаны туралы дерек кездеседі. Бұған қарамастан, халық бұл орынды бағзы заманнан бері «әулие» деп есептеп, басына зиярат етіп, түнеп, ниеттерін арнайды. Аруаққа сиынып, шапағат тілегендердің тілектері орындалатыны жөнінде сенім қалыптасқан. Аталмыш орынға қатысты Қыз әулиеге сілтеме жасаған ауыл тұрғындары Асқар Суханқұлов пен оның жұбайы Тыныштық Бляшева туралы да аңыздар бар. Олар бұл туралы Атыраудағы Қапура есімді емшіден естиді. Қапура «Қыз әулиенің» басы топырақпен жабылмай, қараусыз қалғанын айтып, оны реттеп, белгі қойып, ниет айтып түнеуді ұсынады. Осы ұсыныс негізінде Асқар Суханқұлов пен Тыныштық Бляшева әулиенің басын қоршап, шағын шарбақ орнатқан. Кейіннен ауыл тұрғыны Қойшығали Құспанғалиев сол шағын шарбақтың орнынан үлкен шарбақ орнатып, ал Асқар Суханқұлов қойған шағын шарбақты Сарайшықтағы көк мешіттің орнына апарып қойған. Қойшығали Құспанғалиев орнатқан үлкен шарбақ қазіргі уақытта да әулиенің басын қоршап, қорғаншылық қызметін атқарып тұр.

Л. Гумилев меркiттердi этникалық тобы белгiсiз тайпаға жатқызады, яғни меркiттер, мүмкiн түрiктер, мүмкiн монғолдар, мүмкiн самодийлiктер болуы керек дейдi [20, 390]. Келесi бiр еңбегiнде автор Саян тауларының солтүстiк алқаптарында көптеген «орман халықтары» тұрған, олардың iшiнде Обь остяктарымен туыстас угорлар, енисейлiк кеттерге жақын палеоазиаттар, түркiлер мекендегенiн айта отырып, өздерiн құпия ұстаған меркiттерден самодий реликтiлерiн көруге болатынын айтқан [21, 411]. Демек, меркiттер тайгаларда өмiр сүрген. Меркiттердiң қалдығы телес, телеут, керей, башқұрт, торғауыт iшiнде кездеседi. XIV ғасырда меркiттер ұрпағы монғолдар деп аталды, оғанға дейiн монғол құрамына енбеген [21, 411].

«Ляо мемлекетiнiң тарихында» Мэй-Ли-Зи немесе үш Меркiт тайпа бiрлiгi туралы 1096 жылы алғаш рет айтылады [22]. Егер Шыңғысханның жиырма екiншi атасы Бөрте Чино 1096 жылдары өмiр сүргенiн еске алсақ, Меркiттер Моңғол үстiртiн ертеден-ақ мекендеген тайпа екендiгiне көз жеткiзе аламыз [14, 98]. Моңғол тарихшылары Меркiт iшiнде «Хаад Меркiт» (немесе «хан Меркiт») атты тайпа болуын Меркiттердiң ертеде өзiндiк ханы бар ел болған деген қорытындыға келедi [14, 99].

1201 ж. татар, ойрат, найман, меркiт одағы құрылып, оған тайчуит, сальжиут, қатаған, дурбэн, икирас деген бес монғол руы енген. Олар конфедерация принципiн ұстап, Жамуханы гурхан етiп сайлайды [21, 483].

1182 жылы монғолдар меркiттермен соғысқан, ал 1208 ж. оларды Ырғыз аңғарына ығыстырған. Ол жерде мекендеген құмандар меркiттердi жаман қарсы алмаған, өйткенi екi тайпа бiрiгiп монғолдарға қарсы тұрған. 1216 ж. монғолдар меркiттердiң қалдығын жойып, құмандармен соғысқан [23, 483]. Бұл жерде айта кету керек, Шыңғыс хан меркiт, керейт, наймандарды жойып, «бүкiл халықты жалғыз өзiм билеп», «мен...тәңiрге сыйынған мемлекеттердi әдiлет жолына бағыттадым және барлық халықты өз қол астыма енгiздiм» десе де, меркiттер мен наймандардың iзiн қуып шайқасатынын бiлген жоқ, екiншi рет оларды 1208 жылы Ертістiң жағасында талқандаған.

Байкалдан, одан кейін Ертістің жағасынан қуылған меркіттер мен наймандарды 1209 ж. ұйғыр индукиттері талқандаған, өйткені олар ұйғырлардың иеліктерін басып өткен болатын [24, 172]. Сөйтіп, бұл тайпалар бөлініп, меркіттер қыпшақтарға қосылып, қазақ даласына кетсе, наймандар Жетісуға қара қытай иеліктеріне қосылған. Меркіт әмірлерінің бірі Тоқтай Күшлік әскері құрамына Имэл, Қиалық шекарасына жеткен кезде қосылған [25, 318]. Меркіттердің Кулик деген басшысы да деректерден белгілі [25, 336].

Рашид-ад-дин меркіттердің жеңілуін 1217 ж. сиыр жылына жатқызады, ал бұл кезде монғол әскерін Субудай мен Тохучар басқарған, Жошы да осы жорыққа қатысқан [19, 435]. Бұл оқиғалардың болған жылдарына шығыстанушы ғалым В. Бартольд талдаған болатын. 1215-1225 жж. оқиғалардың хронологиясын Рашид-ад-дин дұрыс көрсетпеген дейді [26, 436]. Ол мәтінде доңыз жылын (1215 ж.) тастап кеткенін айтады (Бартольд, 1970: 436). Мауераннахрды жаулауды 1221 жылан жылына жатқызған, ал ол деректер бойынша 1220 ж. болған. Жувейнидің мәліметіне қарағанда Жошы қырғыздарға жасаған жорығы кезінде меркіттерді талқандаған [26, 436]. Ал Рашид-ад-дин бұл жорықты 1218 жылға жатқызған. Меркіттердің қырғыздарға қашуын деректермен дәлелденбеген. Несеви хорезмшахтың билігінің соңғы оқиғаларымен таныс болған, сондықтан ол 1218 ж. болған жорықты одан да ерте уақытқа жатқызуы мүмкін емес. Бұл жөнінде нақты дерек жоқ, сондықтан сұлтанның Торғай облысына жасаған жорығы 1215/16 жылы қыста болды деп мойындау керек, оның монғолдармен қақтығысы 1215 жылы жазда болған [26, 436].

Несевидің айтуынша, сұлтан 60 мың әскерімен Ырғыз жағасына дейін барғанымен, мұз басқан өзеннен ары өте алмаған. Мұз түскен кезде Мұхаммед судан өтіп, шайқас даласында меркіттерді жеңген, ал осы шайқас алаңын Жувейни Қайлы және Кимач өзендері аралығы деп көрсетеді [26, 436]. Жараланған бір мұсылманнан сол күні шайқас болғанын білген. Жошы мен басқа монғол әскер басшылары мұсылмандармен шайқасқа түскісі келген жоқ, өйткені Шыңғыс хан оларды тек меркіттерге қарсы жіберген болатын. Сұлтан болса барлық дінсіздерді өзінің жауы деп есептейді, сондықтан шайқасуын талап етті; екі әскери құраманың оң қанатынан сол қанаты күшті болды; мұсылмандардың оң жақ қанатын хорезмшахтың үлкен ұлы Желал-ад-дин басқарды, ол әскерін ойдағыдай аман сақтап қалды. Монғолдар да бой бере қойған жоқ, олардың ер жүректілігін көріп ашық далада сұлтан шайқасуға бел бумағаны белгілі еді [26, 437].

1216 жылы Шыңғыс ханның назары батысқа ауып, ол жаққа қашқан жауын қууды Жошыға тапсырады. Бірінші жорық бұл кезде наймандарға емес, өздерінің бір кезде одақтасы болған меркіттерге қарсы бағытталады. Меркіттерді монғолдар өз жерінен Байкалдың шығысындағы жерлерге қуған [27, 841]. Одан кейін олар қазіргі қазақ даласына орын тепкен. Шайқас осы даланың батыс жағында, қазіргі Торғай облысы жерінде болған. Бұл шайқаста меркіттер жеңіледі. Осыдан кейін монғолдар хорезмшахқа жорық жасаған. Ол өз алдына бөлек әңгіме.

600 хижра тышқан жылында (1203-1204 жж.) Шыңғыс хан меркіттердің билеушісі Тоқтай бекке және басқа көптеген тайпаларға, Таян хан жеңілгеннен кейін онымен бірге қашқан тайпаларға қарсы жарыққа аттанған. Олар жолда уваз-меркіт деген тайпасына, оның басшысы Дайр-Усунға жолығады [15, 149]. Бұл тайпалар Тар өзенінің жоғары жағында орналасқан еді. Соғысты қаламаған Дайр-Усун өзінің қызы Құлан-хатунды Шыңғысханға әкеп, сыйға тартады. Меркіттерде Шыңғысханмен соғысатындай улағтары, яғни жылқылары, малдары жоқ еді. Шыңғысхан оларды жүздіктерге бөліп, әрқайсысының басына басшыларды – шихнэлерді тағайындауды, өздерін обоздарда қалдыруды бұйырады [15, 149]. Шыңғысхан кеткеннен кейін, олар қайтадан көтерілді. Обозда қалған Шыңғысханның біраз адамдары меркіттермен шайқасады. Сөйтіп монғолдар бәрін тартып алып, жеңеді, меркіттер қашып кетуге мәжбүр болады.

Шыңғыс хан Дайкал-қорған бекінісінде удуит-меркіттерді, мудар, тодолин, раджун деген тайпаларын қоршауға алып, жаулап алады ад, өзі кері қайтады. Тоқтай өз ұлдарымен

бірге жеке иелігі, әскері бар Бұйрық ханға қашады. Ал Дайр-Усун басқарған уваз-меркіттер екінші рет көтеріліс жасап, Селенги өзені бойындағы Караун-капчал бекінісіне келіп қоныстанады. Шыңғыс хан оларды басу үшін оң қанатының басында тұрған Борагул-нойон мен Чимбайды жібереді. Бұлар меркіттерді басып алады.

Рашид-ад-динде «Бұдан бұрын айтылғандай соғысқан, көтеріліс жасаған, сол кезде өлтірілген Тоқтай бектің меркіттер мемлекетін жаулап алу» деген тарау бар [15, 149]. Онда былай деп жазылған: «Жылан жылында 604 хижра жылында (1208 ж. қаңтар-ақпан) Шыңғысхан Тангут облыстары мен қырғыздарды жаулап алғаннан кейін бұл жерлердің әмірлері оған бағынды... Жолда қарауылдар мен алдыңғы қатардағы әскерлер Кутука-бек басқарған ойрат тайпаларына тап болады. Бұл тайпалардың соғыс жүргізуге, қарсылық көрсетуге күші жоқ еді, сондықтан олар беріліп, Шыңғысханға жол көрсетіп, кенеттен оны Тоқтай-бекке, меркіттер билеушісіне және Кушлук ханға, оның ұлы Таян ханға алып келеді, олар екеуін де үй-ішімен қоршап, дүние-мүліктерін, мал-жайларын талан-таражға салады. Шайқас кезінде Тоқтай өледі, ал Күшлік біраз адамдарымен қашып шығып, Қара-қытай гурханының жеріне барып тығылады; гурхан оны ұлым деп қарсы алып, біраз уақыттан кейін қызын оған тұрмысқа береді» [15, 151-152].

Зерттеу нәтижелері.

Меркіттердің территориясы туралы «Монғолдың құпия шежіресінде» Шыңғысхан Уан ханға Есугеймен бірге әскери жорықтарға шыққанын еске салған жерінде айтылады. Меркіттердің Тоқтай бегімен шайқас «Муруче-сеулде, Хадыхлих тау жотасында» болғаны, Тоқтай бекті Баргучжин еліне дейін қуып, меркіттерден бәрін жаулап алғаны, яғни табын-табын малдарын, князьдық жұрттарын, астығын алып алғаны жазылған [5, 135].

Бірқатар зерттеушілердің пікірлеріне қарасақ [5], Муруче туралы ұқсас пікірді айтады. Кейбіреуі [2] бұл терминнің мәнін түсіндірмейді. Ал, П. Пелльо және Л. Хамбис [1, 273] Бурятиядағы Кяхтин ауданына жақын орналасқан таулы жерлер деп көрсетеді. Буряттың жеріндегі Кяхтин ауданында Мурочи деген елді мекен қазір де бар.

Орта ғасырдағы топонимдерді талдауда В.В. Тишин мен Б.З. Нанзатов Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағындағы» *qas mwras* - Карас-Мурас деген топоним Шыңғысханның меркіттермен шайқасын көрсетеді. Ал, *se'ül* термині «Монғолдың құпия шежіресінің» 159, 177 параграфтарында жазылған. Яғни, Уан ханның сатқындығы туралы жазылған жерде аңғарда от жағып түнде Хара-сеулмен жоғары қарай Шыңғысханнан кетеді [5, 136]. Ал, П. Пелльо *se'ül* (қара құйрық) терминін *Qara se'ül* өзенімен теңестіреді [1, 325]. Х. Пэрлээннің айтуынша, ол қазіргі Хар Сүүлиин өзені болуы мүмкін, Зар өзенінің солтүстік-шығыс жағында орналасқан, қазіргі картада белгіленбеген [2, 585]. Орта ғасырда *se'ül* термині гидроним ретінде қолданылуы да мүмкін. Мүгүсе *Se'ül* орта ғасырдағы деректерде кездескенімен қазіргі географиялық кеңістіктегі объектілермен байланысы жоқ, осы жағынан алғанда зерттеушілерге белгісіздеу.

Меркіттердің территориясына Харачжи (*Qaraji*) даласы да жатқан, ол жерде Жамуханың айтуынша, меркіт Хаатай-Дармала тығылып жатты [5, 101]. Бурятия мен Монғолия арасындағы жер болуы мүмкін [2, 414].

Еуразия даласын мекендеген көшпелілерді біртұтас этнос ретінде қарастыруға болмайды (тек түркілік немесе монғол). Олардың құрамы әрқалай болды. Миграция барысында этникалық араласу заңды құбылыс екені белгілі. Көшпелілер түркі, монғол-шивай және тунгус мемлекеттерінің билігінде болды. Ру-тайпалардың арасында қанды кек қақтығыстар болып тұрды. Ол қақтығыстардың қатты болғаны сонша, бір тайпаның бір ғана ұлы тірі қалып, қасқыр Алтайға алып кетіп, ер жүрек етіп тәрбиеленгені туралы аңыздар осындай қақтығыстарды дәлелдейді.

Шығысқа қарайғы жолға қытай қақпасы бөгет болды. Көшпелілер қытайдың құлы болатынын жақсы білді. Сондықтан олар Алтайда тығылды немесе Алтай арқылы батысқа өтті. Біздің ойымызша, бұл аңыз болса да, шындыққа жақын.

Алтай – түркі тайпаларының бесігі десек, тайпа басшысы Бөрте Чино және оның әйелі Куа Марал осы кездегі белгілі оқиғаларда белгілі болған тұлғалар. Олар үркілер ме, әлде монғолдармен деген сауал қойылса да, олардың отаны ежелден бері Алтай болды. Өмір салттары, тілі, мәдениеті бір-біріне ұқсас болды. Физикалық түрі жағынан - монголоид. Бөрте Чинодағы түркі тайпасынан шыққан, ол халқының артынан жүрген жоқ, бұл жердегі монғолдарды басқарған жоқ. Бөрте-Чино мен Темужин арасында 500 жылдай өткен. Жошыны да біз қыпшақ даласында үшінші ұрпағында қазақ болды дейміз. Ал, Бөрте Чиноның шежіресіне мән берсек, 22-ші ұрпағы Темужин және 11-ші ұрпағы Боданшар монғол жылнамасына жазылды, яғни 500 жылдан кейін олар Монғолияға келгеннен кейін жазылған. «Монғолдың құпия шежіресінде» Шыңғысханның арғы тегі Бөрте-Чино, оның әйелі Гоа-Марал екені жазылған. Олар Бурхан-халдундағы Онон өзеніне келген [5, 79].

Әрине, Шыңғысханның тұсында Монғол империясының территориясы шартты түрде болды. Көптеген ғалымдардың айтуынша, бұл империя XIII ғ. Азиядан Қара теңізге дейін және одан да әрі созылып жатты. Шыңғысханның билікке келуімен монғол-татар тайпалары бірігіп, мемлекет қалыптасса, ал Шығыс Еуропа елдерінде, Орта Азияның бір бөлігінде, Қытайда, Кавказда және Русьте, керісінше, орталықтанған мемлекет болған жоқ. Шығыс Еуропа, Орта Азия және Русьтегі дамыған феодалдық мемлекеттер артта қалған монғол тайпаларымен салыстырғанда олардың шапқыншылығына қарсы тұра алды, алайда Шыңғысханда «монғол халқы жоқ, монғол әскері бар» деген қағидатпен ерекше әскери-тайпалық бірлестігі болды [28, 35]. Осы қағидатпен көптеген территорияларды басып алып, Шыңғысхан қолбасшы ретінде жоспарын жүзеге асырды. 1206 ж. Тэмужинді Шыңғысхан деп жариялағаннан кейін, ол бірден әскери реформа жүргізді. Әскери түрдегі империяның көшпелі өмірінің сол кездегі монғол тайпаларына тән өзіне тән ерекшелігі болды. Әскери ұйымға мемлекеттің басқарманың бүкіл жүйесі бағынды, әскерді ондықтарға, ондықтар – жүздіктерге, жүздіктер – мыңдықтарға, ал он мыңдықтар – бір түмен болды. Тэмужин монғолдардың көптеген руларын өзіне бағындырып, әлемді жаулап алу идеясын ұсынды, өз айналасына рулық ақсүйектерді жинады, ерекше әскери мемлекеттік басқарма жасады. Шыңғысхан жасаған әскери реформа өз нәтижесін берді. Биліктің барлық жүйесі басқа территорияларды жаулап алуға бағытталды. Сондықтан Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның жерлері оңай жаулап алынды, ал бұл жердегі халықтың өмір салты да өзгеріске ұшырады.

Г.Н. Потанин жазған Шыңғысхан туралы аңыз және басқаларынан Домбауыл есімі жиі ұшырасады. Қазақ аңыздарын жинақтаушы Г.Н. Потанин Домбауылға байланысты аңыздарды алғаш жинақтағанның бірі болды. Г.Н. Потанин Домбауылды бірде қазақтың түп-төркіні қылса, бірде «Дуа соқыр мен Даңдағұл мерген көп аңдарды қырған соң, құдай бірін суыр, бірін құндыз қылған екен», - деп санаған [29]. Домбауыл жөнінде келесі бір аңыз даңқты Алашаханмен және Жошы ханға байланысты 1897 жылы «Дала уалаятының газеті» бетінде жарық көрді. Домбауылдың батырлығын Бесқұлан, Құланөтпес жерлерімен байланыстырған. Ал, «Монғолдың құпия шежіресінде» Шыңғысханның Домбауыл мергеннен тараған ұрпақ екені сипатталған. Сондай-ақ қазақ руларының шежіресінде де, жыр-толғауларында да кездесіп отырады. Осындай аңыздардың бірінде Домбауылдың руы Қият деп баяндалса, енді біреуінде Домбауыл дәулескер күйші екені айтылады.

Әрине, көптеген топонимдердің ескіргенін ескеру керек [30, 1349]. Шыңғыс ханның ең мол із қалдырған жері, оның хан аталуына негізгі ықпалын тигізген өңірі қазақ даласы екені белгілі. Бесқұлан, Шыңғыстау, Ұлытау сияқты толып жатқан жер атаулары, сол өңірдегі күні бүгінге дейін қоныстанып отырған рулар, ондағы – Келін там, Болған ана, Домбауыл, Жошы хан сияқты Шыңғыс әулетінің төңірегіндегі адамдардың толып жатқан молалары дәлелдейді.

Шыңғысханның өзі де, басқа да көшпелі тайпалардың көсемдері «бүкіл әлемді» далаға теңеген, алайда кейін ойкумендердің шекаралары тез кеңейе бастады және бұл үдеріс ескерткіште көрініс тапты [31, 198].

Монғол тіліндегі түп нұсқаның жоқ болуы, 8 ғасыр бойы тілдің эволюциясы, қытай транскрипциясында тыныс белгілердің мәтінде болмауы бұл деректі зерттеуді қиынға соқытыратыны сөзсіз [32]. Дегенмен де, аудармалар жасалған.

Қорытынды.

Шыңғысханның өзін былай қойғанда арғы тегі таулы аймақтарды да, бірқатар далалық аймақтарды да мекендеген, мұндай жерлер ашық кеңістіктен алшақ болған. Орман басып жатқан таулар монғолдар үшін аң аулау орны болумен бірге жаудан қорғанатын жер де болды.

Монғолдар тауды адам бейнесіндегі құдаймен теңестірген, өйткені таудың әр бөлігі анатомияға сәйкес өз атауы бар деп саналды. «Монғолдың құпия шежіресінде» географиялық терминдер көп, әсіресе, меркіт далаларындағы елді мекендер туралы мәліметтер монғолдардың меркіттермен әскери қақтығыстары туралы жазылған тұстарында бар. Әскери қақтығыс болған Саари хээр даласы да белгілі. Ашық кеңістіктердің белгілері хайуанаттар бейнесімен, түрлі түстермен байланысты, бұл монғол және түркі-монғол көшпелі дәстүріне қатысты топонимдерде бекемделген. Монғол көшбасшыларының әскери белсенділігімен және Шыңғысханның жас кезіндегі ортасымен байланысты болған ашық кеңістіктердің атаулары сақталмаған, сондықтан қазіргі карталардан ол жерлерді табу қиынға соғады. Тарихи орындардың атаулардың нұсқалары да күдік туғызады.

«Монғолдың құпия шежіресінің» бізге жеткен нұсқасы 282 тармақшадан тұрады. Олардың 166 бабы монғол тарихына арналған. Мұнда Шыңғысханның 22 атасының тарихи шежіресі таратылған және оның өзінің туғанынан 66 жылғы өмірінің басты оқиғалары қамтылған. IX-XIII ғасырда Монғол үстіртін мекен еткен түркі тайпаларының қарым-қатынастарына қатысты 97 бап арналған. Оның ішінде керейттерге қатысты – 21, татарларға қатысты – 18, наймандарға қатысты – 13, қоңыраттарға қатысты – 10, жалайырлардың тарихи шежіресіне қатысты – 8 бап берілген. Меркіт және Оңғұттардың әрқайсысына қатысты 9 баптан беріліп, сипатталған.

«Монғолдың құпия шежіресінде» түркі элементтері де көп кездеседі. Әсіресе, Орталық Азия, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ жерлерін монғолдар жаулауымен байланысты түркі топонимдері пайда болды. Мысалы, Еділ, Эрдиши – Ертіс өзендері, қалалардан – Үргеніш, Отарар – Отырар, Букар – Бұхара, түркі тайпаларының атаулары – карлу’ут – карлұқтар, канлин – қаңлы, кибча’т – қыпшақтар, баджигит – башқұрттар, уйгуд – ұйғырлар, адамдардың аты – Джалал-эд-дин, Мелик, титулдар – солтан, бек, идикут, т.б.

«Монғолдың құпия шежіресінде» киелі жерлерге көбінесе таулар жатқанын байқаймыз. Табиғаттағы ерекшеліктер, құбылыстарды сипаттауда топонимикалық дәстүрдің болғанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Paul Pelliot, Louis Hambis. *Histoire des campagnes de Gengis Khan: Cheng-wou ts'in-tcheng lou. T.1. Leiden: Brill Archive, 1951. – 485 p.*
2. Rachewiltz I. *The secret History of the Mongols. – Leiden – Boston: Brill, 2004. – P. 1349.*
3. Poppe N. *Introduction to Mongolian comparative studies. Mémoires de la Société Finno-Ougrienne. - Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura, 1955. – P. 300.*
4. Пэрлээ Х. *Монголын хувьсгалын өмнөх түүх бичлэгийн асуудалд. - Улан-Батор, 1958. – 200 хуудас.*
5. Козин С.М. *Сокровенное сказание монголов. – М.-Л.: АН СССР, 1941. – 619 с.*
6. Bazargur, D., Enkhbayar, D. *Chinggis khan. Historic geographic atlas. Ulaanbaatar, 1997. - 56 p.*

7. Hantington E. *Civilization and Climate*. - Hantington press, 2008. - 484 P.
8. Боголепов М.А. *Наступающие возмущения климата. По историческим данным*. - М.: Госиздательство, 1921. - 102 с.
9. Тойнби А.Дж. *Исследование истории: Цивилизации во времени и пространстве* / Пер. с англ. К.Я. Кожурина. М.: АСТ: АСТ МОСКВА, 2009. - 863 с.
10. Грум-Гржимайло Г.Е. *Западная Монголия и Урянхайский край*. Т. 2. - Л., 1926. - 420 с.
11. Гумилев Л.Н. *Древняя Русь и Великая Степь*. - М.: АСТ, 2000. - 839 с.
12. Малков С.Ю. *Системный мониторинг глобальных и региональных рисков*. - Т.2.- Волгоград: Учитель; 2020. - 160 с.
13. Никонов В.А. *Введение в топонимику*. - М.: ЛКИ, 2011. - 184 с.
14. Қынайтұлы З. *Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX – XII ғасыр*. - Астана, 2001. - 200 б.
15. Рашид-ад-дин. *Сборник летописей*. Т. 1. Кн. 2. - М.-Л.: Наука, 1952. - 300 с.
16. Шамишиденова Ф.М. *XIII-XVII ғғ. Тайбұға ұлысы және Батыс Сібір: саяси-әлеуметтік мәселелері*. - Алматы: Palitra Press, 2021. - 432 б.
17. Аристов Н.А. *Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, и сведения об их численности*. - Алматы, 2005.
18. Әбілғазы. *Түрік шежіресі*. - Алматы, 1993.
19. Рашид-ад-дин. *Сборник летописей*. Т. 1. Кн. 1. - М.-Л.: Наука, 1952. - 380 с.
20. Гумилев Л. *Қиял патшалығын іздеу. Пірадар Иоанның мемлекет туралы аңызы*. Аударған Ә. Жұмабаев. - Алматы: Балауса, 1992. - 448 б.
21. Пиков Г.Г. *Западные кидани*. - Новосибирск: Восточная литература, 1989. - 200 с.
22. Крадин Н.Н., Ивлев А.Л. *История киданьской империи Ляо (907-1125)*. - М.: Вост. лит., 2014. - 351 с.
23. Гумилев Л.Н. *Древняя Русь и Великая Степь*. - М.: АСТ, 2000. - 839 с.
24. Кляшторный С.Т., Султанов Т.И. *Летопись трех тысячелетий*. - Алма-Ата: Рауан, 1992. - 376 с.
25. Мұхамед Хайдар Дулати. *Тарихи Рашиди*. - Алматы: Ғылым, 2000. - 494 б.
26. Бартольд В.В. *Соч.* - Т. 2. Ч. 1. М.: Наука, 1970. - 560 с.
27. Бартольд В. *Чингиз хан (словарная статья)* // *Энциклопедический словарь Брокгауза-Ефрона*. Т. 38 а. Спб., 1903.
28. Крадин Н.Н., Скрынникова Т.Д. *Империя Чингизхана*. - М.: Восточная литература, 2006. - 558 с.
29. Потанин Г. *Очерки северо-западной Монголии. Результаты путешествия*. Вып. 2. *Материалы этнографические*. - Санкт-Петербург: Типография В. Кирибаума, 1881.
30. Содномпилова М.М. *Орографические объекты «Сокровенного сказания монголов» (Mongyol-un niyuča tobčiyān) в контексте исторической географии Внутренней Азии* // *Oriental Studies*. 2020. Т.13. №5. С.№ 1349-1358.
31. Дробышев Ю.И. *Чингизхан о власти (по материалам «Сокровенного сказания монголов»)* // *Вестник ИВ РАН*. 2020. №2. С. 198-208.
32. Намсрай М. *Формы антропонимов «Сокровенного сказания монголов»* // *Universum: филология и искусствоведение: электрон. научн. журн.* 2021. 9(87). URL: <https://7universum.com/ru/philology/archive/item/12253>

References:

1. Paul Pelliot, Louis Hambis. *Histoire des campagnes de Gengis Khan: Cheng-wou ts'in-tcheng lou*. T.1. Leiden: Brill Archive, 1951. - 485 p.
2. Rachewiltz I. *The secret History of the Mongols*. - Leiden – Boston: Brill, 2004. - P. 1349.

3. Poppe N. *Introduction to Mongolian comparative studies. Mémoires de la Société Finno-Ougrienne*. - Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura, 1955. - P. 300.
4. Пэрлээ Х. Монголын хувьсгалын өмнөх түүх бичлэгийн асуудалд. - Улан-Батор, 1958. - 200 хуудас.
5. Kozin S.M. *Sokronennoe skazanie mongolov [The Secret Tale of the Mongols]*. - M.-L.: AN SSSR. - 619 c. [In Russian].
6. Bazargur, D., Enkhbayar, D. *Chinggis khan. Historic geographic atlas. Ulaanbaatar*, 1997. - 56 p.
7. Hantington E. *Civilization and Climate*. - Hantington press, 2008. - 484 P.
8. Bogolepov M.A. *Nastupaushie vozmusheniya klimata. Po istoricheskim dannym [Coming climate disturbances. Based on historical data.]*. - M.: Gosizdatelstvo, 1921. - 102 s. [In Russian].
9. Toinbi A.Dzh. *Issledovanie istorii: Civilizacii vo vremeni I prostranstve [Exploring History: Civilizations Across Time and Space]* / Пер. с англ. К.Я. Кожурина. - M.: ACT: ACT MOSKVA, 2009. - 863 s. [In Russian].
10. Grum-Grjimalo G.E. *Zapadnaia Mongoliya i Ýrianhaiskii krai [Western Mongolia and Uriankhai region]*. T. 2. - L., 1926. - 260 s. [In Russian].
11. Gumilev L.N. *Drevniaia Rus i Velikaia Step [Ancient Rus' and the Great Steppe]*. M.: AST, 2000. - 839 s. [In Russian].
12. Malkov S.Iý. *Sistemnyi monitoring globalnyh i regionalnyh riskov [System monitoring of global and regional risks]*. T.2. *Volgograd: Ýchitel*, 2020. - 160 s. [In Russian].
13. Nikonov V.A. *Vvedenie v toponimiku [Introduction to toponymy]*. - M.: LKI, 2011. - 184 s. [In Russian].
14. Qinaiatuly Z. *Mongol ústirtin meken etken sońgy túrki taipalary: IX-XII ǵasyr. [The last Turkic tribes that inhabited the Mongolian plateau: IX-XII c.]*. - Astana, 2001. - 200 b. [In Kazakh].
15. Rashid-ad-din. *Sbornik letopisei [Collection of chronicles]*. T. 1. Kn. 2. - M.-L.: Nauka, 1952. - 300 s. [In Russian].
16. Shamshidenova F.M. *XIII-XVII gg. Taibuga ulusy zhane Batys Sibir: saiyasi-aleumettik maseleleri [The Taibuga Ulus and Western Siberia in XIII-XVII centuries: political and social problems]*. - Almaty: Palitra Press, 2021. - 432 p. [In Kazakh].
17. Aristov N.A. *Zametki ob etnicheskom sostave tiurkskih plemen i narodnostei i svedeniia ob ih chislennosti [Notes on the ethnic composition of Turkic tribes and nationalities and information on their numbers]*. - Almaty, 2005. [In Russian].
18. Ábilǵazy. *Túrik shejiresi [Genealogy of the Turks]*. - Almaty, 1993. [In Kazakh].
19. Rashid-ad-din. *Sbornik letopisei [Collection of chronicles]*. T. 1. Kn. 1. - M.-L., 1952. [In Russian].
20. Gumilev L. *Qial patshalygyn izdeu. Piradar Ioannyń memleket turaly ańyzy [Searching for a fantasy kingdom. Saint John's legend about the state]*. *Audargan Á. Jumabaev*. - Almaty: Balay'sa, 1992. - 448 b. [In Kazakh].
21. Pikov G.G. *Zapadnye kidani [Western Khitans]*. - Novosibirsk: Vostochnaia literatura, 1989. - 200 s. [In Russian].
22. Kradin N.N., Ivlev A.L. *Istoriia kidanskoi imperii Liao (907-1125) [History of the Khitan Liao Empire (907-1125)]*. M.: Vost. lit., 2014. - 351 s. [In Russian].
23. Gumilev L.N. *Drevniaia Rus i Velikaia Step [Ancient Rus' and the Great Steppe]*. - M.: AST, 2000. - 839 s. [In Russian].
24. Kliashtorny S.T., Sultanov T.I. *Letopis treh tysiacheletii [Chronicle of three millennia]*. Alma-Ata: Rauan, 1992. - 376 s. [In Russian].
25. Muhamed Haidar Dulati. *Tarihi Rashidi [History of Rashidi]*. - Almaty: Gylym, 2000. - 494 b. [In Kazakh].
26. Bartold V.V. *Soch. [Essays]*. T. 2. Ch. 1. - M.: Nauka, 1970. - 560 s. [In Russian].

27. Bartold V. Chingiz han (slovarnaia statia) [Genghis Khan (dictionary article)] // *Entsiklopedicheskii slovar Brokgauza-Efrona*. T. 38 a. Spb., 1903. [In Russian].
28. Kradin N.N., Skrynnikova T.D. Imperiya Chingizkhana [The Empire of Genghis Khan]. – M.: *Vostochnaiya literatura*, 2006. – 558 c. [In Russian].
29. Potanin G.N. Ocherki severo-zapadnoi Mongolii. Rezultaty puteshestviya. Vyp. 2. Materialy etnographicheskii [Essays on North-Western Mongolia. Results of the Journey. Part 2. Ethnographic Materials]. – Sankt-Peterburg: Tipografiya V. Kirshbauma, 1881. [In Russian].
30. Sodnompilova M.M. Orograficheskie obekty «Sokrovennogo skazanua mongolov» (Mongyol-un niyuča tobčiyān) v kontekste istoricheskoi geografii Vnytrennei Azii [Orographic objects of the "Secret History of the Mongols" (Mongyol-un niyuča tobčiyān) in the context of the historical geography of Inner Asia] // *Oriental Studies*. 2020. T.13. №5. S.1349-1358. [In Russian].
31. Drobyshev Iy.I. Chingizhan o vlasti (po materialam «Sokrovennogo skazanua mongolov») [Genghis Khan on Power (based on the materials of the "Secret History of the Mongols")] // *Vestnik IV RAN*. 2020. №2. S. 198-208. [In Russian].
32. Namsrai M. Formy antroponimov «Sokrovennogo skazanua mongolov» [Forms of anthroponyms of the "Secret History of the Mongols"] // *Universum: filologia i iskusstvovedenie: elektron. nauchn. zhurn.* 2021. 9(87). URL [In Russian].

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20

ӘӨЖ / УДК / UDC 93

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.020>

Б.С. Абенова ^{*1}, Д.Қ. Абенов ²

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ, доцент, т.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: bibigul_aben@mail.ru

² Абай атындағы ҚазҰПУ, Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының
аға оқытушысы, т.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aben_60@mail.ru

ДАЛАЛЫҚ КОМИССИЯ ҚҰЖАТТАРЫ:
БАТЫС СІБІР ӨЛКЕСІН БАСҚАРУДЫ ҚАЙТА ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗДЕЛУІ

Аңдатпа

Ресей империясы XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында қазақ даласының оңтүстік территорияларын жаулағаннан кейін, өлкеде бір ыңғайға келтірілген орыстық әкімшілік жүйені енгізу мақсатындағы әкімшілік реформаларды жасақтауға кірісті. 1865 жылдың 2 ақпанында қазақ даласын басқаруға қатысты жаңа жобаны жасақтау мақсатындағы арнайы «Қырғыз далалық комиссиясы» құрылды. Комиссия құрамына Ішкі істер министрлігінің және генерал-губернаторлықтардың өкілдері кірді. Комиссияның екі жылдан астам жұмысы нәтижесінде 1867 жылы Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереженің, 1868 жылдың басында Орынбор және Батыс Сібір өлкелері далалық облыстарын басқару жөніндегі Ереженің жобалары дайындалды. Жобалармен бірге Далалық комиссия тарапынан Ережелерге қатысты «Түсіндірме жазба» жасакталды. Бұл құжаттарды Ішкі және Сыртқы істер министрлері мен генерал-губернаторлар мақұлдады.

Мақалада қазақ даласында қоғамдық өмірдің негізгі салаларын реттейтін жаңа заң қабылдау қажеттігін негіздеген «Түсіндірме жазба» талданады. «Түсіндірме жазбадағы» империялық биліктің қазақ даласын саяси, экономикалық, рухани меңгеру мақсатындағы саясатына қатысты Комиссия мүшелерінің дәйектері, пікірлері мен қорытынды ойлары реформа баптарымен салыстырыла сарапталады. Мақаланың зерттеу нысанына сай, 1868 жылғы Ереженің Батыс Сібір өлкесіне қатысты баптары талданады. Қазақ өлкесінің құқықтық мәртебесін өзгерткен, өлкені Ресей империясының түпкілікті отарына айналдырып берген 1868 жылғы Ереже мазмұнының «Түсіндірме жазба» арқылы негізделгені дәлелденеді.

Кілт сөздер: Батыс Сібір өлкесі, Далалық комиссия, басқару реформасы, генерал-губернаторлық, уезд

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ИРН АР23489137 «Батыс Сібір қазақтарын басқару құрылымдары: XVIII ғ. соңы - XIX ғасыр)» гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.

Абенова Б.С. *, Абенов Д.К. 

¹ КазНПУ имени Абая, к.и.н., доцент, г.Алматы, Республика Казахстан
E-mail: bibigul_aben@mail.ru

² КазНПУ имени Абая, к.и.н., старший преподаватель кафедры Древней и средневековой истории Казахстана, г.Алматы, Республика Казахстан
E-mail: aben_60@mail.ru

ДОКУМЕНТЫ СТЕПНОЙ КОМИССИИ: ОБОСНОВАНИЕ РЕОРГАНИЗАЦИИ УПРАВЛЕНИЯ ЗАПАДНО-СИБИРСКИМ КРАЕМ

Аннотация

Российская империя после завоевания южных территорий казахской степи в середине 60-х годов XIX века приступила к разработке административных реформ с целью введения в крае единой российской административной системы. 2 февраля 1865 года была создана специальная «Киргизская степная комиссия» для разработки новых проектов Положений по управлению казахскими степями. В состав комиссии вошли представители Министерства внутренних дел и генерал-губернаторств. В результате более чем двух лет работы комиссии в 1867 году был подготовлен проект Положения по управлению Туркестанским краем, в начале 1868 года – проект Положения по управлению степными областями Оренбургского и Западно-Сибирского краев. Вместе с проектами Степная комиссия разработала «Объяснительную записку» к проектам Правил. Эти документы были одобрены Министрами внутренних дел, Иностранных дел и генерал-губернаторами.

В статье анализируется «Объяснительная записка», которая обосновала необходимость принятия нового закона, регулирующего основные сферы общественной жизни в казахской степи. Мнения и заключительные выводы членов комиссии касательно политики имперской власти по политическому, экономическому, духовному освоению казахской степи сопоставляются со статьями реформ. В соответствии с объектом исследования анализируются статьи Положения 1868 года, касающиеся Западно-Сибирского края. Делаются выводы, что содержание Положения 1868 года, изменившего правовой статус казахского края, превратившего край в окончательную колонию Российской империи, обосновано «Объяснительной запиской».

Ключевые слова: Западно-Сибирский край, Степная комиссия, реформа управления, генерал-губернаторство, уезд

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Структуры управления казахами Западной Сибири: конец XVIII в. – XIX век») (регистрационный номер AP23489137).

Abenova B.S. *, Abenov D.K. 

¹ KazNPU named after Abai, Candidate of Historical Sciences, docent,
Almaty, Republic of Kazakhstan
E-mail: bibigul_aben@mail.ru

² KazNPU named after Abai, Candidate of Historical Sciences, Senior lecturer at the Department of
Ancient and Medieval History of Kazakhstan,
Almaty, Republic of Kazakhstan
E-mail: aben_60@mail.ru

DOCUMENTS OF THE STEPPE COMMISSION: JUSTIFICATION REORGANIZATION OF THE ADMINISTRATION OF THE WEST SIBERIAN REGION

Abstract

After the conquest of the southern territories of the Kazakh steppe in the mid-60s of the XIX century, the Russian Empire began to develop administrative reforms in order to introduce a unified Russian administrative system in the region. On February 2, 1865, a special "Kyrgyz Steppe Commission" was established to develop new draft Regulations on the management of the Kazakh steppes. The commission included representatives of the Ministry of the Interior and the Governorates-General. As a result of more than two years of work by the commission, a draft Regulation on the administration of the Turkestan Territory was prepared in 1867, and a draft Regulation on the administration of the steppe regions of the Orenburg and West Siberian Territories was prepared in early 1868. Together with the drafts, the Steppe Commission developed an "Explanatory Note" to the draft Rules. These documents were approved by the Ministers of the Interior, Foreign Affairs and the Governors-General.

The article analyzes the "Explanatory Note", which justified the need to adopt a new law regulating the main spheres of public life in the Kazakh steppe. The opinions and final conclusions of the commission members regarding the policy of the imperial government on the political, economic, and spiritual development of the Kazakh steppe are compared with the articles of the reforms. In accordance with the object of the study, the articles of the Regulation of 1868 concerning the West Siberian Territory are analyzed. It is concluded that the content of the Regulation of 1868, which changed the legal status of the Kazakh territory, which turned the territory into the final colony of the Russian Empire, is justified by an "Explanatory Note".

Keywords: West Siberian Region, Steppe Commission, management reform, general government, county

Gratitude: The article was carried out within the framework of the implementation of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Management structures of the Kazakhs of Western Siberia: the end of the XVIII - XIX centuries)» (registration number AP23489137).

Кіріспе. Ресей империясы тарапынан XVIII ғасырдың соңы - XIX ғасырдың басында шекаралық өлке деп танылған қазақ өлкесі, XIX ғасырдың ортасында бірте-бірте империяның ішкі бөлігіне айнала бастады. Бұл процесс Орта және Кіші жүз өлкелерін басқару жөніндегі бірнеше заңдық құжаттар мен шаралар негізінде жүзеге асырылды.

XIX ғасырдың 60-шы жылдары империя қазақ халқын саяси билігінен біржола айырып, өзінің түпкілікті отарына айналдыруға белсене кірісті. Қазақ даласын Ресейдің отары ретінде заңды түрде бекіткен 1867, 1868 жылдардағы әкімшілік басқару реформалары болды. Бұл

реформаларды жасақтау үшін арнайы «Далалық комиссия» құрылды. Комиссия әкімшілік басқару реформаларының Жобаларын және сол Ережелер баптарына қатысты «Түсіндірме жазбаны» дайындады.

«Күпия» грифімен жасақталған Жазбаның мазмұны бізге империялық биліктің отарлық пиғылын түсінуге және ашып көрсетуге мүмкіндік жасайды. «Түсіндірме жазбадағы» комиссия мүшелерінің әр дәйегі 1868 жылғы Ереженің баптарын негіздеп береді.

Ұзақ уақыт бойы Ресей үкіметінің қазақтарды басқаруға қатысты саясаты прогрессивті, азаматтықты дамыту бағытында болды деген қорытындылар жасалды, империялық саясаттың қайғылы зардаптары жасырылды. Қазіргі кезде қазақ өлкесін басқару құрылымдарының әкімшілік реформалар арқылы кезең-кезеңмен жасақталуы және оның нәтижелері объективті көзқараспен қайта жазылуда.

Мақалада 1868 жылғы әкімшілік-басқару реформасын дайындаған Далалық комиссия құжаттарын өзара салыстыру негізінде Батыс Сібір өлкесін басқаруды қайта құрудың негізделуін жан-жақты талдап көрсетуге талпыныс жасалды.

Талқылау. Қазақ өлкесінің саяси-әкімшілік құрылымы жөнінде орыс тарихнамасында арнаулы еңбектер болған жоқ. Алайда, зерттеліп отырған кезеңдегі әкімшілік басқару құрылымдарының ұйымдастырылуы мен қызметіне қатысты мәселелер кейбір шенеуніктердің, шығыстанушылардың еңбектерінде берілген. Олардың арасынан М. Венюковтың [1], А.К. Гейнстің [2], Н.М. Ядринцевтің [3], В. Остафьевтің [4], Н.И. Красовскийдің [5], И. Крафттың [6], М.А. Терентьевтің [7], И.Ф. Бабковтың [8], П. Румянцевтің [9] жұмыстарын атап өткен дұрыс. Атап айтатын болсақ, И.И. Крафттың еңбегінен Далалық облыстарды басқаруға қатысты үкімет нұсқауларына, жарғыларына, ережелеріне тарихи талдаулар және хронологиялық негіздегі әкімшілік шаралар жөнінде барынша мәлімет аламыз. М.А. Терентьев еңбегінде Орта Азиядағы орыс әкімшілігінің қызметіне көңіл бөлінеді және автор билеуші топтарды қазақтарға қатысты катал әскери шаралар мен басқару әдістерін қолдануға шақырады. Н.М. Ядринцевтің, Н.Я. Остафьевтің, Красовскийдің еңбектері Сібір өлкесінің империя құрамындағы маңызын, Ресейдің өлкені иемдену бағытындағы саясатын, әкімшілік реформалар негізінде Батыс Сібірдегі әкімшілік-территориялық бірліктердің ұйымдастырылуын, Батыс Сібір ведомствосы территориясының орыс шаруаларымен отарлануын зерделеуге арналған.

Аталған еңбектерді талдау барысында, қазақ халқын басқару құрылымдарын қайта жасақтауды заңдастырған 1867, 1868 жылғы Ережелердің түпкі мақсаты, қазақтардың ол реформаларды қабыл алу сипаты сияқты күрделі мәселелерге жауап іздестірілді. Бірақ, XIX ғасыр тарихнамасында бұл мәселелерді объективті тұрғыдан, жан-жақты сараптау мүлдем көзделмеген.

XIX ғасыр бойы қазақ өлкесінде жүзеге асырылған әкімшілік-басқару реформаларының жинағын [10] зерделеу Ресей империясының қазақ қоғамын басқару құрылымдары, бақылау органдары, отарлау бағытындағы саясатының жетілдірілуін ұғынуға және нәтижелерін талдауға мүмкіндік берді.

Қазақстандық тарихнамада Далалық комиссия құжаттарын тұтас талдауға арналған зерттеулер жоқ. Әкімшілік реформалардың мәні мен жүзеге асырылуының кейбір тұстары ғана ішінара зерделенеді. Кеңестік кезеңде жарияланған С. Зимановтың [11], Г.С. Сапарғалиевтің [12], Б.С. Сүлейменовтің [13], Н.Е. Бекмаханованың [14] зерттеулері империяның қазақ даласындағы аймақтық саясатын зерттеуге арналған. Б.С. Сүлейменов зерттеулерінің 1867, 1868 жылдардағы реформалар негізінде қазақ жерін басқарудың жаңа кезеңін зерттеудегі тарихи-танымдық маңызы зор. Н.Е. Бекмаханова қазақ өлкесінде жүргізілген әкімшілік реформаларды сыни тұрғыда баяндайды.

Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген еңбектер арасынан К.А. Жиренчиннің [15], Б. Абдрахманованың [16], С. Акимбековтің [17], Б.С. Абенованың [18] зерттеулерінде қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси, құқықтық өмірін түбегейлі өзгерістерге әкелген әкімшілік реформаларға жан-жақты талдау жасалған. Мысалы, Б. Абдрахманова қазақ даласында ресейлік басқару органдарының қалыптасуы мен қызметіне талдау жасайды. Реформалар негізінде енгізілген

Батыс-Сібір ведомствосы облыстарының, жергілікті басқару буындарының құрылымын, қызметін жан-жақты ашып көрсетеді.

Ресейлік тарихнамада Далалық комиссияның қызметі, дайындаған құжаттары кейбір еңбектерде ішінара қарастырылған. Мысалы, Д.В. Васильевтің еңбегінде [19] империяның оңтүстік-шығыс иеліктерін басқаруға қатысты жобаларды талдау негізінде қазақ өлкесінде әкімшілік басқарудың қалыптасу процесін зерттейді. Еңбекте 1865-1891 жылдары жасақталған құжаттарды салыстыру арқылы Далалық өлкені басқару саясатының бағытын ашып көрсету әрекеті жасалған. Автор ғылыми әдебиетте аз қарастырылған аймақтық заң шығару ісінің генезисі және Ресейдің орталық-азиялық иеліктеріндегі жаңа басқару құрылымдарының жасақталуы мәселелеріне көңіл бөледі.

Материалдар мен әдістер. Мақала Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві (РМӨТА, Мәскеу қ.) 400-ші қорының [20] және Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) 25-ші [21], 64-ші [22] қорларынан алынған 1867, 1868 жылдардағы реформаларды дайындау мақсатында құрылған Далалық комиссияның құжаттарын, мәселеге қатысты басқа да деректерді және Құжаттар жинақтарын саралауға негізделіп дайындалды.

Мәселені зерделеуде көрсетілген архив қорларындағы «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару жөніндегі Ережеге Түсіндірме жазба», «Қырғыз («қазақ» деп оқыңыз – Б.А.) даласындағы магометандық және қырғыздардың діни істерін басқару жөніндегі», «Қырғыз далаларында христиандықты тарату жөніндегі» жазбалар сараланды.

Зерттеу нысанының дереккөзі ретінде И. Крафттың «Далалық облыстар қырғыздарын басқаруға қатысты заңдар жинағында» [6] келтірілген материалдар, «Қазақстанды басқарудың орыстық саяси жүйесін енгізу бойынша материалдар» жинағындағы 1868 жылдың 21 қазанында бекітілген Уақытша ереженің түп мәтіні [10, 154-182-бб.] және «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» атты құжаттар мен материалдар жинағы [23] да қолданылды. Мақалада аталған деректерді зерделеу негізінде Батыс Сібір өлкесінде әкімшілік басқаруды қайта құрудың қажеттілігі мен отарлық мәнін ашып көрсетуге әрекет жасалды.

Зерттеудің методологиялық негізі ретінде нақтылық, тарихилық, объективтілік, салыстырмалы талдау принциптерін сақтау идеясы басшылыққа алынды. Зерттеу мәселелері құжаттарды тарихи дереккөздер тұрғысынан қарастырудың кешендік әдіс-тәсілін қолдану арқылы жаңаша тарихи ойлаудың концептуалдық тұрғысынан қарастырылды, зерттеу нысаны мәселенің шынайы мазмұнына, ұлттық жаңғыру мүддесіне қатысты айқындалды.

Нәтижелер. XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында Ресей оңтүстік қазақ жерлеріне де өз үстемдігін орнатты. Шекаралық және кедендік белдеулер Орынбор – Омбы – Семей шартты шептерінің бойында жатты. Сол кездегі әкімшілік-шекаралық қимылдар куәгері И.Ф.Бабков жазып көрсеткендей, «Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуымен бүкіл Қырғыз даласы, оның ішінде, Орынбор ведомствосы даласы да, Сібір ведомствосы даласы да, империяның ішкі аймағына айналды» [8, 17-б.]. Қазақ даласының толығымен Ресейдің ішкі аймағына айналуы барлық қазақ жерлерінің құқықтық мәртебесін өзгерту қажеттігін білдірді.

Дегенмен, бұл кезде империя құрамындағы қазақ халқы басқару жүйесі жөнінен бірнеше құрылымдық деңгейде болды: Батыс Сібір генерал-губернаторлығы, Орынбор генерал-губернаторлығы, Түркістан генерал-губернаторлығы, Астрахан губерниясының құрамындағы Бөкей ордасы. Аталған өлкелердегі басқару органдары да түрліше құрылды.

Әрине, империялық билік қазақ даласында құрамында қазақ халқы басым болатын біртұтас үлкен территориялық құрылым құруға мүдделі болмады. Ресей үшін XIX ғасырдың екінші жартысында бұндай жағдай қолайсыз болды, өйткені, ол этникалық белгілер бойынша құрылған жеке территорияның пайда болуына алып келген болар еді. Сондықтан да, қазақ өлкесі үш әкімшілік құрылымға бөлінді. Тіпті «Бүкіл Сібір даласын бір аймаққа біріктіру, кеңістік ауқымының үлкендігіне байланысты, әкімшіліктің ойдағыдай әрекет ету қабілетіне мүмкіндік бермейді» [17, 365-б.] деп есептелінді.

Ұлы жүзді бағындырған кезеңнен бастап, орыс үкіметі қазақ даласы мен қоғамында бірыңғайға келтірілген ресейлік басқару жүйесін орнату үшін өлкеде қатал орталықтандырылған мемлекеттік басқару аппаратын құруға бағытталған әкімшілік реформалар жасақтауға кірісті.

Ішкі істер, Шетел істері, Әскери министрлер жергілікті Сібір және Орынбор генерал-губернаторлықтары өкілдерінің пікірлері негізінде 1865 жылдың қаңтарында «Ресейдің азиялық бөлігін қайта құру жөніндегі» жазбаны дайындады. Осы жазбаға сай Сібір комитеті жанындағы В.П.Бутков төрағалық ететін айрықша Комиссия Батыс Сібір және Орынбор генерал-губернаторлықтарының әкімшілік құрылымдары жобасын әзірледі. 1864 жылдың 10 тамызындағы Айрықша мәжіліс және Орта Азия бойынша айрықша Комитеттің 1865 жылдың 25 қаңтарындағы мәжілісі жобаны жетілдіру қажеттігі жөнінде пікір білдірді [19, 152-б.].

Әскери министр мен Ішкі істер министрінің бастамасымен 1865 жылдың 2 ақпанында қазақ даласын басқаруға қатысты жаңа жобаны жасақтау мақсатындағы арнайы «Қырғыз далалық комиссиясы» (бұдан әрі – Далалық комиссия – А.Б.) құрылды [19, 154-б.]. Комиссия құрамына төраға ретінде Ішкі істер министрлігі Кеңесінің мүшесі, құпия кеңесші Ф.Гирс, мүшелері ретінде Л.Баллюзек, Л.Мейер, А.Проценко кірді. 1867 жылы бұл комиссия Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереже жобасын, 1868 жылдың басында Орынбор және Батыс Сібір өлкелері далалық облыстарын басқару жөніндегі Ереженің жобасын дайындады. Соңғы жоба Орынбор генерал-губернаторы Н.Крыжановский мен Батыс Сібір генерал-губернаторы А.Хрущов тарапынан мақұлданды.

Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтары далалық облыстарын басқару жөніндегі Ереженің жобасы және Далалық комиссия дайындаған Түсіндірме жазба 1868 жылдың 7 мамырында Мемлекеттік Кеңеске ұсынылды.

Ішкі және Сыртқы істер министрлері қол қойған Түсіндірме жазба қазақ даласында қоғамдық өмірдің негізгі салаларын реттейтін жаңа заң қабылдау қажеттігін негіздеді.

Министрлер Орынбор және Сібір алдыңғы шептерінің қосылуы және Ұлы жүз территориясының жаулануы нәтижесінде Сібір және Орынбор ведомстволарындағы қазақ далалары сыртқы шекаралық аймақтан империяның ішкі аймағына айналғанына баса көңіл аударды. Жазбада үкімет алдына «бұл өлке халқын империяның басқа бөліктерімен барынша жақындастыру және оларда азаматтықты дамыту» [20, 470-п.] міндетін қойды. Және қазақ даласына жаңа басқару жүйесін енгізу қажеттігі «Орынбор және Сібір ведомстволарындағы қырғыз даласы екі түрлі жүйе бойынша басқарылуда. Бір халықты басқарудағы мұндай екі жақтылық жартылай жабайы халық арасында азаматтықты дамыту үшін сәтті жағдайлар туғызбайды және үкіметтің мүддесіне сай келмейді» [20, 470-п.] деп түсіндірілді.

Комиссия мүшелері сол кезге дейін «орынборлық басқару жүйесі үкіметтің басты мақсаты – аймақты Ресейдің басқа аймақтарымен кіріктіруді жүзеге асыруда жарамсыз екенін көрсетті» [20, 470-471-пп.] деген пікірге келді.

Сібірлік басқару жүйесі де XIX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін орынборлық жүйеден алшақ кетпеді, ол да өзара ұқсас әкімшілік жүйенің бөлшегі болды. М. Сперанский реформалары өлкеге жергілікті жағдайларға бейімделген жалпы сібірлік ережелерді тарату арқылы жағдайды түбегейлі өзгерткен болды. Далалық комиссияның пікірінше, «міне, осы кезден бастап қырғыздар арасында, мүмкіндігінше, сот ісіне және әкімшілікке қатысты халық тұрмысымен келісілген орыс заңдары бірте-бірте енгізіле бастады» [20, 471-артқы п.].

Сібірлік басқару жүйесінің негізгі элементтері – Сібір даласының приказдармен басқарылатын округтерге және болыстар мен ауылдарға бөлінуі болды. Жергілікті әкімшілік басшыларына қатысты сайлау принципі «жүзеге асырылды», ал Батыс Сібір генерал-губернаторы құзырындағы орталық басшылықты Омбы облыстық басқармасы жүргізді, 1838 жылы облыстық басқарма Шекаралық басқармамен ауыстырылды. 1854 жылы аймақ Сібір қырғыздары облысына және Семей облысына бөлінді.

Сібірлік тәжірибенің ерекшелігі – әкімшілік пункттердің біркелкі бөлінісі мен қазақ даласында орыс элементтерінің (казактар, орыс шаруалары) айтарлықтай көп орналасуы болды. Бұған

қатысты Түсіндірме жазбада «Бұл шара қырғыздар арасында азаматтықты дамытуда да, олардың орыстармен жақындасуында да жақсы нәтижелер әкелді» деп жазылды. Ал «жаңа әкімшілік-территориялық бөлініс (болыстар-ауылдар) пен жергілікті әкімшілікке қатысты сайлау негіздерінің жүзеге асырылуы», Комиссия мүшелерінің пікірінше, «рулық негіздің бірте-бірте әлсіреуіне алып келді. Көптеген істерді билер соты арқылы шешудің қырғыздарға қалдырылуы, шексіз бостандыққа үйренген, сондықтан да, көбінесе, оның ерік-жігерін шектейтіндей жаңа тәртіптерге бейжай қарай алмайтын халықтың наразылығын тыныштандырды және айтарлықтай әлсіретті» [20, 471-п.].

Қазақ даласының екі өлкесін басқаруды біріздендіруге бола ма деген мәселеге қатысты, Комиссия, орынборлық жүйеден ескі бағыттағы үлгі ретінде бас тартты, ал сібірлік жүйенің нақты жағдайға сәйкес келмейтінін және оны бірыңғай басқару құрылымы үшін жаңғырту қажеттігін атап өтті.

Түсіндірме жазбада Сібірлік әкімшіліктің нақты кемшіліктері: «1) казактарды басқару мен жергілікті басқарудың екі бөлек болуы; 2) Даланы ескірген округтер жүйесіне бөлу (оларды жалпыимпериялық уздермен ауыстыру қажеттігі); 3) әкімшілік және сот билігінің жалпы-мемлекеттік принциптерге сәйкес келмейтін коллегиялық органдар – приказдардың қолына топтастырылуы; 4) даладағы биліктің приказдарды басқаратын қазақ төрағаларының қолына шоғырландырылуы (олар империялық мүдделерді қолдамады; оларға округтердегі орыстар бағындырылды; жалпымемлекеттік тәртіпке қайшы келетін тәртіп орнатылды, негізінде, уездегі полицейлік билік үкімет шенеунігінің қолында болуы керек); 5) сайлау жүйесінің қанағаттанарлық деңгейде болмауы (болыс басқарушыларын сайлаудағы шектеулер; ауыл старшындарын сайлау рәсіміндегі ретсіздіктер); 6) жергілікті әкімшілік өкілдерін қаржылық жабдықтаудың жеткіліксіздігі немесе мүлдем болмауы; 7) ресейлік әкімшілік шенеуніктердің қаржылық жабдықталуының жеткіліксіздігі» [20, 472-473-артқы пп.] деп көрсетілді.

Осыған орай, Далалық комиссия Ереже жобасын құруда мынадай негіздерге сүйенетінін атап көрсетті: 1) облыс қазақтары мен казактарды ортақ басқаруға бағындыру; 2) генерал-губернаторлардың билігіндегі облыстық басқармалар құрамын әскери губернаторлардан (олардың қолында әскери, азаматтық билік шоғырланады) және облыстық басқармалардан құрау (олардың қолында әскери, азаматтық және сот билігі, губернаторлық кеңселер функциялары шоғырланады); 3) облыстарды уездерге бөлу және олардың басшылығына үкімет тағайындаған ресейлік шенеуніктерді (уезд бастықтарын) бекіту; 4) көшпелі халықты ауылдарға бөлу, ауылдарға сайланатын қызмет иелерін басшылыққа қою; 5) сайлаулар кезінде қандай да болмасын ценздерден бас тарту, сайлаушылардың теңқұқықты өкілдігі принципін қолдану (болыс басқарушысын сайлауда 50 түтіннен біреу және ауыл старшынын сайлауда 10 түтіннен біреу); 7) басқаруды реформалау кезінде мемлекеттік қаржыны үнемдеуді ескеру [20, 473-473-артқы пп.].

Әрине, бұл шаралар, Орынбор өлкесімен салыстырғанда, Сібірлік басқару жүйесіндегі және тәжірибесіндегі әкімшілік шараларға жақын еді. Алайда, Далалық комиссия «қырғыздардың ішкі басқаруындағы ру басыларының билігін әлсірететін басты өзгерістер – болыстар мен ауылдар бірліктерінің және сайлау негіздерінің енгізілуі. Бұл өзгерістер ру басылары тарапынан қабылданбауы мүмкін, олай болған жағдайда, халықтың көп бөлігі бұл жаңа енгізулердің пайдасын түсінеді, өйткені, олар ықпалды руластарының езгісінен құтылуға мүмкіндік алады» [20, 474-п.] деп сендіруге тырысты.

Далалық комиссия қазақтарды бірыңғай жүйеде басқарудың қажеттігі мен маңыздылығы «қырғыз далаларын Ресейдің ішкі бөліктерімен бірте-бірте кіріктіру мақсатымен байланысты. Бұл мақсатқа далаға күшті орыс әкімшілігін енгізгенде ғана қол жеткізуге болады, ол әкімшілік, негізінде, империяның жалпы мекемелеріне ұқсас болғанда, бірақ олардан халықтың мінезі, оның даму деңгейі, сонымен қатар, орда халқының экономикалық және саяси жағдайлары талап ететіндей өзгеше әкімшілік болғанда ғана қол жеткізуге болады» [20, 471-п.] деп көрсетті.

Далалық комиссия дайындаған «Ереже» жобасында әкімшілік бөлініс бойынша Семей, Орынбор, Сібір қырғыздары облыстары мен Орал және Сібір казак әскерлері жерлерінен төрт облыс:

Орал (орталығы Орал қ.), Торғай (Орынбор қ.), Ақмола (уақытша Омбы қ.), Семей (Семей қ.) облыстарын құру, ал казактар мен қазақтарды облыстық басқармаларға бағындыру қарастырылды.

Біздің зерттеу нысанымызға қатысты айтатын болсақ, Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына Ақмола және Семей облыстары кірді. Ереженің 6-7 баптарында «Ақмола облысы Сібір қырғыздары облысының Көкшетау, Ақмола округтерінен, Сібір казак әскерінің 1, 2, 3, 4, 5-ші полктік округтерінің жерлерінен және 6-шы полктік округі жерлерінің бөлігінен, Омбы және Петропавл қалалары жерлерінен құралады», ал Семей облысы «Семей, Көкпекті ішкі округтерінен, Сергиополь, Зайсан өлкесінің Жетісу облысына берілгеннен қалған бөлігінен, Баянауыл, Қарқаралы округтерінен және Сібір әскерінің 6, 7, 8-ші полктік округтерінің казактары жерлерінен құралатыны» [10, 155-б.] анықталды.

Батыс Сібір өлкесіндегі отарлық әкімшіліктің ең жоғарғы өкілі болып - генерал-губернатор саналды. «Ақмола және Семей облыстарын басты басқару, Сібірлік мекемелер ережелері негізінде, Батыс Сібір генерал-губернаторының құзырында» (§2) деп көрсетілді. Генерал-губернатор әрі әскери округтің қолбасшысы бола отырып, өз қолына әскери және азаматтық билікті де толығымен жинақтады.

Облыс әкімшілігінің басында әскери губернатор тұрды. Әскери губернаторларға да өз облыстарының әскери және азаматтық билігі жүктелді. «Ақмола және Семей облыстарында әскери губернаторларға, сонымен қатар, облыстар құрамына кіретін Сібір казак әскері бөліктеріне қатысты тағайындалған атамандардың міндеттері мен құқықтары жүктелді» (§23).

«Ереженің» 26-бабына сай, Ақмола және Семей облыстары әскери губернаторларының құқығы мен міндеттері Сібір мекемелері басшыларының құқығы мен міндеттеріне теңестірілді және осы ережелермен толықтырылды. Облыстық, уездік басқарудың барлық жоғарғы қызметтеріне тек патша шенеуніктері, әсіресе дворяндардан және казактардан шыққан офицерлер тағайындалатын болды, облыс территориясында орналасқан әскер, полиция, түрме мекемелері солардың билігіне берілді.

Әскери губернатордың жанында облыстық басқармалар ашылып, оған вице-губернатор төрағалық ететін болды. Ол да, әскери губернатор секілді, Ішкі істер министрінің ұсынуымен және Әскери министрдің келісуімен тағайындалатын болды.

Әр облыс 4 уезге бөлінді. «Ақмола облысында уездердің басқару орталықтары Омбы, Петропавл, Ақмола қалаларында және Көкшетау станицасында орналасады; соңғы мекенге қала мекенінің құқы беріледі» (§15) деп анықталды.

Ал «Семей облысында уездердің басқару орталықтары Павлодар, Семей, Көкпекті қалаларында және Қарқаралы станицасында орналасады, бұған қала мекенінің құқы беріледі. Зайсан өлкесі уездік басқарма болып қайта ұйымдасқанға дейін айрықша приставтықты құрайды» (§16) деп көрсетілді. Зайсан приставының халықты басқару бойынша құқықтары мен міндеттерінің айрықша нұсқаулықпен, ал әскерлер мен бекіністерді басқару бойынша – Орынбор және Батыс Сібір округтарын әскери басқару жөніндегі Ережемен анықталатыны ескертілді [10, 156-б.].

Уезд бастықтары және олардың аға көмекшілері, жоғарыда айтып кеткеніміздей, орыс шенеуніктері мен офицерлерінен тағайындалады да, кіші көмекшілер болыстар, ауыл старшындары формальды түрде қазақтардан сайланатын болды, ал бұл сұлтандардың саяси беделін түпкілікті әлсіретуге бағытталған шара еді.

«Ереже» жергілікті басқаруға ерекше көңіл бөлді. Уездер болыстарға, болыстар ауылдарға территориялық принциптер бойынша бөлінді. Болыстарға жалпы саны 1000-2000 аралығындағы, ауылдарға 100-200 аралығындағы шаңырақ бірігуі тиісті болды (§59). Болыстардың құрылу принципі былайша көрсетілді: «болыстар жергілікті қолайлылықтар ескеріліп, қыстаулардың пайдаланылуына қарай көршілес орналасқан ауылдардан құрылады» (§60). Бір ауылдан екінші ауылға өту тек өкіметтің рұқсатымен ғана жүзеге асырылады (§61). Осылайша, «әкімшіліктің рулық белгілер бойынша бөлінісі жойылды және де ол ұлттық тұрмыс-салт ерекшеліктерін ескермей, басқару ісіндегі қандай да болмасын дербестікті жоқ қыла отырып, басқарудың территориялық принципімен ауыстырылды» [18, 30-б.].

Крафт бұл жағдайды «қырғыздардың рулық топтарға тарихи бөлінісі әкімшілік тұрғыдан қолайсыз деп танылды, өйткені, көшпелілердің кейбір топтары тым үлкен, біркелкі емес бірліктерді құрады және тым үлкен кеңістіктерге таралып жатты» [6, 73-б.] деп түсіндірмек болды. «Жаңадан орнаған әкімшілік бөлініс қырғыздардың рулық қатынастар бойынша қауымдарға топтасуына сәйкес келмеді, саны 2000 түтіннен көп бұрынғы ру топтары бірнеше бөлікке бөлінуге, түрлі болыстарға таралуға мәжбүр болды, ал ұсақ рулар белгіленген мөлшердегі болыстарды құру үшін басқа ру топтарымен бірігуі тиіс еді. Осылайша, рулық байланыстар мен ру басыларының маңызы айтарлықтай әлсіреді» [6, 74-б.] деп, қазақтарды «қоғамдық басқару» дегеннің енгізілуінің негізгі салдарларын көрсетіп берді.

Қазақ даласын жасанды түрде бөлгенде патша үкіметінің нендей дәлелді басшылыққа алғанын Түркістан өлкесінің ревизоры К.К.Пален де жасырмады, ол «Қырғыздарды рулық байланыс бойынша бөлу заңды түрде жойылды, бұл шара үлкен рудың бір ру басының қол астына бірігуі, далада тыныштықты сақтауды қиындататын болғандықтан жүргізіліп отыр» [18, 31-б.] деп жазды. Расында да, тәжірибеде қазақ даласының бұл реформаға сай жаңаша бөлінуі жайылымдарды пайдаланудың байырғы қалыптасқан тәртібінің бұзылуына, ірі рулардың бөлшектенуіне, соның негізінде ру билеушілерінің ықпалының әлсіреуіне алып келер еді. Яғни, өлкенің территориялық принцип бойынша қайта бөлінуі патшалықтың саяси және әскери міндеттерін шешу мүддесімен астасып жатты.

Болыс басқарушылары мен ауыл старшындарын сайлауды екі сатыда өткізу көзделді және бұл лауазымдарға «халық арасында құрметке және беделге ие болған» адамдар сайлана алатын болды. Әуелі әр 50 шаңырақтан «сайланған» сайлаушылар сиезінде уезд бастығының қатысуымен болыс және оның кандидаты сайланатын болды. Ал әр 10 шыңырақтан «сайланған» сайлаушылар жиынында болыстың қатысуымен ауылнай және оның кандидаты сайланды. Сайлау нәтижесінде артық шарға ие болған адам болыстыққа немесе ауыл старшындығына, ал кем шарға ие болған адам кандидаттыққа сайланды деп есептелді. «Болыстар мен ауыл старшындары 3 жылға сайланатын» (§73) болды. Болыс басқарушылары мен олардың кандидаттарын әскери губернатор, ауыл старшындары мен олардың кандидаттарын уезд бастығы бекітетіні анықталды.

Әрине, сайлаушылар ретінде қатысуға халық арасында құрметке және беделге ие адамдардың бәрі ынталы болған жоқ. Олар қазақ қоғамындағы дәстүрлі басқару жүйесінің жойылуын қаламады. «Жергілікті басшылық, қырғыздардың арасындағы ең жақсы адамдардың тәжірибе жүзінде орнаған ондық және елулік атақтарынан қашып баққанын, ал сайлаушылар ретінде халықтың сенімі мен құрметін иеленбеген, қоғамдық мүдделерді сезінбейтін, тек ықпалды және ауқатты қауымдастарының қолшоқпары ретінде қызмет ететін адамдардың кіргенін бірауыздан дерлік көрсетіп жатты» [6, 74-б.].

Қазақтардың «өзін-өзі басқару» органдарын бұлайша құру арқылы Ресей үкіметі бір жағынан, «қазақ қоғамының демократиялық құрылымының иллюзиясын жасауға тырысса» [18, 31-б.], екінші жағынан, болыс басқарушылары мен ауыл старшындарына жалақы төлеудің барлық ауыртпалығын халыққа жүктеді.

Ресей әкімшілік саясатының қазақ даласындағы маңызды бөлігі сот құрылысы болды. Ұзақ уақыт бойы Сібірде шептер бойында шекаралық соттар қызмет етті. М.Сперанскийдің реформасы қазақтар арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың көп бөлігін және азаматтық істердің барлығын, рулар арасындағы кейбір талас мәселелерді шешуді халық сотына берген болатын. Алайда, бұл жағдай орыс өкіметі үшін тиімді болмады. Далалық комиссия құжаттарында көрсетілгендей, оның себебі Жарғы арқылы «халықтың әдеттегі құқығын тәртіпке келтіруде болды. Сот, тек халықтың өмірімен және ақыл-ой дамуымен келісілгенде ғана, жақсы нәтижелер беретінін заң шығарушы жақсы түсінді. Ол үшін сот өндірісін толық түсіндіру, билер сотына округтік приказдарға апелляция берудің кең құқығын беру және оған бірінші дәрежелі сот билігі мен полицейлік билікті біріктіру қажет еді. Олай болмағасын, халықтық соттың дербестігі шайқалды, өйткені, билер сотының шешімдерінің барлығы, олар анықтаған өндіріп алу шаралары мен бағаларына қарамастан, қайта шағымдануға берілуі мүмкін еді» [20, 478-п.].

1854 жылы Сібірдегі халықтық сотқа түпкілікті соққы берілді. Тек сұлтандар, бұрынғы ауыл старшындары және ресейлік марапаттар иеленген қазақтар ғана би бола алатын болды. Осылайша, халықтық соттар жергілікті беделді билерден алынып, ықпалды адамдар мен округтік приказдардың мүшелерінің қолына көшті.

1868 жылғы «Ереже» бойынша Сібір ведомствосы қазақтары өздері тұратын облыстар ауқымында әскери сот және империяның жалпы заңдары негізіндегі азаматтық сот арқылы соттаса алатын болды (§92). «Сот билігі: уездік соттардың, әскери сот комиссияларының, Облыстық басқармалардың, Үкімет Сенатының құзырына берілді» (§101). Әскери соттың билігі ұлғайтылды. Оларға тек «саяси» қылмыстарды ғана емес, жалпы мемлекеттік қылмыстар категориясына жататын істерді де қарау тапсырылды. Билер сотының қызметі шектелді, оларға қазақ қоғамының ішкі тұрмыстық жақтарын қамтитын істерді қарау өкілеттілігі ғана қалдырылды. Халықтық соттар орыс әкімшілігінің – уезд бастықтары мен губернаторлардың бақылауына қойылды, ал олар билер қабылдаған шешімдерді бекітпей, қайта қарап, өзгертуге жібере алатын болды. Билерді сайлау тәртібі болыстарды сайлау тәртібімен бірдей және бір уақытта жүргізілетіні белгіленді.

«Ереже» бойынша Ақмола, Семей облыстарында әскери губернаторлардың тағайындалуы, оларға облыс территориясында орналасқан әскери бөлімдер мен казак әскерлерінің бағындырылуы, облыстарда әскери соттардың нығайтылуы қазақ өлкесінде Ресей империясының әскери-басқыншылық режимін орнату мақсатын көрсетті. Ереже енгізілгеннен кейін өлкеде шын мәнінде әскери жағдай орнады.

Жергілікті басқарудың болыстар мен ауыл старшындары құрайтын төменгі буыны әскери губернатор мен уезд бастығының қол астында және тікелей бақылауында болды. «Әкімшілік реформаның негізінде шексіз билікке ие болған патша шенеуніктері қазақ даласында бассыздық пен жүгенсіздікке, озбырлық пен қазақ халқын басынушылыққа, тонаушылыққа және қазақ жерінің байлығын арсыздықпен, жабайылықпен емін-еркін талан-таражға салуға мол мүмкіндік алды» [18, 31-б.].

«Ереже» қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына да өзгерістер әкелді. Қазақтардың бәрі, тіпті сұлтандар да, құқықтық жағынан «село тұрғындарына» жатқызылды. Басқа сословиеге өту тек Ресей империясының «жалпы заңдарының негізінде» жүзеге асырылатын болды (§243). Егер сұлтандар мен билер дворяндық жағдайға көтерілгілері келсе, патша құзырына «құлдық ұрып», беріле қызмет етулері керек еді. Сонымен, «Ереже» арқылы, патша үкіметі сұлтандардың артықшылық жағдайларын жойып, оларды қолдау саясатын тоқтатуды жоспарлады. Империялық билік қазақ даласында орыс әкімшілігін нығайта отырып, отарлық саясатын жүзеге асыруда енді болыс басқарушылары мен ауыл старшындарын өзінің негізгі тірегіне айналдырмақ болды.

Далалық комиссия қазақтар құқықтарына қатысты да пікірлер білдірді. Негізі, 1868 жылғы Ереженің жобасы жасақталу кезінде Сібір қазақтары көшпелі сібірлік бұратаналардың құқықтарын пайдаланды, ал Орынбор қазақтарының құқықтары империялық заңдармен мүлдем анықталмаған болатын. Ережені жасақтаушылар бұл мәселеге қатысты «Қазіргі кездегі, жаңа әкімшілік басқару енгізілетін жағдайдағы басты мақсат – қырғыздарды Ресеймен жақындастыру, сондықтан да, оларға, қойылған мақсатқа қол жеткізуге кедергі келтірмейтіндей және оларды ерекше жағдайға қалдырмайтындай, құқықтар беру қажет. Ал қырғыздарды село тұрғындарының құқықтарынан айыратын болсақ, онда ол көшпелілердің өздерін қоршаған отырықшы халықпен жақындасуын кідіртеді және оларда азаматтықтың дамуына кедергі жасайды. Комиссия, қырғыздарға барлық табиғи орыстық село тұрғындары пайдаланатын құқықтарды беруді әділетті деп санайды», сонымен қатар, «оларды әскери міндеткерліктен босату керек» [20, 492-артқы п.] деп көрсетті. Ереженің 245-бабына сай, қазақтар рекруттық міндеткерліктен босатылды. Мұның бәрі, Комиссия мүшелері атап көрсеткендей, қазақтардың Ресейге жақындасуына қызмет ететін шаралар еді.

«Ереже» бойынша, қазақ өлкесін нақты отарға айналдыру мақсатындағы әкімшілік қайта құру шаралары бірнеше экономикалық шаралармен нығайтылды. Далалық комиссия «Жер мәселесін

шешкенде үкімет, бір жағынан, халықтың қазіргі кезеңдегі талабын, оның тұрмыс-салтына нұқсан келмейтіндей етіп қанағаттандыратын, екінші жағынан, Ресейдің пайдасын көздейтін шара қабылдауы тиіс» [20, 489-п.] деп көрсетті.

Далалық комиссия XVIII ғасырдың 60-жылдарында Сібір қазақтарынан тартылып алынған Ертістің сол жағалауындағы 10-шақырымдық белдеу жерлеріне қатысты пікір білдірді. Ол мәселені «Сібір ведомствосы даласында мықты орыс әкімшілігі енгізілгенге дейін қырғыздардың, шеп бойы тұрғындарына ғана емес, Ертістің арғы бетіндегі тау-кен мекендеріне де жасаған жыртықшылық шабуылдарын тоқтату үшін айрықша шаралар жүргізу қажет болған болатын» [20, 489-п.] деп негіздеме болды. Осы мақсатта іске асырылған «айрықша шаралардың» бірі – бүкіл Сібір шебінің қолбасшысы, генерал-поручик Шпрингердің 1765 жылдың 31 желтоқсанында бекіністер коменданттарына берген Нұсқаулығындағы «...қырғыз-қайсақтар, көші-қондары мен мал табындарымен қоса, өз жақтарынан бері қарай аспасын және бұдан былай біздің бекіністерге он шақырымға, ең болмаса бес шақырымға жақындармасын, ол үшін олардың ең тәуір адамдары аманатқа алынсын» деп анықталуы болатын. Міне, осы Нұсқаулықтан кейін Ертістің бүкіл сол жағалауы он шақырымдық қашықтықта шептік басшылықтың тікелей бақылауына берілді.

Ал қазақтарға Ертістің оң жағалауында, Құлынды далаларында, жөндеу пошлинасын төлей отырып, көшіп-қонуға ғана рұқсат етілді. Шеп басшылығы Ертістің сол жағалауында 10-шақырымдық белдеуге дейін көшіп-қонатын қазақтардан да жөндеу пошлинасын жинады. Кейін 10-шақырымдық белдеу жерлері Сібір казак әскерінің уақытша пайдаланылуына берілді.

Бұл мәселеге қатысты Далалық комиссия «...Ертістің сол жағалауындағы 10-шақырымдық белдеуді құрудағы бастапқы мақсат – орыс қоныстарын қырғыздар шабуылдарынан қорғау болатын. Құнарлы шалғындарды қамтитын бұл кеңістік – қысқы тұрақтар үшін және шөп шабу ісінде ең жақсы жерлер. ... 10-шақырымдық белдеудің тартылып алынып, казактарға берілуін, осы кезге дейін, қырғыздардың әділетсіз шара деп есептеуі негізсіз емес. Өйткені, он шақырымдық белдеудің казактардың пайдаланылуына берілуіне орай, көптеген қырғыздар қыстаусыз қалды және ...бұрын тегін пайдаланатын жерлері үшін жөндеу пошлинасын төлеулері тиіс болды» деген пікір айтты. Одан әрі, «он шақырымдық белдеудің пайда болуының бастапқы себебі – орыс қоныстарынан қырғыздарды алыстату болатын, ал ол қазіргі кездегі үкіметтің негізгі мақсаты – қырғыздарды орыстармен жақындастыру пиғылына қарама-қайшы келеді. Қырғыздарды бұрын иеленген жерлерінен айыру, заңдастыру арқылы жер үлестерін казактарға беру және болашақ қоныстар үшін үкімет иелігінде жер үлестерін қалдыру – өте әділ емес екендігін» [20, 489-артқы п.] көрсетті.

Келтірілген тұжырымдар негізінде Комиссия «Сібір казак әскерінің уақытша пайдалануындағы он шақырымдық кеңістік ... қырғыздардың тегін пайдаланылуына берілсін. Аталған кеңістіктегі жерлерді қырғыздар арасында бөлу өлкенің Бас бастығына тапсырылуы тиіс» [20, 489-артқы п.] деген ұйғарымға келді. Далалық комиссия ұйғарымы Ереженің 225-бабына мынадай мазмұнда енгізілді: «Әскер жерлерінде көшіп-қонғаны үшін қырғыздар станицалар қоғамдарымен жасалған өзара келісімдер бойынша немесе басшылық қажет деп тапқан такса бойынша ақы төлейді» [10, 178-б.]. Және 225-бапқа қосымша «Батыс Сібір генерал-губернаторына Сібір казак әскерінің уақытша пайдаланылуындағы он шақырымдық кеңістікті бөлуге қатысты айрықша ұсыныс жасау міндеті жүктелетіні» ескертілді [10, 178-б.].

«Түсіндірме жазбада» Комиссия мүшелері казак даласын «...казак қоныстары арқылы отарлау жүйесі өзіне алғаш жүктелген міндетті табыспен орындады; ал қазіргі кезде жергілікті жағдайлардың өзгеруіне байланысты, бұл әдіспен отарлауды жалғастыру күткен пайдаға қол жеткізбейді» дей келе, «қырғыз даласын орыстардың отарлауы қажеттілік екенін, бірақ өлкедегі казак қоныстарының патша үкіметінің отарлау мақсатын қанағаттандыра алмайтынын түсініп, өлкеге орыстарды қоныстандыру үшін еркін отарлауға жол беру керек» [20, 490-п.] деген ұйғарымға келді. Яғни, әскери бекіністер мен казак қоныстары – казак жерін отарлаудың алғашқы кезеңі ғана, ал казак жерін толығымен иемденудің сенімді жолы – орыс шаруаларын қоныстандыру екендігін үкімет жақсы түсінді.

Сонымен қатар, Далалық комиссия орыстарды қазақ жеріне қоныстандыру мақсаты жөнінде «Қырғыздар арасында азаматтықты тарату, оларды орыстармен жақындастыру және елдің өндіріс пен өнеркәсіп күштерін дамыту үшін өлкеге орыстарды қоныстандыру мемлекетке аса пайдалы және өте қажет. Себебі, орыстар жоғарғы нәсіл өкілі бола отырып, қырғыз халқының тұрмысына жасампаз ықпал етеді және оны Ресеймен толықтай бірігуге дайындайды» [20, 491-п.] деген пікірге келді.

Осы негізде Ереженің 210-шы, 238-ші баптарында қазақ жерлері мен ормандары Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жарияланды. Енді қазақ өз жерін өзіне тек «қоғамдық пайдалануға» ғана ала-алатын болды. Жерге қатысты бұндай шешім үкіметке қазақ жерлерін жаппай отарлауға жол ашты. Ресейден қоныс аударып келгендерге құрылыс жұмыстары үшін, егіншілікпен, саудамен, қолөнермен айналысу үшін тегіннен-тегін жерлер, ағаштар алу құқығының берілуі (§§226-229) – жаппай отарлаудың бастамасы болды.

Осылайша, реформаның көмегімен Ресей үкіметі өзінің отарлаушылық бағыттағы аграрлық саясатын жүргізуге мол негіз жасайтын шара қабылдады. Қазақтардың мүддесі ескерілмек түгілі, оларды шұрайлы жерінен, сулы иелігінен айырып, оның жерлерін орыс шаруаларына және казак әскерлеріне тартып әпермекші болды. Бұл жағдай – жайылымдарды пайдаланудың байырғы қалыптасқан тәртібінің бұзылуына, қазақтардың қыстау мен жайлауда еркін қозғалуының шектелуіне, сөйтіп олардың өз ата қонысы мен өз жер-суына кіріптар болуына әкелетін саясат еді.

«Далалық комиссия» қазақтардан жиналатын салық мөлшерін талдай келе, «негізінде түтін салығы патша қазынасына даланың нақты жағдайына сай мөлшерде түсіп отырған жоқ» [20, 483-артқы п.] деген қорытынды жасады. Осыған орай, үкімет «қазына табысын әжептәуір ұлғайту мақсатымен» [20, 485-п.] салық саясатын күшейтуді көздеді. «Ережеде» түтін салығы екі есе ұлғайтылып, әр түтін жылына 3 рубль мөлшерінде салық төлеуі тиіс болды (§168). Оған қоса, жергілікті әкімшілікті және өлкеге келген шенеуніктерді «баптап күту», мектептер жұмысын, жолдар, көпірлер құрылысы мен жөндеу жұмыстарын өтеу сияқты міндеткерліктер де халықтың мойнына жүктелді (§§204-207, 209). «Уақытша Ережеде» белгіленген түтін салығын есептеу тәртібі әкімшіліктің талай қулық-қиянаттарға баруына жол ашты.

Осылайша, халықтың қажеті мен мақсат-мүддесі аяқ-асты етілді. Жергілікті халықты арсыздықпен тонауды күшейту үшін ауылдар мен болыстардың, уездер мен облыстардың шекараларын дәл анықтап, әкімшілік-территориялық бөліністі жетілдіру белгіленді және көрсетілген шаралар салық жинау тәртібін жақсартуға бағытталды.

Қазақ даласын басқару құрылымының және қызметінің жаңа тәртібін енгізу арқылы, Ресей үкіметі өзінің ғасырлар бойы жүргізіп келе жатқан орыстандыру саясатын күшейтуді көздеді. Ресей қазақтарды күшпен орыстандыруға, ұлттық белгілері, ерекшеліктерін жоқ етуге, қазақтың тілін ығыстырып шығаруға тырысты. Әкімшілік қызметтеріне тек орыс шенеуніктерін тағайындау шарасы да басқару жүйесін орыстандыру мақсатымен астасып жатты.

«Ереже» қазақ қоғамына христиан дінінің кеңінен енуіне қолайлы жағдайлар жасауға, мұсылман дініне, керісінше, шектеулер қоюды көздеді. Далалық комиссия құжаттарында: «молдалардың ықпалын шектейтін, қырғыз жастарын молдалардан айырып алатын кез жетті, өйткені, өлкедегі мұсылмандықты әлсіретудің және қырғыздардың орыстармен жақындасуының азды-көпті табысы осыған байланысты болып отыр» [20, 497-п.] деп көрсетілді. Бұл жағдай – Ресей үкіметінің кең байтақ қазақ өлкесін тек саяси-экономикалық жағынан ғана емес, рухани жағынан да меңгеру бағытындағы шаралары болатын.

253-ші бапқа сай, әр болысқа бір ғана молда белгіленді. Батыс Сібірдегі «тағайындалған молдалар» аты жойылатыны ескертілді. Мешіттер тек генерал-губернатордың рұқсатымен ғана салынатыны анықталды (§258). Өз бетімен мұсылман мектептерін ашуға тыйым салынды. «Ережеде» мұсылман дін иелерінің құқығына көптеген шектеулер қойылса, керісінше, христиан дінін қабылдайтын қазақтарға жеңілдіктер берілді. Қазақтарға балаларын ана тілінде оқытуға тыйым салынатыны, орыс-қазақ мектептерінің ашылатыны айтылды. Осылайша, қазақ даласын басқарудағы қайта құрулар - қазақтарды орыстандыру мақсатындағы жұмыстармен қатар қойылды.

1868 жылдың 8 қазанында Министрлер Комитеті Орынбор және Түркістан генерал-губернаторларының қатысуымен Мемлекеттік Кеңестен келіп түскен Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару жөніндегі Ереженің жобасын және Түсіндірме жазбаны талқылады. Комитет «жергілікті жоғары басшылардың Ереже жобасын тәжірибеге тез арада шұғыл енгізу жөніндегі дәйектерін ескере отырып», Мемлекеттік Кеңес мақұлдаған заң жобасының бекітуге дайын екендігін атап көрсетті. Сонымен қатар, Ереже жобасын 1869 жылдың 1 қаңтарынан бастап толығымен немесе ішінара екі жылға тәжірибе жүзінде енгізуді ұсынды.

1868 жылдың 21 қазанында Александр II қазақтарды басқаруды қайта ұйымдастыру туралы Жарғыға қол қойды.

Қорытынды. Жаңа реформа, әрине, Қазақ даласын Ресей империясының басқа бөліктерімен жақындастыру жолындағы ерекше кезең болды. Қазақтардың ерекше басқару жүйесінің жойылуы, оларды басқару құрылымдарының ресейлік губерниялар секілді облыстар шеңберінде бірегейлендірілуі, жалпымемлекеттік империялық мекемелер мен институттардың енгізілуі Қазақ даласында тікелей басқару жүйесі қызметінің жүзеге асырылатындығына және даланы империяның отарына айналуға мәжбүр еткендігіне куә болды.

Қазақ даласында ресейлік әкімшілік жүйені енгізуге және соның негізінде қазақтарды басқару құрылымдарын жасақтауға бағытталған реформалар қазақ халқының «тұрмыс жағдайын жақсарту, олардың өміріне мүмкіндігінше көбірек азаматтық енгізуді» көздеген қайта құрулар емес, қазақтарды басқаруда отаршыл әкімшілік органдарды жасақтау арқылы өлкені Ресей империясының толыққанды отарына айналдыруды заңды түрде негіздеген бағдарлама болды.

Оны Далалық комиссия жұмысына қатысқан Л.Баллюзектің: «Жаңа Ережені дайындаған кезде біз тек қырғыздардың тұрмысын жақсартып, салықтарды ұлғайтуды ғана емес, ең бастысы, бұрын тек сөз жүзінде ғана иеленіп келген өлкеде өзіміздің билігімізді нығайтуды мақсат еттік; сондықтан Жаңа Ереже бұл мақсатқа толығымен жетудің бастапқы нүктесі ғана бола алады, ал ол үшін біздің үкімет көптеген құрбандықтарға баруы қажет, онсыз Жаңа Ереже ... халықтың өміріне енбей, тек қағаз жүзінде ғана қалып, халыққа да, үкіметтің мүддесіне де ешқандай пайда әкелмейді» [21, 4-п.] деген сөздері дәйектей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Венюков М. Россия и Восток. СПб.: Типография Имп. АН, 1877. 49 с.
2. Собрание литературных трудов Гейнса А. Т.1. СПб., 1897. -Т.2. СПб., 1898. 589 с.
3. Ядринцев Н.М. Сибирь как колония. СПб, 1882. 477 с.
4. Остафьев В. Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве //Записки ЗСО ИРГО. Кн. ХУІІІ. Вып. 1. Омск, 1895. С.1-62.
5. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область Сибирских киргизов. Ч.1. /Сост.: Геништаба подполковник Красовский Н.И. Спб, 1868. 428 с.
6. Крафт И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. 532 с.
7. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. С картами и планами. В 3-х томах. Алматы: ТОО «Мереке баспасы», 2012. Т.1. 510 с.; Т.2. 547 с.; Т.3. 496 с.
8. Бабков И.Ф. Воспоминания о моей службе в Западной Сибири. 1859-1875. Спб. 1912. 245 с.
9. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб., 1910. 66 с.
10. Материалы по введению русской политической системы управления в Казахстане /Сост.: С.К. Жакыпбек, А.А. Белбаева. Алматы: Қазақ университеті, 1999. 257 с. 1999.
11. Зиманов С. Политический строй Казахстана конца ХVІІІ - І половины ХІХ веков. Алма-Ата: Издательство АН Каз.ССР, 1960. 296 с.
12. Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1966. 375 с.

13. Сулейменов Б.С. Подготовка реформы 1867-1868 годов в Казахстане //Известия Каз. Фил. АН СССР. 1946. №2(27). С.137-148; Его же. Об административном устройстве казахской степи по реформе 1867-1868 г.г. //Вестник АН Каз.ССР. 1951. №2(71). С.118-126; Его же. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX-начала XX века (1867-1916). Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. 411 с.
14. Бекмаханова Н.Е. Царское правительство и институт султана в Среднем жузе в XIX в. //Известия АН Каз.ССР. Серия общ.наук. 1968. №2.
15. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – начала XX веков. -Алматы: Жеті Жарғы, 1996. –352 с.
16. Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана, 1998. 132 с.
17. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2018. 562 с.
18. Әбенова Б.С. Ресей империясының қазақ өлкесіндегі аймақтық саясаты (1868-1891). Монография. Алматы: Эпиграф, 2019. 388 б.
19. Васильев Д.В. Бремя империи. Административная политика России в Центральной Азии. Вторая половина XIX в. М.: Политическая энциклопедия, 2018. 638 с.
20. РМӘТА. 400-қ. 1-т. 120-іс. Қырғыз Далалық комиссиясының Орынбор және Сібір ведомствосының қырғыз далаларын басқару жөніндегі Ережесінің жобасы. 582 п.
21. ҚР ОМА. 25-қ. Торғай облыстық басқармасы. 1-т., 1830-іс.
22. ҚР ОМА. 64-қ. Дала генерал-губернаторлығының кеңсесі. 1-т. 125-іс. 1, 2-томдар.
23. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. Алма-ата: Наука, 1964. 571 с.

References:

1. Venyukov M. Rossiya i Vostok. SPb.: Tipografiya Imp. AN, 1877. 49 s.
2. Sobranie literaturnykh trudov Geinsa A. T.1. SPb., 1897. -T.2. SPb., 1898. 589 s.
3. Yadrincev N.M. Sibir' kak koloniya. SPb, 1882. 477 s.
4. Ostaf'ev V. Kolonizaciya stepnykh oblastei v svyazi s voprosom o kochevom hozyaistve // Zapiski ZSO IRGO. Kn. XYIII. Vyp. 1. Omsk, 1895. S.1-62.
5. Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami General'nogo shtaba. Oblast' Sibirskikh kirgizov. Ch.1. /Sost.: Genshtaba podpolkovnik Krasovskii N.I. Spb, 1868. 428 s.
6. Kraft I. Sbornik uzakonenii o kirgizakh stepnykh oblastei. Orenburg, 1898. 532 s.
7. Terent'ev M.A. Istoriya zavoevaniya Srednei Azii. S kartami i planami. V 3-h tomah. Almaty: ТОО «Мереке баспасы», 2012. Т.1. 510 с.; Т.2. 547 с.; Т.3. 496 с.
8. Babkov I.F. Vospominaniya o moei sluzhbe v Zapadnoi Sibiri. 1859-1875. Spb.1912. 245 s.
9. Rumyancev P.P. Kirgizskii narod v proshlom i nastoyashchem. SPb., 1910. 66 s.
10. Materialy po vvedeniyu russkoi politicheskoi sistemy upravleniya v Kazahstane /Sost.: S.K. Zhakypbek, A.A. Belbaeva. Almaty: Qazaq universiteti, 1999. 257 s. 1999.
11. Zimanov S. Politicheskii stroi Kazahstana konca XVIII - I poloviny XIX vekov. Alma-Ata: Izdatel'stvo AN Kaz.SSR, 1960. 296 s.
12. Sapargaliev G.S. Karatel'naya politika carizma v Kazahstane. Alma-Ata: Nauka,1966. 375 s.
13. Sulejmenov B.S. Podgotovka reformy 1867-1868 godov v Kazahstane //Izvestiya Kaz. Fil. AN SSSR. 1946. №2 (27). S.137-148; Ego zhe. Ob administrativnom ustroistve kazahskoi stepi po reforme 1867-1868 g.g. //Vestnik AN Kaz.SSR. 1951. №2(71). S.118-126; Ego zhe. Agrarnyi vopros v Kazahstane poslednei tret'i XIX-nachala XX veka (1867-1916). Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1963. 411 s.
14. Bekmahanova N.E. Carskoe pravitel'stvo i institut sultana v Srednem zhuze v XIX v. //Izvestiya AN Kaz.SSR. Seriya obshch.nauk. 1968. №2.
15. Zhirenchin K.A. Politicheskoe razvitie Kazahstana v XIX – nachala XX vekov. -Almaty: Zheti Zhargy, 1996. 352 s.

16. Abdrahmanova B.M. *Istoriya Kazahstana: vlast', sistema upravleniya, territorial'noe ustrojstvo v XIX veke*. Astana, 1998. 132 s.
17. Akimbekov S. *Kazakhstan v Rossiiskoi imperii*. Almaty: TOO «Institut Aziatskih issledovaniy», 2018. 562 s.
18. Ábenova B.S. *Resei imperiasynyń qazaq ólkesindegi aimaqtyq saiasaty (1868-1891)*. Monographiya. Almaty: Epigraph, 2019. 388 p.
19. Vasil'ev D.V. *Bremya imperii. Administrativnaya politika Rossii v Central'noj Azii. Vtoraya polovina XIX v. M.: Politicheskaya enciklopediya*, 2018. 638 s.
20. RMÄTA. 400. 1-v. 120-is. *Qyrǵyz Dalalyq komisiyasynyń Orynbor jáne Sibir departamentosynyń qyrǵyz dalalaryn basqarý jónindegi Erezhesiniń jobasy*. 582 p.
21. QR OMA. 25-q. *Torǵai oblystyq basqarmasy*. 1-t., 1830-is.
22. QR OMA. 64-q. *Dala general-gubernatorlyǵynyń keńsesi*. 1-v. 125-ic. 1, 2 tomдар.
23. *Kazahsko-russkie otnosheniya v XVIII-XIX vekah (1771-1867 gody)*. Sbornik dokumentov i materialov. Alma-ata: Nauka, 1964. 571 s.

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.20

ӨӨЖ /УДК/ UDC 94 (574)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.021>

У.М. Джолдыбаева ^{*1}, А.М. Аубакирова ²

¹Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан, Алматы қаласы. E-mail: alatau1968@mail.ru

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан, Алматы қаласы.
E-mail: altyn_aubakirova@mail.ru

С.Н. ТӘНЕКЕЕВТІҢ «1916. ҚАРҚАРА-АЛБАН КӨТЕРІЛІСІ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АЙҚЫНДАЛУЫ

Аңдатпа

Кез келген халықтың тарихы оның азаттық пен тәуелсіздікке ұмтылысымен тығыз байланысты болып келеді. Бұл ұмтылыс – ұлттың рухани және тарихи тұтастығының, өзін-өзі тануының, ұлт ретінде қалыптасуының негізгі тіректерінің бірі. Осы жолда орын алған ірі тарихи оқиғалардың мазмұны мен мәнін терең зерделеу тек өткенді тану үшін ғана емес, сонымен қатар келешек ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыру және мемлекеттілікті нығайту үшін де аса маңызды.

Ұсынылып отырған мақалада тарихшы-зерттеуші С.Н. Тәнекеевтің «1916. Қарқара-Албан көтерілісі» атты көлемді әрі аса құнды еңбегі талданады. Бұл еңбек 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің Жетісу өңіріндегі маңызды ошақтарының бірі – Қарқара-Албан қозғалысына арналған. Ресми түрде кәсіби тарихшы ретінде танылмағанымен, С. Тәнекеев өзінің зерттеу жұмысында ҚР Мемлекеттік мұрағаттарынан алынған деректерді, сол дәуірдегі баспасөз материалдарын, ресми құжаттар мен куәгерлердің естеліктерін жан-жақты пайдаланып, тарихи оқиғаны объективті түрде талдауға тырысқан.

Ғалымның еңбегінің ерекшелігі – көтерілістің себеп-салдарын, барысы мен салдарын тек фактілер тізбегі ретінде емес, тарихи-философиялық тұрғыда қарастырып, оның терең этноәлеуметтік және этномәдени астарларын ашып көрсетуінде. Бұл зерттеуде қазақ халқының Ресей империясының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыс кезеңіндегі біртұтастық пен мызғымас бірлік қағидаттарын ұстанып, өз Отаны үшін жанын пидә еткен ержүрек батырлардың ерлігі, қарапайым халықтың отансүйгіштік қасиеті, ортақ мақсат жолында ұйымдасқан түрде әрекет ете алғаны тарихи дәйектер арқылы дәлелденген.

С.Н. Тәнекеев көтерілістің ұлт-азаттық сипатын негізгі айқындаушы фактор ретінде қарастыра отырып, бұл оқиғаның тарихи маңызын «Отан» және «ерлік» концептілері арқылы түсіндіреді. Оның пайымдауынша, 1916 жылғы Қарқара көтерілісі – тек жергілікті деңгейдегі қарсылық емес, қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен отарлық езгіге қарсы тұруының көрінісі. Автор үшін «Отан» ұғымы – тек географиялық ұғым ғана емес, ол тарихи жады мен рухани мұраның, еркіндікке ұмтылған халықтың жан-дүниесінің жиынтық бейнесі. Ал «ерлік» – тек жекелеген тұлғалардың батырлығы ғана емес, бүкіл ұлттың ұжымдық рухани қуатының көрінісі.

Мақалада еңбектің құрылымына, баяндау стиліне, дереккөздерді пайдалану шеберлігіне және авторлық ұстанымның ғылыми салмағына талдау жасала отырып, С.Н. Тәнекеевтің жұмысы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи жадыдағы орны мен ұлт санасындағы мәнін ашуға қосқан елеулі үлес ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: тарих, халық, ұлт-азаттық көтеріліс, Отан, ерлік, концепт

Джолдыбаева У.М. *, Аубакирова А.М. 

¹Ассоциированный профессор кафедры История Казахстана Казахского национального университета им.аль-Фараби, кандидат исторических наук, Казахстан, город Алматы

E-mail: alatau1968@mail.ru

²Старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, магистр педагогических наук, Казахстан, город Алматы

E-mail: altyn_aubakirova@mail.ru

ВЫРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ДУХА В ТРУДЕ С.Н. ТАНЕКЕЕВА «1916. ВОССТАНИЕ АЛБАНОВ В КАРКАРЕ»

Аннотация

История каждого народа тесно связана с его стремлением к свободе и независимости. Глубокое исследование крупных событий, происходивших на данном пути, имеет огромное значение для будущего развития. В предлагаемой статье рассмотрен объемный и значимый труд С.Н. Танекеева «1916. Восстание албанов в Каркаре». Хотя С. Танекеев не был официально признан ученым, но на основе официальных данных, полученных из Государственного архива РК, и материалов различных печатных изданий исследовал и проанализировал с исторической точки зрения национально-освободительное восстание 1916 года представителей рода Албан в Семиречье. В данном труде осуществлен полный исторический анализ указанного национально-освободительного движения, самоотверженной борьбы и героизма казахского народа, поднявшего всеобщее восстание против российского царского правительства, предпринятых им совместных действий во имя достижения общей цели. Ученый, рассмотревший национально-освободительный характер восстания в качестве его главной особенности, обосновал свои ценные выводы относительно данного значимого исторического события посредством концептов «героизм» и «Родина». По его мнению, Каркараское восстание 1916 года — это не просто локальное сопротивление, а проявление пробуждающегося национального самосознания казахского народа и его стремления к освобождению от колониального гнёта. Для автора понятие «Родина» — это не просто географическое обозначение, а совокупный образ исторической памяти, духовного наследия и внутреннего мира народа, стремящегося к свободе. А «героизм» — это не только личная доблесть отдельных личностей, но и коллективное духовное могущество всего народа. В статье проводится анализ структуры труда, стиля изложения, мастерства использования источников и научной состоятельности авторской позиции. Работа С.Н. Танекеева оценивается как весомый вклад в осмысление исторической памяти о национально-освободительном движении 1916 года и в понимание его значения в национальном сознании казахского народа

Ключевые слова: история, народ, национально-освободительное восстание, Родина, героизм, концепт.

Dzholdybayeva U.M. *, Aubakirova A.M. 

¹Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan,
Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Historical Sciences, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: alatau1968@mail.ru

²Senior Lecturer, Kazakh National Women's Pedagogical University, Master of Pedagogical Sciences,
Kazakhstan, Almaty.
E-mail: altyn_aubakirova@mail.ru

EXPRESSION OF THE NATIONAL SPIRIT IN THE WORK OF S.N. TANEKEYEV "1916. THE UPRISING OF ALBANS IN KARKARA"

Abstract

The history of every nation is closely tied to its desire for freedom and independence. A comprehensive examination of the significant occurrences that transpired along this trajectory is vital for future advancement. The proposed article examines the extensive and significant work of S.N. Tanekeev, entitled "1916. The Albanian Uprising in Karkar." Not officially recognized as a scientist, prominent public figure and member of the Union of Writers of Kazakhstan, S. Tanekeev conducted research and analysis from a historical perspective on the national liberation uprising of 1916 by representatives of the Alban family in Semirechye. This research was based on official data obtained from the State Archive of the Republic of Kazakhstan and materials from various print media. This work offers a comprehensive historical account of the specified national liberation movement, the selfless struggle and heroism of the Kazakh people, who collectively rose up against the Russian Tsarist government, and the collaborative actions they undertook to achieve a shared objective. The scientist, who regarded the national liberation character of the uprising as its primary defining feature, substantiated his insightful conclusions regarding this seminal historical event through the concepts of "heroism" and "homeland." In his view, the 1916 Karkara Uprising was not merely a local act of resistance, but rather a manifestation of the awakening national consciousness of the Kazakh people and their aspiration for liberation from colonial oppression. For the author, the concept of "Homeland" is not just a geographical designation but a comprehensive symbol of historical memory, spiritual heritage, and the inner world of a people striving for freedom. "Heroism," in turn, is not limited to the personal bravery of individuals, but reflects the collective spiritual strength of the entire nation. The article analyzes the structure of the work, the narrative style, the effective use of sources, and the scholarly soundness of the author's position. S.N. Tanekeyev's work is assessed as a significant contribution to the understanding of the historical memory of the 1916 national liberation movement and to the recognition of its role in shaping the national consciousness of the Kazakh people.

Keywords: history, people, national liberation uprising, homeland, heroism, and concept

Кіріспе.

Өткенге көз жүгіртсек, жер бетінде адамзат өзін танығаннан бастап бүгінге дейін орын алған бүкіл тарихи қақтығыстардың негізінде бір қоғамның немесе мемлекеттің екіншісін жаулап алуына, бодандықта ұстауына халықтың қарсы тұруынан туындаған үздіксіз күрестің жатқанын көреміз. Тарих ғылымында ол «ұлт-азаттық» күрес» атауымен белгілі. Әлемді дүр сілкіндірген ұлт-азаттық көтерілістердің ішінде 1916 жылы орыс патша үкіметіне қарсы шыққан Орта Азия аумағындағы барша халықтардың қозғалысы ерекше орын алады. Бұл орайда айта кетер жайт – қазіргі кезеңде бұл қозғалысты ұлт-азаттық сипатынан ажыратып, жай ғана этносаралық қақтығыс ретінде көрсетіп, осы пікірді ғылыми тұрғыда бекітіп алуға деген талпыныстар да кездеседі [1]. Алайда, бұл бірді-екілі ғана сыңаржақ пікірлер екені даусыз. Ал сол оқиғаларды орын алған кезінен, яғни XX ғасырдың басынан, күні бүгінге дейін зерттеп жүрген тарихшылардың басым көпшілігінің тұжырымы бойынша, өзін-өзі билеу құқығының аяққа тапталғанына ашынған бүкіл

елдің өмірін ойрандатқан қас жауына «өре түрегеліп» қарсы тұруын тек «ұлт-азаттық көтеріліс» деп сипаттауға болады.

Ұсынылып отырған мақалада осы пікірді ұстанған бірден-бір тұлға –Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қоғам қайраткері Сейдәлім Тәнекеевтің «1916. Қарқара-Албан көтерілісі» атты көлемді әрі аса құнды еңбегі қарастырылады. Ресми түрде ғалым ретінде танылмағанымен, С. Тәнекеев ҚР Мемлекеттік мұрағатынан алынған деректер мен тарихи оқиғаның шынайы куәларынан естіп-білген мәліметтер негізінде 1916 жылғы Жетісу өңіріндегі Албан руы өкілдерінің ұлт-азаттық күресін тарихи тұрғыдан зерттеп талдаған [2].

Бүгінгі таңда жалпы ғылым антропоцентристік сипатқа ие болуда. Бұл – адамның, адамзат қоғамының өмірдегі өз орны мен рөлінің маңыздылығын түсінуінен, орын алып жатқан оқиғалар үшін өз жауапкершілігін мойындауынан туындаған зерттеу бағыты. Мақаламызда зерделеніп отырған еңбекте қазақ халқы өкілдерінің 1916 жылғы орыс патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысы кезеңіндегі біртұтастық пен мызғымас бірлік қағидатын ұстанып, ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін бірлескен әрекеттерді іске асыруы тарихи тұрғыдан терең талданып қана қоймай, өз Отаны үшін аянбай күресіп, орасан зор ерлік танытқаны баяндалады. Аталған тарихи туындының мазмұнын зерттей келе, біз қазақ халқының өзін-өзі танып-пайымдауында «Отан» және «ерлік» концептілерінің мән-мағынасына ерекше көңіл бөлетініне назар аударып, тарихи көзқарасты лингвистикалық талдаумен үйлестіріп, пәнаралық тұрғыда зерделеуді ұйғардық.

Өзектілігі. Қазіргі заманғы жаһандану жағдайында әрбір халық өзінің ұлттық құндылық-тарын дәріптеуге бет бұрды десек, жаңсақ айтпаймыз. Сонымен қатар бүкіл адамзатқа ортақ, яғни жалпыадамзаттық құндылықтар бар. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – еркіндік, бостандық, өзін-өзі билеп, басқару. Бұл бүкіл адамзат пен қоғамға тән талпыныс. Сондықтан тарих тағылымына тереңдеуде әрбір ұлттың өміріндегі осы талпыныстан туындаған ірі оқиғалардың мәні мен маңызын зерделеу келешек даму үшін аса қажет. Сондай-ақ, әрбір ұлтты өзге ұлттар мен ұлыстардан ерекшелейтін сипаттардың қатарында оны ерекшелендіретін әдет-ғұрыптары, таным-түсініктері мен ана тілі бар екені мәлім. Антропоцентристік парадигмада кез келген ұлттық тіл адамның өмір сүру ортасындағы алатын орны, рөлі, қызметі және өмірде болып жатқан оқиғаларды пайымдауы тұрғысынан қарастырылады. Сол себепті, бұл зерттеуді антропоцентристік бағытта әрі пәнаралық тұрғыда тарих пен тіл білімі ғылымдарының аясында жүргізудің маңызы зор.

Материалдар мен әдіснама.

Материалдар.

Зерттеу жұмысының материалдары ресми құжаттарға, яғни мұрағат деректеріне негізделген тарихи зерттеулерді, соның ішінде С. Н. Тәнекеевтің «1916. Қарқара-Албан көтерілісі» еңбегін және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған өзге де мәліметтерді қамтиды. Мақалада бірқатар авторлардың диссертациялық жұмыстары, монографиялары мен ғылыми мақалалары пайдаланылып, оларға сілтеме жасалды.

Әдіснама.

Мақалада тарих және лингвистика салаларына қатысты пәнаралық зерттеу тәсілі қолданылды. Тарихи тұрғыда бүкіл Орта Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселесін зерттеу тарихнамасына қысқаша шолу жасалды. Сонымен қатар ғылыми зерттеулердің ең басты ұстанымы – тарихи принцип және жүйелілік қағидалары сақталды. Атап айтқанда, мәліметтерді тарихи, тарихи-салыстырмалы, лексика-семантикалық, когнитивтік-концептуалдық талдау әдістері қолданылды.

Бақылау және талқылау.

Жалпы, адамзат тарихында әлемге танылған бірқатар ұлт-азаттық көтерілістер болғаны белгілі. Олардың қатарына Үндістанның ұлт-азаттық қозғалысын, Ирландияның Ұлыбританияға бодандықтан босау мақсатындағы күресін, XX ғасырдағы Францияның отарындағы Алжир және т.б. елдердің күресін жатқызуға болады. Осы көтерілістердің ішінде 1916 жылы Орта Азия және Қазақстанда болған ұлт-азаттық көтерілісті тарихшы ғалымдар бірауыздан ауқымды аумақта

орын алып, әлемді дүр сілкіндерген бірден-бір көтеріліс деп атайды. Дәл осы көтеріліс туралы жазылған еңбектер де аз емес.

Шетелдік ғылымда 1916 жылы Қазақстан мен Орта Азия аумағында тұрған халықтардың ереуілдерін орыс патша үкіметінің отаршылық саясатына қарсы шыққан ұлт-азаттық көтеріліс деп сипаттаған бірден-бір адам – америкалық ғалым Эдвард Деннис Сокол. Оның 1954 жылы жарыққа шыққан «Ресейдің Орталық Азиясындағы 1916 жылғы көтеріліс» [3] кітабы көптеген жылдар бойы еленбей келіп, тек 2016 жылы ғана қайта жарияланып, әлемге әйгілі болды. Сондай-ақ, бұл мәселені жалпы отаршылық саясатты зерттеуші Александр Моррисон да өз еңбектерінде қарастырады [4; 5].

Осы мәселемен тығыз айналысып жүрген А. Ганин өз мақаласында [1] Жетісу өңіріндегі отаршыл саясатқа қарсы көтеріліс ұлт-азаттық сипаттан ада, тек этносаралық қақтығыстан туындаған деген тұжырым жасап, қазақтардың орыс ұлт өкілдерін қырып-жойғаны туралы дәлелдер келтіреді. Бұл орайда, аталған автордың қарастырып отырған оқиғалардың себеп-салдарлық байланысын шатастыруы орын алып отырғаны сөзсіз. Себебі ол келтірілген дәлелдер қазақ халқының орыс патшасының және оның қолшоқпарларының бірізділікпен жүргізген саяси іс-әрекеттеріне қарсылықтан туындағаны, яғни сол саясаттың салдары болғаны анық. Екі тараптың қақтығысы орын алған жерде екі тарап өкілдері жағынан да қатыгездіктер көрсетілетіні – заңды құбылыс. Бұл – кел кезген соғыстың заңы. Бірақ, қазақ халқы өз болмысында қатыгездік емес, барынша, мейірімділік пен қонақжайлылық танытқан ел екенін тарихтың өзі дәлелдеп берді.

Ал тарихи деректердегі дәлел ретінде А. Шестаковтың «Джизакское восстание 1916 г.» атты мақаласындағы: «Соғыс шебіндегі әскердің тылдағы бөлімшелеріне адам жинауға қарсылық білдіруден басталған 1916 жылғы қозғалыс бірқатар аудандарда бірнеше айға созылған қарулы көтеріліске айналып, оны тоқтату үшін майдандағы әскери бөлімшелерді тартуға тура келді. Ортаазиялық отар аймақтарды билеген бүкіл уақыт ішінде бұрынғы Ресей империясы ондай ауқымды көтерілісті бастан кешпеген еді. Ол XX ғасырдың күні бүгінге дейін біздің тарихи әдебиеттерде жеткілікті дәрежеде зерделенбей келген алғашқы ірі орталық көтеріліс болған» [6] деген сөздерін келтіруге болады.

Қазақ халқының ауыр тағдыр тәлкегіне түсуі салдарынан ой бостандығы, сөз бостандығы, ұлттардың өзін-өзі басқарып-билеуі контекстінде бұл туралы осы аумақтағы халық өкілдері болып табылатын тарихшы ғалымдар көбірек ой толғайды. Ол заңды құбылыс.

Мысалы, қырғыз тарихшысы, ғалым М. Ниязов «1916 жылғы көтеріліс: түпкілікті себептері және қырғыз халқы үшін тарихи мағынасы» атты мақаласында бұл көтерілістің басқа емес, тек қана ұлт-азаттық сипатты иеленгенін баса айтып, бастапқыда «халық көтерілістері бей-берекет, аяқ асты туындаған, бүлік сипатына ие болған қозғалыстар болды, белгілі бір жерді мекендеген халықтың ашынуы мен ыза-кегінен туындаған бұл көтерілістер ұзақ уақытқа созылмайтын. Олар белгілі бір кәсіпорын иелерінің немесе белгілі бір аймақтағы жергілікті әкімшіліктің нақты іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне жауап ретінде туындайтын көтерілістер болған. Дикандар нақты бір байларға қарсы, жергілікті болыс, ояз әкімшілігінің әрекеттеріне қарсы бүлік шығаратын. Түркістан облыстары бойынша жыл сайынғы статистикалық шолуларда жергілікті қанаушылар мен отаршыл тәртіп өкілдеріне қарсы көтерілістер санының жылдан жылға артып отырғаны көрініс тапқан» [7], деп атап көрсетеді.

Алаш арыстарының өткен ғасыр басындағы зерттеулерін есептемегенде, одан бергі уақытта қазақ тарихнамасында бұл тақырыпты М. Қозыбаев [8], К. Нұрпейісов [9] бастаған тарихшылар тобы, сонымен қатар Ж. И. Ибрагимов [10], Е.Ө. Пірімбетова [11], М. Бекмағамбетов [12; 13] және т.б. ғалымдар [14] қарастырған. Бұл орайда, Т. Ж. Макалаков, С. С. Касимова, К. С. Тлеуғабыловалардың 2016 жылғы жарияланымында [14] қазақ зиялыларының еңбектеріндегі Қазақстандағы жалпы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихнамасын талдап көрсеткенін атап өту қажет. С. Н. Тәнекеевтің «1916 жыл. Қарқара-Албан көтерілісі» кітабын осы еңбектердің қатарына қосып қарастыру қажет деп санаймыз, себебі автордың өзі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағатынан, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан алынған деректерге және

осы тарихи оқиғаның куәгерлерінің естеліктеріне сүйеніп, толық тарихи талдау жасауға талпыныс танытқанын атап өтуге болады.

Бұл орайда жазушы жайында ақпарат бере кеткен жөн деп санаймыз.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Кеңес Одағы тұсында Д.А.Қонаевпен үзеңгілес Ел Ағасы болған С.Н. Тәнекеев есімі Алматы және Қызылорда өңірлерінде бірінші, екінші хатшы қызметтерін атқарған аса танымал биік тұлға ретінде ел есінде қалған. С. Тәнекеев 17 жасында соғысқа аттанып, Германияға дейін барып, сол жерде тағы бір жыл әскери қызметін атқарып, 1946 жылы оралған соң Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түседі. Ойы зерек, сөзі өткір жігіт ел өміріне белсене араласып, оқуын тәмамдап үлгермей, өзінің туып-өскен Ұйғыр ауданында басшылық қызметке тағайындалады да, кейіннен ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істегендіктен – Қазақ ауылшаруашылық институтында, Коммунистік партия мүшесі болғандықтан – Жоғары партия мектебінде оқып, терең білім алады. Осылайша, қоғамдық қызметтерді белсенді жүргізуде терең білімін молынан пайдаланып қана қоймай, өзі оқыған және жұмыс істеген салаларға қатысты еңбектер, бертін келе көркем шығармалар да жазып қалдырғанын айтқан жөн.

Сол еңбектердің бірі – 1997 жылы алғаш рет «Ереуілтөбе әсерлері» деген атаумен жарық көріп, кейіннен өңделіп, толықтырылып шығарылған «1916. Қарқара-Албан көтерілісі» атты ғылыми-публицистикалық жанрда жазылған кітабы.

Ресейдің кейбір тарихшыларының 1916 жылғы Орта Азия аймағындағы жаппай көтерілістерді жай ғана қанауға қарсы тұру деп сипаттауын теріске шығарып, С. Тәнекеев: «Өз елін өзі тонаған имансыз авторитарлық билік жүргізуші ханға, патшаға, шахқа, императорға қарсы шыққан көтеріліс те бар. Бірақ бұндай көтерілістен ұлт-азаттық күресінің сапа жағынан да, сан жағынан да зор ерекшелігі болады. Халықтың жерін басып кірген отарлаушы ата жауына қарсы көтеріліс – ерен құбылыс, иманды күрес», себебі «бүкіл халықтың келешегін аяқ асты етіп, ұлттың намысына тию, бұл – әділетсіздіктің ең зоры, сорақысы. Сол себепті де, ұлт-азаттық көтерілісті адамзат тарихындағы ең әділетті қимыл десек дұрыс болар еді», – деп баса айтады.

Осы орайда, тарихшы ғалымның бұл туындысында өзінің жазушылық дарынын айқын көрсеткенін атап өтпеуге болмайды. Сол себепті қалың жұртшылық бұл шығарманы тек қана деректі тарихи кітап ретінде ғана емес, публицистикалық ой-толғам ретінде де жылы қабылдап, қызыға оқығаны белгілі.

Автор ұзақ жылдар бойы жүзеге асырған зерттеуінде қазіргі Жетісу өңіріндегі Қарқара аймағында «қасіреті мол қасиетті» 1916 жылы орын алған қанды оқиғалардың бірі – қазақтардың Ресей патша үкіметіне қарсы көтерілісін шынайы сипаттап, оған терең тарихи талдау жасап, бірнеше құнды тұжырымдар айтады.

Атап айтқанда, автор бұл тарихи оқиғаға қатысты кеңестік идеологияның берген сипаттама-сын теріс бағалап: «Советтік идеология ұот-азаттық көтерілісті тап күресінің бір көрінісі ғана деген теорияға жүгіндіріп, тарихи сол тұжырымға бас иідіріп келгені белгілі. Ұлт-азаттық көтеріліс – шаруалар көтерілісінің бір түрі деген қағидаға бағынған тарих сол сара жолдан шыға алмай келді. <...> 1979 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихында» бұл көтерілісті ұлт-азаттық көтеріліс етіп көрсетуге тырысқан сынвй аңғарылады. Бірақ негізгі баға берген жерінде: «Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс, жалпы алғанда, «феодализмге қарсы бағытта болды» деп түйіндейді.

Осындай қыспақ жағдайында жарық көрген «Қазақ совет энциклопедиясында» да 1916 жылғы көтеріліс жеңіл-желпі сөз болып қала бергені де өкінішті.

Мұндай тұжырымның терең жатқан тағы бір сыры бар. Ол – аз ұлттардың ерлігін дәріптеу ұлттық сезімді күшейтуі мүмкін деген көзқарастан туған шешім еді. <...> Осы «теорияның» түп-тамырында отаршылардың аз ұлттарға жасаған басқыншылық пен опасыздығын ақтауға бағышталған империялық саясаттың шұбалаңқы ізі мен пиғылы жатыр» деген әділ қорытынды жасайды.

Сонымен қатар 1916 жылғы тарихи оқиғаға баға бергенде: «...патша үкіметінің билеп-төстеушілері алғаш қазақтың көтерілісін басқарып отырған орталық (штаб) бар деген қорытындыға келді де, сол орталықты іздей бастады. Өтірік, өсектен беттері шімірікпейтін дәстүрі бар үкімет қазақтарды ереуілге Осман империясы итермелеп отыр деген де сөз таратқан еді», – дей келе, – «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты архивтерде жатқан том-том құжаттарға көз тіксеңіз, кейбір ерен ерекшелік ойды торлап көңілді толқытып тұрады. Бұл көтерілістің басты ерекшелігі – ар-ұжданы аяқ асты боп, езілуден төзімі әбден түгеген халықтың пісуі жеткен бүкілұлттық көтерілісі болғандығы еді. Дегенмен, ашынған ел көтеріле қалса не істейміз, қандай қару-жарақ, қанша киім-кешек, азық-түлік керек деген сияқты сұрақтарға жауап беретін, көтерілісті жан-жақты ұйымдастырып, басқаратын орталық болмады. Сол себепті 1916 жылғы ұлт-азаттық халық көтерілісі негізінен стихиялық ереуілге айналды. Ең алдымен, елдің қолына оқ шығаратын қару тимеудің нақты шарасы жүзеге асырылды. Тіпті, көрінген орыстың қолында жүретін қыры жоқ, алыс кетсе жүз метр жерге тиетін «пілтелі» мылтық қазаққа сатылмаушы еді. Пілтелі мылтық ұстаған бірен-саран аңшы қазақ болса, қаруын тығып ұстауға мәжбүр болды. Ол ол ма, отаршылардың қазақ баласын сауатсыз, мәдениетсіз тобырға айналдырудың нақты шаралары үстем болды. Елді ру-руға бөле түсетін сайлау жүргізіп, басын қоспай, қараңғы түнекте ұстау саясаты тынбай жүзеге асырылған. Бүкіл ұлттық орталық тұрмақ, жеке өңірлерде ереуілге шыға қалғанда не істеу керек екенін ойластыратын орталық құру мәселесін көтеретін адамның шықпағаны – отарлау саясатының қол жеткізген табысы еді. Осындай қолайсыз жағдайға қарамай, қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі бір ақылды орталық басқарып тұрғандай, қазақтың атының тұяғы тиіп тұрған жердің бәрін қамтығаны белгілі.

<...> Атыраудан сонау үш мың шақырым жерде жатқан Алтай өңіріне, Қорған жазығы мен Тобыл аймағынан Ыстықкөлге, Каспий теңізінің жағалауынан Зайсанға, Астрахан аймағынан Баянауылға шейінгі кең-байтақ жерді мекендеген ел бір күнде дерлік дүр ете тұсті. Бұл бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген ерекше қимыл болған еді. Патша үкіметі Қазақтың баласы тақ осылай ерлік пен елдік танытады деп күтпеген еді. Қазіргі және кейінгі ұрпақтың бұрын-соңды тарихта кездеспеген үлкен алқапты қамтығанын, досын да, дұшпанын да таңғалдырғанын ата-бабаларының 1916 жылы ерлігін де, бірлігін де әлем алдында мақтан етуіне толық құқығы бар. Бұл ереуілдің негізгі ерекшелігі, міне, осында. Қазақ халқының «елмін» деген сезімінің жоғалмағанын, елдің ерліктен ажырамаған ерен қасиетін танытқандығы еді. 1916 жыл – қазақта бүкіл халықтың қамын ойлай білетін ұлы мен қызы бар екендігіне алыстың да, жақынның да, достың да, жаудың да көзін жеткізді».

Түрлі баспасөз беттерінде жарық көрген және мұрағат деректерінде келтірілген мәліметтерді саралай келе, бүкіл әлемде орын алған ұлт-азаттық көтерілістердің ішінде Қазақстан жеріндей ауқымды аумақта бір мезгілде өрбігені болған емес, яғни бір мезгілде, он күн ішінде үш мың шақырым аумақта бір мезетте дерлік халықтың дүр сілкінгені таңқаларлық жағдай болды, «ондай ерекшелікті тарих бұдан бұрын білмеуші еді!» деп тұжырымдайды. Қайраткер ғалым: «Жетісу облысында тарихқа «Қарқара-Албан» көтерілісі деген айдармен енген ереуіл күзгі құраққа тиген оттай, 1916 жылы шілденің 11-і күні лап ете түсті», – деп бастап, осы тарихи оқиғаны хронологиялық ретімен талдап-саралай келе, еліміздің шекарасынан тыс өңірлерде тұрған қазақтардың шілденің 25-і мен тамыздың 15-і арасындағы мезгілде ереуілге шыққаны жайлы Қазақстан басылымдарында сирек кездесетін деректерге баса назар аударады.

Бұл орайда С. Тәнекеевтің мұрағатта сақталған деректерді толық саралап шыққанының дәлелдерін келтірсек: «1916 жылы желтоқсан айында мемлекеттік Думаның бір топ депутаттары Түркістан және Дала генерал-губернаторлықтарында қалыптасқан жағдай жайлы үкіметке түсірген ресми мәлімдемесінде: «Шілденің 5-і күні Самарқанд облысының Ходжент қаласында дүр сілкінді, ал көтеріліс өрті қимылы 8-і күні Ферғана облысының Қоқан уезіне тарады; 9-ы күні тәртіп бұзушылық Андижан және Наманган уездерінде, 11-і күні Ташкент айналасында, 13-і күні Жизақта орын алды», – дей келе, – «Бүкіл Түркістан мен Дала өлкесі дүр сілкінді, осы көтеріліс басылған шаруашылық және саяси шығындар есептеуге келмей қалды», – деп атап өтеді. Ендігі

бір дәлелі: «...патша үкіметі қазақтың жастарын соғыстың қара жұмысына барымталау (реквизиция) туралы шешім қабылдаудан бұрын, осы істің арты қалай болады деген мәселеге жеткілікті мән беріп, алдын ала даярлық көрген еді. Үкімет алда-жалда кездесіп қалуы ықтимал деген қарсылықтарға жол бермеудің нақты шараларын жүзеге асырып жатты. «Реквизицияға» байланысты мәселелерді 1915 жылдың соңында, 1916 жылдың басында бірнеше рет талқыдан өткізгені ресми құжаттардан айқын көрінеді. Бірақ, қатаң құпия шараларға қарамастан, жергілікті «бұратаналар» 1916 жылдың басында-ақ осы шешімнен хабардар бола бастаған еді. Сонымен, Ішкі істер министрлігі және барлық өлке және облыс губернаторлары, егер қазақтар қара жұмысқа бала бермейміз деп қарсылық көрсете қалса, не шара көру керек деген мәселеге ерекше көңіл аударды. Негізгі шара, әрине, қарулы күш еді. Қазақтың жастарын барымталау мәселесімен тікелей шұғылданып отырған Ішкі істер министрлігі 1916 жылы маусымның 5-і күні, яғни, патшаның үкімі шығардан 20 күн бұрын, Түркістан өлкесінің генерал-губернаторының атына соңғы рет өкімхат (циркуляр) сұрақ түсірген екен. Онда: «... Можно ли считать, по состоянию полицейской и военной силы, подавление могущих возникнуть... беспорядков или волнений, обеспеченным», – деп жазды (Қаз. ОМА. 44-қор, 46-іс). Жетісу облысының Жаркент уезінің начальнигі подполковник Ступин губернатор Фольбаумға тамыз айының басында: «... Настроение туземного населения тревожное. Убежден, рабочих придется брать военной силой», – деп хабарлады, – дей келе, – Демек, ресми үкімет орындары елдің наразылығы туралы хабардар еді. Бірақ, олар қазақтың ұйымшылдығы мен ерлігінің мұнша күшті боларын білмеді. Сол себепті, алдын ала даярланған қарулы күш аздық етті де, үкімет көп жерде биліктен ажырап қалды. Бұның соңы бірнеше айға созылған қақтығысқа әкеп соқты. Қару-жарағының жоқтығына қарамай, қазақтар ерен ерлік таныта білді. Қылышынан қан тамған, пулеметінен оқ бұршақша жауған, зеңбірегі жер сілкіндірген үкімет қалайша қарапайым, қарусыз халыққа ие бола алмай қалды? Бұл не деген оқиға еді!? Бұл сұрақ сол кездегі үкіметтің адамдарын ғана таңғалдырмаса керек! <...> Осындай жағдайда патша үкіметі көтерілісті тез басып, оның етек жайып кетпеуінің қосымша жоспар жасап, тығыз жүзеге асыру шарасы қолға алынды», – деп, нақты мұрағат деректерін келтіріп, тарихи оқиғаны хронологиялық ретпен байыптап сипаттайды.

Тарих ғылымдарының докторы, академик Манаш Қабашұлы Козыбаев 1916 жылғы көтерілісіне арналған еңбегінде: «Сонау XVI ғасырдың аяғынан 1916 жылға шейін үш жүзге жуық ұлт-азаттық көтерілістері өрбіді», – деп атап көрсеткені белгілі. С.Н. Тәнекеев ол көтерілістер негізінен белгілі бір аймақтарды ғана қамтығанын атап көрсете отырып, 1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі аса жоғары ұйымшылдықпен іске асырылғанына ерекше мән беріп: «Бұл жай Петербургте үлкен үрей туғызды. Қазақ деген атынан айырылып, «бұратана», «киргиз» атанған, үкіметке миллиондаған мал, ондаған миллион теңге ақша түсіріп тұрған елдің бір күнде дерлік асау аттай «мөңкіп» шыға келгені үкімет адамдарына өте ауыр тиді», – деген тұжырымға келеді.

Сонымен қатар бұл жерде С. Тәнекеев өзін кәсіби тарихшы ғалым ретінде көрсетіп, дүние жүзі тарихындағы оқиғаларды байыппен сараптап, терең талдау жасап, өзі зерттеп отырған көтерілістің тек Қазақ елі мен халқына ғана емес, сол кезеңдегі Ресейдің сыртқы саясатына да айтарлықтай әсер еткенін былайша сипаттайды: «...патша үкіметі екі арада қырғын соғыс жүргізіп жатқан Осман империясының Ресейдегі мұсылман үмбеттеріне ықпалынан қатты іш жиятын-ды. Бірінші дүниежүзілік соғыста Ресеймен одақтас болған Англияның үкіметі де Орта Азия мен Қазақстанға байланысты оқшау саясат жүргізіп, Ресейдің көңілінен шыға қоймайтын еді. Осындай шиеленісіп тұрған халықаралық кезеңде Қытай мен Ресей шекарасының бойында тұрған қазақтар мен қырғыздардың көтерілуі өте қолайсыз іс болды». Бұл жерде айта кетер жайт – тарихшы ғалым: «Қарқара-Албан көтерілісінің басты ерекшелігінің бірі – ол алғашқы күннен бастап «төскейде малы, төсекте басы қосылған», тағдыры бір, бауырлас қырғыз халқымен бірге қимылдаған интернационалдық сипатқа ие халық қозғалысы еді», – деп атап көрсетеді.

Өз еңбегінің қорытындысында ғалым 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы сан алуан материалдар Ташкент, Омск, Орынбор т.б. қалалардың мұрағат қорларында сақтаулы тұрғанын

атап өтіп: «Сол деректер біріктіріліп, оларға түсіндірме берілсе, сол материалдар біртұтас кітап болып жарияланса, көтерілістің барысын халыққа кеңінен жеткізуге, болған қантөгістерді терең зерттей түсуге зор арқау болар еді», – деп нық сеніммен айтады.

Жоғарыда келтірілген талдаудан байқағанымыздай, қазақтың біртуар азаматы, қаламгер тарихшы С.Н. Тәнекеев «1916. Қарқара-Албан көтерілісі» атты еңбегінде ҚР мемлекеттік мұрағатынан алынған деректер мен баспасөз материалдары сияқты ресми құжаттар негізінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті еліміздің тарихында ерекше орын алған оқиға ретінде ғылыми тұрғыдан кеңінен саралап, терең талдау жүргізіп зерттеген.

«Отаны үшін жанын пидә еткен ерлердің рухына арнаймын...» деген сөздермен бастаған кітабында С. Тәнекеев шағын ғана аймақтағы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысын суреттеуде халықтың даналығы мен қаһармандық үлгі-өнегесін бойына жинақтаған Ұзақ, Жәмеңке бастаған бірқатар біртуар батырлардың тұлғалық сипаттамаларын бере отырып, «қандай да болмасын халықтың көтерілісі артында қалған ұрпақтарына ұран болатын ерліктің сипаты екені де шындық», дей келе, олардың өз елі мен жерін «Отан» деп ұлықтап, қорғау мақсатында өз заманында ықпалы күшті болып тұрған орыс патшасы үкіметіне қаһармандықпен қарсы тұрғанын, жанқиярлықпен күрескені батырлық, ерлік деп ерекше сипаттайды. Сондықтан біз осы шығарма тілінде «Отан» және «ерлік» концептілерінің қалай көрініс тапқанын зерттеп, талдауды жөн көрдік.

Осы орайда бүгінде тіл білімі ғылымы да өркендеп, структуралистік бағыттан қолданбалы бағытқа бет бұрғанын ескерсек, XX ғасырдың орта шенінен бастап филология ғылымында лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика сынды салалар қалыптасып, дами бастады. Әсіресе, ғалымдар когнитивті лингвистиканың бір саласы – концептологияға да баса назар аударды. Сондықтан «концепт» ұғымының анықтамасын беріп, оның зерттелу тарихына қысқаша тоқталғанды жөн көрдік.

Жалпы «концепт» ұғымы белгілі бір адамның немесе (белгілі бір ұлт, өмір сүру ортасы, жас мөлшері немесе кәсібі аясында біріккен) адамзат қоғамының сана-сезімінде белгілі бір құбылыстар туралы қалыптасқан түсінікті білдіреді. Ол адамдардың сана-сезіміндегі белгілі бір бейнелерді, олар қабылдаған ақпаратты, жинақталған тәжірибені қамтиды. Концепт санада көрініс, сұлба, ұғым, прототип, тіпті фрейм түрінде көрініс табуы мүмкін. Қоғамда жиі қайталанатын құбылыстардың немесе қоршаған ортада тұрақты кездесетін заттардың бейнесі, прототипі, сұлбасы адамның жадында толықтай әрі тұрақты түрде орнайды, яғни есінде қалады. Міне, осылайша адам санасында біртұтас концептуалды жүйе орнығады. Ол адамның эмоцияларын, түсініктерін және ой-санасындағы бейнелерді қамтып, тіл, яғни сөз, сөйлеу арқылы көрініс табады.

Лингвистика ғылымында «концепт» ұғымын зерттеу В. фон Гумбольдтің «салыстырмалы антропологиядан салыстырмалы лингвистикаға көшу керек» деген түсінігінен бастау алғаны мәлім. Ғалымның өз сөзімен айтқанда, тіл халықтың рухы, демек, кез келген халықтың ұлттық сана-сезімі оның тілінде қордаланған және тілі арқылы көрініс табады. Яғни адамның дүниетанымы тіл арқылы көрініс тауып, әлемнің тілдік бейнесін құрайды. Материалдық және рухани мәдениет тілге әсер етеді, яғни кез-келген мәдениетте ұлттық нышандардың көрініс табуы тіл жүйесінен айқын аңғарылады, демек, тіл – адам мен қоршаған ортаны жалғастырушы дәнекер, себебі халықтың рухы мен мәдениетінің белгісі тіл арқылы белгілі болады, деп атап көрсеткен [1]. Осылайша лингвистикада менталды бірліктерді, яғни конц ептілерді терең зерттеу бастау алды. Орыс тіл білімінде «концепт» терминін алғаш рет ғылыми айналымға енгізген – XX ғасырдың философ-ғалымы С.А.Аскольдов (Алексеев) болды [2].

Әсіресе XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап «концепт» ұғымын, оның мән-мағынасын әлемдік деңгейдегі ғалымдар жіті зерттеу үстінде. Мысалы, алыс шет елдік зерттеушілерден Н.Хомский, А. Вежбицкая, Дж. Лакофф, Г.Филлморларды, орыс лингвистикасынан Н. Д. Арутюнова, Ю. Д. Апресян, В. Н. Телия, Ю. Н. Караулов, А. П. Бабушкин, Н. Н. Болдырев, И. А. Стернин, З. Д. Попова, Е. С. Кубрякова және т.б. ғалымдарды атап өтуге болады. Ал қазақ тіл білімі саласын алар болсақ, әрісі А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, М. М. Копыленко, берісі Э. Д. Сүлейменова, Ш. Қ. Жарқынбекова, Ж. А. Манкеева,

Ж. Б. Саткенова, А. Ислам, Қ. Ә. Жаманбаева т.с.с. көптеген ғалымдар концепт ұғымына өз анықтамаларын беріп, түрлі концептілерді қарастырған.

Жалпы, «концепт» ұғымы философиялық категория ретінде қарастырылады. Бұл орайда орыс ғалымы Ю.В. Суржанскаяның пікірін өте орынды деп санаймыз. Зерттеуші: ортағасырлық философтардың концептіні алуан түрлі мәндерді қамтитын феномен деп түсінуі концепт идеясының қазіргі түсінігіне өте жақын, дей келе, концепт дегеніміз – жай ғана айтылған немесе жазылған сөз емес, ол белгілі бір сөздердің біздің түсінігіміздегі мәндері, сол сөздермен байланысты есімізде сақталып қалған жағдаяттар, әсерлер, сол сөзден келіп шығатын немесе сол сөзбен білдірілетін құндылықтар болып табылады, деген тұжырым жасайды [3].

«Концепт» ұғымын толығырақ былайша түсіндіруге болады: «Концепт – әлемнің шындық немесе қияли негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындайтын бірлік. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде дүниенің тілдік бейнесі жасалады» [4].

Бұл жерде концепт пен ұғым – бір нәрсе емес, олардың әрқайсысының өзіндік айырмашылықтары бар екендігіне назар аудару қажет: ұғымда белгілі бір заттың не құбылыстың мәнді, маңызды белгілері қамтылады, ал концепт оның мәнді емес қасиеттерін де қамтиды. Осыдан келіп, концепт құрылымының шеңбері ұғым құрылымына қарағанда кең екенін пайымдаймыз. Нақтырақ айтқанда, концептіде адамның дүниетанымы, яғни қоршаған әлемнен алған танымы, әсері, одан туындаған эмоциялары, ойы және оған берген жағымды немесе жағымсыз бағасы көрініс табады.

Мәселен, Ж. Б. Саткенова «Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі» атты еңбегінде белгілі бір шығармаға толықтай талдау жасап, 24 сөзді концепт ретінде алған (арман, қиял, талант шабыт, тәртіптілік, тәртіпсіздік, қулық, өмір, тағдыр, дүние, тоқшылық, той,соғыс, аштық, қуаныш, өкініш, сезім, қызғаныш, ұят, қорқыныш, үрейлену, қобалжу, сезіктену, ашулану) [5]. Ш.Қ. Жарқынбекова әр түрлі мәдениеттерге жататын концептосфераларға салыстырмалы талдау нәтижесінде адамның сана-сезімінде оның өз ұлтына тән ерекшеліктер міндетті түрде көрініс табатынын баса айтып, оны соңғы кездері көптеп шығып жатқан «батыстық» және «шығыстық» өмір, кеңістік және уақыт концептілері, сондай-ақ орыстың, қазақтың, кез келген басқа ұлттың төл мәдениетіне ғана жататын ұғым-түсініктердің тілде көрініс табуы туралы зерттеулер осыған дәлел, деп көрсетеді. Атап айтқанда, ғалымның өзі түр-түстердің бейнелік мағынаны иеленетін әлемді пайымдау құралдарының бірі әрі семиотикалық феномен болып табылатын және белгілі бір байланыстармен сипатталатын деңгейаралық семантикалық категория ретінде тілде көрініс табуына тоқталып, қазақ және орыс лингвистикасында түс атауларында көптеген айырмашылықтар бар екенін айқын дәлелдеді [6].

Бұл жерде когнитологияда әр тілдердегі түрлі концептілерді салыстыра зерттеу және белгілі бір тілдегі белгілі бір концептілерді зерттеу орын алатынын көріп отырмыз. Демек, әрбір халықтың, адамдар тобының, қала берді әрбір адамның философиялық ой-толғамдарына, тарихына, психологиясына, менталитетіне қарай өзіндік концептосферасы қалыптасады. Осыдан келіп, лингвистикада тұтастай ұлттың не белгілі бір тарихи дәуірде өмір сүрген немесе қандай да бір жазушы суреттеген белгілі бір адамдар тобының, сондай-ақ жекелеген кейіпкерлердің ой-санасындағы концептілерді зерттеу бағыты дамуда.

Біздің жұмысымыздың зерттеу нысаны – белгілі қаламгер Сейдәлім Нысанбайұлы Тәнекеевтің «1916. Қарқара-Албан көтерілісі» атты тарихи зерттеуіндегі [7] «Отан» және «ерлік» концептілері.

Осы орайда көптеген лингвист-ғалымдар «концепт» ұғымының бірнеше құрамдас бөліктен тұратынын атап көрсететінін айта кету керек. Нақты алғанда, зерттеушілердің пікірінше, концепт үш компоненттен тұрады, олар: бейнелік компонент (ол адамның ой-өрісіндегі көптеген бейнелі

түсініктер арқылы көрініс табады), ұғымдық компонент (ол ойлау нәтижесінде құбылысты нақты бір белгілері арқылы ажыратады) және аксиологиялық компонент (ол адамның санасында әлемнің құндылығы туралы қалыптасқан ұғым-түсініктерді қамтиды) [8].

Бұл орайда алдымен «Отан» сөзінің түсіндірме сөздікте келтірілген мағыналарына тоқталсақ, қазақ тілінің 15-томдық түсіндірме сөздігінде бұл сөздің бір тура мағынасы және екі ауыспалы мағынасы келтірілген:

1. Адамның туып-өскен жері, атамекені, өзі азаматы болып табылатын елі.

2. ауыс. Үй іші, отбасы, үйелмен.

3. ауыс. Жаңалықтар ашылған, өнертабыстар дүниеге келген жер [9].

Бұл жерде «Отан» сөзінің бірінші мағынасы, яғни, жалпы, негізгі, тура, еркін мағынасы денотат – тікелей ұғымның өзі, ал ауыспалы мағыналары коннотат – ұғымның туынды, қосымша, астарлы мағынасы болып табылатынын айта кету керек. Сонымен қатар концепт сөздің сөздікте берілген мағынасынан едәуір ауқымды болып келетінін де естен шығаруға болмайды. Ал концептінің құрылымына келсек, көптеген лингвистердің зерттеулерінде ол ядродан және перифериядан тұрады деп көрсетілген: ядрода концептінің барынша нақты мағынасы тұрса, оның когнитивтік қабаттары периферияда, яғни шетінде орналасады.

Бұл концептінің біз зерттеген туындыда көрініс табуына келсек, «Отан» сөзінің өзі шығармада бір рет ғана кездеседі (*«Отаны үшін жанын пидә еткен ерлердің рухына арнаймын...»*). Ал бүкіл еңбекте бұл концепт келесі ұғымдар арқылы берілген (және де ол ұғым-сөздер шығармада бірнеше реттен қайталанып отырады):

«Атамекен» (Егер көтеріліс жеңіліске ұшыраса, оның қорытындысы басқаша – елді атамекенінен аластаумен аяқталар еді ғой).

«Атажер» (Атажеріне қайта оралған елдің көңілі орнына түсті).

«Атақоныс» (Құнарлы атақонысынан айырылған ел тау сағасына тығылуға мәжбүр болды).

«Туған жер» (Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда: «...қанды 1916 жылда қазақтар мен қырғыздардың алдында тағы да (қаниша рет десеңізші!) не өмір сүру, не туған жер топырағында қалу, не жат жерге жылысып қоныс аудару мәселесі тұрды»).

«Ел» (Өз елін өзі тонаған имансыз авторитарлық билік жүргізуші ханға, патшаға, шахқа, императорға қарсы шыққан көтеріліс те бар).

«Ерлік» концептісінің қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі түсініктемесіне назар аударсақ: «ерлік» сөзінің 2 мағынасы келтірілген, бірі – тура, екіншісі – ауыспалы мағынасы:

1. Ержүректілік, батырлық, қаһармандық.

2. ауыс. Ерлікке татитындай іс, қажырлы еңбек [10].

Ал біз талдап отырған еңбекте «ерлік» концептісі бірнеше лексема және бірқатар сөз тіркестері арқылы көрініс тапқан. Статистикалық әдісті қолданып, нақты есептесек:

- «ерлік» концептісінің орталығын құрайтын «ерлік» лексемасының өзі – 75 рет (*Қандай да болмасын халықтың көтерілісі артында қалған ұрпақтарына ұран болатын ерліктің сипаты екені де шындық қой.*).

Соның ішінде «ерлік» лексемасын қамтитын, яғни «ерлік» ұғымы эпитетпен қосымша сипатталатын, күшейтілетін сөз тіркестері:

- «ерен ерлік» – 9 рет (*1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс «Қазақ» деп аталатын елдің келешек ұрпағы Отанына ие бола алады, ел басына күн туа қалса, олар Отан үшін жанын пидә етуден тайынбайтын ерен ерлік көрсетеді деген сенімді бойға өрбітеді, жігер береді.*);

- «ерекше ерлік» – 2 рет (*Жалпы дұңғандар батыр халық. Олар 1864 жылы Қытайда ұлт-азаттық көтерілісі бой көтергенде де ерекше ерлік көрсеткен екен*);

- «адал ерлік» – 2 рет (*Бұл жаудан үріккен жабайы қозғалыстың тірлігі емес, керісінше, халықтың әділ де адал ерлігі еді.*);

- «шынайы ерлік» – 1 рет (*Олардың үлкен тобы қапы да кетіп, аттары халқының жүрегінде ертегі болып, мәңгі шынайы ерліктің сипаты ретінде сақталып, зор құрметке ие болды*);

- «нағыз ерлік» – 1 рет (*Шынтуайтында, қазақ-қырғыз елі ұлт-азаттық көтеріліс барысында нағыз ерлік көрсете білді, жасаудың алдына түсіп, бас-көз жоқ қашып-пыспады, жүрек тоқтатты*);

- «ғажайып ерлік» – 1 рет (*Көтерілістің өрбуі, «жазалаушы» күштің айуандығының салдарынан екі жақтан төгілген қан, қолында қаруы жоқ, соғыстың жаңа тәсілінен бейхабар, білім мен жаңалықтан аласталған қазақ тайпасының сол күндері көрсеткен ғажайып ерлігі мен ұстамдылығы төменде, кезегі келгенде әңгіме бола жатар*).

Бұдан бөлек, шығармада көтеріліс кезіндегі қозғалыс кезіндегі халықтың іс-әрекеттерін, ішкі көңіл-күйін сипаттауда «ерлік» концептісі келесі тұрақты сөз тіркестері арқылы көрініс тапқан:

- «басын өлімге байлау» – 2 рет (*Осындай күн туғанда бостандығын аңсаған ел ерліктің жолына түсіп, басын өлімге байлаған еді*);

- «мың өліп, мың тірілген» – 1 рет (*«Мың өліп, мың тірілген» деген аталы сөзде қанша ерен ерлік, қасірет пен қайғы жатыр!?*). «ерен құбылыс» – 1 рет (*Бұл күрделі де, пәрменді шешім қабылдауды талап еткен ерен құбылыс еді*);

- «жан беріспей» – 1 рет (*Ол кезде Ресей неміс мемлекетімен жан беріспей бітіспестей соғыс жүргізіп жатқан кез еді ғой*);

- «басын өлімге байлаған» – 1 рет (*Жас та болса ақылы асып көпке жетекші бола білген азаматтар көтеріліс сапарының алдынан орын алып, басын өлімге байлағаны ерен ерлік қой*);

- «жалынды жүрек оттары» – 1 рет (*Олардың ақылы мен жалынды жүрек оттарының еліне жұлдыз боп жарық сәуле шашқаны ғажайып ерекшелік қой!*);

- «батылды» – 1 рет (*Бұл екі батырдың тағы бір даналығы мен батылдығы – сол кездегі көпке сөзі жүретін қадірлі адамдарды айналасына топтастыра білгендігінде екендігі де барлық құжаттардан айқын көрініп тұрады*);

- «өжеттік» – 1 рет (*Шілік болысының жгіттерінің өжеттігі қазақ қауымына үлкен әсер еткені айтпаса да түсінікті болса керек*);

- «ереуілге шығу» – 1 рет (*Тоқмақ қаласы мен Қарақол өңірінде, әсіресе, Маринское кентінің түбіндегі дұңғандар ереуілге шығып «жазалаушы» қарулы күшке үш күн бойы төтеп беріп, ерлік танықтан еді*);

- «ерлік қимылы» – 1 рет (*Осы Талдыбұлақ шайқасы Қарқара өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілістің ерлік қимылының тағы бір көрінісі болған еді*).

С.Н. Тәнекеевтің «1916. Қарқара-Албан көтерілісі» еңбегінің лексикалық ерекшелігін талдаудан көріп отырғанымыз:

«Отан» лексемасының өзі бір рет қана қолданылғанымен, есесіне «Отан» концептісінің құрылымы мұнда ядроға орналасқан «атамекен», «атажер», «туған жер» және «ел» ұғым-сөздерінен құралған. Және де «мекен», «жер», «қоныс» сөздерінің синоним болып табылатынын ескерсек, «атамекен», «атажер» күрделі сөздері мен «туған жер» сөз тіркесі де синоним бірліктер екендігін әрі сигнификаттық мағына беретінін аңғару қиын емес. «Ел» лексемасының мағынасы да «туған жер» дегенді білдіреді, сондықтан «Отан» концептісінің бұл объективтендірілуін де концептінің ядросына жатқызамыз.

«Ерлік» концептісі қосымша эпитеттермен күшейтілген жағдайларды қоспағанда, жоғарыда келтірілген сөздер мен сөз тіркестерінен концептінің «батырлық», «батылды», «өжеттік», «жалынды жүрек оты», «басын өлімге байлау», «жан беру», «өліп, тірілу», «қимыл жасау», «ереуілге шығу» когнитивтік белгілерін анықтауға болады.

Қорытынды.

Қорыта айтқанда, С.Н. Тәнекеевтің «1916. Қарқара-Албан көтерілісі» еңбегінде өткен ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының бірі – Жетісу өңіріндегі Қарқара елді мекені аймағында орын алған Албан руы өкілдерінің Ресей империясының отаршылық езгісіне қарсы көтерілісін барынша толық суреттеп, сипаттап қана қоймай, оның себеп-салдарларын терең талдағанын атап өту қажет.

Өз заманының аса белсенді қоғам қайраткері өзін тарихшы ғалым ретінде танытып, Орта Азияның өзге ұлттарымен қатар қазақ халқының 1916 жылы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне байыпты да терең талдау жүргізіп, оның дүние жүзінде орын алған өзге көтерілістерден ерекше болғанын құнды мәлімет-деректермен дәлелдеп берді.

Өз еңбегінде ғалым зерттеліп отырған аса маңызды тарихи оқиғаға қатысты құнды тұжырымдарын «Отан» және «ерлік» концептілерін қолдану арқылы негіздеген. Концепт ұғымы халықтың материалдық және рухани мәдениеті мен сана-сезімінің, дүниетанымының терең әрі тығыз байланысының көрінісі болып табылатынын ескере отырып, зерттеліп отырған еңбекте «Отан» және «ерлік» концептілері 1916 жылы орын алған көтеріліске қатысқан халықтың өзінің туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін білдіретінін пайымдаймыз.

Көтерілістің бірден-бір ерекшелігі ретінде ұлт-азаттық сипатта болғанын атап көрсете отырып, тарихшы ғалым: «Осы жай қазақтың шынайы елдігі бар ұлт екендігіне, керек бола қалғанда, бірлігі мен азаматтық ерлігі біртұтас елдікке айналады деген сенімге жүгіндіреді», «Қазақтың соншама көп жерге ие болып қалғанының өзі осы бірліктің сипаты екендігіне көз жеткізеді», «Қарқара-Албан көтерілісі... интернационалдық сипатқа ие халық қозғалысы еді» деген тұжырымдар жасап, әр қалалардағы мұрағаттарда бөлек-бөлек сақтаулы тұрған құнды материалдарды біріктіріп, оларға түсініктемелер жазып, біртұтас кітап етіп жариялау жұмысы көтерілісті толықтай талдауға және оны халыққа насихаттауға зор септігін тигізетініне сенім білдірді. Себебі, «сирек кездесетін ұйымшылдық пен бірлікті» айқын сипаттаған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде қазақ халқы көрсеткен ерлік пен елдік үлгісі егемендік туын көтеріп отырған бүгінгі Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін сақтап, нығайтуға ықпалы зор болып табылатыны, өскелең ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезім дарытатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ганин А.В. Кровавые уроки шестнадцатого года. Восстание 1916 г. в Семиреченской области // Журнал российских и восточноевропейских исторических исследований. – 2016. – № 1 (7). – С. 97-124. / <https://cyberleninka.ru/article/n/krovavye-uroki-shestnadsatogo-goda-voosstanie-1916-g-v-semirechenskoy-oblasti>.
2. Тәнекеев С.Н. 1916. Қарқара-Албан көтерілісі. – Алматы: «Ан арыс» баспасы, 2014. – 352 б.
3. Edward Dennis Sokol. Revolt of 1916 in Russian Central Asia. Johns Hopkins University Press, 2016. 208 p.
4. Morrison A. Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History 13, 2 (Spring 2012): 327-364 pp.
5. Моррисон А. Центральная Азия в составе Российской империи. – М.: Новое литературное обозрение, 2008. – 464 с.
6. Шестаков А. Джизакское восстание 1916 г. // Красный архив. – № 5 (60). – 1933. // <https://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/M.Asien/XX/1900-1920/Djizak vosst 1916/text.htm>.
7. Ниязов М. Восстание 1916 года: первопричины и историческое значение для кыргызского народа // Сб. статей международной научно-практ. конференции, посвященной «100-летию Национально-освободительного восстания 1916 года: историческая память и современное значение» (Бишкекский гуманитарный университет им. К.Карасаева, 18-19 апреля 2016 г.) / https://kghistory.akipress.org/unews/un_post:10414/?from=kghistory&place=search&sth=b221b56e4c91b35f29b5e1d17091f27b.
8. Ақкөз батыр: 1916 жылғы көтеріліс / ред. М. Қозыбаев. – Алматы: Қазақпарат, 2001. – 280 б.
9. Нұрпейісов К. Ұлт-азаттық күрес және Алаш қозғалысы // Ақиқат. – 1990. – №6. – 45 б.
10. Ибрагимов Ж.И. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Хандық биліктің жаңғыруы (Сарыарқа өңірі материалдары бойынша): тарих ғыл.канд.дисс. – Қарағанды, 1999. – 139 б.
11. Пірімбетова Е.Ө. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – А., ҚазМЗА. – 2001. – 54 б.
12. Бекмағамбетов М. Жезқазған, Ұлытау өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалыс және оның тарихи сабағы. – А., 2001. – 30 б.

13. Бекмагамбетов М.ХХ ғ. басындағы Атбасар, Ақмола уезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс барысындағы ұлттық сана-сезімнің жандануы. – А., 2001. – 30 б.
14. Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки: материалы международной научно-теоретической конференции, Алматы, 1996, 18 октября. – Алматы: 21 Век, 1996 – 96 с.
15. Макалаков Т.Ж., Касимова С.С., Тлеугабылова К.С. Историография национально-освободительных движений в Казахстане в XVIII – начале XX вв. в трудах представителей казахской интеллигенции // Научное обозрение. Реферативный журнал. – 2017. – № 1. – С. 22-26.
16. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 396 б. – 156.
17. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / под ред. проф. В.П. Нерознака. – М.: Academia, 1997. – С. 267-279.
18. Суржанская Ю.В. Концепт как философское понятие. – Философия. Социология. Политология. – 2011. №2(14). – 70-78 бб. – 72-б.
19. Ақтанова Л.П. Тіл біліміндегі «концепт» ұғымы // http://www.rusnauka.com/45_PWMN_2016/Philologia/7_220235.doc.htm.
20. Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Соқпақбаев шығ. бойынша): монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 152 б.
21. Жаркынбекова Ш.К. Языковая концептуализация цвета в культуре и языках: Автореф. дис. д-ра филол. наук. – Алматы, 2004. – 17 с.
22. Попова З.Д., Стернин И. А. Очерки по когнитивной лингвистике мира. – Воронеж: Истоки, 2001. – 191 б.
23. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / Құраст.: Б. Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
24. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст.: Б. Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 750 б.

References:

1. Ganin A.V. «Krovavyye úroki shestnadsatogo goda. Vosstanie 1916 g. v Semirechenskoj oblasti. [The bloody lessons of the sixteenth year. The uprising of 1916 in the Semirechensk region]» Jýrnal rossuskij i vostochnoevropeskij istoricheskij issledovanij – 2016. – № 1 (7). – С. 97-124. (In Russian)
2. Tánekeev S.N. «1916. Qarqara-Alban kóterilisi. [1916. Karkara-Albanian uprising.]» - Almaty: «An arys» baspasy, 2014. – 352 bet. (In Kazakh)
3. Edward Dennis Sokol. Revolt of 1916 in Russian Central Asia. Johns Hopkins University Press, 2016. 208 p. (In English)
4. Morrison A. Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History 13, 2 (Spring 2012): 327–364 pp. (In English)
5. Morrison A. «Tsentrálnaia Azia v sostave Rossuskoj imperii. [Central Asia as part of the Russian Empire.]» - M.: Novoe literatýrnoe obozrenie, 2008. – 464 с. (In Russian)
6. Shestakov A. «Djizakskoe vosstanie 1916 g. [The Jizzakh Uprising of 1916]» Krasnyi arhiv. – № 5 (60). – 1933. (In Russian)
7. Nuazov M. «Vosstanie 1916 goda: pervoprichiny i istoricheskoe znachenie dlia kyrgyzskogo naroda [The Uprising of 1916: the root causes and historical significance for the Kyrgyz people]» Sb. statei mejdýnarodnoi naýchno-prakt. konferentsii, posviaennoi «100-letný Natsionalno-osvoboditelnogo vosstania 1916 goda: istoricheskaja pamiat i sovremennoe znachenie» (Bishkekskij gýmanitarnyj ýniversitet im. K.Karasaeva, 18-19 aprelya 2016 g.) (In Russian)
8. Aqkóz batyr «1916 jylgy kóterilis [The 1916 uprising]» red. M. Qozybaev. – Almaty: Qazaqparat, 2001. – 280 b. (In Kazakh)
9. Nurpeisov K. «Ult-azattyq kúres jáne Alash qozǵalysy [National liberation struggle and Alash movement]» Aqıqat. – 1990. – №6. – 45 b. (In Kazakh)
10. Ibragimov J.I. «1916 jylgy ult-azattyq kóterilis. Handyq biliktiń jańǵyrýy (Saryarqa óńiri materialdary boyınsha) [The National Liberation uprising of 1916. Modernization of the Khanate (based on the materials of the Saryarka region)]» Tarih ǵyl.kand.diss. – Qaraǵandy, 1999. – 139 b. (In Kazakh)

11. Pirimbetova E.Ó. «Qazaqstandaǵy ult-azattyq qozǵalys. [National liberation movement in Kazakhstan.]» – A., QazMZA. – 2001. – 54 b. (In Kazakh)
12. Bekmaǵambetov M. «Jezqazǵan, Ulytaı óńirindegi ult-azattyq qozǵalys jáne onyń tarihi sabaqy. [The national liberation movement in Zhezkazgan, Ulytau region and its historical lesson.]» – A., 2001. – 30 b. (In Kazakh)
13. Bekmaǵambetov M. « XX ǵ. basyndaǵy Atbasar, Aqmola ýezindegi ult-azattyq qozǵalys barysyndaǵy ulttyq sana-sezimniń jandanyy. [Revival of national consciousness in the course of the national liberation movement in Atbasar, Akmol County at the beginning of the XX century.]» – A., 2001. – 30 b. (In Kazakh)
14. «Natsionalno-osvoboditelnoe dvizhenie v Kazahstane i Srednei Azii v 1916 gody: harakter, dvizhyie sily, ýroki: materialy mejdýnarodnoi naýchno-teoreticheskoi konferentsii [The National Liberation movement in Kazakhstan and Central Asia in 1916: character, driving forces, lessons: materials of the international scientific and theoretical conference]» Almaty, 1996, 18 oktyabria. – Almaty: 21 Vek, 1996 – 96 s. (In Russian)
15. Makalakov T.J., Kasimova S.S., Tleygabylova K.S. « Istoriografiya natsionalno-osvoboditelnykh dvizhenii v Kazahstane v XVIII – nachale HH vv. v trýdah predstavitelei kazahskoi intelligentsii [Historiography of national liberation movements in Kazakhstan in the XVIII - early XX centuries in the works of representatives of the Kazakh intelligentsia]» Naýchnoe obozrenie. Referativnyi jýrnal. – 2017. – № 1. – S. 22-26. (In Russian)
16. Gýmboldt V. fon. «Izbrannye trýdy po iazykoznaniiy. [Selected works on linguistics.]» – M.: Progress, 1984. – 396 b. – 15b. (In Russian)
17. Askoldov S.A. «Kontsept i slovo [Concept and word]» Rýsskaya slovesnost. Ot teorii slovesnosti k strýktýre teksta. Antologiya / pod red. prof. V.P. Neroznaka. – M.: Academia, 1997. – S. 267-279. (In Russian)
18. Sýrjanskaya Iy.V. «Kontsept kak filosofskoe poniatie. [The concept as a philosophical concept.]» – Filosofiya. Sotsiologiya. Politologiya. – 2011. №2(14). – 70-78 bb. – 72-b. (In Russian)
19. Aqtanova L.P. «Til bilimindegi «kontsept» úǵymy [The concept of "concept" in linguistics]» (In Kazakh)
20. Satkenova J.B. «Keipker tiliniń kognitivtik aspektisi (B. Soqpaqbaev shyǵ. boıynsha): monografiya. [The cognitive aspect of the character's language (B. Sokpakbayev East. by): monograph.]» – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2016. – 152 b. (In Kazakh)
21. Jarkynbekova Sh.K. « Iazykovaya kontseptýalizatsiya tsveta v kúltýre i iazykah [Linguistic conceptualization of color in culture and languages]» Avtoref. dis. d-ra filol. naýk. – Almaty, 2004. – 17 s. (In Russian)
22. Popova Z. D., Sternin I. A. «Ocherki po kognitivnoi lingvistike mira. [Essays on the cognitive linguistics of the world.]» – Voronej: Istoki, 2001. – 191 b. (In Russian)
23. « Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. On bes tomdyq. 5-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 5]» / Qurast.: B. Ábilqasymov, S.Bizaqov, Á.Júnisbekov jáne t.b. – Almaty, 2011. – 752 b. (In Kazakh)
24. « Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. On bes tomdyq. 12-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 5]» / Qurast.: B. Ábilqasymov, S.Bizaqov, Á.Júnisbekov jáne t.b. – Almaty, 2011. – 750 b. (In Kazakh)

FTAHP/ MPTTI / IRSTI 3.20.00

ӨӨЖ /УДК/ UDC 974.02

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.022>

Омарбаев К.С. *¹, Әлмен Д.С. ²

¹Магистр истории, PhD докторант Университета имени Шакарима города Семей, г.Семей, Казахстан, E-mail: kanat_19_76@mail.ru,

² Доктор государственного управления университет Хаджеттепе г. Анкара, Турция
E-mail: desatin@gmail.com

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ О ВАЖНОСТИ И СТЕПЕНИ ИЗУЧЕНИЯ ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЙ НА ПРИМЕРЕ «ВЕЧЕРНЕЙ ПОЧТЫ»

Аннотация

В статье анализируется содержание московской ежедневной газеты «Вечерняя почта». Сохраненные до наших дней исторические материалы, достаточные для всестороннего, полного и объективного исследования в виде периодических печатных изданий свидетельствуют об огромной роли, функции и значении периодики для населения того периода. Хотя наличие, сохранность и состояние архивных материалов в достаточном количестве для изучения и тщательного исследования, все же существуют трудности для бережного сохранения в последующие периоды. Газеты по настоящее время являлись, являются, и, несомненно, будут являться ценным источником по истории в период двоевластия. На самом деле, страницы газет вечерних изданий дают обширную информацию в отличие от дневных, включающий рекламно-развлекательный контент, освещение бурной общественно-политической жизни и служат ярким иллюстративным материалом. Печатная продукция является и также служит основным, фундаментальным источником знаний, помогает лучше и эффективно восполнить историческую память, укрепить непрерывную связь поколений и парадигму общественных отношений. Особую проблему и конкуренцию печатной продукции составляют социальные сети и различные платформы, которые вытесняют газеты и журналы с читательской орбиты и создают конкуренцию для читательской аудитории. Информация во все времена являлась наиболее ценным источником и требовала колоссальных затрат и материальных ресурсов. В любом случае газета являлась тем инструментом политического влияния, которое не теряет актуальности и по сей день.

Ключевые слова: цензура, государственное имущество, фабрично-заводская промышленность, Государственная Дума, периодическая печать, провинция, царизм

Omarbayev K.S. *¹, Almen D.C. ²

¹Master of History, PhD Doctoral Student at Shakarim University of the City of Semey, Semey, Kazakstan, E-mail: kanat_19_76@mail.ru

² Doctor of Public Administration, Hacettepe University, Ankara, Turkey
E-mail: desatin@gmail.com

SOME QUESTIONS ABOUT THE IMPORTANCE AND EXTENT OF STUDYING PERIODICALS USING THE EXAMPLE OF “EVENING MAIL”

Abstract

The article analyzes the content of the Moscow daily newspaper Vechernyaya Pochta. The historical materials preserved to this day, sufficient for a comprehensive, complete and objective study in the form of periodicals, attest to the enormous role, function and importance of periodicals for the population of

that period. Although the availability, preservation and condition of archival materials are sufficient for study and careful research, there are still difficulties for careful preservation in subsequent periods. Newspapers have been, are, and undoubtedly will continue to be a valuable source on history during the period of dual power. In fact, the newspaper pages of the evening editions provide extensive information, unlike the daytime ones, including advertising and entertainment content, coverage of the turbulent socio-political life and serve as vivid illustrative material. Printed materials are and also serve as the main, fundamental source of knowledge, science, schooling and research helping to improve and more effectively.

Keywords: censorship, state property, factory industry, State Duma, periodical press, provinces, tsarism

Қ.С. Омарбаев ^{*1}, Д.С. Әлмен ²

¹Тарих магистрі, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің PhD докторанты,
Семей, Қазақстан, E-mail: kanat_19_76@mail.ru

²Мемлекет басқару докторы, Анкара қаласының Хаджеттепе университеті, Түркия
E-mail: desatin@gmail.com

«ВЕЧЕРНЯЯ ПОЧТА» ГАЗЕТІНІҢ МЫСАЛЫНДА МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ДЕҢГЕЙІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Аннотация

Мақалада Мәскеудің күнделікті "Вечерняя Почта" газетінің мазмұны талданады. Бүгінгі күнге дейін сақталған, мерзімді басылымдар түрінде жан-жақты, жан-жақты және объективті зерттеуге жеткілікті тарихи материалдар мерзімді басылымдардың сол кезеңдегі халық үшін орасан зор рөлін, қызметі мен маңыздылығын айғақтайды. Мұрағат материалдарының болуы, сақталуы және жай-күйі зерттеу және мұқият зерттеу үшін жеткілікті болғанымен, кейінгі кезеңдерде мұқият сақтау үшін әлі де қиындықтар бар. Газеттер қос билік кезеңінде тарихтың құнды қайнар көзі болды, болып қала береді және бола беретіні сөзсіз. Шын мәнінде, кешкі басылымдардың газет беттерінде күндізгі басылымдардан айырмашылығы, жарнамалық және ойын-сауық мазмұны, аласапыран қоғамдық-саяси өмірді қамту сияқты ауқымды ақпарат берілген және жарқын иллюстрациялық материал ретінде қызмет етеді. Баспа материалдары білімнің, ғылымның, мектептегі білімнің және білімнің негізгі, іргелі көзі болып табылады және қызмет етеді. Сол кездегі "Вечерняя почта" газеті экономикалық және реквизициялық мәселелерді, әскери-әлеуметтік сипаттағы мәселелерді жария етуде, халықты мемлекеттік қажеттіліктерді шешу үшін қажетті негізгі стратегиялық өнімдер мен материалдардың бағасы бойынша хабардар етуде оң рөл атқарды. Осы кезеңдегі газетке назар аударуды және қосымша зерттеуді қажет ететін өзекті және қорытынды тұжырымдарға баспа басылымы сол кезеңдегі әлеуметтік-мәдени және саяси-экономикалық ақпаратты алудың қажетті көзі болғандығы жатады.

Кілт сөздер: цензура, мемлекеттік мүлік, тау-кен зауыт өнер кәсібі, Мемлекетті Дума, мерзімді басылымдар, провинциялар, патшалық

Введение. Одной из актуальных проблем развития современной исторической науки является расширение и пополнение уже имеющихся источников и дополнительное приращение источниковой базы путем ввода в научный оборот новых понятий и терминов. Периодическая печать — один из главных основных типов исторического материала, особенность, которой состоит в ее анализе, что дает возможность извлекать разнообразную историческую информацию.

Периодическая печать с высокой точностью отражает события, происходящие в обществе. Периодические издания содержат разнообразные сведения о социально-политическом и

финансово-экономическом развитии общества, сообщения о культурных событиях и фактах, информацию о повседневной жизни и быте. Отличительной чертой газет как исторического источника является последовательное отражение событий и явлений, как правило, исследователь получает возможность наблюдать отражение исторического процесса в его временном развитии. Разрозненные факты, собранные в газетах, в совокупности позволяют историку реконструировать достаточно полную и объективную картину прошлого.

Научная значимость изучения периодической печати как исторического источника определяется тем, что она отражает тенденции, присущие периодической печати и обществу. Источниковедческое изучение этой группы источников позволяет выявить их характерные черты и особенности, которые необходимо учитывать при использовании периодической печати в научных исследованиях.

В г. Семипалатинске вопрос о создании собственного печатного органа объективно встал в связи с необходимостью удовлетворения информационных потребностей развивающихся экономики, социальной сферы и культуры города и области.

С этой целью Совет Главного управления издательств Западно-Сибирского генерал-губернаторства 11 февраля 1861 г. разрешил издание «Публикаций» учрежденному Семипалатинскому областному правлению типографии. В 1863 г. в здании канцелярии губернатора Семипалатинской области была открыта первая типография, которая начала издавать газету «Публикации по Семипалатинской области»[1, с.8].

Однако «Публикации» не давали полной информации о жизни в области и за ее пределами и поэтому в сентябре 1866 года губернатор Семипалатинской области генерал-майор Колпаковский Г.А. ходатайствовал перед генерал-губернатором Западной Сибири о замене «Публикаций» на «Семипалатинские областные ведомости», первый номер которых вышел в свет 7 января 1871 года[1, 9-11].

В 1904 г. купец Плещеев Прокопий Федорович открыл частную газету «Семипалатинский листок», последний номер которой вышел 13 декабря 1906 года. С декабря 1906 года стала издаваться газета «Семипалатинская жизнь», с первых номеров преследовавшаяся царским режимом, и впоследствии закрытая с формулировкой «из-за недостатка средств». В последующие годы издавались газеты «Прииртышский край», «Трудовая жизнь».

В 1910 году купцы Садык Мусин и Хасан Нигматуллины основали товарищество под названием «Ярдам» и в 1912 году, приобретя типографию, наладили выпуск периодических изданий, среди которых «Семипалатинский вестник» и «Семипалатинский телеграф».

Февральская революция 1917 года изменила не только политическую ситуацию, но и оказала большое влияние на печатное дело в регионе.

Из числа первых выпускаемых печатных изданий следует отметить газету Временного правительства ежедневный «Бюллетень Семипалатинского Областного Исполнительного Комитета». Газета уже с первых своих номеров призывала крестьян безвозмездно помогать армии излишками. Позже вместо «Бюллетеня» стала издаваться газета «Известия Семипалатинского Областного Комитета», которая просуществовала несколько месяцев после своего первого выпуска.

В этот период активно развивались большевистские периодические издания. После октябрьских событий издавалась газета «Известия советских солдат и депутатов», которая затем поменяла название на «Трудовое знамя». В газете освещались, в основном, политические события в связи с динамичным развитием политической ситуации.

Газета «Воля народа» выходила с лета 1917 года и позиционировала себя как «большая независимая социалистическая крестьянская, рабочая и солдатская газета». На страницах газеты публиковались актуальные программы для населения, освещались такие вопросы, как вопрос о земельной реформе.

При газете «Воля народа» издавался еженедельный Бюллетень «Семипалатинский Областной Земельный Комитет», непосредственной задачей которого было освещение населению земельной политики и практики правительственных органов, а также различные аграрные проекты.

В 1917 году появляется газета «Свободная Речь», которая с момента выхода пользовалась спросом среди населения [1, 21].

Освещение социально-экономической жизни общества занимает немаловажное место в периодической печати. И в этом определенное место играет роль и значение местных общественно-политических газет, таких как «Продовольственная неделя».

Помимо указанной газеты в г. Семипалатинске печатались, выпускались и продавались «Бюллетень Семипалатинского Исполнительного Комитета», с бесплатным приложением, «Бюллетень Семипалатинского Областного Земельного Комитета», «Свободная Речь», «Дело», «Семипалатинский Бюллетень», «Вольная Сибирь», «Семипалатинский День», «Бюллетень Газеты «Новое Слово» и «Новое Слово».

Необходимость комплексного источниковедческого анализа газеты «Вечерняя почта» связана с тем, что газета не изучалась с позиций источниковедения на протяжении всего периода издания. Комплексный анализ «Вечерней почты» позволяет наиболее полно и всесторонне раскрыть информационный потенциал издания и возможности его использования в научных исследованиях для изучения проблем социально-экономического развития.

1941 жылы Қарағандыға А. Пархоменко атындағы Ворошиловград көмір машина жасау зауыты әкелінді. Оның базасында тау-кен жабдықтары зауыты салынып, зауыттың өнімдері Қарағанды облысының шахталары мен кеніштеріне, Сібір мен Қиыр Шығыстың көмір бассейндеріне жіберілді. 1941 жылы 3 жаңа шахта, 1942 жылы 12 шахта және 2 көмір разрезі пайдалануға берілді [2, 258 б]. Дегенмен жер астындағы қара жұмыстың негізгі ауыртпалығы жергілікті халықтың үлесінде қала берді. Әйелдер ерлердің орнын басты, зейнет жасындағылар қайтадан шахтаға түсті.

1941 жылғы 27 маусымда «Социалистическая Караганда» газетінде «Әйелдер мен қыздар! Ерлердің кәсібін меңгеріңдер, Отанымызды қорғауға аттанған жолдастарыңның, әкелер мен ағалардың орнын басуға дайын болыңдар!» деген үндеу жарияланды. №1 шахтаның табельшісі Ольга Лоцманова үндеуге алғаш құлақ түріп электровоз машинисі болып ауысты. Фабрика-зауыт курстары ұйымдастырылды, қысқа мерзімде кенші мамандығының қыр-сырына үйренген жастар майданға кеткендердің орнын толтырды. Қарсақпай селосынан 120 үй шаруасындағы әйел ерлердің кәсібін игерді. Жүргізушілер курсына 60 қыз-келіншек қатысты, дәнекерлеуші, слесарь мамандығына үйрету курстары ашылды. Байқоңырда үй шаруасындағы әйелдер шахтада жұмысқа түсті [10]. Үздіктер мен еңбек озаттарының қатарында қазақ әйелдері де болды. Бір айдың ішінде кәсіпті тез игерген №3 шахтадан Күләй Құлжанова мен Жәкен Мұқанова, №1 шахтадан Сұлубала Сағындықовалардың технологиялық үрдісті дұрыс ұйымдастыру, лавада адамдарды тиімді орналастыруы нәтижесінде көмір өндіру нормасы асыра орындалды [31].

Темірдей тәртіп – жеңіс кепілі болып саналды. Бір адамның екі немесе үш адамның орнына істеуіне тура келгеніне қарамастан тәртіпті бұлжытпай сақтау қарапайым жұмысшыдан басшыға дейін талап етілді. Шахталар мен кәсіпорындар еңбек тәртібін бұзуға жол бермейтіндіктерін мәлімдеді. Жұмысшыларға арналған партия кабинеттері, қызыл бұрыштар, оқу үйлері, кітапханалар, үйірмелер ұйымдастырылды. Біздің зерделеуіміз «Социалистическая Караганда» газетінің тылдағы еңбек майданының хабаршысы ғана емес сонымен бірге оның беттерінде ашық, әділ сынға да орын беріліп, кемшіліктерді түзетуге ықпал еткеніне көз жеткізді. «Партиялық өмір» айдарымен жұмысқа немқұрайлылық танытқандар мен артта қалушылар жария түрде сынға алынып отырды. Солардың кейбіріне кезек берейік.

«Шахтада қашан болдыңыз», «Жауапкершілік сезімін жоғалтқандар» тақырыбындағы мақалалар 1942 жылғы мамыр-маусым айларындағы еңбек тәртібінің жай-күйінен хабар береді. Атап айтқанда, № 1 шахтаның учаске бастығы Кузин 10 күнде шахтаға екі-ақ рет түсіп, бір сағат қана болғаны, шахта комитетінің төрайымы Сотинованың мамыр айында 2 рет, маусым айында лавада бар жоғы 3 рет болғаны, сайланғанына бір ай уақыт өтсе де №3 шахтаның партком хатшысы Кенжикеевтың кеншілермен кездеспегені, №33/34 шахта меңгерушісі Дмитриевскийдің мамыр айында 6 рет, мақршейдер Мищенко мамыр айында 4 рет, ал маусым айының алғашқы жартысында бар болғаны 1 рет шахтаға түскені сынға алынды [11]. Мәселенің мәні мынада болды: шахта меңгерушісі, учаске басшыларының жұмыс орны жер астындағы лаваларда болуы керек, себебі көмір өндірудің тағдыры сонда шешіледі. Олар бақылау жасап қана қоймай, сондай-ақ кеншілермен бірге кемшіліктерді алдын ала анықтап, оларды жою жолдарын қарастырып, шаралар қолдануға, көмек беруге міндетті болды. Лавадағы шатыр нашар бекітілгендігін айтып, жұмысшылардың ескерткеніне қарамастан опырылып құлаған тау-тау үйінділердің салдарынан

кейбір учаскелердің бірнеше күн бойы жұмысты тоқтатқан апатты жағдайлар жиі кездесті. Аталған фактілер бірқатар шахталарда техникалық қадағалаудың нашарлығын көрсетті және жоспардың орындалмауына әкеп соқты. Сондықтан жер астындағы кеншінің ауыр еңбегінен алыс жер үстінде оңай уақыт өткізумен айналысқандар партиялық басшылық тарапынан «еңбек майданының дезертирі, қашқын» деп саналды. Мұндай ашық сындар тәртіптің бұзылмауын қамтамасыз етті. Еңбек өнімділігін арттырудың түрлі жолдары қарастырылды. Көмір қабаттарын құлату, оны бөлшектеп конвейерге тиеу шахтаға жаңадан келгендер үшін қиындық туғызды. Осыған орай «Социалистическая Караганда» газеті «Жас кеншіге көмек» айдарын ашып, онда Ресейдің, Украинаның тау-кен институттары ғалымдарының кеңесі, мамандардың озат тәжірибелері жарияланды. Мысалы, «Көмірді қалай құлату, үю керек», «Үңгуіш машинамен жұмыс жасау жолдары» атты мақалаларда лавадағы жұмыстың әдіс-тәсілдеріне, техникамен жұмыс жасаудың тетіктеріне үйреткен мамандар пікірі жас кеншілердің кәсіби біліктілігінің, тәжірибесінің артуына септігін тигізді.

Әйелдер тылда ерлердің орнын алмастырып түрлі бастамалар көтерді. Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданының тракторшысы Паша Ангелинаның республика әйелдеріне «Темір тұлпарды меңгеріндер!» атты үндеуі Қарағанды облысында кеңінен қолдау тапты [12]. Әйелдер қысқа мерзімде ауыл шаруашылық техникаларын меңгерді. Пришахтинск машина-трактор станциясында 173 тракторшы, 52 комбайншы әйелдер мен қыздар курсты сәтті аяқтап, егіс алқаптарында еңбек етті. Александра Ефимова майдандағы күйеуінің орнына тракторға отырды, серіктесі Тания Сельцова екеуі «У-2» тракторымен 1942 жылдың 25 маусымына дейін жылдық өндірістік тапсырманы, комбайншылар Ирина Вазель мен Лидия Славская жөндеу шеберханасындағы күндік нормаларын 140%-ға асыра орындады. Мемлекет әйелдерге еңбектің барлық салаларына, өндіріске белсенді қатысуға мүмкіндік беру, отбасы мүшелері соғысқа кеткендерге қамқорлық көрсетуді естен шығармады, балабақшалар желісі ұлғайтылды.

Әлеуметтік қиындықтар әйелдерді моральдық тұрғыдан төзімді болуға икемдеді. Олар отбасында ғана емес, қоғамда да мейірімділік пен ізгіліктің шырақшысы болды. Шымкент қаласы әйелдерінің майдан өңірлерінен эвакуацияланған панасыз, жетім балаларды қамқорлыққа алу туралы үндеуіне облыс, қала басшылығымен бірге қарапайым тұрғындар да ат салысты [13]. Атап айту керек, Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда Қарағанды облысына көшірілген балалар үйлерінің жағдайы қанағаттанарлық дәрежеде болды. Облыста 5 балалар үйі жұмыс істеді. Украин КСР, РКФСР, Қалмақ АССР-інен көшірілген балалар үйлерінің қосалқы шаруашылықтары, малы (сауын сиыр, жегін малы) болды. Колхоздар бөліп берген жерлерге көкөніс, бақша дақылдары егілді. Украинадан эвакуацияланған 700 балаға арналған балалар үйі медициналық қызметкерлермен толық қамтамасыз етілді, санитарлық жағдайы жақсы деп бағаланды. Тексеру барысында созылмалы ауруға шалдыққан балалар анықталған жоқ [14, 156-159 б.]. Балаларға туған үйлеріндегідей жайлылық жасалды, киім-кешек жинау, тігу ұйымдастырылды, тазалық, кезекшілік қамтамасыз етіліп, тәрбие жұмыстары жүргізілді.

«Социалистическая Караганда» газетінде майдан далаларынан, ондағы қазақстандықтардың ерліктері жайлы хабарлар үзбей жарияланып тұрды. Газеттің 1941 жылы 22 қарашадағы санында қазақстандық 316 атқыштар дивизиясының Москваны ерлікпен қорғағаны туралы Қазақ КСР әскери комиссары П. Щербаковтың «Батыр жерлестерімізбен мақтанамыз» атты мақаласы жарияланды. Жерлестерінің ерліктері адамдарды мақтаныш сезіміне бөлеп, рухын көтерді. Майданға өз еркімен сұранушылар қатарында ер азаматтармен бірге әйелдер мен мектеп оқушылары да болды.

1942 жылы мамыр айында Қарағандыдан 50 қыз өз еркімен тіленіп майданға аттанды [15, 5 б.]. Олардың басым көпшілігі майданға бару үшін емтихандарын мерзімнен бұрын ерте тапсырып, кәмелеттік аттестаттарын үш ай бұрын алған Қарағанды қаласындағы С.М. Киров атындағы №1 орта мектебінің түлектері болды. Майдангер қыздардың ұстазы М.М. Гришина өз естелігінде ескі қаладағы вокзалда 50 қызды майданға шығарып салуға адамның көп жиналғанын айта келе, митингіде облыстық комсомол комитетінің хатшысы Ф. Дәненованың сөйлеген сөзін былайша еске алады: «Қыздар, сендердің еншілеріңе Отан қорғау үлесі тиіп отыр. Майданда еліміздің

таңдаулы қыздарына лайық істеріңмен танылыңдар. Қарағандылықтар өздерінің патриот қыздарын әрқашан мақтан тұтады. Жеңіспен оралыңдар, замандастар» [15, 8 б.]. Жауынгер қыздар соғыстың сан тарау жолдарынан өтті, кейбіреулері Берлинге дейін жетіп, Европа мемлекеттерін фашизмнен азат етуге қатысты.

Кеңес үкіметі мен Қазақстан басшылығының қабылдаған шешімдері бағыт-бағдар беріп, барлық күшті майданға жұмылдыруда маңызды рөл атқарды. Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы Н.А. Скворцов Қазақстан КП ОК-нің V Пленумында сөйлеген сөзінде: 1) барлық жұмыстарды әскери ауқымда қайта ұйымдастыру 2) астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау 3) әскер мұқтажы үшін ет, май өндіруді арттыру 4) өндірістік жоспарларды мерзімінен бұрын орындаудың аса өзекті мәселе екенін атап көрсетті [16]. Газеттің әр саны «Барлық жұмысты соғыс жағдайында дереу қайта құру», «Халықтың барлық күші - жауды жеңу үшін!», «Бәрін майдан мүддесіне бағындырамыз», «Әр кәсіпорын, әр үй – қорғаныс қамалы» және т.б. арнайы айдарлармен қоғам мен жұртшылықты майдан үшін аянбай еңбек етуге ұйымдастырды.

Жексенбіліктер - ерікті түрде жүргізілген ұжымдық шаралардың бірі болды және соғыс біткенше қалыпты жағдайға айналды. Кеншілер стахановтық қозғалыстың алты жылдығын және үшінші көмір базасы Қарағандының құрылуының он жылдығын жаңа рекордтық өніммен қарсы алды. Теміржолшылар жексенбілігінде 76 тонна металл сынықтары тиелді, депоның, ғимараттың жылу жүйелерін қысқа дайындау, жөндеу жұмыстары жүргізілді. 938 қызметкер мен олардың отбасы мүшелері қатысқан байланыс қызметкерлерінің бүкілодақтық жексенбілігінде телефон, телеграф желілері, радиохабар қондырғылары жөнделді, колхозға егін жинауға жәрдемдесті. Жезқазғандықтар кен тиеді, облыстық байланыс бөлімінің қызметкерлері су құбырына траншея қазды, облыстық радиостанция жөндеуден өтті. Жексенбіліктен түскен 9688 сом табыс елдің қорғаныс қорына аударылады [17]. «Мен майдан үшін не істедім?» деген сұрақ әр адамды толғандырды. Кеңес Одағының әр түкпірінен майдан үшін қорғаныс қорын құру туралы тілек білдірген ұсыныстар көп түсті. Осыны ескере келе КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитеті 1941 жылы 1 тамызда қорғаныс қорын құру туралы шешім қабылдады [18, 145 б.]. Бұл ретте қордың ерікті, мәжбүрлеусіз болғанын айту керек. Қор туралы «Социалистическая Караганда» газетінің арнайы айдар ашуы қоғамда кеңінен қолдау тапты.

«Қызылтау» геологиялық барлау ұйымы ай сайын бір күндік табысын қорғаныс қорына аударуды ұйғарса, бригадир Усинин облигациямен 520 сом өткізді. Қарағанды теміржол бөлімшесінің әйелдері 32 125 сом, Нұра ауданы Киров колхозы 15 гектар астық тапсырды. «Караганда-шахтастрой» тресінің жұмысшы-қызметкерлері 1482 сом, облигациямен 18 445 сом, үй шаруасындағы әйелдер майдандағы жауынгерлерге сыйлықтар, Осакаров ауданы «Трудовой» МТС-ның жұмысшылары ай сайын үш күндік еңбекақыларын, «Казуглеразведка» тресінің қызметкерлері облигация түрінде 11 670 сом, Қарағанды геологиялық барлау партиясының жұмысшылары 3260 сом жіберді. Қорғаныс қорына Нұра ауданы «Ленин жолы» колхозы 50 центнер тары, 50 центнер сұлы тапсырып, колхозшылардың екі күндік еңбекақыларын аударды. «Карагандаразрез» шахтасының кеншілері облигациямен 13 365 сом, ақшалай 22 090 сом тапсырды. Тельман ауданы «Красная нива» ауыл шаруашылық артелі 200 центнер сұлы, 20 бас мал, 2627 сом ақша, облигациямен 10 515 сом аударды. Осакаров ауданы «Тоқсұмақ» ауыл шаруашылық артелі 20 гектар бидай, 2000 жұмыртқа, 15 бас қой өткізді [19].

Қарқаралы ауданының еңбекшілері ақшалай 73 235 сом аударып, майдандағы жауынгерлерге 6 мыңнан астам жылы киімдер сыйлады, 1247 кг. жүн және 1237 кг. қой терісі тапсырылды. «Совет» колхозы осы мақсатқа 300 кг. жүн бөліп алдыңғы қатардан көрінді [20]. «Қызыл Әскерге мықты аттар өсіремін, 16 ат жібердім, қазір 21 ат дайындап жатырмын. Стандартты үлгідегі ферма салынды, үш жылдың ішінде жылқы санын 45-тен 170-ке арттырамын» - деп уәде берді Қарқаралы ауданы Калинин колхозының жылқышысы Сағындықов. Тельман ауданы «Путь Ильича» колхозының сауыншылары әр сиырдан 9 литрден сүт, «Томар» колхозының шопаны Рысқұлов 100 саулықтан 122 қозы алды. Ұлытау ауданы «Қазақстан» колхозының сауыншысы Қаратаева 2583 литр сүт сауу жоспарын 646 литрге асыра орындап қосымша табыс тапса, осы

аудандағы «Алғабас» колхозының шопаны Сұлтанов жоспардағы 863-тің орнына 974 қозы өсірді. Жезқазған ауданы «Бірлестік» колхозының меңгерушісі Ахметов 73 сиырдан 73 бұзауды аман-сау күтіп сақтаса, Нұра ауданы «Путь Ленина» колхозының шошқа өсіруші Кондыбко 28 торайды артық өсірді. «Парижская коммуна» колхозының жылқышысы Ибраев майданға қажетті мініс аттарын баптағаны үшін қосымша 1280 сом сыйақы алды. «Маржанкөл» совхозының сауыншысы Жакенов жоспардан тыс 8000 литр сүт артық өндірді [21]. Зор ынтамен жеке, ұжым болып жүргізілген қордың арқасында жаңа зеңбіректер мен танктер, самолеттер мен кемелер жасалды, жау ордасына жаңа снарядтар атылып, тұтастай алғанда кеңес әскерлерінің майданда жеңіске жетуін қамтамасыз етті.

Өндіріс, еңбек ұжымдарының, жеке адамдардың танктер мен ұшақтар жасауға қаражат жинау бастамалары мен белсенділіктері, газет бетінде «Туған Қызыл Әскерге жаңа ұшақтар мен танктер», «Еңбекшілер қаржысына – жаңа әскери машиналар» атты жаңа айдармен жаңалықтар легінің үздіксіз жариялануы, сөз жоқ, майдан даласындағы жауынгерлерге рух берді. «Қазақстан комсомолы» танк бөлімшесін жасақтауға Нұра ауданы «Трудовик» колхозы 50 кг. бидай және ай сайын үш күндік еңбекақыларын, Өспен ауылы 779 сом, Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы №7 қазақ орта мектебі 320 сом, Тельман ауданы «Путь Ильича» колхозы 1000 сом қаржы аударса, Осакаров ауданы «Передовик» артелі 5 жұмыс күнін арнады. Жыл соңында «Қазақстан комсомолы» танк колоннасы үшін облыс бойынша барлығы 797 мың сом қаржы түсіп, былайша жіктелді: Қарағанды қаласы - 266 мың сом, Балқаш – 287 мың сом, Осакаров ауданы – 175 мың сом, Долинка кенті - 85 мың сом [22]. «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасына Тельман ауданы «Центральный» колхозынан П. Селезнев, «Красная нива» колхозынан К.Воронини – 25 000 сом аударып КСРО ОК хатшысы И. Сталиннің, «Осакаровка» колхозының жылқышысы Ш. Сайфуллин - 50 000 сом, И. Кожухов - 75 000 сом аударып, Қазақстан КП ОК хатшысы Н.Скворцовтың атынан алғысқа ие болды [23]. «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасауға мемлекеттік банкке республиканың 14 облысынан 270 млн. 685 мың сом ақша түскен болса, соның ішіндегі Қарағанды облысының үлесі 17 млн. 668 мың сом болды.

Әр облыстың атынан танктер мен ұшақтар жасауға қаржы жинау бастамасы Қарағанды облысында да кеңінен өріс алды. «Қарағанды колхозшысы» танк колоннасын жасауға 12 572 сом түсіп, Осакаров ауданы 4763 сом, «Қызылту» совхозы – 100 мың сом қолдау көрсетті. «Қарағанды шахтері», «Қазақстан металлургия» танк колонналарын жасақтауға қаржылай көмек бергені үшін қарағандылықтарға Қазақстан басшылары А. Қазақпаев, Н. Оңдасынов, Н. Скворцовтың, КСРО ОК хатшысы И. Сталиннің атынан алғыс пен құттықтау жеделхаттары жолданды. «Қарсақпай. Жезқазған ауданы партия комитетінің хатшысы Шәріповке. «Қазақстан металлургия» танк колоннасын жасауға 1100 мың сом жинаған Жезқазған облысының еңбекшілеріне Қызыл Армияның атынан алғыс және бауырластық сәлемімді білдіремін. И. Сталин» - деп көрсетілді сондай жеделхаттардың бірінде [24]. Осындай жылы лебіздерді И. Сталиннің атынан 1943 жылы наурызда «Қарағанды шахтері» танк колоннасын жасау қорына 20 мың тонна көмір артып, 350 мың сом жинағаны үшін Қарағанды қаласы Ленин ауданының еңбекшілері, «Цветник Казахстан» танк колоннасына 521 868 сом, «Балқаш жұмысшысы» әуе эскадрильясына 563 191 сом тапсырғаны үшін Балқаш мыс қорыту зауытының директоры Самохвалов, «Советтік Қазақстан» әуе байланысын жасауға 40 000 сом жібергені үшін Қарағанды облыстық орыс драма театрының ұжымы қабылдады.

Үнемшілдік – ажырамас қағидаға айналды. «Мемлекетке көп бер де, аз талап ет» деген ұран, үнемдеу қажеттігі әр кеншінің, әрбір учаскенің, еңбек ұжымдарының өзгермейтін заңы, еңбек өнімділігін арттырудың кепілі болып саналды. Басты назар бұзылған техниканы жөндеу, ескіні қалпына келтіру, жаңаға шығын шығармауға аударылды. Әр комбайншы мен тракторшы майдан үшін жанар-жағар май үнемдеді. Қарағанды байыту зауыты жылына 1 млн. сом қаржы үнемдесе, «Қарағандашахтастрой» ұжымы ескі тақтайлардың шегелерін алып, қайта пайдалануды ұйғарды. Жасөспірімдерден арнайы жасақ құрылып, Жаңа қаланың құрылыс алаңдарынан 2800 кг. шеге жинады, кен жөндеу зауыты металл қалдықтарынан шеге жасады [25].

Өнертапқыштық – еңбек өнімділігінің артуына серпін берген тың бағыт болды. Шахталарды кен тасымалдайтын темір астаулармен қамтамасыз ету бұған дейін Ресейден, Украинадан әкелінетін еді. Енді «Қарағандыкөмір» тресі руда жөндеу зауытымен бірлесіп ағаш астаулар жасауды қолға алды, сөйтіп, шассиі шойын, корпусы ағаш вагонеткалардың жаңа түрі пайда болды [26]. Балқаш мыс қорыту зауытының материалды, қаржыны үнемдеуге, сырттан әкелінетін шикізатты жергілікті арзан шикізатпен алмастырған бастамасының нәтижесінде 5 млн. сом үнемделді. Өнертапқыштар Борисов пен Дмитриевтің автоматты флотациялық машина реттегішін ойлап табуы концентраттағы мысты арттырды. Инженер Геллер көмір шаңының атмосфераға таралуына жол бермей, ұнтақ көмір қондырғысын қалпына келтіріп, жүздеген тонна қымбат көмірді үнемдеді. 1942 жылы зауыттың жаңашылдары 150 астам өнертапқыштық ұсыныстар айтса, оның жартысынан көбі іске асырылды [27]. Тельман ауданы «Центральный» колхозының колхозшысы Аксютин жасаған тұқым сепкішпен аз уақыт ішінде 6 жылыжайға тұқым себіліп, 70 адамның орнын алмастырды және 50% тұқым үнемделді. Пришахтинск МТС жетілдірілген дизайндағы тұқым сепкіштер шығарып, іске қосты [28].

Одақтық, республикалық, облыстық деңгейде ұйымдастырылған социалистік жарыстар – еңбекке ынталандырудың бір шарты болып табылды. Қарағанды қалалық кеңесі, «Қарағандыкөмір» тресі, «Социалистическая Караганда» және «Советтік Қарағанды» газеттерінің редакциялары стахановтық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін 1942 жылы 1 ақпаннан жыл аяғына дейін социалистік жарыс жариялады [29]. Әр цех, әр бригадада, әр ауысымда жоспарды орындау берік қағидаға айналды. Калинин атындағы шахтаның кен қазушысы Ибраев жеті айда жоспардан тыс 811 тонна, Апсаттаров 1300 тонна көмір артық өндірді [30]. Тәжірибелі үздіктер №18 шахта кеншілері Сыздықов, Сәдуақасов, Боғұмбаев, №31 шахтадан Митрофанов межелеген 13-14 тоннаның орнына 30-60 тонна еңбек өнімділігіне қол жеткізді [31]. 1942 жылдың желтоқсан айының қорытындысы бойынша Бүкілодақтық социалистік жарыста оза шыққан Калинин атындағы шахтаға ВЦСПС (Кәсіподақтардың бүкілодақтық орталық кеңесі) пен КСРО Көмір өндіру халық комиссариатының ауыспалы Қызыл туы тапсырылса, ВЦСПС пен КСРО Түсті металлургия халық комиссариатының шешімімен Жезқазған мыс кеніші үшінші дәрежелі сыйақыға ие болды [32].

Социалистік жарыстарда жоспарға ғана емес, сонымен бірге өнім сапасына да мән берілді. 1943 жылы мамырда Кузбасс кеншілері жариялаған Бүкілодақтық социалистік жарыс көмір өндіруді 10%-ға арттырумен бірге оның күлділігін 0,5%-ға азайтуды және өзіндік құнын төмендетуді көздеді. ВЦСПС пен КСРО Көмір өндірісі халық комиссариатының шешімімен Қарағанды «Сталинуголь» тресіне жарыстың маусым айының қорытындысы бойынша Мемлекеттік қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туы тапсырылып, 450 000 сом сыйақы берілді. Қарағанды ұн комбинаты осы айдағы республикалық байқаудың Қызыл Туын жеңіп алды [33]. 1943 жылғы қазан айының жоспарын Жезқазған мыс руднигі – 109%, Жезді марганец руднигі – 106% артығымен орындап, КСРО түсті металлургия халкомы Ломаконың атынан құттықтау жеделхатын алды. Онда былай делінді: «Жезқазған кеншілерін қазан айында Мемлекеттік қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталуымен шын жүректен құттықтаймын. Ең ірі Балқаш мыс қорыту зауытының үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін кен өндіруді арттыруға қол жеткізетіндеріңізге сенім білдіремін» [34].

Соғыстың үшінші жылында қиындықтар мен кедергілерді еңсерген Қарағанды көмір бассейні көмір өндіруді 46%-ға арттырып, тұрақты өнім бере бастады. «Сталинуголь» және «Кировуголь» трестері, Киров атындағы, №18, №12, №44-45 шахталар Бүкілодақтық жарыстарда кезектесіп жеңімпаз атанды. Облыстық газеттер талантты ұйымдастырушылар мен инженерлер Тарабанов, Күзембаев, Николаев, Решетняк, Құдайбергенов, Жылқыбаев, стахановшылар Плотников, Байсейітов, ағайынды Айтқұловтар, Құсайынов сынды еңбек озаттарын үлгі етті [35].

Кеңес үкіметі Кузбасс, Хакасия, Орал мен Қарағанды кеншілерінің еңбегін жоғары бағалап 800 адам марапатқа ие болды. Солардың арасында қарағандылықтар: №18 шахтаның бригадирі Т.Сыздықов, №20 шахта бригадирі Ғ.Абдрахманов, Калинин атындағы шахта меңгерушісі

Р.Ибраев, Киров атындағы шахтаның учаске бастығы Қ. Алтынбаев, № 33-34 шахта машинисі Л.Тютяев - Ленин орденімен, 8 адам - «Еңбек Қызыл Ту», 12 адам - «Құрмет белгісі» ордендерімен, 6 адам - «За трудовую доблесть», 27 адам - «За трудовое отличие» медальдарымен марапатталды [36].

Сонымен Қарағанды көмірінің маңызы, оған сұраныстың, еңбекшілердің жеңісті қамтамасыз етудегі жауапкершіліктерінің артуы Қарағанды көмір бассейнін Кеңес Одағының алдыңғы қатарлы кәсіпорындары сапына көтерді. Одақтық «Правда» газеті 1944 жылы 3 қаңтарда Қарағанды бассейнінің көмір өндірудің жылдық жоспарын 27 желтоқсанға дейін мерзімінен бұрын әрі ондаған мың тонна асыра орындағанын одақ көлеміне жария етсе [37], 7 қаңтар күнгі санында жылдық жоспардан тыс 100 мың тонна көмір өндіргенін ерекше атап өтті [38]. Шахталарда көмір өндіру 1942 жылмен салыстырғанда 1943 жылы 37,5%-ға ұлғайды. Магнитогорск зауытын кокстелетін көмірмен қамтамасыз ету бір жылда 50%-ға өсті.

Қарағанды облысынан майданған 45 мыңға жуық адам жіберіліп, оның 18 мыңы оралмады [39]. Кеңес Одағының Батыры атағына 18 қарағандылық ие болып, 6587 адам Ұлы Отан соғысы майдандарындағы ерлігі мен батырлығы үшін ордендермен және медальдармен марапатталды [2, 254 б.].

Қорытынды. Сонымен аймақтық газетті тарихи дереккөз ретінде алып, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орталық Қазақстан өңірінің жеңіске қосқан үлесін зерделеу барысында мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Соғыс жылдары Қарағанды көмірі Кеңес Одағында маңызды рөл атқарды. Қарағанды кеншілері бұған дейін 89 жылдың ішінде қол жеткен көрсеткішті соғыстың төрт жылында орындады, 34 млн. тонна көмір өндіріп, зор жетістікке жетті.

2. Жауға қарсы қолданылған ұшақтар мен танктер, артиллериялық қарулар жасалған металдар негізінен Ресейдің Магнитогорск металлургия зауытында балқытылып, ол Қарағандының кокстелген көмірін пайдалану нәтижесінде жүзеге асты.

3. Эвакуацияланған мамандардың көмегімен жаңа шахталардың, кәсіпорындардың салынуы соғыс қажетіне жұмсалатын көмір, руда көлемін ұлғайтты, сондай-ақ Орталық Қазақстанның индустриялық-экономикалық дамуын жеделдетті.

4. Облыстың колхоздары мен ауыл шаруашылық артельдерінің майданды астық, азық-түлік және мал өнімдерімен қамтамасыз етуі майдандағы жауынгерлердің әлеуметтік, материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етті.

5. Қорғаныс қоры, танктер мен ұшақтар жасауға бастамашылық кеңес әскерлерін техникалық жағынан нығайтып, жеңіске тезірек жетуге негіз болды.

6. Әйелдердің есебінен жұмыс күшінің тапшылығы азайды, 1941 жылғы тамыздан 1944 жылғы желтоқсанға дейін шахталарда жұмыс істейтін әйелдер саны төрт жарым есе көбейіп, 2758 адамнан 12341 адамға артты [9, 160 б.].

7. Газет қоғамды жаңашыл істерге ұйыстыруда үгіт-насихат жүргізді. Еңбекті ұйымдастырудың жексенбіліктер, өнертабыстар, социалистік жарыстар сияқты тиімді формаларының қолданылуы, үнемдеу, тәртіп қағидаларының сақталуы өндіріс пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен сапасын арттырды, жұмсалатын қаржы үнемделді, шығын азайды.

8. Газет майдан мен тылдың бірлігін нығайту, халықты жауға қарсы күреске жұмылдыру, жеңіске ынталандыру қызметін атқарды. Газет өзінің беттерінде майдан далаларындағы оқиғаларды үлкен дәлдікпен күнбе-күн жариялап, жұртшылыққа жеткізіп, ақпараттық қызмет жүргізді. Жауынгерлердің ерлік істерін, кеңес әскерлерінің жеңістерін насихаттап халықты ерлікке, батырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу міндетін атқарды. Адамдарды рухтандырып, намыстарын қайрап, жігерлендірді, майданға өз еркімен сұранушылар қатары артты.

9. Газетте ашық, өткір сындарға орын берілуі артта қалушылықты жоюға, кемшіліктерді болдырмауға ықпал етті.

10. Газет билік пен халық арасындағы байланыс құралы болды. Кеңес үкіметінің, Қазақстан басшылығының қабылдаған заңдары мен жарлықтары, нұсқаулары газет арқылы қоғамға лезде

жетіп, халыққа түсіндірілді. Бұл ресми құжаттар халықты «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» атты бірыңғай ұран астына біріктіріп, майданға өлшеусіз көмек көрсетуге септігін тигізді.

11. «Социалистическая Караганда» газеті Ұлы Отан соғысы, қарағандылықтардың жеңіске қосқан үлесінің тарихы бойынша материалдар жинауда және жазуда бірден бір тарихи дерек болып табылады. Үгіт-насихаттық сипатта болғанымен газет материалдарының арасынан жүйелеу арқылы соғыс жылдары жанкешті еңбегімен ерекшеленген тыл майталмандарын, озат шахталар мен өндіріс орындарын, колхоздарды, еңбек озаттарын іріктеп алуға болады. Бұл материалдар бұған дейін Орталық Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихы бойынша құжаттық-деректік басылымдар, жинақтар шығаруға негіз болды және болашақта да ғылыми зерттеулер жүргізуде пайдалы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. За Родину, за Сталина! Выступление по радио заместителя Совета Народных Комиссаров Союза ССР и народного комиссара Иностранных дел тов. В.М. Молотова // «Социалистическая Караганда». - 1941. - 23 июня.

2. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Фотокітап / Жинақты құраст. Измухамбетов Б.С., Тасбулатов А.Б. – Алматы, 2020. – 320 б.

3. Самоотверженно трудиться на своем посту // Социалистическая Караганда. – 1941. - 24 июня.

4. Вклад металлургии Урала в дело победы Советского Союза в Великой Отечественной войне. Интернет источник: <https://cyberleninka.ru/article/n/vklad-metallurgii-urala-v-delo-pobedy-sovetskogo-soyuza-v-velikoy-otechestvennoy-voynе/viewer> 11.02.2011. (дата обращения 04.01.2025)

5. Гапеев А. Богатства недр Карагандинской области на службу обороны // Социалистическая Караганда. – 1942. - 4 января.

6. Преодолеть отставание бассейна – важнейшая задача большевиков Караганды // Социалистическая Караганда. – 1941. - 13 ноября.

7. Боевая программа шахтеров Караганды // Социалистическая Караганда. – 1941. - 15 ноября.

8. Бригада Академи Наук СССР в Караганде // Социалистическая Караганда. – 1942. - 5 июня.

9. Боздақтар: Жинақтама том / Құраст.: П.С. Белан, Н. Едігенов. - Алматы: «Қазақстан». 1995. – 480 б.

10. Женщины идут на производство // Социалистическая Караганда. – 1941. - 3 июля.

11. Железная трудовая дисциплина – залог победы // Социалистическая Караганда. – 1941. - 26 июня.

12. Девушки и женщины – на тракторы и комбайны! // Социалистическая Караганда. – 1942. - 20 февраля.

13. Ко всем трудящимся Советского Казахстана. Из обращения собрания женщин города Чимкента // «Социалистическая Караганда». – 1942. - 21 марта.

14. Сактаганова З.Г., Абдукаримова Ж.К. Эвакуация детских домов и интернатов в годы Великой Отечественной войны в Казахскую ССР. // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». - 2024. - №2 (114). С.156-159.

15. Лұқпанов Е., Сембай М. Жауынгер қыздар – Боевые подруги. Караганды. – 1995. – 138 б.

16. Все силы, все ресурсы Казахстана – для победы над врагом! Из речи секретаря ЦК КП (б) Казахстана тов. Н.А. Сворцова на V Пленуме ЦК КП (б)К // Социалистическая Караганда. -1941. - 5 июля.

17. Все для фронта. 31 августа прошел Всесоюзный воскресник // Социалистическая Караганда. – 1941. - 2 сентября.

18. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 жж.). – Алматы: Ғылым, 1985. - 320 б.

19. В фонд обороны страны // Социалистическая Караганда. – 1941. - 2 сентября.

20. Икебаев И. Трудящейся Каркаралинского района фронту // Социалистическая Караганда. – 1941. - 7 января.

21. Опыт передовиков животноводства всем колхозам и совхозам // Социалистическая Караганда. – 1942. -1 апреля.
22. На строительство танков. Строим танковую колонну имени комсомола Казахстана // Социалистическая Караганда. – 1942. - 17 декабря.
23. Новые колонны танков и эскадрильи самолетов на средства колхозников. Телеграммы на имя Сталина // Социалистическая Караганда. – 1942. - 3 января.
24. Сбор средства на строительство танковой колонны // Социалистическая Караганда. – 1942. - 9 января.
25. За строжайшую экономию и бережливость // Социалистическая Караганда. – 1943. - 9 сентября.
26. Рационализаторы и изобретатели вносят свой вклад // Социалистическая Караганда. - 1943. - 18 декабря.
27. Ф. Голубев. Рационализаторы Балхаша // Социалистическая Караганда. – 1943. - 7 апреля.
28. Колхозник – новатор // Социалистическая Караганда. – 1943. - 27 марта.
29. Шахтеры Караганды! Выше темпы угледобычи // Социалистическая Караганда. – 1942. - 31 января.
30. Вперед на разгром немецких захватчиков! // Социалистическая Караганда. - 1942. - 23 февраля.
31. Навалоотбойщики решают успех угледобычи // Социалистическая Караганда. - 1942 года. - 14 марта.
32. Победа шахты имени Калинина // Социалистическая Караганда. – 1942. - 13 января.
33. Трест «Сталинуголь» вновь присуждено переходящее Красное Знамя Государственного Комитета Обороны // Социалистическая Караганда. – 1943. - 14 июля.
34. Победа горняков Джезказгана // Социалистическая Караганда. – 1942. - 1 декабря.
35. Все силы – на дело победы! // Социалистическая Караганда. – 1943. - 7 ноября.
36. Высокая награда обязывает. Награждение работников Карагандинского угольного бассейна // Социалистическая Караганда. – 1943. - 19 апреля.
37. Священная клятва тружеников тыла // Правда. – 1944. – 3 января.
38. Новогодние рапорты советских шахтеров // Правда. – 1944. – 7 января.
39. Боздақтар. Қараганды облысы. (Бас редакторы Р.Н. Нұрғалиев) – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 1995. – 456 б.

References:

1. Za Rodinu, za Stalina! Vystuplenie po radio zamestitelya Soveta Narodnyh Komissarov Soyuz SSR i narodnogo komissara İnostrannyh del tov. V.M. Molotova // «Sotsialisticheskaya Karaganda». - 1941. - 23 iyunya.
2. Qazaqstan Ūly Otan soǵysy jylдарында. Fotokitap / Qūrast.: İzmuhambetov B.S., Tasbulatov A.B. – Almaty, 2020. – 320 b.
3. Samootverjenno truditsya na svoem postu // Sotsialisticheskaya Karaganda. – 1941. - 24 iyunya.
4. Vklad metallurgii Urala v delo pobedy Sovetskogo Soyuz v Velikoi Otechestvennoy voine. Internet istochnik: <https://cyberleninka.ru/article/n/vklad-metallurgii-urala-v-delo-pobedy-sovetskogo-soyuz-v-velikoy-otechestvennoy-voyne/viewer/11.02.2011>. (data obraşenia 04.01.2025)
5. Gapeev A. Bogatstva neдр Karagandinskoi oblasti na slujbu oborony // Sotsialisticheskaya Karaganda. – 1942. - 4 yanvarya.
6. Preodolet otstavanie basseina – vajneişaya zadacha bolşevikov Karagandy // Sotsialisticheskaya Karaganda. – 1941. - 13 noyabrya.
7. Boevaya programma şahterov Karagandy // Sotsialisticheskaya Karaganda. – 1941. -15 noyabrya.
8. Brigada Akademii Nauk SSSR v Karagande // Sotsialisticheskaya Karaganda. – 1942. - 5 iyunya.
9. Bozdaqtar: Jinaqtama tom / Qūrast.: P.S. Belan, N. Edigenov. - Almaty: «Qazaqstan». 1995. – 480 b.
10. Jenuşını idut na proizvodstvo // Sotsialisticheskaya Karaganda. – 1941. - 3 iyulya.

11. *Jeleznyaya trudovaya distsiplina – zalog pobedy* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1941. – 26 iyunya.
12. *Devuşki i jenuşiny – na traktory i kombainy!* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1942. – 20 fevralya.
13. *Ko vsem trudyauşimisiya Sovetskogo Kazahstana. İz obrauēniya sobraniya jenuşin goroda Chimkenta* // «*Sotsialisticheskaya Karaganda*». – 1942. - 21 marta.
14. *Saktaganova Z.G., Abdukarimova J.K. Evakuatsiya detskih domov i internatov v gody Velikoi Otechestvennoi voyny v Kazahskuyu SSR. // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «İstoriya. Filosofiya». - 2024. - №2 (114). S.156-159.*
15. *Lūqpanov E., Sembai M. Jauynger qyzdar – Boevye podругi. Qarağandy. – 1995. – 138 b.*
16. *Vse sily, vse resursy Kazahstana – dlya pobedy nad vragom! İz rechi sekretarya TsK KP (b) Kazahstana tov. N.A. Svortsova na V Plenum TsK KP (b)K // Sotsialisticheskaya Karaganda. -1941. - 5 iyulya.*
17. *Vse dlya fronta. 31 avgusta proşel Vsesoyuznyi voskresnik* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1941. - 2 sentyabrya.
18. *Balaqaev T., Aldajūmanov Q. Qazaqstan eñbekşileri maidan qyzmetinde (1941-1945 jj.). – Almaty: Ğylym, 1985. - 320 b.*
19. *V fond oborony strany* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1941. - 2 sentyabrya.
20. *İkebaev İ. Trudyauşisiya Karkaralinskogo raiona frontu* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1941. - 7 yanvarya.
21. *Opyt peredovikov jivotnovodstva vsem kolhozam i sovhozam* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1942. -1 aprelya.
22. *Na stroitelstvo tankov. Stroim tankovuyu kolonnu imeni komsomola Kazahstana* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1942. - 17 dekabrya.
23. *Novye kolonny tankov i eskadrili samoletov na sredstva kolhoznikov. Telegrammy na imya Stalina* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1942. - 3 yanvarya.
24. *Sbor sredstva na stroitelstvo tankovoi kolonny* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1942. - 9 yanvarya.
25. *Za strojaişuyu ekonomiyu i berejlivost* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1943. - 9 sentyabrya.
26. *Ratsionalizatory i izobretateli vnosyat svoi vklad* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. - 1943. - 18 dekabrya.
27. *Golubev F. Ratsionalizatory Balhaşa* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1943. - 7 aprelya.
28. *Kolhoznik – novator* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1943. - 27 marta.
29. *Şahtery Karagandy! Vyşe tempy ugledobychi* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1942. - 31 yanvarya.
30. *Vpered na razgrom nemetskih zahvatchikov!* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. - 1942. - 23 fevralya.
31. *Navalooboiuşiki reşayut uspeh ugledobychi* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. - 1942 goda. - 14 marta.
32. *Pobeda şahty imeni Kalinina* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1942. - 13 yanvarya.
33. *Trest «Stalinugol» vnov prisujdeno perehodyauşee Krasnoe Znamya Gosudarstvennogo Komiteta Oborony* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1943. - 14 iyulya.
34. *Pobeda gornyakov Djezkazgana* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1942. - 1 dekabrya.
35. *Vse sily – na delo pobedy!* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1943. - 7 noyabrya.
36. *Vysokaya nagrada obyazyvaet. Nagrajdienie rabotnikov Karagandinskogo ugolnogo basseina* // *Sotsialisticheskaya Karaganda*. – 1943. - 19 aprelya.
37. *Svyauēnnaya klyatva trujenikov tyla* // *Pravda*. – 1944. – 3 yanvarya.
38. *Novogodnie raporty sovetskih şahterov* // *Pravda*. – 1944. – 7 yanvarya.
39. *Bozdaqtar. Qarağandy oblysy. (Bas redaktory R.N. Nūrğaliev) – Almaty: «Qazaq ensiklopediasy». 1995. – 456 b.*

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY**

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.01.09

ӘӨЖ /УДК/ UDC930(091

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.024>

Д.Б. Малгаждар ^{*1}, Қ.А. Еңсенов ²

¹Alikhan Bokeikhan University, 2 – курс докторанты Қазақстан Республикасы. Семей қаласы.

E-mail: Daurtn_2005_07_16@mail.ru

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қазақстан Республикасы. Астана қаласы.

E-mail: kanat-02-79@mail.ru

**ӘБУСАҒИТ ЖИРЕНШИННИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
БАСПАХАНА ІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КІТАПТАР ТАРИХЫ**

Аңдатпа

Бұл ғылыми-зерттеу мақаласында қазақ халқының тарихына қатысты әр кезеңдерде басылған кітаптар және оларды жарыққа шығарумен айналысқан баспаханалардың жұмысы туралы Әбусағит Жиреншиннің зерттеу еңбегі туралы жазылған. Қазақстан тарихына қатысты ХІХ-ХХ ғасырларда жарық көрген қазақ кітаптары тарих ғылымы үшін өте маңызды мәселе болып табылады. Зерттеуде қазақ кітаптары, баспа ісіне қатысты архив деректері, жинақ материалдар және осындай құнды еңбектерді жинақтап жүйелеген Әбусағит Жиреншиннің еңбегі қарастырылған. Қайраткер Әбусағит Жиреншин қазақ елінің тарихына қатысты кітаптарды жинастыруда түрлі сапарларға шыққандығы, ел арасына этнографиялық экспедицияларға барып, құнды деректік материалдарды жинақтауы мен оларды ғылыми айналымға келтіруі ғылым саласына қосылған үлес екендігі анық. Бұл еңбек қазақ кітаптарының тарихы туралы алғашқы рет баспа бетінде жариялануымен құнды. Еңбектің ерекшелігі Орта Азия халықтарының өзіне тән көне жазуы, әдебиеті, бай мәдениетін және 1800 жылдан 1917 жылға дейінгі Россия мен Қазақстан көлеміндегі басылған қазақ кітаптарының қашан, қай жерде басылғаны, оларды шығарушылар кімдер екендігі және жазба мұраны жинаушылар мен авторлар жайында мәліметтер беріледі. Сондықтан, қазақ кітаптарының тарихына байланысты Әбусағит Жиреншин атқарған қызметімен байланыстыра отырып қарастыру өте өзекті мәселе болып табылады.

Кілт сөздер. Әбусағит Жиреншин, Қазақ кітаптары, Баспа ісі, Кітаптар, Баспахана, Мәдени мұра, Рухани қазына

Малгаждар Д.Б. *¹, Енсенов К. А. ²

¹Alikhan Bokeikhan University докторант 2 курса
Республика Казахстан.
E-mail: Daurtn_2005_07_16@mail.ru

²Л.Н. Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Ассоциированный профессор кафедры
Регионоведения факультета международных отношений.
Республика Казахстан. город Астана.
E-mail: kanat-02-79@mail.ru

КНИГОПЕЧАТАНИЕ И ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ КНИГИ В ТВОРЧЕСТВЕ АБУСАГИТА ЖИРЕНШИНА

Аннотация

В данной научной статье описывается исследовательская работа Абусагита Жиреншина над книгами, изданными в разные периоды, связанными с историей казахского народа, и работой типографий, занимавшихся их изданием. Изданные в XIX и XX веках казахские книги по истории Казахстана представляют собой весьма важную проблему для исторической науки. В исследовании рассматривается деятельность Абусагита Жиреншина, который собирал и систематизировал казахские книги, архивные данные, связанные с издательским делом, коллекционные материалы и другие ценные труды. Очевидно, что огромный труд Абусагит Жиреншин внес значительный вклад в область науки, совершая различные поездки для сбора книг по истории казахского народа, совершая этнографические экспедиции по стране, собирая ценные документальные материалы и вводя их в научный оборот. Ценность данного труда заключается в том, что он стал первым опубликованным исследованием по истории казахской книги.

Особенностью работы является то, что в ней приводятся сведения о самобытной древней письменности, литературе и богатой культуре народов Средней Азии, а также о том, когда и где были изданы казахские книги в период с 1800 по 1917 годы на территории России и Казахстана, кто их выпускал, кто собирал письменное наследие и кто были его авторы. Поэтому весьма актуальным является рассмотрение истории казахской книги в связи с творчеством Абусагита Жиреншина.

Ключевые слова. Абусагит Жиреншин, Казахские книги, Печать, Книги, Типография, Культурное наследие, Духовное сокровище

Malgazhdar D. B. *¹, Yensenov K.A. ²

¹Alikhan Bokeikhan University Doctoral student 2 course
Republic of Kazakhstan. Semey.
E-mail: Daurtn_2005_07_16@mail.ru

²L.N. Gumilyov Eurasian National University
Associate Professor of the Department of Regional Studies, Faculty of International Relations,
Republic of Kazakhstan. Astana
E-mail: kanat-02-79@mail.ru

PRINTING AND THE HISTORY OF KAZAKH BOOKS IN THE WORKS OF ABUSAGIT ZHIRESHIN

Abstract

This research article describes the research work of Abusagit Zhirensin on books printed at different periods related to the history of the Kazakh people and the work of printing houses that were engaged in their publication. Kazakh books published in the 19th-20th centuries related to the history of Kazakhstan

are a very important issue for historical science. The study examines the work of Abusagit Zhirensin, who collected and systematized Kazakh books, archival data related to printing, collection materials and such valuable works. It is clear that the hero Abusagit Zhirensin went on various trips to collect books related to the history of the Kazakh people, went on ethnographic expeditions around the country, collected valuable documentary materials and brought them into scientific circulation. This work is valuable because it was the first to be published on the history of Kazakh books. A key feature of this study is that it provides information about the ancient script, literature, and rich culture of the peoples of Central Asia, as well as when and where Kazakh books were published between 1800 and 1917 in Russia and Kazakhstan, who published them, and who collected and authored the written heritage. Therefore, examining the history of Kazakh books in connection with the work of Abusagit Zhirensin is a highly relevant issue. Therefore, it is a very relevant issue to consider the history of Kazakh books in connection with the work of Abusagit Zhirensin.

Keywords. Abusagit Zhirensin, Kazakh books, Publishing, Books, Publishing house, Cultural heritage, Spiritual treasure

Кіріспе.

Білікті ғалым, қазақ мәдениетінің өткені мен бүгінгісін терең танып, ғылыми түрде талдаушы, Абайдың шығармашылық мұрасын алғашқы зерттеушілердің бірі және қазақ кітаптану ғылымының негізін қалаушы, тарихшы, әдебиеттанушы, өлкетанушы, киносценорист, Халықаралық Азия, Африка елдері кинофестивалінің (Ташкент 1968 ж.) лауреаты, баспа ісі мен музей саласының дамуына қомақты үлес қосқан Әбусағит Жиреншиннің 1971 жылы жарық көрген «Қазақ кітаптары тарихынан» атты еңбегі бүгінгі күнде тарих ғылымына аса құнды дерек көзі болып табылады.

Бұл еңбек қазақ кітаптарының тарихы туралы алғашқы рет баспа бетінде жариялануымен құнды. Бұл кітапты Әбусағит Жиреншин 1958–1963 жылдары республикалық кітап сауда басқарма басшысы болған кездегі тың ізденістің нәтижесі ретінде жарыққа шығарды.

Әбусағит Жиреншиннің бұл еңбегі қазақтың баспа кітаптарының тарихын баяндайды. Еңбектің ерекшелігі Орта Азия халықтарының өзіне тән көне жазуы, әдебиеті, бай мәдениетін және 1800 жылдан 1917 жылға дейінгі Россия мен Қазақстан көлеміндегі басылған қазақ кітаптарының қашан, қай жерде басылғаны, оларды шығарушылар кімдер екендігі және жазба мұраны жинаушылар мен авторлар жайында мәліметтер беріледі.

Өзектілігі. Зерттеу нысанына алынған қазақ кітаптарының тарихы мен баспа ісі өте өзекті мәселе. Қазақ кітаптарының тарихымен айналысып, оған алғаш рет жүйелеу жұмыстарын және библиографиясын жасаған Әбусағит Жиреншиннің ел тарихындағы атқарған еңбегі зор. Сондықтан, қайраткердің атқарған еңбегін қазақ кітаптарының тарихымен қоса қарастыру аса маңызды жұмыс болып табылады.

Материалдар және Методология.

Материалдар. Ғылыми зерттеу мақаласын жазуға Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) деректері жинақталып, Қазақстанда жарық көрген «Қазақ кітаптары тарихынан» атты деректер жинағы қолданылды. Сондай-ақ, Қазақ кітаптары мен баспа ісіне байланысты Әбусағит Жиреншиннің еңбектері және әртүрлі кезеңде жарық көрген тарихи әдебиеттер пайдаланылды.

Методология. Ғылыми-зерттеу тақырыбына нысан ретінде алынған Қазақ кітаптарының тарихы мен баспа ісін қарастыру, зерделеу аса маңызды мәселе болып табылады. Тарих ғылымының теория-методологиясы бойынша зерттеудің өзіндік ұстанымдары бар. Мысалы, В.Н. Смоленскийдің «Теория и методология истории» атты еңбегінде тарихи зерттеуде ең маңыздысы тарихи принцип және жүйелі тұрғыдан зерттеу мәселесін көрсеткен.

Тарихшылық принципі әлеуметтік ортадағы құбылыстардың сипаты мен бірегейлігі туралы идеялармен түйінделеді. Бұл идеялардың дамуы тұтастай алғанда тарихи білімнің маңызды құрамдас бөлігі болды және бұл нақты тарихи зерттеу тәжірибесінен ажыраған абстрактілі теориялық талдаудың саласы емес еді. Оның үстіне тарихшылық туралы дамытатын идеялардың

мазмұнын құрайтын және оның мағынасы, мәніне жетелейтін ойлау белгілері мен ерекшеліктерінің қалыптасуына негіз болады [1].

Талқылау. Рухани мәдениетіміздің тарихына арналған бұл еңбекті зерттеп жазу барысында Әбусағит Жиреншин Орта Азия кітаптары туралы ертеректе және кеңестік дәуірінде жазылып жарияланған зерттеулер мен мақалаларды негізге алса, кітаптану ғылымының жалпы – методологиялық принциптеріне көптеген ғалымдардың, атап айтқанда кітаптанудың ғылыми негізін қалауға үлес қосқан ғалымдар СССР Ғылым академиясының толық мүшесі М.Н.Тихомировтың, СССР Ғылым академиясының мүшесі – корреспонденті А.А.Сидоровтың, кітаптану ғылымының докторлары А.В.Западовтың, Н.М.Сикорскийдің, И.Е.Баренбаумның, Г.Н.Чабровтың, Г.И.Коляда, А.И.Дейдің есімдерін атауға болады. Отандық баспамыздың тарихы мен жағдайын зерттеуде П.А.Чувилов, Н.Г.Малыхинның және А.И.Назаровтың, жазудың шығуы мен қалыптасуын зерттеушілерден В.В.Радловтың, А.Н.Кононов пен В.А. Истриннің еңбектеріне және архив құжаттарына сүйенеді [2].

Әбусағит Жиреншиннің «Қазақ кітаптары тарихынан» атты еңбегі «Жазулар тарихынан» бөлімімен бастау алады, мұнда араб жазуының тарихы, араб жазуымен жазылған тұңғыш жарияланған кітаптардың бірі – «Құтадғу білік». Оны 1069 жылы баласағұндық ірі ғұлама Юсуф Баласағұнидің сол кездегі Қашқария мен Жетісуды билеген Сутук Бограханға сыйлағандығы айтылады [3, 29 б.].

Кітаптың араб алфавитімен жазылған екі нұсқасы бүгінгі күнде Каир мен Ташкентте сақталған. Ал, Бограханға берілген үшінші нұсқасы ұйғыр алфавитімен жазылған. Ал түрік тілдерінің алғашқы сөздік кітабы «Диван лұғат ат түрік» деген еңбекті ұлы ғалым Махмұд Қашқаридің 1074 жылы жазып шығарғаны баяндалады. Сонымен қатар өз халқының қамын ойлаған Ахмед Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Әбілғазы сынды ғалымдар өз туындыларын араб алфавитінде және өз ана тілдерінде – шағатай, қыпшақ тілдерінде жазғаны айтылады [2, 466-467 б.]. Әбусағит Жиреншин осы аталған кітаптардың жазулар тарихына тоқтала отырып, алфавитсіз жазу, жазусыз кітап болмайтынын айта отырып, қазақтың көне және қазіргі кітаптар мен газет – журналдары бірнеше жаңа алфавитке көшуі, жазба мәдениетіміздегі белгілі бір тарихи кезеңдерді атап көрсетеді.

Орта Азияның ұлы ғалымдары мен ақындары, тарихшылары араб жазуын орта ғасырға дейін пайдаланғандығы, 1905 жылдан бастап араб жазуының қазақ халқының ұлттық тілдеріне сай жасалуы, қазақша «төте оқу» немесе «тура жазу» деп аталуы, Қазақстанда араб алфавиті XX ғасырдың басына дейін, яғни 1929 жылға дейін 900 жыл бойы қолданыста болғандығы баяндалады. Яғни, Латын алфавитінің шығу тарихы, түркі тілінде сөйлейтін халықтардың арасында, араб алфавитінен жаңа түрік алфавитіне көшу қажеттігі жайында Баку мен Ташкентте және Қазақстан ғалымдары Қызылордада бас қосқандығы, латын алфавитіне көшу мақсаттында әрбір республикада «Жаңа түрік алфавитіне» көшу комитетінің ұйымдастыру жұмыстары, латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін айқындай білген.

Орта Азия республикаларының латын алфавитіне көшуі 1928–1929 жылдары Әзербайжанда, Өзбекстанда, Қазақстанда, Татарстанда кеңінен қолданылуы, 1929–1939 жылдарда Қазақстанда шыққан кітаптар мен газет – журналдар латын әрпімен жарияланғандығы және 1939 жылдан бүгінге дейінгі орыс алфавитіне көшу тарихымыздың маңыздылығын арттыра түседі.

Кітаптың екінші бөлімінде, Қазақстанның Ресейге қосылуы кезіндегі Ресей зиялыларының қазақ еліне рухани – мәдени ықпалы, арнайы экспедициялардың жасалуы, көне ескерткіштерді табу, баспаханаларды ұйымдастыру, қазақ кітаптарының шығу тарихы жан – жақты зерттелген.

Россияның ХҮІІІ ғасырдан бастап қазақ жеріндегі ғылыми – зерттеу, өлкетану ісімен айналысқан жеке ғалымдардың еңбектерінің жарық көргендігі, сондай – ақ Орта Азия мен Қазақстан жеріне 1844 жылға дейін саяхатшылардың сапары 22 рет ұйымдастырылса, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап арнаулы ғылыми экспедициялар жыл сайын ұйымдастырылып отырғандығы нақты деректер бойынша дәлелдеген [4].

Әбусағит Жиреншиннің «Қазақ кітаптары тарихынан» атты еңбегінде ХІХ ғасырда қазақ даласында болған саяси, экономикалық өзгерістер жайында ізгілікті істері мен еңбектер

қалдырған орыс саяхатшыларының, ғалымдарының, әдебиетшілері мен шығысты зерттеушілердің (ориенталистер, востоковедтер, тюркологтар) қатары көбейе түскендігі айтылады. Осы орайда, тіл білімі, әдебиет, көне заман мұраларын зерттеушілер белгілі академик В.В. Радлов, проф. И.Н. Березин, проф. П.М. Мелиоранский, Н.М. Ядринцев, акад. И.Ю. Крачковский, проф. Г.С. Саблуков, Г.И. Спасский, А.Ф. Гумбольдттың, тарихшылардан Н.Я. Бичурин, В.В. Бартольд, Т.Н. Грановский, А.И. Левшин, Н.Я. Аристов, С.М. Соловьев, Н.И. Веселовский, В.В. Вельяминов-Зернов, А.Н. Харузин, М.Красовский, А.И. Добросмысловтың; геология, география, этнография, антропологиядан П.П. Семенов – Тяньшанский, П.К. Козлов, В.А. Обручев, И.В. Мушкетов, Н.А. Северцев, М.И. Венюков, А.И. Бутаков, Г.С. Карелин, А.В.Терещенко, И.И.Завалишин, А.Ф.Голубев, Г.Н.Потанин, П.Маковецкийдің; оқу-ағарту ісінен Н.И. Ильминский, В.В. Григорьев, В.В. Катаринский, А.Мозохин, А.Е. Алекторов, А.В. Васильев, Ф.Д. Соколов сияқты көптеген ғалымдардың өмірі, еңбегі нақты деректермен жазылған [4, 474 б.].

Жоғарыда көрсетілген ғалымдармен қатар XIX ғасырда Орынбор, Семей, Маңғыстау, Қазақстанның басқа да жерлеріне өз еркімен немесе жер ауып келгендердің арасында халқымыздың тұрмысын, әдеби мұрасын, музыкасын зерттеушілердің де жазған ғылыми еңбектері аталады. Олар – есімдері әлемге әйгілі А.С. Пушкин, В.А. Жуковский, Л.Н. Толстой, Г.Успенский, В.Г. Короленко, Г.Зелинский, А.П. Крюков, Н.Н. Муравьев, В.И. Даль, И.А. Крылов, Т.Г. Шевченко, М.И. Михайлов, В.А.Ушаков, Ф.М. Достоевский, С.Ф. Дуров, Е.П. Михаэлис, А.Н. Плещеев, Н.Успенский, А.А. Ивановский, П.Н. Распопов, Н.Г. Хлудов, А.Затаевичтер. Осылардың арасынан Әбусағит Жиреншин Н.Я. Бичуриннің «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» деген үш томдық аса құнды тарихи кітабын, Г.С. Саблуковтың «Дешті – қыпшақ мәдениеті жайындағы очерктерін», Н.Я. Аристовтың «Опыт выяснения этнического состава киргиз – казахов большой орды и карта киргизов», А.Н.Харузиннің «Киргизы Букеевской Орды», А.И. Добросмысловтың «Тургайская область», «Исторический очерк» деген еңбектерін айрықша атаған. Сондай – ақ Т.Г. Шевченконың қазақ өмірінен салған картиналары мен жазған өлеңдері, суретші Н.Г.Хлудовтың еңбектері, В.А.Ушаковтың «Киргиз - кайсақ» повесі, Н.Н. Муравьевтің «Киргизский пленник» поэмасы, В.И. Дальдің «Бикея и Мауляна» повесі, Г.Зелинскийдің «Киргиз», «Степь» поэмалары, А.Затаевичтің қазақтың «1500 әні мен күйі» аса бағалы мәдени мұраларымыздың бірі екенін атап өтеді [5].

Нәтижелер.

Әбусағит Жиреншин Қазақстанның Россияға қосылғанынан кейінгі орыс ғалымдарының ғылыми – зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жарық көрген ғылыми еңбектер туралы бірталай зерттеулер жүргізді. Олардың ішіндегі аса құндылары, Василий Никитич Татищевтің 1768 – 1784 жылдары жарық көрген орыс және шетел деректері негізінде “Ерте заманнан бергі [Ресей](#) тарихы” атты еңбегі қазақ халқы, оның тарихы жайында құнды мәліметтер беретіні орысша жазылған тұңғыш елеулі еңбектердің қатарына қосады.

Ғалымның асыл мұрасы баспадан өзі дүние салғаннан кейін жарық көрген. Еңбектің бірінші томы 860 жылға дейінгі скиф (сақ, хун), сармат, славяндар тарихына, екінші томы 860 – 1149 жылдардың аралығындағы жылнамаларға, үшінші томы 1237 жылға, төртінші томы 1462 жылға, бесінші томы XVI ғасырдың ортасына (1577 ж.) дейінгі тарихи оқиғаларға арналған. Соңғы кітабы 1848 жылы жарық көргендігі, ғалымның араб, парсы, түрік, қалмақ, грек, латын, қазақ тілін жақсы білгендіктен Геродот, Страбон, Птоломей, Нестор, Әбілғазы сияқты ғұламалардың жазғандарын өз еңбектеріне пайдаланғаны баяндалады.

Әбусағит Жиреншин автордың еңбегіне бағасын берген академик М.Тихомировтың көз қарасын былай атап өтеді: «Орыстың белгілі кітап зерттеушісі Татищевтің бұл еңбегінің ғылыми мәні әлі де жойылған жоқ, өйткені ол қазіргі ізі жоғалып кеткен жылнамаларға ғылыми түсініктер берген, орыс тарихын бүкіл дүние тарихымен және Россияның кейбір халықтары тарихымен ұштастырып жазған», – дейді.

Әбусағит Жиреншин орыс ғалымдарының ішінде, Алексей Ираклиевич Левшиннің 1832 жылы жарық көрген «Қырғыз, қазақ немесе қырғыз – кайсақ далаларының сипаттамасы» атты

еңбегін былайша сипаттайды: «Орыс география қоғамының негізін қалаушылардың бірі Ресей және шетел ғылыми қоғамдары мен Академияларының мүшесі А.Левшиннің бұл еңбегі үш томнан тұрады. Бәрі де қазақ халқының жеріне, тарихына, өнеріне арналған. Бірінші томы – қазақ жерінің географиясына, екіншісі халқымыздың көне заманнан XIX ғасырға дейінгі тарихына, үшіншісі – этнографиясына (тұрмыс, салт, қолөнер) арналған. Сонымен қатар қазақ халқының Ресейге қосылған күннен бастап XIX ғасырдың басына дейінгі орыс өкіметі және Орынбор әкімдерімен сауда, саяси, ресми қарым-қатынасынан аса бай, құнды толық мәліметтер беретінін атап өтеді» [4, 23 б.].

Келесі ғалым, Ресей бодандығындағы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, шаруашылығы мен тұрмыс – салтын зерттеген еңбектерінің ішінде Г.Н.Потанин шығармалары жүйелі түрде айтылған. Қазақтар тұрмысының аса тартымды мәліметтері қызықтырған, әрі орыс қоғамын қазақтардың тарихы және мәдениеті, тұрмыс – тіршілігімен таныстыруды мақсат еткен Г.Потанин сапары Қазақстанның Шығысынан, Көкпекті, Зайсан, Тарбағатай сынды табиғаты көркем жерлерден басталғанын баяндайды [4, 481-482 б.].

Сонымен қатар, Василий Владимирович Бартольдтың Таяу Шығыс, Орталық Азия мен Орта Азия тарихын түбегейлі зерттеп және қазақ өлкесін мекендеген тайпалардың тарихы жөніндегі еңбектерінің ғылыми мәні зор екені айтылады. Бартольд Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көне дәуірден бастап-ақ өзінің тарихы, мәдениеті болғанын ғылым түрде негіздегені айтылады.

Әбусағит Жиреншин Бартольдтің көптеген құнды еңбектерін атап көрсетеді, мысалы, «Моңғол кезеңіне дейінгі Түркістандағы христиандық туралы» (1894), «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» (1898–1900), «1893–1894 жылдары ғылыми мақсатпен Орталық Азияға саяхат туралы есеп» (1897), «Жетісу тарихының очерктері» (1898), «Ежелгі заманнан 17 ғасырға дейінгі Арал теңізі мен Әмударияның төменгі бойы туралы деректер» (1902), «Түркістанның мәдени өмірінің тарихы» (1922). Жоғарда көрсетілген еңбектерде қазақ, қарақырғыз, тәжік, түркімен, өзбек халықтарының даму жолдарын дәлелдейтін фактілер мен оқиғалардың молдығы айтылады [5, 29 б.]. Түркістан мәдениетінің тарихында қазақ, өзбек, түрікмен, тәжік халықтарының көне әдебиеті, ғимараттары, қалалары, тастан қашалған алуан түрлі ескерткіштері мен жазу – сызулары, таңбалары, өнері, музыкасы болғандығын бұлтартпас фактілермен дәлелдейтіндігі және академиктің асыл мұрасы еліміз бен жеріміздің тарихын тануға аса қажетті еңбектер екендігі баяндалады.

Әбусағит Жиреншин Польша ұлт – азаттық көтерілісіне қатысушы, поляк революционері Адольф Янушкевичтің «Адольф Янушкевичтің өмірі» атты кітабын ерекше атап өтеді. Бұл еңбекті Адольф Янушкевич дүниеден өткен соң 1861 жылы Париж қаласында, кейіннен 1875 жылы Берлин қаласында бастырып шыққандығы және көп жылдарға дейін бұл еңбектің біздер үшін беймәлім болып келгендігі, поляк тілінен орыс тіліне доцент Ф.Стеклова бастырғанын атап көрсетеді [6].

Әбусағит Жиреншин «Янушкевич 1835-1846 жылдары Омбы, Семей, Верный губернияларын аралауы, талай-талай өнер саңлағымен, ел билеуші сұлтандармен, қарапайым кедейлермен кездесуі. 1843 жылы 2 шілде де шешесіне жазған хатында: «Мен орман жамылған, жері маралды, бұғылы, бұланды таулардан астым, Европада тірі жанға белгісіз өзендерден малтып өттім, он екі жыл өткен соң бірінші рет бұлбұл құстың әсем үнін естідім... 25-30 шақырым жүрген сайын жүзіктің көзінен өткендей үйір – үйір жылқысы, түйесі, қойы, ірі қара малымен мыңдап көшіп жүрген қырғыздардың тайпаларын көрдім... Ташкент пен Қоканнан келе жатқан көпестердің керуен көшін, топ-тобымен жайылған жабайы құландарды, сайғақтарды көрдім. Осының барлығы тіптен қызық емес пе?» [4, 31 б.], - деп әдеби еңбегінде табиғат көріністерін сипаттап жазып, үзінді келтірген.

Адольф Янушкевичтің ұзақ уақыт қазақ даласында болып, халқымыздың өмірін, дәстүрін және мәдениетін зерттегенін көреміз. Қазақтар туралы олардың тарихынан, әлеуметтік құрылымынан, тұрмысынан, рухани өмірі мен әдет – ғұрпынан бастап алуан түрлі тақырыптарды қамтыған жекелеген мәселелерін арнайы және тереңдетіп көрсететін еңбектер аз емес. Жоғарыда

келтірілген деректердің тарихи маңыздылығы Ресей бодандығындағы қазақ тарихын зерттеуде аса маңызды болып табылады, өйткені құжаттар және зерттеулер отар аймақтың шаруашылық өмірі, әлеуметтік құрылымы, мәдени дамуы, салт – дәстүрі, наным – сенімі туралы мол, әрі қайталанбас мәлімет береді. Қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдау үдерісін шынайы зерттеуге септеседі. Қазақ елінің тарихи тұлғалары, қызметі мен адам қасиеттері туралы құжаттар олардың тарихи портреттерін сомдауға, қоғамдағы орны мен рөлін айқындауға, объективті түрде қарастыруға жол ашады.

Әбусағит Жиреншин әсіресе кітап тарихын және баспа ісін зерттеумен шұғылданушы қауымға революцияға дейінгі қазақ кітаптарын білумен қатар, көрнекті баспашылардың өмірі мен қоғамдағы ағартушылық еңбектеріне талдау жасайды. Солардың бірі Ільяс Борағанұлы 1846 жылы Қырымда, Бақшасарай қаласында туған. 1866-1874 жылдары Стамбулда жоғарғы медреседе оқып, осман, араб, парсы тілдерін жетік білген, өзі шығыс әріптерінің шебері деген лауазым алған тамаша каллиграфист. Ільяс Борағанұлы 1898 жылдан 1908 жылға дейін Петербург университетінің Шығыс тілдері факультетінде осман тілінен сабақ берген. 1903 жылы «Восточный» атты Петербургте баспахана және баспа – литография ашқандығы, шығыс тілдеріндегі кітаптарды шығаруы. Қазақ халқының екі ұлы перзенттерінің - Абайдың өлеңдерін тұңғыш 1909 жылы, Шоқанның өзі зерттеп, түсінік жазған «Тоқтамыс» жырын 1905 жылы кітап етіп бастырғанын атап көрсетеді [7].

1837 жылы Берлинде туған Василий Васильевич (Фридрих Вильгельм) Радловтың еңбектерінің ғылыми мәні зор екені айтылады. Берлин университетінің Шығыс тілі және философия факультетін бітірген, 1958 жылы 21 жасында философия ғылымының докторы атағын алған. 1884 жылдан бастап Россия Ғылым академиясының мүшесі, әдебиет және жазба, түркі тілдерінің аса көрнекті маманы. В.Радловтың Алтайда, Іле өзені бойында, Монғолияда, Түркстанда, Қырымда ғылыми экспедициялар ұйымдастырғаны, халықтың ауыз және жазба әдебиетінің үлгілерін жинастырып, мұқият зерттеп кітап етіп бастырғаны айтылады. Олардың ішіндегі аса құндылары «Образцы народной литературы тюркских племен» деген он бір томдық зерттеулері және «Түрік тілі грамматикасын», «Түрік әдебиет нұсқасының» төрт томдық еңбектері 1876-1896 жылдар арасында жазып баспадан шығарғандығы баяндалады. Бұл еңбектерде зерттеу тақырыбының көпшілігі қазақ – ноғай әдебиетіне арналғандығы айтылады. В.Радлов 1872-1883 жылдары Қазанда тұрып, сол жердегі қазақтарға, татарлар мен башқұрттарға европаша білім алуға көмектескендігін атап көрсетеді.

Әбусағит Жиреншин 1855 жылы Орынбор қаласында туған Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевтың ғылыми – зерттеу жұмыстарының нәтижесі, жарық көрген ғылыми еңбектерінің мәні зор екені айтылады. 1876 жылы Орынбор кадет корпусын бітірген. Диваев өзбек, парсы, қазақ тілдерін меңгерген. Кадет корпусында оқып жүріп қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына қатысты құнды материалдар, ауыз әдебиеті жинаумен шұғылданғандығы. Әбусағит Жиреншин Әбубәкірдің ғылыммен шұғылданған елу жылдық өміріндегі еңбегін қағаз бетімен өлшеп көрсетеді, қазақ мұрасынан орыс тіліне аударып бастырғандары 1600 бет – 96 баспа табақ, қазақша бастырған материалдары 1800 бет – 100 баспа табақ, жалпы жариялаған кітаптарының саны – 115. Осылардан тыс Әбубәкірдің еңбектері «Ученые записки Казанского университета», «Записки русского географического общества», «Записки Восточного отделения археологического общества», «Известия общества археологии, истории и этнографии Казанского университета», «Туркестанская ведомость» журнал – газеттерінде жиі – жиі жарияланып тұрғандығын айтады. Онда халық өмірінің барша саласын: бесік жырын, беташарын, құдалақ салтын, мақал – мәтелін, жоктауын, жұмбақтарын, күлкі – сықақтарын, лирикалық дастандарын түгелдей қамтитындығы. Сондай – ақ қазақтардың мал бағудағы тәжірибесін, жыл қайыруын, жұлдыздарға қарап ауа райын болжаудың талдап жазғандығы баяндалады.

Әбубәкір Диваевтың Ташкенттегі қазақ ағарту институтында және Орта Азия Университетінің Шығыс факультетінде сабақ бергендігі, Түркстан Орталық Комитеті жанындағы қазақ–

қырғыз ғылым комиссиясына және Ташкенттегі бірнеше ғылыми қоғамдарға мүше болғандығы айтылады.

1923 жылы Әбубәкір Диваевтың ғылыми қызметіне 40 жыл толуына орай Ташкенттегі Қазақ ағарту институтынан Әбубәкір атында кафедра ашуға, Орталық Азия музейінде Әбубәкір атындағы бөлім ашуды және еңбектерін бастыру мен ұйымдастыруды, оған Совнаркомның төрағасы Тұрар Рысқұлов, іс басқарушысы Филипов қол қойғандығы баяндалады.

Зерттеуші Әбусәғит Жиреншин «Қазақ кітаптары тарихынан» атты еңбегінде Қазан университеті кітапханасының қорында Шығыс халықтары мәдениетінің асыл қазынасының өте сирек кездесетін нұсқалары сақтаулы тұрғанын да айтады. Мысалы, И.Н. Березин жинастырған Қадырғали Қосынұлы Жалаиридін «Жамиғ ат тауарихы» мен білім ордасына 1889 жылы Жәңгірхан сыйға тартқан сегіз қолжазба. Сондай-ақ, Шығыс зерттеушісі Александр Казембек 400 сомға алған Насреддин Тусидың «Евклид геометриясының бастамасы» мен шығыс ғалымы әл-Фарабидің «Халасаты алхаик» деген зерттеулерінің түпнұсқалары және Жаяу Мұса, Жүсіпбек Шаихул Исламұлы сияқты көптеген қазақ авторларының әдеби, ғылыми шығармалары да мұқият сақтаулы тұрғанын баяндайды [4, 62 б.].

Әбусәғит Жиреншин осы еңбегінде XIX ғасырдың өшпес жұлдыздары. Қазақ тарихында жаңа бағытты бастаған, болашаққа жол салған демократ, ағартушы қайраткер. Ескімен күресіп, жаңа заманның, жаңа ағымның бастаушысы болған. Ағарту майданында, ғылым саласында, әдебиетті дамытуда қисапсыз еңбек сіңіріп, халқымыздың болашағын дұрыс бағдарлаған Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсаринның, Абай Құнанбаевтың қолжазбалары мен алғашқы еңбектерінің баспада шығу тарихын баяндайды.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми, әдеби, тарихи, этнографиялық еңбектерінің бір томдығы 1904 жылы Петербургте басылып шыққандығын айтады. Шоканның қолжазбаларын зерттеп, қарап, баспаға дайындауға орасан зор еңбек сіңіріп, жас таланттың 500 беттен астам жазбаларын жариялаған ғалымның досы Г.Н. Потанин мен белгілі профессор Н.И. Веселовский еңбектерін атаған.

Шоқан қазақ, қырғыз, ноғайлы әдебиеті жазба мұраларын, тарихи шежірелерді жинап, бір жүйеге келтіріп, олар жайында ғылыми талдаулар жасады. Қазақтың орта ғасырдағы тарихшысы Қадырғали Жалаирдың «Джамиғ ат тауарих» атты еңбегінің негізгі тарауларын тұңғыш рет орысшаға аударып, түсініктемелер жазғаны. Сондай – ақ XVIII ғасырдың белгілі тарихшысы Әбілғазы Баһадурдың «Түрік шежіресімен» де, Мұхаммед Захреддин Бабур сұлтанның «Бабур наместімен» де жұртшылықты тұңғыш рет таныстырған да Шоқан екендігі айтылады.

Қайраткер Ә.М. Жиреншиннің «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырының қолжазба түрінің қазақ тілінде 16 нұсқасы мәлім екендігі. Солардың ішінде ең толығы Шоқан Уәлихановтың 1856 жылы Аягөзде Орта жүздің атақты ақыны Жанақпен кездесіп, онан «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жазып алған поэмасын И.Н. Березин 1876 жылы «Түрік хрестоматиясының» III бөлімінде жарияланғандығы айтылады [8, 2-3 б.].

Әбусәғит Жиреншин Ыбырай Алтынсаринды қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға деп біледі. Ыбырай қазақ мектептері үшін арнайы екі оқулық жазып, 1979 жылы Орынбордағы И.И. Ефимовский–Мировицкий баспаханасынан шыққан «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» және «Киргизская хрестоматия» атты оқулықтарың бастырып шығарғаның атап көрсетеді.

Ыбырай Алтынсаринның 1899 жылы қазақ тілінде Қазандағы Чиркова баспаханасынан «Мактубат» атты хрестоматиясы жарық көргендігі. Ыбырайдың «Мактубат» еңбегі баспадан өзі қайтыс болған соң он жылдан кейін достарының көмегімен жарық көрген оқулық. Ыбырайдың бұл еңбегі әдеби, тарихи, ғылыми – хрестоматиялық кітап және XIX ғасырдағы қазақ әлеуметтік ойындағы ірі еңбектің бірі екендігі айтылады.

Хрестоматиядағы келтірілген материалдар Ыбырай Алтынсаринның батыс, шығыс, орыс, қазақ тарихына, әдебиетіне жетік екендігін көрсетеді. Мұнда: еңбек, кәсіпшілік, өнер-білім, тіршілік, тапқырлық, шешендік, жомарттық, сараңдық, мораль, этика, білім жайында үлкенді-кішілі қызықты мысалдар мен әңгімелер айтылғандығы баяндалады. Бұл хрестоматияны ғылыми

мәні зор екені айтылады және еңбектің екі кітап етіп шығаруға жоспарлағаны баяндалады, Ыбырай Алтынсарин бірінші кітаптағы мақалаларды мынадай төрт тарауға бөледі: 1. Балалар өмірінен алынған әңгімелер; 2. Әртүрлі жастағы адамдар өмірінен алынған әңгімелер; 3. Қазақ ақындарының ең жақсы өлең-жырларынан үзінділер; 4. Қазақтың мақал-мәтелдері.

Екінші кітапта Ы. Алтынсарин қазақтың төл әңгімелерінен басқа тарихи, географиялық, өндіріс техникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілері жөнінен мақалалар қоспақ болғандығы. Алайда, автордың бұл еңбегі аяқталмай қалғаны, оның үстіне қолжазбасы да сақталмағаны айтылады.

Қазақ арасында Ыбырай Алтынсарин орыс ақындарының тәрбиелік, дидактикалық мәні бар бірсыпыра өлеңдерін, әңгімелерін аударғандығын атаған. Мысалы, Л.Н. Толстойдың «Силинчи ханымын», «Данышпан қазысын», «Жамандыққа жақсылығын», «Үш ұрысын», И.И. Паульсонның «Бір уыс мақтасын», «Алтын жаңғағын», «Аурудан аяңған күштірегін», «Такаппарлығын», И.А. Крыловтың «Қарға мен түлкісін», К.Д. Ушинскийдің «Құзғын мен сауысқанын», «Түлкі мен ешкісін» аударғаны, оларды 1879 жылы өзі құрастырған оқулыққа енгізгендігін атап өткен.

Обусағит Жиреншин орыс әдебиет классиктерінің шығармаларын ана тілінде аударған, орыс поэзиясының қайнар бұлағы А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, Крыловтың, солар арқылы Гетенің, Байронның, Гейнениң тамаша өлеңдерін аударған Абайдың еңбектерін айрықша атайды. 1880 жылдың соңы мен 1890 жылдың басында Абай Лермонтовтан 24 өлең аударғанын, ол арқылы Байрон мен Гетенің шығармаларымен танысқандығы. М.Лермонтовтың «Қанжар», «Теректің сыйы», «Желкен», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» деген өлеңдерін шарықтаған шабытпен аударғаны. Крыловтың «Бұлбұл мен есек», «Жарлы мен бай», «Ала қойлар» сияқты мысалдарын қазақ халқына тұңғыш рет таныстырған да осы Абай екендігі баяндалады [9].

Абайдың көзі тірісінде өлеңдер жинағы кітап болып басылмағаны. Тек ең алғаш Абай өлеңдері орыс тілінде шығатын ресми газет «Ақмола ведомостіне» қосымша қазақ тілінде шығатын «Дала уәлаяты» газетінде Көкбай Жанатайұлының атымен басылып шыққандығы. Абайдың 1888 жылғы жазған «Жаз» атты өлеңі «Дала уәлаяты» газетінің 1889 жылғы жетінші және тоғызыншы номерлерінде жарияланғандығы жайында айтады.

Абайдың аты бірінші рет ресми ғылыми әдебиетте 1903 жылғы орыстың ғалымы Семенов-Тяньшанскийдің редакциясымен шыққан «Біздің Отанымыздың толық географиялық баяны» деген орыс тіліндегі кітаптың 204-інші бетінде, «Абай жаңа ағымның ақыны, А.С. Пушкиннің «Евгений Онегинін» аударып, қыр сахарасына таныстырды» деп жазғандығын көрсетеді.

Абай қайтыс болғаннан бір жылдан соң Абай туралы 1905 жылы 25 ноябрьде «Семипалатинский листок» деген газетте некролог жазылғандығы. Бұдан кейін Абайдың қысқаша өмірбаяны 1907 жылы шыққан Семейдің Географиялық қоғамының үшінші кітабында некролог ретінде ақынның портретімен қоса басылып шыққаны. Абайдың аты 1906 жылы Петербургте ағылшын тілінен орыс тіліне аударылып шыққан «Сібір және айдау» деген кітапта Абайды ғалым, оқымысты ретінде атап өткені айтылады [9, 13 б.].

Абай мұраларын жариялауда ауыз толтырып, ерекше тоқтайтын оқиға 1909 жылғы Петербургте «Бораганскийдің» баспаханасында тұңғыш рет ана тілінде басылып шыққан Абайдың өлеңдер жинағы деп, - жазады Жиреншин.

Абай қайтыс болғаннан кейін інісі Ысқақтың баласы көп жылдар Абай тәрбиесінде болған Кәкітай әр жерде, әркім қолында қасиетті дұғадай ғып сақтап жүрген өлеңдерін, қара сөздерін тұңғыш рет жиыстырып, почеркісі әдемі ауыл молдасы Мүрсеит Біке баласын ақыға жалдап, қолжазба дәптер ғып көшіртеді, Абай өлеңдерін реттеп, белгілі бір жүйеге келтіргені. 1907 жылы әуелі Семей, одан соң Омбыға келіп, ол жерлерден баспахана таба алмағаны, поезбен Қазан қаласына барғаны айтылады [10].

Ондағы баспаханалар тез баспайтын болғандықтан Петербургтағы «Бораганский» баспаханасының Қазандағы өкілімен екі жақты келсім шартқа отырып, қолжазбаны теруге жібереді. Петербургтағы баспаханада қазақ тілін жақсы білетін адам болмағандықтан корректорлық

жұмысты Кәкітайдың өзі алып жүргізгендігі жазылған [11]. Сөйтіп екі жылда Петербургтен Шыңғыстауға почта арқылы оқуға жіберіліп тұрған қолжазба кітап болып Абай өлендері 1909 жылы жарыққа шыққандығы айтылады. Тек осының өзі ғана Кәкітайдың есімін мәңгі ұмытпауымызға айқын дәлел бола алатындығын айтады. Өзі жазған Абайдың қысқаша өмірбаянында Кәкітайдың Абайдың шығармашылық жолына дұрыс баға беруге тырысқандығы, Абайдың өлендерінің тақырыбын, жазылған жылдарын мүмкіндігінше, өз әлінше көрсеткенін, жазғанын айтады.

Екінші рет Абайдың таңдамалы өлендер жинағы 1917 жылы Орынборда Нұржановтың бастыруымен жарыққа шыққанын. Осыдан кейін 1918 жылы Семей қаласында февраль айынан бастап, айына екі рет «Абай» атты әдеби журнал шығып тұрғаны. Үшінші рет Абай шығармалары жинакталып, 1922 жылы Ташкент қаласында Кәкітайдың атымен кітап болып басылғаны. Абайдың өлендері, тапқақ сөздері, сол уақыттардағы шыққан «Таң», «Сана», «Шолпан» сияқты қазақ тіліндегі журналдарда, «Ыңқылаб» сияқты өзбек журналында үнемі жарияланып отырғандығын баяндайды [12].

Обусағит Жиреншин Қазақ кітаптарының алғашқы орталығы Қазан қаласында полиграфияның жақсы базасы болғанын, XIX ғасырда шыққан шығыс халықтары кітаптарының 70 проценті басылғанын жазған. Полиграфия, графика, шрифтер, литография, линотиптерге анықтама бере отырып, олардың шығу тарихы, қолдану аясын кеңінен талқылып жазған [13].

Қазан баспаханасы алдымен 1800 жылы Петербургтегі «Азия» баспаханасының бөлімшесі ретінде ұйымдастырылып, 1808 жылы Қазан университеті жанынан баспахана ашылуы, 1816 жылы университет жанынан ғылыми еңбектерді басатын дербес комитет құрылғандығы,

«Қазан университетінің ғылыми жазбаларын» шығара бастауы, «Азия» баспаханасы мен университет баспаханасын біріктіру туралы мәселесі 1809 жылдан бастап 1819 жыл аралығындағы екі баспахана арасындағы қызу талқылау нәтижесінде 1829 жылы «Азия» баспаханасы университет баспаханасымен біріктірілгендігі, осы кезден бастап типографияның жұмыс жағдайы жақсара бастағаны және тарихи қалыптасу кезеңдеріне талдау жасалған.

Университеттің баспаханасы тарихта маңызы зор игілікті роль атқарғандығы. Оған себепкер болған университеттің ғылыми – педагогтардың еңбектері айтылады. Онда 60 профессор мен магистр қызмет жасағандығы. Олардың көбі Шығыс ғылымын зерттеуші ориенталистер мен тюркологтар, арабистер болғандығы. Олар қолжазбаны ғылыми советте талқылауы, құндыларын баспаға ұсынғандығы. Осы ретте алғашқы цензор, ірі ғалым И.Хальфиннің, профессорлар Ф.И.Эрдман мен К.Азембектің және И.Н.Березиннің есімдерін атап өтеді.

Қазан қаласында бұдан басқа да қазақша кітап басқан бірнеше жеке меншік баспаханалардың болғаны, 1866 жылы Қазанда 6 баспахана, 5 литография, 4 словолитня жұмыс істегені. Олар үкіметтік және жекеменшіктік болып екіге бөлінгендігі. Қазыналық баспаханалар: Губерниялық ресми баспахана, Университет баспаханасы, Әскери округтің баспаханасы. Жеке меншіктік баспаханалар: К.А.Тилли баспаханасы, Коковинаның немесе Шевицтің баспаханасы, Данилованың баспаханасы, Шамсиддин Хұсаиновтың баспаханасы, Ағайынды Кәрімовтар баспаханасы және олардың кітап басудағы жұмыстары айтылады. Олардың ішінде Шыңғысхан мен Ақсақ Темір өмірі, Әбілғазы Бахадурдың «Түрік шежіресі», «Көрұғлы», «Хисса Қамбар», «Қожанасыр ертегілері», Қожа Ахмед Иасауидің 134 өсиетін қамтыған «Диван и Хикмет» кітабы, Абай Құнанбаевтың Қарамола съезіндегі қазақ халқы үшін қабылданған Заңы (1886 ж. Басылып шыққан). Бір ғана Қазан Университеті баспаханасында 1800-1890 жыл аралығында қазақ, татар, араб, шағатай тілдерінде 242 кітап жазылғаны айтылады [14].

Жеке меншік баспахана иелері ішінен қазақ кітабын көп бастырушы Шамсиддин Хұсаинов алғашқы кезде өзінің қаражатымен Қазан Университетінің баспаханасынан қазақ кітаптарын бастырып дайындағаны айтылады [15]. Олардың ішінде «Хисса Қозы - Көрпеш» (1890 ж.), «Хисса Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны» (1900 ж.), «Хисса Шортанбайдың бала зары» (1901 ж.), «Халахуал – Машһүр Юсуф Көпеев һәм оның бағызы бір шығырлары» (1901 ж.), «Хисса Айман – Шолпан» (1913 ж.), «Ер Тарғын» поэмасы (1879 ж.).

Шамсиддин Хұсаиновтың Университет баспаханасымен және Орынбор, Уфа, Кәрімовтармен серіктесіп баспахана ашқаны, көп жылдар бойы 100-ден аса қазақ кітаптарың шығарғаны айтылады.

Ағайынды Кәрімовтар XX ғасырдың бас кезінде Орынбор қаласынан Хұсаиновпен бірігіп өздерінің бумен жүретін «Хизмәт» атты баспа бірлестігін ұйымдастырып, тек қазақ тіліндегі кітаптарды шығарғандығы айтылады. Олардың ішінде Мұхамеджан Сералиннің «Гүлкәшима» (1903 ж.), Нұржан Наушабаевтың «Манзумат қазақия» (1903 ж.), Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» (1913 ж.) романдары, Шәңгерей Бөкеевтің «Көкселдір» және «Шаир» атты жинағы, Әбубәкір Кердерінің «Әдебиет қазақия» (1902 ж.), Сабыржан Садықұлының «Терме» (1903 ж.) өлеңдері мен Мұрат Мөңкеұлының «Ғұмар қазыға айтқандары» (1908 ж.).

Қазақ кітаптарын бастыруда үлкен еңбек еткен ағайынды Шәріпжан мен Мұхамеджан Мыңқожаұлы Кәрімовтер бірыңғай қазақ тілінде 115 атаулы кітап басып шығарғаны. Олардың көбі XX ғасырдың басында жарияланғандығы. Кәрімовтар қазақ авторларымен үнемі байланыста болғандығы дәлел болатын бір-сыпыра мәліметтерге тоқталады. Бүгінгі күнде Қазан Университетінің архивінде, Қазан Ғылыми кітапхана фондында және Татарстан Тарихи архивінде, Баспасөз комитеті мен жандарм архивынан табылған бағалы құжаттар мен архивтерде сақталған хаттар мен карт полиграфист Әбдірахман Фатхуллиннің берген мағлұматтары баяндалады.

Қазан губернаторының 1901 жылы 4 июньде Кәрімовқа литография ашуға берген ресми рұқсаты, Орынбор мен Семейде кітап сататын дүкендері болғандығы айтылады. Кәрімовтар қазақ авторларымен үнемі байланыста болғанын жоғарыда айттық. Осыған дәлел болатын қазақ авторларымен қазақ кітаптарын бастыруда үлкен еңбек жасалғаны айтылады. Олардың кейбіреулеріне тоқталып өтеді Мұхамеджан Сералиннің «Гүлкәшима» (1903 ж.) поэма, Қазақ өмірінен алған реалистік шығарма – қазақ қызы Гүлкәшима мен жігіт Баймағамбеттің бір-біріне ғашықтық хикаясы, «Шаир» – қазақ ақындары жырларының жинағы. Бастырушы Хұсаинов пен ағайынды Кәрімовтер. Мұнда Шәңгерей Бөкеевтің көптеген таңдамалы өлеңдері, Алаша Байтоқ жыраудың Жәңгірханға айтқаны, Асан Қайғы мен Жәнібек хан арасындағы Айсылдың ұлы Әмиет туралы айтысы, тағы басқа да материалдар басылған. 1917 жылы Орынборда шыққан, «Жиренше» (1909 ж.) Қазақтың Әз Жәнібек ханның биі, ақылшысы Жиренше шешеннің ханға айтқан өсиеттері мен үлгі сөздері, Спандияр Көбеевтің «Үлгілі бала» (1912 ж.) оқулық, Мейрам Ысқақұлының «Қазақ мақалдары» (1914 ж.), Мұхамбет Ораз Нұрбаевтың «Қазақша әліппе» (1910 ж.) балаларға арналған оқулығы, Сәдуақас Сейфуллиннің «Өткен күндер» (1915 ж.) Бұл Сәкен Сейфуллиннің 21 жасында жарық көрген тұңғыш кітабы. Бұл өлеңдер жинағында Сәкен жас кезіндегі өмір суреттерін, табиғат аясын, махаббат құшағын, көшпелі ел көріністерін, туған жер, өскен елін суреттейді. Жинақта лирикалық сарын басым. Онда «Туған ел», «Жайлауға», «Жайлауда қымыз ішу», «Жазғы түнде», «Түс», «Кім басшы аға халыққа», «Ақын», «Інішегім», «Нұра», «Жетімге», «Кетпейтін естен ғашық жар», «Қоштасқан жер», «Сағыну», «Қазақ саяғы», «Надан бай», «Оқыған қазақ» өлеңдері басылған. Сәкеннің бұл өлеңдері оның толық жинағына енбей қалғандығы айтылады.

Қазақстан территориясында қазақ кітаптарының шығуы 1912 жылы тұңғыш рет Семейде ұйымдастырылған «Ярдам серіктігі» атты баспахана тарихы баяндалған. Баспахананы ағайынды Садық, Сұлтан, Хасан Нығыметуллиндер ұйымдастырғаны. 1915 жылы «Ярдам» баспаханасың барлық жабдығымен Омбыдағы бір көпес сатып әкеткелі тұрған жерінен Семейдегі Саржал ауылының қазағы Үкібаев Қаражан деген көпес 11 000 сомға сатып алғандығы. 1917 жылдары ана тілімізде шыққан «Халық сөзі» газеті, «Сары Арқа» газеті, 1918 жылы «Абай» журналы, 1920 жылдан бастап Ш.Тоқжігітовтің ұйымдастыруымен «Қазақ тілі» газеті мен 1924 жыл «Таң» журналының шығуы. «Ярдам» баспаханасынаң 1912–1915 жылдар арасында оншақты қазақ кітабын басып шығарғаны айтылады.

Әбусағит Жиреншин XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Қазан, Уфа, Ташкент, Астрахань, Орынбор, Троицк, Алматы, Семей, Орал, Петербург қалаларында шыққан қазақ кітап мәдениетінің дамуына ерекше еңбек сіңірген қазақ авторларының еңбектерің атап өтеді. Олар:

Кашафуддин Шаһмарданұлы 1859 жылдан 1899 жылға дейін қолтумасы, аудармасы бар 22 кітап жазған, Ақылбек Сабалқлы 1909 жылдан 1915 жылға дейін қолтумасы мен аудармаларын қосқанда 15 кітап, Жүсіпбек Шейхул Исламұлы 1879 жылдан 1915 жылға дейін 15 кітап, Мақыш Қалтаев 1904 жылдан 1913 жылға дейін 7 кітап жазған, Шәдітөре Жәңгіров 9 кітап, Спандияр Көбеев 1910 жылдан 1915 жылға дейін 3 кітап (бір аударма), Ыбырай Алтынсарин 1879 жылдан 1889 жылға дейін 4 кітап, Тайыр Жомартбаев 1912 – 1913 жылдары 2 кітап, Машһүр Жүсіп Көпеев 1907 жылдан 1910 жылға дейін 3 кітап, Мұхамеджан Сералин 1903 жылдан 1910 жылға дейін екі кітап жазғандығы айтылады.

Сол кезде орыс, шығыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударған, орыс, парсы, араб тілдерін жетік білген Молданияз Бекимов, Спандияр Көбеев, Ақылбек Сабалұлы, Жүсіпбек Шейхул Исламұлы, Кашафуддин Шаһмарданұлы сияқты аудармашылардың. Және XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ кітаптарын бастыруға елеулі еңбек сіңірген баспашылардың баспахананы ұйымдастыру, қажетті кадрларды дайындау, баспа машиналарын табу, оларды әріптермен қамтамасыз ету, қолжазбаны цензурадан өткізу, кітапты халыққа тарату сияқты игілікті істеріді жүргізуде Қазанда және Орынборда көптеген қазақ кітаптарын шығарған ағайынды Мұхамеджан мен Шәріпжан Кәрімовтардың, Шамсутдин Хұсайнұлын, Кәкітай Құнанбаевтың, Троицкиде шыққан «Айқап» журналын негіздеуші Мұхамеджан Сералиннің, тюрколог Ильяс Борағанскийдің қазақ жырларын, ертегілерін, әңгімелерін көп бастырған ғалым профессор Абубәкір Диваевтың, Шығыс халықтарының ауыз әдебиеті мен тұрмысын зерттеген академик В.В. Радловтың, профессорлар И.Н. Березин, Н.И. Веселовский және Г.Н. Потаниннің еңбектері баяндалады.

Қорытынды.

Жоғарыда Қазан қаласы шығыс әдебиеті, оның ішінде қазақ әдебиетін басуда орталық болғанын айттық. Қазан қаласы қазақ кітаптарын бастыруда елеулі орын алған тұңғыш баспа болса, сонымен қатар қазақ кітаптары XIX ғасырда Петербург, Уфа, Ташкент, Оренбург, Семей, Омбы, Орал, Верный, Астрахань қалаларында да шыға бастағандығы. Оған Россияның жалпы мәдени дамуы, экономикасының өрлеуі зор әсер еткенін көреміз. Жалпы XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде осы қалалардан орта есеппен бір мыңнан астам атаулы қазақ кітаптары басылып шыққаны, олардың тиражы орта есеппен алғанда бес миллион данаға жететіндігі. Тек бір ғана осы фактінің өзі қазақ елінің жаппай «қараңғы», «тағылықпен өмір сүрген» ел деген үстіртін қорытындыларды теріске шығарады.

Сөзімізді түйіндей келе, Әбусағит Жиреншиннің бұл кітабы өткен тарихтан нақты мағлұмат беретін, аңыз емес ақиқатқа құрылған, таптырмайтын ғылыми жазба, 1958-1963 жылдары республикалық кітап сауда басқарма басшысы болған кездегі тың ізденістің жемісі. Бізге Әбусағиттің еңбегі сонысымен де қымбат. Жалпы, қазақ кітаптарының тарихы өз алдына жеке зерттеуді қажет ететін тақырып екендігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смоленский Н.И. *Теория и методология истории.* – Москва: Издательский центр «Академия», 2008. – С.141.
2. Жиренчин А. *Избранные труды.* Алматы: Алаш, 2003. 624 с.
3. «Ә.М.Жиреншиннің ғылыми және шығармашылық мұрасы» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Семей 2013 ж., 26 сәуір – 326 б.
4. Жиреншин Ә. *Қазақ кітаптары тарихынан.* - Алматы: Қазақстан, 1971. 178 б.
5. Жиренчин А.М. *Из истории казахской книги.* – Алма-Ата: Казахстан, 1987. 144 с.
6. Жиренчин А. *Сотворение великого чуда // Журнал-Простор-№4-113-115 бет-1964 ж.*
7. Жиреншин Ә. *Аса қымбатты рухани байлығымыз // Газет-Социалистік қазақстан-3-бет-01.03.1964 ж.*

8. Центральный Государственный Музей КССР. Фонд.1308. Оп.2. Д.6. 2-3 б.
9. Жиренин Ә. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары – Алматы, 1959. 266 бет.
10. Абайдың ақын ұрпағы: Ә.К.Ысқақов туралы. /Ә. Жиренин // Ленинишiл жас. – 1965. 26 дек. 3 б.
11. Жиренин Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845 – 1904) //Қазақ кітаптары тарихынан. Алматы, 1971 ж., 127 – 130 бет.
12. Центральный Государственный Музей КССР. Фонд.1308. Оп.2. Д.28а. 27-28 б.
13. Аса қымбатты рухани байлығымыз. /Ә. Жиренин // Социалистік қазақстан. 1964 ж. I наурыз 3 б.
14. Матаев Х. Абайтану ғылымының білгірі // Абай журнал №3, 2003 ж. 37 – 41 бет.
15. «Абай әлемі» кітаптар топтамасы Әбіш Жиренин Шығармалары – Нұр – Сұлтан: Фолиант, 2020 – 496 б.

References:

1. Smolenskij N.I. Teoriya i metodologiya istorii. – Moskva: Izdatelskij centr «Akademiya», 2008. – S.141.
2. Zhirenchin A. Opera selecta. Almaty: Alash, 2003. 624 p.
3. “Proceedings of the Republican Scientific and Practical Conference ‘Scientific and Creative Legacy of A.M. Zhirenschin’. Semey, April 26, 2013 – 326 p.
4. Zhirenschin A. Ex libris historiae Kazakh. - Almaty : Kazakhstan, 1971. 178 p.
5. Zhirenchin A.M. Ex historia Kazakh libri. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1987. 144 p.
6. Zhirenchin A. Magni Miraculi creatio // Journal-Prostor-№4-113-115 pages-1964
7. Zhirenschin A. Pretiosissimae opes spirituales // Newspaper-Socialist Kazakhstan-page 3-01.03.1964
8. Museum Civitatis Centralis USSR. Fund.1308. Op.2. D.6. 2-3 p.
9. Zhirenschin A. Abai et Magnae Democratae Russicae Revolutionis - Almaty, 1959. 266 p.
10. Abai generatio poetica: de A.K. /A. Zhirenschin // Leninist Iuvenis. 1965. 26 Dec. III p.
11. Zhirenschin A. Abai (Ibrahim) Kunanbayev (1845 – 1904) //Ex historia Kazakh librorum. Almaty, 1971, pp.
12. Museum Civitatis Centralis USSR. Fund.1308. Op.2. D.28a. pp. 27-28.
13. “Our Most Precious Spiritual Treasure.” / Ä. Zhirenschin // Socialist Kazakhstan. March 1, 1964, p. 3.
14. Mataev Kb. Peritus in Abai studiis // Abai emporium N. 3, 2003, pp. 37 – 41.
15. "Abai mundi" libri series Operum ab Abish Zhirenschin - Nur-Sultano: Folio, 2020 - 496 p.

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20
ӘӨЖ / УДК / UDC 94(574)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.85.2.025>

Т. Маратұлы *, А.Ш. Махаева 

¹ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының докторанты,
Ғылым Ордасы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail: temmaratuli@gmail.com

² Әлем тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail: ait965@mail.ru

АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ШИҢАБУДДИН МАРЖАНИ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда ортағасырлық түрік-мұсылман мемлекеттерінің тарихына қатысты көптеген жаңа жазба дереккөздер мен археологиялық жәдігерлердің табылуы түрік халқының тарихына жаңа көзқараспен қарауға және аз зерттелген немесе зерттелмеген мәселелерді жан-жақты шешуге мүмкіндік береді. Бұл ретте татар тарихшысы, ойшылы мен шығыстанушысы Ш.Маржанидің Алтын Орда тарихына қатысты мәліметтері өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді. 1885 жылы «Мустафад әл-ахбар фи ахвали уа Казан Болгар» («Қазан және Бұлғар тарихы үшін жиналған мәліметтер») атты еңбегін жазып, ол бірден сол замандағы зерттеушілер тарапынан тарихи еңбектердің құндысы, әрі жауһары деген атқа ие болады.

Орта Азияның XIX ғасырға дейін тарихына баяндалған бұл еңбекте Ш.Маржани түркі халықтарының тарихына ғана емес, олардың мәдениеті, аңыздары мен көне бабалардан жеткен жыр-әңгімелерін, дүниетанымын сипаттауды қолға алды. Еңбектегі Алтын Орда мемлекетінің тарихы алғаш рет ортағасырлық тарихи дереккөздер негізінде ғана емес, сонымен қатар нумизматикалық, фольклорлық тұрғыда баяндалды.

Зерттеу жұмысының мақсаты болып Ш.Маржанидің еңбегінде Алтын Ордаға қатысты мәліметтері саралап, олардың өзектілігі мен ерекшеліктерін көрсету. Соған сай мақалада Ш.Маржанидің Алтын Орда тарихын сипаттаудағы қолданған материалдары, еңбектің басқа бір зерттеуден ерекшеліктері және тарихи дереккөздердің жетіспеуі немесе басқа бір себептермен қате мәліметтердің жазылу себептері талқыланады. Ш.Маржанидің нумизматика ғылымын алғаш болып дереккөздермен байланыстыру әдісі айтылады.

Кілт сөздер: Ш.Маржани, Алтын Орда, хандар, тарихи дереккөздер, нумизматикалық жәдігерлер

Маратұлы Т. *, Махаева А.Ш. 

¹ Докторант института истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова,
Ғылым Ордасы, г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: temmaratuli@gmail.com

² Профессор кафедры Всемирной истории, доктор исторических наук,
Казахский национальный университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.
E-mail: ait965@mail.ru

ПРОБЛЕМА ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ И ШИХАБУДДИН МАРЖАНИ

Аннотация

Открытие множества новых письменных источников и археологических артефактов, связанных с историей средневековых тюрко-мусульманских государств, позволяет взглянуть на

историю турецкого народа с новой стороны и комплексно решить малоизученные или неизученные проблемы. В то же время не теряют своей актуальности сведения об истории Золотой Орды татарского историка, мыслителя и востоковеда Ш. Марджани. В 1885 году он написал труд «Мустафад аль-ахбар фи ахвали Казан ва Болгар» («Сборник данных по истории Казани и Болгара»), который сразу же был признан исследователями того времени наиболее ценным и шедевральной историческим трудом.

В этом произведении, описывающем историю Средней Азии до XIX века, Ш. Марджани начал описывать не только историю тюркских народов, но и их культуру, легенды, стихи и сказания, передаваемые от древних предков. История государства Золотой Орды впервые была рассказана не только на основе средневековых исторических источников, но и с нумизматической и фольклорной точки зрения.

Цель исследования – дифференцировать сведения, связанные с Золотой Ордой в творчестве Ш.Марджани, показать их актуальность и особенности. Соответственно, в статье рассматриваются материалы, использованные Ш. Марджани при описании истории Золотой Орды, отличия работы от других исследований, а также причины написания неверных сведений из-за отсутствия исторических источников или других причин. Впервые упоминается метод Ш. Марджани связи науки нумизматики с источниками.

Ключевые слова: Ш.Марджани, Золотая Орда, ханы, исторические источники, нумизматические данные

Maratuly T. ^{*1}, Makhayeva A.Sh. ²

¹ Doctoral Student, Institute of History and ethnology named after Ch.Ch.Valikhanov,
Almaty, Kazakhstan
E-mail: temmaratuli@gmail.com

² Professor of the Department of World History, Doctor of Historical Sciences,
Abai Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: ait965@mail.ru

THE PROBLEM OF THE HISTORY OF THE GOLDEN HORDE AND SHIHABUDDIN MARDJANI

Abstract

The discovery of many new written sources and archaeological artifacts related to the history of medieval Turkic-Muslim states allows us to look at the history of the Turkish people from a new angle and comprehensively solve little-studied or unstudied problems. At the same time, information about the history of the Golden Horde by the Tatar historian, thinker and orientalist Sh. Mardjani does not lose its relevance. In 1885, he wrote the work “Mustafad al-akhbar fi ahvali Kazan va Bolgar” (“Collection of data on the history of Kazan and Bolgar”), which was immediately recognized by researchers of that time as the most valuable and masterpiece historical work. In this work, describing the history of Central Asia until the XIXth century, Sh. Mardjani began to describe not only the history of the Turkic peoples, but also their culture, legends, poems and tales passed down from their ancient ancestors. The history of the Golden Horde state was first told not only on the basis of medieval historical sources, but also from a numismatic and folklore point of view.

The purpose of the study is to differentiate the information related to the Golden Horde in the works of Sh. Mardjani, to show their relevance and features. Accordingly, the article examines the materials used by Sh. Mardjani in describing the history of the Golden Horde, the differences of the work from other studies, as well as the reasons for writing incorrect information due to the lack of historical sources or other reasons. For the first time, Sh. Mardjani's method of connecting the science of numismatics with sources is mentioned.

Key words: Sh. Mardjani, Golden Horde, khans, historical sources, numismatic data

Кіріспе. Кез-келген кезеңде, кез-келген халықтың қоғамдық өмірінде тарихи ойлардың жаңғырылып, бұрыннан бері қалыптасып келген ескі дәстүрлерден бас тартып, жаңа көзқарас пен ой-пікірлердің пайда болуы мен жаңғыруы мызғымас бір заңдылықтардың бірі. Халықтар әлем тарихында өзінің орны мен адамзаттың өркениеттік дамуына өздерінің қосқан үлесін анықтауға үлкен күш салуда. Осындай жағдайда шыққан түбі бір түркі халықтары да өзінің түп тарихын білуге, оны қайда қарастырып, жат көзқарастар мен тұжырымдардан арылтуға үлкен үлес қосуда. Түркі халықтарының тарихын қайта қарастырып, олардың өткені мен болашағы, бабалардан мұра болып келген тарихтың келешек өскелең жас ұрпақтарға маңызы мен білімнің қараңғылықта дұрыс жол көрсететін шырақ ретінде сипаттаған түркі ортасынан шыққан адамдардың бірі татар ғалымы, ойшылы әрі ағартушысы Шихабуддин Маржани (бұдан әрі Ш.Маржани – авт.) болды. Ол XIX ғасырдың II жартысында Ресей империясының құрамында өмір сүрген түркі халықтарының тарихи және рухани сана-сезімінің жандануына, оның оянып, сол кездегі уақытқа сай түрленуіне, оның негізінде халықтың ұлттық жадысының күшеюі мен жаңашылдыққа ұмтылуына себепкер болған тұлғалардың бірі. Өртүрлі ғылымдар қызығып, түрлі бағыттарда еңбектер жаза білген Ш.Маржани татар тарихының негізін салушы ойшыл ретінде де белгілі. Өз заманында тек Ресей империясындағы ғылыми ортада ғана емес, сонымен қатар Таяу Шығыста және Еуропалық әлемде үлкен беделге ие болған Ш.Маржани кейіннен, әсіресе кеңестік кезеңнің алғашқы бөлігінде кеңінен насихатталмады, идеологиялық тұрғыдан оның көзқарастары орталық өкіметтің дүниетанымына қарсы келді, соған орай ұзақ уақыт оның еңбектері мен тұжырымдары халық арасында таралмады, татар және араб тілінде жазылған еңбектері өзге тілдерге аударылмай, ұзақ уақытқа зерттеушілер мен тарихшылардың көзінен таса қалды. Алайда, соңғы уақыттарда Ш.Маржани тұлғасы мен көзқарастары туралы көптеген еңбектердің жарыққа шығуы оған қатысты сеңнің сөгілгенін көрсетіп отыр.

Ш.Маржани, осы ғылыми зерттеу жұмысының негізгі тақырыбы болып отырған Алтын Орда тарихына қатысты өзінің ең атақты еңбегі «Мустафад әл-ахбар фи ахвали Казан уа Болгар» («Қазан және Бұлғар тарихы үшін жиналған мәліметтер») жазып кеткен. Тарихшының жазып қалдырған еңбегіндегі Алтын Ордаға қатысты тарауларға бүгінгі таңда шетелдік, әсіресе орыс зерттеушілері тарапынан біршама талдау жүргізілгені белгілі. Мәселен, бұл тақырыпта көп еңбек сіңірген алдымен 2008 жылы Алтын Ордаға қатысты тарауларды татар тілінде [6], 2018 жылы орыс тілінде аударып жазды [7]. Еңбектің дерекнамалық базасына қатысты зерттеулер де жетерлік. Орыс тарихшылары И.М.Миргалеев [10], Р.Т.Юзмухаметов [11], М.А.Усманов [12] бұл тақырыпта өз зерттеулерін жазды.

Материалдар мен әдістер. Мақалада бүгінгі таңда отандық тарихнамада өзекті болып отырған Алтын Орда мен бұл мемлекетті зерттеудегі Ш.Маржанидің орнына қатысты мәселелер зерттеледі. Ш.Маржанидің еңбегінде Алтын Орда тарихына қатысты мәліметтер негізге алына отырып, талқыланады. Зерттеу жұмысы барысында тарихнамалық талдау әдісі, бұдан бөлек тарихи-жүйелілік, тарихи-салыстырмалық, сипаттау және тарихилық әдістері пайдаланылды. Зерттеу жұмысын жазу барысында объективтілік ұстаным басшылыққа алына отырып, Ш.Маржанидің Алтын Орда тарихын жазудағы артықшылықтары мен кемшіліктері де қарастырылды. Бұл ұстаным аясында Ш.Маржанидің түркі халықтары мүддесі жолындағы қызметі және тарихын жазудағы қайталанбас орны жан-жақты сараланып бағаланды.

Зерттеу жұмысы барысында Ш.Маржанидің «Мустафад әл-ахбар фи ахвали Казан уа Болгар» еңбегінің татар, орыс және түрік тіліндегі аудармалары алынды. Алайда Алтын Ордаға қатысты мәліметтердің бұл кітаптарда болмауына байланысты И.М.Миргалеевтің татар және орыс тілдерінде жария еткен мақалалары қолданылды [7,8]. Сонымен қатар Ш.Маржанидің еңбегін талдау барысында салыстырмалы түрде және мәселені толық ашу үшін орыс жылнамалары, Алтын Орда кезінде соғылған теңгелерге XIX ғасырда талдау жүргізген И.Х.Френ [20] мен А.Н.Марковтың [21] зерттеулері негізге алынды. Сонымен қатар Ш.Маржанидің еңбегіне, оның орыс тіліне аудармасына қатысты И.М.Миргалеевтің баға берген мақаласы да қолданылды [23].

Талқылау. Ш.Маржани XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының аумағында өмір сүрген түркі халықтарының тарихи сана-сезімінің оянуына, ұлттық жадының қайта жандануына, түркі және мұсылман дүниетанымын біріктіре отырып, келешек ұрпақтың білім алуында жаңашылдықтың болуына себепкер болған тұлғалардың бірі болды. Педагогика, теология, мұсылман құқығы, тарих, археография, этнография ғылымдарымен қызыққан Ш.Маржани татар тарихының негізін салушы болды. Жалғыз Ресей империясында ғана емес, сонымен қатар күллі мұсылман әлемінде, тіптен Еуропа кеңістігінде де аты шыққан Ш.Маржани өзінің артынан керемет туындылар қалдырып, түркі халықтары тарихын зерттеудің жаңа тұстарын қалыптастырып кетті.

Өзінің ең атақты «Мустафад әл-ахбар фи ахвали Казан уа Болгар» («Қазан және Бұлғар тарихы үшін жиналған мәліметтер») атты еңбегінде Ш.Маржани алдымен тарих пен білімнің адамдар өміріндегі құндылығын айтудан бастайды. Білімнің халықтардың тарихында алатын орны мен маңыздылығы туралы ғалымның келесі бір ойларынан түртуге болады: «Білімді меңгеру, игілікке ұмтылу және осы бағытта күш-жігер жұмсау парасаттылардың барлығының мақтауына ие екені даусыз. Білім адамның бақытқа бөлейтін кемел қасиеттерінің бірі екенін әркім мойындайды» [3, 41 б.; 4, С. 5; 5, 33 с.]. Халықтардың дамуы, материалдық және рухани жағынан ілгері жылжуының қайнар көзі ретінде білімді көрген Ш.Маржани өз заманындағы мұсылман әлеміндегі жәдидшілдік қозғалысына сүйе отырып, бұл ағымның келешекте түркі халықтарының дамуына зор үлес қоса алатындығына зор үміт артты. Татар ойшылы, сонымен қатар, тарихтың құндылығын да көзден таса қалдырмады. Еңбегінің келесі бір тармақтарында тарихтың адамдар, халықтар мен мемлекеттер өміріндегі маңыздылығын келесідей бір ойларымен жеткізуге тырысады: ««Тарих ғылымы барлық ұлттар мен тайпалардың өмірін қамтып, ғылым салаларын, ғылыми мәселелерді зерттейді. Қарапайым халықтар мен білімсіздер оны үйренуге құмар еді.. Ғылым оқығандар да [тарихты] үйренуге күш салды. Сырттай қарағанда, [тарих] сарайларға қатысты надандықтан шығарылған әңгіме мен жалған болып көрінуі мүмкін, бірақ ақиқатқа көз жүгіртсек, әрбір сөйлемде [өткендегі] даналықтық байлығы мен таңғажайып ойлардың жайнағанын көруге болады» [3, 42 б.; 4, С.5; 5, 34 с.]. Тарих ғылымын барлық «ғылым мен білімнің анасы» ретінде көрген Ш.Маржани бұл саланың түркі халықтарынан шыққан ойшылдардың арасында қайта жанданып, болашақтағы дамуда, рухани баюда және өскелең ұрпақтың жаңа заманда өзінің түп шыққан тегі мен ертеде бабалары мұра етіп қалдырған бай мәдениетін ұмытпауы керектігін көрсетіп отырғаны анық.

Ш.Маржанидің тұлғасы және ғұмырына үңіліп қарағанда, оның түркі халықтарының тарихын «Мустафад әл ахбар фи ахвали Казан уа Болгар» атты еңбегін жазудан ертерек, Орта Азия білім алып жатқан кезінен зерттеп жүргенін аңғаруға болады. Бұхара мен Самарқандағы оқу кезінде уақытының басым көпшілігін медресе жаңындағы кітапханаларда өткізген ойшыл ортағасырлық дереккөздерде бұғанға дейін көпшілікке беймәлім болған бір түркі-мұсылман әулетінің тарихына назар аударады. Ақыры «әл-Кәмил фи-т-тарих» («Толық тарих»), «Тарихи әл-Йамини» («Йамини тарихы»), «Вафайат әл-а'йан уә анба анба аз-заман» («Асыл тұлғалардың азанамасы мен олардың замандастары туралы жазбалар»), Раузат әс-Сафа фи сират әл-анбийа уа-л-мулук уа-л-хулафа» («Әулиелердің, патшалардың және халифтердің өміріне байланысты тазалық бағы») және т.б. тарихи дереккөздер негізінде бүгінгі таңда тарих ғылымында «Қарахан» деген атпен белгілі ортағасырлық мемлекеттің тарихына қатысты бір көлемді еңбек жазып, алғаш рет оның тарихын жан-жақты сипаттау беруге талпыныс жасады. Ақыры 1864 жылы Қазандағы «Дар әл-Фунун» баспасында 33 беттен тұратын ««Гурфат ал-хевакин ли арфати ал-хавакин» («Қағандарды тануда бір уыс білім») деген еңбекті бастырып шығарды. Бірақ еңбек өте аз таралымда шығып, сатылымға түспеді. Кейін бұл еңбек туралы ой қозғаған А.В.Тоған ол еңбектің моңғол шапқыншылығына дейінгі Орта Азияның тарихына қатысты құндылығын көріп, жоғары бағалап шықты: «Бартольдтың Маржанидің еңбегін көре алмағаны, ал Маржанидің Бартольдтың жұмысын көрмен қайтыс болғаны қандай өкінішті». Ұзақ уақыт бойы Қарахан мемлекетінің тарихын зерттеушілердің көзінен таса қалып отырған бұл еңбек ақыр аяғында Ресейде немесе

Орталық Азияда емес, түркі халықтарының тарихын барынша зерттеуге ат салысып отырған бауырлас Түркия Республикасында аударма ретінде жарыққа шықты. Ш.Маржанидің бұл еңбегін көпшілікке таныту мақсатында орасан зор еңбек сіңірген Өмер Сөнер Хункан 2020 жылы «Kazanlı Türk Bilgini Şehabeddin Mercani ve Gurfetü'l-Nevakin li Urfeti'l-Havakin'e göre Satuk Buğra han ve oğulları (921-1212)» («Қазандық түрік ғалымы Шиһабуддин Маржани мен Гүрфат әл-хевакин ли арфати ал-хавакинге қарағанда Сатұқ Боғра мен ұрпақтары (921-1212)» атты еңбекті түрік тілінде баспадан шығарды [8].

Бірақ, бұл шығарма Ш.Маржанидің тарихи еңбектерді жазудағы бастама болды. 1864 жылға қарай тарихшы «Гурфат ал-хевакин ли арфати ал-хавакин» еңбегін жазумен қатар тағы бір, осы жолы Бұлғар және Қазан қалалары мен аттас мемлекеттердің тарихын қысқа түрде жазып, алғашқыда «Аджалат таварих ва гилалат ал-ахбар мута алака би ахвали Казан ва Булгар» («Қазан мен Бұлғар жайындағы тарих пен хабарлардың нобайлары») деген еңбекті жазып бітті. Бірақ, бұл еңбекті кейіннен толықтыра түсіп, 1877 жылдың 31 шілдесі - 18 тамызы аралығында Қазан қаласында өткен IV археологиялық съезд барысында көпшіліктің алдында оқып, батыстық және орыс зерттеушілері арасынан қолдау тапты. Бүгінгі таңда толықтырулар нәтижесінде «Гилалат аз-заман фи-тарихи Булгар уа Казан» («Бұлғар мен Қазан тарихын жауып тұрған шымылдық») деген атпен белгілі бұл еңбекті Ш.Маржани съезд барысында төл татар тілінде оқыды, ал белгілі шығыстанушы В.В.Радлов оның қысқартылған түрдегі орыс тіліндегі аудармасын оқып берді. Еңбектің маңыздылығы мен бағалылығына тоқталып өткен В.В.Радлов, оның (Ш.Маржанидің – авт.) біріншіден бұғанға дейін белгісіз болған тарихи дереккөздер негізінде өз еңбегін жазғанын, екіншіден еңбекті мұсылман ғалымы (яғни мұсылмандар арасында шыққан тарихшы – авт.) жазғанын, үшіншіден татар адамының өз халқының тарихына қатысты көзқарасы екендігін атап өтті [13, 110 б.]. Кейіннен татар тіліндегі шығарма мен оның орыс тіліндегі аудармасы съездің баяндамаларын жария еткен жинақта жарыққа шықты. Бүгінгі таңда бұл еңбекті 1884 жылы жария етілген «Труды Четвертого Археологического съезда в России, бывшего в Казани с 31 июля по 18 августа 1877 года» атты жинақтың бірінші бөлімінен көруге болады [9].

Үлкен көлемдегі тарихи, нумизматикалық, халықтың жадында сақталған аңыздар мен нақыл сөздер, басқа да дереккөздер негізінде, Ш.Маржани, 1885 жылы өзінің ең көлемді «Мустафад әл-ахбар фи ахвали уа Казан Болгар» еңбегін жазып бітті. Кейіннен, 1897 жылы бұл еңбектің бірінші бөлімі Қазан қаласындағы Б.Л.Домбровскийдің типографиясында басылып шықты [1], ал екінші бөлімі 1900 жылы Қазан университетіндегі баспада жарыққа шықты [2]. Сол замандағы татар халқының тарих ғылымындағы үлкен жетістігі ретінде есептелінетін бұл еңбекті жазарда Ш.Маржани түркі халықтарының өткені туралы ортағасырлық тарихшылар, саяхатшылар мен жазулардың мәліметтерін бір арнаға жинап, оларға талдау жасады және өз көзқарастарын көрсете білді. Еңбекті жазарда Ш.Маржани өзінің негізгі мақсаты мен парызы ретінде түркі халықтарының тарихын жаңа көзқараспен қарастырып, ұмыт болып бара жатқан өткенді өз замандастарына жеткізуді көрді.

Зерттеу нәтижелері. Әрине, Ш.Маржани «Мустафад әл-ахбар фи ахвали Казан уа Болгар» еңбегінде тек көне түркі халықтарының тарихын баяндап өтпеді. Еңбектегі негізгі орынды түркі халықтарының шығу тарихы, мемлекеттерінің қалыптасуы, гүлденуі мен құлдырауына қатысты мәліметтер алып отырса да, кейіннен Шыңғыс ханның ұрпақтары құрған хандықтардың тарихына да қатысты ойларды кездестіруге болады. Түркі мемлекеттерінің тарихын толыққанды қайта жазып берген тарихшы, өзінің еңбегін болашақ ұрпақтар мен тарихшыларға нұсқаулық ретінде беріп, шырақ ретінде болып тұрғаны анық. Алтын Орда тарихын зерттеуде Ш.Маржани тек мұсылмандық дереккөздерге сілтеме жасаумен шектелмеді, көне орыс жылнамаларына да назар аударды, нумизматикалық және эпиграфикалық жәдігерлерде қолданғаны белгілі.

Мәселен, Алтын Ордадағы «Ұлы Дүрбелең («Великая Замятня») кезеңіндегі хандардың бірнешесіне тоқталған Ш.Маржани мұсылман дереккөздерінен бөлек орыс жылнамаларына да сілтеме алуы әбден мүмкін. Мәселен, Құлпа есімді алтынордалық ханның билігін сипаттағанда, оның 6 ай билік құрғанын жазды: «Содан кейін (Бердібек ханнан кейін) кіші жастағы ұлы Құлпа

хан атанды, 6 ай билеуші болды» [7, С. 191]. 1819 жылы Ресей мемлекетінің тарихын жазып өткен Н.М.Карамзин өз еңбегінде де бұл ханға тоқталып, оның тек 5 ай билегенін жазды [14, с. 295]. Басқа бір орыс тарихшысы С.М.Соловьев 1851-1879 жылдары Ресей тарихына қатысты еңбек жариялайды, бірақ ол жерде тек Құлпаның әкесін өлтіріп, билікке келгенін жазды [15, стб. 954]. Көрініп тұрғандай, Құлпа ханның 6 ай билік еткені ешбір жерде айтылмайды. Алайда, бұл мәселеге қатысты терең үңіліп қараса, Құлпа ханның 6 ай тақта отырғаны туралы мәлімет үш орыс жылнамасы – «Русский хронограф», «Никаноровская летопись», «Никоновская летопись» еңбектерінде кездесетіндігін көруге болады [16, С. 230-23; 17, С. 411; 18, С. 241, 326]. Бұған қарағанда Ш.Маржанидің Құлпа ханның билігін сипаттауда орыс жылнамаларынан мәлімет алғаны әбден мүмкін. Бірақ ол орыс тілін жетік меңгермеуіне байланысты, бәлкім, өзінің көмекшілері Х.Фаизхан мен В.В.Радловтан көмек сұрады. Нәтижесінде Ш.Маржани жазып кеткен еңбектің ең басты кемшіліктерінің бірі қосалқы дереккөздер ретінде орыс жылнамаларын қолданбау мәселесі алдыңғы орынға шығады. Бірақ 1359 жылы Бату әулетінен шыққан соңғы заңды билеуші Бердібек ханның өлімінен (немесе өлтірілуінен) кейін Алтын Ордада басталған «Ұлы Дүрбелең» кезеңінде билік еткен хандардың жалпы саны бүгінге дейін әлі де болса тартысқа толы. Ш.Маржани де бұл мәселеге тоқталып өтті. Бірақ, Бердібек ханның өлімінен кейін Тоқтамыс ханның билікке келуіне дейінгі аралықта таққа отырған билеушілердің кезеңіне қатысты «Ұлы Дүрбелең» атауын қолданбады. Бату ұрпақтарының Сарайдағы билігінен айырылғандығы туралы ой қозғаған тарихшы халық арасында сақталған нақыл сөздерді қолданып, ойын жеткізеді. Мәселен Бердібектің өлімінен кейінгі жағдайды сипаттай келе, Әбілғазы хан еңбегіне негізделіп: «Бердібекте билеушілер әулеті үзілді» дегенді өз еңбегінде қолданданды [7, С. 191; 19, 183 б.]. Басқа бір жерде Батудың ұрпақтарының таққа отырмауына байланысты: «Бату хан әулеті мемлекеттен айырылып, басқалары билік етеді» деп жазды [7, С. 191]. Немесе билеушілердің шығу тегі күмәнді немесе қолдағы бар мәліметтер негізінде шығу тегін анықтау қиындық тудырса тек: «Бұлар кімдер болды? Бәлкім, Ақ немесе Көк Орда билеушілері ме екен» деген сөздермен қорытындылайды [7, С. 191]. Жекелеген жағдайда ол адамның жеке қасиеттерін сипаттауда Ш.Маржани мақал-мәтелдерді де пайдаланады. Мысалы, Едіге есімді беклербекке қатысты «егер Еділді мұз басса, қалаған мұздан өтер, ал Едігеден қаша алмас (авт.)» деген мақал-мәтелді қолданады [7, С. 197].

Жекелеген билеушілердің кезеңі Ш.Маржанидің еңбегінде олар соқтырған теңгелерге негізделіп беріледі. Нумизматикалық жәдігерлердің де мемлекеттердің тарихын сипаттауда маңызды орнын аңғарған Ш.Маржани бұл әдісті бірінші рет қолданып отырған жоқ. Бұғанға дейін жазылып өткен «Гурфат ал-хевакин ли арфати ал-хавакин» еңбегінде тарихшының Тига Тегін хан, Ілік Арслан хан, Тамғаш хан есімді қарахандық билеушілердің тұсында соғылған теңгелерге тоқталып өткені белгілі [8, 77-81 s.]. Нумизматикалық мәліметтер негізінде Алтын Орда хандарының да билігіне қатысты кейбір деректер Ш.Маржанидің еңбегінде бар. Мәселен Құлпа ханның өлтірілуінен кейін билікке келген Наурызбек ханға тоқталып, келесідей мәлімет береді: «Артынан (Құлпа ханнан кейін) әкесі жағынан ағасы Наурызбек хан ибн Жәнібек хан [отырды]. Құлпа ханды өлтіріп, бір жылдан артық уақыт билік етті, оның (7)60, (7)61, (7)62 жылдары соғылған теңгелері бар» [7, С. 191]. Немесе басқа бір жерде Гийас ад-Дин Бөлек хан есімді билеуші атап, оның 770-771 жылдан бастап 787 жылға дейін Сарай, Қажытархан, Хорезм, Орда мен Мажарда теңге соқтырғанын жазып кетті [7, С. 192]. Әрине бұл жәдігерлер бұғанға дейін орыс зерттеушілері арасында мәлім болды. 1826 жылы Христиан Мартин Френ «Numi Muhammedani, qui in Academiae Imperialis Scientiarum Petropolitanae Museo Asiatico Asservantur» («Петроградтағы Императорлық Ғылым Академиясының Азия мұражайында сақталған Мұхаммедтің теңгелер») деген еңбегін жарыққа шығарып, жоғарыда мысал ретінде көрсетілген теңгелердің бар екендігін атап өтеді [20, Р. 261-262, 287-293]. Кейіннен А.К.Марков та нумизматикалық жәдігерлерді сипаттап өтті [21, С. 463, 474-476]. Тек орыс зерттеушілерімен таныс болуы арқасында Ш.Маржани бұндай мәліметтерге ие болды. Нумизматикалық жәдігерлер аздығы хандардың дәл қай уақыт аралығында билік еткенін айтып бере алмаса да, Ш.Маржанидің қолдағы бар мәліметтерді бір арнаға

жинап, қысқа түрде болса да хандарға тоқталып кеткені оның еңбегінің құндылығын арттыра түседі. Нумизматика саласы ғылым ретінде қалыптасуы болып жатқан тұста Ш.Маржани өз еңбегінде бұндай мәліметтерді батыл қолдана білді.

Әрине, Ш.Маржанидің еңбегінде нумизматикалық жәдігерлерге қатысты қателіктер бар. Мәселен, Алтын Ордадағы «Ұлы Дүрбелең» жылдары хан ретінде тарихшы Мамайды атап, оған «хан» деген лауазымды қосып, оның 763 (1361-1362) жылы Ақтөбе мен Азакта теңге соқтырғанын жазып кетті [7, С. 184]. Бұл жерде есімі аталған Мамай хан деген билеуші шын мәнінде хан болмады. Алтын Ордада үлкен беделге және күшке ие болған Мамай Мырза ең алдымен Шыңғыс ханның ұрпағы болмағандықтан, хан тағына отыра алмады. Бұл себеппен ол қуыршақ билеушілерді таққа отырғызып, олардың атынан мемлекеттік басқаруға кіріседі. Ал Ш.Маржани еңбегінде аталған Ақтөбе қаласында мүлдем теңгелер соқтырылмағаны белгілі.

Нумизматикалық деректер негізінде Ш.Маржани Алтын Ордадағы тақ таласы жылдары билік еткен хандардың тізімін жасап берді. Оның тарапынан аталған хандардың қатарында Құлпа, Наурызбек, Келдібек, Қызыр, Темір Қожа, Орда Мәлік, Мұрад (Мюрид), Мир-Болат (?), Болат Қожа хан, Жәнібек, Азиз Шейх, Болат Темір хан, Тұлынбек, Гийас ад-Дин Бөлек хан, Алыпхан Қожа хан, Шеркесбек хан, Гийас ад-Дин Ағабек хан, Базаршы хан, Абдулла, Тоқтағу, Темір Мәлік хан, Орыс хан (Ұрыс хан) есімдерін кездестіруге болады. Есімдері әртүрлі жерде шашыраңқы болып келсе де, бүгінгі таңда «Ұлы Дүрбелең» жылдарындағы Алтын Орда хандарының санына қатысты тартыстардың болуына қарамастан, Ш.Маржанидің олардың басым көпшілігін атауы үлкен жетістік. Нумизматикалық жәдігерлерге сүйеніп, бұл кезеңде хан болған билеушілердің басым көпшілігін атап, олардың билік құрған жылдарында шамалы түрде дәл келтірген Ш.Маржанидің бұл мәліметтері оның зерттеуінің басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, Ш.Маржани жекелеген Алтын Орда билеушілеріне қатысты ой қозғаған жағдайда, олардың билік құрған жылдарын айтудан бөлек, хандардың тарапынан жазылып кеткен жарлықтардың мәтінін де көрсетуге талпыныс жасады. Мысалы, Алтын Орда хандары Темір-Құтлық хан ибн Темір Мәлік ханның билік құрған жылдарын айтып кетіп, оның ұйғыр емлесіндегі түркі тілінде жазылған, өзінің бағыныштысы Мұхаммед есімді шонжарына «тархан» атағын беру жарлығы, ал Тоқтамыс ханның тұсында Польшаның билеушісі Ягайлоға ұйғыр емлесіндегі түркі тілінде жазылған жарлығын қосымша мәлімет ретінде жазып қойды [1, 110-111, 116 б.].

Алтын Орда тарихына қатысты Ш.Маржанидің жазып кеткен бөлімнің деректік базасына келсек, тарихшы көп жағдайда араб және парсы тілдеріндегі жазбаша тарихи дереккөздерді қолданғанын аңғаруға болады. Бұл кезеңге қатысты Ш.Маржани Мұхаммед ибн Әли ибн Мұхаммед Шабанкараидің «Маджма әл-ансаб фи ат-таварих» («Шежірелер мен тарихтардың жинағы») еңбегін, Әбу Абдуллах ибн Баттутаның «Тұхфат ан-нұззар фи гарайб әл-амсар ва аджаиб әл-асфарын» («Қалалардың таңғажайыптары мен саяхаттардың кереметтері туралы ойлайтындарға сыйлық»), Ибн Халдунның «Әл-Мұқаддима фи фадли илм ат-тарихын» («Тарих ғылымының артықшылықтарына кіріспе»), Әбу әл-Мұзаффар Гумар ибн әл-Вардинің («Ғаридат әл-Аджаиб уа фаридаат әл-ғарайбын» («Ғажайыптардың інжу-маржаны және оғаш заттардың бірегейлігі»), Мұхаммед ибн Хавандшах Мирхондтың («Раузат әс-Сафа фи сират әл-анбийа уа-л-мүлук уа-л-хулафасын» («Әулиелердің, патшалардың және халифтердің өміріне байланысты тазалық бағы»), Әбілғазы Баһадүр ханның «Шаджара-и түркін» («Түріктердің шежіресі»), Өтеміс қажы Маулана Мұхаммед Дустинің «Шыңғыснамасын», Әбу Сүлеймен Дауд Әбу әл-Фадл Банакати («Раузат авли ал-албаб фи ат-таварих ва ал-ансабын» («Хикаялар мен шежірелерді танудағы данышпандардың бағы»), Ибн Арабшахтың «Аджайиб әл-мақдур фи тарих-и Таймурын» («Темірдің тарихындағы тағдыр ғажайыптары») қолданғаны белгілі.

Бүгінгі таңда Ш.Маржанидің «Мустафад әл ахбар фи ахвали Казан уа Болгар» еңбегі қазіргі таңдағы татар тілінде 1989 жылы тарапынан басылымға шықты [3]. Келтірілген еңбектің екі томы бір кітапқа біріктіріліп шығарылған бұл кітаптың ішінде, өкінішке орай, сол кездегі кеңестік идеологияның бағдарына сай, Алтын Орда, Ақ Орда, Сібір, Хорезм, Мәуераннахр жеріндегі Шыңғыс хан ұрпақтары құрған хандықтардың тарихы мүлдем алынып тасталынды. Тек Қазан,

Астрахань, Керман қаласында құрылған Қасым хандығының тарихын сипаттаумен шектеліп қалды. 2005 жылы Қазан қаласында Валиулла хазрат Якубтың редакторлығымен «Извлечение вестей о состоянии Казани и Булгара (Мустафад ал-ахбар фи ахвали Казан ва Булгар)» деген кітап шығып, Ш.Маржани еңбегінің бірінші томында кездесетін мәліметтердің орысша аудармасы шықты [4]. Бірақ И.М.Миргалеев бұл еңбекке қатысты теріс баға беріп, оның тарихи қателіктерге толы екендігін, кейбір жерлерде мүлдем кітапта кездесетін жылдардың берілгендігін және тарихи оқиғалар мен мәліметтерге қатысты түсіндірмелердің жоқтығына қатысты сыңға алады [22, С. 239-241]. Өкінішке орай, 2005 жылғы кітаптың не екінші томы, не бірінші томына қатысты түсіндірмелер әлі де болса жарыққа шықпады. 2008 жылы Түркиялық ғалым Мұстафа Калкан еңбекті түрік тіліне аударады, бірақ аударманы 1989 жылы шыққан татар тіліндегі кітаптың негізінде жүргізгендіктен, ішінде Алтын Орда тарихына қатысты бөлімдерге тоқталып өтпеді [5]. Дәл сол 2008 жылы И.М.Миргалеев Алтын Ордаға қатысты бөлімдерді алдымен татар тілінде [6], кейін 2018 жылы орыс тіліне аударып берді [7].

Қорытынды. Өмір сүрген үлкен құрметке бөленген және замандастары мен кейіннен тарихпен айналысқан зерттеушілер тарапынан сыйлы болған Шиһабуддин Маржаниге қатысты «татар Геродоты» деген атаудың қолданылуы бостан емес. Бүгінгі таңда тарихшының еңбектері шетелдік тілдерге аударылып, тұлғасына қатысты көптеген ізденістер жүргізілуде. Ғұлама қалдырып кеткен ойлар, тұжырымдар мен философия әлі де болса өзінің өзектілігін жоғалтпады, қайта ұғынып, қайта қарастырылуда. Адамзаттың алдыға ілгері басуында тарихтың маңыздылығын айтып өткен Ш.Маржанидің есімі бүгінгі таңда күллі әлем тарихына белгілі.

Сонымен қатар, тарихшының Алтын Орда тарихын зерттеудегі алатын орнының тарих беттерінде алтын қаламмен жазылғанын айтып кету керек. Тарихи, мәдени және рухани құндылықтарды сақтап, ұрпаққа жеткізу жолында маңызды үлкен еңбек сіңірген Ш.Маржани Алтын Орда тарихын сипаттауда мұсылмандық дереккөздерге, жекелеген жағдайларда орыс жылнамаларын, нумизматикалық жәдігерлер мен халық жадында сақталған жыр-дастандарды батыл қолдана білді. Нумизматиканың ғылым ретінде қалыптасуына дейін билеушілер соғып кеткен теңгелермен жұмыс істей білген Ш.Маржани оны өз еңбегінде қолданды. Ш.Маржани жазып кеткен еңбектердің бүгінгі таңда қазақ тіліне аударылуы мен жариялануы күн тәртібінде тұрған маңызды бастамалардың бірі болып отырғаны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәржани Ш. Мөстәфадел-әхбар фи ахвали Казан вә Болгар. Т. 1. - Казан: Домбровский табгыханәсе, 1897. - 264 б.
2. Мәржани Ш. Мөстәфадел-әхбар фи ахвали Казан вә Болгар. Т. 2. - Казан: Университет табгыханәсе, 1900. - 368 б.
3. Мәржани Ш. Мөстәфадел-әхбар фи ахвали Казан вә Болгар (Казан һәм Болгар хәлләре турында файдаланылган хәбәрләр). Кыскартылып төзелде / Төз. Ә.Н.Хәйруллин. - Казан: Татар. кит. нәшр., 1989. 415 бит.
4. Марджани Ш. Извлечение вестей о состоянии Казани и Булгара (Мустафад ал-ахбар фи ахвали Казан ва Булгар). Часть I. – Казань: Издательство «Фэн» АН РТ, 2005. – 255 с.
5. Müstefadü'l-Ahbar fi ahval-i Kазan ve Bulgar, 2008. - Ankara: Atatürk Kültür Merkezi. - 347 s.
6. Миргалеев И.М., Шиһабетдин Мәржани мирасыннан / И.М.Миргалеев // Гасырлар авазы. - 2008. - № 1. - С. 179–195.
7. Миргалеев И.М., Абызова Р.Р. Шиһабетдин Марджани о Золотой Орде /И.М.Миргалеев, Р.Р.Абызова // Золотоордынское обозрение. Т. 6. - 2018. - № 1. - С. 181–198.
8. Hunkan Ö.S. Kazanlı Türk Bilgini Şehabeddin Mercani ve Gurfetü'l-Hevakin li Urfetü'l-Havakin'e göre Satuk Buğra han ve oğulları (921-1212). - İstanbul: Bilge, 2020. - 136 s.
9. Марджани Ш. Очерк истории Болгарского и Казанского царств / Ш.Марджани // Труды Четвертого Археологического съезда в России, бывшего в Казани с 31 июля по 18 августа 1877 года. Т.1. - 1884.– С. 40-58.

10. Миргалеев И.М. Ш. Мәржанинің Алтын Урда тарихына қарапшы / И.М.Миргалеев // Шихабетдин Мәржани: Мирасы һәм хазерге заман / Шигабутдин Марджани: наследие и современность. - Казан: «Алма-Лит», 2008. - Б. 102–109.
11. Юзмухаметов Р.Т. Структура текста и языковые особенности «Китабе Мустафад аль-ахбар фи ахвали Казан ва Болгар» («Книга использованных сведений по истории Казани и Булгара») Шигабутдина Марджани: диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук: 10.02.02. / Юзмухаметов Рамиль Тагирович. - Казань, 2002. - 204 с.
12. Госманов М.А. Шихабетдин Мәржани һәм тарихи чыганақларны өйрәнү / М.А.Госманов // Мәржани: тарих һәм хазерге заман. Мақалалар жыйынтығы. - Казан: Мастер Лайн, 1998. – 1- 17 б.
13. Туған Ә.В., Әсәрзәр: 1917 йылга қазар язылган әсәрзәре / иҗке төрки теленән тәржемә. – Өфө: Башкортостан «Китап» нәшириәте, 1996. - 216 б.
14. Карамзин Н.М. История Государства Российского. Т. IV. Санкт-Петербург: в типографии Н.Греча, 1819. – 300 с.
15. Соловьев С.М. История России с древнейших времен. Т. III. Москва: Издание социально-экономической литературы, 1960. – 818 с.
16. VIII Летописный сборник, именуемый Патриаршию или Никоновскою летописью. (Полное собрание русских летописей). Т. X. Санкт-Петербург: Типография Министерства Внутренних дел, 1885. – 244 с.
17. Русский хронограф. (Полное собрание русских летописей). Т. XXII. Ч. I. Санкт-Петербург: Типография М.А.Александрова, 1911. – 568 с.
18. Никаноровская летопись. Сокращенные летописные своды конца XV века. (Полное собрание русских летописей). Т. XXVII. Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1962. – 417 с.
19. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – V том. - 440 б.
20. Fraehn Ch.M. Numi Muhammedani, qui in Academiae Imperialis Scientiarum Petropolitanae Museo Asiatico Asservantur. Vol. I. Petropoli: Litteris Academicis, 1826. – 743 p.
21. Марков А.К. Инвентарный каталог мусульманских монет Эрмитажа. Санкт-Петербург, 1896. - 873 с.
22. Миргалеев И.М. К вопросу о достоверности перевода на русский язык книги Ш.Марджани «Мустафад ал-ахбар» / И.М.Миргалеев // Золотоордынская цивилизация. Выпуск 2. – Казань: Изд. «Фэн» АН РТ, 2009. - С. 239-241.

References:

1. Marjani Sh. Mostafadal-ahbar fi ahvali Kazan va Bolgar [Information Gathered for the History of Kazan and Bolgar]. T.1. – Kazan: Dkmbrovskiy tabgihanase, 1897. – 264 p. [in Tatar].
2. Marjani Sh. Mostafadal-ahbar fi ahvali Kazan va Bolgar [Information Gathered for the History of Kazan and Bolgar]. T.2. – Kazan: Universitet tabgihanase, 1900. – 368 p. [in Tatar].
3. Marjani Sh. Mostafadal-ahbar fi ahvali Kazan va Bolgar (Kazan ham Bolgar hallere turynda faidalanylgan habarlar) [Information Gathered for the History of Kazan and Bolgar]. Kyskartylyp tozelde / Toz.A.N.Hairullin. – Kazan: Tatar. kit. hashr., 1989. 415 bit. [in Tatar].
4. Marjani Sh. Izvlechenie vestei o sostoyanii Kazani i Bulgara (Mustafad al-ahbar fi ahvali Kazan va Bulgar). Chast I. – Kazan: Izdatelstvo “Fen” AN RT, 2005. – 255 p.[in Russian].
5. Müstefadü'l-Ahbar fi ahval-i Kazan ve Bulgar [Information Gathered for the History of Kazan and Bolgar], 2008. - Ankara: Atatürk Kültür Merkezi. - 347 s. [in Turkish].
6. Mirgaleev I.M. Shihabeddin Mardjani mirasinan [From the heritage of Shihabeddin Mardjani] /I.M.Mirgaleev // Gasyrlar avazy. № 1. 2008. - P. 179–195. [in Tatar].
7. Mirgaleev I.M., Abyzova R.R. Shihabeddin Mardjani o Zolotoy Orde / I.M.Mirgaleev, R.R. Abyzova // Zolotoordynskoe obozrenie. T.6. – 2018. - №1. – P. 181-198. [in Russian].

8. Hunkan Ö.S. *Kazanlı Türk Bilgini Şehabeddin Mercani ve Gurfetü'l-Hevakin li Urfeti'l-Havakin'e göre Satuk Buğra han ve oğulları (921-1212)* [Satuk Bugra khan and his sons according to Kazan Turkish Scholar Shehabeddin Mercani and Gurfetü'l-Hevakin li Urfeti'l-Havakin]. - İstanbul: Bilge, 2020. 136 s. [in Turkish].

9. Mardjani Sh. *Oчерк истории Болгарского и Казанского царств* [An outline of the history of the Bulgarian and Kazan kingdoms] / Sh.Mardjani // *Trudy Chetvertogo Arheologicheskogo sezda v Rossii, byvshego v Kazani s 31 yulya po 18 avgusta 1877 goda*. T.1. – 1884. – P. 40-58. [in Russian].

10. Mirgaleev I.M. *Mardjaninen Altin Urda tarihina karashi* [Marjani's view of the history of the Golden Horde] / I.M.Mirgaleev // *Shihabeddin Mardjani: Mirasy ham hazerge zaman* // Shigabuddin Mardhani: nasledie i sovremennost. – Kazan: "Alma-Lit", 2008. – P. 102-109. [in Tatar].

11. Yuzmuhametov R.T. *Struktura teksta i yazykovye osobennosti «Kitabe Mustafad al-ahbar fi ahvali Kazan va Bulgar» («Kniga ispolzovannyh svedenij po istorii Kazani i Bulgara»)* Shigabutdina Mardzhani: dissertatsiya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskikh nauk: 10.02.02. / Yuzmuhametov Ramil Tagirovich. - Kazan, 2002. - 204 p. [in Russian].

12. Gosmanov M.A. *Shihabeddin Mardjani ham tarihi chыganaklarnы oirany* [Studying Shihabeddin Marjani and historical sources] / M.A.Gosmanov // *Mardjani: tarih ham hazerge zaman*. Makalalar jyentygy. - Kazan: Master Lajn, 1998. – 1- 17 p. [in Tatar].

13. Tugan A.V., Asherler: *1917 yilga kadar yazylgan acharzare / ichke torki telenan tarzHEMA* [Works: works written before 1917 / translation from Old Turkic]. – Ufa: Bashkortostan «Kitap» nashriate, 1996. - 216 p.

14. Karamzin N.M. *Istoriya Gosudarstva Rossijskogo* [History of the Russian State]. T. IV. Sankt-Peterburg: v tipografii N.Grecha, 1819. – 300 p. [in Russian].

15. Solovev S.M. *Istoriya Rossii s drevnejshih vremen* [History of Russia from ancient times]. T. III. Moskva: Izdanie socialno-ekonomicheskoy literatury, 1960. – 818 s. [in Russian].

16. *VIII Letopisnyj sbornik, imenuemyj Patriarsheyy ili Nikonovskoyu letopisyu. (Polnoe sobranie russkih letopisej)* [VIII Chronicle collection, called Patriarchate or Nikonovsky chronicle. (Complete collection of Russian chronicles)]. T. X. Sankt-Peterburg: Tipografiya Ministerstva Vnutrennih del, 1885. – 244 p. [in Russian].

17. *Russkij hronograf. (Polnoe sobranie russkih letopisej)* [Russian chronograph. (Complete collection of Russian chronicles).]. T. XXII. Ch. I. Sankt-Peterburg: Tipografiya M.A.Aleksandrova, 1911. – 568 p. [in Russian].

18. *Nikanorovskaya letopis. Sokrashennyye letopisnye svody konca XV veka. (Polnoe sobranie russkih letopisej)* [Nikanorovsky chronicle. Abbreviated Chronicle Summaries of the End of the Fifteenth Century. (Complete collection of Russian chronicles)]. T. XXVII. Moskva-Leningrad: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 1962. – 417 s. [in Russian].

19. *Qazaqstan tarihy turaly turki derektemeleri* [Turkish data on the history of Kazakhstan]. – Almaty: Dajk-Press, 2006. – V tom. - 440 p. [in Kazakh].

20. Fraehn Ch.M. *Numi Muhammedani, qui in Academiae Imperialis Scientiarum Petropolitanae Museo Asiatico Asservantur* [The Muhammadan coins, which are preserved in the Asiatic Museum of the Imperial Academy of Sciences of Petrograd]. Vol. 1. Petropoli: Litteris Academicis, 1826. – 743 p. [in Latin].

21. Markov A.K. *Inventarnyj katalog musulmanskih monet Ermitazha* [Inventory catalog of Muslim coins of the Hermitage]. Sankt-Peterburg, 1896. - 873 p. [in Russian].

22. Mirgaleev I.M. *K voprosu o dostovernosti perevoda na russkij yazyk knigi Sh.Mardzhani «Mustafad al-ahbar»* [On the issue of the reliability of the translation into Russian of the book by Sh. Marjani "Mustafad al-akhbar"] / I.M.Mirgaleev // *Zolotoordynskaya civilizatsiya*. Vypusk 2. – Kazan: Izd. «Fen» AN RT, 2009. - P. 239-241. [in Russian].

А.А. Оралова ¹, Р.Р. Оспанова ^{*2}

¹ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты,
PhD-докторант, ғылыми қызметкер, Алматы, Қазақстан
E-mail: aknur.oralova@mail.ru

² Абай атындағы ҚазҰПУ, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы, Қазақстан
E-mail: ablai_angel@mail.ru

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ-ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ: ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫ

Аңдатпа

XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы саяси қызметіндегі қазақ батырларының өмірі мен мемлекеттік қызметі туралы объективті, дәлелді және нақты тарихи зерттеулерді жүргізу — кезек күттірмейтін мәселе. Зерттеу жұмысында хан Абылайдың әскери өнерінің әлемге танылуына ықпал еткен қазақ батырларының тарихи рөлі, Абылайдың сенімді сардары Қожаберген батыр Жәнібекұлының әскери-дипломатиялық қызметі мысалында қарастырылады. Мақаланы жазу батырлардың қазақ халқының тарихи тағдырын шешу жолындағы сыртқы саяси қызметі, Қазақ хандығының сол кезеңдегі ірі империялар мен Еуразияның басқа да халықтарына қатысты сыртқы саясаты туралы ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, бүгінгі күнге дейін бұл мәселеге объективті және тарихи тұрғыда ғылыми баға берілмеді. Сондықтан, бұл зерттеу мақаласы батырлардың ерлік жолы мен дипломатиялық қызметінің зерттелмеген кезеңдері туралы жаңа тарихи білімдерді жинақтауға жол ашады. Мақалада қазақ халқының әскери-саяси тарихында ерекше орын алатын Қожаберген батыр Жәнібекұлының әскери және дипломатиялық қызметі туралы деректер де талданады. Зерттеуде батырдың ел қорғау жолындағы ерлік істері, жоңғар шапқыншылығына қарсы ұйымдастырған күресі және қазақ жүздерінің бірлігін нығайту жолындағы әрекеттері қарастырылады. Сонымен қатар, Қожаберген батырдың көрші елдермен жүргізген бейбіт келіссөздері мен елшілік миссиялары тарихи деректер негізінде сипатталады. Автор батырдың тұлғасын тек әскери қолбасшы ретінде ғана емес, сонымен бірге көреген саясаткер әрі мәмілегер ретінде зерделеуді мақсат етеді. Зерттеу нәтижелері арқылы Қожаберген батырдың ұлттық бірлікті сақтаудағы және мемлекеттілікті нығайтудағы рөлі жан-жақты ашып көрсетіледі.

Кілт сөздер: батыр, сұлтан, хан, дипломатия, әскер, ерлік, жоңғар, Цин патшалығы, шекара, сауда қатынастары

Алғыс: Мақала Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ҚР ҒЗИ-мен бірлескен интеграциялық ғылыми жобаларды іске асыруға арналған 2025 жылғы «03» 04 №05-04/250 бұйрық негізінде қаржыландырған «Қазақ батырлары XVIII-XX ғасырдың басы (жаңа архивтік және фольклорлық материалдар негізінде) тарихи энциклопедиясын әзірлеу» жобасы аясында дайындалды.

Оралова А.А. ¹, Оспанова Р.Р. ^{*2}

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова,
PhD-докторант, научный сотрудник, Алматы, Казахстан
E-mail: aknur.oralova@mail.ru

² КазНПУ имени Абая, кандидат исторических наук, доцент, Алматы, Казахстан
e-mail: ablai_angel@mail.ru

ВОЕННО-ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ: КОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖАНИБЕКУЛЫ

Аннотация

Проведение объективных и конкретных исторических исследований о жизни и государственной деятельности казахских батыров во внешнеполитической деятельности Казахского ханства XVIII века — актуальный вопрос. В исследовательской работе рассматривается историческая роль казахских батыров, способствовавшая мировому признанию военного искусства хана Абылая, военно-дипломатическая деятельность надежного сардара Абылая Кожабергена батыра Жанибекулы. Написание статьи позволит сделать научные выводы о внешнеполитической деятельности батыров по решению исторической судьбы казахского народа, внешней политике Казахского ханства в отношении крупных империй и других народов Евразии того периода. К сожалению, до сегодняшнего дня этому вопросу не дана объективная и научная историческая оценка. Поэтому данная исследовательская статья открывает путь к накоплению новых исторических знаний о героическом пути и неисследованных этапах дипломатической деятельности батыров. В статье анализируются исторические сведения о военной и дипломатической деятельности Кожабергена батыра Жанибекулы, занимающего особое место в военно-политической истории казахского народа. В исследовании рассматриваются его подвиги на пути защиты Отечества, организованная им борьба против джунгарского нашествия, а также усилия по укреплению единства казахских жузов. Кроме того, описываются мирные переговоры и дипломатические миссии, проводимые батыром с соседними государствами, на основе исторических источников. Автор стремится раскрыть личность Кожабергена батыра не только как военного полководца, но и как дальновидного политика и дипломата. Результаты исследования позволяют всесторонне осветить роль батыра в сохранении национального единства и укреплении казахской государственности.

Ключевые слова: батыр, султан, хан, дипломатия, армия, подвиг, джунгары, Цинская империя, граница, торговые отношения

Благодарность: Статья подготовлена в рамках проекта «Подготовка исторической энциклопедии "Казахские батыры XVIII – начала XX века (на основе новых архивных и фольклорных материалов)"», финансируемого на основании приказа №05-04/250 от «03» апреля 2025 года в рамках реализации интеграционных научных проектов совместно с Научно-исследовательским институтом Республики Казахстан при Казахском национальном педагогическом университете имени Абая.

Oralova A.A. ¹, Ospanova R.R. ²*

¹ Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology, PhD doctoral student, researcher,
Almaty, Kazakhstan
E-mail: aknur.oralova@mail.ru

² Abai Kazakh National Pedagogical University, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: ablai_angel@mail.ru

MILITARY AND DIPLOMATIC ACTIVITIES OF KAZAKH BATYRS: KOZHABERGEN BATYR ZHANIBEKULY

Abstract

Conducting objective and specific historical research on the life and state activities of Kazakh batyrs in the foreign policy activities of the Kazakh Khanate of the XVIII century is an urgent issue. The research paper examines the historical role of the Kazakh batyrs, which contributed to the world recognition of the military art of Khan Abylai, the military and diplomatic activities of the reliable sardar of Abylai, Kozhabergen batyr Zhanibekuly. Writing the article will allow us to draw scientific conclusions about the foreign policy activities of the batyrs in solving the historical fate of the Kazakh people, the foreign policy of the Kazakh Khanate in relation to large empires and other peoples of Eurasia of that period. Unfortunately, to this day this issue has not been given an objective and scientific historical assessment. Therefore, this research article opens the way to the accumulation of new historical knowledge about the heroic path and unexplored stages of the batyrs' diplomatic activities. The article analyzes historical records of the military and diplomatic activities of Kozhabergen Batyr Zhanibekuly, who holds a significant place in the military and political history of the Kazakh people. The study examines his heroic efforts in defending the homeland, his leadership in organizing resistance against the Dzungar invasion, and his contributions to strengthening the unity of the Kazakh zhuzes (tribal confederations). In addition, the article describes his peaceful negotiations and diplomatic missions with neighboring states based on historical sources. The author aims to present Kozhabergen Batyr not only as a military commander but also as a visionary statesman and diplomat. The research findings provide a comprehensive view of the batyr's role in preserving national unity and consolidating Kazakh statehood.

Keywords: batyr, sultan, khan, diplomacy, army, feat, Dzungarian, The Qing Empire, border, trade relations

Gratitude: *This article was prepared within the framework of the project "Development of the Historical Encyclopedia 'Kazakh Batyrs of the 18th – Early 20th Centuries (Based on New Archival and Folklore Materials)"; funded under Order No. 05-04/250 dated April 3, 2025, as part of the implementation of integrative scientific projects in collaboration with the Research Institute of the Republic of Kazakhstan at Abai Kazakh National Pedagogical University.*

Kipicne. XVIII ғасыр Қазақ хандығы тарихындағы аса маңызды да күрделі тарихи дәуір саналады. Аталған тарихи кезеңде аймақтың геосаяси жағдайында күрделі жағдай қалыптаса бастады. Солтүстікте Ресей империясының ықпалы күн өткен сайын күшейе түсті. Шығыстағы көршілердің жағдайында күрделі өзгерістер туындап, құбылмалы күйге түсті. Ең әуелі жоңғарлардың Қазақстан мен Орта Азия елдеріне жасаған алапат жорықтары басталып Қазақ даласы «Ақтабан шұбырынды» заманды бастан өткерді. Одан соң Жоңғарлар хандығы әлсіреуі мен Қазақ хандығының өзінің жоңғарлар жаулап алған жерлерін қайтарып алу заманы басталды. Міне, осы кезеңде Қазақ хан-сұлтандары, билерімен бірге қазақ батырлары асқан ержүрек батыр тұлға ретінде, сондай-ақ шебер дипломат ретінде өздерін танытты. Олардың есімдері түрлі тарихи еңбектерден орын алды, архив құжаттарында хатталды, туған халқының тарихи жадында сақталып фолькор-

лық еңбектерде тарихи жыр-аңыздар түрінде біздің заманымызға жетті. Осы тарихи материалдарда қазақ батырлары тек қана батыр тұлға ретінде ғана емес, шебер дипломат ретінде сипатталды. Нәтижесінде, Қазақ хандығы XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қайта түлеу кезеңін бастан кешті, алдағы тарихи кезеңде анағұрлым күрделі сынақтарға төтеп бере алды. Мұндай тұлғалардан Абылай ханның маңындағы ең үлкен батырларды атасақ та жеткілікті болар еді. Олар: Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Нұралы хан, Әбілпейіз сұлтан, Орыс сұлтан, Әділ сұлтан, Ералы сұлтан, Мүйізді Өтеген, Олжабай, Керей Жәнібек, Райымбек, Қожаберген, Ақтанберді, Жәпек, Жанатай, Малайсары, Баян, Олжабай, Бердіқожа, Тілеуке, Сағымбай, Құлеке, Жауғаш, Дат, Көкжарлы Барак, Құлашбек, Тұрсынбай, Нұрбота, Жабай, Сырымбет, Байғозы, Елшібек, Сары, Сәңкібай, Мамыт, Молдыбай, Таңсық, Оразымбет, Деріпсәлі, Шынқожа, Айбас, Жаназар және басқалар болатын.

Материалдары. Қазіргі кезде қолжетімді болған ғылыми айналымдағы деректерді және басқа да мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қазақ хан-сұлтандары, батырлары мен жоңғар нояндары және қытай билеушілері ара-қатынасының XVIII ғасырдағы өзара байланыстарын сипаттап берудің өзектілігі басым орынға шыға бастады. Себебі, сол заманда Қытай билеушілерімен қатар Жоңғар ақсүйектері мен қазақ хан-батырлары арасында тығыз қарым-қатынастар орын алды. Бұл байланыстардың көрінісі тек жаугершілік әрекеттерден бөлек, достық-дипломатиялық, онымен қоса тіпті әріптестік байланыстармен жалғасты. Бұл дегеніміз, XVIII ғасырдағы ең беделді тұлға Абылай мен оның қарамағындағы батырлармен үзеңгілес қазақ сұлтандары мен батырларының Цинь империясының беделді дипломат-шенеуніктерімен, жоңғар нояндарымен арасындағы саяси-дипломатиялық, әскери және сауда байланыстарын қарастыру – зерттеу нысанына алынып отырған қазақ батырларының әскери-саяси қызметін анықтауға айтарлықтай мүмкіндік береді дегенді білдіреді. Тақырыпты зерттеуде Орынбор облысы мемлекеттік архиві, Қытайдың Бірінші тарихи архивінің мәнжу-қытай тіліндегі құжаттары, XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс саяхатшыларының жазбаларындағы материалдар пайдаланылды.

Тарихи деректер растап отырғандай, Ресей империясы қазақ жағындағы беделді адамдарды сый-сияпатпен және тұрақты жалақымен «тыныштандырған» сыңай танытты. Бұл орыс билігінің көршілеріне, жаңа «бағынышты халықтарға» қатысты саясаты еді. Қазақ батырларынан Құлсары мен Құлеке де (Орта жүз) орыс билігінен ақшаға малынып, 1769 қайтыс болғанға дейін Ресей билігі тарапынан оларға 100 рубль көлемінде жалақы тағайындалған. Олар жергілікті патша әкімшілігіне даладағы оқиғалар, оның ішінде билеушісі Абылайдың қарым-қатынасы туралы мәліметтерді жеткізіп отырды. Кейде қазақ сұлтандары тұтас отбасылармен бірге пара қабылдады: Құлеке батырдың ұлы Құлебақ батыр да 1779 жылдан бастап Ресей билігінен жылдық жалақы алып отырған. «Жалақы» шығаруға негіз болған себептер қатарында патшалыққа адалдық, хандар мен сұлтандардың ішкі және сыртқы саясаты туралы жергілікті билік өкілдеріне жүйелі түрде ақпарат беру, Ресей жағына босқындарды - әдетте қашқын сарбаздарды немесе Ресей империясының қол астындағы азаматтарын беру, даланың басқа тұрғындары, кейде ұрланған малды қайта қайтару сынды мәселелер еді.

Орта жүздегі кейбір қазақ сұлтандары, старшындары мен батырлары қазынадан жалақы алатынын білген басқа қазақ батырлары да өздерінің адалдығын алға тартып, Ресей бодандығын қабылдағанын айтып, ұдайы ақшалай жәрдемақы талап етті. Солардың бірі Сұлтанмәметтің қол астындағы – ықпалды да дала жауынгері Размәмет еді, оның көрсеткен қызмет түріне қарай оған 100 рубльге дейін қаржы беру міндеттелді. Ал оның қызметі негізінен қазақ билеушілерінің іс-әрекеттері, олардың Қытаймен, сондай-ақ басқа мемлекеттермен және халықтармен қарым-қатынасы және басқа да мәліметтер жайында өз уақытында Ресейдің жергілікті билігінің назарына жеткізуден тұрды. Осы тұрғыда, мәселені зерттеудің маңызы зор.

Қазақ батырларының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі тақырыбы жөніндегі деректерді XIX ғасырдың орта шенінде жазылған орыс елшілерінің жазба деректерінен де кезіктіре аламыз. 1917 жылғы Төңкеріске дейінгі кезеңде Ресей империясының құйтырқы саясаты салдарынан қазақ даласын зерттеуге жіберілген орыс тарихшылары мен саяхатшылары Г.Н. Потанин [1],

В. Вельяминов-Зернов [2], Н.А. Аристов [3], В.Н. Витевский [4] сынды зерттеушілердің еңбектерінде батырлар туралы деректер үстірт айтылса да, дегенмен кейбір мағлұматтар бар. Әрине, бұл зерттеушілер еңбектерінде қазақ батырларының барлығы аталған жоқ және олардың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметін негізгі зерттеу нысанына алмаған, дегенмен, олардың қатарынан Қожаберген Жәнібекұлы (Орта жүз), Уақ Керей тайпасының белгілі перзенті Баян батырды (Баякь батыр) ұлымен, Ақ Найман руынан Әзібек батырлардың есімі аталады.

XVII ғасырда жоңғарлар ұлан байтақ қазақ жеріне алғашқы шабуылдарын ұйымдастыра бастады. Бұл дәуірде біз қазақ батырлары мен қолбасшыларының тарих сахнасында белсенді көрініс тапқан кезеңі деп айтамыз. Міне, сол кезеңнің шынайы бейнесін сипаттауға мүмкіндік берер біртуар тұлғалар – қазақ батырлары. Зерттеу нысанына алғалы отырған қазақ батырлары Абылай хан басқарған жасақтарға қолбасшылық етіп, қазақ жеріне көз алартқан сыртқы жауларға қарсы найза ұстаған батырлардың бірі. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы жалпы қазақ батырларының қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігін талдаған ғалымдар Ш. Уәлиханов [5], М.Тынышбаев [6], С. Асфендияров [7], Е. Бекмахановтар [8] жекелеген еңбектерінде батырлардың әлеуметтік сипаты мәселесіне арнайы тоқталады. Аталмыш мәселе аясында тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Ж.Қ. Қасымбаев [9], И.В. Ерофеева [10], К.Ш. Хафизова [11] сынды бірқатар зерттеуші-ғалымдардың еңбектерін атап өтуге негіз бар. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ-орыс қатынастарындағы қазақ сұлтандары мен батырларының мемлекеттік және сауда-дипломатиялық қызметін анықтауда белгілі тарихшы З.Е. Қабылдиновтың «Абылай хан и Россия» [12] атты еңбегін атап өтеміз. Автор еңбегінде Абылай хан маңындағы хан-сұлтандар мен батырлардың Ресей империясымен қатынастарын архив деректері арқылы талдаған.

XVIII-XIX ғасырлардың 50-60-шы жылдарындағы Қазақ тарихының кезеңдері мен оқиғалары бір ғана мәселеге Ресей империясының құрамына Қазақстанның қосылу жағдайын анықтауға бағытталды. Бұл негізінен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңес тарихнамасында қалыптасқан сыңаржақ коммунистік идеологияның туындысы болып табылатын қоғамдық санаға күшпен сіңірілген концептуалды теориялық жүйені негіздеу болатын. Ғылымға таңылған осы өрескелдіктің салдарынан қазақтың үш жүзінің өзіндік даму ерекшеліктеріне тіпті мән берілмеді, кез-келген саяси мәні бар оқиға тек Ресей мемлекетінің саяси ахуалымен байланыстырыла сипатталды. Осының салдарынан тіпті қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық соғысының көпшілікке белгілі жәйттері көлеңкеге ығыстырылып, осы күресті ұйымдастырған, басқарған атақты қолбасшылар мен батырлардың, жаугершілік заманда есімдері елінің ұранына айналған ерлердің аттары аталмай, халық жадынан күштеп өшіріліп келгені белгілі [13, 24].

Зерттеу әдістері. Ғылыми мақаланы жазуда ғылым методологиясының дәстүрлі және заманауи түрлері басшылыққа алынды. Мақала тарихилық, объективтілік қағидаттарының заңдылықтары негізінде жазылды. Батырлардың тұлғалық келбетін қарастыруда ғылыми танымның феноменологиялық бағыты негізге алынып, көрнекті тұлғаның XVIII ғасырдағы халықаралық қатынастар тоғысындағы рөлін зерттеуде салыстырмалы-тарихи, логикалық талдау әдісі, аналогия, синхронды және диахронды әдістер кешені қолданылды.

Нәтижелері. Қазақ көшпелі қоғамының XVIII және одан кейінгі ғасырлардағы өзекті де өткір мәселелерінің бірі далалық жақта мал жайылымдарының тапшылығы болғаны белгілі. Мұндай өзекті мәселені шешуге беделді қазақ хан-сұлтандарымен қатар батырларының да ықпалы зор еді. Атап айтқанда, XVIII ғасырдың ортасына қарай Ертіс әскери бекіністер шебінің біртіндеп күшеюіне байланысты, дала тұрғындарының басым бөлігіне Ертістің оң жағына өтуге тыйым салынды. Ертістің оң жағалауы үшін күресте де қазақ батырлары белсенділік танытты.

Абылай Ресей империясымен ғана емес Цинь империясымен де сауда-саттық байланыстарды нығайтты. Шоқан Уәлиханов дерегіне сүйенсек, Абылай өзі Іле генерал-губернаторымен Сайрамкөл маңында кездесіп, сауда-саттық жасау туралы өзара келісім жасасқан. Сол келісім негізінде Тарбағатай өңіріндегі Шәуешекте және Іле өңіріндегі Құлжада айырбас базары ашылған.

Қазіргі әлемдік ғаламдану процесінің қарқынды жүруімен, геосаяси ахуалдың күрделенуіне орай тарихи-саяси қайшылықтар көбеюіне байланысты территориялық тұтастықты сақтау мен

шекара қауіпсіздігі мәселесін қарастырғанда бұл зерттеу жұмысының тарихи-танымдық маңызы айқын көрінеді.

Қазақ тарихында халқымыздың Ресей империясының құрамына қосылуы мәселесі мейлінше айтарлықтай дәрежеде зерттеліп, ал қазақ-жоңғар қарым-қатынастарындағы кейбір мәселелер зерттеу нысанынан тыс, назарға алынбаған күйде қалып қойды. Қазақ-жоңғар қатынастары халықаралық қатынастар тарихындағы өзекті мәселелерге жатқызылады. Себебі, екіжақты ғасырларға созылған күрестер Қазақ хандығы мен Жоңғар мемлекетінен бөлек, көршілес алып империялар Ресей мен Цинь империясының саясатына да ықпалын тигізбей қоймады. Екі ел арасындағы теке-тірес тұтас Орта Азия халықтарының хал-ахуалына да үлкен өзгерістер әкелді. Осы кезеңдегі халықаралық қатынастарды түбегейлі түсіну үшін қазақ-жоңғар байланыстарының тереңнен қарастыру қажет. Себебі, мәселені осы қырынан зерттеу сол тарихи кезеңде өмір сүрген мемлекеттер мен халықтардың ірі билеушілерінің, оның ішіндегі батырларының рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ хандығы осы замандарда алпауыт екі империяның тоғысында өзінің хандары, сұлтан-дары мен батырларының саяси-дипломатиялық жанкешті қызметі арқасында мәртебесін биік ұстады. XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы жоңғар мен Еділ қалмақтарына қарсы күресте Абылай ханның шебер ұйымдастырушылық дарыны арқасында ірі жеңістерге қол жеткізді.

Қазақ-жоңғар қарым-қатынастары жөнінде айтылғанда, біз, қазақ ханы Абылай, Жоңғар қоңтайшылары Қалдан Серен, Лама Доржы, Даваци, ханзада Әмірсана сынды бірқатар тарихи тұлғалардың есімі мен тарихтағы рөліне тоқталып өткеніміз тақырыпты толық ашуға серпін береді.

В.В. Вельяминов-Зернов жазбаларында Қожаберген батыр Жәнібекұлынан басқа Бөгенбей, Барақ сұлтанның ұлы Ханбабай, Ақ-Найман тайпасынан шыққан Әзібек (Азибякъ батырь) Абақ-Керей тайпасынан шыққан Қошқарбай, Досымбет, Досымбеттің бауыры Өмір, Құлсары, Құлеке және Әлімбет секілді қазақ батырларының есімдері аталады. Автор жазбаларында Қожаберген батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметін негізгі зерттеу нысанына алмағанымен, батырдың шығу тегі мен оның әскерінің орналасуының географиялық жағдайы жөнінде деректер қалдырады [2, 96 б.]

Қожаберген батыр өзінің жанындағы ортақ мүддені ұстанған замандас-үзеңгілес қазақ батырларымен бірге Қытай сынды алпауыт империямен әскери-дипломатиялық қатынастармен қатар, сауда байланыстарында белсенді рөл атқарды. Қожаберген өзі қатарлы Қабанбай, Дәулетбай сынды батырлар мен Әбілпейіз, Сұлтанмәметтей сұлтандармен бірге сауда байланыстарын дамыту, қазақ халқын бейбіт өмірде күн кешкізіп, тұрмыс жағдайын оңалту жолында қызмет етті. Бұл мәселеде Цин билігінің негізгі мақсаты - шекаралық сауданы қолға алып, тың игеруге қазақтардың жылқыларының асыл тұқымдыларын сатып алу және пайдалану.

1758 жылғы 9 қазандағы Тұй-жаңгин Нұсанның қазақ Қабанбайдың ұлымен жылқы саудасын жасағандарын мәнжу тіліндегі мына дерек растайды. Құжатта: Біздің ұғысуымыз бойынша, Қабанбай – (қазақтың) Орта жүзінің Қожаберген сынды 4-5 адамның ішіндегі мәртебесі биіктеуі. Былтыр патшаның құлдары Шундэна мен Нұсан мәлімдеме жазып, (патшадан) рұқсат алып, патшаның Абылай мен Қожаберген екеуіне сыйлық ретінде берген оқалы тон тігуге арналған молун торқасының біразын Қабанбайға бөліп берген соң патшаның шапағатына бөленген риза болды, сондай-ақ Қазақ мемлекетіндегі елдің барлығы алғыстарын айтып, бірінен соң бірі жоңғарлардың басшыларын тұтқынға алып, оларды бізге әкеліп тапсыруда» [14, 40 б.].

Деректе айтылған мәліметтерді былай топшылауға болады: Біріншіден, Қожаберген батыр қазақтың Орта жүзінің ішіндегі ең беделді адамдарының бірінші бестігіне кірген; екіншіден, Қытай патшасы бағалы сый-құрметін ең алдымен Абылай мен Қожаберген екеуіне жасаған. Міне, Қытай империясының бұл құйтырқы саясатының астарында осындай айла-амалды қолдану арқылы жоңғарларды өзіне бағындырып, одан кейін қазақтарға шабуыл жасау пиғылы жатқаны анық.

Осы құжатта: «Наван Абылайдың өзімен кездесе алмағанымен, Абылайдың бауыры Әбілпейіз және Дәулетбай, Батыр, Қожаберген сынды адамдардың барлығы біздің шекарамыздың

маңында тұрады, сондықтан Наван соңғы аталғандармен кездеспей қалмас» [14, 41]. Жоғарыда көрсетілген 1758 жылғы Тұй-жаңгин Нұсанның қазақ Қабанбайдың ұлымен жылқы саудасын жасағандарын мәнжу тіліндегі құжаттың жалғасы болып табылатын бұл ақпараттан қазақ-қытай сауда қатынастарындағы кейбір мәселелерді Абылайдың орнына Қожаберген батырдың атқарып отырғандығы көрінеді. Сондай-ақ, батыр Қожабергеннің қытайлармен шекаралас Қазақстанның шығыс аймағында әскерімен тұрақтағанын тағы да айғақтайды. Қытай патшалығының лауазымды шенділерінің бірі Науанды Қожаберген сынды адамдарға жолығуы міндетті екендігін екшелеп айтып отырғаны да батыр Қожаберген Жәнібекұлының екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастарда шешуші рөл атқарғандығын аңғартады.

Цяньлун жылнамасының 24-жылғы 8-айдың 6-күніндегі түсіндірме хатында қазақ-қытай достық-сауда қатынастарынан хабар береді. Құжатта: «Қазақ Қарабарак бізді қарсы алып алдымыздан шыққанда бізге, патшаның құлдары Чебденжаб, Фулу, Чинұхун, Чемчукжаб және Улден қатарлыларға бір-бірден белек (сыйлық) жылқы берді, біз де қару ретінде оған бір-бір топтан торғын бердік. Сонан соң Дәулетбай өзі келіп менімен кездескенде де маған, патшаның құлына 1 жылқы сыйлады, мен де оған қару ретінде 1 топ торғын сыйлап бердім. Бұдан тыс, Әбілпейіз, Қожаберген де арт-артынан адамдарын жіберді. Әбілпейіз пақырыңыз Чебденжабқа 1 жылқы сыйлады, біз де оларға қару ретінде бір-бір топ торғын сыйладық [14,162 б.].

Дерекке зер салып назар аударсақ, қазақтың белгілі батырлары Қожаберген, Дәулетбайлардың, Әбілпейіз сұлтанның қытай елшілерімен арасындағы достық қатынастары негізіндегі өзара сый-жоралғылары айтылған. Сондай-ақ, құжат мазмұнынан қытай елшілерінің қазақ ауылдарына, ал қазақтың беделді ерлерінің қытай патшалығына емін-еркін елшілік сапарлардың ұйымдастырылғанын байқауға болады.

Құжаттың сырына үңіле отырып, мынадай сауал туындайды. Қазақ-қытай сауда қатынастарының дамуы қазақтар үшін қандай оң тұстары байқалды? Біріншіден, Цинь патшалығымен екіжақты сауда ынтымақтастығы мен елшілік байланыстардың белсенді көрініс табуы – Қазақ мемлекетінің нығаюына, халықаралық беделінің өсуіне, сонымен қатар Қожаберген қатарлы қазақ дипломаттары мен қолбасшы батырларының Орта және Орталық Азия халықтарының саяси өміріндегі рөлінің артуына ықпал етті. Нәтижесінде, қазақ елі мен оның белді көсемдері Шығыс-Түркістан билеушілері арасында танымалдығы артты.

Religious differences played a role since the Mongol rulers of the Golden Horde adopted Islam which led to negative perceptions among Christian historians particularly in the context of the Crusades and broader religious conflicts of the time.

Lack of understanding and stereotypes were prevalent as medieval Europeans often had a limited understanding of Mongol culture and traditions. As a result they frequently depicted the Mongols as barbarians or savages a portrayal reflected in historical writings.

Political interests influenced some German and other European historians who may have adopted an anti-Mongol stance as part of a broader effort to promote the superiority of European civilization portraying the Mongols as a destructive and barbaric force.

Historical sources shaped perceptions as many European historians relied on accounts written by individuals who had directly suffered from Mongol invasions or had been forced into subjugation shaping their interpretations of historical events.

Nevertheless some German historians wrote favorably about the Ulus of Jochi or Golden Horde despite the prevailing hostility toward the Mongols in the Middle Ages. This more positive perception may have been influenced by several factors.

Historical sources and propaganda shaped some German historians who may have been influenced by sources from later periods when relations with the Horde had become less antagonistic. These historians saw the Horde as a stable and powerful empire capable of maintaining peaceful relations which was reflected in their works.

Gradual globalization and a more tolerant intellectual climate contributed to a shift in perspective. The increased accessibility of scholarly articles and a more open academic environment helped dispel the image of the Mongol-Tatars as mere barbarians. Over time the rigid Eurocentric biases of early German historiography have been increasingly challenged leading to a more nuanced and balanced understanding of the Mongol influence on Eurasian history.

References:

1. Gatin M.S. *O tatarskom vliyaniy na Rus'-Rossiyu v rabotakh nemetskikh istorikov // Srednevekovye tyurko-tatarskie gosudarstva.* – 2017. – №. 9. – S. 61-65.
2. Gatin M. S. *Padenie Kazani v otsenakh nemetskikh istorikov // Srednevekovye tyurko-tatarskie gosudarstva.* – 2010. – №. 2. – S. 146-150.

3. Gatin, M. *Nemetskie istoriki o bitve na Kalke [Tekst]* / Gatin, M.S. // *Gasyrlarr avazy — Ekho vekov.* — Kazan, 2003. — №3/4. — S.136—141.
4. Gatin Marat. *Problemy istorii Ulusa Dzhuchi i postordynskikh tyurko-tatarskikh gosudarstv Vostochnoi Evropy v nemetskoï istoriografii XIX - XX vv.* Kazan 2006. Str.
5. Gatin M. S. *Vzaimootnosheniya Rusi i Zolotoy Ordy vo vtoroi polovine XIV veka v traktovkakh nemetskikh istorikov* // *Uchenye zapiski Kazanskogo universiteta. Seriya Gumanitarnye nauki.* — 2009. — T.151. — №. 2-1. — S. 90-95.
6. Gatin M. S. *Ulug-Mukhammad v trudakh nemetskikh istorikov* // *Zolotoordynskaya tsivilizatsiya.* — 2017. — №. 10. — S. 310-314.
7. Gatin Marat Salavatovich. "PROBLEMA PROISKHOZHDENIYA KAZACHESTVA V SOVREMENNOY NEMETSKOY ISTORIOGRAFI" *Srednevekovye tyurko-tatarskie gosudarstva,* no.82016, pp. 104-106.
8. Kappeler A. *Russland und die Ukraine. Verflochtene Biographien und Geschichten.* Wien; Köln; Weimar: Böhlau, 2012.
9. Balanovskaya E.V., Balanovsky O.P. *Geneticheskie sledy istoricheskikh i doistoricheskikh migratsiy: kontinenty, regiony, narody* // *Informatsionnyy vestnik VOGiS.* — 2009. — T.13. — №2. — S. 401-409.
10. Shpuler B. *Zolotaya Orda. Mongoly v Rossii. 1223—1502 gg.* / *Perevod s nemetsk. yazyka i komment.* M.S. Gatina. Kazan: Institut istorii im. Sh.Mardzhani AN RT, 2016.
11. Zyriak von Gänçä. *Auszüge...* S. 459f.; Klaproth H. J. *Aperçu des entreprises des Mongols en Géorgie et en Arménie dans le XIIIe siècle.* P. 209f
12. Vorotynsev, L. V. *Räzanski gambit Batu: o novykh traktovkakh soobsheni "Povesti o razorenii Räzani Batyem" v sovremennykh issledovaniyah* / L. V. Vorotynsev // *Zolotoordynskoe obozrenie.* — 2022. — T. 10, № 2. — S. 284-302. —
13. Richards, Donald Sidney, ed. (2010). *The Chronicle of Ibn Al-Athir for the Crusading Period from Al-kamil Fi'l-ta'rikh, Part 3: The Years 589-629/1193-1231: the Ayyubids After Saladin and the Mongol Menace.* Farnham: Ashgate Publishing
14. Rimscha, H. von. *Geschichte Russlands.* — Wiesbaden, 1960. — S. 587 p.
15. Nikolla B. *Opfer des Tatarenjochs oder Besatzungsgewinner?: Die Moskauer Großfürsten und die Goldene Horde in der Darstellung der Historiographie/vorgelegt von Bernard Nikolla.*2021.
16. Michael P. Ghiglieri Ghiglieri: *Ciemna strona człowieka. W poszukiwaniu źródeł męskiej agresji.* Warszawa: Wydawnictwo CiS, Wydawnictwo WAB, 2001, s. 75.
17. Safargaliev, M.G. *Raspad Zolotoï Ordy [Teks]* / Safargaliev, M.G. *II Na styke vekov i sivilizasiï... İz opyta obrazovania i raspada imperii X-XVI vv.* / Sost. Ī.B.Muslimov. — M.: ĪNSAN, 1996. — S.280-524.
18. Hammer-Purgstall, J. von. *Geschichte des Osmanisches 213 Reiches.* — Bd.3. *Von Regierungsantritte Suleiman des Ersten bis zum Tode Selim's II. 1520—1574 [Text]* / Hammer-Purgstall, J. von. — Pest: C.A.Hartleben's Verlag, 1828. — 804 S.
19. Moeller, R. *Von Rurik bis Stalin. Wesen und Werden Russlands* / Moeller, R. — Lpz.: Wilhelm Goldmann Verlag, 1939. — 379 S.
20. Schuselka, F. *Russland im Joche der Tataren, im Kampf gegen und um die Krim in Demuthigung und Übermuth gegen die Türkei [Text]* / Schuselka, F. — Dresden: Verlag von Robert Schaefer, 1854. — 300 S.
21. Strahl, P. *Geschichte des Russischen Staates.* — Bd.2. *Von dem Einbrucher der Tataren in Russland bis zum Antritt der Regierung des Großfürsten Iwan IIIWasiljewitsch, d.i. von 1224 bis 1505 [Text]* / Strahl, P. — H.: F.Perthes, 1839. — 444S.
22. O. Balanovsky, S. Rootsi, A. Pshenichnov, T. Kivisild, M. Churnosov, I. Evseeva, E. Pocheshkhova, M. Boldyreva, N. Yankovsky, E. Balanovska, R. Villems. *Two Sources of the Russian Patrilineal Heritage in Their Eurasian Context. The American Journal of Human Genetics* 82, 236–250, January 2008
23. Raşid-ad-Din. *Jami at-tavarih. Sbornik letopisei. Toma 1.* — M.-L.: İzdatelstvo AN SSSR, 1946. s. 66.
24. Runciman Steven. *A History of the Crusades.* — L.: Penguin Books, 1987. — Vol. 3. p. 331.

25. Hwang, Kyung Moon (2021). *A history of Korea : an episodic narrative* (3rd ed.). London. pp. 47
26. M.D. Poluboiarinova. *Ruskie liudi v Zolotoi Orde*. Izdatelstvo «Nauka», Moskva, 1978.
27. M Findeizen, Nikolai. *History of Music in Russia from Antiquity to 1800*. Ed. Miloš Velimirović and Claudia Jensen. Vol. 1. Bloomington, IN: Indiana UP, 2008.
28. Hildermeier, Manfred. *Geschichte Russlands. Vom Mittelalter bis zur Oktoberrevolution*. 2022. 1504 S., mit 11. Karten ISBN 978-3-406-79398-1 2022
29. Karl Marx. *Revelations of the Diplomatic History of the 18th Century*. SWAN SONNENSCHNEIN & CO., LIMITED PATERNOSTER SQUARE. 1899. page 87
30. Marx-Engels Correspondence 1865 In Manchester. Source: MECW, Volume 42, p. 161; First published: abridged in *Der Briefwechsel zwischen F. Engels und K. Marx* Bd. 3, Stuttgart, 1913 and in full in *MEGA* Abt. III, Bd. 3, Berlin, 1930. [London,] 24 June 1865
31. Schneider S. *Das mongolische Paradigma in Russlands Geschichte: eine Spurenlese // Texturen – Identitäten – Theorien: Ergebnisse des Arbeitstreffens des Jungen Forums Slavistische Literaturwissenschaft in Trier 2010. – 2011. – S. 479-505.*
32. Brüggeman A. B. *VLİANİE MONGÖLSKOGO İGA NA KÜLTURU, EKONOMİKU İ OBŞESTVO ROSİSKOGO GOSUDARSTVA // G94 Gumanitarnye nauki v sovremennom vuze: vchera, segodnâ, zavtra, k 280-letiu so dnâ rojdenia rosiskoi prosvetitel'nisy knâgini ER Daşkovoi: mater. VI mejdunar. – S. 249. 2023.*
33. Hoetzsch, O. *Grundzuge der Geschichte Russlands [Text]* / Hoetzsch, O. — Stuttgart: K.F.Kohler Verlag, 1949. — 224 S.
34. Wassilios Klein: *Das nestorianische Christentum an den Handelswegen durch Kyrgyzstan bis zum 14. Jh.* Brepols, Turnhout 2000, ISBN 978-2-503-51035-4, S. 286–289
35. Klug, E. *Das Furstentum Tver' (1247-1485). Aufstieg, Selbstbehauptung und Niedergang [Text]* / Klug, E. *II Forschungen zur osteuropaischen Geschichte. – Bd.37. – V.: Otto Harassowitz, 1985. – S.7-355.*
36. Şpuler B. *Zolotaia Orda. Mongoly v Rosii. 1223–1502 gg. / Perevod s nemes. iaz. i koment. S.İu. Chuprova. ZAO Sentrpoligraf, 2021. 415 str*
37. Schuselka, F. *Russland im Joche der Tataren, im Kampf gegen und um die Krim in Demüthigung und Übermuth gegen die Türkei. — Dresden: Verlag von Robert Schaefer, 1854. — 300 S.*
38. Mundt, T. *Der Kampf um das Schwarze Meer. Historische Darstellungen aus der Gesehiehte Russlands. — Braunschweig: Druck und Verlag von George Westermann, 1855. — 333 S.*
39. Ders. *Krim-Girai, ein Bundesgenosse Friedrichs des Großen: ein Vorspiel der russisch-türkischen Kämpfe. — V.: Schindler, 1855. — 221 S.* *Eta rabota v nachale XX v. byla perevedena na ruskiĭ iazyk: Mundt, T. Krym-Gireĭ, soïuznik Fridriha Velikogo // İzvestia Tavricheskoĭ uchenoi arhivnoi komisii. — Simferopöl, 1909.*
40. St.Hammer-Purgstall, J. von. *Geschichte der Chane der Krim unter osmanischer Herrschaft. Aus türkischen Quellen zusammengetragen mit der Zugabe eines Gasels Schachingerai's. Als Anhang zur Geschichte des Osmanischen Reiches / Hammer-Purgstall, J. von. — Wien, 1856. — 258 S.*
41. Gatin, M.S. *Zavoevanie Kazanskogo hanstva v traktovkah nemeskih istorikov [Tekst] / Gatin, M.S. // Sbornik materialov konferensii molodyh uchenykh i aspirantov AN RT «Molodej i ee vklad v razvitie sovremennoi nauki», Kazän 25—26 aprelyä 2002 g. — Kazän, 2002*
- 42 Khoroshkevich A.L. *Rus' i Krym: Ot soyuza k protivostoyaniyu. Konets XV - nachalo XVI vv. — M.: Editorial URSS, 2001. — 301*
- 43 Gustave Alef. *Rulers and Nobles Fifteenth-Century Muscovy. VARIORUM REPRINTS. London 1983.*
- 42 Khoroshkevich A.L. *Rus' i Krym: Ot soyuza k protivostoyaniyu. Konets XV - nachalo XVI vv. — M.: Editorial URSS, 2001. — 301*
- 43 Gustave Alef. *Rulers and Nobles Fifteenth-Century Muscovy. VARIORUM REPRINTS. London 1983. P.5*
- 44 Krdkel, U. *«Zwischen Hammer und AmboP»: das Furstentum Rjazan. Moskau und die Tataren (1237—1402).* Krokkel, U. *II Zwischen Christianisierung und Europaisierung: Beitrage zur Geschichte*

Osteuropas in Mittelalter und fruher Neuzeit. Festschrift fur Peter Nitsche zum 65. Geburtstag. — Stuttgart: Steiner, 1998. —S.269—292. P.272

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гатин М. С. О татарском влиянии на Русь-Россию в работах немецких историков //Средневековые тюрко-татарские государства. – 2017. – №. 9. – С. 61-65.
2. Гатин М. С. Падение Казани в оценках немецких историков //Средневековые тюрко-татарские государства. – 2010. – №. 2. – С. 146-150.
3. Гатин, М. Немецкие историки о битве на Калке [Текст] / Гатин, М.С. // Гасырлар авазы — Эхо веков. — Казань, 2003. — №3/4. — С.136—141.
4. Гатин Марат. Проблемы истории Улуса Джучи и постордынских тюрко-татарских государств Восточной Европы в немецкой историографии XIX - XX вв. Казань 2006. Стр
5. Гатин М. С. Взаимоотношения Руси и Золотой Орды во второй половине XIV века в трактовках немецких историков //Ученые записки Казанского университета. Серия Гуманитарные науки. – 2009. – Т. 151. – №. 2-1. – С. 90-95.
6. Гатин М. С. Улуг-Мухаммад в трудах немецких историков //Золотоордынская цивилизация. – 2017. – №. 10. – С. 310-314\
7. Гатин Марат Салаватович. "ПРОБЛЕМА ПРОИСХОЖДЕНИЯ КАЗАЧЕСТВА В СОВРЕМЕННОЙ НЕМЕЦКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ" Средневековые тюрко-татарские государства, no. 8, 2016, pp. 104-106.
8. Kappeler A. Russland und die Ukraine. Verflochtene Biographien und Geschichten. Wien; Köln; Weimar: Böhlau, 2012
9. Балановская Е. В., Балановский О. П. Генетические следы исторических и доисторических миграций: континенты, регионы, народы //Информационный вестник ВОГиС. – 2009. – Т. 13. – №. 2. – С. 401-409.
10. Шнулер Б. Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг. / Перевод с немец. яз. и коммент. М.С. Гатина. Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016.
11. Zyriak von Gänçä. Auszüge... S. 459f.; Klaproth H. J. Aperçu des entreprises des Mongols en Géorgie et en Arménie dans le XIIIe siècle. P. 209f
12. Воротынцев, Л. В. Рязанский гамбит Бату: о новых трактовках сообщений "Повести о разорении Рязани Батыем" в современных исследованиях / Л. В. Воротынцев // Золотоордынское обозрение. – 2022. – Т. 10, № 2. – С. 284-302. –
13. Richards, Donald Sidney, ed. (2010). The Chronicle of Ibn Al-Athir for the Crusading Period from Al-kamil Fi'l-ta'rikh, Part 3: The Years 589-629/1193-1231: the Ayyubids After Saladin and the Mongol Menace. Farnham: Ashgate Publishing
14. Rimscha, H. von. Geschichte Russlands. — Wiesbaden, 1960. — S. 587.
15. Nikolla B. Opfer des Tatarenjochs oder Besatzungsgewinner?: Die Moskauer Großfürsten und die Goldene Horde in der Darstellung der Historiographie/vorgelegt von Bernard Nikolla.2021.
16. Michael P. Ghiglieri Ghiglieri: Ciemna strona człowieka. W poszukiwaniu źródeł męskiej agresji. Warszawa: Wydawnictwo CiS, Wydawnictwo WAB, 2001, s. 75.
17. Сафаргалиев, М.Г. Распад Золотой Орды [Текст] / Сафаргалиев, М.Г. II На стыке веков и цивилизаций... Из опыта образования и распада империй X—XVI вв. / Сост. И.Б.Муслимов. — М.: ИИСКАН, 1996. — С.280—524.
18. Hammer-Purgstall, J. von. Geschichte des Osmanisches 213 Reiches. — Bd.3. Von Regierungsantritte Suleiman des Ersten bis zum Tode Selim's II. 1520—1574 [Text] / Hammer-Purgstall, J. von. — Pest: C.A.Hartleben's Verlag, 1828. — 804 S.
19. Moeller, R. Von Rurik bis Stalin. Wesen und Werden Russlands / Moeller, R. — Lpz.: Wilhelm Goldmann Verlag, 1939. — 379 S.

20. Schuselka, F. *Russland im Joche der Tataren, im Kampf gegen und um die Krim in Demuthigung und Uebermuth gegen die Turkei* [Text] / Schuselka, F. — Dresden: Verlag von Robert Schaefer, 1854. — 300 S.
21. Strahl, P. *Geschichte des Russischen Staates*. — Bd.2. Von dem Einbrucher der Tataren in Russland bis zum Antritt der Regierung des Großfürsten Iwan III Wasiljewitsch, d.i. von 1224 bis 1505 [Text] / Strahl, P. — H.: F.Perthes, 1839. — 444S.
22. O. Balanovsky, S. Rootsi, A. Pshenichnov, T. Kivisild, M. Churnosov, I. Evseeva, E. Pocheshkhova, M. Boldyreva, N. Yankovsky, E. Balanovska, R. Villems. Two Sources of the Russian Patrilineal Heritage in Their Eurasian Context. *The American Journal of Human Genetics* 82, 236–250, January 2008
23. Рашид-ад-Дин. *Джами ат-таварих. Сборник летописей. Тома I*. — М.-Л.: Издательство АН СССР, 1946. с. 66.
24. Runciman Steven. *A History of the Crusades*. — L.: Penguin Books, 1987. — Vol. 3. p. 331.
25. Hwang, Kyung Moon (2021). *A history of Korea : an episodic narrative* (3rd ed.). London. pp. 47
26. М.Д. Полубояринова. *Русские люди в Золотой Орде*. Издательство «Наука», Москва, 1978.
27. M Findeizen, Nikolai. *History of Music in Russia from Antiquity to 1800*. Ed. Miloš Velimirović and Claudia Jensen. Vol. 1. Bloomington, IN: Indiana UP, 2008.
28. Hildermeier, Manfred. *Geschichte Russlands. Vom Mittelalter bis zur Oktoberrevolution*. 2022. 1504 S., mit 11. Karten ISBN 978-3-406-79398-1 2022
29. Karl Marx. *Revelations of the Diplomatic History of the 18th Century*. SWAN SONNENSCHNEIDER & CO., LIMITED PATERNOSTER SQUARE. 1899. page 87
30. Marx-Engels Correspondence 1865 In Manchester. Source: MECW, Volume 42, p. 161; First published: abridged in *Der Briefwechsel zwischen F. Engels und K. Marx* Bd. 3, Stuttgart, 1913 and in full in *MEGA* Abt. III, Bd. 3, Berlin, 1930. [London,] 24 June 1865
31. Schneider S. Das mongolische Paradigma in Russlands Geschichte: eine Spurenlese // *Texturen–Identitäten–Theorien: Ergebnisse des Arbeitstreffens des Jungen Forums Slavistische Literaturwissenschaft in Trier* 2010. – 2011. – С. 479-505.
32. Брюггеман А. Б. ВЛИЯНИЕ МОНГОЛЬСКОГО ИГА НА КУЛЬТУРУ, ЭКОНОМИКУ И ОБЩЕСТВО РОССИЙСКОГО ГОСУДАРСТВА // *Г94 Гуманитарные науки в современном вузе: вчера, сегодня, завтра, к 280-летию со дня рождения российской просветительницы княгини ЕР Дашковой: матер. VI междунар. – С. 249. 2023.*
33. Hoetzsch, O. *Grundzuge der Geschichte Russlands* [Text] / Hoetzsch, O. — Stuttgart: K.F.Kohler Verlag, 1949. — 224 S.
34. Wassilios Klein: *Das nestorianische Christentum an den Handelswegen durch Kyrgyzstan bis zum 14. Jh.* Brepols, Turnhout 2000, ISBN 978-2-503-51035-4, S. 286–289
35. Klug, E. *Das Furstentum Tver' (1247-1485). Aufstieg, Selbstbehauptung und Niedergang* [Text] / Klug, E. II *Forschungen zur osteuropaischen Geschichte*. — Bd.37. — B.: Otto Harassowitz, 1985. — S.7-355.
36. Шнулер Б. *Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг.* / Перевод с немец. яз. и коммент. С.Ю. Чупрова. ЗАО Центрполиграф, 2021. 415 стр
37. Schuselka, F. *Russland im Joche der Tataren, im Kampf gegen und um die Krim in Demuthigung und Uebermuth gegen die Turkei*. — Dresden: Verlag von Robert Schaefer, 1854. — 300 S.
38. Mundt, T. *Der Kampf um das Schwarze Meer. Historische Darstellungen aus der Gesehiehte Russlands*. — Braunschweig: Druck und Verlag von George Westermann, 1855. — 333 S.
39. Ders. *Krim-Girai, ein Bundesgenosse Friedrichs des Großen: ein Vorspiel der russisch- türkischen Kämpfe*. — B.: Schindler, 1855. — 221 S. Эта работа в начале XX в. была переведена на русский язык: Мундт, Т. *Крым-Гирей, союзник Фридриха Великого* // *Известия Таврической ученой архивной комиссии*. — Симферополь, 1909.
40. St.Hammer-Purgstall, J. von. *Geschichte der Chane der Krim unter osmanischer Herrschaft. Aus türkischen Quellen zusammengetragen mit der Zugabe eines Gasels Schachingerai's. Als Anhang zur Geschichte des Osmanischen Reiches* / Hammer-Purgstall, J. von. — Wien, 1856. — 258 S.

41. Гатин, М.С. *Завоевание Казанского ханства в трактовках немецких историков [Текст] / Гатин, М.С. // Сборник материалов конференции молодых ученых и аспирантов АН РТ «Молодежь и ее вклад в развитие современной науки», Казань 25—26 апреля 2002 г. — Казань, 2002*
- 42 Хорошкевич А.Л. *Русь и Крым: От союза к противостоянию. Конец XV - начало XVI в. — М.: Эдиториал УРСС, 2001. — 301*
- 43 Gustave Alef. *Rulers and Nobles Fifteenth-Century Muscovy. VARIORUM REPRINTS. London 1983. P.16*
- 44 Krdkel, U. *«Zwischen Hammer und AmboP»: das Furstentum Rjazan. Moskau und die Tataren (1237—1402). Krokkel, U. II Zwischen Christianisierung und Europaisierung: Beitrage zur Geschichte Osteuropas in Mittelalter und fruher Neuzeit. Festschrift fur Peter Nitsche zum 65. Geburtstag. — Stuttgart: Steiner, 1998. —S.269—292. P.272*

Ғ.Н. Байдылда *¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, PhD докторанты, Алматы, Қазақстан

E-mail: baidyldag@gmail.com

ТАРИХИ ТАНЫМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САНА: Т.ОМАРБЕКОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҮНДЕСТІК

Аңдатпа

Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстан Республикасы тәуелсіздік тізгінін өз қолына алғаннан кейін гуманитарлық ғылымдарға тың тұрпаттағы міндеттер артылды. Соның ішінде партиялық-таптық, коммунистік идеялардың салтанатынан азат болған тарихтың ғылыми салмағын нығайтуда дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамының төл негізі мен ұлттық бірігейлігін қалыптастыру, өркениеттік көзқараспен жазу алдыңғы жолға қойылды. Осы тұста ХХ ғ. 80-жылдарынан бастап ұлттық прагматизм бағытында сүбелі зерттеу жолын бастаған тарихшы Талас Омарбеков отандық тарихтың объективті реконструкциясын құру тенденциясын бастады. Посткеңестік сипатта тарихты ұлттық мүдде тұрғысынан бағалауға күш салды. Зерттеудің мақсаты аталмыш тарихшының мысалында ұлттық сананың тарихи сабақтастағы рөлі мен төл танымды зерделеуге бағытталады.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі талғамы биік, тарлан тарихшы Талас Омарбековтің отандық тарихтағы тарихи танымның өзекті мәселелері мен ұлттық санадағы тарихи мұраттар жолындағы ғылыми қызметін жүйелеу және пайымдаумен өлшенеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі Қазақ мемлекеттілігінің этникалық бірегейлігін ұлттық сана мен тәуелсіздік идеясы негізінде тарихи мәнін айшықтауға септеседі. Кеңестік көмескіліктен арылу жолында дербес ұлттық тарихнаманы құру үлкен тағдыршешті қадам. Сондықтан Т. Омарбековтің ұлттық-мәдени кодты негіздеудегі ұлттық таным проблематикасын өркениеттік, гуманистік, культтік-толеранттық тұрғыдан қоғам модернизациясына кіріктіру, дұрыс бағамдай білу айрықша маңызды болып саналады.

Зерттеудің нәтижесінде Ұлттық мүдде жолындағы тарихи таным үрдісінің бірқатар аспектілеріне көз жеткіздік, Ұлттық сана тұжырымдамасына тарихи пайым жасай алдық.

Кілт сөздер: тарихи сана, ұлттық болмыс, тарихи тұлғалар, Т. Омарбеков, Тұран, этнос

Ғ.Н. Байдылда ¹

¹ PhD докторант, КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: baidyldag@gmail.com

ИСТОРИЧЕСКОЕ СОЗНАНИЕ И НАЦИОНАЛЬНОЕ САМОСОЗНАНИЕ: СОЗВУЧИЕ В ИССЛЕДОВАНИЯХ Т.ОМАРБЕКОВА

Аннотация

Целью данного исследования является осмысление новых задач, возложенных на гуманитарные науки после обретения Республикой Казахстан независимости. В частности, освободившись от влияния партийно-классовых и коммунистических идей, первоочередной задачей стало укрепление научного веса истории, раскрытие основ традиционного кочевого общества казахов и формирование национальной идентичности, переосмысление истории с

позиции цивилизационного подхода. В этом контексте выдающийся историк Талас Омарбеков, начиная с 1980-х годов, начал фундаментальный исследовательский путь в русле национального прагматизма. Он стал инициатором тенденции объективной реконструкции отечественной истории, стремясь рассматривать прошлое с позиций национальных интересов в постсоветский период.

Цель исследования — на примере научного наследия Таласа Омарбекова проанализировать роль исторической преемственности в формировании национального самосознания и осмыслении самобытности.

Одной из задач исследования является систематизация и осмысление научной деятельности видного историка Таласа Омарбекова, посвященной актуальным вопросам исторического знания и формированию национального идеала.

Актуальность исследования заключается в том, что оно способствует осмыслению исторической значимости этнической идентичности казахской государственности, основанной на национальном самосознании и идее независимости. Создание самостоятельной национальной историографии после освобождения от советской идеологической неопределенности является судьбоносным шагом. В этом контексте чрезвычайно важно правильно оценить вклад Т. Омарбекова в формирование национального культурного кода, рассмотрение проблем национального сознания с точки зрения цивилизационного, гуманистического, культурно-толерантного подходов и их интеграции в процесс модернизации общества.

В результате исследования удалось осмыслить ряд аспектов исторического сознания, направленного на защиту национальных интересов, а также сформировать историческое понимание концепции национального самосознания.

Ключевые слова: историческое сознание, национальная идентичность, исторические личности, Т. Омарбеков, Туран, этнос

B.G. Baidylda *1

¹PhD student of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: baidyldag@gmail.com

HISTORICAL CONSCIOUSNESS AND NATIONAL IDENTITY: HARMONY IN T. OMARBKOV'S RESEARCH

Abstract

The aim of this research is to examine the role of national identity and historical awareness through the works of historian Talas Omarbekov. After gaining independence, the Republic of Kazakhstan set new goals for the humanities, particularly liberating historical science from the dominance of party-class and communist ideologies. Emphasis was placed on developing a civilizational approach to history that is based on the foundations of the traditional nomadic society and national identity. From the 1980s onward, Talas Omarbekov embarked on a significant research path rooted in national pragmatism, initiating the reconstruction of objective national history. In the post-Soviet context, he made great efforts to interpret history from the perspective of national interests. This research aims to explore the role of historical continuity in shaping national consciousness and understanding through the example of this prominent historian.

One of the main objectives is to systematize and evaluate the scientific contributions of Talas Omarbekov, a distinguished and respected historian, to the essential issues of historical consciousness and national ideals in Kazakhstan's historiography.

The relevance of this research lies in its contribution to highlighting the historical significance of Kazakh statehood and ethnic identity through the lens of national consciousness and the idea of independence. Overcoming the obscurity of the Soviet period and building an independent national

historiography represents a crucial milestone. Therefore, Talas Omarbekov's approach to defining the national-cultural code within the context of civilizational, humanistic, cultic, and tolerant values plays a vital role in the modernization of society and must be properly appreciated.

As a result of the research, several aspects of the historical consciousness in line with national interests were identified, and a historical analysis of the concept of national identity was conducted.

Keywords: historical consciousness, national identity, historical figures, T. Omarbekov, Turan, ethnos

Кіріспе. Басынан бағы тайып, шаңырағы шайқалған Кеңестік дәуірдің салтанаты аяқталған өткен ғасырдың соңыра қарай, тарихи сананың көмескілігінен тарих философиясы күрмеулі де күрделі проблематикаға айналды. Әлеуметтік жадының өткен шақты да, келешекті де пайымдайтын жүйесімен сананың сәулесіне жарық түсірді. Құнарлы топыраққа терең бойлаған тамыры жоқ мәуелі ағаштың жапырақ жайып, жеміс беруі мүмкін емес. Сол секілді, қазіргі заман да өткеннің өнегесі мен тағылымын ескермесе, келешектен үміт күту қиын. Десек те мынадай екі маңызды мәселені назардан шығармағанымыз жөн тәрізді: біріншіден, ұлт болуға ұмтылған, халық болып қалыптасуды көздеген, тәуелсіз тұтас мемлекеттігін құруды және сақтап қалуды мақсат еткен этностар әміршілері өздерінің сарайларында «сарай тарихшыларын» ұстаған, оларға материалдық және рухани жағынан толық қолдау жасап, алаңсыз тарих жазуға үлкен мүмкіндік туғызған. Бұл қазіргі таным өзегі-ұлттық сананы құрап отыр. Мысалы, Иван Грозный атанған Иван IV тұсында өз пәрменімен жазылған «Царственная книга»; атақты Ақсақ Темірдің «Жеңістер кітабы»; беделді дәлел. Орыс патшаларының Татищевке; Соловьевке, Карамзінге және т.б. зерттеушілерге жасаған қамқорлығы бүгінгі орыс тарихының бақыты болып отыр. Тарихтың болашақ үшін үлкен маңызын жақсы түсінген кейбір бабаларымыз өздері әмірші, ұлық бола тұра қылыш пен қаламды қатар ұстап, қаһарлы жорықтардың қанды іздерін ақ қағаз бетіне түсіре білген. Олардың қатарында Жетісуда, Қашғария- да билік құрған дулат тайпасынан шыққан Мұхаммед Хайдар Дулати, Ұлы моғолдар империясын негіздеген Захириддин Бабыр, Хиуа ханы Әбілғазы тәрізді тұлғалар бар.

Бірақ өкінішке орай әміршілеріміз, әсіресе, өзіміздің туған топырағымызда сарайлар мен ордаларда тарих жазатын жылнамашылар ұстауға көңіл бөле қоймады. Сондықтан да біздің тарихымыздың әсіресе көшпелілікпен байланысты тұстары түпнұсқа деректерден құралақан қалып, ауызша тарих айту дәстүріне және қазақ жеріне келіп-кеткен саяхатшылардың, тілмаштардың және отарлау мекемелері қызметкерлерінің үзік-үзік жазбаларына амалсыз жүгінетін болып алды. Мұратымызды ғылыми негізде жазу үшін ең алдымен тарихты кімнің көзқарасы тұрғысынан баяндайтынымызды анықтап алу қажет. Бұл – тарих жазу ісіндегі аса маңызды бастапқы мәселелердің бірі.

Екінші мәселе - тарихымызды белгілі бір жүйеге сүйеніп жазу туралы. Алғашқысына тоқталсақ, Қазақстан тарихшыларының және тарихты жазуға әуестеніп жүрген ақжағалы қауымның төмендегідей позициялық ұстанымдарды ұстанып жүргені белгілі: Бірінші бағыт – Қазақ халқының тарихын жалпыадамзаттық статуста әлемнің бір бөлшегі деп санайды. Бұл ұстанымда ұлттық, этникалық және дүниетанымдық ерекшеліктер екінші кезекке қойылып, қазақ қоғамы «жалпыадамзаттық қоғамның» бір бөлшегі ретінде сипатталады. Осы көзқарасты ұстанушылардың пікірінше, қазақ тарихы – түркі-монғол, индоевропалық, угро-финдік және син-тибет халықтарының мәдени мұралары тоғысқан еуразиялық тарихи кеңістіктің ажырамас бөлігі. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан аумағында салтанат құрған сақ, ғұн, қыпшақ, оғыз және түркі тайпалары евразиялық сипаттағы этностар ретінде қарастырылады.

Екінші бағыт – Отандық тарихты этностық сипатта жазуға негізделген. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, қазақтың немесе Қазақстан тарихын түркі этностарының даму үдерісінің бір пұшпағы ретінде қарастырылады. Мұнда Түрік қағанаты дәуірінен, тұтастай Түркістан утопиясына дейінгі түркі халықтарына тиесілі біртұтас проблематикаларға

басымдық тұрғыда назар аударылады. Осы методологиялық ұстаным аясында қазіргі таңда Қазақстанда түркі халықтарының ортақ тарихына арналған іргелі еңбектер жарық көруде.

Төл тарихымызды зерделеудің келесі бағыты – Отандқ тарихты қазақ елінің төл тарихы ретінде қарастырып, мемлекет тарихын ең бірінші қазақтың ұлттық мүддесі мен , мәдениетін, дәстүр-салтын және ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасу үдерісін басты назарға ала отырып жазуға негізделеді. Бұл үш бағыттың көптеген тұстарында ортақ көзқарастар байқалғанымен, тарихымыздың кейбір күрделі мәселелеріне қатысты терең пікір қайшылықтары бар екенін де ескеру қажет. Мәселен, тарихты жалпыадамзаттық немесе еуразиялық тұрғыдан бағалаушылар қазақ тарихының басым бөлігін көшпелі мәдениет шеңберінде қарастырады. Алайда, олар көбіне біртектес көрінетін бауырлас, көршілес көшпелі халықтардың өркениеттік дамуы мен мәдениетінде елеулі айырмашылықтарын назарсыз қалдырып жатады. Сонымен қатар, көшпелі өмір салтын ұстанған көшпелі қазақтарда мемлекеттілік статусы болмаған деген тұжырымды алға тартатын тарихшы-зерттеушілер де осындай көзқарасты ұстанатындар қатарында кездеседі.

Төл тарихымызды этнос сипатында , дәлірек айтқанда, түркі жұртының бір бөлігі ретінде қарастыратын зерттеушілер әлі де бұл бағыттың күрделілігін толық меңгере қойған жоқ. Түркі тілдес ТМД мемлекеттерінің — татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, әзірбайжан халықтарының тарихы жан-жақты және терең зерттелмейінше, ортақ түркі тарихын жазу мүмкін емес. Мұндай кешенді зерттеулер тек соңғы уақытта ғана бастау алды. Ал отандық тарихты этномәдени статуста қазақтың ұлттық тарихы ретінде қарастыратын тарихшылардың көзқарасы әріптестері тарапынан жиі сынға ұшырайды. Сын көбінесе солардың зерттеулерінде этностық-мәдени оқшаулануға басымдық берілуімен, сондай-ақ Қазақстан аумағының ежелден еуразиялық кеңістіктегі саяси-мәдени өзара ықпалдастықтың торабында болғаны секілді сыртқы факторлардың ескерілмеуімен байланысты. Кімнің ұстанымы шындыққа жақын екеніне баға беруді мақсат тұтпай, тек мынаны атап өткен жөн: қазақ халқының тарихын ең алдымен қазақтың өзі, ана тілінде және тарихи шындыққа сүйене отырып жазуы қажет. XX ғасырдың басына дейін қазақ тарихын өзге жұрт жазып келгені — белгілі жайт. Кеңестік кезеңде тарихымызды жазуға бел буған қазақ зиялылары оны көбіне орталықтың, яғни «ұлы орыс халқының» танымымен жазуға мәжбүр болды. Бүгінгі күнге дейін көптомдық академиялық басылымдар алдымен орыс тілінде жазылып, кейін қазақ тіліне аударылып жүргені де жасырын емес.

Материалдар. Мақалада ұлттық танымның позициялық бағыты- тарихты жазу методологиясы көрініс тапқан. Сонымен қатар, мен статистикалық мәліметтері көрініс тапқан. Сонымен қатар, Т. Омарбековтің деректер тобы материалдар базасының көлемін ұлғайтты.

Әдіснама. Мақаланы жазу барысында тарих ғылымы мен әлеуметтік ғылымдардың классикалық ғылыми әдістері мен тәсілдері кеңінен қолданылды. Салыстырмалы-талдау әдісінің көмегімен ұлттық сана мен тарихи танымды қалыптастырудағы өзіндік көзқарасы мен жаңашылдығын анықталды. Герменевтикалық әдіс тұрғысынан Т. Омарбековтің еңбектерін, мәтіндерін терең талдау арқылы оның идеялары мен көзқарастарын ашу көзделді. Контент-талдау әдісі негізінде Т. Омарбековтің мақалалары мен еңбектеріндегі негізгі ұғымдар мен идеяларды жүйелеп, ұлттық сана мәселелерінің қай деңгейде қарастырылғанын анықталды. Сондай-ақ методологиялық кейстер қаралып, жүйелі стратификацияға жіктелді.

Нәтижелер. Жаңа көзқарастағы тарихшылар қазір айналымға «Ежелгі Түркістан» немесе «Ежелгі Тұран жері» деген түсініктерді де енгізді. Осылардың қайсысын қабылдаған жөн дегенге келсек, біздіңше, тарихи шындыққа жақыны «Ежелгі Түркістан» ұғымы. Себебі, ежелгі даламыздың Қазақстан немесе Тұран деп аталмағаны белгілі. Рас, көне иран жырында және әйгілі Фирдаусидың «Шахнамасында» біздің өлке Тұран елі делінеді, алайда көне дәуір саяхатшылары мұнда көшпелі түріктердің мекендейтінін өздерінің еңбектерінде талай жазған да болатын.

Сондықтан да, географиялық атаудан гөрі этникалық ұғымды басшылыққа алып, қазақ жерінің ежелгі тарихын «Ежелгі Түркістан» тарихы ретінде бергеніміз көкейге қонымды және тарихи санаға үйлесімді [1, 11- б].

Тағы бір ойланатын мәселе - осы ежелгі Түркістанды сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің және қаңлылардың үстемдік жасаған кезеңі. Бұлар біздің бұрынғы ата-бабаларымыз. Бұл даусыз нәрсе. Өкінішке орай, өзіміздің өлкеде археологиялық және заттық ескерткіштерден басқа олар туралы деректер шамалы. Сүйенетіндеріміз - Геродоттың, Страбонның, Ксенофонттың, Птолемейдің шығармалары, көне парсы және қытай жазбалары. Бұларды пайдаланғанда да шетелдіктердің кейбір түсініктері мен тарихи атауларды бұрмалап айтқандарына назар аудармай болмайды. Егер қаңлы және үйсін ұғымы бүгінгі күнге дейін кең көлемде сақталып қалған болса, ал сақ және ғұн атаулары көне тарихтың куәлары тәрізді, тек өткенімізді еске түсіреді. Мұнан сақтар мен ғұн тарихтың белгілі бір кезеңінде ғана ежелгі даламызды мекендеп, кейіннен басқа өлкелерге көшіп кеткен деген біржақты қорытынды туындамауы керек. Әсіресе, ғұндардың Еуропаға жорығы туралы айтқанда, олардың атамекенге қайтып оралғанын ұмытпауымыз керек. Рас, басқа елдермен тығыз араласу бұл тайпалар одақтарының «атына да, затына да» сапалық өзгерістер енгізді. Басқа елдерге ұзақ жорықтан қайтып оралған сақтардың және ғұндардың құрамындағы рулардың кейінгі жазбаша деректерде басқаша атала бастағаны сөзсіз [2, 21- б.].

Бірақ бүгінгі тарихымыз түсінікті себептермен бұған да жауап бере алмай отыр. Қалай десек те, біз әңгімелеп отырған тайпалардың біртіндеп алғаш Түрік, онан соң Батыс Түрік қағанаты тәрізді үлкен мемлекеттер құрамына кіргені күдік туғыза қоймайтын секілді. «Он оқ будун», дулу және нушиби тәрізді тайпалық бірлестіктерді жоғарыда аталған тайпалық одақтардың мұрагері ретінде қарастырған жөн [2]. Түрік дегеннен шығады, тарихымызда әлі де басы ашылмаған этнонимдер баршылық. Мысалы, «түрік», «қазақ», «ноғай», «өзбек» ұғымдары немесе қазақ даласын мекендеген ежелгі тайпалар атаулары ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер туғызып келе жатқаны белгілі. Мұндайда шындыққа жеткізеді-ақ деп дәме ететін бірен-саран жазба деректердің өздерінің біріне-бірі қайшы келіп жататыны және бар. Осындай тартысты мәселелер төңірегінде батыл диссертациялық зерттеулер жүргізіп, солардың негізінде нақты бір шешімге тоқталатын уақыт жеткен тәрізді [9]. Отандық тарих саласындағы ең ғылыми салмақты академиялық басылымдардың бірі болып саналатын V томдық Қазақстан тарихы бірінші томына талдау жасасақ..

Мұнда «Ежелгі Қазақстан», «Қазақстан сақ-сармат дәуірінде», «Ерте және кейінгі ортағасырлардағы мемлекеттер» деген үлкен үш бөлімге бөлінген. Мұнда эраларға жіктеу аңғарылмайды. Дәуірлердің бөлінуіне келер болсақ, «Ежелгі Қазақстан» деген бөлім осыларға жіктеліп бөлінген. Бірақ осы бөлімнің үшінші тарауы «Қазақстан көне дәуірде» деп аталған, оның алғашқы параграфы «Қола дәуіріндегі Қазақстан тайпалары», ал одан кейінгі 7-ші параграфы «Қола дәуірі тұрғындарының антропологиялық сипаттамасы» деп аталған. Бұл жерде назар аударатын дүние - «Ежелгі дәуірді» өз ішінен тағы да «қола дәуіріне» бөлінетіні, дәуірді дәуірге бөліп жіктеуді көріп отырмыз [3].

Тағы бір көмескілік бірде «қола дәуірі», біресе «қола кезеңі» деп пайымдалған. «Сақ-сармат дәуіріндегі Қазақстан» деп кітапта берілген бөлім де өз ішінен «Темір дәуірінің ерте кезеңі» деп тарауға бөлінген. «Қазақстан тарихының» алғашқы томының атауында да методологиялық сәйкессіздікті байқаймыз. Оның аты «Қазақстан палеолит дәуірінен кейінгі ортағасырлар кезеңіне дейін» деп берілген. Мұндағы палеолитті «дәуір» деп мақұлдасақ, сонда «кейінгі ортағасырлар» атауы «дәуір» санатына жата ма? Кітапта берілген 3-тараудың 6-параграфы Ортағасырлық кезеңнің антропологиясы» деп аталады, демек бұл жердегі «кейінгі ортағасырлар» тұрмақ, тұтас «ортағасырдың» өзі де «кезең» деп берілген. Біз сөз етіп отырған 1-том «дәуірден» басталып, «кезеңмен» аяқталатынын көріп отырмыз. Сондай-ақ бұл кітапта әрбір «дәуірге», «кезеңге» ғылыми сипатта масштабты теория негізінде әрі методологиялық түсініктер жүйелі берілмеген [7, 56- б.].

Бөлім немесе тараудың әлқиссасы неліктен осылай аталады? - деген сұраққа салмақты, мардымды жауап жоқ. Тарихшы советтік кезеңге дейін қамтылатын Қазақстан тарихын 4 дәуірге бөлген. .

Мұнда алғашқы дәуір - 1,6 млн – 5,2 мыңжылдыққа дейін; екінші дәуір - ежелгі өндіргіш қатынастар негізіндегі шаруашылық дәуірі б.з.д. Vғ. - VIII ғ. дейін; келесі бізде көшпелі-дәстүрлі мал шаруашылығы немесе индустрияландыруға дейінгі дәуір б.з.д. VIII ғ. біздің дәуіріміздің XVIII ғ. дейінгі мерзім; соңғы төртінші – дәстүрлі-көшпелі мал шаруашылығы қатынастарының дағдарысы немесе индустрияландырудың салтанат дәуірі бастапқы XVIII ғ. мен Қазан төңкерісіне дейінгі уақытқа сәйкес келеді. Тарихшы осы берілген дәуірлерді бірнеше кезеңдерге, ал кезеңдерді санаттарға жіктеп әрқайсысының хронологиялық мерзімдерін көрсетеді [4].

Мысалға, соңғы 3 және 4 дәуірлерді алалық. Үшінші дәуір 4 кезеңге бөлінгенін байқадық. Алғашқы кезең «мемлекеттілікке дейін немесе сақ тайпаларының кезеңі» (біздің заманымызға дейінгі 8-3 ғғ.), екінші кезең «Көшпелілер империялар немесе ғұн-үйсін кезеңі (б.з.д. 3-6 ғғ.), үшінші «Екінші көшпелі империялар немесе түркі-қыпшақ кезеңі» (VI-XII ғғ.), төртінші «Үшінші көшпелі империялар немесе қыпшақ кейінгі қазақ кезеңі (XIII ғ. - XVIII ғ.). Ендігі сәтте аталмыш кезеңдерді сатыларға бөлуге келсек, ол екінші кезең болып басталады [5]. II кезең мынандай сатыларға бөлінген: «Ғұндар империясы гүлденуі», «Ғұндар империясы күйреуі», «Саяси тұрақтылық». Үшінші кезеңге этаптар - «Түрік мемлекеттерінің гүлденуі» (Түркі этапы); «Түркі елдерінің күйреуі» (Қарлұқ-қимақ этапы)»; «Саяси сахнажағы тұрақтылық» (Дешті Қыпшақ-Қарахандық кезең). Төртінші кезеңдегі этаптар - «Алтын Орда ұлысының қалыптасуы әрі гүлденуі» (Қыпшақ ұлысы- ноғай кезеңі), «Алтын Орда мемлекетінің әлсіреуі және Қазақ хандығы мемлекетінің құрылуы» (Қазақ этапы), «Саяси жүйенің тұрақтануы» (Қазақ этапы) [6, 71- 6.].

Тарихи зердеміз, қытай жазбалары, Рашид-ад Диннің «Жылнамалар жинағы» наймандар, керейлер, жалайырлар туралы деректерді ғасырлар қатпарынан бүгінгі күнге жеткізді. Болашақ қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына бұлардың ықпалы болды ма? Міне, бұл да дәлелдей түсуді қажет етеді. Аталған тайпалардың қазақ халқын құраудағы зор маңызы дәлелденген. Оған бүгінде ешкім де күдіктене қоймас, ал енді олардың болашақ Қазақ хандығына саяси негіз қалаудағы, мемлекеттік жүйенің бастау көздері ретіндегі тарихи орны тарихымызда өзінің ғылыми бағасын әлі де ала қойған жоқ. Қазақ халқының қалыптасу процесінде екі мәселені жеріне жеткізе зерттеу бүгінде аса қажет екені құпия емес. Оның алғашқысы - қазақ жүздерінің пайда болу және қоғамдық өмірде орнығу тарихы десек, екіншісі Қазақ хандығының әсіресе XVI ғасырдан кейінгі жазба деректерде аз жазылған бұралаң тарихы. Қазақ жүздері туралы жалпы алғанда аз жазылған жоқ. Соған қарамастан тарихшылар арасында осы мәселеге байланысты ортақ пікір әлі де қалыптаспай отыр. Жүздердің пайда болу кезеңдері де әртүрлі пікір туғызуда. Жүзге бөліну монғол жаулауына дейін X-XII ғасырларда пайда болды, бұл процесс Алтын Орданың ыдырау кезеңінде орын алды деген пікірлер тарихымыздан белгілі. Бұл процесті жоңғар шапқыншылығы кезеңіне жатқызып жүргендер де бар [6, 89-б.]. Ал енді жүздердің шығу себептеріне келгенде тарихшылар пікірлері негізінен екіге жарылады. Олардың арасында Ш.Ш. Уәлихановтан, В.В. Бартольдтан бастап, кейінгі қазақ этнографы М.С. Мұқановқа дейін біраз тарихшылар қоршаған табиғи ортаның ықпалымен көшпелі шаруашылықты жүргізудегі ерекшеліктерді, көшіп-қоныстану аудандарындағы оқшаулану- ды, яғни географиялық және экономикалық себептерді жүздердің пайда болуының басты негізі ретінде атап көрсетеді. Бұл көзқарасты едәуір алға жылжытқан тарихшы М. Вяткин жүздердің қалыптасуында географиялық фактормен қатар саяси процестердің де үлкен рөл атқарғанын айта келіп, саяси одақтар ретінде жекелеген Ордалардың құрылуының XVI ғасыр соңына қарай қазақ даласын жүздерге бөлшектеуге алып келгенін атап көрсеткен еді.

Кімдікі дұрыс? - дегенге жауап берерден бұрын ортағасырлық іргелі ғылыми деректерге, атап айтқанда Захир-ад-Дин Бабурдың «Бабур-наме» және Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди», Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» тәрізді бағалы туындыларына назар аударған жөн.

Қазақстан тарихын зерттеушілер қазақ жүздері туралы алғашқы мәліметті 1616 жылғы деректерден кездестірді. Осы кезеңді мұқият зерттеп жүрген тарихшылар Орда - Жүз деген ұғымдар арасында өзара байланыс және сабақтастық болуы мүмкіндігін теріске шығармайды. Монғол билігі кезінде кең таралған «Орда» ұғымы біртіндеп «Жүз-Орда» атауына, онан соң «Жүз» түсінігіне алып келуі мүмкін екенін әзірге ешкім теріске шығара қойған жоқ. [5, 64- б.].

Осы мәселеге байланысты «Чингиз-намеде» жазылған аңыз ерекше назар аудартады. Онда Жошы қайтыс болғаннан кейін оның ұлысын балалары арасында Шыңғыс ханның қалай бөлгені айтылады. Осылайша бұрынғы Жошы ұлысында бірнеше жаңа ұлыстар пайда болып, олар Ақ (Алтын), Көк және Боз Орда деп атала бастады. Мұнан аңғаратынымыз, саяси-территориялық құрылым ретінде Ордалар ортағасырлық Қазақстан территориясында Шыңғыс хан ұрпақтары тұсында-ақ құрыла бастаған. Мұны басқа деректер де растайды. Қазақ хандығы тұсында Орда ұғымын біртіндеп Жүз-Орда, онан соң Кіші Орда және Үлкен Орда түсініктері және қазақ жүздері атауы ығыстырған тәрізді. Қазақ топтарының әртүрлі аймаққа жіктеліп оқшауланған күйде көшулерін этно-аумақтық тұрғыда көрініс тапқанымен, жүзге бөлінуді саяси тұрғыда қарастыра алмады деп пайымдаймыз. Шыңғыс тұқымдарының қазақ жерінде, дәлірек айтсақ, бұрынғы Жошы ұлысында саяси-территориялық құрылымдар - Ордаларды ұйымдастыруы Қасым ханның кезінде көлемді жерді біріктірген біртұтас Қазақ хандығының кейінгі хандар тұсында алғаш Жүз-Ордаларға, онан соң жеке хандар билеген жүздерге бөлшектенуіне саяси ықпал жасады, яғни жүздер төменнен емес, жоғарыдан шыңғысшыл-төрелердің белгілі бір аймақта әкімшілік билікті орнықтыру, таққа таласу күрестері нәтижесінде өмірге келді. Мұның салдарлары ауыр болды: біртұтас қазақ аталатын халық және этнос ешбір негізсіз, жасанды түрде үшке бөлінді. Нақты тарихи дерекке жүгінер болсақ, жоғарыда аталған ұлы тарихшы М.Х. Дулати XVI ғасырдың 40-шы жылдары жазған «Тарих-и Рашиди» бойынша Керейдің, Бұрындықтың, Қасымның, Тахирдің, Бойдастың билігі кезінде Қазақ хандығы жүзге бөліну дегенді білмеген. Бәлкім жаңа этникалық мемлекет - Қазақ хандығының қалыптасуы жағдайында көптеген сұлтандар мен билер алғашқы қазақ хандарын басты саяси тұлға ретінде қабылдап, оларға бағынған. Алайда, Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының саяси жағынан да, географиялық ауқымда да өрістеуі, қуатты хандықты жаңа проблемамен - бір орталықтан басқару қиыншылығымен жолықтырды [7].

Хан Тахирдың тұсында-ақ халықтың біраз тобы әртүрлі төрелердің бастауымен орталықтандырылған хандық биліктен шет пұшпақтай бастады Ал Бойдас ханның кезінде қазақ халқын қатарласа үш хан басқарды: 1) Бойдастың өзі Жетісуды билесе, 2) Ахмет Сырдарияның төменгі ағысында, 3) Тоғым Сырдарияның орта ағысында хандық құрды. Егер В.В. Бартольдтың зерттеуіне назар аударсақ, бұл аудандардың қазақтардың көшпелі шаруашылықтарды жүргізу аймақтарының ерекшеліктеріне сәйкес келетінін байқаймыз. Бөлшектене бастаған қазақ руларын біріктірумен белсенді түрде келесі хан - Хакназар (1538-1580 жж.) айналысты. Оның кезінде Қазақ хандығы құрамына Сібір және Қазақ хандықтары қарауындағы жерлердің бір бөлігі кіріп, қазақ билігін мойындады. Ноғайлардың үлкен тобы, Жетісудың үлкен бөлігі оған қара- ды. Біздіңше, қазақтардың жүзге бөлінуі осы кезеңде орын алған болса керек. Зерттеуші М. Тынышбаев халық аңыздары бойынша қазақтардың үш жүзге (Ордаға) бөлінуі Хакназар ханның тұсында орын алғанын атап көрсетеді. М. Тынышбаевтың өзі «бұл аңыз- ды орнықтыратындай жазба мәліметтер жоқ» дей тұрса да, кейбір зерттеушілер, нақты айтсақ, А.П. Чулошников Хакназардың тұсында қазақ жүздерінің құрылғаны туралы аңызда шындық бар деп ойлайды. Бұл мәселе тарихшылардың әлі де зерттей түсуін қажет ететіндігіне қарамастан, халық аңызы негізінде қазақтардың жүзге бөлінуі жоғарыдан, Шыңғыс тұқымдарының тікелей әрекетімен жүзге асырылған деуге негіз бар. Тәуекел ханнан әйгілі Тәуке ханға дейінгі тарихи уақыт кезеңінде жүздерді негізінен сұлтандар мен билер басқарған болса, Тәуке қайтыс болғаннан кейін жүздерді хандар билей бастады. Мұның өзі қазақ мемлекеттігін әлсіретуге алып келді. Біртұтас хандық басқару шын мәнінде ыдырады. Жергілікті сұлтандар және билер неғұрлым көбірек саяси билікке және аймақтарға қол жеткізу үшін жікшілдік әрекеттерін жалғастыра берді. Мұндай бағытты

жүздер басшыларын өзара қарсы қойып, оларды кезең-кезеңмен империя құрамына біріктіруді көздеген Ресейдің отаршыл билігі тиімді пайдалана білді. [8, 75-б.]

Қысқасы, тарихи зердеміз қазақ халқының жүзге бөлінуі туралы мәселені таразылағанда бұл процестен халқымыздың тапқанынан гөрі жоғалтқаны әлдеқайда басым екендігін мойындауға тура келер. Тұтас халықты саяси-әкімшілік тұрғыдан жүздерге бөлшектеуге жол ашқан мұндай процесті бүгінде марапаттау тәуелсіз мемлекетімізді нығайтуға әрине, қызмет ете алмайды. Сондықтан да бүгінгі тарихи білім қазақты жүзшіл болудан сақтандыруға тікелей жұмылуы тиіс. Екінші бір ірі мәселе - жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Қазақ хандығының мәселелерін тарихи талдаудың күрделілігі. Мұнда да әлі басы толық ашылмаған ірілі-ұсақты әртүрлі көзқарастар баршылық. Қазақ хандығы құрылған кезеңді қазақ халқының құрылуы ретінде қарастырып жүргендер бар. Мұндайда халықтың қалыптасуының тарихи тамырларының сандаған ғасырлар тереңінде жатқанын естен шығарып аламыз. Қазақ хандығының құрылған жылын көрсетуде де әртүрлі алып қашпа пікірлер көп. Мұхаммед Хайдар Дулати тәрізді өтірік айтуды білмейтін, Аллаға ғана бағынып, тарихи шындықтан еш ауытқымауға тырысқан ұлы тарихшымыздың осы мәселеге байланысты пікіріне тоқтамай, оның өзін де сан-саққа жүгіртіп жүрген зерттеушілер бізде баршылық.

Қазақ хандығы құрылған кезеңді қазақ халқының құрылуы ретінде қарастырып жүргендер бар. Мұндайда халықтың қалыптасуының тарихи тамырларының сандаған ғасырлар тереңінде жатқанын естен шығарып аламыз. Қазақ хандығының құрылған жылын көрсетуде де әртүрлі алып қашпа пікірлер көп. Мұхаммед Хайдар Дулати тәрізді өтірік айтуды білмейтін, Аллаға ғана бағынып, тарихи шындықтан еш ауытқымауға тырысқан ұлы тарихшымыздың осы мәселеге байланысты пікіріне тоқтамай, оның өзін де сан-саққа жүгіртіп жүрген зерттеушілер бізде баршылық [14, 56-б.].

М.Х. Дулатидың пікірін алып-қашты аңыздармен немесе негізінен оның өзін қайталайтын Махмуд ибн Уәли тәрізді тарихшымен салыстыру арқылы ғана шындыққа жетуге болады деп ойлау сөз жоқ біржақтылыққа ұрындырады. Бүгінгі тарихи зердеміз хандарымыз бен батырларымыз және билеріміз бейнесін жаңғырту үшін күресуде. Мұны әрине, толық құптаған жөн. Алайда дәл осындайда тарихи біліміміздің төмендігі тағы да көрініс беріп қалады. Осының нақты мысалы Алматыда ардақтыларымызға көшелер аттарын беру. Абылай ханға және оның батырлары Қабанбайға, Бөгенбайға көшелер бердік [8, 167-б.].

Дау жоқ, бәрі дұрыс. Бірақ «Қазақ» деген есімді ту етіп көтеріп, алғашқы Қазақ хандығын құрған Жәнібек пен Керейді неге ұмыттық? Есімдерін жеке-жеке іліп қоймасақ та, екеуіне қосып бір көше беру қиын ба? Қазіргі Қазақстан жерін қамтитын Қазақ хандығын қалыптастыруда Мұрындықтың (деректерде Бұрындық), әсіресе әйгілі Қасымның рөлі аса үлкен екендігін тарихшылар ғана білетін тәрізді. «Еңсегей бойлы ер Есім», Өз-Тәуке тәрізді қайраткерлер болмаса қазақтың басы қосылар ма еді?! Сонымен қатар Қазақ хандығын басқарған хандарымыз тек мемлекет қайраткері болып қоймай, жауға әскер бастап шыққан қолбасшылар екенін де ескере бермейміз. Яғни, хандарымыз тек мемлекет басшысы ғана емес, сонымен қатар батырлар да. Оның үстіне әрбір хан өзінің төңірегіне халық арасынан шыққан батырларды да топтастыра білді емес пе?! [13].

Олай болса батырларымыздан бұрын хандарымызға құрмет көрсеткеніміз жөн болар. Өкініштісі сол, бүгінде асқынған тенденция ұлттық прагматизм негізінде қазақтық тұрғыда кесек тарихи тұлғаларымызды дәріптеуден гөрі әр аймақтаға жекелеген рулық сипаттағы батырлардың есімін ұстап алып, насихаттап дарақылаққа салынып жүргеніміз бар. Бұның ақыр аяғы сепаратизм құбылысы-емендікке үлкен сызат түсіреді. Сондықтан да ұлтты ұйымдастыратын, ұлттық сананы оятатын және отансүйгіштікті өршітетін Кенесары тәрізді ортақ та ірі тұлғаларды көтермелеуіміз аса қажет [15, 17-б.]. Кейінгі тарихымызда да мұндай тұлғалар баршылық. Алашорданы құрған Әлихан Бөкейханов, Түркістан автономиясын басқарған Мұстафа Шоқай. Тарихи зердеміз осыны әркез есте ұстауы керек. Ұлт болып қалу үшін ұлттық тарихымыздан үйренуіміз, ұлт қайраткерлерінен үлгі алуларымыз керек [10, 90 б.].

Талқылау. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін тарихи сананы қалыптастыру мен ұлттық бірегейлікті тану үдерісі жаңа арнаға бағыт алды. Қазақ хандығы, Алаш қозғалысы, репрессия жылдары секілді дәуірлер жаңаша бағаланып, зерттеле бастады.

Мысалы, М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, Ж. Қасымбаев сынды тарихшылар ұлт санасын тарихи жадпен байланыстыра зерттеді. Сондай-ақ, ұлттық және тарихи сана тұжырымдамасын зерттеу отандық тарихнамада 1990-жылдардан бастап белсенді түрде қолға алына бастады [12].

«Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» сияқты бағдарламалар тарихи санаға деген қызығушылықты күшейтті. Бұл бағдарламалар аясында тарихты жаңаша зерделеу мен кең ауқымды зерттеулерге жол ашылды. Әсіресе, М. Қозыбаев – тарихи сана мен ұлттық жад мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген. Ол тарихи сананы ұлттық идеямен, тәуелсіздікпен байланыстырды [10].

Ұлттық идеологияның заманауи үлгісі ретінде тарих танымды арқау еткен: Д. Қонаев, М. Шаханов, Ә. Нысанбайұлы, С. Өзбекұлы, Е. Ысмайылов, т.б. ғалымдардың еңбегін айрықша бағалауға болады [8].

Ұлттық прагматизм ұғымын мәдени-рухани тұрғыдан қарастырып, Түркі өркениеті, ұлттық идея, тарихи сабақтастық пен рухани жаңғыру туралы еңбектер жазған Мырзатай Жолдасбекұлын айтуға болады. Ұлттық менталитет пен тарихи сана мәселелерін терең қозғаған Ғарифолла Есім, ұлттық сананың қалыптасуы мен тарихи таным жайында құнды деректер келтірген Мәмбет Қойгелді, Қазақ хандығы мен ұлт тарихын прагматикалық тұрғыдан зерделеген Зиябек Қабылдинов салмақты мысал бола алады [11].

Қорытынды. Қазіргі таңда тарихи таным мен ұлттық сана мәселесі – ұлт болашағы үшін аса маңызды әрі өзекті тақырыптардың бірі. Ұлттық сана – бұл халықтың өз болмысын, рухани құндылықтарын, тарихи жолын терең түсінуі мен бағалауы. Ал тарихи таным осы сананың қалыптасуына негіз болатын іргетас іспеттес. Өйткені өз тарихын білмеген ұлт өз болашағын дұрыс бағытта алмайды. Бұл ретте тарих ғылымының атқарар рөлі айрықша.

Тарихты жаңаша көзқараспен зерделеуде отандық тарихшылардың ішінде Талас Омарбековтің орны ерекше. Ол кеңестік идеология бұрмалаған тарихи ақиқаттарды ашып көрсетуге бар күшін салған ғалым. Т. Омарбеков әсіресе 1920–30 жылдардағы ашаршылық, репрессия және ұлт-азаттық қозғалыстар туралы терең зерттеулер жүргізіп, бұрын жабық күйде болған тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізді. Бұл – тек ғылым үшін ғана емес, тұтас ұлт үшін рухани жаңғыруға бастар жол болды. Омарбековтің еңбектері арқылы қазақ халқы өзінің шынайы тарихымен беттесіп, ұлт ретінде өткен қателіктерінен сабақ ала бастады. Оның еңбектері жастарға ұлттық рух пен тарихи жадыны сіңіруге ықпал етіп, ұлттық бірегейлікті нығайтудың құралына айналды. Бұл – тарихи таным мен ұлттық сананың өзара байланысының айқын көрінісі.

Мақалада, төл тарихымызды тану – тек ғылыми зерттеу нысаны ғана емес, ұлт болып ұйысудың, өткенімізді саралап, болашағымызды айқындаудың жолы қарастырылды. Бұл жолда Талас Омарбеков сынды ғалымдардың еңбегі айрықша маңызға ие. Оның зерттеулері арқылы тарихи әділет қалпына келіп, ұлттық сана жаңғырды. Ендеше, ұлттық сананы күшейту үшін тарихи танымды тереңдету – әрбір ұрпақтың парызы. Осы тұрғыда Т. Омарбековтің ғылыми мұрасы — рухани тірегіміз әрі тарихи шындығымыздың айнасы болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 15-21-бб.
2. Омарбеков Т. Оқын ба, әлде... // Білім және еңбек. – 1974 жыл. – № 8
3. Кентбеков С.К. Проблемы историографии и основные принципы периодизации истории до советского Казахстана: Автореф. дисс. к.и.н. - Алматы, 1997. - С. 28. (8).
4. Десницкий С.Е. Юридическое рассуждение о разных понятиях, какие имеют народы о собственности имения в различных состояниях общежития речи... - М., 1823. - Т. IV. - С. 381.
5. Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. - Л., 1925. - С. 217.
6. Тынышбаев М. История казахского народа. - А., 1993. - С. 149. 90
7. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – А.: «Өнер», 2003. – 552б.

8. Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. – Астана: «Ана тіл – Ата тарих» ЖШС., - 2007. – 460 б.
9. Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттігі: ұлыстар, қағанаттар мен хандықтар. – Алматы, 2015. – 192 б. <https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1541400&simple=true>
10. Қойгелдиев М. Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?. – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 208 б.
11. Омарбеков Т. Зобалаң. – Алматы: «Санат». – 272 б. <https://abai.kz/post/15209>
12. Омарбеков Т. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: «Санат». – 320 б. <https://egemen.kz/amp/article/201443-talas-omarbekov-zher-betinde-qazaq-siyaqty-qasiret-korgen-khalyq-dgoq>
13. Омарбеков Т. Қазақ тарихындағы кеңестік идеологияның ықпалы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 184 б.
14. Омарбеков Т. Тарих тағылымы және ұлттық мүдде. – Алматы: «Жібек жолы», 2010. – 216 б.
15. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих және тұлға: Алаш қайраткерлері туралы зерттеулер. – Алматы: «Арыс», 2012. – 240 б.

References:

1. Omarbekov T., Omarbekov Sh. *A National Perspective on the History and Historiography of Kazakhstan*. – Almaty: Kazakh University, 2004. – pp. 15–21.
2. Omarbekov T. *Did You Read It, or...? *// *Bilim zhane Enbek* [Knowledge and Labor]. – 1974. – No. 8.
3. Kentbekov S.K. *Problems of Historiography and Basic Principles of Periodization of Pre-Soviet Kazakh History: Author's abstract of Candidate of Historical Sciences dissertation*. – Almaty, 1997. – p. 28.
4. Desnitsky S.E. *Legal Reasoning on the Different Concepts Nations Have of Property Ownership at Various Stages of Social Organization*. – Moscow, 1823. – Vol. IV. – p. 381.
5. Bartold V.V. *The History of Oriental Studies in Europe and Russia*. – Leningrad, 1925. – p. 217.
6. Tynyshpaev M. *The History of the Kazakh People*. – Almaty, 1993. – p. 149.
7. Omarbekov T. *Topical Issues of 20th Century Kazakh History*. – Almaty: “Öner”, 2003. – 552 p.
8. Omarbekov T. *A Destiny Intertwined with History*. – Astana: “Ana Til – Ata Tarikh” LLP, 2007. – 460 p.
9. Omarbekov T. *Statehood of the Kazakh Turks: Tribal Confederations, Khanates, and Empires*. – Almaty, 2015. – 192 p.
<https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1541400&simple=true>
10. Koygeldiev M., Omarbekov T. *What Does the Wisdom of History Tell Us?* – Almaty: “Ana Tili”, 1993. – 208 p.
11. Omarbekov T. *Zobalan (The Great Tragedy)*. – Almaty: “Sanat”. – 272 p.
[<https://abai.kz/post/15209>] (<https://abai.kz/post/15209>)
12. Omarbekov T. *The Tragedy of Kazakhstan in the 1920s–30s*. – Almaty: “Sanat”. – 320 p.
<https://egemen.kz/amp/article/201443-talas-omarbekov-zher-betinde-qazaq-siyaqty-qasiret-korgen-khalyq-dgoq>
13. Omarbekov T. The Influence of Soviet Ideology in Kazakh History. – Almaty: "Kazakh University", 2006. – 184 p.
14. Omarbekov T. Historical Lessons and National Interest. – Almaty: "Zhibek Zholy", 2010. – 216 p.
15. Koygeldiev M., Omarbekov T. History and Identity: Studies on Alash Figures. – Almaty: "Aris", 2012. – 240 p.

Г.Т. Отынишьева  *¹

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ-нің докторанты, Алматы қ., Қазақстан
E – mail: gauhartas7@mail.ru

1920–1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ШЫНДЫҚ ПЕН РУХАНИ МҰРА

Аңдатпа

Мақалада 1920-1950 жылдардағы қазақ жазушыларының тарихи тұрмыс бейнесінің қазақ халқының тарихындағы осы киын да күрделі кезеңін зерттейді. Бұл дәуір Кеңес өкіметінің саяси және идеологиялық қысымдарының күшеюімен, ұлттық тарихи мәдениетті сақтау мен дамыту талпыныстарымен ерекшеленді. Қазақ жазушыларының шығармашылығы тарихымызда халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік әділетсіздік пен саяси қысымдарды көрсету арқылы қоғамның рухани және материалдық күйін айқын бейнеледі. Дүрбелең тарихи кезеңде әдебиет пен идеологияның сабақтастығында жазушылар кейде цензура мен репрессияға ұшырады, бірақ олар өз туындылары арқылы ұлттың болмысын сақтап қалуға күш салды. Мақалада сол кезеңдегі жазушылардың шығармалары мен өмірі тарихи деректермен үндестіріліп, олардың қоғамдық рөлдері мен ұлттық санаға әсері талданады. Бұл зерттеу қазақ тарихындағы әдебиеттің ұлттық және әлеуметтік мәселелерді көрсетуіндегі маңыздылығын ашады, сондай-ақ 20-ғасырдың алғашқы жартысындағы әдеби процестің тарихына жаңа көзқарас ұсынады. Мақала қазақ тарихындағы қазақ жазушыларының күресі мен шығармашылық, қоғамдық-әлеуметтік мұрасын түсінуде маңызды ғылыми негіз болмақ.

Сонымен қатар мақалада 1920–1950 жылдардағы қазақ жазушыларының шығармашылығы тарихи және әлеуметтік шындықтар аясында қарастырылады. Аталған кезең – Кеңес өкіметінің орнауы, сталиндік репрессиялар, ашаршылық және саяси-идеологиялық қысыммен сипатталатын қазақ халқының ең ауыр әрі күрделі дәуірлерінің бірі болды. Осы тарихи ахуал халықтың күнделікті өміріне, әлеуметтік жағдайына, ұлттық болмысына үлкен әсер етті. Қазақ жазушылары өз шығармаларында әлеуметтік әділетсіздік, таптық теңсіздік, отарлық қысым, ашаршылық пен қуғын-сүргін сияқты өзекті мәселелерді көркемдік құралдар арқылы бейнеледі. Әдебиет қоғамның рухани айнасына айналып, әлеуметтік шындықты жеткізудің маңызды тетігі болды. Мақалада жазушылардың қоғамдық рөлі мен олардың ұлттық сана қалыптастырудағы ықпалы терең талданады. Бұл зерттеу XX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиеттің әлеуметтік мәселелерді көтерудегі маңызын ашып, әдеби мұраны қазіргі көзқарас тұрғысынан зерделеуге жол ашады.

Кілт сөздер: қазақ әдебиеті, 1920 - 1950 жылдар, Кеңес кезеңі, қазақ жазушылары, тарихи тұрмыс, идеология, цензура, саяси репрессия, ұлттық сана, әдебиет және қоғам

Отынишиева Г.Т. *¹

¹магистр, преподаватель КазНПУ имени Абая, Казахстан, г. Алматы.

E – mail: gauhartas7@mail.ru

КАЗАХСКИЕ ПИСАТЕЛИ 1920–1950-Х ГОДОВ: ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ И ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ

Аннотация

В статье исследуется отображение историко-бытовой картины в творчестве казахских писателей в 1920-1950-е годы – одного из самых сложных и противоречивых периодов в истории казахского народа. Этот период характеризуется усилением политического и идеологического давления со стороны советской власти, а также стремлением к сохранению и развитию национальной историко-культурной идентичности. Через изображения повседневной жизни, социальной несправедливости и политических репрессий казахские писатели отразили духовное и материальное состояние общества. В условиях идеологического контроля литература становилась не только средством художественного выражения, но и формой духовного сопротивления. Несмотря на цензуру и угрозу репрессий, многие писатели стремились сохранить национальную самобытность в своих произведениях. В статье анализируются литературные тексты и биографии писателей на фоне исторических реалий, освещается их общественная роль и влияние на формирование национального сознания. Исследование раскрывает значимость казахской литературы как отражения национальных и социальных проблем, а также предлагает новый взгляд на литературный процесс первой половины XX века. В статье также рассматривается творчество казахских писателей 1920–1950-х годов в контексте исторической и социальной действительности. Указанный период стал одним из самых тяжёлых и противоречивых этапов в истории казахского народа, характеризующийся установлением Советской власти, сталинскими репрессиями, голодоморами и политико-идеологическим давлением. Эти исторические обстоятельства оказали значительное влияние на повседневную жизнь населения, социальное положение и национальную самобытность. Казахские писатели в своих произведениях художественными средствами отразили актуальные проблемы того времени: социальную несправедливость, классовое неравенство, колониальное угнетение, голод и политические преследования. Литература превратилась в духовное зеркало общества и стала важным инструментом донесения социальной правды. В статье глубоко анализируется общественная роль писателей и их вклад в формирование национального самосознания. Настоящее исследование раскрывает значение казахской литературы в освещении социальных проблем первой половины XX века и открывает новые подходы к осмыслению литературного наследия с позиций современности.

Ключевые слова: казахская литература, 1920–1950-е годы, советский период, казахские писатели, историко-бытовая картина, идеология, цензура, политические репрессии, национальное сознание, литература и общество

Otynshieva G.T.  *1

¹ master, teacher of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
E – mail: gauhartas7@mail.ru

KAZAKH WRITERS OF THE 1920S–1950S: HISTORICAL-SOCIAL REALITY AND SPIRITUAL HERITAGE

Abstract

This article explores the socio-historical representations in the works of Kazakh writers during the 1920s–1950s, a complex and turbulent period in Kazakh history. The era was marked by increased political and ideological pressure from the Soviet regime, as well as efforts to preserve and develop national historical and cultural identity. The creative works of Kazakh writers reflected the living conditions of the people, social injustices, and political oppression, vividly portraying the spiritual and material state of society. Amidst upheaval and censorship, writers often faced repression but strived to preserve national consciousness through their literature. The article analyzes the works and lives of writers of the period in conjunction with historical sources, highlighting their societal roles and influence on national identity. This study underscores the importance of literature in revealing national and social issues in Kazakh history and offers a new perspective on the literary process in the first half of the 20th century. It serves as a valuable scholarly foundation for understanding the struggle, creativity, and socio-political legacy of Kazakh writers during this era. The article also examines the works of Kazakh writers of the 1920s–1950s within the context of historical and social realities. This period was one of the most difficult and controversial in the history of the Kazakh people, marked by the establishment of Soviet power, Stalinist repressions, famines, and political-ideological pressure. These historical circumstances had a profound impact on the daily lives of the population, their social conditions, and national identity. In their literary works, Kazakh writers reflected the pressing issues of the time through artistic means, including social injustice, class inequality, colonial oppression, famine, and political persecution. Literature became a spiritual mirror of society and an important tool for conveying social truth. The article provides an in-depth analysis of the public role of writers and their contribution to the formation of national consciousness. This study highlights the significance of Kazakh literature in addressing social issues in the first half of the 20th century and offers new approaches to rethinking the literary legacy from a contemporary perspective.

Keywords: kazakh literature, 1920s–1950s, Soviet period, Kazakh writers, socio-historical image, ideology, censorship, political repression, national identity, literature and society

Кіріспе.

1920–1950 жылдар аралығы – қазақ халқы үшін аса ауыр әрі күрделі тарихи кезеңдердің бірі. Бұл дәуірде Кеңес өкіметінің орнауы, саяси қуғын-сүргін, ашаршылық және идеологиялық бақылау ұлттық мәдениеттің, соның ішінде әдебиеттің дамуына теріс әсерін тигізді. Алайда дәл осы кезеңде қазақ жазушылары елдің тарихи тағдыры мен әлеуметтік ахуалын көркем шығармалары арқылы шынайы бейнелеуге тырысты. Олар әдебиет арқылы отарлық езгі, әлеуметтік әділетсіздік, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен ұлттық болмысына төнген қауіптерді көрсетіп, тарихи жадыны сақтауға күш салды.

Зерттеудің өзектілігі – осы кезеңдегі әдебиетті тек көркемдік құбылыс ретінде емес, қоғамдағы рухани және әлеуметтік өзгерістердің айнасы ретінде қарастыруда. Сонымен қатар, жазушылардың шығармашылығы арқылы қазақ халқының ұлттық сана-сезімі мен тарихи жадын қалыптастыру жолындағы күресін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тақырып қазіргі тарихи және әдебиеттанулық зерттеулерде ұлттық рухани мұраны бағалау, қоғам мен әдебиет байланысын қайта пайымдау тұрғысынан маңызды ғылыми мәселелердің бірі болып табылады.

Саяси, идеологиялық ерекшелігіне орай «жабық есік» саясатын ұстанған кеңестік тоталитар-

лық жүйе тұсындағы қазақ әдебиеті зиялы өкілерінің, мәдениетін, тілін, ділін, өзін-өзі қорғауы сақтап қалуы күрмеуі қиын күрделі мәселелердің бірі болғандығы белгілі. Қазіргі ұлт саясатымен кеңестік коммунистік ұлт саясатын мүлде салыстыруға келмейді. Кеңестік мемлекеттің үстемдік еткен коммунистік ұлт саясатының салдары жекелеген адамдардың тағдырына ғана емес, тұтастай ұлттарға, олардың саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани дамуына зардапты ықпалын тигізді.

Қазақ халқының ұлттық мүддесі большевиктер партиясы тарапынан қасақана, түбегейлі бұрмаланды. Коммунистердің қолдан жасаған ұлт саясатының салдарынан қазақ ұлты жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. 1920 - 1950 жылдар аралығы - қазақ халқының тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі. Бұл уақытта кеңестік биліктің орнығуы, ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін сияқты оқиғалар орын алды. Осы мәселелердің бәрі қазақ зиялы қауымының саяси, кәсәби, тұрмыстық өміріне тікелей әсер етті. Ел тарихында қазақ жазушылары осы өзгерістердің ортасында болып, өз шығармаларында қоғамның шынайы бейнесін көрсетуге тырысты. Олардың отбасылық өмірі мен келер ұрпақ тәрбиесіне деген көзқарастары да осы тарихи жағдайлармен тығыз байланысты болды.

1920-1950 жылдары қазақ қоғамы күрделі әлеуметтік және саяси өзгерістерді басынан кешірді. Бұл кезеңде көптеген жазушылардың өмірі қиындықтарға толы болды. Қазақтың көптеген танымал жазушылары осы кезеңде шығармашылықпен айналыса отырып, отбасылары мен жеке өмірлерінде де қиыншылықтарды бастан өткерді. Жазушылар мен ақындардың көбі қоғамдық, саяси мәселелерге араласып, солардың ықпалымен жеке өмірлері мен отбасы жағдайы өзгеріп отырды.

Көп жазушы үшін күнделікті өмір – кітапхана мен жұмыс бөлмесінде, шығармашылық шабыт іздеумен өтетін. Алайда тұрмыстық қиындықтар, азық-түлік тапшылығы, мемлекеттік бақылау олардың өмір салтына әсер етті.

1920-1950 жылдар аралығы қазақ әдебиеті үшін тарихи-мәдени маңызды кезең болып табылады. Бұл уақыт Кеңес өкіметінің орнауымен, әлеуметтік-саяси өзгерістердің қарқынды дамуы және идеологиялық бақылаудың күшеюімен сипатталды. Осы жылдар қазақ жазушыларының шығармашылық жолында қиындықтар мен күрделі таңдау сәттерін көп әкелді. Олар халықтың тұрмыс-тіршілігін, тарихи тағдырын, ұлттық сана-сезімін бейнелеуге талпынды, бірақ сонымен бірге Кеңес билігінің талаптары мен цензурасына да ұшырады. Қазақ әдебиеті тек көркем сөздің ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сана мен рухани күрестің бір түрі ретінде дамыды.

Бұл кезеңдегі жазушылардың шығармалары – сол заманның қоғамдық-саяси жағдайын, ұлттық құндылықтар мен идеологияның қайшылығын айқын көрсететін айна іспетті. Қазақ жазушыларының осы күрделі тарихи кезеңдегі шығармашылық ұстанымы, олардың қоғамдағы рөлі, әдебиет пен билік арасындағы қарым-қатынас қарастырылады. Сонымен қатар, 1920-1950 жылдардағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ерекшеліктері мен даму бағыттары жан-жақты талданып, сол дәуірдің тарихи тұрмыс бейнесі нақты көрініс табады. Осылайша, зерттеу қазақ әдебиеті мен қоғамының өзара әсерін ашып көрсетуге, қазақ жазушыларының күресі мен шығармашылық мұрасын терең түсінуге мүмкіндік береді. 1920-1950 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті мен жазушыларының шығармашылығы қазақ халқының тарихи тағдыры мен мәдени дамуының маңызды кезеңін қамтиды. Бұл дәуірде ұлттық сана мен руханияттың қалыптасуы, сондай-ақ Кеңес билігінің саяси және идеологиялық қысымдары арасындағы күрделі тепе-теңдік орнады. Қазіргі таңда осы кезеңдегі әдеби шығармалар мен олардың авторларының өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеу маңызды, өйткені олар ұлт тарихының, мәдениетінің және әдебиетінің түпкі негіздерін түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, бұл тақырып кеңестік идеология мен шынайы тарихи оқиғалар арасындағы қайшылықтарды ашып көрсетеді, қазақ қоғамының өткенін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі қоғам үшін тарихи тұрмысты және әдебиеттің қоғамдық ролін зерттеу ұлттық сана мен мәдениетті жаңғыртуға септігін тигізеді. Сондықтан 1920-1950 жылдардағы қазақ жазушыларының тарихи тұрмыс бейнесін қарастыру өзекті әрі ғылыми маңызы зор тақырып болып табылады. Бұл кезеңде белсенділік танытқан әйел

жазушылардың бірі – Мәдина Тұрысбекова, Зейнеп Ахметова. Әйел жазушыларға екі есе ауыр болды: әрі отбасы тіршілігі, әрі шығармашылық өмірді қатар алып жүру қажет болды

Материалдар мен әдістемесі.

Бұл зерттеуде 1920-1950 жылдардағы қазақ жазушыларының шығармалары негізгі материал ретінде алынған. Сонымен қатар, сол дәуірге қатысты тарихи деректер, архив құжаттары, меморандумдар мен хаттар, сонымен қатар әдеби сын және зерттеу еңбектері қолданылды. Зерттеу барысында әдеби шығармалар мен тарихи құжаттарды салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылды, бұл әдіс жазушылардың шығармаларындағы әлеуметтік-тарихи бейнелер мен нақты тарихи жағдайларды байланыстыра қарауға мүмкіндік берді. Мақалада контекстуалды талдау әдісі арқылы шығармалардағы идеологиялық әсерлер мен мәдени құндылықтар анықталды. Ұсынылған зерттеудің методологиялық негізін әдеби-тарихи талдау, феноменологиялық тәсіл және мәдениеттанулық көзқарастар құрайды. Осы әдістер арқылы зерттеу қазақ жазушыларының шығармашылық күресін, олардың тарихи кезеңдегі рөлін жан-жақты ашуға бағытталды. Мұндай кешенді әдістемелік тәсіл мақаланың ғылыми дәлдігі мен нақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан жазушыларының күнделікті өмір салтының қалыптасу тарихы және жазушылардың өмірлік тәжірибесін, олар жүргізген өмір салтын өзіндік бағалауды ескерусіз түсіну мүмкін емес екендігі баяндалады. 1930-шы жылдардағы Қазақстан жазушыларының күнделікті өмір салтының қалыптасу тарихын қарастыруы қарапайым адамдардың жеке басының тәжірибесі мен өзіндік мінез-құлқының алуан түрлерін тарихи тұрғыдан бағалауға бағытталған. Қазақстан жазушыларының күнделікті өмірінің материалдық-тұрмыстық жақтарын қалпына келтіру мәселесі талданған.

Отызыншы жылдар – кеңестік Қазақстан жазушыларының күнделікті өміріндегі елеулі өзгерістер кезеңі. Бұл өзгерістер көбінесе жазушылар ұйымдарын құрумен байланысты болды. Жазушылардың жаңа әлеуметтік жағдайы қалыптасты. Билік жазудың идеологиялық әлеуетін уақытылы бағалауға тырытсы және жазушыларға басқа кәсіби топтардың өкілдерімен салыстырғанда олардың күнделікті өмірінің ерекшелігін анықтайтын белгілі бір артықшылықтар бергенімен қадағалау, сын көзбен қарау басым болды.

Қазақстан жазушыларының күнделікті өмірі бүгінгі таңда отандық және шетелдік тарихшыларды зерттеудің нысанына айналууда. Тарих ғылымында күнделікті тарих зерттеушіні қарапайым адамдардың өзіндік мінез-құлқының барлық алуан түрлілігін және жеке тәжірибесін жаңғыртуға бағыттайды. Осы тұрғыда Қазақстандық кеңес жазушыларының күнделікті өмірінің материалдық-тұрмыстық аспектілерін қайта құру ерекше қызығушылық тудыруда. Күнделікті өмір тарихын зерттеудің методологиясы жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың әлеуметтік жағдайларға бейімделу тәсілдерінің алуан түрлілігін, сондай-ақ олардың билікпен қалай қарым-қатынас әрекеттер жасағандығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл мемлекеттің қызметін қарапайым бейнелеудің тарихын жинақтамайды [1].

Отан тарихының кеңестік кезеңіндегі көптеген зерттеушілердің пікірінше, сталиндік саясат белгілі бір әлеуметтік топтардың ықпалымен қалыптасты. Бұл ықпал салыстырмалы түрде әлсіз болғанымен, режим мен түрлі әлеуметтік топтар арасында өзіндік шарттар жасаудың үздіксіз процесі жүрді [2].

XX ғасырдың 20 жылдары Республикада алғашқылардың бірі болып ұлттық әдебиет пен мәдениетті дамыту және насихаттау ісімен айналысқан Түркістан өлкесіндегі «Талап» қоғамы болды. Бұл қоғамның жетекшілері жазушы М.Әуезов, этнограф Ә.Диваев, профессорлар Х.Досмұхамедов, А.Шмидт, Н.Архангельский, М.Тынышпаев, М.Есболов, И.Тоқтыбаев, Қ.Тыныстановтар болды. Қоғам Жарғысының жобасын Түркістан ағарту ісі жөніндегі халық комиссариаты мемлекеттік ғалымдар кеңесі бекітті.

1923 жылы 4 желтоқсандағы «Талап» қоғамының мақсаты мен қызмет шеңбері төмендегідей болды: Қазақ әдеби тілінің, терминологиясы мен орфографиясы, т.б. мәселелерін қарастыру; ұлттық өнерді зерттеу; қазақ халқының тарихы мен тұрмысын зерттеу; қазақ мектептерінде оқыту мәселелерін қарастыру; қазақ ғылыми қызметкерлері мен қазақ өнері қайраткерлеріне көмек

көрсету. Қоғам құрамына А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Міржақып Дулатұлы, Қ.Кемеңгеров, т.б. енді. Осы кезеңде жаңа кеңестік әдебиет қалыптаса бастайды [3]. Қазақстандағы өкілдері Сәкен Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Ізтөлин жәнө т.б. болды. Олардың шығармашылығы айқын социалистік реализм және пролетарлық интернационализм ұстанымына негізделді.

Мәдениеттегі кез-келген құбылыс таптық, пролетарлық күрес тұрғысынан бағаланды. Халық шығармашылығының көптеген түрлері, мысалы, «Едіге», «Қобыланды батыр» реакцияшыл, қлтшылдық, көзқарастағы шығарма деп жарияланды. А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатұлы қуғынға ұшырады. Абай шығармалары талқылауға түсті. Басқа жанрлардың арасында бірінші орынға саяси лирика шығарылды. Кеңестік жарқын шындықты жабырқау өткен өмірмен салыстыру тәсілі кең қолданысқа енді. ҚазАПП қызметінде қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті дәстүрлерін жоққа шығару көзқарасы барған сайын дами бастады. Қазақ көркем әдебиетіндегі екі негізгі ағым - ұлтшылдық бағыт пен социалистік реализм арасындағы пікірталастар 1922-1923 және 1926-1928 жылдары ерекше қарқын алды. Бұл кезеңдерде әдебиетшілердің шығармашылық ұстанымдары мен идеологиялық көзқарастары қақтығысып, қазақ әдебиетінің даму бағытын айқындады.

1922-1923 жылдары қазақ әдебиетінде ұлтшылдық және социалистік бағыттар арасындағы пікірталастар қызу жүрді. Бұл кезеңде «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет», «Ақ жол», «Шолпан», «Темір қазық», «Сана», «Лениншіл жас» сияқты басылымдарда әдебиет мәселелері талқыланды. А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатұлы сияқты ұлтшылдық бағытты ұстанған қаламгерлер кеңестік идеологияға қарсы шығып, ұлттық әдебиеттің ерекшеліктерін қорғады. Ал С.Сейфуллин, С.Мұқанов сияқты социалистік реализмді қолдаушылар жаңа кеңестік әдебиетті қалыптастыруды мақсат етті. Бұл пікірталастар әдебиетшілердің шығармашылық ұстанымдары мен идеологиялық көзқарастарын айқындады [4].

1926-1928 жылдары әдебиеттегі екі ағым арасындағы пікірталастар жаңа деңгейге көтерілді. Бұл кезеңде С.Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 1926), Қ.Кемеңгеровтің «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 1926), Ы.Мұстамбайұлының «Көркем әдебиет туралы» («Қызыл Қазақстан», 1927), Ш.Тоқжігітұлының «Әдебиет мәселелері» («Қызыл Қазақстан», 1927), С.Садуақасұлының «Әдебиет әңгімелері» («Еңбекші қазақ», 1927) сияқты мақалалары жарық көрді. Бұл мақалаларда әдебиеттің таптық сипаты, социалистік реализмнің маңызы, ұлттық әдебиеттің болашағы туралы пікірлер айтылды. С.Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» мақаласы («Қызыл Қазақстан», 1927) әдебиетшілердің шығармашылық ұстанымдарын жүйелеп, кеңестік әдебиеттің негіздерін бекітті. Бұл пікірталастар қазақ әдебиетінің даму бағытын айқындап, социалистік реализмнің үстемдігін қамтамасыз етті [5]. Түйіндей айтқанда, 1922-1923 және 1926-1928 жылдардағы пікірталастар қазақ әдебиетінің дамуында маңызды кезеңдер болып табылады. Бұл кезеңдерде ұлтшылдық және социалистік бағыттар арасындағы қақтығыстар әдебиетшілердің шығармашылық ұстанымдары мен идеологиялық көзқарастарын айқындап, қазақ әдебиетінің болашағына әсер етті. Қазақ көркем әдебиетіндегі осы екі ағым арасында 1922-1923 жылдары, содан соң 1926-1928 жылдары қызу пікірталас болып өтті.

XX ғасырдың 20-жылдардың ортасы мен соңында қазақ әдебиетіне Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Ғ.Орманов секілді талантты жастар келіп, кеңес адамдарының - ауыл және қала еңбеккерлерінің бейнесін жасады. Қазақ кеңес ақын-жазушыларының шығармашылығында В.И. Ленин бейнесі жеке тақырыпқа айналды [6].

1930-жылдардың ортасынан 1950-жылдардың басына дейін жазушыларды Кеңес Жазушылар Одағы біріктіргеннен кейін негізінен әдеби үдерістің партиялық басшылық тарапынан сипаттамалық негіз алып, Сталиннің кеңестік әдеби үдерісті қалыптастырудағы жеке рөлі атап өтілді [7]. 1932 жылдан бастап ССП құру басталған және кеңес жазушыларының өмірі мен шығармашылығының ерекше жағдайлары қалыптасқан. 1930 жылы кеңес жазушыларының күнделікті өмірі тұрақты сипатқа ие болды. Бұл көп жағдайда бастапқыда әдеби интеллигенцияның материалдық жағдайын қамтамасыз ету міндеті жүктелген жаңа ұйымдар мен мекемелердің

құрылуымен байланысты болды. Сондықтан әдебиетшілердің әлеуметтік жағдайы белгілі бір түрде бекітілді. Олар қоғамға қуатты идеялық ықпал етуге шақырған болғандықтан, билік оларға белгілі бір артықшылықтар берді және сатып алған жоқ. Сол кезде құрылған ұйымдардың қызметі әрдайым тиімді болған жоқ, бұл туралы оларды реформалаудың алғашқы жылдарында жасаған көптеген әрекеттері куә болды. Ол көп жағдайда жазушылардың мәселелерін шешуге емес, өзін сақтауға бағытталған бюрократиялық құрылым болды. Көп жағдайда ол ресми түрде тәуелсіз ұйым бола отырып, одақтың ықпалында болған Литва қорының қызметін қайталады.

Зерттеуде қарастырылған кезеңдегі қазақ жазушыларының тарихи тұрмысы мен шығармашылық күресі кең ауқымды әлеуметтік-идеологиялық процестерге байланысты болғаны анықталды. 1920-1950 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті ұлттық мәдениетті жаңғырту және социалистік идеологияны насихаттау миссиясын орындап, түрлі қиыншылықтарға қарамастан жаңа формалар мен жанрларды дамытты. Жазушылардың күнделікті өмірі мен әлеуметтік жағдайы Кеңес билігінің бақылауында қалып, олар белгілі бір артықшылықтарға ие болса да, қатал қадағалау мен идеологиялық талаптарға сай келуге мәжбүр болды. Бұл зерттеу қазақ жазушыларының шығармашылығы мен өмір салтының тарихи-әлеуметтік контекстін жан-жақты ашып, олардың қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қалыптасуына қосқан үлесін айқындады. Сонымен қатар, әдеби және тарихи материалдарды салыстырмалы талдау арқылы кеңестік кезеңдегі әдеби процестің ерекшеліктері мен қиыншылықтары көрініс тапты. Қорыта айтқанда, зерттеу қазақ жазушыларының тарихи-әлеуметтік жағдайын түсінуде жаңа ғылыми негіздер қалыптастырып, қазақ әдебиеті тарихының маңызды кезеңін толыққанды зерттеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылаулар.

1920-1950 жылдардағы интеллигенция қауымының шығармашылығы мен мәдени-тұрмыстық жағдайының ерекшеліктері. 1920–1950 жылдар – қазақ қоғамы үшін күрделі тарихи кезең. Бұл уақыт аралығы Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнығуынан бастап, сталиндік репрессиялар, ашаршылық, Екінші дүниежүзілік соғыс, одан кейінгі қайта құру жылдарына дейінгі уақытты қамтиды. Осындай саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер қазақ интеллигенциясының өмірі мен шығармашылығына тікелей әсер етті. Интеллигенция өкілдерінің – жазушылар, ақындар, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің бұл кезеңдегі ең басты миссиясы – ұлттық рухты, тілді, мәдениетті сақтап қалу, жаңа қоғамның талабына бейімделе отырып, халыққа рухани жол көрсету болды. Интеллигенция ұғымы және оның қалыптасуы. Қазақ интеллигенциясы XX ғасырдың басында қалыптаса бастады. «Алаш» қозғалысының өкілдері – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов сынды қайраткерлер ұлттық сананы ояту жолында алғашқы қадам жасады. Алайда 1920 жылдан кейін кеңестік билік орнап, интеллигенция өкілдеріне жаңа талаптар қойылды. Олар кеңестік идеологияға сай жұмыс істеуге мәжбүр болды. Алайда ішкі дүниесінде олар ұлттың мұңын жоқтады, ұлттық мүддені қорғауға тырысты.

1920-1930 жылдардағы қазақ интеллигенциясының шығармашылығы әртүрлі жанрларда көрініс тапты: әдебиет, драматургия, музыка, театр, ғылым. Шығармаларда халық тұрмысы, әлеуметтік теңсіздік, ауыл өмірі, ұжымдастыру сияқты тақырып-тар қамтылды. Кейбір қаламгерлер кеңестік идеяны насихаттауға мәжбүр болса, басқалары жасырын түрде халық шындығын бейнелеуге тырысты. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің шығармаларында революциялық идеялар басым болса да, оның «Тар жол, тайғақ кешу» романында ұлттық сипат, тарихи оқиғалар терең бейнеленді. Бейімбет Майлин мен Ілияс Жансүгіров те халықтың шынайы өмірін жазуға тырысқанымен, кеңестік қысым олардың еркін шығармашылықтарына кедергі келтірді.

Интеллигенция өкілдерінің тұрмыстық жағдайы әрқашан біркелкі бола қойған жоқ. 1920-жылдары көптеген жазушы, оқытушы, зерттеушілер ауылдарға барып, ағарту жұмыстарымен айналысты. Олар мектептер ашып, халықты сауаттандыруға, ұлт-тық тілді дамытуға күш салды. Бұл – үлкен еңбек әрі қиын міндет болды, себебі тұрмыстық жағдай өте төмен еді. Жалақы мардымсыз, тұрмыстық қолайсыздықтар көп, алайда соған қарамастан интеллигенция өкілдері өз миссиясын атқарды. 1930 – жылдары сталиндік репрессия басталғанда интеллигенция қатты жапа

шекті. Мындаған жазушы, ақын, ұстаз, ғалым «халық жауы» атанып, атылды немесе айдауға жіберілді. Бұл ұлттық мәдениетке орасан зор зардап әкелді. Алаш зиялылары түгелдей дерлік қуғындалды. Олардың орнына кеңестік идеологияны мойындаған, партияға адал тұлғалар келді. Алайда бұл жаңа толқын да репрессиядан құтыла алмады – мысалы, Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин сияқты ірі қаламгерлер де атылды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде интеллигенция өкілдерінің басым бөлігі майданда немесе тылда жұмыс істеді. Соғыс тақырыбы қазақ әдебиетінде кеңінен жазыла бастады. Жамбыл Жабаевтың патриоттық өлеңдері халықты рухтандырды. Мұқағали Мақатаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сынды жазушылар да соғыс және оның адам тағдырына әсері туралы шығармалар жазды. Бұл жылдары мәдениет майданында да жұмыс қызып жатты: театрлар жұмыс істеп тұрды, газет-журналдар шығуын тоқтатпады. Интеллигенция халықтың рухын көтеру үшін күндіз-түні еңбек етті. Алайда тұрмыс-тық жағдайлары әлі де төмен деңгейде қалды – азық-түлік тапшылығы, тұрмыстық қиындықтар, саяси бақылау ешқашан әлсіреген жоқ.

1945-1950 жылдардағы жағдай. Соғыстан кейінгі жылдары әдебиет пен өнерде біршама еркіндік сезілгенімен, бұл кезеңде де қатаң цензура сақталды. 1946 жылы Жоғарғы партия органдары «буржуазиялық ұлтшылдыққа» қарсы күрес жариялады. Бұл интеллигенцияға тағы да қысым әкелді. «Халық жауы» түсінігі қайта жаңғырып, ұлттық ерекшелікті көтеруге тырысқан кез келген тұлға күдікке ілікті. Бірақ осы жылдары қазақ әдебиеті көркемдік жағынан өсті. Абай мұрасын зерттеу, фольклорды жинақтау, қазақ тілі мен тарихына көңіл бөлу сияқты жұмыстар басталды. Бұл – кеңестік шеңбер аясындағы мүмкіндікті мейлінше пайдалану еді. 1920-1950 жылдар аралығындағы қазақ интеллигенциясы – ұлт руханиятының тірегі болды. Олар саяси қысым мен тұрмыстық қиыншылықтарға қарамастан, халқына қызмет етті, ұлттық әдебиетті, мәдениетті дамытты. Олардың шығармашылығы – күрес пен үміттің, сенім мен арманның көрінісі. Интеллигенция өкілдерінің еңбегі ұлттың тарихында өшпестей із қалдырды. Бұл кезең – интеллигенция үшін тек 1934 жылы 12-18 маусым күндері Қазақстан жазушыларының I съезі өтіп, онда идеялық тәрбие жүргізудегі қуатты құрал кеңестік әдебиет болуы керек екендігі баса айтылды. Қазақ кеңес әдебиеті фольклор дәстүріне сүйенді. Мәселен, Ж. Жаббаев шығармаларында ел өмірінің айтулы оқиғалары көрініс тапты. Жаңа өмір мен кеңес адамдарын ақын Нұрпейіс Байғанин (1860-1945 жылдары) өзінің эпостық жырларына арқау етті. Иса Байзақов (1900-1946 жылдары) шығарма-шылығы нағыз халықтық мәнге ие болды. 20-30-жылдар қазақ кеңес әдебиетінде проза, драматургия және әдеби сын сияқты жаңа жанрлар дамыған кезең болды. І. Жансүгіров «Жолдастар» романын жазды, С.Мұқанов «Байдың ұлы», «Достар», «Ботагөз» романдарын тудырды. Қазақ драматургиясын дамытуда Мұхтар Әуезовтің рөлі зор. Қазақ театр өнерінің дамуы оның есімімен тығыз байланысты. Ресми билік құптаған негізгі тақырып – кеңестік қоғамның құрылуы және дамуы, қазақтардың туған өлкесін түлетуге қосқан үлесі, жергілікті халықтың социалистік еңбектегі ерлігі, т.б. болып саналды.

30-жылдары әдебиетшілердің негізгі массасының тұрғын үй жағдайы нашар болды. Қалаларда қазақ жергілікті тұрғындарға тұрғын үй жетіспеді. Аштық жылдарында жазушыларды азық-түлікпен және өнеркәсіп тауарларымен жабдықтауда жетіспеушілік сезілді. Дегенмен, жазушыларда халықтың көптеген басқа санаттарына қарағанда артықшылық болмады.

Елдегі жағдай жазушылық қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруға және проблемаларды дербес шешуге жоғары емес қабілетін анықтады. Жазушылардың бастамаларымен жаңа бюрократиялық құрылымдарды ұйымдастыруға және ақша, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын бөлу туралы өтінішпен түрлі инстан-цияларға хаттар жазуға келді. Аштық кезінде өмір сүру жағдайлары жабдықтау мен тұрғын үйдің жетіспеуінен ғана емес, сонымен қатар әдебиетшілердің шығармашылықпен толыққанды айналыса алмаған-дығы да қиын болды [8]. Дегенмен әдебиетшілердің материалдық жағдайы осы кезең соңында біршама жақсарды. Бірақ олардың көпшілігі өздерінің негізгі қызметі үшін қаламақы есебінен өмір сүре алмады, бұл табыстың басқа түрлерін іздеу қажеттілігі туындады. Сонымен қатар, мемлекеттің гонорарарлық саясаты салық салудың шексіз реформаларына бағытталғаны әрдайым айқын емес еді.

Әдебиетшілердің ең өткір мәселелерінің бірі, КСРО-ның басқа азаматтары сияқты осы кезеңде тұрғын үй болды. Оны шешу әрекеттері соншалықты деңгейде көтерілмеді. Кеңестік жазушылар одағы өз күш-жігерін ең алдымен жазушылардың, кез келген биліктің тұрғын үй мәселелерін шешуге бағытта-ғанымен, Қазақстан сияқты шеткері мемлекеттердегі жазушылардың тұрғын үй жағдайлары шешіле қоймады.

Сондай-ақ жазушыларды азық-түлікпен және өнеркәсіптік тауарлармен жабдықтау жүйесінің қалыптасуы, медициналық қызмет көрсету мен зейнетақымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Бір жағынан, жазушылардың артықшылық берілген жабдықтау мен қызметтерге қол жеткізуі, ал екінші жағынан - олардың сапасы жоғары емес екені туралы қорытынды жасалады. Осы кезеңде шығармашылық және демалыс жазушылар үйлер жүйесін құру басталды. Сол кезде саяжайды иелену мүмкіндігі артықшылық қабатқа тиістілігінің сөзсіз белгісі болды. Саяжай кенттерінде, оларға арналған демалыс үйлеріндегі сияқты жазушылар ең алдымен материалдық-тұрмыстық жағдайларды емес, белгілі бір ортаны бағалаған. Сонымен қатар, бір кәсіби қабаттың өкілдерінің осындай жинақы тұруы кейбір элитарлықты, адамдардың ерекше тобына жататынын сезінуге мүмкіндік берді. Әдебиет-шілердің күнделікті өмірін ұйымдастыруда олардың әйелдері ерекше рөл атқарды [9]. Осылайша, 1930-шы жылдары «орта» кеңес жазушысы өмірінің белгілі бір салты қалыптасты. Оның күнделікті өмірінің жағдайы материалдық тұрғыдан алғанда, ел халқының басқа да көптеген санаттары, соның ішінде КСРО-ның көркем интеллигенциясының кейбір кәсіби топтары (журналистер, Суретшілер және т.б.) жақсы болды.

Өмірдің ерекше жағдайларының болуының басты факторы-билік пен өзара іс- қимылды және одан белгілі бір материалдық артықшылықтар алуды қамтамасыз ететін жазушылар қорының және басқа да ұйымдардың қызметі болды. 1934 жылы республикада Қазақ әдебиеті баспасы ашылды. А.Жұбанов, Х.Жұмалиев, Б.Шалабаев, Б.Сүлейменов, Е.Смайлов, жазушы Ю.Домбровский осындай жалған айыптармен жазаланып, сондай-ақ Ә.Марғұлан, Ә.Әбішев, С.Бегалин секілді ғалымдар мен жазушылар саяси және буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктер жіберді деп айыпталды [8]. 1948 жылы «космополитизммен», яғни шетел мемлекеттерінің мәдениетіне көңіл бөлушілермен күрес науқаны басталды. Космополитизм науқанында Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының мақтанышы болып келген Шортанбай, Шәңгерей, О.Қарашев феодалдық-реакцияшылдар деп танылды. Қабдеш Жұмаділов: Сәбең бір кезде мақтанып айтқан фактілер Сәбеңнің өзіне мін болып тағылды, міне. Сәбең «Өмір мектебінде»: «Ахмет Байтұрсыновтың 1923 жылы Орынборда 50 жылдық мерейтойы өтіп жатқанда біз шіріген картоп лақтырып, жұмыртқа лақтырып өткізбей тастадық», – дейді. Мағжанға да қатысты өстіп айтады. Сосын Алаш қайраткерлерімен қалай алысқанын, оларды қалай жеңгенін айтады. Әрине, Сәбит Мұқанов жеңеді. Сәбең 70-ке келгенде мен жиналысқа қатысып отырдым. Елдің бәріне Алтын жұлдыз тағып жатты. Президиумның указын Имашов оқыды. Сонда немен наградталатынын өздері білмейді. «Совет өкіметіне сіңірген еңбегі үшін, бөлен үшін, түген үшін наградталады» деген кезде Сәбеңнің өзі де еңсесін көтеріп тыңдап қалды. «Ленин орденімен наградталады» [10] деген кезде шөгіп кетті.

Жиырмасыншы жылдардың басында аштарға жәрдем көрсету комиссиясына Жүсіпбек Аймауытов та қатысып, мал жинауға басшылық еткен. Аштарға жинаған малды үкімет орындарына өткізген. Осы жинаған малды түгел тапсырмады, өздері ішіп, жеді деп, өсекші, жалақорлар сотқа шағым арыз берген. Сол сот мәжілісінде Жүсіпбектің өзін ақтап сөйлеген сөзі Семей маңындағы ел аузында ұзақ жылдар бойына аңыздай болып айтылып жүрді. Ол сөйлеген сөзінде ел тарихынан, өз өмірінен тамаша өнегелі мысалдар, маңызы зор, мағынасы терең дәлелдер келтіріп, сотта жалақорлардың өсек арызын жоққа шығарған. Сөйтіп өз ісінің адалдығын ақтап шыққан.

1932 жылғы көктемде жазушы Бейімбет Майлин Семейге келді. Мен Жазушылар одағының Семейдегі өкілі болатынмын. Бейімбетпен бұдан бірер жыл бұрын танысқанмын. Ол Өлкелік партия комитетінің астық дайындау науқанына жіберген өкілі еді. Семейде біраз уақыт Бейімбеттің қасына еріп жүрдім. Бейімбет бұл жолы өзінің жерлесі, жақын досы Аманғали

Сегізбаевтың пәтерінде тұрды. Бейімбетке күн сайын жолығып, онымен әңгімелесіп жүрдім. Ол газетте әдебиет бетін ұйымдастыруға көмектесті. Бір күні редакцияның тапсырмасымен кеме тоқтайтын, жүк тиеп, түсіретін айлаққа (пристаньға) бармақшы болдым. Бейімбет түсте дем алып, енді сыртқа серуендеп қайтпақ болып отыр екен. Мен оған Ертіс жағасына бара жатқанымды айттым. Ендеше, сенімен бірге мен де біраз жүріп қайтайын, - деді Бейімбет. Екеуміз көшеге шықтық. Ертіс жағасына қарай жаяу жүріп келеміз. Бейімбет аз сөйлейтін кісі еді. Өзінің шығармасын жиналыста сынап жатқанда да үндемей отыратын. Бірақ не айтса да асырмай, жасырмай, дәл өз қалпында шындықты айтуға тырысатын. Келе жатқанда Алматыдағы жазушылар жайында қысқаша әңгімелер айтты. Жазушылардың әрқайсысының ерекшелігін айта келе, кенет әңгіме тақырыбын Жүсіпбекке бұрды: «Мен Жүсіпбек Аймауытовтай шебер жазушыны бұрын-соңды көрген емеспін, - деді ол. Мен Бейімбеттің бұл сөзіне таңғалдым. Өйткені біз Бейімбеттен асқан дарынды, шебер жазушы жоқ деп ойлайтынбыз. Оның жаңағы сөзін естігенімде, бұл – Бейімбеттің қарапайымдылығы, кішіпейілдігі шығар деп түсіндім. Бейімбет әңгімесін одан әрі жалғастырып, әлгі сөзін нақты дәлелдеуге кірісті. Мен «Қазақстан» баспасында директор болған кезімде бір күні Жүсіпбек Аймауытов маған келіп амандасты, - деді ол. – Біраз әңгімелескен соң Жүсіпбек менен аударатын көркем шығарма бар ма деп сұрады. Мен көп ойланбай, дереу үстелімнің суырмасын ашып, аударуға берілетін шығармалар тізімін алып қарадым. Сол тізімнің ішінен ағылшын жазушысы Фердинанд Дюшеннің «Тамилла» повесін ұсындым. «Құп болады, бұл кітап өзімде бар», – деді Жүсіпбек. 200 бетке жуық осы шығарманы аударып, 5-6 ай ішінде қолжазбаны баспаға әкеп тапсырмақ болып шарт жасасты. Сол күні үйіне қайтып кетті. Арада 15 күндей уақыт өтті. Баспаға келіп жүрген Жүсіпбекті тағы кездестірдім. Амандық сұрасқаннан кейін: «Әнеугі шығарманы аударуға кірістің бе? – деп сұрадым Жүсіпбектен. Кіріспек түгіл, толық аударып әкелдім, - деді. Қой, рас айтасың ба? - дедім. Ол араб әрпімен ұсақ жазылған қолжазбаны шалбарының қалтасынан шығарып маған көрсетті. Кәне, көрейінші, - дедім мен қолжазбаны қолыма алып. Қарасам, оқта-текте бірер түзету енгізген, беттерінің көпшілігі таза күйінде сайрап тұр. Осы бірінші рет жазғаның ба, әлде көшіріп жаздың ба? - деп сұрадым. Алғашқы бірден жазғаным осы, тек жеке сөздерін түзеттім, көшірген жоқпын», - деді Жүсіпбек. Қолжазбаны оқып қарасам: аударма дейтін емес, таза қазақ тілінде жазылған көркем шығарма сияқты, оқуға жеңіл. «Аршын төс, алма мойын», тағы осы тәрізді көркем, әсем тенеулер. Сөз тіркестері үйлесімді, мінсіз. Шығарманың орысша аты «Тамилла» болатын, оны «Дәмелі» деп тәржімелеген. Қолжазба көп кешікпей баспаханаға сол қалпында теруге жіберілді. Мен мұндай шешен, сөзге бай, ұшқыр жазушыны ешқашан көрген емеспін, - деп аяқтады әңгімесін Бейімбет аға [11]. Бұл жазбадан көретініміз қазақ әдебиетшілерінің еңбекқорлығы және таланттылығын көреміз.

XX ғасырдың 30 жылдары Орталықтағы Жазушылар Одағы Қазақстанның жазушыларының жұмыс күнін қадағалап отырды. Мысалы, Қырғызстан ОК (б) Ваговқа 9 сәуір 1938 ж. жазбасында Қазақстан Жазушылар одағының азаматы Маликовқа жіберген жеделхатында «Егер ол ЦК мен Совнаркомның еңбек тәртібі туралы қаулысын сөзсіз бұрмалаған болса,

Әлбетте, Жазушылар одағына азаматтар қоғамдық-шығармашылық ұйым ретінде емес, мекемеге келеді. Біз Жазушылар одағы аппаратында шенеуніктер емес, жазушылардың өздері жұмыс істеуіне мүдделіміз. Бірақ біз жазушылардың жұмыс күні бойы аппаратта отырғанын емес, олардың жазушылық қызметпен айналысқанын сұраймыз. Біздің Мәскеуде Одақ аппаратында көптеген жазушылар жұмыс істейді және біз оларға өз сағаттарын жұмыс барысында бөлуіне мүмкіндік береміз. Мен бұл істі білуді сұраймын» делінген. Яғни орталық тіпті жұмыс күнін де қадағалап отырды [12].

Осы кезеңнің бір тұлғасы Ғабит Мүсірепов 1923 жылы ол жазушы Сәбит Мұқановпен бірге Орынбордағы жұмысшы факультетіне (рабфак) оқуға түседі. Бұл білім ордасында әлем әдебиеті саңлақтары мен XIX ғасырдағы орыс классиктерінің шығармаларымен танысады. Жазушы, филология ғылымдарының докторы Нұрдәулет Ақыш Мүсірепов жұмысшы факультетінде алғашқы шығармасын жазғанын жеткізді.

"Сәбит Мұқановтың айтуынша, ол рабфактің қабырға газетінде өзінің "Тулаған толқынында" деген очеркін жариялаған. Бұл оның алғашқы шығармасы еді. Көптеген әдебиеттанушы Ғабенің алғашқы шығармашылығы "Тулаған толқыннан" басталды деген пікірде", - дейді ол "Ұлт мақтанышы". Ғабит Мүсірепов" деректі фильмінде.

Оның айтуынша, әдебиет зерттеушілері "Тулаған толқынды" таза очерк деп қабылдамайды. "Олар оны көркем шығарма деп те есептейді. Өйткені бұл шығарманың бойында әрі очерктік сипат, әрі деректілік, әрі көркемдік қасиеттер тоғысқан. Бірақ алғашқы туынды болғандықтан кемшіліктер де бар. Себебі, бұл шығарма сол кездегі кеңестік саясатқа үндес жазылған", - дейді ол [11].

Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің жас айырмашылығы бар болғаны екі жас. Жазушы өзінің "Автобиографиялық әңгімесінде" әдебиетпен шұғылдануына кім түрткі болғанын былайша баяндайды:

"Менің кітапқа деген құмарлығымды, азды-көпті сынай алатынымды байқап, Сәбит маған – "жазуға кіріс" деп мазалап жүрді. "Сәкеннің көрдей қараңғы бөлмесінде Сәбитпен бірге тұрдым. Бейімбет пен Сәкеннің өлеңдерін газет-журналдардан оқи бастадым. Бейімбеттің "Шұғаның белгісі" бір түрлі әдемі жазылғанын көрдім. Ішімнен жазуды қаласам да, қолым бармай жүрген".

Мүсірепов 1926 жылы Орынбордағы жұмысшы факультетін бітіреді. Ал 1926-1927 жылдары Омбы қаласындағы ауылшаруашылық академиясында оқиды. 1927-1928 жылдары Щучинск орман шаруашылығы техникумында оқытушы болып еңбек етеді. 1927 жылдан коммунистік партияның мүшесі атанады.

1928 жылдан бастап Қазақстанның партия, совет баспа орындарындағы әртүрлі жауапты қызметтерде болды. 1928-1932 жылдары Қазақстан мемлекеттік баспаның бас редакторы міндетін атқарды.

1933 жылы Қазақ КСР оқу халық комиссариатының өнер секторының меңгерушісі, 1934- 1935 жылдары алдымен "Қазақ әдебиеті" кейін "Социалистік Қазақстан" газетінің бас редакторы болды.

Жазушы 1936 жылы ВКП (б) қазақ өлкелік комитетінің баспасөз бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1937 жылы Қазақстан компартиясы саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Қазақстан орталық партия комитетінде түрлі жауапты қызметтер атқарды. Бірақ шындықтың бетіне тіке қарай алатын Ғабиттің іс-әрекеті кеңес идеологиясына кереғар бола бастайды.

Сталиндік репрессияның зияны Ғабит Мүсіреповке де тиді. Профессор Шериаздан Елеукенов бұл жағымсыз оқиға 1937 жылы болғанын айтады. "Онда Ғабит Мүсірепов орталық партия комитетінде мәдениет бөлімін басқаратын. Ол жазушылар одағында жиналыс болып жатыр дегенді естіп, сонда барады. Онда отырған адамдар оған "Бейімбет деген жаудың досы келді" деп айтқан. Сонда Ғабекең "Бейімбет Майлиннің ұсталғанын білемін. Бірақ ол қате ұсталып жатыр. Бейімбет жау болса, мен де жаумын" деп, жиналыстан кетіп қалыпты", - дейді ғалым.

Жазушы мұның соңы жақсы болмайтынын түсінеді. Алайда 1932-33 жылдардағы ашаршылық Ғабит Мүсіреповтің жадында өшпес кезең болып қалды. Қазақтың бір уыс бидайға жарымай қалғаны елінің ертеңін ойлаған қаламгердің жанына қатты батты. Осылайша, бар шындықты бұрмалап, жоғары жаққа "бәрі керемет" деген Голощекиннің саясатын сынағандардың қатарында Мүсірепов те болды.

Тіпті, БК(б)П қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Филипп Голощекиннің жайдарлы отырысын алдына түскен "Бесеудің хаты" өзгертіп жіберген көрінеді. Хаттың авторлары – Ғабит Мүсірепов, Мансұр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Мұташ Дәулетқалиев, Қадыр Қуанышев.

Салдарынан НКВД-ның офицерлері бесеудің ізіне түсіп, ұстауға себеп іздей бастайды. Барлығы "халық жауы" атанып, қуғынға ұшырайды. Бірақ Мансұр Ғатаулин бар кінәні мойнына алып, ату жазасына кесіледі. Бірақ Ғабеңе де қауіп төнеді. Оған "Тулаған толқында" мен "Шұғыла" шығармаларының мазмұны да елдің колхоздастыру саясатына тікелей қарсы бағытталған деген айып тағылды. Салдарынан 1938 жылдың Ғабит Мүсірепов қызметтен де алынды, партиядан да шығарылды. Алайда ол абақты мен ажалдан аман қалды [13].

Осылайша, қаламгер 1938 жылдан 1955 жылға дейін бірыңғай жазушылық еңбекпен шұғылданып, өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге кіріседі.

Партия басшылары ауысқан сайын хат жазып, өзінің әділетсіз жазаланғанын түсіндірумен әлек болады. Бірақ одан 1956 жылға дейін еш нәтиже шықпайды. Тек шығармашылығының арқасында ғана жазушы еңсесін көтереді.

Қазіргі таңда қаламгердің шығармалары әлемнің 34 тіліне аударылған. Франция, Англия, Бельгия, Германия, Испания, Венгрия, Вьетнам, Моңғолия секілді біршама елдің әдебиет сүйер қауымы Ғабит Мүсірепов шығармаларымен танысып шығуға мүмкіндігі бар. Оның 295 шығармасы орыс тілінде басылып шықты.

Әлеуметтік және саяси контекст:

- 1920-1950 жж. Қазақстанда кеңестік режим орнады, бұл жазушылардың күнделікті өміріне тікелей әсер етті.

- Жазушыларға жаңа әлеуметтік мәртебе беріліп, олар белгілі бір артықшылықтарға ие болды, бірақ олар қатаң бақылауда тұрды.

- Кеңестік идеология әдебиеттің мазмұнын, стилін және тақырыбын қатаң шектеді.

- Сталиндік саяси репрессиялар көптеген жазушыларға қауіп төндірді (мысалы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатұлы қуғынға ұшырады).

Ұйымдастыру және әлеуметтік қорғаныс:

- 1930 жылдардың басынан Қазақстан Жазушылар одағы құрылып, жазушылардың әлеуметтік жағдайын тұрақтандыруға бағытталды.

- Жазушылардың тұрғын үй, азық-түлік және медициналық қызметке қол жеткізу мәселелері болды, бірақ жалпы елдегі жағдайға қарағанда олардың жағдайы салыстырмалы түрде жақсы болды.

- Әдебиетшілерге арналған демалыс үйлері мен саяжайлар салынды, бұл олардың белгілі бір элитарлық мәртебесін көрсетті.

- Әйелдердің жазушылардың күнделікті өмірін ұйымдастыруда ерекше рөлі болды.

Күнделікті өмір мен шығармашылық жағдайы:

- Аштық жылдары мен экономикалық қиыншылықтар әдебиетшілердің күнделікті тұрмысын қиындатты, шығармашылықпен толық айналысуға кедергі болды.

- Жазушылар көбінесе өз еңбегімен ғана күн көре алмады, қосымша табыс көздерін іздеуге мәжбүр болды.

- Кеңес кезеңінде жазушылардың жұмыс күндері орталықтан бақылауға алынды, шығармашылық қызметтің сапасы мен уақыты қатаң бақыланды.

- Әдебиет саласында социалистік реализм және пролетарлық интернационализм бағыттары үстем болды.

Мәдени және әдеби өмір:

- 1920-1930 жылдары қазақ әдебиетінде проза, драматургия, поэзия жанрлары қарқынды дамыды.

- Әдеби ортада саяси лирика мен идеологиялық тақырыптар басым болды.

- Фольклор мен халық шығармашылығына көңіл бөлінді, бірақ кейбір ұлттық дәстүрлер мен шығарма түрлері идеологиялық тұрғыдан сығылды.

- Жазушылар арасында бір-бірін қолдау, сындарлы пікірталастар мен шығармашылық ынтымақтастық болды.

Жазушылардың ерекше өмірлік мысалдары:

- Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сияқты тұлғалардың өмірінен мысалдар келтірілді.

- Олардың шығармашылық еңбектеріне және өмірлік тәжірибесіне кеңестік кезеңнің ауыртпалықтары мен қоғамдық талаптары айқын әсер етті.

- Көп жазушылар өз шығармаларын аударып, кеңес идеологиясына сай етіп қайта жазуға мәжбүр болды.

Қазақ интеллигенциясы ХХ ғасырдың басында қалыптаса бастады. «Алаш» қозғалысының өкілдері – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов сынды қайраткерлер ұлттық сананы ояту жолында алғашқы қадам жасады. Алайда 1920 жылдан кейін кеңестік билік орнап, интеллигенция өкілдеріне жаңа талаптар қойылды. Олар кеңестік идеологияға сай жұмыс істеуге мәжбүр болды. Алайда ішкі дүниесінде олар ұлттың мұңын жоқтады, ұлттық мүддені қорғауға тырысты.

1920–1930 жылдардағы қазақ интеллигенциясының шығармашылығы әртүрлі жанрларда көрініс тапты: әдебиет, драматургия, музыка, театр, ғылым. Шығармаларда халық тұрмысы, әлеуметтік теңсіздік, ауыл өмірі, ұжымдастыру сияқты тақырыптар қамтылды. Кейбір қаламгерлер кеңестік идеяны насихаттауға мәжбүр болса, басқалары жасырын түрде халық шындығын бейнелеуге тырысты. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің шығармаларында революциялық идеялар басым болса да, оның «Тар жол, тайғақ кешу» романында ұлттық сипат, тарихи оқиғалар терең бейнеленді. Бейімбет Майлин мен Ілияс Жансүгіров те халықтың шынайы өмірін жазуға тырысқанымен, кеңестік қысым олардың еркін шығармашылықтарына кедергі келтірді.

Интеллигенция өкілдерінің тұрмыстық жағдайы әрқашан біркелкі бола қойған жоқ. 1920-жылдары көптеген жазушы, оқытушы, зерттеушілер ауылдарға барып, ағарту жұмыстарымен айналысты. Олар мектептер ашып, халықты сауаттандыруға, ұлттық тілді дамытуға күш салды. Бұл – үлкен еңбек әрі қиын міндет болды, себебі тұрмыстық жағдай өте төмен еді. Жалақы мардымсыз, тұрмыстық қолайсыздықтар көп, алайда соған қарамастан интеллигенция өкілдері өз миссиясын атқарды. 1920-1950 жылдар аралығы қазақ қоғамы үшін саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан күрделі кезең болды. Кеңес үкіметінің орнауы, ұжымдастыру, ашаршылық, сталиндік репрессиялар мен Екінші дүниежүзілік соғыс сияқты оқиғалар қазақ интеллигенциясының шығармашылығына және тұрмыстық жағдайына терең әсер етті. Қазақ интеллигенциясы ХХ ғасырдың басында қалыптаса бастады. «Алаш» қозғалысының өкілдері – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов сынды қайраткерлер ұлттық сананы ояту жолында алғашқы қадам жасады. Алайда 1920 жылдан кейін кеңестік билік орнап, интеллигенция өкілдеріне жаңа талаптар қойылды [14]. Олар кеңестік идеологияға сай жұмыс істеуге мәжбүр болды. Алайда ішкі дүниесінде олар ұлттың мұңын жоқтады, ұлттық мүддені қорғауға тырысты. 1920-1930 жылдардағы қазақ интеллигенциясының шығармашылығы әртүрлі жанрларда көрініс тапты: әдебиет, драматургия, музыка, театр, ғылым. Шығармаларда халық тұрмысы, әлеуметтік теңсіздік, ауыл өмірі, ұжымдастыру сияқты тақырыптар қамтылды. Кейбір қаламгерлер кеңестік идеяны насихаттауға мәжбүр болса, басқалары жасырын түрде халық шындығын бейнелеуге тырысты. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің шығармаларында революциялық идеялар басым болса да, оның «Тар жол, тайғақ кешу» романында ұлттық сипат, тарихи оқиғалар терең бейнеленді. Бейімбет Майлин мен Ілияс Жансүгіров те халықтың шынайы өмірін жазуға тырысқанымен, кеңестік қысым олардың еркін шығармашылықтарына кедергі келтірді. Интеллигенция өкілдерінің тұрмыстық жағдайы әрқашан біркелкі бола қойған жоқ. 1920-жылдары көптеген жазушы, оқытушы, зерттеушілер ауылдарға барып, ағарту жұмыстарымен айналысты. Олар мектептер ашып, халықты сауаттандыруға, ұлттық тілді дамытуға күш салды. Бұл – үлкен еңбек әрі қиын міндет болды, себебі тұрмыстық жағдай өте төмен еді. Жалақы мардымсыз, тұрмыстық қолайсыздықтар көп, алайда соған қарамастан интеллигенция өкілдері өз миссиясын атқарды. 1930-жылдары сталиндік репрессия басталғанда интеллигенция қатты жапа шекті. Көптеген жазушы, ақын, ұстаз, ғалым «халық жауы» атанып, атылды немесе айдауға жіберілді. Бұл ұлттық мәдениетке орасан зор зардап әкелді. Алаш зиялылары түгелдей дерлік қуғындалды. Олардың орнына кеңестік идеологияны мойындаған, партияға адал тұлғалар келді. Алайда бұл жаңа толқын да репрессиядан құтыла алмады – мысалы, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин сияқты ірі қаламгерлер де атылды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде интеллигенция өкілдерінің басым бөлігі майданда немесе тылда жұмыс істеді. Соғыс тақырыбы қазақ әдебиетінде кеңінен жазыла бастады. Жамбыл Жабаевтың патриоттық өлеңдері халықты рухтандырды. Мұқағали Мақатаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден

Мұстафин сынды жазушылар да соғыс және оның адам тағдырына әсері туралы шығармалар жазды. Бұл жылдары мәдениет майданында да жұмыс қызып жатты: театрлар жұмыс істеп тұрды, газет-журналдар шығуын тоқтатпады. Интеллигенция халықтың рухын көтеру үшін күндіз-түні еңбек етті. Алайда тұрмыстық жағдайлары әлі де төмен деңгейде қалды – азық-түлік тапшылығы, тұрмыстық қиындықтар, саяси бақылау ешқашан әлсіреген жоқ.

Соғыстан кейінгі жылдары әдебиет пен өнерде біршама еркіндік сезілгенімен, бұл кезеңде де қатаң цензура сақталды. 1946 жылы Жоғарғы партия органдары «буржуазиялық ұлтшылдыққа» қарсы күрес жариялады. Бұл интеллигенцияға тағы да қысым әкелді. «Халық жауы» түсінігі қайта жаңғырып, ұлттық ерекшелікті көтеруге тырысқан кез келген тұлға күдікке ілікті. Бірақ осы жылдары қазақ әдебиеті көркемдік жағынан өсті. Абай мұрасын зерттеу, фольклорды жинақтау, қазақ тілі мен тарихына көңіл бөлу сияқты жұмыстар басталды. Бұл – кеңестік шеңбер аясындағы мүмкіндікті мейлінше пайдалану еді. *Бекхожин Х. өз еңбегінде* 1920–1950 жылдардағы қазақ жазушылары тек әдебиетпен ғана шектелмей, қоғамдық-саяси өмірге де белсене араласты. Олар өз шығармаларында халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін, күресін бейнелеп, әдебиеттің қоғамдық қызметін жоғары деңгейге көтерді. Мысалы, Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы мен Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлкесі» шығармалары сол дәуірдің шынайы бейнесін көрсетеді [15]. Ол қазақ жазушыларының тек көркем шығармашылықпен ғана шектелмей, қоғамдық-саяси өмірге де белсенді түрде араласқанын айқындайды. Жазушылар өз туындылары арқылы халықтың күйзелісі мен үмітін, әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресін бейнелей отырып, әдебиетті қоғамдық пікір қалыптастыратын күшке айналдырды. Бұл тұжырымды Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы мен Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлкесі» сияқты шығармалар нақты дәлелдейді. Автордың түйіні бойынша, сол дәуірдегі әдебиет – халық тағдырының шежіресі, рухани күрестің айнасы болды.

Қорытынды. 1920-1950 жылдар аралығы қазақ әдебиеті тарихында аса күрделі, күреске толы әрі рухани сыналған кезең болды. Бұл дәуірде қазақ жазушылары өздерінің шығармашылық қызметтерін қоғамдағы терең өзгерістер мен тарихи қиыншылықтарға жауап ретінде жүзеге асырды. Қазақ әдебиетінің дамуы мен қалыптасуы осы жылдарда ерекше қарқын алды, себебі елдің әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайы жаңа бағытта өзгеріп, бұл өзгерістер қазақ жазушыларының дүниетанымына, шығармашылығына айтарлықтай әсер етті.

1920-1950 жылдар – қазақ халқы үшін революциялық өзгерістердің, кеңестік биліктің орнауы мен жаңа қоғамдық құрылымның негізделуі кезеңі болды. Осы кезде қазақ жазушылары ұлттық дәстүрлер мен тарихи сананы сақтап қалу міндетін сезініп, сонымен бірге жаңа идеологияның талабына сай шығармалар жазуға мәжбүр болды. Әдебиетке келген жаңа тақырыптар – әлеуметтік теңсіздік, еңбек, ұжымдастыру, соғыс және оның зардаптары кеңінен қамтылды. Осы дәуірде жазушылар өз туындыларында халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін, ауыр тағдырларын, ұлттың рухани мұрасын жырға қосты. Олар үшін әдебиет – қоғамдық күрестің бір түрі, халықтың оянуы мен санасын қалыптастыру құралы болды.

Алайда 1930-1940 жылдардағы саяси репрессиялар қазақ жазушыларына ауыр сынақ болды. Көптеген талантты қаламгерлердің шығармашылығының дамуы тоқтатылып, кейбіреулері қуғын-сүргінге ұшырады. Сол кезеңде жазушыларға қойылған идеологиялық шектеулер олардың шығармаларында шындықты ашық баяндауға кедергі келтірді. Олардың кейбірі өздерінің жеке пікірлерін жасырмауға тырысса, басқалары цензура талаптарын орындауға мәжбүр болды. Дегенмен, қазақ жазушыларының көпшілігі қоғамдық өмірдің күрделі, кейде қайғылы сәттерін поэзия мен прозаның көмегімен көркем түрде жеткізе білді. Бұл – олардың рухани төзімділігі мен шығармашылық шеберлігінің айғағы.

Екінші дүниежүзілік соғыс қазақ қоғамына үлкен сынақ болды, әрі жазушылар үшін жаңа тақырыптар мен идеяларды туғызды. Соғыс тақырыбы қазақ әдебиетінде батырлық пен ерлік, адамгершілік пен адам тағдырының нәзік қырларын ашуда маңызды орын алды. Жазушылар бұл кезеңде халықтың күресі мен ауыртпалығын, соғыстың адам өміріне әкелген трагедияларын терең сезініп, өз туындыларында көрсетіп отырды. Сонымен бірге, соғыстан кейінгі жылдардағы қайта

құру, қалпына келтіру, ұжымдастыру, индустрияландыру сияқты қоғамдық өзгерістер де әдеби шығармалар тақырыбына айналды.

1920-1950 жылдардағы қазақ жазушыларының тарихи тұрмыс бейнесі олардың шығармаларындағы халықтың күнделікті өмірі мен тарихи тағдырын терең танытуда көрініс тапты. Олар өздерінің қаламдары арқылы елдің қоғамдық-саяси жағдайын, мәдени даму процесін, ұлттық сана мен руханияттың күйзелісін жеткізе білді. Бұл кезеңнің әдеби шығармалары халықтың өткені мен болашағын байланыстыратын көпір ретінде қызмет етті.

Қазақ жазушылары үшін әдебиет – ұлттың өзін-өзі тануы мен рухани жаңғыруы жолындағы күрес құралы болды. Олар өз шығармаларында ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға, халықтың тарихи санасын оятуға тырысты. Сонымен бірге, қазақ әдебиеті арқылы жаңа социалистік қоғамның идеалдарын дәріптеуге, елдің дамуына үлес қосуға ұмтылды. Бірақ бұл үдерісте қазақ жазушыларының алдында тұрған ең басты қиындық – өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, кеңестік идеологияның талаптарын орындау болды.

Қорыта келе, 1920-1950 жылдардағы қазақ жазушыларының шығармашылығы – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қалыптасуындағы аса маңызды кезең. Бұл кезең қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртып, әдебиет арқылы қоғамдық өмірдің өзгерістерін бейнелеудің бірден-бір айнасы болды. Қалам мен күрес ұғымы осы жылдардағы қазақ жазушыларының өмірі мен шығармашылығын дәл сипаттайды: олар өздерінің шығармалары арқылы халықтың рухын көтеріп, күрделі заманның қиыншылықтарына төтеп беруге талпынды.

Осылайша, 1920-1950 жылдардағы қазақ жазушыларының тарихи тұрмыс бейнесі олардың қоғамға, елге, ұлттық мәдениетке деген жауапкершілігінің, рухани төзімділігінің, күрескерлік рухының көрінісі болып табылады. Бұл кезең әдебиет пен өмірдің бір-бірінен бөлінбейтіндігін, әдебиеттің қоғамның айнасы әрі күрес құралы екенін анық көрсетті. Қазақ жазушылары осы күрделі заманда өздерінің қаламдары арқылы тарихтың талаптарына жауап беріп, ұлттың рухани тірегін нығайтты. 1920-1950 жылдар – қазақ қоғамы үшін күрделі тарихи кезең. Бұл уақыт аралығы Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнығуынан бастап, сталиндік репрессиялар, ашаршылық, Екінші дүниежүзілік соғыс, одан кейінгі қайта құру жылдарына дейінгі уақытты қамтиды. Осындай саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер қазақ интеллигенциясының өмірі мен шығармашылығына тікелей әсер етті. Интеллигенция өкілдерінің – жазушылар, ақындар, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің бұл кезеңдегі ең басты миссиясы – ұлттық рухты, тілді, мәдениетті сақтап қалу, жаңа қоғамның талабына бейімделе отырып, халыққа рухани жол көрсету болды. 1920-1950 жылдар аралығында қазақ қаламгерлерінің шығармашылығымен қатар, тұрмыстық және әлеуметтік жағдайлары, соның ішінде тұрғын үй мәселесі де күрделі күйде болғаны белгілі. Бұл мәселе сол кездегі жалпы интеллигенцияның әлеуметтік бейнесін, кеңестік жүйедегі авторлар мен шығармашылық адамдарға деген көзқарасты көрсететін маңызды әлеуметтік индикатор болып саналады. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдарда қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік алшақтық үлкен болатын. Жазушылар, ұстаздар, ғалымдар сынды интеллигенция өкілдері партияның идеологиялық бағытында еңбек еткенмен, тұрмыстық тұрғыдан үлкен қиындықтар көрді. 1920-50 жылдары көп жағдайда қаламгерлер жалдамалы пәтерлерде немесе жұмыс беруші мекемелер (газет редакциялары, оқу орындары, жазушылар одағы) берген тар бөлмелерде тұрды. Кеңестік жүйеде «тегін тұрғын үй» қағидаты болғанымен, баспана алдымен партия және мемлекеттік қызметкерлерге, содан кейін ғана басқа мамандық иелеріне берілетін.

1920-1950 жылдар аралығындағы қазақ интеллигенциясы – ұлт руханиятының тірегі болды. Олар саяси қысым мен тұрмыстық қиыншылықтарға қарамастан, халқына қызмет етті, ұлттық әдебиетті, мәдениетті дамытты. Олардың шығармашылығы – күрес пен үміттің, сенім мен арманның көрінісі. Интеллигенция өкілдерінің еңбегі ұлттың тарихында өшпестей із қалдырды. Бұл кезең – интеллигенция үшін тек қаламмен емес, рухпен де күрескен жылдар болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Земсков В. Архипилаг ГУЛАГ: глазами писателя и статистика // *АиФ*. 1989. № 45.-3 б.

2. Қазақ әдебиеті тарихы: 1920-1950 жылдар- Алматы -2016. - 235
3. Волков С. В. Интеллектуальный слой в советском обществе. Изменения социальной структуры советского общества 1921 – середины 30-х годов М.: 1999. -76 с.
4. Қирабаев С. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Білім», 1996. – 228 б.
5. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1993. – 336 б.
6. Садуақасов С. Әдебиет әңгімелері // Еңбекші қазақ. – 1927. – №35.-36.
7. Мамаиұлы А. Жазушылар одағының қилы кезеңдері. 24.07.2018. https://madeniportal.kz/literature/asylxan-mamasuly-zazusylar-odagynyn-qily-kezenderi?utm_source=chatgpt.com(қаралған уақыты 2023.14.09)
8. Тұрсынов Б.Әдебиет және дәуір талабы. – Алматы: Ғылым, 1978. – 206 б.
9. Горлов П. Почетная задача советского писателя // Литературный Казахстан. 9 1938. №3. – С. 94.
10. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том.-Алматы: Алаш,2005.-352 б.
11. Коваленко Г.А. Советская модель управления искусством (1917-1953) // Вопросы культурологии. 2009. №10. – С. 30.
12. Ысқақұлы Д. Әдебиет сынмен Көркейеді. Ж.Аймауытовтың сынишылық қызметі хақында. <https://aimaulytov.psu.kz/> (қаралған уақыты 20.10. 2024.)
- 13.Центральный государственный архив литературы искусства СССР ф. 631 Союз писателей СССР тізбе15, іс 644
- 14.<https://sputniknews.kz/spravka/20191129/12162115/Gabit-Musirepov-turaly-qyzyqty-dereker.html> (қаралған уақыты 11.11.2024.)
15. Бекхожин Х. Естеліктер мен мақалалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1985.-158 б.

References:

1. Zemskov, V. Archipelago GULAG: Through the Eyes of a Writer and a Statistician. Argumenty i Fakty, 1989, No. 45, p. 3.
2. History of Kazakh Literature: 1920–1950. Almaty, 2016, p. 235.
3. Volkov, S. V. The Intellectual Stratum in Soviet Society: Changes in the Social Structure of Soviet Society from 1921 to the Mid-1930s. Moscow, 1999, 76 p.
4. Kiraibayev, S. Literature and the Fate of the Nation. Almaty: Bilim, 1996, 228 p.
5. Mukanov, S. Kazakh Literature of the 20th Century. Almaty: Zhazushy, 1993, 336 p.
6. Saduakassov, S. Talks on Literature. Yengbekshi Kazakh, 1927, No. 35, p. 3.
7. Mamashuly, A. Difficult Periods of the Writers' Union. July 24, 2018. Retrieved from: https://madeniportal.kz/literature/asylxan-mamasuly-zazusylar-odagynyn-qily-kezenderi?utm_source=chatgpt.com (Accessed: September 14, 2023).
8. Tursynov, B. Literature and the Demands of the Era. Almaty: Gylym, 1978, 206 p.
9. Gorlov, P. The Honorable Duty of a Soviet Writer. Literary Kazakhstan, 1938, No. 3, p. 94.
10. Mukhamedkhanov, K. Collected Works in Multiple Volumes. Volume 2. Almaty: Alash,2005, 352 p.
11. Kovalenko, G. A. The Soviet Model of Art Administration (1917–1953). Voprosy Kulturologii, 2009, No. 10, p. 30.
12. Ysqaquly, D. Literature Thrives Through Criticism: On Zhusipbek Aimaulytov's Critical Work. Retrieved from: <https://aimaulytov.psu.kz/> (Accessed: October 20, 2024).
13. Central State Archive of Literature and Art of the USSR. Fund 631, Union of Soviet Writers, Inventory 15, File 644.
14. Interesting Facts About Gabit Musrepov. Retrieved from: <https://sputniknews.kz/spravka/20191129/12162115/Gabit-Musirepov-turaly-qyzyqty-dereker.html> (Accessed: November 11, 2024).
15. Bekhozhin, Kh. Collection of Memoirs and Articles. Almaty: Zhazushy, 1985, 158 p.

Turlybai B.S. *¹

¹ PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: t.bakyt94@mail.ru

ISSUES OF SHAPING A NEW MODEL OF THE KAZAKH SCHOOL IN EARLY 20th CENTURY PRESS MATERIALS

Abstract

This article provides a detailed analysis of the role of the Kazakh-language press in the development of a new model of schooling in Kazakhstan during the 1920s–1930s. In the wake of the civil war and famine, mass literacy campaigns and the reorganization of the education system became key priorities for the Soviet state. Within this context, the press served as a crucial ideological and educational tool. Newspapers and journals such as *Yenbekshi Kazakh*, *Kazakh Tili*, *Kyzyl Kazakhstan*, and *Zhana Mektep* actively promoted educational policies, published government resolutions, and encouraged public participation in literacy and school reform initiatives. The article examines the coverage of issues such as commune-schools, teacher training programs, the Latinization of the script, the inclusion of girls in education, and the lack of proper textbooks and teaching materials. The critical perspective offered in some publications helped highlight the shortcomings in educational planning and teacher qualifications. The views and proposals of Kazakh intellectuals are examined as part of the broader effort to modernize national education. Overall, the press is portrayed as a powerful medium that influenced educational discourse and policy in Soviet Kazakhstan.

Keywords: education, Kazakh press, literacy campaign, teacher training, new alphabet, Kazakh intelligentsia, public education policy, 20th century, commune school, *Yenbekshi Kazakh* newspaper

Б.С. Тұрлыбай *¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты, Алматы қ.
Қазақстан
E-mail: t.bakyt94@mail.ru

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы Қазақстандағы жаңа үлгідегі қазақ мектебін қалыптастырудағы ұлттық баспасөздің орны мен рөлі жан-жақты қарастырылады. Азамат соғысы мен ашаршылықтан кейінгі қиын кезеңде халықты жаппай сауаттандыру, оқу-ағарту ісін жолға қою маңызды мемлекеттік міндеттердің біріне айналды. Осы тарихи үдерісте баспасөз шешуші идеологиялық әрі ағартушылық құрал ретінде қызмет атқарды. «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп» секілді мерзімді басылымдарда оқу-ағарту мәселелеріне арналған мақалалар үздіксіз жарияланып отырды. Мектеп-коммуналар, курс жүйесінде мұғалім даярлау, жаңа әліпби енгізу, қыз балалардың білім алуы, оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдардың жай-күйі кеңінен талданды. Сонымен қатар баспасөз бетінде білім

беру жүйесіндегі олқылықтар, мұғалімдердің кәсіби даярлығы, мектептердің материалдық-техникалық базасының әлсіздігі сияқты мәселелерге де сын тұрғысынан баға берілді. Мақалада қазақ зиялыларының ағарту саясатына қатысты ұстанымдары мен ұсыныстары тарихи деректер негізінде зерделеніп, баспасөздің оқу-ағарту саясатын жүргізудегі орны ерекше көрсетіледі.

Кілт сөздер: Оқу-ағарту, қазақ баспасөзі, сауатсыздықты жою, мұғалім даярлау, жаңа әліпби, қазақ зиялылары, халық ағарту саясаты, XX ғасыр, мектеп-коммуна, «Еңбекші қазақ» газеті

Турлыбай Б.С. *¹

¹ PhD докторант КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан
E-mail: t.bakyt94@mail.ru

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ НОВОЙ МОДЕЛИ КАЗАХСКОЙ ШКОЛЫ В МАТЕРИАЛАХ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ НАЧАЛА XX ВЕКА

Аннотация

В статье рассматривается значительная роль казахоязычной периодической печати в процессе формирования новой модели школы в Казахстане в 1920–1930-е годы. После Гражданской войны и массового голода задачи ликвидации неграмотности и развития системы народного образования стали приоритетными для советского государства. В этих условиях печать стала действенным идеологическим и просветительским инструментом. Газеты и журналы, такие как *Еңбекші қазақ*, *Қазақ тілі*, *Қызыл Қазақстан*, *Жаңа мектеп*, активно освещали образовательную политику, публиковали постановления правительства, призывали к участию в просветительской работе. Внимание уделяется таким вопросам, как организация коммуна-школ, подготовка кадров через курсы, переход на латиницу, обучение девочек, нехватка учебников и методических пособий. Некоторые публикации носили критический характер, указывали на недостатки в образовательной системе, слабую подготовку учителей, низкий уровень школьной инфраструктуры. В статье также анализируются взгляды и инициативы казахской интеллигенции в сфере просвещения, раскрывается важная функция прессы как инструмента государственной образовательной политики в условиях Советского Казахстана.

Ключевые слова: народное просвещение, казахская пресса, ликвидация неграмотности, подготовка учителей, новая азбука, казахская интеллигенция, образовательная политика, XX век, коммуна-школа, газета «Еңбекші қазақ»

Introduction. After the Civil War in the Kazakh region, the cultural and educational sphere was in a difficult state. The main reason was the massive illiteracy of the population. In the 20-30s, the issue of combating illiteracy was raised in the field of public education. In all regions, counties, and volosts, departments of public education were established under local councils, which made efforts to eliminate illiteracy and cultural uplift of the masses.

On January 26, 1919, the Chairman of the Council of People's Commissars of the RSFSR, V. I. Lenin, signed a decree on the eradication of illiteracy among the peoples, which stated the voluntary nature of all citizens of the autonomous republics aged 8-50 years who cannot read and write, open a letter in their native or Russian language [1, p. 118]. After this decree, in June 1920, on the initiative of V. I. Lenin, the All-Russian Emergency Commission for the Elimination of Illiteracy was established. A branch of this commission was established in Kazakhstan, which was actively engaged in the elimination of illiteracy. However, the drought and famine of 1921 led to an emergency commission and educational activities. The Government has reduced funds for public education on the path to hunger and food consumption. Moreover, in provinces where there was no harvest, the work on the eradication of illiteracy has completely stopped. The involvement of the Kazakh intelligentsia in the field of public education became one of the most pressing issues of the Soviet government. In 1920, a congress of workers of public education was held, at which Akhmet Baitursynov outlined the specific tasks of the field of education and

outlined the mechanisms for its implementation. A. Baitursynov stressed the need for teacher training and showed two ways. One of them was to train rural teachers through courses, and the other was to create pedagogical special educational institutions and strengthen the teaching system in them. He also attracted literate Kazakh citizens to educational work and raised the issue of compiling textbooks in the Kazakh language.

The main part. In 1919, a Kazakh department was opened under the Central Executive Committee of the Turkestan Autonomous Republic, to which N. Torekulov, G. Safarov, S. Kozhanov, S. Asfendiarov, and the Secretariat were elected. Dosmukhamedov. On August 21, at an expanded meeting of the People's Commissariat of Education, in order to update the spiritual culture of the region, an education commission was established, of which I. Toktybayev was elected chairman, and X. Dosmukhamedov, K. Kozhykov, N. Kuserbayev.

At public meetings and rallies held in 1920, questions began to be raised about the need for training. He encouraged young people to study and promoted active participation in this matter. So, on November 1 of this year in Orenburg, at a rally among Kazakh youth in the Sverdlovsk Club with the participation of S. Sadvakasov, the importance of the issue of education was voiced and young people were called upon to fight illiteracy [2].

In the autumn of 1920, a three-month teacher course was opened in Alma-Ata, headed by Bilal Suleev. This course was taught by such teachers as F. Gabitova, Sh. Sarybaev, X. Basymovich. The course staff jointly opened regional educational schools for teacher training for primary schools of local labor. At first, 50 people studied here. The following year, the number of school teachers increased, and educational work became more relevant. In 1923, the school became a regional Kazakh-Kyrgyz educational institute, the number of students in it reached 400 [3, p. 72].

Despite the difficult conditions in the country, the issue of regulating the sphere of education began to be boldly raised at party meetings. The first Kazakhstan regional Conference of the Russian Communist Party (b), held in Orenburg on June 11-18, 1921, identified the need to solve six different tasks to improve culture in the country. The Conference identified the importance of conducting political and educational work, eliminating illiteracy of the population, for which it is necessary to start publishing textbooks and political literature for schools and educational institutions. After this conference, the government instructed the party committees, first of all, to open a special section dedicated to reading and education in newspapers, and to organize propaganda activities. In accordance with this resolution, on June 26, 1921, a resolution was adopted on the mobilization of all literate people aged 16 to 50 years to work on the elimination of illiteracy [4, pp. 497-498]. After this decree, Komsomol members, students and high school students took part in the literacy campaign. Special attention was paid to the elimination of illiteracy after the X All-Russian Congress of Soviets. In accordance with the above, divisions of the organization "Eliminate Illiteracy" were opened on the lands.

In an article published in the newspaper "Kazakh Tili", M. Auezov noted that in the Semipalatinsk province, the educational department in 1921 raised the issue of building more than 300 schools, while the Provincial Labor Committee provided appropriate assistance and noted that it showed that more than 50 workers and necessary materials were submitted to the school. M. Auezov himself in the autumn of 1920, at the library of Zhanasemy of the Semipalatinsk provincial Department of political education, created the first educational society of Kazakh youth called "Es Aimak".

Materials and methods. At the beginning of the twentieth century, the Kazakh periodical press was the only mass media promoting the campaign against illiteracy. Newspapers and magazines actively participated in strengthening the interest of workers in knowledge. Newspapers and magazines "Enbekshi Kazak", "Kazak tili", "Ak Zhol", "Bostandyk tuy", "Zhummyker tili", "Kyzyl Kazakhstan", "Leninshil Zhas", "Zhas Kayrat" have opened a special section on the elimination of illiteracy. The newspaper "Yenbekshi Kazak" in the section "Internal communications" published special reports on the progress of the fight against illiteracy. He also provided space for articles explaining the importance of issued orders, decrees, resolutions adopted at congresses, conferences, and plenums related to educational work. A week

of literacy awareness and advocacy was held. Newspapers and magazines have turned the fight against illiteracy into a real popular movement.

In the section "Politics", "Education" of the magazine "Kyzyl Kazakhstan", articles on party measures to eliminate illiteracy and various proposals on this issue are published, as well as in the specially created "Department of Education", the youth magazine "Zhas Kairat" raised the issue of youth involvement in the education system, actively inviting Kazakh youth to participate in work to eliminate illiteracy. In addition, the special sections of the magazine "History and Political Department", "School business", "Department of Art, Education", "Department of Literature" informed readers about the main shortcomings and achievements in the educational process.

Discussion. The Kazakh periodical press has highlighted the publication of articles explaining the importance of education. So, the newspaper Kazakh Tili wrote that "if a country reads, opens its eyes, sees the evil that the king does, sees evil, can help someone," this was motivated by the desire of the Kazakh people to better understand the need for education in the pursuit of a new life [5]. In connection with the tasks adopted at the 1921 conference, work began on the opening of training centers and the training of specialist teachers. The People's Commissariat of Education of the educational system in provincial and district schools has committed to strictly monitor and publish the results of the elimination of illiteracy in the press. M. Auezov, in an article for the newspaper Kazakh tili, emphasizes the need to pay special attention to these areas, drawing attention to the shortcomings in the field of education in Semipalatinsk province, schools, in particular, negligence [6]. The decline of the sphere of education in the context of the new economic policy, A. Baidildin, in an article published in the Red Kazakhstan magazine, clearly outlined and proposed ways to increase it. He created former schools, cultural and educational institutions in a new way, held various events to train personnel for the education of a new generation, made useful reports, gave lectures, effectively familiarized with the state of the country [7, p. 22].

The article by T. Arystanbekov, published in the newspaper "Enbeksil Kazak" under the title "X meeting of All-Union councils and educational work", was devoted to clarifying the issue of literacy elimination, considered at the X Congress. Before this congress, the author saw the reason for the lameness, the irregularity of educational work on the part of the government not in the fact that it was insignificant, but in the fact that the struggle against internal and external enemies prevented the famine of 1921. He tried to convey to the population the tasks outlined at the X Congress in the educational field. According to him, provincial and regional executive committees should open primary schools in sufficient numbers, finance them with taxes collected from the population, allocate land for schools, teach children from low-income segments of the population free of charge, all schools should be in the hands of the government, train specialist teachers. In addition, as in the old days, everyone should independently open schools, prohibit the education of children and raise the salaries of teachers. This suggests that the debt lies on the shoulders of local institutions [8]. The newspapers "Kazakh tili", "Enbeksil Kazak" published articles supporting the need not to open schools for individuals. The Executive Committee of the Semipalatinsk province issued restraining orders indicating that individuals had opened a school and started teaching children [9].

The eradication of illiteracy has become a nationwide movement. On August 14, 1923, the decree of the Central Executive Committee of the RSFSR and the Council of People's Commissars on the eradication of illiteracy was adopted, obliging to open a pre-school before the 10th anniversary of the October Revolution. Since this year, the number of schools has increased. Due to the deficit of the republican budget of Kazakhstan, it was allowed to transfer several secondary schools and cultural schools from the local budget to the state budget. In the newspaper "Yenbekshi Kazak", 230 million were allocated to the People's Commissariat of Education at the expense of the Government of Kazakhstan in 1922-1923, of which 115 million were allocated for salaries of education workers, teachers, 26 million for printing, 31 million for educational and educational houses (schools, teacher training institutions, educational institutions, etc.) and the rest - information on the allocation of scholarships, educational and educational works, scientific works, public education activities, household and office expenses of institutions is printed on the students [10]. Due to the weak control in the educational committees at that time,

shortcomings in the opening of schools were obvious. The newspaper "Kazakh tili" notes that there have been few teachers in Zaisan county for two or three years, they are threatened with closure, the county educational department is asking about taking measures as soon as possible [11], and in the article A. Asylbekov's "About Semey" notes the poor educational work in the Semipalatinsk region and the lack of teachers in the newly opened schools for the elimination of illiteracy as an example [12]. About this M. Auezov also wrote an article in the newspaper, pointing out that the reason for the underdevelopment of the educational business is the retirement of knowledgeable citizens in educational departments. Indeed, the influence of the Bolsheviks increased in the Semipalatinsk province, and former Alash figures working in the field of education began to withdraw from government power.

Despite the economic difficulties in the country, in the early 20s, the number of boarding schools and community schools gradually increased in nomadic and semi-nomadic areas. The commune schools are aimed at educating the children of the Kazakh poor. The children themselves led the entire life of the commune with the assistance of educators. In addition to the lessons that took place in the classrooms, the students worked in an additional household. He also took part in various circles - circles of nature lovers, dramatic, choral, sports and others. The commune schools were an educational and methodological center for schoolchildren, as well as an important support for cultural and educational work among rural workers. One of these schools was opened in Orenburg in 1921 under the name of the commune "Regional Orphanage". This is reported by the newspaper "Enbeksil Kazak". Segizbayev's article was published, and on December 31, 1922, the Commune was renamed and reopened into the "1st regional commune of Kazakh children", in honor of the opening of which representatives of the Kazakh Party Committee, the Central Executive Committee, food and educational institutions of Orenburg were invited, there are conditions for the further life of the commune for orphans, not having parents. It was noted that an examination of the existence of the commune to date has been carried out.

